### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
2. Family Law/Jordan Publishing Ltd, Bristol, 2011; Байдельдинова М.Б., Дальпане Ф.П. The Reform of the Family Legislation of Kazakhstan: Expectations and Outcomes. – The International Survey of Family Law, edited by Bill Atkin. – Family Law/Jordan Publishing Ltd, Bristol, 2013. – С. 239 – 249
3. Елисеева А.А., 2010: 83
4. Хазова О., Брак и развод в буржуазном семейном праве. Сравнительно-правовой анализ. – М.
5. Пчелинцева Л. М., «Семейное право России» Норма, Москва-2009: 190стр
6. Симонян С.Л. Имущественные отношения между супругами. М.: Контур.- 1998.- 153 с
7. Б.А. Джандарбек «Обязательственные брачно-семейные отношения» Вестник Пермского университета, Выпуск 3(17)2012г. - С-89-93.

**НАКЫШОВ НУРАДИН НАСРЕДИНОВИЧ**

З.Ф.К.,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

**АЖИКАБЫЛОВА ГУЛНАР ДУЙСЕБАЕВНА**

Оқытушы,

Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университеті  
nuradin60@mail.ru

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА: ҰЛЫ ДАЛА ЗАҢДАРЫ**

**Аннотация:** Ұлы даладағы қазақтардың өз заңдары болған, оны бүкіл халық бағынған. Сондықтан олар «Есімхандық ескі жолы, қасымхандық қасна жолы, Нұрсұлтандық нұрлы жолы» дейді. Барлық даулы мәселелерді Би өте әділ шешті: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Бұдан халық: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді.

**Тірек сөздер:** заңдар, ұлы дала, қазақтар, би.

**Аннотация:** У казахов в великой степи были свои законы, которым подчинялся весь народ. Поэтому, говорят «Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы, Нұрсұлтанның нұрлы жолы». Все спорные вопросы очень справедливо решали Би: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. От этого в народе говорят: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ».

**Ключевые слова:** законы, великая степь, казахи, би.

**Annotation:** The Kazakhs in the great steppe had their own laws, to which all the people obeyed. Therefore, they say "Esimkhan's old way, Kasymkhan's way, Nursultan's radiant way". All controversial issues were very fairly resolved to Bi: Tole bi, Kazybek bi, Aiteke bi. From this people say: "No one is born in the right way, no one is born in the right faith".

**Keywords:** laws, great steppe, Kazakhs, bi.

Ертеректе ұлы Дешті Қыпшақ жерінде, яғни Ұлы даламызда қазақ ру-тайпаларының көшіп-қонуы, малшы топтары жүздеген, ал кейде мыңнан да астам шақырым жерге көшіп жүрді. Олардың көшетін аумағы тарихи дәстүрлерге, байлық дәрежесіне және табиғат жағдайларының сипатына қарай әр түрлі болып отырды. Негізгі жайылымдардың орны мен көшу жолдары, сан ғасырлық, тәжірибе ұрпақтардың бойында қалыптасты. Осыған байланысты «отан» (этникалық аумақ) ұғымына «жайылымдық жер», «жайлау» және «қыстау» ұғымдары арқылы ой жүгіртуге болады. Тұрақты көшу жолдарын елеулі экономикалық, әлеуметтік немесе саяси себептер ғана өзгерте алатын. Көшу жолдары мен жайылымдарды бөлу қоғамның қалыпты тіршілігін қамтамасыз еткен жайылымдық-көшпелі жүйенің негізгі шарты болды. Мал ұрлау қатаң жазаланды, дағдылы құқықтың (төре) орныққан нормалары бойынша жазаланды деп есептелді. Жеке меншіктегі малға рулық-тайпалық белгілер (таңбалар) салынды. Малынан айырылған, демек, көшу мүмкіндігін жоғалтқан еркін қауым мүшесі отырықшы тұрғындар-жатақтар (ятұқтар) қатарына өтті. Кедейлер жеткілікті мөлшерде мал пайда болысымен-ақ, ол қайтадан көшпелі шаруашылыққа ауысып отырды. Ал бертініректе, Кеңес Одағы орнаған соң арнайы заңдар қабылданып, еліміздің Тәуелсіздігі жылдары ол өз жалғасын тауып, жаңарып отырды.

Адам және азаматтың құқықтары мен бос-

тандықтары концепциясының орталықтандырылған көрінісі болып тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы қағидалар болып табылады. Тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы қағида - адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін бекітіп, олардың орындалуын мемлекет тарапынан мойындалып, қамтамасыз етілетін бастауда. Заң әдебиеттерінде қағидалардың алуан түрі берілген. Ол заңды құбылыс, себебі олардың бастаулары тым ұқсас болып келеді. Қағидалар адам құқықтары концепциясының негізі ғана емес, күнделікті қолданыстағы нормалардың ішінде ең тиімдісі болып келеді. Сонымен қатар басты қағидалар арасындағы негізгі мәселелердің бірі олардың реттілігін немесе иерархиясын анықтау болып келеді. Біздің ойымызша, Конституцияда адам құқықтық мәртебесінің негіздерін қалыптастыру түрлі заңи күші бар нормалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл мәселе біздің құқық ғылымымызда қарастырылмаған. Бірақ батыс және ТМД мемлекеттерінде бұл мәселені Конституцияның «ядросын» немесе «қатаң» бөлігін анықтау арқылы, яғни ол конституциялық құрылымның негізі ретінде қалыптастырып және сәйкесінше «жұмсақ», яғни, қалған барлық ережелер құрамын анықтау арқылы реттеген. Бұнда Конституцияның нормаларын түсіндіру «қатаң» бөлік арқылы жүзеге асыратынын айта кету керек. Қазақстан Республикасы Конституциясында мемлекет және қоғам құрылысының негіздері «Жалпы ережелер» бө-

лімінде көрініс тапқан. Біздің Конституциямызда «Ешқандай Конституцияның басқа ережелері конституциялық құрылым негіздеріне қайшы бола алмайды» деген РФ Конституциясының 16 бабының 2 тармағы сияқты арнайы норма қылып ерекшелену орын алмаған, бірақ бұл оны бөлектеп шығаруға немесе «Жалпы ережелер» бөлімінің мәртебесін арттыруға шектеу бола алмайды. Осыдан көретініміздей, Конституцияның барлық ережелері өз бастамаларын осы аталған тараудан алады, себебі бұл тарау тек қана негізгі құқықтық институттардың ұғымы болып табылмайды, сонымен қатар, концептуалдық-идеологиялық мазмұнын құрайды. Осыдан тұлға құқықтық мәртебесінің қағидалары және градация туралы толық көзқарас болу қажет.

Біздің ойымызша, адамның құқықтық жағдайын анықтайтын қағидаларды негізгі және туынды деп екіге топтастыруға болады. Негізгі құқықтардың қатарына:

- Адам, оның құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттің басты құндылығы деп санауы;

- демократизм қағидасын;

- заңдылық қағидасын;

- мемлекеттің әлеуметтік бағыт-бағдарын анықтау қағидасын жатқызуға болады (Конституцияның 16,1т.).

Негізгі қағидалар адам құқықтары концепциясы идеяларының айқын көрінісі болып табылады. Ал қосымша қағидалар болса негізгі қағидаларды айқындаушы, толықтырушы ретінде орын алып оларға қайшы келе алмайды. Сонымен қатар топтастырылған қағидаларға берілген анықтамалар ғылыми әдебиеттерде қолданылмайтынын, бірақ топтастыру негіздері ресейлік ғылыми әдебиеттерінде орын алатынын айтқымыз келеді.

Адам, оның құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттің басты құндылығы қағидасы табиғи-құқықтық адам құқықтары мен бостандықтары концепциясының айқын көрінісі. «Адам құқығы» категориясының құқықтық және әлеуметтік-саяси тұрғыдан қарастыру барысында ол ең алдымен жалпы гуманистік ой тудырады, деп жазады Н.А.Шайкенов. Бұнда бастысы, адам құқықтарының мақсаты қылып адамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ету деген тұжырымға келеді. Тіршілік көзінің барлығы адамға келіп тіреледі. Адам бір жағынан максимум бостандық пен ерік иесі, ал екінші жағынан мемлекет тарапынан олардың құқықтары қамтамасыз етілген. Сонымен қатар адам құқықтары абсолюттік және бөлінбестік сипатқа ие (Конституцияның 126, 2т.). Адам құқықтарының абсолюттілігін олардың бастауы мемлекеттен тыс орын алатыны, сондықтан олар объективті және оның еркінен тыс орын ала алатынын білдіреді. Айтылғандардан адам құқықтарының бөлінбейтінділігі орын алады, яғни адам құқықтары мен

бостандықтары кез келген біреумен шектеуі және айыра алмайтынын білдіреді. Адам құқықтарының бөлінбейтінділігі мәселесіне оларды заңды айыру және шектеу мәселесі де кіреді. ҚР Конституциясы ондай мүмкіндіктер орын алу шарттарын және ретін анық айқындаған. Ал адам құқықтарын қорғауды жүргізу орын алған кезде оның айқын шептерін айқындау ғылыми әдебиеттерде адам құқықтары мен бостандықтары шектерін шектеу қағидасымен анықталады. Ол өз ретінде құқықтар мен бостандықтардың ешкімнің тиіспеуі қағидасының негізінде, яғни, ең алдымен құқықтың өзінің жойылуына жол бермеуді білдіреді.

Адам құқықтары мен бостандықтары негізінде мемлекеттің бүкіл аппараты және қоғамдық құрылым жұмыс істейді. Оның арқасында қоғамдық дамудың бағыт-бағдары, ұстанатын идеясы да анықталады. М.Т.Баймахановтың айтуы бойынша, «конституция адамдардың мемлекеттегі құқықтары мен бостандықтарының жалпы идеологиясын әдебиеттерде «... адам - мемлекеттің басты байлығы ретінде анықтап, олардың дамуына бағыт бере отырып ешкімнің аттауға құқығы жоқ шектерді анықтап отырады», - дейді.

Аталған көзқарастарды заң тұрғысынан қарастырғанда адам құқықтары идеологиясы негізінде барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың қалыптастырылуы тиіс. Осыған байланысты ғылыми конституцияның әлеуметтік механизміндегі қозғалысының басты бөлшегі болып табылады» делінген.

Демократизм қағидасы тарихта қоғамның мемлекеттік ұйымдастырылуының қалыптасуы нәтижесінде пайда болған мемлекеттік биліктің неғұрлым прогрессивті ұйымдастыру идеялары ретінде көрініс табады. Қазақстан Республикасының талдау сөздігінің авторларының айтуы бойынша, демократиялық мемлекет - Қазақстанды ондағы орнықты тұратын халқының Конституцияны қабылдау, мемлекет басшысын және Парламентін сайлауға құқығы бар республикалық жолмен қалыптасқан мемлекет ретінде тануға мүмкіндік береді делінген. Мемлекет демократизмінің басты белгісінің бірі болып «халық суверенитеті» болып танылғаны хақ. Ал ол өз ретінде мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнары және ол билік органдарын қалыптастыруға және мемлекет өмірі үшін маңызды мәселелерді шешуге белсене қатысатынын білдіреді. Солайша демократизм қағидасын «халық суверенитетінің» екі негізгі көрінісінен байқауға болады. Олар: тікелей және өкілдік демократия (Конституцияның 36.2т.).

Анықтаушы фактор ретінде бұнда халық - белгілі бір ұлт өкілдері немесе ерекше бір әлеуметтік топ емес, билікті жүзеге асыру үшін тең құқыққа ие мемлекет азаматтары болып табылады. ««Қазақ халқы» деген сөздің Конституция-

лық ұғымы болып, қазақ ұлтымен ортақ тарихи өмір сүрген және Конституцияда белгіленгендей ұлттық және азаматтық теңдікке ие тұлғалар» полиэтникалық тұрақты адамдар ұйымы. В.А.Кимнің айтуы бойынша, қазақ ұлтының және өзге диаспоралардың тең құқықтығы олардың бірдей дәрежеде еркін дамуына барлық мүмкіндіктер жасайды дейді. Халық билігінің жүзеге асуының бірден бір белгісі болып Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Ол халық бірлігінің және мемлекеттік биліктің бірлігінің, Конституция мызғымастығының, билік органдарының халық алдындағы жауаптылығының символы мен гаранты болып табылады (Конституцияның 40б. 2;3 т.)

Заңдылық қағидасы - мемлекет актілерімен рәсімделген, қоғамдық байланыстар жүйесін анықтайтын теңдік, еркіндік және әділеттілік идеалы ретінде орын алады. И. Кант мемлекет пен құқықтың пайда болуын адам табиғатының әрі қарай дамуының қажетті факторы ретінде, яғни, адамның өз-өзімен, қоғаммен үйлесімділікте болуына ұмтылуы және өзінің эгоистік сезімдерін баса отырып адам қауымының әрі қарай дамуы үшін саналы түрде жол берген деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы құқықтық мемлекетті әлеуметтік шындық секілді емес ұмтылуға тиіс құндылық немесе идеал ретінде бекітетінін айта кету жөн. Р.Байшевтің байқауы бойынша, бұнда демократизмнің бағыт-бағдары мен құқықтың мемлекетке әсерін осы арқылы байқай аламыз.

Тарихта қалыптасқан әдеттер бойынша Конституция құқықтық мемлекеттің белгілеріне тән, егер ол:

1) адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық стандарттарына сай адам құқықтарының табиғи және бөлінбейтін құқықтарының жүйесін қамтамасыз етіп оны мемлекеттің басты құндылығы деп таныса;

2) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарына жалпы реттеушілік ұғым бере отырып оған атқарушылық, заң шығарушылық, сот билігін байланыстыру арқылы құқық басшылығын мойындату.

Сонымен қатар құқықтық заңға орын бере отырып құқыққа қарсы заңның орын алуына жол бермеу;

3) адам құқықтары мен бостандықтары дұрыс сақталуы үшін бірін-бірі тежеп отыру жүйесін орнату үшін билік тармақтарының бөлінуін қалыптастыру.

Құқықтық мемлекеттің үш негізгі құрамына баға беріп өтейік. Біріншіден, халықаралық актілерде бекітілген адам құқықтары мен бостандықтары. Адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттары туралы сөз болған кезде ұлттық және халықаралық норма арасында қайшылық орын алуы ықтимал. Бірақ тәжірибе аталған мәселе бойынша шешім біртекті емес екенін көрсетеді. Ол халықаралық нормаларды толығымен не ішінара қолдау арқылы немесе ішкі заңға сәйкес емес деп тану арқылы көрінеді. Қазақстан демократиялық мемлекет құру жолын ұстана отырып халықаралық нормаларда белгіленген ережелерге сыйластықпен қарайды. Осылайша адам құқықтары мен бостандықтары мәртебесінің конституциялық бекіту амалдарына талдау бере отырып С.Ғ.Сапарғалиев Қазақстан Республикасы Конституциясы адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда белгіленген негізгі идеяларын ұстана отырып мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып бекіткенін айтады. Аталған қағиданың негізінде мемлекет тарапынан материалдық, саяси, идеологиялық, ұйымдастырушылық жағдайлармен қатар адам құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының юридикалық әдіс-тәсілдерін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жағдайда белсенді роль адам мен азаматтық қоғамға (өзін-өзі қорғау) да берілген.

Қарастырылған адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының мәртебесі жөнінде қортынды тұжырым берсек қағидаларды жүйелеу, олардың иерархиясын анықтау және нақты мазмұнын ашу адам құқықтары мен бостандықтары саласында нормаларды және қағидаларды дұрыс түсіну мен қолдануды қамтамасыз етеді деп айтуға болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2002 жылы 1-қыркүйекте), Алматы: ЮРИСТ, 2002.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. (жалпы және еркше бөлімдері) Ресми мәтін 2002 жылдың 15-сәуірінде берілген. - Алматы: ЮРИСТ, 2002.
3. Гражданское право. Том.1. //Под.ред. М.К. Сулейменова и Ю.Г.Басина. Алматы, 2000.
4. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть. Под/ред. Г.И. Тулеугалиева, К.С. Мауленова. Алматы, Дәнекер, 1999.
5. Гражданское право. Учебник. Ч. 1. //Под. ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. М.; Проспект 1997.
6. Ғ.И. Тулеугалиев Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Алматы., Жеті жарғы, 2001ж.
7. Мемлект және құқық негіздері. Алматы. Жеті жарғы. 2000.



**СЕРИМОВ ЕЛЕУЖАН ЕЛЕМЕСҰЛЫ,**

басшы, заң ғылымдарының кандидаты,  
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі,  
«Bolashaq» академиясы,  
Қарағанды қ., Қазақстан,  
E-mail:mr.serim@mail.ru

**НҰРТАЕВА ДИНАРА БӨГЕНБАЕВНА,**

оқытушы, заң ғылымдарының магистрі,  
заң пәндері кафедрасы,  
«Bolashaq» академиясы,  
Қарағанды қ., Қазақстан,  
E-mail: nurtaevad@mail.ru

**СОТ ЭТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ТОҚТАЛСАҚ**

**Аңдатпа.** Авторлар ғылыми мақалаға алдымен мораль жөнінде түсініктеме беріп өтіп, оның әдеп мәселесімен байланысын әрі кәсіби моральдың құқық қорғау жүйесіндегі қызметкерлердің қызметтерімен тікелей байланысып жатқан мораль түрі екендігін арқау етеді. Сонымен бірге шағын еңбекте құқық пен моральдың айырмасы, кәсіби моральдың әлеуметтік басқарудың өте маңызды міндеттерін орындайтындығы да орайлы дәлелденеді. Шындығында, кәсіби қызметте жалпы моральдық қағидат талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететіндігі, мемлекеттік, арнаулы қызметтегі қызметкерге өзінің кәсіби міндеттерін табысты атқаруға, өзінің қызметіндегі түрлі жағдайларда дұрыс бағыт алуға түрткі болатындығымен өлшенеді. Осының барлығы кәсіби моральдың маңызын көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге белгілі бір жағдайлардағы оның нормаларын жүйелеп жинақтау (кодификациялау) қажеттілігін айқындайды. Авторлар қызметпен тікелей астаса үндесіп жататын сот әдебін де назардан тыс қалдырмай, кәсіби әдептің сот үдерісіне қатысушылардың: судьяның, адвокаттың ұстанымдары арқылы көрінетіндігі айқындайды. Құқық қорғау жүйесіндегі қызметкерлердің моральдық жауаптылығы да мақала өзегінің бір бөлігін құрайды.

**Тірек сөздер:** мораль, этика, құқық, құқықтық жүйе, мемлекеттік қызметші, судья, адвокат, кәсіби қызмет, т.б.

**СЕРИМОВ ЕЛЕУЖАН ЕЛЕМЕСОВИЧ,**

кандидат юридических наук,  
Академия «Bolashaq»,  
г. Караганда, Казахстан,  
E-mail:mr.serim@mail.ru

**НҰРТАЕВА ДИНАРА БӨГЕНБАЕВНА,**

преподаватель, магистр юридических наук,  
кафедра юридических дисциплин,  
Академия «Bolashaq»,  
г. Караганда, Казахстан,  
E-mail: nurtaevad@mail.ru

**О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ СУДЕБНОЙ ЭТИКИ**

**Резюме.** В научной статье авторы рассматривают, прежде всего, о морали, о его связи с проблемой этики и профессиональной моралью, о том, что профессиональная мораль является видом морали, непосредственно связанное с деятельностью сотрудников правоохранительной системы. В то же время в небольшом труде доказывается отличие между правом и моралью, и то что профессиональная мораль выполняет важнейшие задачи социального управления. На самом деле, подчеркивается, что в профессиональной деятельности обеспечивается реализация требований общего морального принципа, способствуют сотруднику государственной, специальной службы успешно выполнять свои профессиональные обязанности, правильно ориентироваться в различных ситуациях в своей деятельности. Все это не только отражает значение профессиональной

морали, но и определяет необходимость систематизации его норм в определенных условиях. Авторы не оставляют без внимания и судебную этику, которая непосредственно соприкасается с их деятельностью, подчеркивают, что профессиональная этика проявляется через позиции участников судебного процесса: судьи, адвоката и др. Моральная ответственность сотрудников правоохранительной системы является одной из центральных элементов искомой статьи.

**Ключевые слова:** мораль, этика, право, правовая система, государственный служащий, судья, адвокат, профессиональная деятельность, и др.

**SERIMOV ELEUZHAN YELEMESOVICH,**

candidate of juridical sciences,  
«Bolashaq» Academy,  
Karaganda, Kazakhstan,  
E-mail:mr.serim@mail.ru

**NURTAYEVA DINARA BOGENBAEVNA,**

Lecturer, Master of Law,  
Department of Legal Discipline,  
«Bolashaq» Academy,  
Karaganda, Kazakhstan,  
E-mail: nurtaevad@mail.ru

## ON SOME ISSUES OF JUDICIAL ETHICS

**Resume.** In the scientific article, the authors tell, first of all, about morality, about its connection with the problem of ethics and professional morality, about the fact that professional morality is a kind of morality, directly related to the systematic activity of the body. At the same time, a small amount of work proves the difference between law and morality, and that professional morality fulfills the most important tasks of social management. In fact, it is emphasized that in professional activity the implementation of the requirements of the general moral principle, the employee is able to successfully perform the state, special service professionally. All this not only reflects the value of professional morality, but also determines the need for systematization of its norm in certain conditions. The authors do not leave without attention and judicial ethics, which is indirectly associated with their activities, emphasizing that professional ethics is manifested through the position of the participants in the judicial process: the judge, the lawyer. The moral responsibility of the employees of the law enforcement system is one of the central elements of this article.

**Keywords:** morality, ethics, law, legal system, civil servant, judge, lawyer, professional activity, etc.

Жалпы, әдеп дегенде, алдымен ойға оралатыны – мораль жөні. Қоғамның әр саласындағы қызметтің өзіндік мораль категориясы болатыны анық. Ол қоғамда, оның дамуы мен жасампаздығына әсер ету арқылы әрдайым көрнекті орынға ие. Әліптің басын ашып алсақ, бұл еңбегімізде біз жалпыдан дараға көшіп, құқық саласындағы мораль мәселесін арқау етпекшіміз. Нақтырақ айтқанда, құқықтағы мораль мәселесін сөз ету арқылы сот жүйесінде сот үдерісіне қатысушылардың – судья мен прокурордың, қорғаушы мен тергеушінің, қылмысты тергеудегі әдеп мәселесін ой өзегіне айналдырмақпыз.

Ұзақ уақыт бойына ертеден-ақ көптеген ғалымдар құқық пен мораль тақырыбын ғылыми талқыға салып, құқық пен адамгершілік нормаларының арақатынасы жөнінде ой-пікірлерін бүкпесіз білдіріп, егжей-тегжейлі қарастырумен келеді. Мәселе, Т.Х. Ғабитов бұл жөнінде мынадай мағлұмат беретіні бар: «Ежелгі гректер табиғи құқықты адамның табиғатымен, оның өмір сүруге құқығымен, сонымен қатар жеке бостандық құқығымен байланыстырған» [1, Т.Х. Ғабитов, 40

б.]. Әйтсе де бұл тарапта әлі де дәлдік жетіспейтін сияқты. Осы аядағы қызу пікірталастарда кейбір жекеленген зерттеушілердің ой-пікірлері теріске шығарылуда [2, Богданова Е.С., Лошкарев А.В., 3-5 бб.]. Бұл заңды да. Әйтсе де мәселенің күрделене түсуі, басқасын айтағанда, құқық пен адамгершілік категорияларын түсінудегі бірізділіктің жоғынан деп білеміз.

Анығында, құқықтық моральды ізгіліктің бір түрі деп қараған дұрыс болмақ. Ол қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтың өзге түрлерімен деңгейлес бола тұра, адамның іс-әрекетін реттеуге бейім. Жеке мүдделерді өзге тұлғалардың, ұжымның, қоғамның мүдделерімен үйлестірудегі бұл категорияның тарихи қажеттілік миссиясы – ізгілікте көрініп, мораль адам мен қоғамның өзара байланысын анықтайды. Демек, осының өзінен-ақ олардың арасында (адам мен қоғам) туындауы мүмкін қарама-қайшылықтарды жоюда моральдан бастау алатын әдептің атқарар рөлінің ерекше екендігін айқын аңғаруға болады.

Адамның іс-әрекетін реттейтін басқа құқық түрлерінен моральдың айырмасын қоғамдық

қатынастарға әсер ету тәсілі арқылы ажыратуға болады. Мораль, біріншіден, көпшіліктің пікірі арқылы жұртшылық қабылдаған және баршасы мойындайтын тәртіптік билік. Екіншіден, оны тұлғаның сана-сезімі, илануы және т.б. арқылы адамның белгілі бір іс-әрекеттінің өлшемі деп те айта аламыз.

Адамның іс-әрекетіне бағыт-бағдар беретін қоғамдық институт ретінде мораль ізгілік нормалары мен қағидаттардан (принциптерден), ізгілікті әрекеттер мен қатынастардан әрі ізгілікті сана-сезімнен құралады. Оның мазмұны мен өлшемдері әлеуметтік шындықпен, қоғамдық өмір ұстанымдармен айқындалады.

Адамзаттың басынан өткерген тарихи дамуына ой жүгіртсек, тарихи үдерісте (процесте) адамгершіліктің белең алуы арқылы адамзаттың ізгілікті бола түскеніне көз жеткіземіз. Бір ғана айғақ - адамгершіліктің дамуының ең бір шыңы, яғни жоғары сатысы – қылмыскерге өлім жазасын қолдануға мараторий жариялау десек, артық кетпейміз.

Моральдық мәселелер әдеп (этика) түсінігімен тікелей астасып жатыр. «Этика» термині гректің «ethos» - әдет-ғұрып, адамгершілік сипат деген сөзінен туындаған. Моральды әдептен (этикадан) бөле жарудың ұшырасуы сирек. Бұлай етуге де ешбір негіз жоқ. Бұл бір заттың екі жағындай дүние. Әдепті моральдың ғылыми теориялық ұстыны деп қарастырған жөн. Осы тұрғыдан келгенде, әдеп (этика) – бұл қоғамның ізгілікті санасының өзі емес, моральдың мән ретінде пайда болуы, даму заңдылықтары және қоғамдық функциялары туралы ғылым болмақ. Әдептің категориялары ізгілік ұғымдарына ғылыми түсінік береді. Әдеп-ізгілік нормаларын және ізгілікті сана-сезімді, ізгілік әрекеттерін және қатынастарын танып-білуге, осының негізінде моральдық ұстанымдар мен қағидаттарды жетілдіре түсуге ұсыныстар әзірлейді. Демек, осылайша адамды тәрбиелеуде тікелей түрткі бола алады. Әйтсе де әдептің басты мақсатын моральдық насихаттың орнын басу, моральдық талаптарды түсіндірумен шектелу емес, оған ғылыми-теориялық негіз ретінде қызмет ету болып табылатынын үнемі есте ұстаған абзал.

Уақыт оза келе мораль мен әдептің дамуы кәсіби мораль мен кәсіби әдептің пайда болуына ықпал етті. Қандай да бір кәсіби қызметтің түрінде моральдың арнайы талаптары мейлінше анық көрінеді. Бұның, әсіресе, қызмет ету объектісі адам болып табылатын мамандықтарда, аса зор мәні бар. Ал адамсыз қызмет жоқтың қасы десек, оның қоғамдағы орнының ересен екендігі өзді-өзінен түсінікті. Осы тұрғыдан алғанда, бір жағынан, кәсіби қызметін табысты орындауға бірден бір көмек болатын, екінші жағынан, тұлғаның мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін мораль нормаларын анықтау қажеттілігі - бүгінгі ең өзекті деген мәселелер қатарынан орын алады. Мұндай кәсіп өкілдеріне қоғам ерекше ізгілік талаптарын қояды. Күрмеуі қалың бұл мәселені төменде, сот үдерісіне қатысушылардың кәсіби қызметтерін тарата сөз еткенде, жан-жақты қарастыратын боламыз.

Осы және өзге де бірқатар факторлар, басқа

кез келген кәсіби моральмен салыстырғанда, өзіндік арнайы ерекшеліктері бар кәсіби мораль мазмұнын анықтайды. Дегенмен, қандай да бір кәсіби моральдың мазмұны жалпы адамгершілік қағидаттардан өріс алады.

Әдеп саласындағы көптеген мамандар қазіргі уақытта кәсіби дамудың объективті шрттарын ұстана отырып, кәсіби мораль кодексін шығаруға ұсыныс жасауда. Мемлекеттік қызметте қабылданып жүрген «Ар-намыс» кодексі осының жарқын айғағы. Бұл, әсіресе, кәсіби маманды тәрбиелеуге қатысы бар түрлі әлеуметтік және мамандық өкілдерінің қажеттіліктеріне негізделеді.

Қоғам маманның әрекетін бүтіндей кәсіби топтан талап етілетін көзқарас тұрғысында бағаласа керек. Әсіресе мемлекеттік қызметшілер мен заңгерлер алдына қоғам мен мемлекет өте жоғары адамгершілік талаптарын қояды. Мұндай жағдайларда кәсіби ұйым қоғам және оның әрбір мүшесі алдындағы кәсіби-ізгілік міндет орындалысын бақылау функциясын өз мойнына алады. Ендеше бұл кәсіби моральдың даму қажеттілігінен туындайтын фактор екені даусыз.

Кәсіби мораль әлеуметтік басқарудың өте маңызды міндеттерін орындайды. Ол кәсіби қызметте жалпы моральдық қағидат (принцип) талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, адамға өзінің кәсіби міндеттерін табысты атқаруға, өзінің қызметіндегі түрлі жағдайларда дұрыс бағытты айқындап, таңдауға көмектеседі. Осының өзі кәсіби моральдың маңызын көрсетіп ғана қоймай, сонымен бірге белгілі бір жағдайлардағы кәсіби мораль нормаларын жүйелеп жинақтау (кодификациялау) қажеттілігін айғақтайды.

Біз сөз етіп отырған кәсіби әдептің бір тармағы – сот әдебі. Заңдық әдебиеттерде сот әдебі, соның ішінде жалпы заңгер әдебі туралы пікірлерге кеңінен орын берілген. Көп әдебиеттерде сот әдебін заңгерлік кәсіби қызметтің ізгілік бастауларынан туындатады. Сот әдебін ғылыми білім ретінде заңгердің кәсіби моралынан айыра білуге тиіспіз, тек сотпен, тек сонымен байланысты қызметтердің адамгершілік бастаулары туралы ғылым тұрғысында қарастыруымыз керек. Құқық және әдеп саласындағы мамандардың заңгердің кәсіби моралі, заңгер әдебі, сот әдібі, тергеу әдебі және т.б. түсініктерді нақтылау үшін әлі де атқарар істер баршылық.

Өз қызметінде моральды негізге алатын заңгер мамандардың тарихы тереңде жатыр. Заңгерлердің кәсіби дәстүрі ұзақ уақыт бойғы ғасырлар белесінде соны ойлар мен озық мәдениеттің ықпалымен қалыптасқан. Оның құны айрықша бағалы дейтіміз де сондықтан. Заңгерлердің өзін айтпағанда, түрлі ғылым теорияшылары да, тәжірибиесі мол мамандар да, сондай-ақ философтар, педагогтар, әлеуметтанушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жазушылар және публицистер де дәуір тынысы, заман талабы, уақыт нақышына қарай осы саланы меңгеруге, танып-білуге үздіксіз ұмтылып, оның ұғымына әр қосуда.

Әлеуметтік өмірдегі әрбір мәселені зерттеу өте күрделі үдеріс. Кәсіби мораль да дәл сондай күр-

деліліктен ада емес. Қандай да бір кәсіби моральдың, соның ішінде, заңгерлік қызметтің де, басты әлеуметтік функциясы – кәсіби міндетті табысты орындауға, қателіктерді, сондай-ақ кәсіби деформациядан пайда болған зиянды салдарларды жеңуге ықпал жасауында болып отыр. Кәсіби мораль кәсіптің сапалы болуына маманды тәрбиелеу мен оны кәсіби жетілдіре түсудің өзіндік құралы ретінде көрініс табады.

Барынша ашықтықты талап ететін қазіргі қоғамның тынысы тергеу органдарына, сот қызметіне қатысы бар тұлғалардың әрекетіне моральдық келбетіне (өзіндік және қоғамдық пікір бағасын қоса айтқанда) баға бере алатын мол мүмкіндік ашуда. Нақ осы себептен сот әдебіндегі адамгершілік аспектілер үздіксіз, ұдайы зерттеп отыруды қажет етеді.

Орыстың әйгілі адвокаты А.Ф. Кони сот әдебінің дамуына көп еңбек сіңірген тұлға. Ол сот үдерісіндегі адамгершілік бастаулары туралы зерттеулерінде қылмыстық процестің шарттары және жағдайлары бірінші кезекте болатынына және заңгерлер сот өндірісінің адамгершілік түп-негіздеріне назар аударулары тиіс деп білді. А.Ф. Кони сот технологиясын және сот тәжірибиесін ғана емес, сонымен бірге арнайы қызметтегі адамгершілік туралы жалпы түсініктерге қосымша оқыту ретінде сот әдебі де зерттелуі қажет деп санады. Ол қылмыстық сот өндірісіндегі әдепке осы тұрғыда баға беру себепін, «қызметтік тәртіп қандай жемісті болса да, ол өзінің күшін және мәнін тәжірибиесіз, дәрекі, жауапсыз қолда жоғалтуы мүмкін» деген уәжбен түсіндіреді [3, 7 б.]. Мұндай жағдайларда нағыз жетілдірілген, әділ, жан-жақты талқыға салынған заңның өзі түкке тұрғысыз болып қаларына күмән жоқ. Сот өндірісінің түрі едәуір айқындалған тұста, келешекте қылмыстық процесті зерттеуде бірінші кезек адамгершілік бастауға тиесілі болады және «сот өндірісі туралы ілімнің орталық тартылыс ілімі процестен барлық тармақтағы судьялардың әдептік және қоғамдық-құқықтық қызметіне ауысады» деп пайымдады [4, Бойков А.Д., 8 б.].

Ол алқа билер институтын, судьялардың ауыспауын және шексіз тәуелсіз болу қағидаттарын жоғары бағалады. Осы қағидаттарды ол сот өндірісіндегі зор адамгершілік бастаулары деп таныды. Ал А.Ф. Конидің сот әдебін зерттеу, судьяларда және сот өндірісіне басқа да қатысушыларды жоғары адамгершілікке тәрбиелеу, сот әдебі туралы көптеген ережелерді қалыптастыру ойы бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоя қойған жоқ, қайта керісінше қоғамның қажеттілігі мен сұранысына ие болуда.

Кейінгі жылдары отандық заңгерлер адами мәселелерге баса назар аударып келеді. Олардың ізденістерінің көптеген монографияларда, ғылыми мақалаларда, конференцияларда және мерзімді баспасөзде көрініс табуы осының айқын дәлелі. Бұл қоғамдағы моральдық фактордың қоғамдық құбылыстарға әсер етуінің арта түскенін айғақтайды. Демек бұл сот өндірісіне тікелей қатысы бар сот әдебі мәселесінің көрінісін нақ өмірден табатынын, қоғамдық ортада ойып орын алатынын мойындайтын кез жетті деген сөз.

Сот әдебіне қатысты проблемаларды оңтайлы шешудің жолы заңгердің кәсіби қызметіндегі адамгершілік бастаулардың мәнін түсінумен тікелей байланысып жатыр. Заңдық әдебиеттерде сот әдебін әркім хәл-қадірінше әр түрлі түсіндірумен келеді. Мәселен, білікті ғалым М.С. Строгович: «Сот әдебі – судьялар, тергеушілер, қорғаушылар үшін қандай да бір адамгершілік нормаларын шығармайды, тек сот және тергеу қызметіндегі арнайы жағдайдағы жалпы адамгершілік нормаларын қолдануды зерттейді» [2, 8] дейді. Әйтсе де, сот әдебін тек ғана судья, тергеуші, прокурор, адвокат (қорғаушы) әдебіне қатысты қолдануға болмайды; оларға, тіпті жалпы моральдық принциптер әрекетін шектей алатын, өзіндік, тек өзіне лайық адамгершілік нормалары тән дейтін пікірлер де жоқ емес.

Мұндай, пікір алуандығынан, кейбір авторлардың кәсіби моральда арнайы адамгершілік нормаларының болуын, ал қайсыбіреулері одан жалпы адамгершілік қағидаттардың (принциптердің), тек ғана арнайы белгілерін байқайтынын көре аламыз. Бірақ мәселе әрбір кәсіби моральда өзіндік арнайы нормаларының бар-жоғында болып отырған жоқ. Ол анық мәселе. Әңгіме басқада, бұл: нормалардың мазмұны қандай; кәсіби қызмет ерекшелігін ескерген, олар жалпы адамгершілік қағидаттарын қолданудың нәтижесі ме немесе бұл жалпы қағидаттардан туындамайтын, тек оларды толықтыратын және тіпті, олардың әрекетін шектейтін ерекше адамгершілік нормалар ма? Кәсіби моральды қандай да бір қызметтегі адамгершіліктің жалпы нормаларын тек арнайы түсіндірумен біріктіруге болмайтынын айта келіп, ғалым А.Д. Бойков кәсіби әдепті «қандай да бір қоғамдық өндіріс саласындағы жалпы әдептік нормалар әрекетінің ерекшелігі және моральдық кодексті толықтыратын және дамытатын ерекше нормалар туралы ілім» [3, 10 б.] ретінде анықтайды.

Түп бастауын жалпы мораль мен әдептен алатын сот әдебі – халқымыздың әдет-ғұрып құқығындағы көп ғасырлық құқықтық таным-түсінігінің аса бір айқындылықпен сипатталатын рухани мұрасы. Отандық құқық тарихына көз жүгіртсек, құқықтық психологияны, этика-әдепті, құқықтық танымды қалыптастыруға қызмет ететін сот әдебінің кезінде ұлттық жалпы әдет құқығының да кең панорамасын жасауына үлес қосқандығы апайқын байқалады. Бұлай дейтініміз сот әдебі есте жоқ ескі кезеңдерде-ақ әдет құқығының аясында қалыптасты. Сот әдебінің туып, қалыптасуына ертедегі даудың не бір түрлерінің түйінін әділдікпен шешкен көңілі даңғыл, санасы сара, тілге жүйрік би-шешендер себеп болды. Даушылар әрекеті, оқыс, шырғалаң оқиғалар түйінін құқықтық тұрғыда шешуде сот әдебінің маңызы өте зор. Сот әдебінің, қазіргі тілмен айтқанда, әу баста-ақ құқықтық заң деңгейіне көтерілу төркіні осында жатса керек. Сол кездегі тегеуіріндіден тепкі жеп, күштіден тақым бұрап, тар қыспақ көрген, әділет іздеп, төрелік сұраушылардың жүгінері мен сүйенері – сот орындарының міндетін атқарған билер-тін. Олар «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қа-



ғиданы негізге алып, қара қылды қақ жара білді. Өткеннің тарихы осылай дейді. Бүгінгінің соты да әр азаматтың құқығын жасына, жынысына, шен-шекпеніне қарамастан заң алдында тең әрі әділ қарап, қылмысына қарай жаза тағайындайтын орган екені белгілі. Міне, осының бәрі де сот әдеби арқылы ғана жүзеге асатын құбылыс. Ендеше кешегі мен бүгінгі құқық тарихында сот әдебінің алатын орны ерекше екенін айтуға толықтай негіз бар.

Сот әдебі – сан алуан сот процесі саласындағы, құқықтық тәрбие проблемаларына қатысты ғылыми теориялық көптеген зерттеу еңбектерге арқау бола беретін күрделі де қызықты проблема. Сан-салалы кәсіби әдеп аясында қарастырылатын сот әдебінің таратып әкететін жүйе-жүйе, тарау-тарау тармақтары мол. Оның терең арна тауып, жан-жақты өркендеу процесін өмірдің ықпалы, замана әсері, дәуір талабымен жасалатын құқықтық реформалармен етене сабақтастыра қараған жөн. Оның басқа құқық ғылымдары салаларымен байланысы, олардың өзара бір-біріне әсер-ықпалы, құқықтық қоғамның үдере даму факторларында адамдық құндылықтар мен қазыналарды игеру мәселелері – сот әдебінің табиғатына тән күрделі құбылыс. Сот әдебінің сот төрелігінде көрінетін сан алуан қырларын зерттеп, зерделеп, бағалау – осы ізденіс жұмысымыздың басты мақсаты мен парызы.

Сот процесінде қатысушы тараптардың құқықтық талаптарына сәйкес, заңды негізге ала отырып, бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етсе, сол қарым-қатынас негізгінен этикалық аспектілер арқылы жүзеге асатыны айдан анық. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін алдымен әр адамның тіл табыса, араласа біліп, қарым-қатынас, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойына дарытып, қалыптастыруы тиіс. Ол сот төрелігіндегі әдеп кәсіптік қарым-қатынас жасаудан көрінеді, сол үшін де этика мәдениетін меңгерген қайыл. Ендеше сот әдебіндегі қарым-қатынас дегенге жауап іздеп көрелік. Сот әдебіндегі қарым-қатынас дегеніміз – адамның қызметтік ортасымен, тараптармен, соттық қызметтік дәстүрлермен және мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Ол қызметкерлердің әдеп нормалары тұрғысынан бір-бірімен өзара араласуларын, ауыс-түйістерін, байланысын білдіреді. Қарым-қатынас, психологиялық тұрғыда, – адамдардың ішкі жан-дүниесі-

нің сыртқы көрінісі, олардың күнделікті өмір тіршілігіндегі (қызмет, жұмыстағы) бейнесін жасаудағы іс-әрекеті.

Жақсы қарым-қатынас жасай білу және солай әрекет ету – тіршіліктегі әрбір адамның міндеті. Жақсы қарым-қатынас дегеніміз – адамның бойындағы ең әдемі қасиеттердің өмірдегі көрінісі. Бұл қасиеттер адам бойында өткінші болмайды. Ол адам бойында туғаннан өскенше қалыптасып, бірге жасайды. Ал ол үшін кісінің әуелі әдептілік негіздерін бойына сіңіру шарт. Өйткені әдеп болмай, жақсы қарым-қатынас болуы да мүмкін емес десек, әсіресе бұл сот төрелігінде барынша айқын көрініс табады. Сот әдебінің бір қыры – сот процесінде судьяның, прокурор мен адвокаттың, тараптардың іс-әрекетке барудағы, жүріс-тұрыстағы, сөйлеудегі, сөз жарыссөздеріндегі, реплика тастаудағы мәдениет тірегі. Бұдан түйілетін қорытынды, сот процесінде заңдық аяда қарым-қатынас жасау – кәсіби әдептілікті, мәдениеттілікті, кәсіби тілде сөйлей алу, тараптармен сөйлесе білу мәдениетін меңгерудің қажетті көрсеткіші.

Соттағы тараптардың, судья прокурор мен адвокаттың мәдениеті дегеніміз – қызметкерлердің еркін ойлай алуы, өзінің және төңіреkteгілердің әрекеттеріне, болмысына талдай жасай білу қабілеті. Ендеше сот әдебінің мәдениеті – қызметкердің, адамның материалдық және рухани, білімдарлық (интеллектілік) пен сезімдік қасиеттері айқын аңғарылатын белгілердің жиынтығы болмақ.

Сот процесінің ірі тұлғасы – адвокат та өзіндік кәсіптік әдебі аясында қызметін адал атқарады. Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, заңның бұзушылықтарын жоюға және құқықтық тәртіпті нығайтуға көмектесу адвокаттың кәсіби міндеті және жоғары адамгершілік борышы болып табылады. Осыған орай, адвокаттық кәсіп қолданыстағы заңдардың талаптарын, адвокат тәртібінің этикалық нормаларын бұзбауды, оған заңгерлік көмек сұрап жүгінген тұлғалар үшін заңда көрсетілген барлық құралдар мен тәсілдерді қолдануды қарастыратындықтан белгілі бір талаптарды нақты және бұлжытпай орындауды ұйғарады. Жеке және заңды тұлғаларға олардың білікті заңгерлік көмек алуына деген конституциялық құқығын қамтамсыз ету адвокаттардың кәсіби қызметінің негізгі өзегі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. «Заң әдебиеті», -Алматы, -2006. - 107 б.
2. Богданова Е.С., Лошкарев А.В. Соотношение норм права и нравственности // Юридические науки: проблемы и перспективы: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2016 г.). — Казань: Бук, 2016. 230 стр.
3. Проблемы судебной этики. Авторский коллектив. Под редакцией члена-корреспондента АН СССР М.С.Строговича. Москва. – Наука.- 1974.
4. Бойков А.Д. Пути повышения эффективности деятельности защитника. — М.: Юриздат, 1972.

**СЫЗДЫКОВ АЛМАЗ ЖАКСЫБЕКОВИЧ**

доктор (PhD),

Ученый секретарь Академии правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан,  
e-mail: asyzdukov@mail.ru

## О СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕПУТАТСКИХ ФРАКЦИЙ: ПРАВОВОЙ АСПЕКТ

**Аннотация.** Данная статья направлена на изучение особенностей функционирования депутатских фракций. Рассмотрены вопросы правовой регламентации депутатских фракций в свете партийно-парламентских взаимодействий. Предложены меры по совершенствованию законодательства.

**Ключевые слова:** депутатская фракция, партийная система, парламентаризм, Мажилис, политическая партия.

## ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТ

**Аннотация.** Бұл мақала депутаттық фракциялардың қызмет ету ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Партиялық-парламенттік өзара іс-қимыл аясында депутаттық фракцияларды құқықтық регламенттеу мәселелері қарастырылды. Заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар ұсынылды.

**Түйінді сөздер:** депутаттық фракция, партиялық жүйе, парламентаризм, Мәжіліс, саяси партия.

## ON IMPROVING THE ACTIVITIES OF PARLIAMENTARY FACTIONS: LEGAL ASPECT

**Annotation.** This article is aimed at studying the features of the functioning of parliamentary factions. The issues of legal regulation of parliamentary factions in the light of party-parliamentary interactions are considered. Measures to improve the legislation are proposed.

**Key words:** Deputy faction, of the party system, the parliamentary system, the Mazhilis, political party.

XXI век характеризуется появлением нового этапа в развитии политических систем многих стран мира, в котором депутатские фракции политических партий играют решающую роль.

Инициированная Первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым конституционная реформа открыла путь для дальнейшего развития парламентской и партийной системы Казахстана, предоставив совершенно новые возможности для развития демократического процесса, изменив правовой статус политических партий, укрепив полномочия и авторитет Парламента [Электронный ресурс: дата обращения: 05.11.2020].

В Послании народу Казахстана от 2 сентября 2019 года Глава государства К-Ж.К. Токаев отметил: «Как Глава государства, вижу свою задачу в том, чтобы содействовать развитию многопартийности, политической конкуренции и плюрализма мнений в стране. Это важно для стабильности политической системы в долгосрочной перспективе» [К-Ж.К. Токаев,

дата обращения: 05.11.2020].

Создание и деятельность депутатских фракций в Парламенте Казахстана свидетельствует о выходе на принципиально новый уровень развития парламентаризма.

Анализ деятельности Парламента Республики Казахстан показал, что большинство политических острых, актуальных для страны вопросов иницируется Мажилисом Парламента, а именно представителями политических партий – депутатскими фракциями. Встречи с Главой государства, Премьер-Министром РК, «круглые столы» с участием представителей органов государственной власти, заключение политических соглашений – все это является показателем той роли, которая отводится депутатским фракциям на современной политической арене Казахстана.

Мировой опыт функционирования и законодательного регулирования деятельности депутатских фракций свидетельствует о важности и необходимости их правовой институ-

ционализации. В Казахстане такие основы уже заложены, но в то же время возникает другой вопрос об объеме необходимой правовой регламентации.

Как и в России, особенностью регулирования правового статуса фракций в Казахстане является многоуровневость и разнообразие актов, выражающиеся не только в регулировании актами различной юридической силы, но и нормативными правовыми актами, принимаемых на различных уровнях публичной власти; актами, регулируемыми не только непосредственно деятельностью представительного органа, поскольку фракция, это его структурный элемент; законодательством о политических партиях, поскольку фракция – это форма работы партии, победившей на выборах; законодательством о выборах, от которого напрямую зависит количество фракций в представительном органе. [3, с.274]

В Казахстане конституционные положения о статусе депутатских фракций находят более полное развитие в Конституционном законе РК «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», регламентах Парламента и его палат, Уставе Партии и Положении о фракции. В перечисленных актах, в частности, получили свое развитие вопросы создания, функционирования и прекращения деятельности депутатских фракций в Парламенте.

Принятый 15 июля 2002 года Закон РК «О политических партиях» определяет правовые основы создания политических партий, их права и обязанности, гарантии деятельности, регулирует отношения политических партий с государственными органами и другими организациями.

В большей части деятельность депутатских фракций регулируется Регламентом Мажилиса Парламента. В некоторых государствах существуют специальные законы, регламентирующие их деятельность. К примеру, в Грузии правовой статус, порядок создания и функционирования фракций регулируется Законом «О парламентских фракциях», на Украине Положением «О депутатских группах (фракциях) Верховной Рады Украины», в Швейцарии Законом «О парламентских фракциях и его секретариатах».

В ряде стран институт фракции получил конституционное признание, закрепившись в нормах Основного Закона. Конституция Португальской Республики (часть 1 статьи 183) гласит: «депутаты, избранные от каждой партии или от блока партий, могут образовывать парламентские группы». Похожая норма имеется и в Основном Законе Грузии, в статье 58 которого говорится, что члены Парламента могут объединяться во фракции, число членов которой должно быть не менее десяти. [4, с. 97]

По мнению д.ю.н., профессора Е.Б. Абдрашулова, вопросы регламентации деятельности парламентских фракций, решались через создание модели, поощряющей формирование парламентских объединений и предвосхищающей возможность стихийного развития событий. Эта модель разрабатывалась с учетом прогрессивных достижений в практике парламентской деятельности развитых стран. Это было оправдано, поскольку депутатские объединения для казахстанской парламентской практики – явление новое и пока недостаточно знакомое. Поэтому существующее правовое регулирование отношений в целом, отвечает уровню и потребностям общественного и политического развития. [5, с. 240]

В.В. Лапаева считает, что фракция как часть партии, продвинутая в сферу государственно-властных отношений, должна иметь такую меру самостоятельности, которая позволит вынести основной накал межпартийной борьбы за рамки Парламента [6, с.183].

И.И. Рогов в своем выступлении отметил: «Наделение конституционным статусом такого явления, как фракции политических партий в Парламенте, должно стать основой полноценного и всеобъемлющего блока правовых норм, регулирующих права и обязанности фракций, условия и порядок их формирования и прекращения деятельности и другие важные вопросы их функционирования в Мажилисе Парламента» [7, с. 41-44].

Правовое регулирование депутатских фракций, в первую очередь, начинается с санкционирования уже сложившихся общественных отношений, охвата их правовым регулированием. Во-вторых, это моделирование компетентными органами общественных отношений, с целью направить их в желаемое русло. В данном случае, в механизме правового регулирования, первой стадией будет являться создание правовых норм.

Вопрос о необходимости законодательного закрепления депутатских фракций является актуальным не только в Казахстане, но и в других странах СНГ. Например, при встрече бывшего Председателя Парламента Кыргызстана З. Курманова с директором представительства Национального института демократии США в Кыргызстане С. Кирином, последний отметил о целесообразности проработки законодательной базы партийных фракций в Парламенте, как это сделано, например, в Швейцарии, имеющей закон «О парламентских фракциях», и в ряде других стран [электронный ресурс: дата обращения 17.10.2020].

Правовой статус фракций в представительных органах публичной власти, по мнению Комарова В., включает в себя следующие элементы: правосубъектность фракций; принципы

правового статуса фракций; права и обязанности фракций; гарантии жизнедеятельности фракций; юридическая ответственность. Но, не все перечисленные элементы правового статуса фракций полно и логично отражены в действующем законодательстве. [3, с. 277]

По мнению А.Перуашева, необходимо нормативное регулирование вопросов равного освещения деятельности депутатских фракций в государственных СМИ или в рамках государственного заказа; законодательное закрепление норм финансирования представленных в Парламенте политических партий, их право на участие в антикоррупционной, правовой и экономической экспертизе правительственных законопроектов до их внесения в Парламент; порядок взаимодействия фракций внутри Парламента и с другими государственными органами и т.д. [А. Перуашев, 2014]

Таким образом, правовая основа деятельности депутатских фракций в Казахстане выстраивается на основе сочетания законодательных, регламентных и внутренних (корпоративных) норм, однако налицо определенный

дефицит законодательного регулирования, восполняемый регламентными и корпоративными нормами, а также политическими обычаями, формирующимися в процессе парламентской деятельности. Необходимость более полного законодательного регулирования определяется особой ролью депутатских фракций в общественно-политической жизни Казахстана, потребностью в выработке общих правовых подходов к регулированию политического представительства партий на государственном и местном уровнях, целесообразностью привлечения к обсуждению и решению данной задачи не только депутатского корпуса, но и иных субъектов законодательного процесса.

В этой связи, предлагается разработать и принять специальный закон о депутатских фракциях, в котором должны быть детально урегулированы вопросы формирования, членства, правосубъектности, правового статуса, порядка взаимодействия, гарантии жизнедеятельности, юридической ответственности депутатских фракций.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

Президент: Хроника деятельности в 2007 году. Наша задача продвигаться вперед еще успешнее [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30202574](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30202574) (дата обращения: 05.11.2020).

Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» от 2 сентября 2019 года / Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana) (дата обращения: 05.11.2020).

Комарова В.В. Проблемы закрепления правового статуса фракций в представительных органах России // Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 11-2.

Абдрасулов Е.Б. Правовые аспекты фракционной деятельности политических партий в Парламенте Республики Казахстан // Материалы круглого стола: О роли парламентской фракции в законодательном процессе. – Астана, 2004.

Лапаева В.В. Право и многопартийность в современной России. - М.: Изд-во Норма, 1999, – 304 с.

Абдрасулов Е.Б, Доскалов В.А, Абдрасулова Г.Э. Парламентское право. Учебное пособие. – Астана: 2008, – 299 с.

Рогов И.И., Конституционные основы партийного развития // Международный научно-аналитический журнал, №1/3. 2009.

Новости Кыргызстана: Торага Жогоргу Кенеша встретился с директором представительства НДИ в Кыргызстане [Электронный ресурс] // FOR.kg: сайт. – URL: <https://for.kg/news-108626-ru.html> (дата обращения 17.10.2020).

Правовой статус парламентских фракций в Мажилесе Парламента РК // Выступление А. Перуашева на международной конференции «Конституция: стабильность, мир и общественное согласие». – г. Астана, 29 августа 2014 года.





**ТҰРСЫНБЕКҚЫЗЫ НАЗГУЛ,**  
майор гражданской защиты,  
Кафедра общеправовых дисциплин,  
Институт послевузовского образования,  
Академия правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре  
Республики Казахстан

АҚШ-тан басқа ғарыш қызметіне қатысты мәселелерді реттейтін ішкі заңдар Францияда 1961 жылы, Жапонияда 1969 жылы, Норвегияда 1969 жылы, Ұлыбританияда 1986 жылы және басқа елдерде де қабылданды.

XX ғасырдың соңына қарай ғарыш қызметін қарқынды коммерцияландыру басталды, сол кезде ғарышты игеру саласындағы халықаралық ынтымақтастық ауқымы күрт ұлғайды және қатысушы мемлекеттердің ғарышты игерудегі басты мақсаты ғарышты зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми және практикалық жетістіктерін іске асыру болды.

XX ғасырдың соңғы онжылдығында ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныстың мемлекеттік векторы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта пайдалану векторымен алмастырыла бастады, сол кезде жеке бизнестің ірі субъектілері мемлекеттерге ғарыш техникасы мен технологияларын пайдаланудың ықтимал коммерциялық перспективасын көрсете бастады [3, 32 б.].

Әлемдік ғарыш қызметін қарқындату ғарыш нарығының тұрақты өсуін ынталандырады, оның көлемі әртүрлі бағалаулар бойынша қазіргі уақытта 300 млрд. доллардан асады.

АҚШ Спутниктік индустрия қауымдастығының (Satellite Industry Association) ақпаратына сәйкес,

ғарыш қызметінің әлемдік экономикасының көлемі 2010 жылы 276,5 млрд. долларды және 2015 жылы 335,3 млрд. долларды құрады. АҚШ Ғарыш қоры (Space Foundation) оның көлемін біршама төмен бағалайды - 2010 жылы 276,5 млрд. доллар, 2015 жылы 323 млрд. доллар.

Бұдан басқа, 2006-2015 жылдар ішінде бұл сектор жалпы әлемдік экономикаға қарағанда жылдам дамып келеді (орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 7%), оның өсуі көрсетілген кезеңде 5,4%-дан 3,2%-ға дейін баяулады.

Көрсетілген динамика ең алдымен ғарыш қызметін коммерцияландырумен байланысты: байланыс, мониторинг, навигация. Сондай-ақ, ғарыш қызметі саласында жаңа компаниялардың пайда болуы байқалады.

БҰҰ-ның ғарыш жөніндегі шарттары мен халықаралық ғарыш құқығының басқа да құжаттары ғарыш қызметінің жалғыз субъектісі мемлекет болған және ғарышты пайдаланудың басты мақсаты ғылыми және стратегиялық мақсаттар болған кезеңде қабылданғанын атап өткен жөн.

1967 жылғы 27 желтоқсандағы Мемлекеттердің айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартына (бұдан әрі – БҰҰ Ғарыш жөніндегі шарты) VI бабына сәйкес, айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігіндегі үкіметтік емес заңды тұлғалардың қызметі шартқа тиісті қатысушы мемлекеттің рұқсатымен және оның тұрақты бақылауымен жүргізілуге тиіс. Осы бапта мемлекеттердің ғарыштағы барлық ұлттық іс-әрекеттері үшін халықаралық жауапкершілігі белгіленген.<sup>1</sup>

Алайда БҰҰ-ның Ғарыш жөніндегі шартында коммерциялық ғарыш қызметінің жеке-құқықтық аспектілерін реттеу үшін барлық қажетті нормалар жоқ. Осылайша, көптеген мәселелер ашық күйінде қалып отыр және ғарыштық технологиялардың дамуы мен ғарыш қызметінің жаңа бағыттарының пайда болуымен мұндай мәселелер көбейуі түсуде.

2015 жылдың 25 қарашасында Барак Обама Ғарышқа коммерциялық ұшырудың бәсекеге қабілеттілігі туралы заңға қол қойды (Commercial Space Act of 2015).

Бұл заң американдық жеке секторға елдің ғарыш қызметіне қатысуға мүмкіндік береді. Осылайша, ғарыш қызметін коммерцияландырудың басталуын, сондай-ақ ғарыш ресурстарын жекешелендіру процесін бастайды.

Заңның төртінші тарауын ерекше деп санауға болады, ол АҚШ азаматтарына астероид пен планеталарды еркін әзірлеуге, алынған ресурстарға, соның ішінде су мен минералдарға иелік етуге және билік етуге мүмкіндік береді.

Аталған құжаттың қабылдануы әлем заңгерлерін екі оппозицияға бөлді: біріншілері заң халықаралық ғарыш құқығының нормаларын, атап

<sup>1</sup> Интернет ресурсы: adilet.zan.kz. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйелері // [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000104_) (жүгінген күні: 20.05.2020)



айтқанда 1967 жылғы Ғарыш туралы шартты бұзады деп мәлімдейді, екіншілері қолданыстағы халықаралық актілерде пайдалы қазбаларды өндіруге және иемденуге тікелей тыйым салынбағанын көрсетеді.

### ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Жоғарыда айтылғандар халықаралық жария құқық шеңберінде жұмыс істейтін ғарыш құқығы доктринасы енді ғарыш қызметі мен оның кеңейтілген инфрақұрылымын реттеу саласында туындайтын қатынастарды реттеу үшін барабар жағдайлар жасамайды деп айтуға негіз береді. Бұл мәселені шешудің бір жолы бүкіл әлемге кеңінен тарала бастаған ғарыш қызметі саласындағы арнайы ұлттық заңнамалар құру болып отыр.

2014 жылғы жағдай бойынша шетелдік заңнаманы талдау нәтижесінде ғарыш қызметін реттейтін ішкі құжаттары бар отыздан астам мемлекет: Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Австралия, Франция, Бразилия, Корея Республикасы, Индонезия, Алжир, Жапония, Мексика, Испания, Австрия, Аргентина, Оңтүстік Африка, Швеция, Венесуэла, Бангладеш, Италия, Финляндия, Нидерланды, Қытай, Германия, Иран, Беларусь, Бельгия, Украина, Чили, Канада, Норвегия, Нигерия, Колумбия және Қазақстан.

Қазіргі уақытта әлемнің он үш елі ғана ғарыш қызметі үшін жеткілікті инфрақұрылымға ие, атап айтқанда Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Франция, Жапония, Жаңа Зеландия, Қытай, Үндістан, Израиль, Украина, Оңтүстік Корея, Бразилия, Иран, КХДР және Қазақстан.

Баяндалғанның негізінде, ғарыш қызметін реттейтін ішкі нормативтік-құқықтық актілерді осындай қызметті өздері жүргізетін мемлекеттер қабылдайтыны айқын. Сондай-ақ, ғарыш кеңістігін зерттеуге және пайдалануға мүдделі.

Қазақстан Республикасында ғарыштық коммерциялық қызметтің пайда болуы мен дамуы туралы мәселе бойынша әлемдегі ең үлкен және теңдесі жоқ ғарыш айлағы аумағында орналасқан елдің зымырандық-ғарыштық технологияны құрудың ғылыми-техникалық базасы болмағанын және дамыған ғарыш сегменті болмағанын атап өтуге болады. Сондықтан алғашқы кезеңдерде жетекші ғарыштық державалармен бірге жобаларға қатысу желісі таңдалды.

1997 жылы Қазақстан БҰҰ шеңберіндегі ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі бес негізгі көпжақты шартқа қосылды:

1967 жылғы 27 қаңтардағы Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің қағидаттары туралы шарт;

1968 жылғы 22 сәуірдегі Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне ұшырылған объектілерді қайтару туралы

келісім;

1972 жылғы 29 наурыздағы Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенция;

1975 жылғы 14 қаңтардағы Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын объектілерді тіркеу туралы конвенция;

1979 жылғы 18 желтоқсандағы Мемлекеттердің Айдағы және басқа да аспан денелеріндегі қызметі туралы келісім [1, 332 б.].

Қазақстан Республикасында ғарыш қызметі ұғымының өзі «Ғарыш қызметі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен пайда болды.

«Ғарыш қызметі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметі деп ғылыми, экономикалық, экологиялық, қорғаныс, ақпараттық және коммерциялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғарыш кеңістігін зерттеуге және пайдалануға бағытталған қызметті айтамыз.<sup>1</sup>

Біздің еліміз үшін ғарышкерлікті игерудің күрделілігі республика ғарыш саласында бір мезгілде халықаралық байланыстар орнатуға, тасымалдағыш зымыран жасауға, өз спутниктерін ұшыруға, жерүсті инфрақұрылымын салуға және өз кадрларын даярлауға, бұл ретте халықаралық үрдістерден қалыс қалмау үшін үнемі қазіргі заманғы жетістіктердің «серпінінде қол ұстасуға» тура келетінімен тұжырымдалады.

Егер республиканың ғарыш қызметін қаржыландырудың негізгі бағыттарын қарастыратын болсақ, оның негізінде толық ауқымды ғарыш кластері құрылатын «Байқоңыр» ғарыш айлағын дамытуға басты назар аударылатынын атап өту қажет. Сарапшылардың болжамы бойынша, Қазақстанның ЖІӨ құрылымында аэроғарыш саласының өнімдері мен қызметтерінің үлес салмағы 2005 жылғы 0,164 пайыздан 2020 жылы 0,7 пайызға дейін көтеріледі. Сондай-ақ, инвестициялардың көмегімен еліміздің экономикасының экспорттық әлеуетін әртараптандыру және кеңейту процестері қуатты серпін алады деп күтілуде.

Жоғары технологияларды дамытуда артта қалмау үшін Қазақстанның ғарыш қызметінің жалпы айналымы 2013 жылы 150 миллион доллар деңгейіне шықты, 2016 жылы - шамамен 480 миллион доллар, ал 2020 жылға қарай - шамамен 900 миллион доллар. Сонымен қатар, 2020 жылға қарай аэроғарыш саласындағы 30 жоғары технологиялық кәсіпорын құру көзделген. «Байқоңыр» кешенінің аумағында жоспарланған «Ғарыш орталығы» арнайы экономикалық аймағын құру салаға инвестициялар келуі үшін жақсы деңгейде болуға тиіс.

Қазірдің өзінде Қазақстанның аэроғарыш саласындағы көшбасшылыққа деген ұмтылысын кезең-кезеңімен іске асыра отырып, ғарыш на-

<sup>1</sup> Интернет ресурсы: adilet.zan.kz. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйелері // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000528> (жүгінген күні: 20.05.2020)

рығының жалпы құрылымына әбден үйлеседі деп қорытынды жасауға болады.

Сонымен бірге, аэроғарыш өнеркәсібін одан әрі дамытудың алғашқы қадамдарының бірі Қазақстан Республикасының ғарыш қызметін дамытудың жаңа Тұжырымдамасын әзірлеу болуға тиіс, ол ғарыш саласы дамуының әлемдік үрдістерін, оның жаңа құрамдауышын - коммерция-

ландыруды, сондай-ақ дамыған елдердегі ғарыш қызметін басқарудың заманауи тәжірибесін ескеретін болады. Тиісті Тұжырымдаманы әзірлеу ішкі ғарыш нарығын жедел коммерцияландыруға ықпал ететін болады, ол сөзсіз қазақстандық ғарышкерлік стратегиясының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болуға тиіс.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда: Изд-во «Арко», 2006. – 372 с.
2. Варваров Н. Первый и второй / Юный техник. Научно-популярный журнал, 1957. – № 12. – 54 с.
3. Батурин Ю.М. Космическая дипломатия и международное право. – Звездный городок, 2006. – 138 с.

# ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА PEDAGOGICAL SCIENCE



**АЙТЖАНОВА ЭЛЬМИРА НҰРМҰХАНҚЫЗЫ,**  
аға оқытушы, п.ғ.м.,  
Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті



**АДАСҚАНОВА ЖАДЫРА ҚАЙРАТҚЫЗЫ,**  
аға оқытушы, п.ғ.м.,  
Жалпы педагогика кафедрасы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жасөспірімдердің толеранттылығын арттыру және тәрбиелеудің мәні мен мазмұны қарастырылады. Толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінген. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттермен танысу барысында толеранттылық және оны қалыптастыру проблемасының философиялық, психологиялық, әлеуметтану, этикалық жақтарын қарастырумен қатар оның педагогикалық аспектілерін зерттеу маңызды екенін байқатады.

**Кілт сөздер:** толеранттылық, интолеранттылық, төзімділік, әлеуметтік құндылық, әлеуметтік норма, педагогикалық аспект.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается сущность и содержание воспитания и повышения толерантности подростков. Основное внимание уделено изучению сущности толерантности и ее внедрению в практику как социальной нормы, социальной ценности. В ходе ознакомления с психолого-педагогической литературой, наряду с рассмотрением философских, психологических, социологических, этических аспектов проблемы толерантности и ее формирования, отмечается важность изучения ее педагогических аспектов.

**Ключевые слова:** толерантность, интолерантность, терпимость, социальная ценность, социальная норма, педагогический аспект.

**Annotation.** This article examines the essence and content of education and increasing tolerance of adolescents. The main attention is paid to the study of the essence of tolerance and its implementation in practice as a social norm, social value. During familiarization with psycho-pedagogical literature, along with consideration of philosophical, psychological, sociological, ethical aspects of tolerance and its formation, noted the importance of studying its pedagogical aspects.

**Keywords:** tolerance, tolerance, social value, social norm, pedagogical aspect.

### КІРІСПЕ

Өмірде біз күн сайын толерантты және интолерантты қылықтардың белгілерін кездестіріп жүреміз. Қазіргі таңда әлеуметтік, саяси және этникалық толеранттылық мәселелері неғұрлым өзекті мәнге ие болуда. Оған дәлел басқа елдерде болып жатқан уақиғалар: онда ұлт, тіл, билік

мәселелері жайында түсінбеушіліктердің тундауынан басталған. Бұл интолеранттық жағдайларға жастарды бірінші кезекте араластыру орын алады.

Біздің Елбасымыздың ұстанған саясатының басты мәселесі – ұлттар, халықтар, конфессиялар арасындағы достықты, ынтымақтастықты ны-

ғайту болып келеді. Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «Менің көзім анық жеткен бір нәрсе өзгелердің ұлттық мәдениетіне құрметтеу жоқ жерде шынайы азаматтық татулық та болмайды. Қазақтар орыс мәдениетін жете меңгерген. Ендеше, қазақ тілі мен әдебиеті де Қазақстанда тұратын басқа ұлт адамдары үшін жеті қабат жер астындағы нәрседей алыс құбылыс болмаса керек. Қазақ әдебиеті де тілі, музыкасы – әрқайсысымыздың да рухани дүниемізді орасан байыта алады» - деген болатын [Н.Ә. Назарбаев, 2017. <https://presidentlibrary.kz>]. Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық проблема болып табылады. Сондықтан 1995 жылғы 16 қарашада ЮНЕСКО-ға мүше елдер қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің Декларациясында» білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілген [ЮНЕСКО. «Толеранттылық принциптерінің Декларациясы», <https://stud.kz/referat/show>]. Педагогика ғылымында оның саласы ретінде «толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді.

Толеранттылық орнаған елде, барлық адамдарда толеранттылық мінез-құлық, тәртіп басымболуға тиісті. «Менталитет» және «толеранттылық» категориялары білім беру жүйесіне тікелей қатысты. Өйткені ол адам мен социумның менталдық қасиеттерін белсенді әрі мақсатты қалыптастырады.

Толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай адамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Соныңсалдарынан түрлі соғыс, діни қудалаушылықтар мен идеологиялық қақтығыстар, ажырасулар, тастанды балалар, жасөспірімдер арасында суицидтар туындайтынын дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Сондықтан студент жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуге әрбір оқу орныны көңіл бөлуі бүгінде басты мәселеге айналуы тиіс.

Мәселе төңірегіндегі педагогикалық-психологиялық әдебиеттермен танысу барысында толеранттылық және оны қалыптастыру проблемасының философиялық, психологиялық, әлеуметтану, этикалық жақтарын қарастырумен қатар оның педагогикалық аспектілерінің біршама зерттелгендігін байқадық. Мәселен, XIX

ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы гуманистік және антропологиялық (К. Ясперс), биогенетикалық (С.Холл) және психотерапевтикалық (Дж. Дьюи және басқалар) бағыттар өкілдері толеранттылық қарым-қатынас табиғатына талдау жасаған.

Толеранттылықтың жекелеген аспектілері қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне де арқау болды. Бірқатар ғалымдар (Г.К. Исакова, М.А. Кучерова, П.И. Мамедова, Б.А. Тұрғынбаева, Ж. Наурызбай, К. Сүюнова, Қ. Қожахметова, Қ. Бөлеев, Б.А. Ахметова, т.б.) толеранттылықты қалыптастырудың жалпы мәселелерін қарастырса, С.Әмірғазин еңбектерінде дінаралық толеранттылық мәселелерінің әр жақтары ашылған [Әмірғазин С., 2001, 141 б.]. Г.А. Уманов ұлтаралық қатынастар педагогикасының теориялық негіздерін қарастырды [Уманов Г.А., 1997, 263 с.]. Толеранттылықты қалыптастыру күрделі үрдіс.

Толеранттылық бір жағынан, басқа мәдениетті, өзін-өзі түсінуге және қабылдауға, Әлеуметтік-мәдени әр алуандықтың болу фактісінің өзі, қоғамдық болмыстың сан алуандығына негізделген жеке қарым-қатынастың ерекше нысаны ретінде ұсынылуы мүмкін. Ал екінші жағынан-субъектінің әртүрлі қолайсыз факторлардың әсеріне тұрақтылығы ретінде, бұл ретте бейімделу әлеуетін сақтау және дамыту шарттарының бірі болып табылады. Ол адамның социуммен, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасы процесінде пайда болады, пайда болады және дамиды, олар субъект үшін «инаковаттылық» және маңыздылығы жағдайында және сананың екі деңгейінде-тұлғалық қарым-қатынас ретінде және мінез-құлық деңгейінде саналы әрекет немесе іс-әрекет ретінде көрініс табуы мүмкін. Төзімділіктің сипатты белгілері көріністердің тұрақтылығы, қоршаған шындық факторларының әсеріне сайлау болып табылады.

Толеранттылық субъектіде ашықтықты және диалогқа дайындықты қамтамасыз ететін өзінің тұрақты ұстанымының болуына негізделген және автономдық пен ол үшін жауапкершілікті мойындай отырып, субъектіні еркін таңдауды айқындайды. Төзімділік субъектінің қоршаған ортамен өзара іс-қимылда тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, динамикалық сипатқа ие. Оның мақсатты әсер ету арқылы сапалы жаңа деңгейге көшу мүмкін болатын белгілі бір бастапқы деңгейі бар. Бұл ретте оны индивид (жеке төзімділік) және әртүрлі қоғамдық қатынастар (әлеуметтік-мәдени, мемлекеттік, қоғамдық және т.б.) деңгейінде қарастырған жөн. Толеранттылықты тәрбиелеу адамның тұлғалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Төзімділіктің психологиялық аспектісінің бірнеше ерекшелігі бар. Толеранттылық психологиясы жеке тұлғаның дербестігімен, оның оң және теріс қасиеттерінің құндылығын танумен байланысты. Толеранттылық-бұл күш филосо-



фиясынан бас тарту идеясы, өйткені серіктес, өз өмірін Жаратушы «қайта жасау» мүмкін емес. Толеранттылық – бұл ең алдымен, диалогты жалғастыру үшін серіктестің жағымды қасиеттеріне сүйену, басқа адамның құндылығын қабылдау.

Толеранттылық синергетика психологиясымен байланысты, оған сәйкес әрбір адам-қоғамдық қарым-қатынастың күрделі жүйесіндегі салыстырмалы тәуелсіз элемент. Ол осы жүйені өзгертіп, оған әсер ете алады, бірақ оған әсер ете алады. Адамның табысты дамуы оның айналасына оң кеңістік ұйымдастыру және өз мүмкіндіктерін іске асыру дайындығына (уәждемесін, ерік-жігерді, іскерлікті қоса алғанда) байланысты.

Толеранттылық латын тілінен аударғанда *tolerantia* - шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді.

«Төзімділік» ұғымының әр түрлі түсіндірулері төзімділікті дамыту бойынша психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды әзірлеу үшін, соның ішінде үйлесімді тұлғаны қалыптастыру шарттарының бірі ретінде білім беру мекемесінің толерантты ортасын құру үшін негіз бола алады.

С.И. Ожеговтың сөздігі «төзімділік» ұғымын қалай анықтайды? Оған қарап, «шыдамдылық», «шыдамдылық» деген мағынаға жақын үш сөзді табуға болады. Шыдамдылық, бір жағынан шыдамдылық, екінші жағынан табандылық, табандылық және шыдамдылық ретінде анықталады [Ожегов С.И., 1995, 541 с.].

Шыдамдылық *біріншісі*, бірдеңеге, басқалардың пікірлеріне, нанымдарға, мінез-құлыққа шыдамды қарым-қатынас мағынасында қолданылады.

Төзімділіктің *екінші қыры* – адамның қоршаған ортаға бейімделуі. Бейімделу деп оның әсеріне сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде қандай да бір қолайсыз факторға ден қоюдың болмауы немесе әлсіреуі түсініледі. Бейімделу индивидтің әлеуметтік орта жағдайына белсенді бейімделуінің нәтижесі болып табылады және тұлғаның басқа адамдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, өзінің мінез-құлқын реттеуіне (қоғамдық нормаларды қабылдайды, оларға сәйкес әрекет етеді, қандай да бір қоғамдық құндылықтарды бөледі) негізделген. Бейімделу тұлғаның ерік-жігерімен, ойлауымен, құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Толеранттылық табысты бейімделудің көрінісі ғана емес, оның шарты болып табылады.

Төзімділіктің *үшінші мәні* төзімділікке байланысты: пайда болған тұрақтылық; белгісіздікке тұрақтылық; адам төзімділігінің шегі; күйзеліске, жанжалға тұрақтылық; мінез-құлықтық ауытқуларға тұрақтылық.

*Төртінші* мән жол беру, рұқсат беру ұғымымен байланысты. Толеранттық көп жағдайда

бізден өзгеше адамдардың бар екенін, басқалардың өз пікірлері, құндылықтары, идеалдары, ден қоюдың басқа да эмоционалдық тәсілдері бар екенін білдіреді. Алайда, бұл түсініктің артында пассивті шыдамдылық пен немқұрайлылық жасырылуы мүмкін.

*Бесінші* мәні: қабылдау ретінде төзімділік. Төртінші мәннен (жол беру) айырмашылығы, қабылдау басқасына бағыттылығымен сипатталады. Қабылдау-өзара іс-қимылды жалғастыру шарты.

*Алтыншы* мән: адамның басқалармен түсіністікке қол жеткізуге, зорлық-зомбылыққа және адамдық қадір-қасиетін басуға жүгінбестен, әртүрлі ұстанымдарды, мотивтерді келісуге ұмтылуы. Бұл төзімділікті көп түрлілікті белсенді қабылдау ретінде түсіну, оның нәтижесі ынтымақтастық, конструктивті диалог, көмек болып табылады [Бюзелева Г.В., 2003, 101 с.].

Төзімділіктің психологиялық мазмұнына бірнеше тұғырлар бар.

1. *Экзистенциалды-гуманистік тұғыр*. Толеранттылық қандай да бір «факторлардың» (ішкі немесе сыртқы) әрекетінің механикалық нәтижесі болып табылмайды; шынайы төзімділік – бұл адамның саналы, саналы және жауапты таңдауының, оның өзіндік ұстанымы мен белгілі бір қарым-қатынастарды құру бойынша белсенділігінің көрінісі. Тұғыр өзі жасайтын кез келген іс-әрекеттегі тұлғаның жойылмайтын рөлін мойындаудан туындайды. Әлеуметтік нормалардың, қоғамдық идеалдардың, идеологиялық және кәсіби талаптардың және т.б. айқын және айтарлықтай рөлінде;

- әрбір нақты адамның өз іс-әрекеттерінде өз мақсаттарына, құндылықтарына, басымдықтарына бағдарлану мүмкіндігі мен ұмтылысын жоққа шығаруға болмайды. Бұл дегеніміз, адамның «сыртқы шеңбері» қандай да болмасын қатаң болуы, оны жүзеге асыру жеке, жиі субъективті, осы сыртқы талаптарды түсіндіруден бастап және өзінің жеке мақсаттарын «бас желіге» қарамастан жүзеге асырумен аяқталатын жеке бастауын әрдайым жеткізеді.

2. *Диверсификациялық тұғыр*. Төзімділіктің психологиялық мазмұны жеке қасиетке, сипаттамаға – бұл бірнеше «базалық өлшемдері» бар күрделі, көпәспектiлi және көп компоненттi феномен.

3. *Тұлғалық тұғыр*. Төзімділіктің күрделі «анатомиясында» оның психологиялық негізі және негізгі өлшемі - тұлғалық өлшеу-құндылықтар, мысалы, құрмет, тең құқылық; мағыналар, жеке ұстанымдар болып табылады.

4. *Диалогтік тұғыр*. Толеранттылықтың барлық түрлері мен формаларының арасында адамның жалпы төзімділігінің негізі тұлғааралық төзімділік болып табылады – өзара қарым-қатынас пен басқа адамдармен қарым-қатынастың өзара іс-қимылының ерекше тәсілі ретінде, тұлғаара-

лық диалог ретінде. Тұлғааралық төзімділіктің мәні - адамның «өз» шектеулі шеңберінен тыс шығуға әзірлігі (кез келген белгісі бойынша «басқалардан» өзгеше – ұлты, сенімі, әлеуметтік шығу тегі, жасы және т.б.) «әлем әлеміне» қарсы – тең мағыналы, «тең» Адам әлемі (М. Гефтер). Бұл өлшемде толеранттылықтың басты «ішкі – жеке шарты» – бұл адамдар арасындағы айырмашылықтардың жаратылыстылығы мен болмай қоймайтынын түсіну және осы айырмашылықтарды құрметтеуге дайын болу, сондай-ақ әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарын тану, өзара іс-қимылдың зорлық-зомбылықсыз нысандарына кіру қабілеті, яғни-диалогқа дайындық және қабілеттілік.

5. *Фасилитативті тұғыр*. Толық толеранттық тек сыртқы әсерлердің нәтижесі бола алмайды: төзімділік дамиды болса ғана қалыптаспайды; толеранттылықтың қалыптасуына көмек көрсету – бұл даму үшін жағдай жасау (3-кесте).

Этнопсихологияда толеранттылық топтық қабылдау барабарлығы ретінде қарастырылады. Т.Қ. Абдрасилов, М.Т. Тулеев толеранттылықты адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар демократиялық принциптердің бірі, қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші деп есептейді [Абдрасилов Т.Қ., Тулеев М.Т., 2018, 2 б.].

Субъект төзімділігінің негізгі функциялары қызметтің ерекшелігін, қарым-қатынастың алуан түрлілігін, әртүрлі өмірлік жағдайларда көрсетілетін жасөспірімнің өзін-өзі оң бекіту мүмкіндігін есепке ала отырып, ұғынуы мүмкін.

Зерттелетін мәселе бойынша ғылыми еңбектерді талдау жасөспірімдердің төзімділігінің келесі негізгі функцияларын анықтауға мүмкіндік берді:

1. *Әлеммен қамтамасыз ететін*: орта мен әртүрлі көзқарастың көптүрлілігін айқындайды; әр түрлі белгілері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін өкілдердің үйлесімді бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз етеді; әр түрлі азшылықтарға қатысты қол сұғылмаушылықтың және зорлық-зомбылықтың қоғамдық кепілі болып табылады және олардың жағдайын заң көмегімен жария етеді.

2. *Реттеуші*: кейінге қалдырылған оң реакциямен ұштастыра отырып, алауыздықты тежеуге не оны оңға ауыстыруға мүмкіндік береді; даулы жағдайлардан конструктивті шығуға мүмкіндік береді; тең құқылықты, құрметтеуді, еркіндікті сақтауға қарым-қатынасты бағдарлайды.

3. *Психологиялық*: топта, қоғамда психологиялық атмосфераны (сенім, құрмет, тану, қолдау атмосферасы) қалыпқа келтіру үшін негіз болады; этникалық өзін-өзі тануды қалыптастырады және дамытады; этникалық және әлеуметтік өзін-өзі сәйкестендіруді қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның, топтың өзін-өзі бағалауын қолдайды және дамытады; жағымсыз факторларға, фрустрация-

лық жағдайларға сезімталдықтың шегін төмендетеді.

4. *Тәрбиелік*: жалпы адамзаттың оң әлеуметтік өзара іс-қимылы мен тәжірибесінің берілуін қамтамасыз етеді; социумда тіршілік әрекетін ұйымдастырудың тамаша үлгісі болып табылады; табысты әлеуметтендіруді қамтамасыз етеді; адамгершілік түсінуді, қарым-қатынасты, басқалардың іс-әрекеттерін адал бағалай білуді дамытады.

5. *Коммуникативтік*: қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа және түсіністікке дайындықты дамытады; әр түрлі топтардың өкілдерімен конструктивті қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

6. *Мәдени қорғау*: топтың, этностың, қоғамның мәдени тәжірибесін сақтауды және асыра насихаттауды қамтамасыз етеді.

7. *Креативті*: қоршаған шындықты шығармашылық қайта құру мүмкіндігін қамтамасыз етеді; дивергенттілікті, шығармашылық белсенділікті қауіпсіз көрсету үшін жағдай жасайды; шығармашылық өзін-өзі бекіту үшін жағдай жасайды.

8. *Фелицитологиялық*: өзге өкілдермен қарым-қатынастан бақыт алуға және өз даралығын сезінуге, топпен және жалпы әлеммен мойындаудан пайда болуға мүмкіндік береді.

Төзімділік біртұтас білім ретінде оның компоненттерінің тепе-теңдігін білдіретін өз құрылымы бар. Олардың мазмұнды толтырылуы объектінің ерекшелігімен және Жасөспірімдер жасындағы оқушылардың танымдық, эмоционалды-уәждемелік көріністерінің ерекшеліктерімен байланысты.

Толеранттылықтың бөлінген функциялары оның мазмұны мен ішкі құрылымын анықтауға көмектеседі. Төзімділіктің құрылымдық компоненттеріне келесілерді жатқызуға болады:

1. Когнитивті компонент – жасөспірімнің өзі туралы, жүзеге асырылатын қызмет нормалары туралы, қоршаған болмыстың алуан түрлілігі туралы білімі мен түсінігін қамтиды; ойлаудың икемділігі мен сыншылдығынан, ақпаратты қабылдау мен құрылымдау қабілеттілігінен, проблеманы шешудің мүмкін жолдарын болжаудан көрінеді;

2. Эмоционалдық-құндылық – тұлғааралық қарым-қатынастарды үйлестіруге бағытталған құндылықтар, қажеттіліктер, қызмет уәждерінің құрылымын қамтиды; тыныштық, сенімділік, қанағаттану сияқты эмоциялық жағдайларда көрінеді;

3. Мінез-құллықтық – мақсатқа қол жеткізу құралдарын адамгершілік-құндылық таңдау кезінде білім мен іскерлікті қолдану тәжірибесін қамтиды; мінез-құлқында өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруда, оған тартылған адамдардың жағдайы мен мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыруда көрініс табады.

Жоғарыда айтылғандар бізге төзімділік жеке

басының сапасы бола отырып, дамуға, ынталандыруға (ең алдымен өзін-өзі ынталандыруға) және түзеуге ұшырайды, ал оны қалыптастырудың мақсаты тіршілік әрекетінің барлық субьектілерімен оң өзара іс-қимыл болып табылады деп айтуға мүмкіндік береді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, толерантты тұлғаны тәрбиелеу – ол өмір сүретін қоғам, отбасында өзара қарым-қатынас, оның мүшелерінің басқа адамдарға және жалпы қоғамға қалыптасқан көзқарастары мен қарым-қатынасының ықпалымен, құрдастарымен және қоршаған адамдармен қарым-қатынастың ықпалымен жүзеге асырылатын күрделі үрдіс.

Тәжірибе талдауы көрсеткендей, бұл процесс, әдетте, стихиялық болып табылады. Біздің ойымызша, оны мақсатты ету үшін білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын тәрбие жұмысы

барысында арнайы ұйымдастырылған педагогикалық қызмет қажет. Базалық мәдениеттің іргетасын қалай отырып және оның негізінде базалық білім қалыптастыра отырып, білім беру мекемесі толыққанды тұлғаның қалыптасу процесіне және оны әлеуметтендіру процесіне қатысады. Осы үдерістің ажырамас құрамдас бөлігі өскекең ұрпақтың төзімділігін қалыптастыру болуы тиіс.

Бұл ретте жалпы білім беретін мекемелердің тәрбие жұмысы жүйесінде жасөспірімдердің төзімділігін қалыптастыру төзімділік тек абстрактілі идеалға ғана емес, мектеп өмірінің нақты фактісіне, жеке құндылыққа айналуына бағытталуы тиіс, оған бағдар өзінің мәдениеті мен әр түрлі халықтардың мәдениетінің қадір-қасиетін сезінуге, жанжалдарды конструктивті шешу тәжірибесін әзірлеуге, ымыраға келу, өзін басқалардың позициясына қоя білу, өзара түсіністікті қамтамасыз етуге, біртекті емес адамдар арасында біртекті емес әлемде өмір сүру.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Астана: Елорда, 2017. <https://presidentlibrary.kz/ru/node/557>
2. ЮНЕСКО-ға мүше елдер қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің» Декларациясы. <https://stud.kz/referat/show>.
3. Әмірғазин С. Этнопедагогикада бейнелеу өнерін жүзеге асыру жолдары //Астана, 2001. – 293 б.
4. Уманов Г.А. Престижное измерение учебных действий. – Алматы, 1997. – 263 с.
5. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. – М., 1995. - 928 с.
6. Бюзелева Г. В. Толерантность: взгляд, поиск, решение. – М., 2003. - 374 с.
7. Абдрасилов Т.Қ., Тулеев М.Т. Толеранттылық түсінігі //Молодой ученый. — 2018. — № 5.1 (191.1). — С. 1-2.

**АСИЛБАЕВА ФАТИМА БЕКМУРАТОВНА,**

п.ғ.к., қауымд профессор м.а.

**ИСМАИЛОВА РОЗА БАЙЖУМАНОВНА,**

п.ғ.к., қауымд профессор м.а.,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан

## КОМИКСТЕР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу іс-әрекетінің формасы – комикстер арқылы шығармашылығын қалыптастыру жайлы айтылған. Авторлар комикстер негізінде оқушылардың шығармашылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаған. Аталмыш педагогикалық шарттарды жүзеге асыру бағыттарын негізге ала отырып, кіші мектеп оқушыларының шығармашылығын қалыптастыруда комикстердің алатын орны мен ерекшелігін атап көрсеткен.

**Кілт сөздер:** бастауыш сынып оқушылары, көркем еңбек іс-әрекеті, комикстер, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, еңбек іскерліктері бағыттары, еңбек үдерісі, педагогикалық шарттар.

**Аннотация.** В статье рассказывается о формировании творчества младших школьников через форму изобразительной деятельности-комиксы. Авторы определили педагогические условия формирования творчества учащихся на основе комиксов. Исходя из направлений реализации данных педагогических условий, было определено место и особенности комикса в формировании творчества младших школьников.

**Ключевые слова:** учащиеся начальных классов, художественно-трудовая деятельность, творчество, критическое мышление, направления трудовых умений, трудовой процесс, педагогические условия.

**Annotation.** The article describes the formation of creativity of younger students through the form of visual activity-comics. The authors determined the pedagogical conditions for the formation of students' creativity based on comics. Based on the directions of implementation of these pedagogical conditions, the place and features of the comic book in the formation of creativity of younger schoolchildren were determined.

**Keywords:** primary school students, artistic labor activity, comics, creativity, critical thinking, areas of labor activity, labor process, pedagogical conditions.

### КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында: орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, дамытуға және бәсекеге қабілетті сын тұрғысынан тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру, - деп көрсетілген [<http://adilet.zan.kz>].

Қазіргі таңда жаңа сыни тұрғыда ойлау, жаңаша идеялар негізінде шығармашыл болу талапқа айналып, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру процесін көп жағдайда жаңаша құруды талап етіп отыр. Осыған байланысты адам баласының өзіндік санасын қалыптастыруда комикс мультфильмдерінің бала дамуындағы алатын орны ерекше. Өйткені, қазіргі жағдайда комикстер – жаңа сапалы рухани және материалдық құндылықтарды тудыратын шығармашылық әрекет болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш сынып оқушыларының комикстерді оқып білу арқылы олардың шығармашылық ой-

лауын жетілдіру мәселесін жаңа талап тұрғысынан шешу басты міндеттердің бірі болып саналады.

Бүгінгі таңда жастарға көркем еңбек қызметтерін іске асыра алатын, әлеуметтік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу бүгінгі мектептердің басты міндеті [Тұжырымдама, 1996. 3-5 бб.]. Әрбір бала сурет салу арқылы өз орнын тауып, өмірде не нәрсеге қабілетті екенін сезініп, түсіне білуі тиіс. Өз қолымен салған суреті үшін мақтаныш сезіміне ие болғанда ғана жан-жақты дамуға жол ашылады. Көркем еңбек іс-әрекеті - алдымен адам мен табиғат арасындағы үздіксіз үдеріс. Мұнда адам өз қызметі арқылы табиғатпен байланысы нәтижесінде заттардың алмасуына себепкер болады, оны реттеп, бақылап отырады.

Оқушының көркем еңбек іс-әрекеті – адамның тұлғалық болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Себебі, қазіргі кезде бала көзін ашқаннан бастап түрлі түсті ойыншықтарға, олардың қимыл әрекетіне баса назар аударады.





Ол бірте-бірте жетіліп, теледидардан, гаджеттерден дамытушы мультфильмдер қарай бастайды. Баланың бұл іс-әрекеті болашақ дамуында да, ересек кезінде де өмір бойы жалғасып отырады [Давыдов В.В., Маркова А.К., 1998, 365 б.]. Жаңартылған білім мазмұны негізіндегі сабақтардың күрделілігі оқушылардың білімге деген ұмтылысын керісінше қажытып жіберме деген оймен сабақтарды меңгертуде осы бейнелеу тәсілін ұштастырсақ, олардың сабаққа қызығушылығы артып, өздерінің сүйікті ісімен айналысуына, білімге деген ұмтылысын күшейтеді деген тұжырымға келдік.

Педагогикада көркем еңбек тәрбиесінің міндеті - жас өспірімдерді еңбексүйгіштікке, оны құрметтеуге, еңбек дағдысына үйрету және олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Қазақ топырағында да еңбек тәрбиесіне баса назар аударған бірқатар ғалымдар: «еңбек - адамның тұлғалық болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады» - деген құнды пікірлері қалыптасқан [Асилбаева Ф.Б., 2013, 84-90 бб.].

Бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбекке іскерліктерін қалыптастыруды ұйымдастырушылық, мазмұндық және тұлғалық түріндегі үш бағытта жүзеге асыруға болады.

*Ұйымдастырушылық* бағыт оқушылардың көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыруда көркем еңбек іс-әрекетінің формаларын дұрыс таңдап, жаңа технологияны пайдалану арқылы қажетті құралдармен, білім берудегі тиімді әдістермен қамтамасыз ету қарастырылады.

*Мазмұндық* бағыт бастауыш білім жағдайында бүкіл оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық тұтастығын сақтай отырып, бейнелеу іс-әрекеті түрлерін ашады. Ал, *тұлғалық* бағытта субъектіні көркем еңбек нәтижесінде шығармашылыққа үйрету педагогикалық үдеріс ретінде қаралады және шығармашылығын қалыптастырады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Комикстер арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастырудың төмендегідей педагогикалық шарттарын ұсынамыз.

комикстер арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастырудың шарттарының мән мазмұнына тоқталу барысында ең алдымен оқушының комикстерді салуды (бейнелеу іс-әрекетін) ұйымдастыруда оның нәтижелі болуына тікелей әсер ететін *білім беру ортасын құру* екенін атап өтпекпіз. Оқушылардың көркем еңбек іс-әрекетіне керекті, қазірі таңда қойылып отырған талаптарға сай *материалдық техникалық базаның болуы*: арнаулы жабдықталған кабинет (шеберхана) көрнекі құралдар, техникалық құрал жабдықтар керекті материалдар, әдеби кітаптар, батырлар жыры, оқу әдістемелік кешендер.

- бастауыш сынып оқушыларының комикстер арқылы шығармашылық

іс-әрекетінің рухани жаңғыру аясында патриоттық және *қоғамдық мәнінің болуы* дегенде біз кез-келген суретті кітапшалар адам керегіне жарап қана қоймай, көз қуанатын, ой сергітетін көркемдік мәнінің болуын, бұйымдардың жолдастарына, мектепке дейінгі мекемелер балаларына, ата-аналарына, мектепке сыйға тартуға жарайтын деңгейде болуын айтамыз. Сондай-ақ, оқушы салған комикстердің қоғамдық мағынасы және идеялық-өнегелік негізі болуы шарт.

шығармашылықты қалыптастыруда *мектеппен мектепке дейінгі мекемелерде көркем еңбек іс-әрекетінің сабақтастырыла жүргізілуі*. Бастауыш сынып оқушыларын комикстерді салуға үйрету кезінде мысалы: балабақшада жеңіл көліктің, аю, қояндардың басын салса, бастауыш мектептерде олардың денесі мен қимыл іс-әрекетін салуға үйренеді. Олардың шығармашылығын қалыптастыру үшін міндетті түрде мектепке дейінгі мекемелердің еңбек тәрбиесіне байланысты меңгерген білім, білік, дағдыларымен байланыстырып, соған негіздеп, ескеру керек. Себебі, мектепке дейінгі мекемелердің оқу-тәрбие бағдарламасында еңбек тәрбиесіне үлкен көңіл бөліне отырып, сурет салу, көркемдеп безендіру жеке қарастырылады. Оқушыларды осы бойынша меңгерген тәжірибелік дағдылары көркемдік әрекеттің дамуына және оның шығармашылық деңгейге көтерілуіне негіз бола алады.

*отбасындағы сурет салу мен оқу үдерісіндегі бейнелеу іс-әрекетінің арасындағы байланысын сақтау*. Кез-келген отбасы жағдайында баланы еңбекке және көркемдік әрекетке тәрбиелеудің жүзеге асатындығы белгілі. Себебі, отбасында ұл баланың атасы мен әкесінің еңбегіне еліктеуі басым болса, қыз баланың әжесі, анасының іс-әрекеттеріне, олардың жасаған сәнді заттарына қызығып (кесте тігу, кілем тоқу, маржан тізу, ою ою, киіз басу т.б.) еліктей отырып үйренеді. Олай болса, үйде көрген іс-әрекет нәтижелерін мектептегі бейнелеу іс-әрекет барысында байланыстыра қарауға мол мүмкіндік туады. Мәселен, инені ұстау, шаншу, қайшыны ұсыну т.б. дағдыларды бастауыш сынып оқушылары отбасы тәрбиесі арқылы меңгеретіні белгілі. Сондықтан да оқушының отбасында көріп, қызыққан заттарын оларды орындағандағы, жасағандағы үлкендердің іс-әрекетін көздеріне елестете отырып, қағаз бетіне түсірсе, белгілі бір оқиғаға негізделген әңгіме желісінің сюжетіне қарай комиксын салудың нәтижесінде пайда болған оң сезімдерін қоғаудың үлкен маңызы бар.

Оқушының шығармашылығын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылатын комикстерді салғызу чөлентжі мұғалімнің біліктілігіне байланысты болып келеді. Комикс іс-әрекетіне баулуды өз дәрежесінде ұйымдастыруға материалдық-техникалық жағдайлар, жалпы алғанда

білім беру ортасы дайын болғанмен, егер мұғалімнің кәсіби біліктілігі төмен болса, бұл әрекеттің нәтижеге жете алмайтыны белгілі. Салынған комикс сурет қаншалықты нәтижелі болса, оның тәрбиелік ықпалы да соншалықты күшті болады. Сондықтан, біз зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдерімен түрлі кеңестер және семинарлар өткізу мәселесін жоспарладық.

ұлттық тақырыптағы комикс бейнелері түрлерінің оқушылардың *жас ерекшелігіне қарай іріктеліп берілуі*. Сурет салудың әсіресе, ұлттық қолөнерінің түрлерін қолдануға назар аударатырып, оның оқушылардың жас және жеке ерекшелігіне қарай іріктеуге баса көңіл бөлінді

көркем еңбек іс-әрекеті барысында *қауіпсіздік-техникалық ережелер мен санитарлық гигиеналық талаптардың сақталуы*. Көркем еңбек іс-әрекеті кезінде құрал-саймандармен жұмыс істеуде міндетті түрде жұмыстың қауіпсіздік және санитарлық-гигиеналық талаптары сақталуға тиіс. Сонда оқушы сабақта тек комикс тәсілдерін меңгеріп қоймай, тазалыққа, ұқыптылыққа қауіпсіздікті сақтауға үйренеді және біртіндеп еңбек мәдениеті қалыптасады.

комикс тәсілдерін салудың оқушының *жас және жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылуы*. Еңбек оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылса, олардың жасайтын бұйымдары өз дәрежесінде сұлу болып шығады және ол өз күшіне сенімін арттыратындай болады.

оқушылардың *көркем еңбек іс-әрекетін мультфильмдермен байланыстыра ұйымдастыруы*. Оқушы суретіне мультфильм кейіпкерлерін қатыстыра отырып ұйымдастырылса ғана олар суреттің яғни комикстің құндылығын түсініп, оған қызығушылық танытады. Бұл көркем еңбек іс-әрекеті кезінде шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады. Өйткені көркем еңбек іс-әрекетіндегі сияқты мультфильм кейіпкерлеріне жан бітіруде де ойға күш салу мен жауапкершілікті сезіну бар [О.В. Козачек, 2007, 24-25 бб.].

оқушылардың көркем еңбек іс-әрекетін *өздігінен ұйымдастыруын қамтамасыз етуы*. Көркем еңбек іс-әрекетін өздігінен ұйымдастырудың мәні – оқушы киімдерін жамауда көркемдеп безндіруді, мереке кезінде кабинетті безндіруде, жасаған бұйымын әшекейлеу арқылы шығармашылыққа баулимыз. Сол арқылы оқушының шығармашылық белсенділігі дамиды. Сонымен қатар мұнда оқушы бастаған ісін толық аяғына дейін жеткізу іс-әрекеті жүзеге асады.

Жоғарыда көрсетілген шарттарды еңбек үдерісінде ұтымды пайдалану бастауыш сынып мұғалімінен іскерлікті, кәсіби шеберлікті, сондай-ақ, қарым-қатынастық құзыреттілікті талап етеді. Комикс қол күшінің нәтижесі ретінде ғана қалып қоймай, бірте-бірте дами отырып, оның көркемдік сипатқа ие болатыны белгілі. Көркемдік сипат

бұл оқушының шығармашылық белсенділігінің дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін қалыптастыруда және білімдерін нығайтуда көркем еңбек пәнін оқытудың рөлі ерекше. Мектеп оқушылары үшін көркем еңбектің басты мідеттерінің бірі – оқушыларды еңбекті өмірде күнделікті қажетсінуге үйрету, қоғам игілігі үшін көркем еңбек іс-әрекетін жасауға, оқушылардың еңбекке деген өзіндік көзқарастарын қалыптастыру.

Негізі комикстерді оқу дағдысы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығының дамуына жағдай жасайды. Шығармашылықтың шынайы болуы – оқушының ептіліктері мен дарындылық қабілеттеріне сүйене отырып, оны жан-жақты дамыту басты мақсат [Тұрғынбаева Б.А., 2012, 38-45 бб.]. Бұл мақсатқа жетудің бірден бір құралы – әр оқушының еңбек дағдысы мен іскерліктерін игеруі. Бұл көркем еңбек іс-әрекетінің ортақ түсінігі, яғни еңбек дағдысы қалыптасқан оқушының іс-әрекетінің мазмұны шығармашылыққа жетелейді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісіндегі сурет салу дағдысы еңбек мәдениетіне ұласады. Олар – берілген тапсырманы өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен көркем де сапалы етіп комикстерді салу, оқуға қызығушылық танытып, жұмысты аяғына дейін орындап шығуы, уақытты үнемді пайдалана отырып, істелетін іс-әрекеттің алдын-ала жоспарын құра білу біліктілігі, санитариялық-гигиеналық талаптарды, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, еңбек құралдары мен табиғи және түрлі материалдарға ұқыптылықпен қарау дағдыларының болуы.

Қазіргі бастауыш мектептерде креативті тұрғыда инновациялық білім беру мәселесі – оқытудың креативті қызметінің сапасын анықтайтын, жаңа білімді тану мен жаңа бұйым жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын интеллектуалдық үдеріс. Оқушының шығармашылық деңгейі – оның берілген тақырыпқа байланысты өз қиялынан туған бұйым мен оны көркемдеп жасаудың жолдарын табуынан көрінеді [Тұрғынбаева Б.А., 2012, 44 б.]. Мұнда жаңа білімді меңгеру үдерісі шығармашылық ойлаудың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді.

Көркем еңбек сабағында білім сапасын арттыру алған білімнің жүйелілігі; білімді тәжірибеде пайдалана білу; алған білімді есте сақтау сияқты белгілерімен сипатталады. Комикстер арқылы еліміздің көркемдік мұрасын игеруге, өнердегі ұлттық өрнектер мен көркем реңктердің шығармашылық ерекшеліктерін ғылыми педагогикалық жағынан анықтауға мүмкіндік береді.

Оқу барысындағы бейнелеу іс-әрекетінің негізгі бағдары көркем еңбек сабағы. Көркем еңбек сабағында бастауыш сынып оқушылары қарапайым комикстерді салу дағдыларына, іскерлікке үйренеді. Оқушының бейнелеу іс-әрекеті ары



қарай қоғамдық маңызы бар еңбекке айналды. Оқу барысында бейнелеу оларды тек еңбексүйгіштікке, шеберлікке тәрбиелеп қоймай, адамгершілік сапаларын туғызып, ақыл-ойын жетілдіре түседі. Сонымен қатар, комикстерді жетілдіру барысында бастауыш сынып оқушыларының комикстер арқылы креативтілігін қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді.

Креативтілікті қалыптастыруда оқушылардың бос уақытындағы сурет салу, мультфильмдер қарау жұмыстарының да орны ерекше. Өйткені, онда оқушы шектеулі тапсырманы ғана орындамайды, бос уақытында ол өзінің қиялынан туған идеяны ары қарай жетілдіре отырып, жаңа туынды шығарады. Бұл кез-келген баланың қиялының өте белсенді дамитын кезеңі болғандықтан оның ақыл-ойына ерік беру керек. Бұл жұмыстар оқушының креативтілігін дамытуға үлкен ықпалын тигізеді.

Мультфильмдер қарау барысында кейіпкерлерге еліктеу арқылы ең алдымен оқушының өзіне-өзі қызмет ету іс-әрекеті жатады [Козачек О.В., 2007, 21-23 бб.].

Мұнда олар бала кезден бастап ұқыпты болуға, тазалыққа үйренеді. Сонымен қатар киімдерін таза ұстап, тәртіпті жүретін баланың миы да тәртіппен жұмыс істейтін болады. Үй шаруашылығына көмектесу ересек өмірге дайындығын көрсетеді. Бұл әрекеттер арқылы да оқушының танымдық қызығушылығы қалыптасады деп есептейміз.

Аталмыш бейнелеу әрекеттері *біріншіден*, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерімен санаса отырып өздерін қызықтыратын комикстер іріктеліп беріледі. *Екіншіден*, міндетті түрде оқыған комикстерін мазмұндап, ішінен ерекше сыни сұрақтардың болуы ескеріліп отырады. *Үшіншіден*, оқушылардың бос уақытын өздігінен ұйымдастыруға көмектеседі. Осы көркем еңбек іс-әрекеттерін орындату арқылы бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін қалыптастыруға мүмкіндік болады деп есептейміз.

### ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Қазіргі кезде мектептерде сурет салудан тақырыптық жарыстар ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылық көрмесін ұйымдастыруға болады. Оның бәрі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сурет қағазының бетіне белгілі бір оқиғадан тұратын мульттоптамалардағы кейіпкерлердің бейнесін келтіре отырып, түрлі композициялар шығаруға болады. Сосын оның бетін түсті лак, бояулармен сырлар әшекейлеуге болады. Бұл әрекеттерді орындай отырып, оқушылардың ой-өрісі, эстетикалық талғамы дамып, танымдық қызығушылығы артады. Сонымен қатар өз бетінше сурет салуға, мультфильм сюжетін құрастырып, кейіпкерлерді салуға, кез-келген жерде дұрыс шешім қабылдай білуге

және сыни тұрғыдан ойлауға тәрбиелейді [Стэн Ли, 2017, 214 б.]. Мұндай бейнелеу іс-әрекеті оқушылардың эстетикалық талғамын оятады. Сондықтан, оқушыны бастауыш сыныптан бастап, жағымды әрі пайдалы іспен шұғылдануы біздің басты міндетімізге айналуы тиіс деп есептейміз.

Бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу іс-әрекеті комикстер арқылы шығармашылығын қалыптастыруда көркем еңбек сабағының маңызды рөл атқаратыны тәжірибе жүзінде дәлелденуде. Оқушыны оқу еңбегіне үйрету үшін үнемі жаттықтыру арқылы олардың бойында білімді меңгеру дағдыларын қалыптастырып, үздіксіз ой еңбегімен шұғылдануға баулу керек. Еңбекке деген сүйіспеншілігін туғызу арқылы мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы, өнімдік еңбекке тікелей қатыстыру, оқуға деген саналы көзқарас тәрбиелеу әр сабақта өзекті орын алып отыратын ұстанымға айналуы тиіс. Себебі, еңбексүйгіштік адамның адамгершілік сапасы ретінде өзіндік шынайы сезімін жоғарлатады және қоғамдағы орнын бекітіп оны әрі қарай дамытады. Еңбексүйгіштік және шығармашылық бір-бірімен сабақтаса байланысып, өзара септігін тигізіп отырады. Баланың сурет сабағында жасаған жұмысын жоққа шығару дұрыс емес, тіпті бала жұмысы, суретті немқұрайлықпен салған күнде де оның сол еңбекке жұмсаған күш-жігерін мақтап, мадақтап отыру керек. Әрине, мақтау барысында бұйымның кемшілік жақтарын, өзінің еңбекке салғырт қарағандығының нәтижесінде осындай бұйымның шыққанын ескеріп, түсіндіріп отыру керек.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының комикстерді дәстүрлі және шығармашылық бейнелеу іс-әрекетінде оқушылардың шығармашылық ойлау арқылы ерекше туынды шығаруын қалыптастыру комикстер: аниме, манга, мульттоптамалар арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, сыныптан тыс жұмыстарда әсіресе, оқушыларымен бірге шеберханаларға, ұлттық мұражайларға, табиғат аясына саяхат жасап, үйірме жұмыстары арқылы да олардың шығармашылық мүмкіндіктері мен педагогикалық шарттары нақтыланды.

Аталмыш бейнелеу іс-әрекеттері оқушылардың күнделікті еңбек іс-әрекетінде орынды пайдалана білу шығармашылық тұрғыдан белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мұғалімнің кәсіби білімділігіне, шеберлігіне, ізденіспен жұмыс істеуіне байланысты.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының комикстер арқылы креативтілігін қалыптастырудың шарттары мен оны жүзеге асыру бағыттары негізінде оқушылардың сыни тұрғыда шығармашылығын қалыптастыруда комикстердің алатын орны ерекше.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

Жалпы білім беретін мектептер оқушыларын еңбекке оқыту мен тәрбиелеу тұжырымдамасы. - Алматы, 1996. - 3-566

Давыдов В.В., Маркова А.К. Развитие мышления в школьном возрасте // Кн. Принцип развития в психологии. – М.: Наука, 1998. – 365 с.

Асилбаева Ф.Б. Бастауыш сынып оқушыларының көркемдік шығармашылығын қалыптастыру. – А, 2013. – 89 б.

2. Козачек О. В. заманауи мультфильмдер мен оқушылар: тәрбие құралы немесе манипуляция технологиясы? // Денсаулық және экология. 2007.-№ 3. -С. 24-25.

Тұрғынбаева Б.А Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. - Алматы, 2012. 38-4566.

Стэн Ли. "Как рисовать комиксы". Эксмо. 2017,-224 стр.



**АСИЛБАЕВА ФАТИМА БЕКМУРАТОВНА,**

п.ф.к., қауымд.проф.м.а.,  
Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,  
E-mail: asylbaeva.f@mail.ru

**САЙДАХМЕТОВА ЛАЗЗИЯТ ТҰРЛЫФАЗИЕВНА,**

п.ф.к., доцент,  
Жалпы педагогика кафедрасы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі экономикалық білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай жүзеге асыруда оқушыларды мектеп қабырғасында жүріп қаржылық сауаттылығын қалыптастыруда алатын орны ерекше екені туралы баяндалады. Авторлар экономикалық білім беру қаржылық сауаттылыққа үйретудің бастамасы екені туралы айта келіп, оқушылардың қаржылық сауаттылыққа үйретудің алғышарттарын ұсынады. Оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру үшін ата-анамен тығыз жұмыс жасау қажеттігінің басты сипатын ашып көрсеткен.

**Кілт сөздер:** экономикалық білім беру, оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру, отбасылық бюджет, ақша жинақтау, ата-анамен жұмыс.

**Резюме.** В статье рассказывается о том, как современная система экономического образования в соответствии с современными требованиями занимает особое место в формировании финансовой грамотности школьников. Авторы, говоря о том, что экономическое образование является началом обучения финансовой грамотности, предлагают предпосылки обучения школьников финансовой грамотности. Для формирования финансовой грамотности учащихся необходима тесная работа с родителями.

**Ключевые слова:** Экономическое образование, формирование финансовой грамотности учащихся, семейный бюджет, накопление денег, работа с родителями.

**Summary.** The article describes how the modern system of economic education in accordance with modern requirements occupies a special place in the formation of financial literacy of schoolchildren. The authors, saying that economic education is the beginning of financial literacy training, offer prerequisites for teaching students financial literacy. Close work with parents is necessary to develop students' financial literacy.

**Keywords:** Economic Education, formation of financial literacy of students, family budget, accumulation of money, work with parents.

### КІРІСПЕ

Өркениеттілікке, жарқын қоғамға қол жеткізу үшін жастар саналы тәрбие, сапалы білім алуы керек. Қазір қоғамдағы даму мен әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты мектепте оқытудың да мазмұны өзгеріп отыр. Сондықтан мектеп оқушыларына экономикалық білім беру арқылы экономиканың негізгі тетіктері: қаржы, несие, баға жүйесі, ақша айналымы, алтын қор мен валюта сұранысы, сыртқы экономикалық қатынастар, еңбек пен өндірістік тәртіп, жалақы сияқты қағидалар өмірлік қажетті мағлұматтар беру қажеттігін талап етеді. Осыған орай қазір мектептің алдында нарықтық қатынастарға байланысты экономикалық ой-өрісі кең, іскер адамдарды тәрбиелеу мақсаты тұр.

Елімізде өкінішке орай, қаржылық сауаттылықты мектептерде кеңінен үйретілмейді және отбасында да мұндай тақырыптар сирек айтылады. Өйткені, ересектердің өзі көп жағдайда қаржылық басқаруды дұрыс түсіне бермейді [Б. Мәмбетов, Ұ. Байжомартов, 1994, 138 б.].

Экономикалық білім берудің мазмұны, өзектілігі және перспективалық маңызы. Экономика адамдардың еңбек ақысына өмір сүруі және жұмыс істеу үшін құрылған. Статистика бойынша 93% байлықтың 7%-і ғана қарапайым адамдарға тиесілі екен. Әділетсіздік деп айтуға болады, бірақ мұның барлығы адамдардың өз еңбек ақыларын дұрыс басқара алмайтындығынан болады [Б. Мәмбетов, Ұ. Байжомартов, 1999, 24 б.].

Экономикалық білім берудің басты мақсатта-

рының бірі – оқушыларды экономикалық білім негіздерімен қаруландыра отырып, нарық заманының субъективтік жақтарын меңгертіп, еңбек етуге бейімделе алатын, қаржылық сауаты жоғары, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Оқушыларға экономикалық білім беру дегеніміз, кең мағынасында бұл іске қоғамдық топтардың мақсатты араласуы, экономикалық қатынастардың іс жүзіне асырылуы, тәрбиелік мақсатта баспасөздің, радионың, теледидардың, кино мен театр өнерінің жан-жақты пайдаланылуы. Экономикалық білім беру процесінде оқушылардың бойында қоғамдық көзқарас, тәртіптілік, іскерлік, жинақылық, жауапкершілік және т.б. сияқты қасиеттер қалыптасады.

### Негізгі бөлім

Мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жұмысы негізінен отбасынан бастау алуы тиіс. Отбасылық бюджеттің сақталмауы үйдегі балалардың да біліміне әсер етеді. Мектепке баратын оқушылардың ақшаны дұрыс жұмсай алмауы, қажетсіз затқа қаржы шығындау, қолдағы ақшаның есебін білмеу баланың болашақта ақшаны басқаруға қауқарсыз етеді. Ол үшін баланы ерте жастан кәсіпке, ақшаны жұмсай білудің жолдарына баулу керек.

Оқушыларға базалық бағдарлама негізінде

оқу жоспарына қосу арқылы экономикалық білім беру механизмі енгізіліп, жүзеге асыру керек деген талапқа сәйкес отбасында да ата-ананың міндетіне балаларын отбасылық бюджетке араластыру міндеті тұр. Егер баланы мектеп жасынан экономикаға баулысақ, онда болашақта жұмыссыздық мәселесі, отбасындағы кейбір қаражат тапшылығы мәселелерін болдырмауына үлкен саптігін тигізер еді [Т. Меңдебаев, 2018, 4 б.]. Сондықтан оқушыларға қосымша сабақтар арқылы отбасында экономикалық білім берудің төмендегі бағыттары бойынша жұмыстар атқарылғаны дұрыс:

- оқуды, шаруашылық-тұрмыстық еңбекті;
- демалысты ұтымды ұйымдастыру;
- уақытты жоспарлауға үйрету;
- отбасы бюджетін жоспарлауға қатыстыру;
- отбасы экономикасымен, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық еңбек жағдайымен, қоғамның экономикалық өмірімен таныстыру;
- мүмкіндігіне қарай баланы ақылы еңбекке тарту (мысалы суретті жақсы салатын баланың еңбектерін сатуға көмектесу) [Т. Оспанов, 1994, 224 б.].

Отбасы бюджетіне қатысты балаларға бір айға жасалатын отбасылық кірістермен шығыстардың есебін, отбасылық теңгерім яғни балансты мынадай кесте түрінде түсіндірген тиімдірек болады (Кесте 1).

### 1-кесте – Отбасы бюджетінің кіріс-шығыстары

КІРІСТЕР		ШЫҒЫСТАР	
<i>Тұрақты Жалақы</i>	<i>Ауыспалы Сыйақы</i>	<i>Жоспарлы</i>	<i>Жоспарсыз</i>
<i>Шәкіртақы</i>	<i>Ұтыс</i>	<i>Азық-түлік</i>	<i>Дәрі-дәрмек</i>
<i>Зейнетақы</i>	<i>Басқа кірістер</i>	<i>Комуналдық төлем</i>	<i>Айыппұл</i>
		<i>Күнделікті шығыс</i>	<i>Шұғыл жөндеу жұмыстары</i>

Отбасылық бюджет тиімді, тиімсіз және қалыпты жоспарланған болып үшке бөлінеді. Баланы отбасылық бюджетпен таныстыра отырып, тиімді жоспарланған бюджеттен ай сайын 10 пайыз пайда түсіруді үйрету керек. Тиімсіз жоспарланған бюджеттің салдары неге әкеп соғатынын бірнеше мысалдармен түсіндіруге болады. Ата-аналарға арналған қаржылық сауаттылыққа үйретудің төмендегідей алғышарттарын ұсынамыз:

Қаржылық сауаттылық оқушыларға керек емес деген қате түсінік әрбір екінші отбасында қалыптасқан. Егер сізге баланы қаржылық сауаттылыққа үйрету қиынға соқса, сабақтан бос уақытта қаржылық сауаттылық туралы «ProFin.Top» сайтынан кірістер мен шығыстар, активтер мен пассивтер сияқты ұғымдармен танысуға балаңыздың өз бетінше үйренуіне мүмкіндік беріп және уақтылы қадағалау керек.

Қаржылық ағарту істері жасөспірімдер үшін өзекті. Жасөспірімдерге

қаржы мәселелері туралы ойлауға ерте деген дұрыс емес көзқарас. Отбасылы болған кезде ғана қаржылық мәселелерді ойлау керек.

Қазір көпшілік ата-аналарда балаларының тек мектеп ұсынған сабақтарын ғана оқумен шектелу керек деген қате пікір қалыптасқан.

Кірістер мен шығыстарды бақылау, өзіңізді табысты арттыруға және шығындарды қысқартуға үйретіңіз. Мысалы, чипстерден, кептірілген нан мен тәтті сулардан бас тартуды үйретіңіз. Кірістер мен шығыстардың мөлшері маңызды емес, қанша ақша қалатыны маңызды.

Активтер және пассивтер. Активтер сіздің қызметіңізге қарамастан ақша

әкеледі, ал пассивтер біздің жағдайымызға қарамастан ақшамызды жейді. Бай болу үшін активтерімізді ұлғайтуымыз және пассивтерімізді қысқартуымыз керек.

Қаржылық сауаттылық балалар үшін маңызды.

Ауқатты адамдар қаражатымызды жинақтап инвестицияны ертерек салуға шақырады. Қаржылық еркіндікке ерте ұмтылу қажет. Уақыт – сіздің ең үздік активіңіз. Инвестициядан көбірек табыс тапқаныңыз сайын, қалтаңыздан аз қаражат кетеді.

Табысты болу үшін ерекше қабілеттер талап етілмейді. Тек батыл, табанды және ниет пен мақсат болуы керек. Әртүрлі зерттеулер бойынша, жоғарғы білімі жоқ немесе тіпті мектеп бітірмеген адамдар жиі бай болады. (Бұл мектепті немесе институтты тастап кету керек деген сөз емес). Дұрыс қолдану қолданусыз білімнің құны болмай қалуы мүмкін.

*Балаларды қалай қаржылық сауаттылыққа үйретеміз?*

Бартер дегеніміз не немесе тауар алмасу және ақшаның әмбебаптығы туралы айту.

Баланы ақшалар мен монеталардың номиналдарымен таныстыру. Шот арифметикасын енгізу.

Қалай ақша табатыныңызды және оны қайда жұмсайтыныңызды айту.

Баланың қазірде ақша таба алатынын түсіндіру (мысалы үйде жұмыс істегені арқылы).

Қажеттіліктер мен қызығушылық арасындағы айырмашылықты түсіндіру.

Сыйлықты сатып алған кезде баланың өзіне таңдау жасату.

Ақша жинақтау принципін түсіндіру.

*Қаржылық сауаттылық* – ақша мен шығындармен байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін білім мен дағдыларды қолдана білу болып табылады. Қаржылық сауаттылық жеке қаржылық есепті жүргізудің күнделікті дағдыларынан бастап зейнеткерлікке шығу үшін жеке қаржыны ұзақ мерзімді жоспарлауға дейін түрлі қаржылық тақырыптардың үлкен шеңберін қозғайды [Н.А. Подчердниченко, 1993, 213 б.].

Аталмыш жағдайда өзім қаржылық сауаттылық туралы дұрыс білмеймін, менің өзімде қаржылық қиындықтар бола тұра, мен балаға не үйрете аламын, - деген ойлар кедергі болуы мүмкін. Мұны себептерге жатқыза алмаймыз, бұлар біздің тек ішкі ойымыз. *Біріншіден*, бізде өмірлік тәжірибеміз бар (оң немесе теріс), онымен кез-келген уақытта баламен бөлісуге болады. *Екіншіден*, баламен бірге қаржылық сауаттылықты арттыра отырып, оған үлгі бола аламыз. *Үшіншіден*, кез-келген ата-ана балаға негізгі қаржылық принциптерді үйрете алады.

Ата-аналар балалары ақша туралы қандай да бір фактілерді еститінін және олардан сырттан негізделген қаржы туралы әсер қалыптасатынын түсінуі маңызды. Сырттағы адамдардан ақша туралы естуі көп жағдайда теріс бағытқа түсіруі мүмкін:

сыныптастары бай болу үшін затты ұрлау керек деп айтуы;

спорт үйірмесіндегі достары бай болу үшін бағың болуы керек десе. Егер бала достарына шындап сенетін болса, онда осындай пікірлер балаға өзіндік теріс әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан мұндай тақырыпта ата-ананың баласымен ашық

сөйлесуі өте маңызды. Балаға ақшаның қандай адал еңбекпен келуі керектігін айтып, оларды қаржылық сауаттылыққа үйрету - жұмыс, жалақы, шығындар мен жинақ ақшалар арасындағы байланысты ұғымдардан тұрады. Сондықтан баланы ертерек ақша ағысын түсініп, қаржылық шешімдерді дұрыс қабылдауды үйреткен абзал [Аменд А.Ф., 1982, 35 б.].

*Ақша және айырбас*

Оқушыларды ақша және айырбас мәселесімен таныстыруда ақшаның нақты табиғатын түсініп, ақшаның қайдан келетініне мән беріледі. Балаларға бұрынғы кезде олар бір-бірімен айырбас арқылы сауда жасаған көптеген мысалдар келтіріп, бірақ айырбастың кей кезде тиімсіз тұстары болатынын жеткізу қажет. Осылардың барлығын өзіне ойланып сараптама жасауына мүмкіндік беріледі [Райзберг Б. А., 1993, 90 б.].

алмасу үшін заттарды тасымалдаудың өзіндік қиындықтары бар.

заттар бұзылып кетіп өз құндылығын жойды. Ешкімге тұрып қалған жұмыртқа немесе шіріп кеткен көкөністер керек еместігін түсіндіру қажет.

Бірінші ақша алтын монеталар болды (терминді түсіндіруімзде), олар уақыт өте келе өз құндылығын жоғалтпады, оларды әртүрлі номиналдармен шығару және алып жүру оңай болды. Ендеше ақша мәселесіне тоқталайық, Алдымен кіші мектеп жасынан бастап өз еліңіздің валютасының купюраларымен монеталардың мүмкіндігінше барлық номиналдарды көрсету ұсынылады. Көптеген елдердің өз валютасы бар екенін де айту қажет және әрбір номиналдың өз құндылығын түсіндіру керек. Сонда бала ақша арифметикасын түсіне бастайды [Райзберг Б.А., 1993, 101 б.].

Үйде ата-ана монеталардың бумасын балаға ұсынып, оларды номиналдары бойынша топтастыруын сұраңыз. Бала әртүрлі номиналдағы монеталарды тез ажыратуға үйренеді.

Балаға 5 тенге, 10 тенге, 20 тенге, 50 тенге, 100 тенге, 200 тенгеге не сатып алуға болатынын айтып құнын түсіндіру.

Баладан 155 тенгені қалай жинау керек екенін сұрау.

Соңында дүкенге барғанда ақшаны өзіне төлеуге рұқсат ету.

Ақша туралы ойымызды тұжырымдай келе, бала ең алдымен ақша жайында өз отбасынан, ата-анасынан әр түрлі түсіндірме жұмыстары, ойындар арқылы білім алуы керек. Сонымен қатар гигиена жайында да баланы ескертетін жайыттар бар. Мысалы, монета, ақшалармен ойнағаннан кейін баланың қолының мұқият жууын қадағалау керек, мұны балаға да ақшаның мыңдаған адмның қолынан өтетінін түсіндіреміз [Боевко Н.И., 2005, 125 б.].

*Ақшаның баламалы түрлері.* Оқушыларға төлем карталары, бонус карталары сияқты балама түрлері болады және төлем картасындағы ақшаның шектеулі екенін түсіндіру қажет. Бонус карталар арқылы заттарды жеңілдікпен алуға мүмкіндіктер барын және мерзімі біте бастаған заттардың

сатылымға қойылатыны жайында да ескертіп отыру қажет.

*Табыс көзі.* Оқушыларға табыстың көзі туралы айтпас бұрын, табыстың не екеніне көз жеткіздіріп алуымыз қажет. Олар ата-аналарында ақша бар екенін біледі, түсінеді, бірақ оларға ата-аналары ақшаның қайдан келетіні жайлы түсіндіріле бермейді. Ақша табу үшін жұмыс істеу керек. Жұмыстың түрлері сан алуан және оған төленетін қол ақысы да әр түрлі. Мысалға біреу сағатына төлейді, біреуге тұрақты жұмысы үшін, біреулерге жоба үшін. Қысқа мерзімді жұмыстар істеп мансап құруға болады. Сондай-ақ, әр адам өз кәсібімен айналысуына болады. Бірақ бұл жерде әр жұмыстың өз кедергісі мен қиындықтары бар (тұрақсыз табыс, өзіне тәуелділік, салым, т.б.).

Оқушы жасөспірім шағында ақша табу керек екенін түсінгеннен кейін үйде қандай да бір жұмысты ұсыну арқылы ақша таба алатындарын түсіндіреміз. Тағы да мерекелерде бонустар беруге болатынын да айтуға болады. Оқушы өзінің қазір де табыс таба алтынын түсініп, болашақта өз кәсібін ашу туралы ойлана бастайды. Бірақ, оқушының ойынан түк шықпайтынын біле тұра бетінен қақпау керек. Сен мұны жасай алмайсың немесе қолыңнан келмейді, - деп өзіне деген сенімінен айырмаған жөн.

*Қызығушылықтар немесе қажеттіліктер.* Табыс көзін анықтап алған соң, оқушының қаржылық тәрбиесінің маңызды құрамдас бөлігі бұл қажеттілікпен қызығушылықтың ара жігін ажыратып алуы болып табылады. Сондықтан қажеттіліктің қызығушылықпен сәйкестігі – табыс көзінің басты кілті екенін ұмытпауымыз керек.

Қажеттілік – өмір сүруге керек нәрсе болса, қызығушылық - бұл біз қалайтын нәрсе. Жалпы адамзат ойлайтын бірқатар қажеттіліктермен тілектер бар. Мысалға ауа, су, және т.б. Бірақ көп жағдайда қажеттіліктер мен тілектер үшін төлеу керек. Қазіргі жасөспірім қызыққан нәрсесінің бәріне қол жеткізуім керек деп ойлайды. Бұл отбасында ата-анамен қарым-қатынасын бұзылуына әкеп соғады. Осындай мәселелердің алдын алу үшін мұғалім мынадай кішігірім тәжірибе жүргізуіне болады.

Әр адам қандай да бір соманы қайда жұмсайтыны туралы шешім қабылдайды. Мектеп оқушысынан қызығып жүрген затының қаншалықты қажет екендігін түсіндіру үшін таңдау жасағаннан кейін ол заттың не үшін қажет? және ол маған не береді? - деген сұрақтардың жауабын іздеу тапсырылады (Мысалы соңғы айфон моделін сатып алу

болуы мүмкін). Енді оқушы әрбір тілектердің тұсына қарсы себептердің тізімін жазады, осы кестеге қосымша параметрмен тауардың болжамды құнын жазуға болады. Оқушы тізімді 1 тауарға дейін қысқартуы керек екенін және өз ақшасының 10% -ын қосуы керек екенін сұраңыз. Оқушы өз қажеттілігіне баға беріп шешім қабылдаған кезде, әсіресе, өз ақшасын жұмсау қажеттігін есепке алады және ол шешіміне мұқият қарайды. Ақыр соңында бұл жаңа айфон қажет емес екенін айтуы мүмкін. Оның орнын толтыратын арзандау заттың бар екенін түсіне бастайды. Соңғы шешімді өзіне қабылдауға мүмкіндік береміз. Осы тұста *жинақтау принципінің* жолдары туралы айтылады [<https://finance.bugin.kz/>].

Оқушыға қажетті соманы жинау үшін тағы 8 апта керек және бұл қалыпты. Балаға үйде жұмыс істеу үшін ата-аналар қосымша табыс ұсынуға болады. Бірақ, ол жинақтау кестесін ұстанбаса, онда процесс ұзақ мерзімге созылып, сатып алу кейінге қалдырылатынын ескеру қажет. Процеске қызығушылық беру үшін күнтізбеге құрылып, қажет сома жиналатын күнге тауардың суретін салғызамыз. Мұнда оқушы ақшаға, жинақтаудың соңғы кездерінде ата-ананың көмектесе салғысы келуі әбден мүмкін. Бұлай істесе тауардың оқушы үшін құны төмендейді, тауарға деген қарым-қатынас нашарлайды, еңбекпен, маңдай термен жеткен нан дәмдірек болатынын саналы түрде түсінуі қажет [Меңдебаяев Т., 1997, 3 б.].

Сондықтан оқушыға көмектесу үшін оның ата-анасынан балаға ағаш отырғызу, көлік жуғызу секілді жұмыс ұсынуын тапсырамыз.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруды тұжырымдай келе, экономикалық білім беруде ақшаны дұрыс жұмсай алуы үшін қаржылық сауаттылыққа үйретудің орны ерекше. Себебі, ақшаны дұрыс ұстай білу жасөспірімнің болашақта табысты болуы үшін шешуші фактор болып табылады. Қаржылық сауаттылық әдістемесінің ерекшелігі олардың жас ерекшелігіне, дене және психикалық даму деңгейіне; оларды экономикалық қызметке тартудың пәрменділігіне және осы орайда қалыптасатын экономикалық қатынастарға қатысты. Мектеп қабырғасында жүрген баланы экономикалық қызметке тарту - экономикалық мәдениет негіздерін игерудегі маңызды мәселе болып табылады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Мәмбетов Б., Байжомартов Ұ. Нарықтық экономика негіздері. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994.

Оспанов Т., Қосанов Б., Құрманалина Ш., Қайыңбаев Ж., Ерешева К. Дүниетану. 4 сынып. – Алматы: Атамұра, 1999. – 224 б.

Финансовая грамотность для начальной школы: сборник практических заданий» (авт.-сост.: Н.А.Подчердниченко, К.Е.Непомилуева. – Архангельск: Изд-во АО ИОО, 2018.

Аменд А.Ф. Экономическое воспитание школьников //Учебное пособие . - Челябинск, 1982. - 61с.



Райзберг Б.А. Введение в экономику: Учебное пособие для общеобразовательных школ, лицеев, гимназии, колледжей. – М.: Новая школа, 1993. - 195 с.

Боечко Н.И. Экономическая культура: проблемы и тенденции развития. – СПб:Изд-во С.-Пет.ун-та., 2005.

<https://finance.bugin.kz/3271-qardgy-sauattylyghyn-arttyru-balanhyz-aqsha-dgumsay-ala-ma>

Меңдебаев Т. СП. Ғылыми-техникалық өсу – экономикалық дамудың кепілі. Егемен Қазақстан. 26 желтоқсан 1997.

**АУЛЬБЕКОВА ЖУПАРКУЛЬ САДБЕКОВНА**

к.ф.н., доцент,

Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауезова,  
г. Шымкент, Республика Казахстан**ЕСИМХАНОВА НАГИМА АУЕЛБЕКОВНА**

к.п.н., доцент,

Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауезова,  
г. Шымкент, Республика Казахстан**ПРИНЦИП НАГЛЯДНОСТИ И ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ПОЗНАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

**Түйін.** Бұл мақалада орыс тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда цифрлық технологияны қолдану маңызды мәселе болып табылады. Оның ішінде мультимедия – дыбысты, бейнелердің қозғалыстағы және қозғалыссыз жағдайларын біріктіріп көрсетуге мүмкіндік беретін компьютерлік технология. Мультимедияның оқыту құралдарына: аудио, видео таспалардағы материалдар, презентациялық бағдарламалар, ойын бағдарламалары, компьютерлік оқыту бағдарламалары және т.б. Мультимедия ақпаратты кешенді түрде бейнелеп шығарады, яғни қажет болатын түрлі көрнекілік құралдардың орнын толықтыра алады. Сондай-ақ, мультимедиялық технологиямен жұмыс істеген оқушылардың танымдылық қабілеті артады. Өздері игеріп жатқан пәннің құпияларына терең бойлап, мазмұнын жылдам, жақсы түсіне алады.

**Кілттік сөздер:** педагогика, мультимедиялық технология, әдіс, әдістеме, оқыту, үлес.

**Аннотация:** В данной статье актуальным вопросом является использование цифровых технологий в обучении русскому языку и литературе. В частности, мультимедиа - это компьютерная технология, позволяющая комбинировать звук, видео и движущиеся изображения. Мультимедиа отображает информацию сложным образом, то есть может заменить различные необходимые наглядные пособия. Познавательные навыки студентов, работающих с мультимедийными технологиями, также увеличатся. Они умеют быстро и хорошо понимать содержание предмета, который осваивают. Обучение сложный педагогический процесс, совместная деятельность обучающего и обучаемого, учителя и ученика. Современный период развития общества характеризуется сильным влиянием на него компьютерных технологий. Учащиеся познают окружающий мир с помощью всех органов чувств, перед учителями стоит вопрос улучшить качество преподавания, эффективное и наглядное применение новых информационных технологии.

**Ключевые слова:** Обучение, технологии, практика, учителя.

**Abstract:** The method of realization principle of visual aids with using of computer technology and the educational technology in teaching of in comprehensive scholls of Republic of Kazakstan in considered in this article. One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till the year 2030 is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies. Multimedia technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of multimedia technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** pedagogica, school, multimedia technologies, method, method's, education, role.

**Принцип** это регулятив деятельности, который является незыблемым и отличается от правила, тем, что его нельзя нарушать ни при каких условиях, ибо он отражает фундаментальные основания мироздания, указывая на сущность определенных процессов. Наглядность - принцип, восходящий к определенным фундаментальным отношениям, гносеологически связывающим человека и тот мир, в котором он живет, человека и людей, с которыми он общается. Как принцип, она нуждается в специальной инструментровке,

позволяющей «обнаружиться» объективным законам, в соответствии с которыми процесс познания становится эффективным.

В программе развития образования в Республике Казахстан 2020-2030 годы определены стратегические задачи системы образования в новых информационных научно-технических, рыночных условиях: «Обучающие должны не просто овладеть суммой знаний, умений, и навыков...» Гораздо важнее и сложнее править обучающимися умение самостоятельно добы-

вать, анализировать, структурировать и эффективно использовать информацию для полезного участия в жизни общества [1. *Госпрограмма РК, развития образования 2020*].

«Введения технологической подготовки в средней школе с целью развития у учащихся новых способностей и умений, включая умения проектировать, принимать решения и выполнять творческую работу, поддерживать высокий уровень инноваций; подготовки конкурентоспособности личности, готовой к активному участию в социальной, экономической и политической жизни страны и т.д.» [2. *Концепция перехода РК 2020*].

Обучение - сложный педагогический процесс, совместная деятельность обучающего и обучаемого, учителя и ученика. Обучение не должно сводиться к передаче и усвоению сформулированных учителем правил по русскому языку и литературе.

Это активный творческий поиск со стороны учителя и со стороны ученика. Задача учителя состоит в том что, чтобы в процессе передачи знаний научить учеников активным формам учения, приводящим к самостоятельному добыванию знаний. Задача ученика освоить осознанно систему знаний, умение решать самостоятельно творческие задачи. Проблема научности и доступности, сознательности и активности ставит перед учителем вопрос об отыскании на практике активных методов формирования и организации учебной познавательной деятельности. Один из путей решения этой проблемы сделать обучение наглядным.

Современный период развития общества характеризуется сильным влиянием на него компьютерных технологий, которые проникают во все сферы человеческой деятельности, обеспечивают распространение информационных потоков в обществе, образуя глобальное информационное пространство. Неотъемлемой и важной частью этих процессов является компьютеризация образования. В настоящее время в России идет становление новой системы образования, ориентированного на вхождение в мировое информационно-образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике учебно-воспитательного процесса, связанными с внесением корректив в содержание технологий обучения, которые должны быть адекватны современным техническим возможностям, и способствовать гармоничному вхождению ребенка в информационное общество. Компьютерные технологии призваны стать не дополнительным «довеском» в обучении, а неотъемлемой частью целостного образовательного процесса, значительно повышающей его эффективность.

Одна из причин такого положения связана с тем, что компьютерные технологии в школе

не нашли еще своего должного применения. В школах же, где ведется обучение детей на компьютере, не все его возможности реализуются в полной мере. Большинство учителей начальных классов даже не знакомы с компьютерными технологиями и не имеют представления о способах их использования в обучении. Проблема широкого применения цифровых, мультимедийных и компьютерных технологий в преподавании русского языка и литературы в последнее десятилетие вызывает повышенный интерес в отечественной педагогической науке. Большой вклад в решение проблемы компьютерной технологии обучения внесли российские и зарубежные ученые: Г.Р.Громов, В.И.Гриценко, В.Ф.Шолохович, О.И.Агапова, О.А.Кривошеев, С.Пейперт, Г.Клейман, Б.Сендов, Б.Хантер и др.

Различные дидактические проблемы компьютеризации обучения в нашей стране нашли отражение в работах академика А.П.Ершова, академика А.А.Кузнецова, Т.А.Сергеевой, И.В.Роберт; методические - Б.С.Гершунского, Е.И.Машбица, Н.Ф.Талызиной; психологические - В.В.Рубцова, В.В. Тихомирова и дипломированного Советника РАЕ, профессора КПА, кавалера «Нобелевской» медали Буркита Ауесхана Кантуреевича и др.

Для осуществления выше сказанного перед учителями стоит вопрос нужно улучшить качество преподавания, эффективное и наглядное применение новых информационных технологий, а также комплексное использование средств обучения на уроках русистики в средней общеобразовательной школе. В этой статье мы рассматриваем понятие наглядного обучения. Наглядность, вероятно появилась вместе с возникновением человеческого общества, вместе с потребностью передачи информации об отсутствующем на данный момент предмете или явлениях. Об этом говорят дошедшие до нас наскальные рисунки. Наглядное обучение возникло, по всей видимости, вместе с первыми школами. Основоположником принципа наглядности, давшим его обоснование, мы считаем чешского педагога Яна Амоса Коменского. Я.А. Коменский (1592-1670) дал определение наглядности, которое называют «Золотым правилом дидактики». Именно оно послужило началом одного из важнейших путей развития школы, явилось первой ступенью для многих педагогических исследований. Он отмечал: «... все, что только можно, представлять для восприятия чувствами» [3, 13 с].

Учащиеся познают окружающий мир с помощью всех органов чувств. Основными каналами получения информации являются слуховой и зрительный анализаторы. Система «ухо-мозг» может пропускать в секунду до 50 бит информации. Пропускная способность зрительного анализатора в 100 раз больше. Неслучайно около 90% всех сведений об окружающем мире



учащийся получает с помощью зрения, 9% — с помощью слуха и только 1% — с помощью осязания. Следует отметить также, что из всех видов памяти у большинства учащихся более всего развита зрительная. Все это объясняет следующие факты. Человек, только слушая, запоминает 15% речевой информации, только глядя—25% видимой информации, а слушая и глядя—65% информации.

Исходя из этих особенностей физиологии высшей нервной деятельности и основанной на них психологии человеческого восприятия, педагогика и психология утверждают, что наиболее высокое качество усвоения достигается при непосредственном сочетании слова учителя и предъявляемого учащимся с помощью технических средств обучения (ТСО) изображения в процессе передачи учебной информации [4, 280 с].

С началом промышленного изготовления компьютеров первых поколений и их появлением в образовательных учреждениях возникло новое направление в педагогике - **компьютерные технологии обучения**. Первая обучающая система Plato на основе мощной ЭВМ фирмы «Control Data Corporation» была разработана в США в конце 50-х годов и развивалась в течение 20 лет. По-настоящему массовыми создание и использование обучающих программ стали с начала 80-х годов, когда появились и получили широкое распространение персональные компьютеры. С тех пор образовательные применения ЭВМ выдвинулись в число их основных применений наряду с обработкой текстов и графики, оттеснив на второй план руссатические расчеты.

В современной методике (методика преподавания) должны разработать методику использования компьютерной технологии обучения на уроках русского языка и литературы, как комплекс средств обучения [5, 45 с].

Под **комплексом средств обучения** понимают их совокупность, необходимую и достаточную для изучения какой-либо темы учебной программы. Комплекс характеризуется определенной структурой, т.е. последовательностью включения средств обучения в учебный процесс во взаимосвязи и сочетаниях друг с другом. При подборе средств обучения учитывают их дидактические возможности, задачи урока и конкретные условия, в которых будут проводиться занятия. В каждом комплексе можно выделить главный, доминирующий компонент, с которым связаны в той или иной последовательности другие средства обучения, причем все они должны быть согласованными, дополняющими друг - друга.

В зависимости от классификационного признака можно различать следующие средства обучения, являющиеся носителями информации:

- по характеру использованного в них материала (словесный и изобразительный, конкретные языковые единицы и схематический их показ);

- по видам восприятия (зрительное, слуховое, зрительно-слуховое), на которое рассчитан этот материал;

- по способам подачи материала (с помощью технической аппаратуры или без нее, в статике или динамике: готовые таблицы и материал для их составления, картина, диакадр, кинолента);

- по организационным формам работы с ним (фронтальная на основе демонстрационных пособий и индивидуальная на основе раздаточного изобразительного материала).

Наиболее часто используемый классификационный признак технических средств обучения (ТСО) – по видам восприятия. Обычно выделяют экранные средства обучения (ЭС), звуковые средства обучения (ЗС) и экранно-звуковые средства обучения (ЭЗС). Средства, основанные на компьютерных технологиях (средства информационных и коммуникационных технологий – ИКТ), выделяются особо, поскольку имеют специфические свойства по сравнению с другими средствами обучения.

Для организации деятельности учащихся по закреплению приобретенных умений можно использовать пакет прикладных обучающих программ.

Технические возможности персонального компьютера, если компьютер используется как обучающее средство, позволяют

- активизировать учебный процесс;
- индивидуализировать обучение;
- **повысить наглядность в предъявлении**

**нового материала;**

• сместить акценты от теоретических знаний к практическим;

• повысить интерес, развивать познавательность учеников на уроках руссатики.

Активизация обучения связана с диалоговым характером работы компьютера и с тем, что каждый ученик работает за своим компьютером. При традиционном классном обучении основное - это восприятие учащимися информации в устной форме, при этом ученику не часто приходится проявлять активность на уроке и учитель не в состоянии организовать и контролировать активную работу каждого ученика на его рабочем месте. Поэтому традиционное обучение, в основном, является пассивным - многие педагоги сетуют, что на уроке активно работают 20 -30% учащихся. Если же обучение ведется в компьютерном классе, компьютер диалоговым характером своей работы стимулирует ученика к деятельности и контролирует ее результаты.

Развитие познания у учащихся происходит в том числе и благодаря познавательной деятельности. Познавательная деятельность - это логи-



ческий процесс получения знаний посредством мышления. Сама познавательная деятельность запускается такими психологическими механизмами как восприятие и внимание.

В основе восприятия лежит узнавание, а внимание характеризуется устойчивостью и концентрацией. Информация извне воспринимается через внешние впечатления и внутренние ощущения. Она (информация) выделяется нашим вниманием и выступает в виде образов и понятий. Все это фиксируется памятью и становится содержанием размышлений.

Если отправной точкой обучения и развития учащихся является мир чувств, эмпирика, то конечным результатом обучения и развития становится развитое мышление и управляемые эмоции. В процессе развития через обучение ученика проходит путь от эгоцентризма к абстракции и познавательной деятельности, а от них к самопознанию и определению своего места в этом сложном мире.

По мере развития познания у учащихся формировалось стремление от нерасчлененной целостности вещей, явлений, процессов проникнуть в их структуру, установить внутренние связи, сделать их наглядными. Желая узнать, как уст-

роен предмет, субъект обычно пытается проникнуть вглубь. Это очевидно на примере ребенка, который осваивает вещь через ее расчленение, чтобы посмотреть: а что же внутри? Структурирование текста, опыта и т.п. - это особый вид наглядности, связанный с возможностью визуализации мыслительных процессов. Например, выстраивая графически, какую-либо структуру, человек тем самым делает очевидным работу мышления, то есть распространяет действие принципа наглядности на субъективный план.

Вспоминая «Золотое правило дидактики», мы обычно обращаем внимание на то, что там сформулирован призыв к восприятию предмета всеми органами чувств. Что можешь показать - покажи, что можешь - дай послушать, потрогать и т.д. Причём все это в определенной последовательности. И те, кто шли за Я.А. Коменским в дидактике, как педагогике, обращенной вовне, в объективную реальность, искали способы всё более точного предъявления учащимся конкретных предметов, явлений, процессов. Если почитать И.-Г. Песталоцци, то в его работах речь идет о чисто механических упражнениях по разглядыванию распознаванию, называнию предметов и их свойств.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Государственная программа развития образования в Республики Казахстан на 2020-2030 годы. Астана, 2020г.

2 Концепция перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2030-2050 годы. Астана, 2020 г.

3 Карпова Т.Н. Наглядное обучение - как эффективный процесс формирования знаний школьников. Дисс... Ярославль, 2015 г., стр.13-14.

4 Буркит А.К. Методика осуществления принципа наглядности с применением компьютерной технологии. Прага, 2017., -с 280-284.

Буркит А.К. Методика осуществления принципа наглядности с использованием современной цифровой технологии. Чехословакия, 2020., -с 78.

5 Аульбекова Ж.С., Буркит А.К. Методика преподавания русского языка и литературы с помощью ИКТ. Англия. 2019., -с 45.

**ӘБДІКЕРІМ ГҮЛНАР СӘЛІМҚЫЗЫ,**«7M01102-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті**ЖАНЬБЕК АРНАГУЛ,**«7M01102-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУІН БАҒАЛАУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН ӨЛШЕУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім алушылардың ағылшын тілі сабағында жазбаша сөйлеуін бағалау және мұғалімнің кәсіби қызметінің сапасын тестілеу арқылы өлшеу мәселелері қарастырылады. Тестілеу арқылы ағылшын тілі сабағында жазбаша сөйлеуін бағалаудағы маңызы ашылады. Осы кездегі ағылшын тілі пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің сапасын өлшеу критерийлері беріледі.

**Кілт сөздер:** жазбаша сөйлеу, тестілеу, кәсіби сапа, кәсіби қызмет, критерийлер, бағалау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы оценки письменной речи обучающихся на уроках английского языка и измерения качества профессиональной деятельности учителя посредством тестирования. Через тестирование раскрывается его значение в оценке письменной речи на уроках английского языка. В настоящее время даны критерии измерения качества профессиональной деятельности учителя английского языка.

**Ключевые слова:** письменная речь, тестирование, профессиональное качество, профессиональная деятельность, критерии, оценка.

**Annotation.** This article discusses the issues of evaluating students' written language in English lessons and measuring the quality of professional activity of teachers through testing. Through testing, its significance is revealed in the assessment of written speech in English lessons. Currently, the criteria for measuring the quality of professional activity of an English teacher are given.

**Keywords:** written speech, testing, professional quality, professional activity, criteria, evaluation.

### КІРІСПЕ

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өзбетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтары, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау – білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби мамандарды дайындау мәселесін шешудің де жаңа жолдары қарастырылуда.

«Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» - деп Елбасы Нұр-

сұлтан Әбішұлы Назарбаев айтып өткендей, әрбір адам үнемі дамып, жетіліп, үйреніп отыруы керек [Назарбаев Н.Ә. <http://www.akorda.kz/zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar>].

Қазіргі уақытта білім беру саласында өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі. Оған білім беруді гуманизациялау сай келеді.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім

алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы.

Кәсіби мұғалім - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. «Мұғалім», «Педагог» мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады.

Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты.

Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекет дегеніміз - оқушының тұлғалық, интеллектуалдық, іс-әрекеттік дамуына бағытталған және сонымен бірге оның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруінің негізі болып табылатын мұғалімнің тәрбиелеуші және оқытушы ықпалы болып табылады. Бұл іс-әрекет өркениет тарихында мәдениеттің пайда болуымен бірге, «*өндірістік іскерліктер үлгілері (эталондарын) мен әлеуметтік мінез-құлық нормаларын жасау, сақтау және өсіп келе жатқан ұрпаққа беру*» міндеті қоғамдық даму үшін маңыздылардың бірі болған кезде пайда болған. Бұл тіпті алғашқы қауымнан басталған, мұнда балалар үлкендермен қарым-қатынас жасау барысында, оларға еліктеп, оларға ере отырып үйренген. Дж. Брунер оны «контексте оқыту» деп анықтайды. Дж. Брунер бойынша, адамзат «*жас ұрпақты оқытудың тек үш негізгі тәсілін ғана*» біледі: жоғары приматтарда ойын процесінде дағдының құраушы компоненттерін өндіру, түземдік халықтарда контексте оқыту және тікелей практикадан оқшау мектептегі абстрактілі оқыту [Алдияров Қ., 2006, 12 б.].

Біртіндеп қоғам дамуымен бірге алғашқы сыныптар, мектептер, гимназиялар қалыптаса бастады. Түрлі елдерде түрлі сатыларда оқыту мазмұнында, оның мақсаттарында түрлі өзгерістерге түсе отырып, мектеп сонда да әлеуметтік институт болып қалды, оның арнаулы – мұғалімдер мен педагогтардың педагогикалық іс-әрекеттері арқылы әлеуметтік-мәдени тәжірибені беру. Әлеуметтік-мәдени тәжірибені беру формалары мектептің даму тарихында өзгеріп отырды. Бұл әңгіме (сократтық әңгіме) немесе майевтика; ше-

берханалардағы жұмыс (қыш өнімдерін жасау, тері өңдеу, тоқу және өндірістік оқытудың басқа түрлі бағыттарының тәжірибесі), мұнда, шәкірттің технологиялық үрдіске жүйелі және мақсатты қатысуы, оның біртіндеп өндірістік операцияларды игеруі негізгісі болды; вербалды насихат (гувернерлер, «ағатайлар» институты, монастырьлар т.б.).

Я.А. Коменскийдің кезінен бері сыныптық-сабақтық оқыту бекіді, мұнда оның сабақ, лекция, семинар, сынақ, практикум сияқты формалары жіктеліп бөлінді. Соңғы он жылдарда тренингтер пайда болды [Коменский Я.А., 1989, 22 тарау, 391 б.]. Оқытушылар үшін оның іс-әрекетінің ең қиын формаларының бірі лекция болып табылса, студент, оқушы үшін – семинар сабақтары, сынақтар екенін атап өту қажет.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекет - адамзат іс-әрекетінің кез-келген түріне тән сипаттамаларға ие. Бұл ең алдымен, мақсаттылық, түрткілік, пәнділік. Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің өзгеше сипаттамасы, Н.В.Кузьмина бойынша, оның өнімділігі болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің өнімділігінің бес дәрежесін ажыратады:

*«I – (минималды) репродуктивті; педагог өзі білгенін өзгелерге айтып бере алады; **продуктивті емес.***

*II – (төмен)бейімделуші; педагог өз хабарламасын аудитория ерекшелігіне бейімдей алады; **аз продуктивті.***

*III – (орташа) локалды модельдеуші; педагог оқушыларды курстың әр бөлімдері бойынша білімге, дағдыларға, іскерліктерге үйрету стратегияларына ие (яғни, педагогикалық мақсат қою, іздестіру нәтижесі бойынша өзіне жауап беру және оқушыларды оқу-танымдық іс-әрекетке біртіндеп енгізу; **орташа продуктивтілік.***

*IV – (жоғары) оқушылардың жүйелі модельдеуші білімдері; педагог жалпы пән бойынша оқушылардың дағдылар, іскерліктер ізденістегі білімдер жүйесін қалыптастыру стратегиясын меңгерген; **продуктивті.***

*V – (ең жоғарғы) оқушылардың жүйелі модельдеуші іс-әрекеттері мен мінез-құлықтары; педагог өз пәнін оқушы тұлғасын қалыптастыру, оның өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі оқытуға, өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін қалыптастыру құралына айналдыру стратегиясын меңгерген; жоғарғы продуктивтілік [Жексенбаева У., 2009, 137 с.].*

Кәсіби педагогикалық іс-әрекетті қарастырығанда біз оның жоғарғы продуктивті сипаты жөнінде айтамыз.

Біз зерттеуімізде ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінің көрінісін білім алушылардың жазбаша сөйлеуін бағалауда зерделеп көрдік. Себебі, сөйлеудің ерекше бір түрі — *жазбаша сөйлеу*. Жазбаша сөйлеу арнаулы әдістер

арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі. Мұны игеру адамға оңайлықпен түспейді. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат танырлықтай дәрежеге жеткенде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды.

Жазбаша сөйлесудің кейбір ерекшеліктері:

1) Жазатын адамның қасында сөйлесетін адам болмағандықтан, мұнда ешбір ым-ишара қолданылмайды.

2) Жазбаша сөйлесудің логикалық жағына аса қатаң талап қойылады. Мәселен, белгілі тақырыпқа шығарма жазған кезде адам осындай талаптарды орындауға тырысады, көп ойланып, толғанады. Өйтпейінше бұдан нәтиже шығару қиын.

3) Жазуда грамматиканың ережелері де қатты ескеріледі.

4) Жазу кезінде адам қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап құрастырады, мағыналы сөз іздейді. Бұл үлкен ой жұмысын қажет етеді. Мәселен, адам өзінің туысқандарына, таныстарына хат арқылы ойын білдіргенде осы жағдай байқалады.

Жазбаша сөйлеудің түрлері мен стильдері әр алуан. Олардың бастылары ғылыми, публицистика, көркем-әдебиет, іс-қағаздық т.б. создер. Сөйлеудің жазбаша түрінде сөйлеген сөзді жандандыра түсуге қажетті сөз ырғағы, мимика, қол қимылдарын пайдалана алмайсың. Сондықтан да жазбаша сөйлеудің түрінде қиыншылықтар көп кездеседі. Егер сөйлеу кезінде тыңдаушы түсінбегенін баяндаушы адамнан әр уақытта сұрап, айқындап алуға мүмкіндігі болғандықтан, ауызша сөйлеу қысқаша баяндалса, сөйлеудің жазбаша түрін мейлінше толықтырып кеңінен түсінікті етіп құру қажет. Ауызша және жазбаша сөйлеу адамдарға әртүрлі талаптар қояды. Кейбір адамдар шешен сөйлеп, жазуға шорқақ болса, ал енді біреулер өз ойын тамыза жазады, бірақ сөйлеген сөзінде кемшіліктер кездесіп отырады.

Білім алушылардың жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту ойлау жүйесіне негізделеді. Ойды жазбаша жеткізу – ауызша сөйлеудің тіліне қарағанда өте күрделі, көп салалы процес. Психологтар тіл үйретуші тіл үйренушілерді үйреніп отырған тілінде ойлай білуге үйренгенде ғана ауызша және жазбаша сөйлеуді қиындықсыз меңгеретіндігін зерттеу еңбектерінде дәйектеді. Жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуда қабылдау процесінің орны ерекше. Психологтар қабылдаудың көру, сезу және есту түрлеріне тоқтала отырып, жазбаша сөйлеу дағдыларының дамуына көру және есту үрдістерін ерекше атап көрсетеді. Жазбаша сөйлеуді меңгерудің алғашқы кезеңдерінде орындалатын жаттығу жұмыстары көру үрдісіне бағытталады. Жазылым әрекетінің сыртқы дыбыстық құрылымымен байланысы жөнінде психолог А.Р. Лурия: «Жазудың психологиялық-физиологиялық очерктері» еңбегінде теориялық тұрғыдан зерттеп, жазу үдерісінің көру түсініктері мен тиісті қозғалғыш факторлардың байланысы-

нан ғана құралатын идеомотриялық акт ретінде қарастырады. Осы үдерістің құрамына қозғалыспен көру саласынан тыс мынадай компоненттер енетінін атап көрсетеді: міндеттің туындауы (бастапқы ой), ойдың алдын-ала құрылуы, есте сақтау және оны ішкі тілдің көмегімен жадыда сақтау, пайда болған ойды фразаның немесе біртұтас мәтіннің тиісті құрылымына енгізу.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекет ағылшын тілі пәнінде дамудың шарты мен негізі ретіндегі оқытушылардың пәндік әлеуметтік мәдени тәжірибені игерулеріне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады. Кәсіби педагогикалық іс-әрекет құралдары ғылыми білімдер болып (теоретикалық және эмпирикалық), солардың көмегімен және солардың негізінде оқытылушылардың тезаурусы қалыптасады. Білімдерді «тасушы» ретінде оқулық мәтіндері немесе пәндік айғақтың фактілерін, заңдылықтарын, қасиеттерін мұғалімнің ұйымдастырған бақылауы жағдайында (зертханалық, практикалық сабақтарда, даладағы практика кезінде) оқушының жаңадан жасаған елестетулері жатады. Техникалық, компьютерлік, графикалық және т.б. құралдар қосымша құралдарға жатады.

Жазбаша сөйлеуді оқытуға қойылатын ақырғы талаптар білім алушыларда шетел тілін меңгерудің қол жеткізілген бағдарламалық деңгейіне сәйкес тілдесу, танып білу және шығармашылық тәсілі ретінде шетел тіліндегі жазумен қалай практикалық жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастыруды енгізеді. Жазбаша сөйлеуді үш жазықтықта: мазмұны (ойлау), бейнелеу (сөз) және орындау (графикаларды) қарастыруға болады. Жазбаша сөйлеудің мазмұны оның қызметтік мақсаты және міндеттерімен анықталады, мысалы, эмоциялық әсер, көмекке жүгіну, қызметті басқару, ақпаратты сұрату, іс жүргізу әрекеттерін орындау, ақпаратты сақтау, адамның шығармашылық әлеуметін жазбаша бейнелеу.

Ойды мазмұнды қорыту жазбаша туындының нысанын анықтайды. Жазбаша сөйлеу туындыларының нысанына оқыту мазмұны енгізілуі мүмкін, оған жататындар: құттықтау ашық хаттары, телеграммалар (жеке және іскерлік мазмұнда), жазбалар (отбасы мүшелері, достары, жұмыстағы әріптестері), маңдайша жазулар (үйлерде, мекемелерде), заттаңбасы (тауар орамаларында), суреттерге қол қою, хабарландырулар-нұсқаулықтар, хабарландырулар-ақпараттар (жұмыс іздеу туралы, жұмысқа қабылдау туралы, спорттық және мәдени өмірдегі жаңалықтар), мәзірлер, жарнамалар, шақыртулар, көңіл айтулар, жеке хаттары, көбінесе хатта жұмысқа қабылдау туралы, алғыс хаттар, яғни bread-and-butter letters, наразылық және шағымдары бар хаттар, өтініш хаттар (басшыға, қоғамға), өтінішке берілген жауаптар, автобиографиялық мәліметтер, яғни curriculum vitae, сипаттамалар, яғни confidential references, толтырылған сауалнамалар және



бланкілер, анықтамалар, mind-maps үлгідегі тірек схемалары (аудитория алдында сөйлеу үшін), нұсқаулықтар (қауіпсіздік техникасы бойынша, тапсырмаларды орындау үшін), рецептер (кулинарлық, белгілі және жеке), күнделіктер (бақылаулар, саяхаттар), сөздіктер, диктанттар, библиографиялар (автордың шығармалары, проблема жөніндегі кітаптар), конспектiлер, яғни notes (оқыған мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндау), қабырға газетіне мақалалар, әсерлер (көрген немесе тыңдаған кездегі алған әсерлер туралы), кітапқа шолу, рецензия, яғни reviews (кітапқа, әңгімеге, кинофильмге, өнер туындыларына), есептер, яғни reports (бақылаулар туралы, сауалнама туралы, сұрақтар туралы), баяндамалар (проблема туралы, case-studies үлгідегі нақты жағдайларды зерттеу туралы), баяндау, яғни reproduction (оқыған мәліметтерді, естіген мәліметтерді), резюме, яғни summary (оқыған мәліметтердің, естіген мәліметтердің негізгі идеясы), хабарламалар (жаңалықтар туралы, соңғы жаңалықтар туралы), шолулар (газеттегі мақалалар, апта ішіндегі жаңалықтар), аннотациялар, яғни précis (әңгіменің, кітаптың, фильмнің негізгі мазмұны), рефераттар, яғни synopses (оқыған мәліметтерді қысқаша шолу), тезистер, яғни abstracts (сөйлеуді қысқаша баяндау), жобалар, яғни projects (қоршаған әлем жағдайына және өзгерісіне көзқарастар), очерктер, яғни essays (заттарға және құбылыстарға жеке көзқарас), шығармалар (тақырыпты немесе проблеманы қайта түсіндіру (интерпретация)), әңгімелер (фабулалар мен сюжеттерді ойдан шығару), өлеңдер (әр түрлі пішіндегі өлеңмен жазылған туындылар жазу) т.б.

Қазіргі заманғы әлемде жазбаша коммуникацияның ролі тым жоғары деген пірірмен ешікім дауласа алмайды. Жазу бізге өлшеусіз, бірақ сенімді қызмет етеді. Сөйлеу түрі және жазу өнімді қызмет түрі болып табылады, бірақ жазбаша сөйлеу нұсқалардың жағдайымен байланысты бірқатар міндеттер туындайды.

Бұл қандай міндеттер және осыдан туындайтын жазбаша сөйлеудің сапасы қандай деген сұрақ туындайды. Сөйлеу мен жазудың арасында психологиялық және лингвистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық бар. Профессор А.И. Гальперин: «бәрінен бұрын, ең алдымен, тікелей реципиент пен аралық кері байланыстың болмауын атап көрсету керек» дейді. Сөйлеп тұрған адам тыңдап тұрған адамның әрбір фразаны мұқият тыңдап, соған сай реакциясын тікелей көре алады, бұл оның сөзін реттілікпен сөйлеуіне әсер етеді; жазатын адам бұл реакцияны алдын ала болжауы мүмкін, сондықтан оның сөзі неғұрлым негізделген, толық баяндалады. Жазатын адам ең алдымен тиісті оқиғаға сәйкес реципиентті көрсетіп, сосын өз пікірін айта алады. Бұл жазатын адамға болған оқиғаны неғұрлым толық сипаттауға мәжбүрлейді, әйтпесе қате бұрмаланып кетуі мүмкін [Гальперин П.Я., 1999, 281 с.].

Жазатын адам өзінің сөзін мәнерлеп баяндай алмайды. Сондықтан ол фразаларды неғұрлым мұқият синтаксистік түрде құрастыруы, соған сәйкес дәлме-дәл бейнелеуі тиіс.

*Ағылшын тілінде жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытудың маңызы үлкен.* Қазіргі кезде шетел тілінің заманауи қоғамдағы орнын артық бағалауға болмайды. Мектептегі оқыту процесі осы тапсырыстарға сәйкес өзгереді. Көбінесе оқытудың практикалық мақсаты келесі түрде өзгерді: шетел тілін үйрету – шетелдік сөйлеуді үйрету – шетел тілінің сөйлеу қызметін үйрету – шетел тілімен қарым-қатынас жасауға үйрету.

Біз қазіргі кезде шетел тілін үйрену қалыпты жағдай болған кезде ағылшын тілі туралы, халықаралық қатынас тілі туралы, тілді зерделеу мақсаты коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру туралы айтамыз. Мағынасы жағынан ықпалдас болып келеді және өзіне бірнеше негізгі компоненттерді енгізеді:

- айтылым, тыңдалым, оқылым және хаттағы коммуникативтік дағдылар;

- ақпаратты құрастыру және айырып тану үшін тілдік материалды меңгеру дағдылары мен тілді білу;

- онсыз коммуникативтік құзыретті толыққанды қалыптастыру мүмкін емес әлеуметтік-мәдени білімділікті қамтамасыз ету үшін лингвистикалық елтану және елтанушылық білім.

Өйткені қазіргі кезде оқыту процесі шетел тілін практикалық меңгеруге бағытталған, онда жазба немесе сөйлеу тілі ретіндегі қызметтің сөйлеу түрінің үлкен маңызын атап өту керек. Соңғы кезде аталған қызмет түріне көп көңіл бөліне бастады. Жазба сөйлеуді меңгеру шетел тілін білуді, тілдік ортадан тыс кезде internet, e-mail, sms және т.б. сияқты қазіргі заманғы коммуникация құралдары арқылы сол тілде сөйлейтін адамдармен сөйлесіп, тілді нақты пайдалануға мүмкіндік береді. Жеке және ресми құжаттарды жазу мүмкіндігі, сауалнамаларды, құжаттардың бланкілерін толтыру қажеттілігі білім алушылардың зерделенетін тілдің жазбаша коммуникацияларын белсенді меңгеруге ынталандырады. Сонымен жазу дегеніміз не ?

Лингвистикалық әдебиетте жазу дегеніміз сөйлеу түрінің бірі ретінде графикалық жүйе деп түсіндіріледі, белгілердің көмегімен тілді беру құралы, ең ақырында дыбыстық сөзге толықтыру; оның туындыларын сақтау және оны арақашықтықта беру үшін сөзді көрсетуге мүмкіндік беретін графикалық белгілер жүйесінің көмегімен қатынас құралы деп көрсетіледі.

Г. Шамшырақованың тұжырымдауына, жазбаша сөйлеу айтылатын сөзбен байланысты сөйлеу қызметі және ойды жазбаша ойлау процесі ретінде анықталады. Біз үшін жазуға үйрету бұл жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазу үшін тілдің графикалық және орфографиялық жүйелерін пайдалана білу дағдысын қалып-

тастыру, ауызша тілді графикалық белгілер көмегімен бекіту. Жазба сөйлеуді үйрену бұл білім алушылардың қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкес өз ойларын жеткізе білу дағдысын меңгеру, жазбаша түрде нақты тілдік құралдармен қарым-қатынас жасауды жүзеге асыру болып табылады. Жазбаша сөйлеуді үйрену мақсаты білім алушыларда жазбаша коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру болып табылады, жазба белгілерін, жазбаша сөйлеу мазмұны мен формасын меңгеруді енгізеді [Шамшырақова Г., 2007, 13 б.].

Егер жазуды қызметтің өнімді түрі ретінде қарастыратын болсақ, онда сөйлеу сияқты үш сатылы құрылыммен сипатталады: *мотивациялық-түрткі салу, аналитикалық-синтетикалық және орындаушылық*. Басқаша айтқанда, түрткі салушы, қалыптастырушы және нәтижелі.

*Мотивациялық-түрткі салу* бөлігінде мотив пайда болады, қажеттілік түрінде сөйлесуге деген ниетінің болуына, жазбаша түрде қандай да бір ақпаратты беруге байланысты, түпкі ойын айтқысы келеді.

*Аналитикалық-синтетикалық* бөлігінде сөйлеудің өзі қалыптасады және іске асырылады, нақты мәтінді құрастыру үшін қажетті сөздер іріктеледі, тақырыптық белгілерді ұсыныстар тобына бөлінеді, сөйлемдер арасындағы байланыстарды мағыналық ұйымдастыруда предикат немесе өзекті бөлігі атап көрсетіледі.

Жазбаша сөйлеудің *орындаушылық* бөлігі қызмет түрі ретінде жазбаша мәтіннің графикалық белгілерінің көмегімен өнімді көрсетумен іске асырылады.

Психологтардың тұжырымдауынша, жазбаша сөйлеу негізі ауызша сөйлеу болып табылады. Ауызша сөз және соның ішінде сөйлеу жазу мен сөздерді тудыру механизмдерінің өздерімен байланысты. Бұл ойлаудан (не айтудан) тілдің қажетті құралдарын іріктеуге (мұны қалай айту, қандай сөздер керек және оларды сөйлегенде үйлестіру) және ойды тілдің көмегімен ауызша – сөйлеуде немесе жазбашада – жазуда іске асырғанға дейін байқалады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, білім алушыларды жазбаша сөйлеуге үйрету және дамыту жолдарын талдап, түрлі жаттығулар ұсынып, оқытуда жаңа материалдар қолданып, түрлендіріп отырған кезде ғана оң нәтиже беретіні сөзсіз. Ал, кәсіби педагогикалық іс-әрекет, іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты, психологиялық (пәндік) мазмұнмен анықталады, оған мотивация, мақсат, пән, құралдар, тәсілдер, өнім мен нәтиже жатады. Өзінің құрылымдық ұйымдасуында педагогикалық іс-әрекет әрекеттердің (іскерліктер) жиынтығымен сипатталады, олар ары қарай қарастырылады.

Қазіргі таңда білім беру процесінің негізгі қатысушылары ретінде мұғалімдерге жоғары талаптар қойылады. Қазіргі әлемде педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуына, оның құрылымына, мазмұнына, технологияларына және жалпы мұғалімдерді даярлау мен білім беру сапасын бағалауға байланысты сұрақтарға жауап іздеу қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби іс-әрекет қызметін жүзеге асыру тәжірибесі айтарлықтай өзгерді. Бұл өзгерістер көп жағдайда Қазақстан Республикасында және әлемде білім беруді жаңа білім сапасына қол жеткізу форматында қайта құру туралы құжаттарда тұжырымдалған білім берудің мақсаты мен нәтижесін жаңа түсінікпен түсіндіріледі.

Соңғы онжылдықтарда біздің елімізді әлеуметтік-мәдени жағдайы айтарлықтай өзгерді. Қазақстан нарықтық экономика мен құқықтық мемлекет құратын ашық елге айналуға, бұл адамның өз әл-ауқаты мен қоғамның әл-ауқаты үшін бостандығы мен жауапкершілігін арттырады. Қазіргі әлемдегі адам капиталы кез келген елдің дамуының басты ресурсына, оның тұрақтылығы мен ілгерілеуін қамтамасыз ететін факторға айналуға. Жалпы орта білім беру жылдам өзгертін әлемдегі белгісіздік жағдайында тәуелсіз жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті мобильді және жоғары білікті мамандарға қажет етеді, бұл, әрине, мұғалімнің дайындығы мен дамуына ерекше талаптар қояды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Ә.Н. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. <http://www.akorda.kz/-zhaldauy-2017-zhylgy-31-kantar>.
2. Алдияров Қ. Ұстаз психологиясының ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 2006. - № 11. – 12.
3. Коменский Я.А. Великая дидактика /Избранные сочинения. Глава 22. – М.: Педагогика, 1989. – 416 с.
4. Жексенбаева У.Б. Компетентностно-ориентированное образование в современной школе: учебно-методическое пособие - Алматы, 2009.-190 с.
5. Гальперин А. И. Очерки по стилистике английского языка. — М.: Просвещение, 1999. – 360 с.
6. Шамшырақова Г. Ағылшын тілін оқытудың құрылымы //Кәсіптік мектеп. - №3, 2007. –Б 12-15.

**ӘБІШ ДАНАГҰЛ БАҚТИЯРҚЫЗЫ,**

Магистрант 2-го курса,  
специальность «7М01201-Дошкольное обучение и воспитание»,  
Казахский национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы

**ЖҰМАЕВА ЫРЫСКҰЛ САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ,**

Магистрант 2-го курса,  
специальность «7М01201-Дошкольное обучение и воспитание»,  
Казахский национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы

## ВЫРАЗИТЕЛЬНОЕ ЧТЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ КАК УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Аңдатпа.** Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілі мен сөйлеуін дамыту шарттары ретінде кітапты мәнерлеп оқудың кейбір мәселелері келтірілген. Автор мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері мен мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту қаншалықты маңызды екендігі туралы ойларымен бөліседі. Назар интонациялық дауыс, дикция, нақтылығы сөзді айту, сонда, тыңдаушыларынан эмоционалдық ырғақ табу мүмкіндігі.

**Түйінді сөздер:** даму, тіл, сөйлеу, мектеп жасына дейінгі балалар, мұғалімдер, балалар, отбасы, ата-аналар, мәнерлеп оқу.

**Аннотация.** В статье излагаются некоторые вопросы выразительного чтения книги как условия развития языка и речи детей дошкольного возраста. Автор делится размышлениями о том, как важно воспитателям дошкольных учреждений и родителям дошкольников самим развивать навыки выразительного чтения. Обратит внимание на интонационный строй голоса, дикцию, четкость проговаривания слов, и тогда, вполне возможно найти эмоциональный отклик у слушателей.

**Ключевые слова:** развитие, язык, речь, дошкольники, педагоги, дети, семья, родители, выразительное чтение.

**Annotation.** The article describes some issues of expressive reading of the book as a condition for the development of language and speech of preschool children. The author shares his thoughts on how important it is for preschool teachers and parents of preschool children to develop their own expressive reading skills. Pay attention to the intonation structure of the voice, diction, clarity of pronouncing words, and then it is quite possible to find an emotional response from the audience.

**Keywords:** development, language, speech, preschool children, teachers, children, family, parents, expressive reading.

### ВВЕДЕНИЕ

Век глобализации характеризуется, с одной стороны, дальнейшим прогрессом мировой экономики, с другой стороны, глобализационные процессы имеют и негативные последствия. Так, например, они влияют на рост социально-экономического расслоения общества, вследствие чего появляются привелигированные группы людей, имеющие чрезмерное материальное преимущество перед другими. Появляются семьи, в основе воспитания которых, превалируют материальные ценности, а моральные устои теряют свою значимость. Некоторые родители показывают не самый лучший пример воспитания детей: чрезмерно опекают, захваливают, излишне обеспечивают материальными благами и др.

Между тем, материальное благосостояние людей никогда не определяло состояние духовно-нравственной сферы общества. Наоборот,

высокий уровень духовно-нравственного воспитания граждан являлось основой успешности политического, социально-экономического, культурного и научного развития государств.

### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В начале XXI века в условиях глобализации проблемы воспитания подрастающего поколения приобретают особую остроту. Требуют тщательного изучения и анализа вопросы воспитания гражданственности, духовности и нравственности у молодежи, формирования их готовности к жизнедеятельности в современном обществе, умения взаимодействовать с людьми разных национальностей, возрастов и категорий. Особое значение имеет высокий уровень речевой культуры, умение грамотно строить коммуникативное взаимодействие, владение стилем делового общения.

Исследования проблем развития языка и



речи ведутся учеными различных сфер науки: лингвистами, психологами, философами, социологами и др. Педагогическая наука располагает достаточно солидным фондом научных исследований, посвященных развитию культуры речи, культуры языка и общения. Дошкольная педагогика исследует данную проблему, акцентируя внимание родителей на актуальность проблемы речевого развития детей с самого раннего детства.

Фундаментальное исследование, посвященное выяснению основного пути развития значений слов в детском возрасте, сравнительному изучению развития научных и спонтанных понятий ребенка, процессу его речевого мышления, было выполнено Л.С. Выготским [Выготский Л.С., 1999, 271 с.]. Теоретические и методологические вопросы лингвистики, психолингвистический анализ порождения и восприятия речи изучал А.А. Леонтьев [Леонтьев А.А., 1999, 130 с.]. Интерес представляют научные исследования С.Н. Цейтлин, посвященные изучению речи ребенка на ранних этапах развития, освоению письма и чтения, лексике, речевой диагностике и др. [Цейтлин С.Н., 2017, 97 с.].

Существует ряд отечественных научных исследований, направленных на изучение развития связной речи, использования художественной литературы в развитии дошкольников, это труды Н.И. Бенеш [Бенеш Н.И., 2003, 43 с.], К.С. Ильяшевой и др. [Ильяшева К.С., 2006, 61 с.]. А.Б. Елькеевой рассматриваются вопросы роли образовательных программ в развитии инноваций дошкольного образования в Казахстане [Елькеева А.Б., <https://www.psyh.kiev.ua>].

Тем не менее, современный период развития общества характеризуется появлением значительного количества детей с проблемами развития языка и речи, требуется обновление содержания воспитания и обучения в дошкольных учреждениях, активизация исследований в области речевого развития.

В казахстанской системе образования наблюдается обновление содержания воспитания и обучения детей и подростков, в том числе, детей дошкольного возраста. Перед педагогами стоят задачи воспитания гармонически развитой личности с высоким интеллектуальным и духовно-нравственным потенциалом. Решение задач всецело зависит от профессиональной компетентности педагогов, их умения сотрудничать с родителями детей, посещающих данное дошкольное учреждение. Тем более, что многие родители стремятся отдать своих малышей в то дошкольное учреждение, где гарантирована комфортная среда, где педагоги проявляют творческий подход к своей работе, отличаются мастерством в профессиональной деятельности.

Среди многих важных задач воспитания и обучения детей дошкольного возраста в детс-

ком саду обучение родному языку, развитие речи и речевого общения — одна из главных. Эта общая задача состоит из ряда специальных, частных задач: воспитания звуковой культуры речи, обогащения, закрепления и активизации словаря, совершенствования грамматической правильности речи, формирования разговорной (диалогической) речи, развития связной речи, воспитания интереса к художественному слову, подготовки к обучению грамоте. Особого внимания в развитии детей дошкольного возраста требует работа над речью, языком и мыслительной деятельностью. Глубоко прав исследователь А.Н. Гвоздев в том, что «Язык – средство общения, познания, развития – является важнейшим условием ознакомления детей с культурными ценностями общества» [Гвоздев А.Н., 1961, 163 с.].

Языковую и речевую культуру необходимо воспитывать, формируя качества ответственности, коммуникативности, готовности к эмоциональному позитивному отклику.

Профессор О.С. Ушакова отмечает, что в соотношении языка и речи важно понимание сущности языковой способности, формирования элементарных представлений о системах языка: «Речь конкретна и неповторима, она материальна, так как состоит из артикулируемых знаков, воспринимаемых органами чувств; речь субъективна, являясь видом творческой деятельности индивида. Язык обладает абстрактностью и воспроизводимостью, он потенциален и объективен по отношению к говорящему» [Ушакова О.С., 2010, 6 с.].

Одним из важных факторов целостного развития ребенка является выразительность речи. Используя выразительное чтение книги, мы воздействуем на ум и эмоциональную сферу сознания ребенка, способствуем развитию связной речи и пониманию его содержания.

Дошкольники, усваивая родной язык, овладевают важнейшей формой речевого общения – устной речью. Речевое общение в его полном виде (понимание речи и активная речь) развивается постепенно. Основные задачи развития речи – воспитание звуковой культуры речи, словарная работа, формирование грамматического строя речи, ее связности при построении развернутого высказывания – решаются на протяжении всего дошкольного детства. Однако на каждом возрастном этапе задачи постепенно усложняются, меняются методы обучения. В дошкольном детстве ребенок овладевает, прежде всего, диалогической речью, которая имеет свои особенности, проявляющиеся в использовании языковых средств, допустимых в разговорной речи, но неприемлемых в построении монолога по законам литературного языка.

В процессе овладения речью ребенок приобретает навыки образования и употребления грамматических форм. Формирование грамма-



тического строя речи у дошкольника включает работу над морфологией, изучающей грамматические значения в пределах слова (изменение слова по родам, числам, падежам), словообразованием (созданием нового слова на базе 10 другого с помощью специальных средств), синтаксисом (сочетаемостью и порядком следования слов, построением простых и сложных предложений).

Современные семьи имеют возможность иметь домашнюю библиотеку, посещать с детьми городские библиотеки, а самое главное – сделать выразительное чтение детской книги семейной традицией.

Так, большинство ученых отмечают необходимость выразительно говорить в общении, потому что это способствует поддержанию диалога, беседы. В особенности выразительное говорение взрослого важно для развития речевых навыков детей.

Выразительное чтение детской книги знакомит детей с красотой окружающего мира, с историей, культурой народа. Через чтение ребенок познает прошлое, настоящее будущее, учится анализировать жизненные ситуации, сравнивать предметы, отличать цветовые гаммы окружающего мира. В развитии речи важно овладение не только фонетическими, грамматическими, лексическими навыками языка. Самое главное – приобретение навыка общения. Причем, круг общения должен постепенно меняться и расширяться.

При чтении книги детей дошкольного возраста следует больше воспринимать как слушателей, чем читателей. Педагог или родитель, читающий книгу детям, должен позаботиться о том, что он выразительным чтением доносит смысл содержания книги, раскрывает главную идею, вызывает у них позитивный эмоциональный отклик, учит их сочувствовать и сопереживать. С помощью выразительного чтения взрослые помогают детям осмыслить суть духовно-нравственных ценностей, познакомиться с образцами фольклора, литературной прозы и поэзии.

Педагоги или родители, прежде чем читать книгу детям, должны сами поработать над развитием выразительности, которое определяется интонацией, дикцией, силой и высотой голоса. При чтении детской книги важно делать логические ударения, соблюдать паузы, следить за темпом чтения и эмоциональным восприятием малышами содержания. Дети чувствуют отношение читающего к героям произведения, и это также отражается на понимании и восприятии.

Выразительное чтение книги оптимально воздействует на развитие речи детей при условии иллюстративного сопровождения процесса чтения. Появилось множество панорамных книг с прекрасным иллюстративным материалом, с объемными картинками, которые приглашают

детей в путешествия, загадочный животный и растительный мир.

Педагоги дошкольных учреждений, родители при подготовке к детскому чтению должны продумать все, подобрав соответствующий наглядный материал, отобрать содержание и разработать вопросы, которые по ходу чтения можно задавать, помогая тем самым осмысливать суть литературного произведения.

Беседа также является условием развития речи дошкольника. Используя картинки, различного рода игрушки (дидактические, технические и др.) в беседе мы задаем вопросы, которые способствуют выявлению и развитию навыков описания, сравнения, связности речи. Вопросы также следует проговаривать четко, соблюдая логические ударения и паузы. В одном предложении должен быть один вопрос, не следует ставить двойственные вопросы. Например, «Что и почему?». Все слова должны быть доступны детскому пониманию, ясны и точны. Мотивации читательского интереса, удержанию внимания малышам способствует умение педагога (родителя) строить беседу, что называется, эмоционально окрашенной.

В дошкольных учреждениях чтение книг часто связывают с сюжетами детских игр и именно в игре дети закрепляют полученные образы, смысл сказки или рассказа.

Опыт некоторых детских садов показывает, что о выразительном чтении книг как об одном из эффективных средств развития языка и речи детей, надо говорить на родительских собраниях, беседовать с родителями индивидуально, проводить для них семинары и консультации. Целенаправленная работа воспитателей с родителями по выразительному чтению поможет развитию интереса к книге у детей, стремлению четко проговаривать звуки. Выразительное чтение способствует тому, что дети, понимая эмоциональный смысл сказанного, четко реагируют на содержание книги.

Ученые Томблин, Сенешаль подчеркивают важность роли устного языка в развитии грамотности детей. По их утверждению, существует тесная связь между языком и грамотностью, поэтому выразительное чтение способствует появлению новых слов, понятий, развивает другие языковые компетенции детей. Освоение грамматического ряда языка помогает дошкольникам овладеть навыками размышлений, обоснования, умения делать выводы.

Выразительное чтение создает для детей благоприятную среду, где образуется простор детским фантазиям, творческому воображению, всплеску эмоций, возникновению сто тысяч «Почему?».

### **Выводы**

В дошкольном возрасте следует придавать

большое значение языковому и речевому развитию детей. В 5-7 лет речевое развитие происходит наиболее интенсивно. Дошкольник учится выбирать правильно слова для общения с другими людьми, ищет способы составления связной речи, стремится к выстраиванию развернутого высказывания.

Эффективному овладению говорением и пониманием того, о чем говорят вокруг, помогают книги. Как читать книги детям дошкольного возраста? Что способствует быстрому развитию языка и речи? Важно взрослым, читающим книги детям, отработать интонационный строй голоса, обратить внимание на выразительность чтения.

Выразительное чтение способствует развитию внимательности и сосредоточенности детей, мотивирует познавательный интерес, воспитывает художественный вкус и любовь к литературе. Причем, чтение, как прозы, так и поэзии вызывает у детей эмоциональный отклик, что способствует развитию таких качеств человека,


как сопереживание, сочувствие, стремление содействовать, помочь, оказать кому-то помощь, заботу.

Для формирования выразительности чтения педагогам и родителям необходимо заниматься саморазвитием, самосовершенствованием своего собственного языка и речи. Двусторонний характер целостного педагогического процесса в детском саду или в семье определяется взаимообусловленностью деятельности субъектов. Результаты деятельности воспитанников есть результаты деятельности педагогов и родителей.

Четкость произношения, интонационная выразительность, умение читающего показать свое отношение к героям произведения находят отклик в душе маленьких слушателей. Вне сомнения, актуальность проблемы выразительного чтения книги для развития речевых навыков детей дошкольного возраста. Соответственно такого рода исследования необходимо продолжать и вести в широком научном спектре.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. Изд.5, испр., - М.: Издательство «Лабиринт», 1999. – 352с.
2. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.: Смысл, Академия, 1999. – 288с.
3. Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Освоение ребенком родного языка. М.: ВЛАДОС, 2017. – 240с.
4. Бенеш Н.И. Основы грамоты и письма: Методическое руководство. Пособие для педагогов дошкольных классов и групп. – Алматы: Мектеп, 2003. – 88с.
5. Ильяшева К.С. Художественная литература «Литературный ручеек»: метод. пособие для воспитателей ст. группы дет. сада – Алматы:ітап, 2006. – 104с.
6. Елькеева А.Б. Роль образовательных программ в развитии инноваций дошкольного образования в Казахстане. – <https://www.psyh.kiev.ua>
7. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи /А.Н.Гвоздев: - М.: Просвещение, 1961. – 265с.
8. О.С.Ушакова Теория и практика развития речи дошкольника. – М.: Сфера, 2010. – 240с.



**БАЙМАГАНБЕТОВА ЖУЛДЫЗАЙ ТУРМАТОВНА,**  
п.ғ.к., аға оқытушы,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті



**ЖУБАНДЫКОВА АКГУЛ МУРЗАЛИЕВНА,**  
п.ғ.к., профессор м.а.,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИМЫЛ ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Мақалада ұлттық ойындар арқылы балалардың қимыл қозғалыс белсенділік дағдыларын қалыптастыру мәселесі сөз болды. Ұлттық ойынды зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамдағы жас ұрпақты тәрбиелеудің білім беру жүйесін реформалау аясында жүзеге асырылатын өзгерістерге байланысты жүзеге асырылады. Өзгерістерге бет бұру, жаңалықтар енгізу адамдардың жеке тәжірибесіне, жас кезінен алған тәрбие, оқыту және дамыту тәжірибесінде сыналған, мыңдаған жылдар бойына жинақталған халықтың өткен тәжірибесінің ең жақсы жетістіктеріне негізделген.

**Кілтті сөздер:** ұлттық ойындар, қимыл-қозғалыс белсенділігі, спорт, денешынықтару, мектеп жасына дейінгі кезең.

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос о формировании навыков двигательной активности детей посредством народных игр. Актуальность исследования подвижной народной игры обусловлена преобразовательными процессами воспитания подрастающего поколения в современном обществе, осуществляющимися в условиях реформирования системы образования. В процессе этого использование всего нового, прогрессивного опирается на лучшие достижения прошлого опыта народа, накопленного тысячелетиями, проверенного в практике воспитания, обучения и развития личности человека с малых лет.

**Ключевые слова:** национальные игры, двигательная активность, спорт, физическая культура, дошкольный возраст.

**Summary.** The article discusses the issue of the formation of children's motor activity through folk games. The relevance of the study of the mobile folk game is due to the transformative processes of the upbringing of the younger generation in modern society, which is carried out in the context of reforming the education system. In the process, the use of everything new, progressive is based on the best achievements of the experience of the people, accumulated over thousands of years, tested in the practice of education, training and development of a person's personality from an early age.

**Key words:** national games, physical activity, sports, physical culture, preschool age.

### КІРІСПЕ

Қазақстан қоғамының қайта құрылуы жағдайында балалар мен оқушы жастардың денсаулық күйі туралы мәселе маңызды болып отыр. Спорт, дене шынықтыру, салауатты өмір салты бірлесе отырып, жастардың тіршілік әрекетінің жаңа жағдайларға бейімделуіне, тоқтаусыз нашарлап бара жатқан экологиялық жағдайға қарсы тұра білуіне көмектесуге қабілетті сенімді қорғанысы болуы қажет.

Бұл өз кезегінде балалар мен жастардың бойында өзінің денсаулығы мен денесінің жетілуін нығайтуға қатысты құнды бағдарланулар мен ойлануларды қалыптастыруға қойылатын талаптың көкейкескілігін арттырады.

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» туралы Заңында дене шы-

нықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат міндеттері «дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындардың тіршілік қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету» және тұрғындардың жаппай демалыс орындарындағы дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі бағыттарын «спорттық клубтардың және дене шынықтыру-сауықтыру мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу секциялары» ретінде анықталады [<http://adilet.zan.kz>].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [[dilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)] «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1 [<http://adilet.zan.kz>] тармағына сәйкес әзірленді және мыналарға:

1) оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектеп-

ке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне;

4) оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

“Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі - үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, оқу қызметіастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуге;

3) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құруға;

4) қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;

5) тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;

6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындықты;

7) ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Баланың өз еркімен жасайтын қимыл - әрекеттері азайып, дене бітімінің мінез-құлқының қалыптасуына зияны тиіп, іскерлік-ептілік дағдылары мүлдем жойылып барады. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін кеңінен қолдана отырып, ұлттық ойындарды, дене жаттығуларын кеңінен қолдану керек. Жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары болып табылады.

Халықтың тарихи айнасының жалғасы ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлік мирас жолымен жететін мәдениеті, оның ішінде біз қарастырып отырған дәстүрлі халық ойындарын қазіргі жас ұрпақ өміріне енгізу, сонымен қатар бұл мәселені бүгінгі күн талабына сәйкес педагогикалық талаптар аясында баланың денсаулығына пайдалы жақтарын көрсете отырып іске асыруды орындау қа-

зіргі дербес қазақ ғылымының зерделеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі болып саналды.

Қазақстан егемен мемлекет ретінде қалыптасып бүкіл дүниежүзілік саяси аренадағы орны айқындалып жатқан сәтте, жеке адамның әсіресе жас ұрпақтың жан-жақты дамуы мен ұлттық санасының өсуіне мемлекеттік тұрғыдан үлкен талаптар қойылуда.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі қазіргі қоғамдық дамуда үлкен әлеуметтік мәнге ие. Ал дене тәрбиесі мен халықтың ұлттық ойын түрлерін үйлесімді ұштастыру баланың денесін шынықтыру жұмыстарында қажетті құрал болып табылады. Соңғы жылдары зерттелген көптеген ғылыми еңбектердің негізгі тұжырымдамасы бойынша ұлттық спорт түрлерін дене шынықтыру және спорт саласында нақты бір мақсатты бағытпен дамытқанда ғана пайдалы құрал ретінде дәлелденіп қарастырылды. Мұндай теориялық көзқарас тұжырымдарын жасағандарға бірқатар (Э.Я. Степанкова, В.Л. Страковская, Е. Мухитдинов, А.Б. Нұрлыбекова, М.Т. Тұрскелдина, Т. Иманбеков, А.К. Айтбаева, т.б.) ғалымдарды жатқызуға болады.

Қазақтың ұлттық ойындарының этникалық ерекшелігін саралап, талдап өз әлінше топқа бөліп, жіктеуге талпынған белгілі ғалымдардың (Е.А. Алекторов, А.А. Диваев, М. Гуннер, Н. Пантусов, Е.М. Пещерова, т.б.) еңбектерін атауға болады. Алайда қазақтың ұлттық ойындарына ғылыми тұрғыдан мән беріліп оны бірнеше сатыға бөліп, теориялық тұрғыдан тұжырым жасап дәлелдеу ХХ-шы ғасырдың басынан басталады.

Қазақтың ұлттық ойындарының тарихи қалыптасуын, оның типтік түрлерін бірнеше топқа бөліп жіктеген қазақстандық ғалымдарды (М. Гуннер мен М. Рахимгулов, М. Тәнекеев, М. Төтенаев, Е. Сағындықов, Т.Ш. Қуанышев) сынды ғалымдарды жатқызуға болады.

Білім беру қоғамдық орындардағы тәрбиеде ойынның мән-мазмұны әлеуметтік, қоғамдық жағдаймен шарттас. Заманның уақыт тірлігі мен талабынан туатын қарым-қатынас, өмірдің өзінен бастау алатын еңбектің түрлі сипаттары, адамдардың арасындағы бауырмалдық, өзара қамқорлық, жаһаттастық, дәстүр, салт-санадағы ізгіліктегі кісілік келбет бала ойынына әсерін тигізіп, өміршең өзгерістерге түсіп отыратын іс-әрекеттің ұйытқысы. Ойынның барысынан бастау алатын бастауыш сынып кезеңдегі тәлім-тәрбие қазақ елінің болашақ қайраткерлеріне тән азаматтық кескін келбет нышандарына бағдар беретін және ұлттық болмысына сіңісті мейірім әдептерін бойға терең дарытып, дағдысына сіңірудегі тиімді жолы, өміршең негізі. Өйткені сәби кезде бойға егілген тәлім-тәрбие нышандары есейгенде де өзінің өнегелік өрнектерін жоғалтпайтындығын ескертіп, ұлылығын бүкіл әлем халқы мойындаған заманымыздың заңғар



жазушысы М. Әуезов былай деп жазды: «...бала қандай оқысын, қандай үлгісі мол ортада жүрсін әуелі анадан алған өрнек ішкі сырының арқауы болады... Ал қазақ мешел болып қалам демесең тағылымыңды, бесігіңді түзе» [М. Әуезов, 1991, 66 б.].

Ойынның педагогикалық және психологиялық мәні-қимыл-қозғалыс арқылы денені шынықтыру, ақыл-ойды дамыту, тілді жетілдіру, мінез құлықты қалыптастыру, адамгершілік әдеп дағдыларын сіңіру, дербестік қасиеттер егу т.б. толып жатқан тәлімдік сипаттарға тәрбиелеу. Тек мұнымен ғана шектелмейді. Ойын бүгінде оқыту мен білім берудің дидактикалық жетекші саласына айналды. Оқыту мен білім берудің тиімді тәсілдерін іздеушілер-ойын тек жасы кіші балаларға ғана емес, ғылым жолына ұмтылған студенттер, болашақ кәсіпкерлер мен ізденушілердің ойлау белсенділігін жетілдіріп, күрделі түсініктерді меңгеруге жол ашатын әдіс ретінде танып отыр. Сондықтан бүгінде арнаулы және жоғары оқу орындары тәжірбиесінде ойын әдісі кеңінен қолданылуда.

Ұлттық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік, мейірімділік әдептеріне тәрбиелеу, ана тілін меңгерудегі ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлік тиімді жолдары есепке алынбай, тек сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде ескерусіз қалды.

Ресей империясына қарасты елдердің бәрі бір тілге, бір дінге, бір дәстүрге көшу идеясы патша заманында да, қазан төңкерісінен кейін кеңес дәуірінде де үстемдік етті. Оның үстіне интернационализм ұранын малданған жұртшылық көлегейленген саясатты пір тұтып, халықтың дәстүрі мен дінінен, тілінен айырылуға шақ қалғанын енді ғана түсініп келді. Солай болғанымен де, халық қамын ойлаған ұлт зиялылары әр кезде өркениетті ой айтудан жаңылған жоқ.

Ұлттық тәрбиеге арналған бірлі жарым еңбектер болды. Нәзипа Құлжанованың (1887-1934 ж.) Орынборда басылған «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923 ж.) кітабы, Ахмет Байтұрсынов құрастырған педагогикалық жинақ соның айғағы.

Арнайы зерттелмегенімен де, қазақ халқының ұлттық ойындары жөнінде пікір айтушылар болды. Жазықсыз жапа шегіп, зорлықтың құрбаны болған профессор Халел Досмұхамбетов (1883-1937 ж.) ойынның барлық сипаты, болмыс-бітімі, қазақ әдебиетінде жан-жақты, шебер суреттелгендігі жөнінде: «Баланың тууы, оның ойындары... халық әдебиетінде поэтикалық сипатта өз көрінісін тапқан», - деген тұжырым жасайды. Сондай-ақ қазақ халық әдебиетінің класификациясы деген жүйелік көрсеткіш жасағанда, оны 46 салаға бөліп, бұл топтастырудың біреуін «ойын және онымен байланысты түрлі мәтел, тақпақ, әңгіме», - деп, ойынды арнайы бөлімге жіктеген.

Бала тәрбиесіне тек ұлт ойындары ғана емес,

сонымен қатар халық ауыз әдебиеті туындылары да пайдалы әсер ететіні жайлы көптеген ғылыми-зерттеушілер ертеде-ақ көңіл бөліп, қалам тартқан еді. Солардың бірі қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, мақал-мәтелдерін, ойындарын зерттеген Әбубәкір Диваев болды.

Шамасы келгенше үлкен еңбек еткен адам. Қырық жыл бойында жапанда жатқан қазақ-қырғыз елін шет жұртқа танытқан, қуаныш қайғысын ортақ бөліскен адам. Бұл зерттеуші-ғалымның көп жылдық еңбегінде халық әдебиет үлгілері, ертегілер, хикаяттар, эпостар, тарихи жырлар, өлеңдер, қазақ балаларының ойнайтын ойындарына тоқталған. Атап айтсақ «Жақсылық пен жамандық», «Ақылдың шапағаты», «Шәмшит» т.б. ертегілері мен әңгімелерін алсақ, олар баланы адалдыққа, әділдікке, төзімділікке, ақылға еріксіз жетелейді.

Қазақ балаларының ойындары жөнінде Әбубәкір Диваев былай дейді: «Қазақ фольклорына қызығатындарға қазақ балаларының ойындары жөнінде кейбір түсінік беруді ескере отырып, менің мынаны айтуым керек: «Егер қыздар жасайтын қуыршақтарды, балалар саз балшықтан илеп жасайтын аттар мен түйелерді есептемесек, қазақтарда ойыншықтар жоқ дерлік. Мұнда қазақтың қара баласы өзіне-өзі түйе немесе ат түріндегі ойыншықты жасап алады, сондықтан да бұлар оның, балақайдың бүтіндей өз өнімі, шығармашылық қарекеті болып табылады» [Ә. Диваев, 1985, 75 б.].

Тегінде балалар ойнайтын ойыншықтардың ішінен сатып алғандарына қарағанда баланың өз қолымен немесе жақын адамдарының қолынан туындаған заттардың құнды болу себебі, қолдан жасалған ойыншықтарына балалар өз фантазиясын, арман-қиялын қосады, сондықтан оның тәрбиелік мәні де жоғары болады деп ойлаймыз.

Әбубәкір Диваевтың «Тарту» атты жинағының «Қазақ балаларының ойындары» бөлімінде «Соқыр теке», «Түйе-түйе», «Көк сиыр», «Үйшік, үйшік», «Орда» т.б. балалар ойындарына тоқталып, олардың толық мазмұны берілген.

Қазақ халқының ұлттық ойындарын жинастырумен шұғылданған этнограф Әбубәкір Диваевқа өте риза болған профессор Х. Досмұхамбетов «Қазақтың халық әдебиеті» (1928 ж.) очеркі кітбының алғашқы беташарына былай деп жазыпты: «Қазақ әдебиетін қырық бес жыл бойы ерінбей-жалықпай жинаған Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевқа арналады». Рухани байлықты жинаушыға деген бұл құрмет – халқын шын сүйген адамның азаматтық танымы.

Егер ұлттық ойындар баланы рухани дамытады десек, осы тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан дәлелдемек ойымыз бар. Ол үшін кез-келген ұлт ойынын алып, оның тәрбиелік жағына жан-жақты айқын көз жеткізуімізге болады.

Мәселен, байырғы ұлт ойындарының бірі «Арқан тартыс» ойынын алсақ, бұл жерде ойын-

шылардың бірлесіп жұмыла күш жұмсауды талап етеді, тек бірлік, ынтымақ арқылы жеңіске жетуге болатынын сезінеді. Осындай мысалдар арқылы қазақтың ұлттық ойындары баланы қамқорлыққа тәрбиелейтініне көз жеткізіп отырмыз. Мұның негізгі әрі басты себебі қандайда болмасын ұлт ойындарының өмірдің өзінен алаынғандығы, сол ойындардың мазмұнында халқымыздың тарихи, өмір жолы жатқаны анық. Мүмкін ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бұрын ойнаған ойындарының бізге дейін жетіп, бізден кейінгі ұрпаққа тарала беруінің басты себебі-ұлттық ойындарымыздың өміршендігі болар.

Енді өте ертеден келе жатқан қазақтың балалар ойындарының бірі - «Асық» ойынның тәрбиелік мәніне тоқталып өтейік. Оның пайда болуы жабайы аңдарды қолға үйретіп, олардың күшін пайдалану мақсатында жасалған әрекет екені анық. Сол кезден бастап бұл ойын халықта өмір сүріп, дамып келе жатыр. «Асық» пен «Жамбы ату» (Садақ ату) ойындары баланы мергендікке, дәлдікке үйретеді. Бір ғана асық ойынының бірнеше жолдары бар. Бұл ойын баланың көру сапасын, нысананы дәл көздеу, бірізділік, төзімділік, ұстамдылық, жағымды қарым-қатынасқа, әр қимылды ойланып істеуге дағдылайды. Сонымен қатар бұлшық еттердің қатаюына, омыртқа сүйектерінің жетілуіне, тыныс органдарының дамуына пайдалы әсер етеді. Ойын барысында баланың жеңіске деген сенімі артып, өзінің дене мүмкіндіктерін сезінеді, ал жеңілсе, жеңіске жету

жолдарын қарастырады. Әрине, бұл қалыптасқан көзқарастар баланың жеке өмір сүруге дайындалуының алғашқы қадамы болады.

Ойындардың тәрбиелік мәнінің өте жоғары екенін сол кезде-ақ түсінген ата-бабаларымыз ойындарға үлкен мән берген. Оның дәлелі ретінде халық ауыз әдебиетінің баға жетпес туындылары-батырлар жырындағы халық ойындарының тәрбиелік мәніне көңіл бөлуін айтуымызға болады. Оларға «Қобыланды-батыр», «Ер-тарғын», «Алпамыс», «Қозы-Көрпеш, Баян-Сұлу», «Қарабек-батыр», «Ер-Қосай» т.б. жырларды айтуға болады. Бұл шығармалардың мазмұнына ерлік, адалдық, сыйласымдылық, халықа деген құрмет іспетті адамгершілік қасиеттері арқау болған.

Ұлт ойындарының тәрбиелік жағын халық ауыз әдебиеті туындылары мен байланыстырып қарастыру себебіміз ұлт ойындары да біздің ойымызша рухани байлығымыздың қайнар көздерінің бірі, халықтық педагогиканың бір тармағы.

Ұлттық ойынға қатысты ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектерге жан-жақты талдау жасай отырып және зерттеу жұмысымыздың адамгершілік тәрбиесінің міндеттерінен туындайтын қасиеттерді басшылыққа алу негізінде, біздіңше, ұлттық ойындарды былайша топтаған тиімді (Сурет 1)

Ұлттық ойындарды топтастыру (классификациялау):



**Тәртіптілікке**

«Тоғыз таяқ»  
«Тоқта»  
«Сақина тастамақ»  
«Біз де»  
«Жаңылма»

**Сүйіспеншілікке**

«Қаршыға мен қарлығаш»  
«Қозы-лақтар»  
«Жылдырт-жылдырт»  
«Қыз қуу»

**Қамқорлыққа**

«Бос орын»  
«Тартыс»  
«Күн мен түн»  
«Аңшылар»  
«Арқан тарту»  
«Әлпеншек»

**Жағымды қарым-**

«Түйілген орамал»  
«Ақ серек,көк серек»  
«Қуыр-қуыр қуырмаш»  
«Алақан соқпақ»  
«Айгөлек»  
«Асық»

«Кім тапқыр?»  
«Күрек»  
«Айдаһар»

«Көкпар»

«Ордағы қасқыр»  
«Жұмбақ»

«Ақ санды, көк сандық»  
«Тығылма»  
«Мысық пен тышқан»

Бұл кестеден көріп отырғандай, адамгершілік тәрбиесінің негізгі нышаны етіп тәртіптілікті, сүйіспеншілікті, қамқорлықты, жағымды қарым-қатынасты ала отырып, солардың негізінде қосымша ұйымшылдық, бауырмалдық, мейірімділік, сыйластық сияқты қасиеттерді дамытуға толық мүмкіндік бар екені тәжірибие жүзінде дәлелденіп отыр. Сол себепті де тиімді пайдалана білген тәрбиешіге әрбір ұлттық ойынның тәрбие берерлік өзіндік тәрбиелік мәні зор деген қағиданы дәлелдей аламыз.

Баланың кез-келген әрекеті белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталғанын педагог-тәрбиеші ұмытпауы тиіс. Негізгі міндеттер қайта өзгертуге мүмкіндік беретін шешімді және сонымен бірге алға қойған мақсатқа жетуді жеңілдету аралықтарын алады. Балалар шешетін тәжірибелік міндеттер оқудан өзгешеленіп тұрады. Ойын міндетінің мазмұны баланың тәжірибесімен, білімімен ерекшеленеді. Бала өз әрекетінен тәжірибе алады, көптеген нәрселерді тәрбиешілерімен ата-аналарынан үйренеді. Әр түрлі білімдер, әсерлер баланың рухани әлемін байытады, осының барлығы ойында көрініс береді. Ойын міндеттерін шешу заттық әрекеттің көмегімен ойын тәсілдерін шынайы танып, қорытудан көрінеді. Бала қуыршаққа кесемен су береді, сосын оны кубикпен алмастырады және содан кейін жай ғана қолын қуыршақтың аузына алып барады. Бұл баланың жоғары интеллектуалдық деңгейде ойын міндетін шешкенін көрсетеді. Іс жүзінде бұдан басқаша болуы да мүмкін, тәрбиеші жинақталған ойын әрекетіндегі баланың ойлауының мәнін түсінбей, барынша тәжірибелікке ұқсас ұжымдық әрекет етуді талап етуі мүмкін. Бірақ, бұл біріншіден, баланың күнделікті өмірде не болып жатқандығының барлығын ойынға енгізсек, онда оның ең негізгі ерекшелігі - қиялдауы жоылып кететінін ескергеніміз жөн.

Екіншіден, ойын жақсы таныс бейнеленгенімен, бірақ өмірлік жағдайда аз жинақталған болса, еріксіз дағдарысқа енеді. Сонымен бірге бала күнделікті өмірде нақты, анық білімдерді ғана емес, сондай-ақ түсініксіз, жорамалданған пікірлерді де алатындығы белгілі. Мысалы, бала теңізшінің кім екенін біледі, бірақ оның қандай іспен айналысатындығын білмеуі мүмкін. Өзінің түсінігін толықтыру үшін ойын үстінде сұрақтар қойып, соған жауаптар алу арқылы, айқын білімін толықтырып отырады.

Ойынның ұзақ болуын, эмоционалды қанықтығына жету үшін және ойын міндетін интеллектуалдық тұрғыдан шешуде, педагог баланың мақсатқа бағытталған тактикалық тәжірибесін байытуы, оны бірте-бірте шартты ойын жоспарына

ауыстыруы, өз бетімен ойнайтын ойында мектеп жасына дейінгі балаларды шынайылықты шығармашылықпен бейнелеуін оятуды қамтамасыз ету қажет. Эмоция ойынды қызықтырады, өзара қарым-қатынас үшін қолайлы жағдай жасайды, әр баланың жан дүниесіне қажетті тонусын көтереді, бұл өз кезегінде балалардың біріккен құрбы-құрдастарымен әрекетінде және тәрбиелеу қызметінде қабілеттілік жағдайын қалыптастырады.

Ойын бір жағынан, баланың жақын даму зонасын дамытатындықтан, мектеп жасына дейінгілердің негізгі әрекеті болып табылады. Мұнда жаңа прогрессивті әрекеттің түрлері туады және өзінің мінез-құлқын еркінше басқаруын, ұжымдық, шығармашылық әрекет ету ептілігін қалыптастыруымен байланысты. Ал екінші жағынан, өнімді әрекеттің түрлері оның мазмұнымен қоректенеді және баланың үнемі өмірлік тәжірибесі молайып отырады.

Ойында баланың дамуы ең алдымен, оның мазмұнының әр түрлі бағыттылығына байланысты өтеді. Дене (қозғалмалы), эстетикалық (ән-күй), ақыл-ой (дидактикалық, сюжетті-рөлдік) тәрбиесіне тура бағытталған ойын түрлері бар. Барлық ойын түрлерін тікелей ересектердің қатысуымен және баланың белсенділігінің түрлі формасымен үлкен екі топқа бөлуге болады.

**Бірінші топ** - бұл ойынды өткізуде және дайындықта ересектердің жанама түрде қатысуы. Балалардың белсенділігі (ойын әрекеті мен шеберлігін белгілі бір деңгейде қалыптастыру жағдайында) инициативті, шығармашылық сипатқа ие, балалар өз беттерінше ойын мақсатын қоюға қабілетті, ойынды дамытуға және міндеттерін шешуде қажетті тәсілдерді табады. Өз бетінше ойнайтын ойындарда балалардың инициативасын көрсететіндей жағдайлар жасалады. Бұл топқа әсіресе, өзінің даму қызметімен құнды, әр баланың жалпы психикалық дамуына үлкен мәнге ие танымдық және сюжеттік ойындарды енгізуге болады.

**Екінші топ** - бұл әртүрлі үйрететін ойындар, ересектер ойынның ережесін айтып немесе ойыншықтардың құрылымын түсіндіріп, белгілі бір нәтижеге жету үшін әрекет етудің белгіленген бағдарламасын жасайды. Бұл ойындарда тәрбиелеу мен оқытудың нақты міндеттері шешіледі: бұлар белгіленген бағдарламадағы тақырыптар мен ережелерді меңгеруге бағытталған. Оқыту ойындары мектеп жасына дейінгілерде адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде маңызды. Ойынды үйретуде балалардың белсенділігі негізінен репродуктивті сипатқа ие: олар берілген бағдарлама әрекетінде ойынның міндетте-

рін шешуде, тек қана оларды жаңадан өндіреді. Балалардың құрастыруы мен ептілігінің негізінде шығармашылық элементтері көп кездесетін өздік ойындарды ойлап шығарады.

Ойындағы жетістіктер баланың оқу қызметі тарда жүйелі білім алу мүмкіндігіне маңызды әсер етеді, құрбы-құрдастары мен ересектердің ортасында оның шынайы адамгершілік-эстетикалық бағытының әбден жетілуіне мүмкіндік туғызады.

Әртүрлі ойындарды баланың жас ерекшеліктеріне сай өз уақытында және дұрыс қолданғанда Үлгілік бағдарламасын өз деңгейінде шешуді қамтамасыз етеді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен бірге, әртүрлі ғылыми мектептердегі педагог және психолог ғалымдардың еңбектеріндегі ұлттық ойынның маңыздылығы туралы түсініктерін қарастыра келе, мынадай жалпы ережені беріп отырмыз:

1. Ойын - әртүрлі жастағы балаларды өз еркінше дамыту әрекетінің түрі.

2. Ойын - бала әрекеттерінің ішіндегі ең еркін түрі, онда айнала қоршаған әлемді тани, сезіне білуі, жеке шығармашылығы үшін кеңістіктің ашылуы, өзін-өзі тануы және өзін-өзі көрсетуі белсенді түрде жүзеге асады.

3. Ойын - мектеп жасына дейінгі бала әрекетінің ең алғашқы баспалдағы, оның мінез-құлқының қалыптасуының бастапқы мектебі.

4. Ойын даму тәжірибесі болып табылады. Бала ойын кезінде дамиды, даму үшін ойнайды.

5. Ойын - балалар қарым-қатынасының негізгі ортасы; мұнда құрбы-құрдастарына, үлкендерге деген өзара қарым-қатынасы қалыптасады.

Біз ұлттық ойынның мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы тәрбиелік мәннің зор екендігіне көзіміз жетті. Сонымен қатар баланың ақыл-ойы, танымдық әрекеттері, шығармашылық, креативтілік, өзіндік әрекеттерінің дамитындығын зерделедік.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Дене шынықтыру және спорт туралы /Қазақстан Республикасы Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001017>
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
- Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- Әуезов М. Шығармалары. 1-12 том. -Алматы: Республика баспа кабинеті. 1966. - 328 бет.
- Диваев А. Игры киргизских детей // Туркестанские ведомости. – 1965. – 152. – С. 1-3



**БАЙМУРАТ ГУЛНАЗ БАЙМҰРАТҚЫЗЫ,**

2-ші курс магистранты,

Шет тілі: екі шет тілі мамандығы,

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Аңдатпа.** Мақалада шетел тілін оқытуда қолданылатын лингводидактикалық әдістерге және оқу-тәрбие процесінде қолдануда коммуникативті құзыреттіліктің алатын орнын қарастырылады. Лингводидактикалық әдістер бүгінгі төтенше жағдайларға байлынысты веб-технологиялармен сәйкестілікте беріледі. Лингводидактика әдістері мен коммуникативті құзыреттіліктер шетел тілін оқытуда, нәжіге бағдарланған білім беруде орны ерекше.

**Кілт сөздер:** шетел тілін оқыту, лингводидактика, құзыреттілік, коммуникативті құзыреттілік, заманауи білім беру, веб-технологиялар.

**Аннотация.** В статье рассматривается место коммуникативной компетенции в применении лингводидактических методов, используемых при обучении иностранному языку, и в учебно-воспитательном процессе. Лингводидактические методы представлены в соответствии с веб-технологиями, связанными с сегодняшними чрезвычайными ситуациями. Методы лингводидактики и коммуникативные компетенции занимают особое место в обучении иностранному языку, в низкоориентированном образовании.

**Ключевые слова:** преподавание иностранного языка, лингводидактика, компетентность, коммуникативная компетентность, современное образование, веб-технологии.

**Annotation.** The article considers the place of communicative competence in the application of linguodidactic methods used in teaching a foreign language, and in the educational process. Linguodidactic methods are presented in accordance with web technologies related to today's emergencies. Methods of linguodidactics and communicative competences occupy a special place in teaching a foreign language, in low-oriented education.

**Keywords:** foreign language teaching, linguodidactics, competence, communicative competence, modern education, web technologies.

### КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесі ұтқыр болуға және экономиканы және өмірдің басқа да салаларын дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс. Ұлттық білім беру жүйесі әлемдік білімге интеграциясыз дами алмайды. Ұлт Көшбасшысы өзінің Қазақстан халқына ресми Жолдауында: «Егер біз бәсекеге қабілетті дамыған ел болуды армандайтын болсақ, біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек. Қазіргі уақытта қарапайым сауаттылықты қамту қазіргі әлемде жеткіліксіз. Біздің азаматтарымыз ең озық жабдықта және ең заманауи өндірісте жұмыс істеу дағдыларын ұдайы меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ, балаларымыздың, сондай-ақ бүкіл өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығына үлкен назар аудару қажет. Біздің балаларымыз қазіргі өмірге бейімделуі керек» [<http://www.akorda.kz>].

Орта білім беру еліміздің зияткерлік өсуінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, сондықтан ағылшын тілі білімін жетілдірудің жаңа тиімді жолдарын уақтылы іздеу қажет. Осыған байланысты мектеп оқушыларының ака-

демиялық үлгерімін лингводидактикалық әдістер арқылы бағалаудың тестілік жүйесіне реформа жүргізу және қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін неғұрлым тиімді тәсілдерді енгізу қажет. Мектеп оқушыларының білімін объективті бағалау шет тілін меңгерудің нақты деңгейін анықтауға көмектеседі, оқытушыларға олардың қандай дағдылары жақсы игерілгені және қандай дағдыларды жетілдіру керектігі туралы ақпарат береді.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шет тілін оқыту принциптеріне «шет тілі» пәнінің қарым-қатынас және таным құралы ретіндегі ерекшелігін көрсететін жалпыдидактикалық принциптер және әдістемелік /лингводидактикалық принциптер жататыны белгілі. Сонымен қатар, шет тілінің ерекшелігі аз дәрежеде болса да, дидактикалық принциптерде көрінеді. Екеуі де өзгереді, тұтастай алғанда білім беру жүйесінің және атап айтқанда тілдік білім берудің одан әрі дамуына байланысты жаңа түсінік алады.

XXI ғасырға тән сипаттардың бірі инновациялық тәсілдердің дамуы болып табылады. Қазіргі

ақпараттық үдерістер қысымымен орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде маңызды семантикалық өзгерістер пайда болды, қазіргі әдістемелер барлық факторларды ескере отырып, нәтижелі оқытуға икемді болуы тиіс. Тілді шет тілі ретінде оқыту ерекшелігі басқа пәндерді оқытудағыдай білімді меңгеру үдерісі ғана емес, білімді меңгеру үдерісі; сөйлеу әрекеті түрлерін оқыту – тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу – білімтану циклдері пәндерін оқытудан ерекшелігі жоғары мультимедиялық және интерактивтілікті қолдануды талап етеді.

Қазіргі таңда педагогикалық қауымдастық оқытушының рөлін жаңаша түсініп келе жатыр: оқытушы білім мен дағдының жай ғана тасымалдаушысы рөлін атқара алмайды. Оқытушыдан талап етілетіні студентке оқу үдерісі кезінде көмектесе білуі. Сабақтардың сәтті өтуі оқытушы төмендегідей негізгі қағидаларға сүйенген жағдайда мүмкін болмақ.

*Біріншіден*, студенттерді оқытуда шешуші рөл атқаратын күшті мотивациялық база, ол тез әрі жақсы нәтижелерге алып келеді.

*Екіншіден*, тілді оқыту студентке бағытталған болуы керек, себебі бірбірінен әртүрлі сезім мүшелері арқылы қабылдауының түрленуімен ғана емес, таным үдерісінің саналуандылығымен ерекшеленетін білім алушылардың индивидуалдық қасиеттерін ескеру қажет.

*Үшіншіден*, орыс тілін оқытудың технологиялық базисін түбегейлі жаңашаландыру керек. Жаңа технологиялар жаңа серпін бере алады.

*Төртіншіден*, тілдерді оқытуда оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастың емін-еркінділігі және табиғилығы үлкен рөл атқарады.

*Бесіншіден*, орыс тілінде сәтті қарым-қатынасқа түсудің алғышарты мөлшерлеу, практикаға бағытталған грамматикалық материалды қамту және көрсету болып табылады.

Ақпараттық қоғам жағдайындағы тез өзгеретін қазіргі реалийлер оқытушылардан лингводидактикалық инновациялық әлеуетін белсенді етуді, оқу практикасына неғұрлым тиімді әдістемелер мен технологияларды енгізуді, пәнді оқытуда жиналған теориялық және практикалық тәжірибесін шығармашылық тұрғыдан дамытуды талап етеді. Осыған байланысты алдыңғы жылдар мен кезеңдердің барлық білім жүйесінің ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру және педагогикалық әлеуетін ескере отырып, қазіргі лингводидактикалық инновацияның мақсатмәндеттерін тұжырымдап, ой-қорытулар жасауға қажеттілік туындайды.

Лингводидактикалық инновация лингводидактиканың өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында соңғы ғылыми-техникалық және технологиялық жетістіктер негізінде қандай да бір педагогикалық жаңалық ретінде анықталады. Соңғы уақытта орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесіндегі инновациялық тренділерге

жобалық қызмет, интерактивті және контекстік оқыту секілді технологияларды жатқызып жүр [Абрамов Б.А., 1986, 14 с.].

Қазіргі кезеңдегі лингводидактикалық инновацияларға тән айрықшылықтардың бірі ретінде олардың адамның зияткерлік әрекетінің соңғы жылдардағы ғылыми-техникалық және технологиялық жетістіктерімен тығыз байланыстылығын айтуға болады, оларға алуан түрлі ақпараттық құралдар мен коммуникациялық технологиялар кешені жатады. Қазіргі уақыттағы тағы бір инновациялық тренд – компьютерлік технологиялар арқылы әлемнің кез келген нүктесінен шұғыл ақпарат алу және әлемдік ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, іріктеу, сонымен қатар кең көлемдегі серіктестер арасында ақпарат алмасуға негізделген тілді оқытудың түрлі модельдерінің пайда болуы. Қазіргі техникалық құралдарды пайдалану тілді түрлі жағдайда, әртүрлі деңгейде оқыту тиімділігіне жағдай жасайды. Электронды сөздіктер, онлайн сөздіктер, смартфондар арқылы жаңа лексикамен таныстыру, ноутбук, планшеттердің көмегімен видеороликтерді көрсету, студенттердің диалог, микромәтін, өлеңдерді оқуын диктофонға жазу және олардың дұрыс айтуын түзетіп отыру да белгілі бір мөлшерде әдістемелік жаңалық болып саналады.

Лингводидактика – жас ғылым, оның дамуына бірқатар орыс ғалымдары (Г.И. Богин, И.И. Халеева, Н.Д. Гальскова және т.б.) маңызды үлес қосты. Біз лингвистикалық және әдістемелік аспектілердің болуын, оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу лингводидактика деп танитын И.И. Халеева мен Н.Д. Гальскованың көзқарасын ұстанамыз.

Автордың көзқарасы бойынша, лингводидактика, тіл философиясы, психология, лингвистика, психолінгвистика, тілді меңгеру теориясы, мәдениетаралық коммуникация және басқа пәндер деректеріне сүйене отырып, шет тілін оқыту әдістемесін зерттеу пәніне кірмейтін сұрақтарға жауап береді:

1) әр түрлі оқу жағдайларында меңгеру және оқыту объектісін талдау (Тіл және оқытылатын тілді тасымалдаушылар әлемінің тілдік көрінісі);

2) тілдің өзекті жай-күйі мен дамуын көрсететін лингвомәдени тәжірибені меңгеру және меңгеру тетіктерін талдау;

3) жіберілген қателіктердің табиғатын негіздеу (мәдениеттанулық, лингво-өлкетану және тілдік) және жою тетіктерін іздеу;

4) көптілділік мәнмәтінінде тілді үйрену мен оқытудың ерекшеліктерін, білім алушылардың мәдени, жас және жеке ерекшеліктерін зерттеу;

5) тілді меңгерудің толықтығын немесе толық еместігін анықтайтын факторларды талдау және негіздеу [Гальскова Н.Д., 2008, 8-9 бб.].

Сонымен қатар, мәдениетаралық көзқарас көптілділік пен мәдени контексте тілді оқытудың ерекшеліктерін, студенттердің ерекшеліктерін

зерттеуге бағытталған, бұл оны лингводидактикалық категорияға айналдырады. Лингводидактика тұрғысынан мәдениетаралық тәсілдің аспектілері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1) мәдениаралық тәсілдің маңызды ұғымдары ретінде әлемнің мәдени және тілдік бейнесін зерттеуге назар аудару.

2) мәдениетаралық қарым-қатынас қателерін зерттеуге, олардың табиғатын негіздеуге және оларды жою жолдарын іздеуге бағытталу.

3) оқушылардың мәдени ерекшеліктері контекстінде тіл ерекшеліктерін зерделеуге бағытталу.

4) тілді меңгеру деңгейін айқындайтын факторларды талдаумен бірге қайталама тілдік тұлғаны зерделеуге бағытталу [Халеева И.И., 1989, 141 с.].

Осылайша, мәдениетаралық тәсілдің негізгі ерекшеліктеріне шолу оның әдістемелік және лингводидактикалық аспектілері бар екенін растайды, демек, бұл өзіндік объект пен зерттеу пәні тұрғысынан әр түрлі тұрғыдан мәдениетаралық көзқарасты зерттейтін бірыңғай әдістемелік ғылымның екі компонентінің категориясы.

Шетел тілін оқытуда лингводидактикалық әдістерді қолдану жағдайында

педагогикалық қызмет құрылымындағы компоненттің бірі ретінде коммуникативтілік алға қойылды. Педагогтардың балалармен, басқа қызметкерлермен қарым-қатынасты жеңіл орнатуы, әрине, педагогикалық міндеттерді шешу тұрғысынан келгенде бұл қарым-қатынастың тиімділігі коммуникативтік қабілет пен құзыреттіліктің даму деңгейіне тәуелді екені белгілі. Қарым-қатынас білім берумен ғана шектелмейді, эмоционалдық еліктіру, қызығушылықты ояту, өзара әрекеттесу сияқты т.б. қызметтерді де атқарады.

«Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Коммуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады, тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс.

Коммуникациялық құзыреттілік — адамдармен тиімді қатынасты орната білу және өзін ұстай алу қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшелінеді [Бейсенбекова Г.Б., Казанғапова С.О., Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, 2016, б. 87-92.].

Жалпы құзыреттілік бұл тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік, дағдылар жиынтығы болса, ал коммуникативті құзыреттілік ол адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуі, әр түрлі топтар-

да жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы әр қилы әлеуметтік рөлдерді орындауда және өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау іскерлігінің болуы деп саналады.

Ғалым Д.Хаймз «коммуникативті құзыреттілік» ұғымын келесідей құзыреттеліктермен біріктіреді:

- лингвистикалық (дұрыс тілдік қатынастың болуы);
- әлеуметтік-лингвистикалық (диалектикалық сөздер ережесі);
- дискурсивті (айтылатын ойды дұрыс құра білу ережесі);
- стратегиялық (серіктесімен қарым-қатынасты сақтау ережесі) [Құдайбергенова К.С., 2012, 111 б.].

Коммуникативті әлеует — бұл адам мүмкіншілігінің сипаттамасы, ол оның қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Ол өзіне қарым-қатынаста құзыреттілікпен қатар, тағы да екі құрамдасты біріктіреді, олар: қатынас жасаудағы қажеттіліктің дамуын сипаттайтын тұлғаның коммуникативті қасиеттері, белсенділік танытуға қабілеттілігі, әріптестерінің жағдайына эмоционалды үндесу, қарым-қатынастың жеке меншікті бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру, қарым-қатынаста өзін ынталандыруға және өзара ынталандыруға қабілеттілігі.

*Көптеген психологтардың пікірі бойынша, тұлғаның коммуникативті мәдениеті туралы айтуды оның сапа жүйесі ретінде:*

- шығармашылық ойды;
- сөздік іс-әрекет мәдениетін;
- қарым-қатынаста өзін бейімдеу мәдениеті және өзінің жағдайын психоэмоционалды реттеуді;
- ым мен қимыл пластикасының мәдениетін;
- қарым-қатынас бойынша әріптестің коммуникативті іс-әрекетін қабылдау мәдениеті;
- сезім мәдениетін біріктіреді.

Коммуникативті компетенттілік сияқты коммуникативті мәдениетте жайдан жай пайда болмайды, ол қалыптасады. Оның қалыптасу негізі адамдық қарым-қатынастың тәжірибесінен тұрады.

Коммуникативті компетенттіліктің негізгі көздері мыналар: халықтық мәдениеттің әлеуметтік нормативтік тәжірибесі; халықтық мәдениетте қолданылатын тілдік қатынасты білуі; мерекелік емес ортада жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас тәжірибесі, өнерді қабылдау тәжірибесі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогтың еңбегінің тиімділігі қарым-қатынас жасау өнерімен тығыз байланысты. Педагогикалық қарым-қатынастың негізінде мынадай машықтар жатыр, олар — жағдайды бағалай білу, топпен байланыс орнату, баланы дұрыс түсіну және т.б. Мұның барлығы кәсіби шеберліктің құрамдас бөлшегі және коммуникативті ком-

поненттің жемісті болуын қамтамасыз етеді. За-манауи педагогты даярлау бүгінгі күнде адамның коммуникативті іс-әрекет қабілеттерін, әлеуметтік және кәсіби рөлдерін құзыреттілікпен және жауапкершілікпен орындау мүмкіндіктерін ашу процесі болып қарастырылады.

Студенттің екінші тілдік тұлғасын дамытуды шет тілін оқытудың маңызды мақсаттарының біріне жатқызуға болады. Қазіргі лингводидактикада мәдениетаралық көзқарас осы мақсатқа жауап береді.

Лингводидактикалық дайындықтың коммуникативті аспектісі сөйлеу актілері теориясы тұрғысынан жасалған. Бұл аспектінің әлеуметтік-мәдени сипаты екі компонентпен сипатталады: сөйлеу ниеттерінің белгілі бір құрамымен жүзеге асырылатын прагматикалық көзқарастар жүйесімен ұсынылған прагматикалық компонент және мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде, сәйкесінше, білу, түсіну және ескеру қажет қарым-қатынас ережелерімен, нормаларымен және рәсімдерімен ұсынылған интерактивті компонент. Шет тілдері мен мәдениеттерінің мұғалімін кәсіби даярлау процесінде. Осылайша, коммуникативті және әлеуметтік-мәдени аспектілер сөйлеу іс-әрекетінде интеграцияланған түрде пайда болады, ол оқытушы мен мәдениеттердің әлеуметтік-мәдени дайындығының интегративті моделін жасау және тексеру кезінде ескеріледі.

Шетел тілін оқытуда қолданылатын лингводидактикалық әдістерге және оқу-тәрбие процесінде қолдануда коммуникативті құзыреттіліктің алатын орнын оқыту мен тәрбиелеудің тұтас процесіне бағытталған деп есептейміз:

- кәсіптік дискурс деңгейінде лингводидактиканың түсініктері мен заңдылықтарын кәсіби меңгеру, бұл мақсаттарды тұжырымдай білуді, оқыту стратегияларын, барабар құралдар мен технологияларды таңдау және негіздеуді болжайды;

- оқу материалдарын әзірлеу мен жасаудың кәсіби шеберлігі, оларды әлеуметтік өзара әре-

кеттестікте игеру және қолдану үшін қажетті және жеткілікті оқушылардың іс-әрекеті процесіне интеграциялау; оқу материалдарын жасау түпнұсқа мәтіндерді таңдауды, біріктіруді және пайдалануды, сондай-ақ тіл бірліктері мен коммуникация бірліктерін дидактикалық және коммуникативтік мақсаттарда түрлендіруді қамтиды;

- мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, оқушы-материал режимдерінде оқу қызметін басқарудың (ұйымдастыру және басқару) кәсіби іскерлігі; ұйымдастыру және басқару когнитивтік, ұйымдастырушылық және басқарушылық іс-әрекеттердің едәуір құрамын пайдалануды көздейді (тіл мен мәдениет заңдылықтарын пайдалануда абстракцияның оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету, когнитивтік назарды ұйымдастыру құралдарын пайдалану, жеке көмек көрсету, түзетулер және т.б.);

- лингвокогнитивті дағдылар (тілдік бірліктерді, олардың белгілерін мәтіндік белсенділік пен әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттесу процесінде оқушылардың танымдық назарының объектісі ретінде ажырату);

- әлеуметтік-мәдени ақпаратты делдал және аудармашының шеберлігі (мәдени фактілермен жұмыс істеу, мәдени мағынаны анықтау);

- әлеуметтік-мәдени маркерлерді түпнұсқалық мәтіндерден алу және оларды мәдениет пен білім беру мақсатында пайдалану;

- сөйлеу актілері мен сөйлеу интенцияларының типологиясына сәйкес прагматикалық тәсілдерді қолдана білу;

- жасанды билингвизм ортасы жағдайында әлеуметтік өзара іс-қимылды ұйымдастыру білігі;

- мәдениет және оқытушы қызметінің технологиялық аспектісіндегі шығармашылық іскерліктер;

- оқу процесін және өз қызметін рефлексивті талдау білігі;

- әр түрлі білім беру жағдайында танымдық және коммуникативтік стратегияларды құру және жаңарту және басқа да дағдылар.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. <http://www.akorda.kz>.

Абрамов Б.А. Понятийная категория коммуникативных ролей (грамматических лиц). // Иностр. Языки в школе. – М., 1986, №6. – С.12-16.

Гальскова Н.Д. – Еще раз о лингводидактике //Иностранные языки в школе. –М., 2008. - № 8. – С. 4-10.

Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчиков): Моногр.– М.: Высш. Школа, 1989.– 238 с.

Бейсенбекова Г.Б., Казанғапова С.О. Білім берудегі құзыреттілік //Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – Қарағанды, 2016. – Б. 87-92.

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: монография. — Алматы, 2012. — 144 б.



**БАЙТАШЕВА ГАУҺАР ӨМІРӘЛІҚЫЗЫ,**а/ш.ғ.к., профессор,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті**БИСЕМБАЕВА АЙДАНА ДҮЗЕЛБАЙҚЫЗЫ**2-ші курс магистранты  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті**МЕДЕУОВА ҒАЛИЯ ДЖУМАКАНОВНА**а/ш.ғ.к., қауым. профессор мін. атқ  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Gauhar75e@mail.ru

## ШИЫРШЫҚТЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІНІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа:** Инновациялық процестің қалыптасуы, оның сипаттамасы мен мазмұны. Спиральды білім беру процесінде қоршаған ортаны қорғау дағдыларын қалыптастырудың бағдарламалық негіздері келтірілген. Жаңартылған бағдарлама негізінде спиральді интеграция бағыттарының білім берудегі маңызы жазылған. Жаңартылған білім беру бағдарламасының экологиялық дағдыларды қалыптастырудағы рөлі атап көрсетілген.

**Кілтті сөздер:** Интеграция, Спиральды білім, жаңартылған білім беру, бағдарлама.

**Аннотация:** Формирование инновационного процесса, его характеристики и содержание. Приведены программные основы формирования навыков защиты окружающей среды в спиральном образовательном процессе. На основе обновленной программы написана важность направлений спиральной интеграции в образовании. Подчеркивается роль обновленной образовательной программы в формировании экологических навыков.

**Ключевые слова:** интеграция, спиральное образование, современное образование, программа.

**Annotation:** Formation of the innovation process, its characteristics and content. The programmatic bases of the formation of skills of environmental protection in the spiral educational process are given. On the basis of the updated program, the importance of the directions of spiral integration in education is written. The role of the updated educational program in the formation of environmental skills is emphasized.

**Keywords:** Integration, Spiral education, modern education, program.

Инновациялық процестің қалыптасуы, оның сипаттамасы мен сипаттамалары генерациялау, тарату және білімді пайдалану тиісті интеграция механизмдерін әзірлеуді талап етеді. Ғылым мен білімнің әр түрлі салалары интеграцияланған түрде берілуі білім беруді жаңартуға әкелді.

Жаңартылған мазмұн бағдарламасының сабақтастығы, оқушылар «Биология» пәнін оқытудың бірінші жылынан бастап биология ғылымдарының өзекті мәселелерін интеграциялау арқылы зерттейді.

Биологияны оқу арқылы оқушылар тамақ өнеркәсібінен де, фармацевтика, медицина саласынан да хабардар болады. Бұл олардың қоршаған орта ресурстарының маңызы мен қасиетін ұғынуға септігін тигізеді.

Жүйеде оқу-педагогикалық жабдықтау орнын орнату педагогикалық білім, ғылымның өзара әрекеттесуі мен ақыл-ойдың қалыптасуы мен өзгеруі проблемаларын көтеру алдында қарым-қатынас негізгі орынға ие. Интеграциялау процесі негізінен жаратылыстану білім беру бағытына көп сәйкес келеді деп Ресей ғалымдары атап кетеді. Бұл мақсат қазіргі ғылымда қалыптасқан ұғымдарды талдау негізінде, тәрбие мен білім берудің және педагогиканың ықтимал бағыттарын анықтау арқылы интеграцияланады деп атап көрсеткен [1].

Ал жаңартылған білім беру мазмұнында интеграциялану айқын көрініп тұр. Бұл балалардың табиғат объектілерін танып білуінде маңызды фактор. Интеграцияланумен қатар шиыршықты күйде қайталану қоршаған ортаны қорғау дағдыларының арта түсетінінің дәлелі іспеттес.

Негізгі бөлімдер жылдан жылға қайталанып, әрбір бөлім бойынша оқу мақсаттары оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып күрделенетініне түседі.

Әрбір бөлімдегі оқу мақсаттары оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқудың әр кезеңінде маңызды түсініктер жүйелі түрде қайталанып отырады.

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральды берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім

беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:


– оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанатын;

– қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;

– жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек [2].

Келесі кезекте оқу мақсаттарының спиральді түрде келуін қарастырайық.

«Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» мысалында «шиыршық» қағидасының орындалуының мысалы 2-суретте келтірілген.



2-сурет. «Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» мысалында «шиыршық» қағидатының орындалуының мысалы

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімінде тірі ағзалардың көбеюі туралы білімі сыныптан сыныпқа күрделене түседі. Бөлім бойынша желілік қағидатының мысалы 3-суретте ұсынылады.




3-сурет. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі мысалында шиыршықты қағидаты

«Ағза мен қоршаған орта» бөлімі бойынша шиыршықты қағидаты 4-суретте ұсынылады.



4-сурет. «Ағза мен қоршаған орта» бөлімі бойынша шиыршықты қағидаты

Келесі кезекте «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі тақырыптарына байланысты шиыршықты қағидатта қарастырайық.



5-сурет. «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі мысалында шиыршықты қағидаты [3]

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бағдарламада келтірілген сабақ берудің шиыршықты әрекеті практика барысында тиімді екендігі, оның қоршаған ортаны қорғау дағдыларын қалыптастырудағы маңыздылығы айқындалды. Оқушылардың қоршаған ортаны қорғау дағдыларын қалыптастыруда 7 сынып биология пәнінің мазмұны 12 тараудан:

- Экожүйелер;
- Тірі организмдерді жүйелеу;
- Жасушалық биология, су және органикалық заттар;
- Заттардың тасымалдануы;
- Тірі организмдердің қоректенуі;
- Тыныс алу;
- Беліп шығару;
- Қозғалыс;
- Координация және реттеу;
- Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік;
- Көбею, өсу және даму
- Микробиология және биотехнология – тұрады [4].

«Биология» пәнін 7 сыныпта оқудың мақсаты 6 сыныптарда игерілген материалдарды тереңдетіп қарастыру. Органикалық әлемнің тұтас көрінісін қалыптастыру арқылы оқушылардың білігі мен дағдыларын жандандыра отырып дамыту. Білік пен дағдыны қалыптастыра отырып мақсатты орындау үшін әр түрлі міндеттер жүктеледі.

- Экожүйелердің әр алуандылығы, органикалық әлемнің тұтастығы мен әр түрлілігі, өмірдегі үдерістер мен құбылыстар, себеп-салдарлы байланыстар туралы ғылыми түсініктердің қалыптасуы;

- оқушылардың ғылыми-жаратылыстану жүйесіндегі басқа пәндердің мазмұнымен кіріктіру арқылы білімдерін қалыптастыру;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

- сын тұрғысынан ойлауды зерттеу дағдыларын дамыту;

- биологияның тұрақты дамудағы, жасыл экономиканы жүзеге асырудағы маңыздылығын, адамзаттың проблемаларын шешудегі рөлін ашып көрсету;

- тұлғаны табиғатты сүйуге тәрбиелеу, олардың патриоттық сезімдері мен азаматтық көзқарастарын қалыптастыру;

- органикалық әлемнің тұтастығы мен әр алуандығы, өмірдегі үдерістер мен құбылыстар, себеп-салдарлы байланыстар туралы ғылыми

түсініктердің қалыптасуы; оқушылардың ғылыми таным әдістерін меңгеруі.

6-9 сыныптарда «Биология» пәнін оқыту орта мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген) жүргізілуі тиіс. Практикалық және лабораториялық жұмыстарға, функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында, әсіресе, ғылыми жобаларға ерекше көңіл бөлу қажет [5]. Мұндай тарауларды өткізу барысында оқушылардың зерттеушілік ізденушілік дағдылары қалыптасуы ұстаздың ізденісіне тікелей байланысты.

Қорыта келе, Шиыршықты оқыту процесінің қоршаған ортаны қорғау дағдыларын қалыптастырудағы рөлі:

- Сапалы білім;

- Білім берудегі жаңғыру;

- Тиянақты түсіну;

- Білімділік ізденімпаздыққа талпыну;

- Қоршаған орта ресурстарын қарапайымнан күрделіге қарай тану;

- Тіршілік ұғымының маңызын терең түсіну;

- Жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты;

- Жаңа білім басқа ғылыми салалармен интеграцияланған.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.Ю.Шалов. Интеграция педагогической науки и профессионально- педагогического образования как научная проблема. Педагогическое образование. №1. 90 стр. Тагангор. 2012.

2. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы «Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық». Астана 2017.

3. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламалар бойынша (7-9-сыныптарда) «Биология» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 80 б.

4. Е.А.Очкур., Ж.Ж.Құрманалиева. Биология. 7 сынып. «Мектеп» Алматы 2017.

5. 6-9 сыныптарда «Биология» пәнін оқыту орта мектептерге арналған оқу бағдарламасы. Астана 2013.

**БАПАЕВА МАРИЯМ КУРМАНГАЛИЕВНА,**  
психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

**КУАНТКАНОВА ФАРИДА МАРАТОВНА,**  
7М05102 – Психология мамандығының 1-ші курс магистранты,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

## ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ АНА ФЕНОМЕНІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

**Аңдатпа.** Мақалада психологиядағы ана мәселесінің шетелдік, ресейлік, қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеліну жағдайы, ананың типтік және мәдени функцияларына талдау жасалынған. Сондай-ақ ананың мінез-құлқы мен тәжірибесінің белгілі бір типологиясы мен стильдері топтастырылған. Девиантты аналықтың түрлеріне сипаттама беріліп, оны пайда болу себептері көрсетілген. Девиантты мінез-құлық отбасындағы тәрбиенің сипаты мен тұлғалық ерекшелігімен анықталатын жеке қасиеттерімен сипатталады.

**Түйін сөздер:** аналық феномен, ананың типтік функциялары, ананың мәдени функциялары, депривация, аналық қарым-қатынас нормалары.

**Аннотация.** В статье представлен анализ состояния изученности проблемы материнства, типовых и культурных функций матери в психологической науке в трудах зарубежных, российских, казахстанских ученых. Также приведены классификации типологии и стилей поведения и опыта матери. Дана характеристика и причины возникновения видов девиантного материнства. А девиантное поведение характеризуется личностными качествами, которые определяются характером и личностными особенностями воспитания в семье.

**Ключевые слова:** феномен материнства, типичные функции матери, культурные функции матери, депривация, нормы материнского общения.

**Abstract.** The article presents an analysis of the state of knowledge of the problem of motherhood, typical and cultural functions of the mother in psychological science in the works of foreign, Russian, and Kazakh scientists. Classifications of the typology and styles of behavior and experience of the mother are also given. The characteristics and causes of the types of deviant motherhood are given. And deviant behavior is characterized by personal qualities that are determined by the nature and personal characteristics of upbringing in the family.

**Keywords:** the phenomenon of motherhood, typical functions of the mother, cultural functions of the mother, deprivation, norms of maternal communication.

### КІРІСПЕ

Ана психологиясы - қазіргі ғылымның ең күрделі және аз зерттелінген салаларының бірі. Осы мәселені зерттеудің өзектілігі туудың төмендеуімен байланысты демографиялық проблемалардың өткірлігімен, ажырасқан отбасылардың көптігімен, тірі ата-аналары бола тұра жетім балалар санының өсуімен, балаға зорлық-зомбылық, қиянат жасау жағдайларының көбеюімен және отбасына, ең алдымен әйелге әлеуметтік және психологиялық көмек бағдарламаларының қолға алынбауымен де байланысты.

Психологияда ана тақырыбы түрлі аспектілері тұрғысынан психологиялық мектептер мен бағыттардың зерттеу нысаны ретінде біршама зерттелген. Ана мінез-құлқының әртүрлі аспектілері тұлға психологиясында, балалар психологиясында, педагогикалық психологияда қарастырылған. Баланың жан жақты дамып жетілуі үшін аналық мінез-құлқтың маңыздылығы, оның күрделі құрылымы мен даму жолы, мәдени және

жеке даралық нұсқалардың көптігі, сондай-ақ осы саладағы көптеген заманауи зерттеулер ана туралы айтуға мүмкіндік береді, әрі оны зерттеу үшін тұтас ғылыми көзқарасты дамытуды талап етеді.

Ана туралы зерттеулер тарих, мәдениеттану, медицина, физиология, мінез-құлық биологиясы, әлеуметтану, психология сияқты әртүрлі ғылымдар тұрғысына сәйкес зерттеледі. Ана психологиясы және онымен байланысты проблемалар саласындағы шетелдік зерттеулер, отандық зерттеулерден айырмашылығы, өте кең, тұжырымдамалар мен тәсілдердің бағыттылығымен ерекшеленеді.

Қазіргі қоғамдағы аналықтың әртүрлі мәдени нұсқаларын зерттеу сонымен қатар отбасының, балалық шақтың және осы мәдениетте қабылданған құндылықтардың аналық мінез-құлқы мен әйелдің тәжірибесіне әсерін көрсетеді [Филиппова Г.Г., 2002, с. 5].



## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ана психологиясын зерттеу және осы бағытта мамандар даярлау қажеттілігі практикалық психологияның қарқынды дамуымен, әсіресе нәресте мен перинаталды кезеңді қоса қамтитын ана мен балаға психологиялық көмек көрсету саласының (баланың дамуын түзету және ана мен баланың өзара әрекеттесуі) қарқынды дамуына байланысты туындайды.

Осы еңбектерде келтірілген ана функцияларының әртүрлі мәдениеттерде таралуын, ана мінез-құлқы мен балаға деген қарым-қатынасын салыстыру үлкен қызығушылық тудырады, олар белгілі бір мәдениетте қажетті жеке қасиеттердің қалыптасуын қамтамасыз етеді (мысалы, танымдық және эмоционалды саланың ерекшеліктері, сүйіспеншілік пен бауыр басу сапасы, мақсатқа жетудегі сәттілік пен сәтсіздік тәжірибесі).

Осылайша, ана болу-әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің бірі, сондықтан ана болу қажеттілігі әйел табиғатына тән болса да, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар ана қарым-қатынасының көріністеріне шешуші әсер етеді.

Ана болу ата-аналық тұлғаның ресурстық шығындарының мөлшерін бағалау тұрғысынан зерттеледі, мәселен зерттеулерінде ата-аналық үлес (Д. Дьюсбери, Е.Н. Панов) және т.б. еңбектерінде ата-аналық мінез-құлық заңдылықтарын қалыптастырудың эволюциялық негіздерін анықтау тұрғысынан қарастырылады. Адаптивті мінез-құлықты жүзеге асырудың негізгі ынталандырушысы болып ата-аналар мен балалардың өзара қамтамасыз етілуі табылады [Филиппова Г.Г., 2001, 33 с.].

Қазақстандық зерттеуші Ұ.И. Ауталипованың зерттеулерінде ата-ана-бала қатынасындағы деструктивті қарым-қатынастың психологиялық аспектілері қарастырылған. Баланың дамып қалыптасуында отбасы тек интеллектуалды және физикалық тұрғыдан дамытып қана қоймай, сонымен қатар адамгершілік-моральдік жағынан тұлғаны дамытудағы негізгі компоненттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта отбасы дамуға тиісті қолдау көрсетпеген жағдайда, бұзылған эмоционалды байланыстың кейінгі әсері баланың мінез-құлқындағы әлеуметтік ауытқуларда да, жеке дамуының бұзылуында да өз ізін қалдырады. Сондықтан ата-аналармен психологиялық-педагогикалық мәдениеттің деңгейін арттыруға бағытталған жұмыстарды уақытында жүргізу маңызды, өйткені ол ата-аналардың бала мен ата-ана арасындағы ең жақсы қарым-қатынасты таңдау қабілетін анықтайды [Ауталипова Ұ.И., 2006, 88 б.].

Ананы жан-жақты тұтастай психологиялық тұрғыда зерттеу үшін аналық функциялар қандай типтік түрге жататынын, яғни баланың өз түрінің өкілі ретінде дамуының іс-әрекеті мен мотивациялық негіздерін қамтамасыз ететінін және олардың нақты мәдениеттің мүшесі ретін-

де баланың мотивациялық-қажеттілік саласының мазмұндық ерекшеліктерін қалыптастыруға бағытталғанын анықтау қажет.

Ананың типтік функцияларына мыналар жатады:

1. Когнитивті және эмоционалды процестердің босанғанға дейінгі және кейінгі (постнатальды) дамуы үшін ынталандыру ортасын қамтамасыз ету.

2. Іс-әрекеттің типтік құрылымын (реттеудің саналы формасымен және басқа формамен бөлінген) дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету (баламен іс-әрекетті бөлу түрінде).

3. Өмір бойы қалыптасатын типтік қажеттіліктердің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету (мотивациялық-қажеттілік саласының типтік ерекшеліктерін дамыту): ересек адамдардан жағымды эмоциялар алу үшін олармен эмоционалды өзара әрекеттесу қажеттілігі, ересек адамның өз белсенділігі мен нәтижелерін бағалау қажеттілігін жүзеге асыруда ересек адамды сенсорлық және практикалық қызметке тарту, (әлеуметтік ыңғайлы саланың жүйелік қажеттілігі), танымдық қажеттілік және т.б., сондай-ақ бауыр басуды (үйірсектікті) қалыптастыру [Филиппова Г.Г., 2002, с. 79].

Ананың нақты-мәдени функцияларын сипаттау күрделірек. Осы орайда жоғарыда аталған барлық типтік функциялар аздық етеді, ол өзінің мәдениетінде бар ана моделіне сәйкес жүзеге асырылады, оған күтім жасау мен тәрбиелеудің операциялық құрамы мен технологиясы ғана емес, сонымен бірге ананың тәжірибесі моделі, оның балаға және оның функцияларына қатынасы, сонымен қатар баламен эмоционалды қарым-қатынас әдістері де кіреді. Бұл балада осы мәдениетке сәйкес келетін психикалық сипаттамалардың қалыптасуына қол жеткізеді. Бұған мыналарды жатқызуға болады:

1. Ананың (ата-ананың) танымдық сала мен моториканың мәдени ерекшеліктерін қалыптастыруға ықпал ететін сенсорлық-практикалық, ойын әрекеттері мен қарым-қатынас жағдайларын қамтамасыз етуі.

2. Бауыр басудың (үйірсектік) мәдени моделін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Әлеуметтік-қолайлы саланың мәдени ерекшеліктерін қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

4. Жетістіктерге жету мотивациясы стилінің мәдени ерекшеліктерін қалыптастыру үшін жағдайларды (пәндік, ойын ортасын, қарым-қатынасты) ұйымдастыру.

5. Балада негізгі мәдени модельдерді: құндылық-мағыналық бағдарлауды, отбасын, ана мен баланы және т.б. қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Сонымен, біз ананың типтік және нақты мәдени функцияларына мүмкіндігінше психологиялық талдау жасадық. Олар, бір жағынан, баланың

эмоционалды әл — ауқатының негізгі құрылымдарын және оның іс-әрекеті құрылымының типтік ерекшеліктерін дамытудан, екінші жағынан, баланың өзіне, әлемге деген көзқарасының нақты мәдени мазмұнын қалыптастырудан және өзінің іс-әрекеттерінің сәттілігін бағалаудан тұрады.

Бұл іс-әрекеттердің өзі субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін аралық мақсаттарға қол жеткізу тәсілі ретінде мәдени тұрғыдан да анықталған. Адам субъектісінің осы мақсаттар мен құралдардың ұсынылған мәдени моделіне назар аудару қабілеті оның мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдарын таңдауға, сондай-ақ осы жетістіктің сәттілігіне эмоционалды түрде рұқсат беру (мақұлдау және мақұлдамау) қажеттілігімен қамтамасыз етіледі.

Мұндай жетістікке жету мен сәтсіздікке ұшырау мәдени модельге байланысты яғни субъект өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін қалай бағалайды және осы бағалауды қалай сезіне алуымен сипатталады.

Ананың типтік және нақты мәдени функциялары сияқы күрделі және аса қажет мінез-құлқы әрдайым сәтті жүзеге аса бермейді. Бұған дәлел эмоционалды әл-ауқаттың бұзылуының барлық түрлері, отбасылық тәрбие жағдайында депривациялық бұзылулардың пайда болуы, сүйіспеншіліктің, бауыр басушылықтың әртүрлі қасиеттері және басқа құбылыстар.

Баланың дамуындағы ананың функциялары өте күрделі және әртүрлі. Олар баланың барлық физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырудан, эмоционалды саулықты қамтамасыз етуден, сүйіспеншілікті дамытудан, әлемге деген негізгі құрылымдардан, қарым-қатынастан, негізгі тұлғалық сапалардан және іс-әрекет құрылымынан тұрады.

Бұл функциялардың барлығын көпшілік жағдайда аналар сезіне бермейді. Себебі ғылымда аталған функциялардың көпшілігі соңғы онжылдықтарда ғана белгілі болды, және олар жайлы таным аяқталды деп санауға негіз жоқ. Алайда аналар бұл функцияларды мыңдаған жылдар бойы сәтті атқарып келе жатқаны белгілі.

Мәдениет ежелгі ата-бабалардан жеткен ережелер мен нормалар жиынтығы, рәсімдер мен нанымдар, әдет-ғұрыптар арқылы кейінгі ұрпақтардың өте сәтті меңгеруімен жүзеге асырылып келеді.

Аналық кейбір функцияларын, мысалы, баланың органикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның кейбір жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруын ана мен қоғам жеткілікті түрде мойындайды.

Ананың әлемге негізгі қатынасын және баланың іс-әрекетінің құрылымын дамытуға қатысты функциялары әлі де реттеуге келетін «инстинктивті» механизмдер ретінде қарастырылып келеді. Халқымызда «Ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл

сөздің психологиялық астарында үлкен мән бар екенін аңғаруға болады.

Ананың баласын шынайы жүрегімен жақсы көруі, оның өмірде бар екенін сезінуі және онымен өзара қарым-қатынаста жағымды эмоциясын білдіруі, оның өміріне және әлеммен қарым-қатынасына қатысуға ұмтылу қасиетін көпшілік оның табиғи ерекшелігі ретінде қарастырады.

Мәселен, босанғаннан кейінгі ананың күйін баланың жағдайын тікелей сезінуге мүмкіндік беретін ерекше сәт деп сипаттайтын көзқарасты Д. Винникотт та ұстанады [Винникотт Д.В., 1998, 61 с.]. Д. Магагнаның айтуынша, «жақсы ана» өзінің эмоцияларын барынша ұстауға мүмкіндік береді және осы эмоциялардан балаға не қажет екенін анықтайды.

В.К. Вилюнас ананың баламен эмоционалды түрде үйлесімді қарым-қатынас жасау қасиеті оған табиғи тән нәрсе, сондықтан бұл эмоцияларды оған ұстап тұру қиын және мүмкін емес деп санайды [Вилюнас В.К., 1990, 112 с.].

Алайда, осыған қарамастан, отбасылық тәрбие жағдайында эмоционалды депривация (айыру) құбылыстары тек болып қана қоймайды, сонымен қатар жиі айқын көрініп отырады.

Г.В. Скобланың айтуынша, отбасылардың 50%-дан астамында ана мен бала арасындағы қарым-қатынастардың бұзылуы байқалады. Ата-ананың, атап айтқанда ананың, баланың эмоционалды әл-ауқатының қарым-қатынасы туралы барлық зерттеулер ананың эмоционалды қатынасы, оның көріну формалары, қолдау көрсету тәсілдері әр түрлі аналарда түрліше болады. Мұның бәрі ең «маңызды» және баланың типтік ерекшеліктерінің дамуымен тығыз байланысты, оның эмоционалды қарым-қатынасымен реттелетін ана функциялары туа біткен механизмдермен толық қамтамасыз етілмейді деп болжайды [Скобло Г.В., 2002, 134 с.].

Психологиялық зерттеулер ана мен баланың өзара әрекеттесуін қалыптастыру мен жүзеге асыруда ана қарым-қатынасы орталық және шешуші фактор болып табылатындығын көрсетеді. Бұл ананың барлық мінез-құлқының негізі, осылайша баланың жеке типологиялық және тұлғалық ерекшеліктері қалыптасатын ерекше даму жағдайын жасайды.

Кейбір зерттеулерде «Аналық қарым-қатынас нормалары» жоқ деп саналады, өйткені аналық қатынастардың мазмұны әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтарда өзгеріп, дәуірден дәуірге ауысып отырады. Сонымен қатар, барлық тарихи кезеңдерде ана қарым-қатынасының көріністерін қабылдамайтын құбылыстар әрқашан да болған.

«Аналық қарым-қатынас» ұғымы қазіргі уақытта жан жақты талданып анықталмаған және жалпы қабылданған емес, бірақ соған қарамастан психологиялық зерттеу пәні ретінде мүмкіндігінше қарастырыла бастады. Бұл жағдайда

әдетте ананың мінез-құлқы мен тәжірибесінің белгілі бір типологиясы анықталады.

Мұндай стильдер мен типтерді (қарым-қатынас, мінез-құлық, ананың баламен қарым-қатынасы) бөлу психологиялық тұрғыда жеткілікті түрде қарастырылып жүргізілді.

Осы зерттеулердің негізінде Г.Г. Филиппова аналық қарым-қатынас стильдерін бөлу критерийлерін тұжырымдап, стильдерге жеке жеке сипатта берген. Ана қарым-қатынасының стильдері төмендегідей критерийлер бойынша ерекшеленеді: эмоционалды сүйемелдеу стилі; баланы субъективтендіру дәрежесі; баланың жағдайын анықтау кезінде бақылау құралдарын пайдалану; ана құзыреттілігінің даму деңгейі мен пайда болу жылдамдығы; өмірдің жаңа ырғағына бейімделудің және жаңа міндеттерді игерудің жеңілдігі; «бала өмірінің жеке ырғағына бейімделу» ретінде өз өмірі мен отбасы өмірінің режимін өзгерту немесе баланы ересектер белгілеген режимге үйрету; өзіне, балаға, өзіне және жақын адамдардың баласына деген көзқарасына қанағаттану.

Бұл көрсеткіш бойынша аналық қарым-қатынастың 5 стилі анықталған:

1. Адекватты стиль (эмоционалды сүйемелдеудің барабар стилі, балаға субъект ретінде қарым-қатынас жасау, өзіне және баланың жағдайына бағдарлану, ерте пайда болған аналық құзыреттілік, аналық және басқалардың қарым-қатынасына қанағаттану).

2. Мазасыз стиль (эмоционалды қолдау стилін күшейтетін немесе әлсіз айыптайтын, басқалардың пікіріне бағдарлану, баланың мінез-құлқының және оның жағдайының жағымсыз жақтарына көбірек көңіл бөлу, кешірек пайда болған аналық құзіреттілік, режимді қабылдаудың күрделілігі, өз-өзіне күмәндану, өзіне және басқаларға қанағаттанбау, баланың дамуына алаңдаушылық).

3. Эмоционалды шеттетілген, эмоционалды сүйемелдеуді елемей стилі, балаға объект ретінде қарауды, режимге бейімделуге бағдарлану, баланың дамуы туралы білімге және басқалардың пікіріне, кеш пайда болған құзіреттілікке, баланың ерекшеліктеріне қойылатын талаптарға, жағдайларға, басқалардың көзқарасына қанағаттанбауға, өзіне уақыттың жетіспеуіне, барлық күш-жігерді балаға бағыттау қажеттілігі).

4. Амбивалентті (тұрақсыз, баланың құндылығының күрт қарама-қайшылығы және баланың жағымсыз және жағымды жағдайларын эмоционалды сүйемелдеудің қарама-қарсы тенденциялары, баланың әртүрлі көріністеріне біркелкі емес құзіреттілік, өзінің күйлері мен басқалардың пікіріне бағыну арасындағы қақтығыстар, баланың жеткіліксіз жағдайдағы субъективтілігі, өз өзіне, басқалардың балаға және өзіне деген көзқарасына қанағаттанбау, өзін ақтаумен қатар айыптау).

5. Аффективті түрде қабылдамау (баланың құндылығы төмен немесе теріс, эмоционалды сүйемелдеу стилі агрессияға дейін елемей мен айыптауды біріктіреді, төмен құзыреттілік және баланың қажеттіліктерін қанағаттандырудың төмен деңгейі) [Филиппова Г.Г., 2002, 155 с.].

Ана феноменін, оның ішінде девиантты зерттеу өзекті әлеуметтік және психологиялық проблема болып табылады. Қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан тұрақты өзгерістер әйелдің репродуктивті функциясының өзгеруіне, оның ана, бала мәртебесіне және ана рөліне қатынасына әкеледі.

Зерттеушілер мен практиктерді ерте ана болу проблемасы ерекше алаңдатады, кәмелетке толмаған ана жасына тән емес міндеттерді шешуге, қалыптасқан әлеуметтік ережелер тұрғысынан уақытылы емес, шартты рөлді игеруге психологиялық тұрғыдан дайын емес.

Қазіргі уақытта жастай ана болу себептерінің бірі жасөспірімдердің жыныстық белсенділігінің артуы болып табылады, бұл өз кезегінде жоспарланбаған жүктілік санының көбеюіне әкеледі.

Кәмелетке толмаған аналардың бастапқыда балалы болуға деген саналы ішкі тілегі мен жүктілікке деген психологиялық көңіл-күйінің болмауы бірқатар маңызды әлеуметтік-психологиялық проблемаларға алып келеді [Нестерова С.Б., 2018, 232 с.].

Алайда, девиантты аналардың психологиялық ерекшеліктері осы уақытқа дейін жеткілікті зерттелмеген және көбінесе объективті білім алуға кедергі келтіретін авторлардың адамгершілік-моральдық көзқарасы негізінде зерттеліп, түсіндіріледі.

Девиантты аналық мінез-құлық-бұл баланың денсаулығын сақтауға кедергі келтіретін және оның нормативтік даму процесін қиындататын мінез-құлық. «Девиантты ана» терминінің өзі К. Бонне және Э. Бадинтер зерттеулерінің нәтижесінде пайда болды.

Көптеген психологтар ана феноменін ана мен баланың өзара әрекеттесуі ретінде қарастырады, оның негізгі міндеті-баланы тәрбиелеу. Мәдени-тарихи көзқарас тұрғысынан (М. Мид) бұл дәуірден дәуірге өзгертін құбылыс.

Ананың балаға деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығының бастауы ұрықтың биологиялық пайда болу сәтінен басталады, тек күрделі әлеуметтік көзқарастар оларды өзгертіп, тіпті толығымен басып тастауы да мүмкін.

Д. Дьюсбери, К. Лоренцтің зерттеулерінде ананың биологиялық аспектісі қарастырылып, онда ананың өзі баланың дамуы үшін физиологиялық және ынталандыру ортасын ұйымдастыру ретінде түсіндіріледі. Атап айтқанда, аналық мінез-құлық механизмдерін қалыптастыруға көңіл бөлінеді. Т.В. Гудкова мен Е.Б. Марущактың ғылыми көзқарастары аналықты психологиялық тұрғыдан қарастырады [Гудкова Т.В., Марущак Е.Б., 2014, 56 с.].

Жүктілік кезінде әйелдерде психикалық жағдайының өзгерістері, ең алдымен, осы кезеңде депрессия мен стресстің болуы көрініс береді. Ана үшін де, бала үшін де жүктіліктің екінші және үшінші триместріндегі депрессиялық күйлер ең қауіпті деп саналады.

Белгілі бір өмірлік жағдайларға байланысты балаға толықтай қамқорлық жасай алмайтын және девиантты ана болу қаупін құрайтын аналар. Ана қарым-қатынасының ерекшеліктері әйелдің мәдени және әлеуметтік мәртебесімен ғана емес, сонымен бірге бала туылғанға дейін және одан кейінгі өзінің психикалық күйімен де анықталады.

Девиантты аналықтың ең көп таралған түрлері: ананың баладан бас тартуы; балаға қиянат жасау (жыныстық және физикалық зорлық-зомбылық); жүктілікті тоқтату (түсік түсіру); ерте жүктілік; жүктілікті саналы түрде әлдеқайда ересек жасқа қарай кейінге қалдыру.

Девиантты ана болу сонымен қатар ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуының бұзылуы ретінде қарастырылады, бұл әйелдің жеке қасиеттерінде және босанғаннан кейінгі баламен қарым-қатынасты құруда көрінеді.

Тәжірибенің кейбір түрлері (өз анасымен қарым-қатынас, балалық шақтағы балаларға деген қызығушылықтың пайда болуы) ананың балаға деген көзқарасының мазмұнына, аналық рөліне әсер етеді.

Ю.С. Мещерякованың пікірінше, жүктіліктің негізгі кезеңдерінің бірі-әйелдің жаңа әлеуметтік рөлін қабылдауға және балаға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға бағытталған өзіндік сан сезімінің пайда болу кезеңі [Мещерякова С.Ю., 2000, 23 с.]. Бұл кезең әйелдің жүктілікті сақтау немесе оны жасанды түрде тоқтату туралы шешім қабылдауын, сондай-ақ босанғаннан кейін баланы қабылдауды қамтиды.

Г.Г. Филиппова, В.И. Брутман және т.б. атап өткендей, девиантты мінез-құлқы бар аналардың ана болуға дайындығын қалыптастыруға әйелдердің тұлғалық ерекшеліктері, эмоционалды стрессорлардың әсерінен пайда болатын эмоционалды күйдегі өзгерістер; ата-ана тәжірибесінің артуы сияқты факторлар әсер етуі мүмкін.

Бірақ сонымен бірге девиантты мінез-құлқы бар аналардың өздері отбасындағы тәрбиенің сипаты мен тұлғалық ерекшелігімен анықталатын жеке қасиеттерімен сипатталады. Ананың мінез-құлқы ерекшеліктері баламен қарым-қатынасындағы үстемдігі мен қатыгездігінен, сондай-ақ эмоциялық қабылдамаудан, тәрбиедегі шеттетілу және баланың төмен құндылығынан көрінуі мүмкін.

В.И. Брутман мен А.Я. Варганың пікірінше, балаларынан бас тартқан әйелдерге әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктер психологиялық және патологиялық факторлар тән [Брутман В.И.,

Варга А.Я. Хамитова И.Ю., 2000, 80 с.]. Қаламаған жүктілік және баладан бас тартқан жағдайда аналар әлеуметтік ортаның тарапынан теріс әсерлерді сезінеді. Баладан бас тартатын көптеген әйелдерде эмоционалды жетілмегендік, тәуелділік және т.б. көріністер байқалады. Барлық әйелдер үшін ортақ нәрсе-эмоционалды тұрақсыздық, психологиялық жағынан жетілмегендік, эгоцентризмнің көрінісі тән.

Бұл әдетте балалық шақтағы басынан кешірген психологиялық депрессиямен немесе агрессиямен байланысты. Оларда ата-ана тарапынан өзіне деген махаббат пен жағымды ықыластың жетіспеушілігі, әділетсіздік сезімі, сондай-ақ болашақта осындай мінез-құлқтың пайда болуына әкелетін өз анасына деген шамадан тыс сүйіспеншіліктің болуы да негізгі мәселелердің бірі.

Аналықтан саналы түрде бас тарту, әдетте, әлеуметтік және экономикалық күйзелістен бастап өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысқа дейінгі әртүрлі себептермен байланысты. Балаларды өмірге әкелуді қаламау өз анасымен арасындағы түсініспеушілік қарым-қатынаста болған әйелдерде туындайды. Арадағы шиеленіс пен қорқыныш сезімі оларды осындай келеңсіз жайттарға итермелейді.

Ана болудан саналы түрде бас тарту өмір бойы да, әйел өмірінің белгілі бір кезеңіне дейін де жалғасуы мүмкін. Көбінесе мұндай әйелдер отыз жастан кейін балалар туралы ойлана бастайды. Кеш бала туған әйелдің физиологиялық жағдайының психологиялық салдары болуы да мүмкін. Мұндай аналар көбінесе балаларын гипер-қамқорлық жағдайында тәрбиелейді, бұл балалардың психологиялық денсаулығына әсер етеді.

Девиантты аналықтың тағы бір түрі – инфантицид. Мұндай аналар баладан кез-келген жолмен құтылуға тырысады, мәселен, жүктіліктің ерте және кеш кезеңдерінде түсік жасайды. Олар баланың өз өмірінің жалғасы ретіндегі орнын, қажеттіліктерін ескермейді.

Ерекше категорияны жас аналар құрайды. 13-17 жастағы жасөспірім қыздардың жүктілігі эмоционалды-ерік саласының дамуына, құндылық - семантикалық бағдарларға, ана мінез-құлқының қалыптасуына және балаға деген көзқарасына әсер етеді. Бұл өз анасымен бұрмаланған қарым-қатынастармен байланысты эмоционалды-ерік сферасының етілмегендігімен қиындайды [С.Б. Нестерова, Н.С. Есипович, 2018, 82 с.].

Некеде тұрған жас аналарда алаңдаушылық, ересектерге көмек көрсетуге бағдарлану байқалады (бұл ретте бұл үлкендердің балаға күтім жасауына көмек ретінде бағаланады). Олар отбасын асырау және қамтамасыз ету бойынша күйеуіне үлкен сенім артады. Мұндай аналар белгілі бір жасқа тән құндылық-семантикалық бағдар мен жаңа рөлге көшуді түсіну қажеттілігі арасындағы қайшылықты көрсетеді, бұл өз кезегінде ана түй-



сігінің дамуына кедергі келтіреді.

Осындай мәселелердің түйінін шешудің бірден - бір жолы – ана мінез-құлқының және жалпы жасөспірім ананың жеке тұлғасының даму ерекшеліктеріне орай, сондай-ақ ана өмір сүретін қолайсыз әлеуметтік ортаға байланысты түйткілдерді шешуге көмек көрсету мақсатында, әлеуметтік-психологиялық қолдауды ұйымдастыру қажеттілігін негіздеу талабы өз-өзінен сұранып тұр.


Психологиялық қолдаудың мақсаты күйзеліс жағдайындағы қалыптасқан дағдарыс жағдайынан шығу үшін қолайлы жағдай жасау. Кәмелетке толмаған аналармен әлеуметтік – психологиялық қызметті кешенді ұйымдастыру, - олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, психологиялық-педагогикалық көмекті, медициналық-әлеуметтік көмекті, жеңілдіктер алуға жәрдемдесуді және т.б. қолдауларды көздейді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ауталипова Ұ.И. Дау дамай психологиясы. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2006. - 208 б.
2. Брутман В.И., Варга А.Я. Хамитова И.Ю. Влияние семейных факторовна формирование девиантного поведения матери // Психологический журнал. - № 2, 2000. – С. 79 – 87.
3. Вилюнас В.К. Психологические механизмы мотивации человека. – М.: Моск. ун-т, 1990. – 288 с.
4. Винникотт Д.В. Маленькие дети и их матери. – М.: Класс, 1998. – 80с.
5. Мещерякова С.Ю. Психологическая готовность к материнству //Вопросы психологии. – 2000. № 5. – С. 18-27.
6. Гудкова Т.В., Марущак Е.Б., Вопилова И.И. Проблемы девиантного материнства в современных социокультурных условиях: методические рекомендации для специалистов социальных служб. – Новосибирск: Новосибирский издательский дом, 2014. – 56 с.
7. Нестерова С.Б. Эмоциональные особенности женщин в период подростковой беременности // Современная реальность в социально-психологическом контексте: сборник научных материалов / под науч. ред. О.А. Белобрыкиной, М.И. Кошеновой. Новосибирск: НГПУ, 2018. – С. 230 – 234.
8. Нестерова С.Б., Есипович Н.С., Психологические особенности несовершеннолетних мам. Научный журнал • «РЕМ: Psychology. Educology. Medicine» • ISSN 2312-9352 (Online) № 3. – 2018 75-90 с С 75-90
9. Филиппова Г.Г. Психология материнства: Учебное пособие. — М.: Институт Психотерапии, 2002. – С.155-156.
10. Скобло Г.В. Отклоняющееся материнство при послеродовых депрессиях у женщин //Материнство. Социально-психологические аспекты (норма и девиация): материалы Всероссийской научно-практической конференции. – Иваново: ИвГУ, 2002. – С. 131.
11. Психология материнства: Учебное пособие. — М.: Изд-во Института Психотерапии, 2002.С 79-2002.С 79.
- 13.Филиппова Г.Г. Материнство и основные аспекты его исследования в психологии // Вопросы психологии, 2001, № 2, с. 22.



**БЕЙСЕНБАЙ ГУЛНАЗ ШАЙМЕРДЕНҚЫЗЫ,**  
2-ші курс магистранты,  
«7М01102 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті



**НЫСАНБАЕВА АРАЙЛЫМ НҰРЛАНҚЫЗЫ,**  
2-ші курс магистранты,  
«7М01101 – Педагогика және психология» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТИҢ СУБЪЕКТИЛІГІН ДАМУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстандағы білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құрайтын элементтер сипатталған, жүйенің қалыптасуы туралы қысқаша тарихи мәліметтер келтірілген. НСОКО-ға кіретін ұйымдардың функциялары мен міндеттері қарастырылады. Мемлекеттік бақылау мен бағалаудың түрлері екі деңгейлі схемада сипатталған, бағалау іс-әрекетінің құралдары қысқаша сипатталған.

**Түйін сөздер:** білім сапасын бағалау, ұлттық емтихандар, ұлттық тестілеу, мемлекеттік аттестаттау, сыртқы бағалау

**Аннотация.** В данной статье описаны элементы, составляющие национальную систему оценки качества образования в Казахстане, приведены краткие исторические сведения о становлении системы. Рассматриваются функции и задачи организаций, входящих в НСОКО. Виды государственного контроля и оценки описаны в двухуровневой схеме, кратко описаны средства оценочной деятельности.

**Ключевые слова:** оценка качества образования, национальные экзамены, национальное тестирование, государственная аттестация, внешняя оценка

**Annotation.** This article describes the elements that make up the national system for assessing the quality of education in Kazakhstan, provides brief historical information about the formation of the system. The functions and tasks of the organizations included in the NSOC are considered. Types of state control and evaluation are described in a two-level scheme, and the means of evaluation activity are briefly described.

**Keywords:** education quality assessment, national exams, national testing, state certification, external evaluation.

### КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Ұлттық білім сапасын бағалау жүйесі (НСОКО) білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес құрылды [http://normativ.kz]. Бағдарламада білім беру ұйымдарын сыртқы бағалау үшін лицензиялау, сертификаттау, аккредиттеу, рейтинг, орталықтандырылған тестілеу және тікелей мониторингтік зерттеулер жүргізу рәсімдері қарастырылғандығы көрсетілген. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында НСОКО жұмысына қолдау көрсететін инфрақұрылым құрыла бастады. Мемлекеттік білім беру және тестілеу стандарттарының ұлттық орталығы (қазіргі Ұлттық тестілеу орталығы) құрамына жа-

надан құрылған орталықтар қосылды. Атап айтқанда, Ұлттық білім сапасын бағалау орталығы, Ұлттық аккредиттеу орталығы және біліктілікті тағайындау жөніндегі республикалық орталық.

НСОКО принциптері және оның барлық элементтерінің алғашқы бірнеше жылдағы жұмысының нәтижелері көрсетілген [Ж.Түймебаев, Т.Балықбаев, И.Сағындықов, 2007, 27 б.]. Кейіннен НСОКО мәртебесі заңмен бекітілді. Атап айтқанда, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында келесі анықтама негізгі ұғымдардың бірі ретінде берілген: «Білім беруді бағалаудың ұлттық жүйесі - бұл білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкестігін

орнатудың институционалдық құрылымдарының, процедураларының, нысандары мен әдістерінің жиынтығы, қоғам және мемлекет» тақырыбында өтті.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасында білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінде тұжырымдамалық және қолданбалы негіздерін дамыту мәселелерін қарастыру үшін Ұлттық жүйенің басты міндеттері мен НСОКО ұйымдарын ажыратып алудан бастадық.

Ұлттық жүйесі алдына қойылған негізгі міндеттер:

- білім сапасын институционалды бағалау;
- оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау;
- білім беру қызметінің сапасын жүйелі және салыстырмалы талдау;
- білім беру жүйесінің жағдайы туралы объективті ақпарат алу;
- студенттердің оқу жетістіктерін бақылау;
- білім беру жүйесіне қатысушылардың үздіксіз білім алуға және білім сапасын арттыруға деген ынтасын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту көрсеткіштерін әзірлеу;
- Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамыту стратегиясын әзірлеу.

НСОКО инфрақұрылымына келесі ұйымдар кіреді:

- Білім және ғылым министрлігі;
- Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті;
- Ұлттық тестілеу орталығы;
- Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. ;
- Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы;
- техникалық және кәсіптік білім мен біліктілікті дамытудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы.

Осы ұйымдардың функциялары мен міндеттерін білім беру сапасын бағалау жүйесі шеңберінде қарастырайық. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ([www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)) - білім және ғылым саласындағы көшбасшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Министрлік білім беру сапасына жалпы басшылықты, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметінің сапасына әдістемелік және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

НСОКО құрылымына кіретін барлық ұйымдар министрлікке бағынады. Ұлттық тестілеу орталығы ([www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz)) студенттердің, студенттердің, магистратураға түсуге үміткерлердің, докторантураның білім сапасын бақылау, білім беру жүйесін бақылау, Қазақстан

Республикасындағы жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастыру, ұлттық бірыңғай тестілеу технологиясын және талапкерлерді кешенді тестілеу технологиясын қолдана отырып, жұмыстар жүргізеді.

ҰТО-ның негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесінде білім сапасын арттыру үшін ұйымдастырушылық-техникалық қолдау көрсету;

Қазақстан Республикасында студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа моделін енгізу.

Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығының ([www.bilimstat.edu.kz](http://www.bilimstat.edu.kz)) негізгі қызметтері:


- студенттердің білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық және қазақстандық салыстырмалы зерттеулерін ұйымдастыру және жүргізу;
- Қазақстанның білім статистикасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;
- білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша барлық іс-шараларға қатысу.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының негізгі міндеттері. ([www.nao.kz](http://www.nao.kz)) болып табылады:

- білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, оқу-әдістемелік құралдарды қалыптастыру;
- жалпы орта білім берудің 12 жылдық білім беруге көшуін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- педагогика саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының миссиясы - Қазақстанның халықаралық білім кеңістігіне енуін жеңілдету және Болон процесі талаптарын жүзеге асыру және академиялық ұтқырлықты дамыту арқылы жетекші орынға жету. Осы миссия шеңберінде орталық Еуропалық жоғары білім беру аймағының талаптарына сәйкес жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету мәселелерімен айналысады. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен біліктілік берудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы - іске асырудың барлық шараларын үйлестіретін бас ұйым. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің тәжірибесі ғылыми-әдістемелік басқару.

Біздің зерттеу жұмысымыздың басты міндеттерінің бірі болғандықтан Қазақстанның барлық колледждерінің түлектерінің білім сапасына тәуелсіз бағалау жүргізеді. Қазақстан Республикасында білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі екі деңгейде жүзеге асырылады (Сурет 1).



**Сурет – Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі**

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау бес жыл сайын өткізіледі. Жоғары білім беруді мемлекеттік аттестаттау шеңберінде студенттердің білімін Қазақстан Республикасында кешенді тестілеу арқылы бағалау 1999 жылдан бастап, орта білім беру жүйесінде - 2012-2013 оқу жылынан бастап жүргізіліп келеді. 2013 жылға дейін орта білім деңгейінде мемлекеттік аттестаттау аясында оқушылардың білімдері тестілеу өткізу арқылы тексеріліп келді.

Мемлекеттік аттестаттау мектеп бітіруші сыныптарда (4, 9, 11 - 11 сыныптар) және жоғары оқу орындарының бітіру курстарында өткізіледі. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудың айрықша ерекшелігі - оқушылардың білімін бағалауға арналған тест тапсырмалары Ұлттық тестілеу орталығында жасалады, мемлекеттік бақылаудың бұл түрін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттері жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің департаменттері бақылау функцияларын 2012 жылдың сәуірінен бастап жүзеге асыра бастады. Барлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 16 аумақтық департаменті бар.

Мемлекеттік бақылаудың басқа түрлері басқа схема бойынша жүзеге асырылады: базаны қалыптастыру және тестілеуді өткізу Ұлттық тестілеу орталығына жүктелген. 2012 жылғы сәуірден бастап тестілеуді ұйымдастыруға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттері қатысады. 2012 жылға жылға дейін Қазақстан Республикасында жоғары және орта білім деңгейінде ОЖСБ-дан айырмашылығы ауыр құқықтық салдары болған аралық мемлекеттік бақылау жүзеге асырылды. Атап айтқанда тапсырмалардың үш түрі болды:

- студенттер үшін шектік деңгей,
- мамандықтар бойынша шектік деңгей
- университет үшін шектік деңгей.

Шектік деңгейлердің үш түрі де өзара байланыс-

ты болды: егер ОЖСБ нәтижелері бойынша студент шектік балл жинамаса (оны жыл сайын БФМ анықтайтын болса) грант (егер ол бюджеттік негізде оқыса), немесе университеттен шығарылған. Егерде мұндай студенттердің бір мамандық бойынша және студенттер шектік балл жинай алмаған мамандықтар бойынша 7% -дан астамы болса, онда 25% -дан астамы болса, онда жоғары оқу орны кезектен тыс мемлекеттік аттестаттаудан өтті. 2012 жылдан бастап білім беру жетістіктерін сырттай бағалау түрінде Қазақстан Республикасындағы жоғары және орта білім деңгейінде мониторингтік зерттеу жүргізіліп келеді. ОЖСБ-ның білім беру ұйымдарындағы міндеттері:

- оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау;
- оқу үдерісін ұйымдастыру тиімділігін бағалау;
- білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына салыстырмалы талдау жүргізу.

Орта білім беру мен жоғары оқу орындарындағы білім жетістіктерін сырттай бағалаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Жоғары оқу орындарының ОЖСБ шеңберінде тест тапсырмалары бірнеше дұрыс жауаптарды таңдай отырып қолданылады. Тапсырмалар мамандықтар бойынша республикалық оқу-әдістемелік бөлімдермен анықталған пәндер тізімі бойынша студенттердің білімдерін тексеруге бағытталған.

Орта білім беруде, ОЖСБ шеңберінде оқушылардың білімін тексеруге бағытталған тапсырмалар ғана қолданылды, 2014 жылдан бастап 2012–2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеруге арналған тапсырмалар қолданылады [http://www.sru.kz]. 2015 жылға дейін білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ОЖСБ орта білім беру 9 -шы сыныптарда өтеді [http://adilet.zan.kz/]. Әрі қарай, ОЖСБ өткізу технологиясы, сондай-ақ білім жетістіктерінің көрсеткіштерінің мазмұны өзгертіліп, мониторинг жүргізу үшін бастауыш мектептерде, бастауыш және орта мектептерде - мектеп оқушыларын қорытынды аттестаттау түрінде өткізіледі.

Ұлттық бірыңғай тестілеу – орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім беру



ұйымдарына түсу емтихандарымен біріктірілген жалпы орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың бір түрі. ҰБТ 2004 жылдан бастап өткізіліп келеді. ҰБТ-ға қатысу ерікті болып табылады.

ҰБТ қатысушылары - ағымдағы оқу жылының мектеп түлектері. Кешенді тестілеу Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына өткен жылдардағы талапкерлерге, колледж түлектеріне, ҰБТ-ға қатыспаған орта мектеп түлектеріне, шетелде мектеп оқушыларын халықаралық алмасу арқылы оқыған, шетелдегі білім беру мекемелерін бітірген республикалық музыкалық мектеп-интернаттардың түлектеріне қабылдау кезінде өткізіледі. Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ мен КТА-ның, сондай-ақ мемлекеттік білім гранттарын бөлу конкурсының нәтижелері бойынша жыл сайын «Студенттер контингентін қалыптастыру нәтижелерін» шығарады [Қ. Әбдиев, Б. Турдалиев, Д. Жақсыбеков, 2013, 393 б.], онда оқушылардың нәтижелері аймақтар, пәндер, барлық тақырыптар аясында көрсетіледі. Білім беру статистикасы және бағалау үшін ұлттық орталығы жарияланады: «бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелерін талдау», «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін талдау», «студенттерінің оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін талдау», «әсер ететін факторлар оқушылардың білім сапасы 9 -шы сыныптар», «Кешенді тестілеу нәтижелерін бағалау», «4- және 9-сыныптардағы жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының білім нәтижелерін салыстырмалы талдау» [У.М. Абдигапбарова, А.Т. Акишева, Г.А. Ногайбаева, 2013, 31 б.]. Білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы жыл сайынғы ұлттық есепте оқушылардың білім жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін талдайтын бөлімдер бар.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарымыз, Мемлекеттік бақылаудың барлық түрлерінің нәтижелері Қазақ-

стан Республикасының барлық аймақтарындағы ұйымдардың департаменттерімен басқару шешімдерін қабылдау, өлшеу құралдарын жетілдіру, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жетілдіру үшін қолданылады. Сонымен бірге емтихандарға дайындалу үшін сынақ тестілеуі өткізіледі. Сынақ тестілеуге қатысу ерікті болып табылады. Сынақ тестілеуі бүкіл оқу жылында Қазақстанның барлық аймақтарындағы ҰБТ қабылдау пункттерінде өткізіледі. Сынақ тестілеуінің нәтижелерін мұғалімдер оқушылармен жеке жұмыс жасау үшін қолданады. Мониторингтік зерттеулер мен ұлттық емтихандар нәтижелерін пайдаланудың негізгі бағыттарын атауға болады:

- саяси шешімдер қабылдау - білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағдарламаларын жасау (Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2014 жылға арналған мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары– 2016 жыл);

- білім беру мекемелерін дамытудың аумақтық (аймақтық) бағдарламаларын, инновациялық жобаларын әзірлеу;

- көрсетілген критерийлер мен индикаторлар бойынша жұмыс сапасына байланысты педагогикалық және басқарушылық құрамға жалақы белгілеу;

- білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу;

- білім беру саласындағы эксперименттік-инновациялық қызметтің тиімділігін бағалау;

- білім беру жүйелері мен оқу орындарының ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету;

- білім беру жүйесінің қызметкерлеріне, студенттерге, ата-аналарға кеңес беру;

- аумақтық білім беру жүйелері мен білім беру мекемелерінің рейтингтерін қалыптастыру;

- кәсіби жарыстар өткізу;

- үздік оқу орындарын, оқытушыларды конкурстық іріктеу.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: [бекітілген ҚР Президентінің 11.10.2004 жылғы №1459 жарлығымен] // [Электронды ресурс] сілтеме: <http://normativ.kz/view.phpID=14239#>.

2) Қазақстан Республикасының білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі: даму принциптері мен болашағы /Ж.Түймебаев, Т.Балықбаев, И.Сағындықов. - Астана: Сарыарқа, 2007.

3) 2012–2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.06.2012 жылғы №832 қаулысымен бекітілген // SPY.kz [Электрондық ресурс]: ақпараттық- талдамалық портал. - сілтеме: [http://www.spy.kz/Vlasti\\_Politic/Postanovlenie-Pravitelstva-Respubliki-Kazahstan-ot-25-ijunja-2012-goda-832](http://www.spy.kz/Vlasti_Politic/Postanovlenie-Pravitelstva-Respubliki-Kazahstan-ot-25-ijunja-2012-goda-832).

4) Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: [Қазақстан Республикасы Президентінің 07.12.2010 жылғы №1118 жарлығымен бекітілген] // Әділет: ақпарат және құқық. Жүйелік норма дұрыс ҚР актілері. - сілтеме: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>.

5) 2013 жылғы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттік контингентін құру нәтижелері / Қ.Әбдиев, Б.Турдалиев, Д.Жақсыбеков. - Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2013 ж. - 457 б.

6) 2010 - 2011 ж. 4 - және 9 - сыныбының жалпы орта білім беруі бойынша ХБЖ білім алушыларының білім нәтижелерін салыстырмалы талдау / В.М. Абдигапбарова, А.Т. Акишева, Г.А.Ногайбаева. - Астана: НЦОСО, 2011. - 56 б.



**БЕЙСЕНОВА ЖУПАРГУЛЬ ЖУМАБАЕВНА,**  
психология ғылымдарының кандидаты, қауым.проф.м.а.,  
ҚазҰҚПУ



**ҚУЛЫМБАЕВА АЛМАГУЛЬ КАРИБЕКОВНА,**  
психология ғылымдарының магистрі,  
ҚазҰҚПУ

## ТҰЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ СЫНИ ОЙЛАУДЫҢ ДАМУЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тұлғаның танымдық бірлескен іс-әрекетіндегі сыни ойлауды дамыту мәселелері қарастырылған. Қазіргі білім беру парадигмасында тұлғаның сыни ойлауын дамыту маңызды болып табылады. Сондықтан біріккен-диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясы сыни ойлаудың негізі ретінде теориялық тұрғыда мазмұны ашылды.

**Кілттік сөздер:** біріккен-диалогтық танымдық іс-әрекет, сыни ойлау, оқу іс-әрекеті, тұлғаның танымдық дамуы, іс-әрекет концепциясы

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы развития критического мышления в познавательной совместной деятельности личности. В современной образовательной парадигме важным является развитие критического мышления личности. Поэтому концепция объединенно-диалогической познавательной деятельности как основа критического мышления теоретически раскрыта.

**Ключевые слова:** объединенно-диалогическая познавательная деятельность, критическое мышление, учебная деятельность, познавательное развитие личности, концепция деятельности.

**Annotation.** This article deals with the development of critical thinking in the cognitive joint activity of the individual. In the modern educational paradigm, it is important to develop a person's critical thinking. Therefore, the concept of unified Dialogic cognitive activity as the basis of critical thinking is theoretically disclosed.

**Keywords:** United-Dialogic cognitive activity, critical thinking, educational activity, cognitive development of the individual, concept of activity.

### КІРІСПЕ

Дәстүрлі оқыту процесін интербелсенді оқыту әдістерімен алмастыру арқылы біз оқушыларды сыни тұрғыдан ойлай білуге, өздігімен шешім қабылдай білуге үйретеміз. Сонымен қатар оқушылардың бір-бірімен диалогқа түсіп, өздерін еркін сезініп, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулимыз.

Жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен **заманауи оқу бағдарламалары.**

Бұлар біздің балаларымызға қажетті **сыни тұрғыдан ойлау қабілетін** дарытады.

Әлемдік тәжірибелер білім беруді реформалау жағдайында білім беру процесі сапасын арттыруда және оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын бағалау қажеттігін көрсетеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылықта-

рын бағалаудың маңыздылығын түсіне отырып, өзінің бейнесін білім беру сапасы мағынасын қайта ой-елегінен өткізу талпынысынан, білім беруді басқару жүйесін ғылыми тұрғыда негіздеуден және олардың әдіснамалық, әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудан табады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған іс - әрекет. Ол біздің танымдық іс - әрекетіміздің негізі бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе дәлелді пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық, ұжымдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Қазақтың көрнекті психологы М.М.Мұқанов: «Тіл - көлік, ой - жолаушы, әркімнің басы станция. Әркімнің ойы тіл көлігіне мініп, бір кісінің басынан екінші кісінің басына көшіп жүреді», - деді [Мұқанов М.М., 1959, 90 б.]. Сондықтан ойлауды оның логикалық және психологиялық жақтарының бірлігі ретінде қарастырып отырамыз. Біріншіден, ойлау таным объектісі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталады және ішке қажетті байланыстар мен оның мәнінде көрінеді. Екіншіден, ойлауды бала таным объектісінің көмегімен талдау және біріктіру негізінде оның мәнді байланыстарын қолданады. Үшіншіден, ойлау негізінде бала танымдық объектінің мәнді қатынасын талдау мен біріктіру нәтижелерінің бағалануын бақылайды.

Сыни тұрғыдан ойлау - бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлау барысында жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерін көруге қабілетті, мәселелерді шешуде маңызы зор.

Сыни ойлау туралы Дэвид Клустер: кез-келген оқиғаға, жағдаятқа немесе пікірге байланысты әр адамның өз ойын білдіруі [Дэвид Клустер, 2004, 111с.], оның сыни ойлауы десе, мұғалімдерге арналған нұсқаулықта [Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2012, 121б.] «қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттерімізге жаңа немесе түрлендірген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді» - деп беріледі.

Американдық оқытушы, профессор Дэвид Клустер сын тұрғысынан ойлау үшін қажетті бірнеше ойлау іс-әрекеттері бар деп көрсетеді. Мысалы, есте сақтау – оқу процесі үшін маңызды, онсыз болмайтын ойлау іс-әрекеттерінің бірі, бірақ сыни ойлаудан түбірлі өзгеше нәрсе. Дегенмен көптеген мектептегі әріптестеріміз оқушының есте сақтау қабілетін ерекше бағалайды, өздерінің бақылау және емтихан жұмыстарының сұрақтарын есте сақтауға құрады және оны тексереді.

Оқыту мен оқуды сыни тұрғыдан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, қарастырылмаған болжамдар мен құндылықтарды, мәселелерді мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, басымдықтарды бекітудің маңыздылығы мен міндеттерді шешудегі артықшылығын түсінуді қарастырады.

Түсіну – күрделі ойлау операцияларына жатады. Түсіну – ойлау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір оқиғаның немесе құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу. Түсіну мүмкіндігімен сан алуан құбылыстардың себеп-салдарын, елеулі белгілерін, өзара байланысын, маңызы

мен мағынасын ұғынуға болады. Басқа адамның амал-әрекетінің, ой-пікірінің мазмұнын ұғынуда, кез келген ақпаратты қабылдап, оған лайық ой тую түсіну арқылы жүзеге асады. Түсінудің арқасында адам қоғамдық және мәдени ортада, өзара қарым-қатынаста, ақпараттық кеңістікте өз орнын, өзіндік ой-пікірінің лайықты мүмкіндігін айқындайды. өзгенің ой-пікірін, көңіл-күйін, мақсатын түсінбей тұрып, өзіндік ой-пікір тұжырымдау, қарым-қатынасқа түсу мүмкін емес. Сондықтан түсінудің алғы шарты өзгемен санасу, оны мұқият тыңдау. Мәселені дұрыс түсіну үшін адамға тиянақты, саналы білім, ақыл-парасат, дағды қажет. Түсіну үшін мәселенің негізгі мәнін іздеу, түйінін шешетін сұрақ қоя білу, дәл тұжырымдау, жалпылау, топтастыру, т.б. шарттарды орындау керек. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы біз тұлғаның танымдық деңгейін дамыта отырып, шығармашылық немесе интуициялық ойлауға үйретеміз.

Дэвид Клустер ұсынысы бойынша, сыни ойлау – тұлғаның дербес ойлауы болып табылады. Жеке тұлға болып жатқан оқиғаға, жағдаятқа өз ойын білдіруі оның сыни ойлауын көрсетеді. Дербес ойлау – сыни ойлаудың ең бірінші және аса маңызды сипаттамасы.

Сыни ойлауды дамытуда тұлғалық құзыреттіліктерді қалыптастыруда күтілетін нәтижелерді келесі түрде көрсетуге болады:

- өзінің әрекеттері мен амалдарына мақсатты және мәнді қондырғыларды таңдай білуі;
- өзін-өзі тану, заманауи адамның тұлғалық сапаларын дамыту қабілеті;
- психологиялық сауаттылық;
- ойлау мәдениетін игеру;
- қоғамда өзінің ролі мен тағдырын сезіне алу қабілеті;
- қалыпты жағдаятта дұрыс шешім қабылдай алу қабілеті;
- салауатты өмір салтына кіріспе және насихаттау;
- өзіндік қауіпсіздігін сақтау ережелеріне сүйену;
- өзіне деген, өз отанының азаматына деген қадір-қасиет сезімін білдіру;
- өзін-өзі білімдендіру қабілеті мен еңбек етуде өзін-өзі жетілдіру;
- дене, рухани және ақыл-ой өзін-өзі дамыта алу қабілеті;
- эмоционалды өзін-өзі реттеу және өзін-өзі қолдай алу қабілеті.

Сауаттылық пен білімділік – құрылымдық жағынан біртекті ұғымдар болғанымен, айырмашылықтары бар.

Білімділік - бұл қоғамдық және тұлғалық қажетті максимумға жеткен сауаттылық. Білімі - тұлғалық білім алуды сипаттайтын санат.

Сыни ойлауға ақпарат негіз болады, бірақ сыни ойлаудың соңғы өнімі емес. Терең ойлау үшін оған қажетті «негіз» болатын көптеген фак-

тілерді, идеяларды, мәтіндерді, теорияларды, мәліметтерді, концепцияларды өңдеуге тура келеді. Сол себепті де сыни ойлаудың нәтижесінде алынған ақпараттарды талдап, салыстырып, қорытынды жасаймыз.

Сыни ойлау сұрақтарды қоюдан және шешуді қажет ететін мәселені айқындаудан басталады. Адамның табиғаты жаратылысынан табиғатты және өзін қоршаған ортаны танып білуге құмар. Соның нәтижесінде қоршаған, әлеуметтік орта жайлы заңдар мен заңдылықтар ашылды.

Осы жерде айта кететін нәрсе, қазіргі кезде сыни тұрғыда оқыту мәселесі маңызды деп ойлаймын. Сыни ойлауда әрбір білім алушының әлемді ұғынуы өзіндік көзқарас, идеялары мен сенімдеріне байланысты дербес тұлғалық ерекшеліктері бар.

Білім алушылар мен оқытушылар арасында жаңа сындарлы өзара қатынастарды (интербелсенді формада) қалыптастыру, жалпы әрекет процесінде шешуші маңызға ие болады. Бұл жағдайда сындарлы ойлаумен кәсіби сындарлы қабілеттер білім алушылар мен оқытушылардың қарама-қарсы қатынастарын (өзара қатынастарын) реттеу құралына айналады.

Оқыту процесінде балалардың даму мәселесі педагогика мен психологияның жалпы мәселесі болып табылады. Бұл мәселенің педагогикалық аспектісі оқытудың тәрбиеленуші сипаты, оның ақыл-ой дамуының қозғалысына әсері. Ал психологиялық аспектісі – балалардың ақыл-ой дамуының ішкі заңдылықтарын ашады. Оқытуды психологиялық мәселе ретінде А.Н. Леонтьев зерттеді. Ол оқыту процесінде меңгерілген білімдерді практикалық тәжірибемен біріктіру тұлғаның санасын ғана емес іс-әрекетін де жетілдіреді, дамытады. Осындай күрделі қарама-қайшылықты процесте ақыл-ой дамуында мәнді өзгерістер өтеді.

Білім алушылар түрлі дерек көздерінен алынған ақпараттармен логикалық әрекеттер жасай отырып, өзіндік ішкі түйсік, ұғыну мен игеру қабілеттілігі есебінен жекеден жалпыға немесе жалпыдан жекеге қарай бағытталған жаңа білімді қалыптастырады.

В.В. Давыдов осыған байланысты: «Қоғам дамуындағы тарихи дәуірге байланысты әрбір жеке адам тәрбие мен оқыту меншігіне ойлау тәсілі мен өзінің іс-әрекет формасын алады», - деп жазады [Давыдов В.В., Срободчиков В.И., Цукерман Г.А., 1992, 15 б.].

С.М. Жақыпов: «Қазіргі оқытудың белсенділік әдістемесінің негізінде топтық дискуссия жатыр. Оның негізгі белгілері мәселенің болуы (шындықтағы, өндірістік, танымдық) және оның шешімі топпен бірлескен түрде орындалады», - деп тоқталды. Негізінде, жоғары деңгейдегі бірлескен танымдық дамуда оқыту формасы мен оқытушылардың танымдық іс-әрекетінің мазмұнын ұйымдастыру біріккен-диалогтық болады. «Бірік-

кен-диалогтық» терминін қолданғанда, әрекеттің біріккен мінездемесі ретінде сызып көрсетуге болады, тек қана білім алушылардың арасында емес, олардың, яғни білім алушы мен оқытушының арасындағы біріккен іс-әрекетіндегі оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың нақты жағдайында қалыптасады. Біріккен-диалогтық танымдық іс-әрекет сыни ойлаудың негізі болып табылады [Джакупов С.М., 2004, 197 с.].

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауларын дамытуда диалогтың маңызы өте зор. Әңгіме, талдау, зерттеудегі тапсырмалар барысында оқушылардың өзара бір – бірімен қарым – қатынасқа түсуі, нәтижеге жету үшін ізденіс барысында диалог арқылы сыни тұрғыдан ойлауларын дамытады.

Сабақта сыни тұрғыдан ойлауға үйрету технологияларын пайдалана отырып, білім алушылардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік жасауға болады. Әрбір әдіс білім алушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Тұлғаның тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді.

О.К. Тихомиров өзінің «Ойлау психологиясы» еңбегінде біріккен іс-әрекет классификациясын екі түрлі мағынада қарастырады [Тихомиров О.К., 1984, 72 с.]. «Біріншіден, біріккен ұғымын оған қатысушылардың «оқушы мен оқытушы» іс-әрекет өнімділігінің жалпы құрылымы, ортақ туындаған ниет, мақсат, мән және қорытынды өнімділік ретінде қарастыруға болады.

Екіншіден, біріккен творчестволық іс-әрекетті «бірлескен» ұғым ретінде түсініп, қалай толықтырылады, осы жағына тоқталу қажет» деп атап өтеді [8]. Осындай біріккен-диалогтық іс-әрекет мектепте балалардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын оқыту процесінде толығымен жүзеге аса бастайды. Мектеп оқушысы ойлауының күрделенуі оқыту процесіне байланысты болғандықтан, олардың ақыл-ой сапасы құрылымдарға ие бола отырып өзіндік жеке тұлғада көрінеді. Бұл сапалар көптеген белгілер арқылы анықталады; мәнді мәселені шешуде, жаңа білімді меңгеру мен талдап қорытудың жылдамдығы, жеңілдігі мен кеңдігі темпіне байланысты. Оқытудың жетістігі осы сапаларға байланысты да, оған қабілеттілік оқытудың компонентері болып табылады. Оқытудың барысына және оқушының жас ерекшелігіне бұл сапалар әсер етіп, білім берудің деңгейі мен заңдылықтары ұсынылады. З.И. Калмыкова: «Оқытудың негізінде біз жеке адамның өзіндік интеллектуалдық жүйесінің қозғалысының, күрделілігінің, ақыл-ойдың сапалы құрылымын, осыған байланысты оқыту процесінің өнімділігін анықтаймыз», - деп атап өтеді [Калмыкова З.И., 1984, 173 с.].

Сыни тұрғыда оқытуды қолдану оқу әрекетін және процесті құрылымдауды терең түсіну үшін шешуші маңызға ие. Бұның барлығы өз





кезегінде оқытушыға оқу материалын іріктеуде, оқу үдерісін ұйымдастыруда, білім алушыларды басқаруды түзетуде және т.с.с. үлкен көмек көрсетеді. Сонымен бірге оқытушыға жоспарланған материалдарды оқып, үйренуге, алдына қойған мақсаттарына жету үшін әрекет алгоритмін құрылымдауға көмектеседі.

Сыни тұрғыда оқыту, сондай-ақ, шығармашылық ортаны қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Заманауи әлемде әр адамның алдында шығармашылық үрдіске енуі үшін үлкен мүмкіндіктер ашылған. Шығармашылықпен байланысты сындарлылық ғылыми мәліметтердің жиынтығы, өнертапқыштыққа деген белсенділік, жаңа технологиялық міндеттерді шешу ретінде түсіндіріледі. Кәсіби сындарлы шығармашылық әрқайсымыздан жаңа сапаларды талап етеді: жаңа бастамаларға деген қажеттілік; басқалар көріп, біле алмайтын мәселелерді ұғыну, түсіну; баламаларды іріктеу және түсіну қабілеті; алғашқы қадамнан анықтау қиын өндірістің жаңа қырларын айқындау; қиындықтарды тез жеңе білу қабілеті; жалпы қабылданған ақиқатқа (ережелерге) және жаңа бастамаларға сыни қарау қабілеті; интербелсенді сындарлы технологиялармен, компьютерлік құралдармен және іс – әрекет етуге мүмкіндік беретін тұлғалық ерекшеліктері.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Нәтижеге бағдарланған білім беруде оқушылардың тұлғасын қалыптастыру - негізгі міндет-

тердің бірі. Бұл міндетті жүзеге асырудың тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде қарастырылуы қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің біріне айналып, мектеп оқушыларының ақпаратты меңгеруін қалыптастырудың жолдарын зерттеу қажеттігі анықталды.

Дәстүрлі білім беру жүйесінің оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру нәтижесіне жетуге мүмкіндігі толық жетпейтіндігін іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Оқушылардың коммуникативтік қарым- қатнасын қалыптастыру олардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуына, оқыту-тәрбиелеу ұстанымдары мен әдістеріне, формаларына тәуелді екендігі белгілі.

Мектептегі білім жаңа мазмұнмен байытылып, оқушының қабілеттерін дамыту, оның бойында білім, білік, дағдыны қалыптастыру міндетін шешуге бағытталған. Мектеп оқушыларының өз бойынан табылатын қабілеттерін есептей келе, балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға бірнеше әдіс тәсілдерді қолдану ұсынылып келеді. Негізгі мектептегі білім беру саласында оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру сапасының жиынтықтарының игерілуіне бағдарланып отыр.


Сондықтан, біріккен - диалогтық танымдық іс – әрекет тұлғаның оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастырудың ғана емес, сыни ойлауын дамытудың да негізі болып табылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. – Алматы: Қазақ университеті, 1959. - 120 б.
2. Дэвид Клустер. Что такое критическое мышление? Перемена. Весна 2001 (4), с.36-40 (Философия и методы RWCTв действии. Под.ред. С.Мирсеитовой. Казахстанская Ассоциация по Чтению. Серия «Школа профессионального развития». – Алматы: Издат Маркет, 2004. Глава 2, с. 104-114.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым, 2012. -194 с.
4. Давыдов В.В., Срободчиков В.И., Цукерман Г.А. Младший школьник как субъект учебной деятельности // Вопросы психологии, 1992, №3. С. 14-17.
5. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Қазақ университеті, 2004, 312 с.
6. Тихомиров О.К. Психология мышления. М.: Изд-во МГУ, 1984. - 189 с.
7. Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. - М.: Педагогика, 1984, 200 с.



**БОЛСЫНБЕКОВА ГУЛНАРА АБЫЛХАКОВНА,**  
докторант,  
Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті,  
Семей қаласы, Қазақстан,  
E-mail: bolsynbekovag@mail.ru



**ЖҰБАНОВА ДАНА ОРАЗБЕКҚЫЗЫ,**  
2-ші курс магистранты,  
«7M01102 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ СЯСАТЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары білім беру саласындағы инновациялық бағыттар мен мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселелері қарастырылады. Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлғаның бірі педагогтар болып отыр. Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыратын педагог-психологтарды құзыреттілігін қалыптастыру да бүгінгі күні өзекті болып отыр.

**Кілт сөздер:** инновациялық бағыттар, кәсіби құзыреттілік, білім беру саясаты, білім берудегі реформа, педагог-психолог мамандары, қалыптастыру

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются инновационные направления в сфере высшего образования и вопросы повышения профессиональной компетентности специалистов. Одной из ключевых фигур в реализации образовательной реформы стали педагоги. Актуальным на сегодняшний день становится и формирование компетенций педагогов-психологов, осуществляющих инновационную деятельность.

**Ключевые слова:** инновационные направления, профессиональная компетентность, образовательная политика, реформа в образовании, специалисты педагога-психолога, формирование.

**Annotation.** This article discusses innovative trends in higher education and issues of improving the professional competence of specialists. One of the key figures in the implementation of the educational reform was teachers. The formation of competencies of teachers and psychologists engaged in innovative activities is also becoming relevant today.

**Keywords:** innovative directions, professional competence, educational policy, reform in education, specialists of the teacher-psychologist, formation of the educational system.

### КІРІСПЕ

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы қазақстанның білім беру жүйесіндегі қарқынды реформалар кезеңі болды. Бұл білім сапасына қойылатын талаптардың өзгерісіне байланысты сыртқы факторлардың әсерінен, сонымен бірге даму тенденциясын туындататын ішкі қарама-қайшылықтар әрекеті әсерінен болды. Қазіргі қоғамға өз бетінше әрекет ете алатын, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, өз дамуын құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім ала алатын және оған дайын адамдар қажет. 2006 жылы Санкт-Петербург қаласында өткен «Сегіздіктен құрылған топ» саммитінің «XXI ғасырдағы инновациялық қоғамға арналған білім» атты қорытынды құжатында «білім беру адамзат дамуының негізі ретінде инновацияны қажетсінеді», – деп көрсеткен [Пригожин А.И., 2002, 101 с.]. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістер енгізудің қажеттілігі нормативті-құқықтық құжаттарда да көрініс тапқан. Инновациялық іс-әрекеттегі

көптеген шектеулерге жол бермей, оны өзгертуге деген қажеттіліктің туындауы білім беру жүйесінде кең ауқымды инновациялық қозғалысты тудырды.

XXI ғасырдағы білім берудегі ерекшеліктердің бірі оның интеграциялық сипаты болып табылады. Болон үдерісі аясында ұлттық білім беру жүйелері әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануда. Қазақстандық педагогикалық ғылым мен тәжірибе білім беру мазмұнын өзгерту арқылы интеграциялық үдерісті ескере отырып, мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету жағдайы мен мүмкіндіктерін іздестіру үстінде.

Оқытушы тұлғасы, оның кәсіби біліктілігі, рухани байлығы ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етудегі маңызды жағдай болып табылады. Оқытушының тұлғалық және кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде өз маңыздылығын жоғалтпайды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Барлық деңгейдегі педагогтардың инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру стратегиясын *тұлғаны дамыту және өзін-өзі дамыту тұжырымдамасы анықтайды*. Жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асыру жағдайы ақпаратты жылдам әрі сапалы талдай білу, маңыздылығын бөліп алу, мазмұнын жариялау және өз білімін тәжірибелік әрекетте қолдана білу қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді.

ЖОО оқытушысының кәсіби әрекетіндегі инновациялық сипаты Болон үдерісін жүзеге асыру талаптарын ескеруді қажетсінеді.

Сонымен бірге *бір тұтас педагогикалық үдерісті* атап өткен жөн, ондағы басты ұстаным: оқыта отырып, тәрбиелеймін, тәрбиелей отырып, оқытамын. Жаһандану үдерістері тұлғаның адамгершілігін қалыптастыру мәселесін шеттеткен емес.

Жаңа жағдайда оқытушылар жастардың құқықтық-азаматтық, моральды-этикалық, адамгершілікті-эстетикалық тәрбиесі мен олардың салауатты өмір салтын ұстануы секілді ушыққан мәселелер туралы да ойлануы керек.

Инновациялық білім беру үдерісінің бастапқы құндылықтар жүйесі ретіндегі түсінік оны рухани өндіріс ретінде сипаттайды, ал оның өнімі тек жаңа білім, құндылықтарды меңгеру емес, сонымен қатар оқушылардың шынайы күші мен әрекеттік қабілеттіліктерін ашу болып табылады. Білім берудегі инновациялар әлеуметтік маңызды құндылықтарға негізделеді, олар: адам, өмір, еңбек, Отан.

Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы *әлемдік педагогикалық мәдениеттің гуманистік құндылықтары мен дәстүрлеріне бағытталу* қажеттілігі айқын көрініс табуда. Оқытушы шеберлігі оқыту үдерісін үлгілей отырып, оның мазмұнына инновациялық астарын қоса білуінде және кері әсерлерге тойтарыс бере отырып, оқушылар бойында этикалық мінезқұлық, адамгершілік сипаттарды қалыптастыру үшін жағымды жағдай жасайды.

«*Инноватика*» қоғамдағы инновациялық үдерістердің өсу қарқынын сезінуге қабілетті заманауи ғылыми ойлардың маңызды бағыты ретінде айқындалады, сәйкесінше *инновациялық үдерісті* – жаңашылдықты құру, тарату және меңгеру арқылы білім беруді дамыту үдерісі ретінде түсіну қажет [Нағымжанова Қ., 2009, 83 б.].

Қазіргі кезеңде ЖОО оқытушылары үшін кәсіби әрекет *педагогикалық үдеріске инновациялық технологияларды ендіру* бағыттылығымен анықталады.

Инновациялар, инновациялық іс-әрекет *инновациялық ойлауды* қалыптастыруды талап ететіні сөзсіз. Инновациялық ойлау төрт диалектикалық өзара байланысқан кезеңнен тұрады:

- *когнитивті* – ойлау жүйесіне жаңа білім мазмұнын тану мен инновацияны генерациялау

арқылы өтетін педагогтің субъективті шындығындағы инновацияның пайда болу үдерісі;

- *жобалау* – пәнаралық, интеграциялық тұғыр негізінде субъектінің танымы, ең алдымен, түрлі философиялық құрылымдар, таным теориясы, психология, педагогика;

- *инструменталды* – педагог-инноватордың тәжірибедегі технологиялық инновацияларды тудыру кезеңі;

- *түзетушілік*, онда педагог-инноватор педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында оған жаңаны ендіруді түзетіп, ыңғайластырады.

Зерттеу университеттеріндегі инновациялық іс-әрекеттің мәні мен маңызы

Жоғары оқу орындарында қайта жаңарту жолдарын іздестіру көптеген бағыттар бойынша жүріп жатыр. ЖОО жұмысындағы мәнді өзгерістер білім беру үлгісін ауыстырумен тікелей байланысты болады. Қазіргі қазақстандық ЖОО-ларда жаңаны ендірудің тиімді жолының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сияқты зерттеу университетін құру. Бұл тұрғыда шетелдік тәжірибе жоғары маңыздылыққа ие, әсіресе АҚШ тәжірибесі, ондағы ғылыми-техникалық даму, инновациялық экономиканың қалыптасуы, *бизнестің, жұмыс орнын берушілердің, ғылым мен білім интеграциясы*. Америкалық зерттеу университеттері

- бұл, ең алдымен, мемлекет пен ұйымдық қаржыландыру қолдап отыратын озат іргелі зерттеулер жүргізлетін орталықтар, оқытушылар мен студенттері белсенді жұмылдырылған университет қабырғасындағы шынайы ғылым мен білім. Сонымен қатар зерттеу университеттері

- аймақтық экономикалық дамуға әсер етуші, технопарктерді қалыптастырушы, кәсіпкерлік инкубаторларды қолдау мен кіші бизнесті қолдауға септігін тигізетін орталықтар [Супяна В.Б., 2009, 269 с.]. Және де бұл – елдің қоғамдық дамуында маңызды рөл атқаруға міндетті *ұлттық элитаны қалып тастырушы орын*. Сол себепті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1754 жылы құрылған Колумбия университетімен тығыз қарым-қатынаста. Колумбия университеті 2007 жылы жалпы ұлттық рейтингте 9-орын алған.

Зерттеу университеттеріндегі инновациялық іс-әрекеттің мақсаты аймақтағы кәсіпкерлік белсенділіктің дамуына ықпал ету, өндіріс пен бизнестің байланысын нығайту, жаңа компанияларды құруға қатысу арқылы нарықта озық технологиялық өңдемелерді шығару болып табылады. Кей жағдайда компаниялар университет тарапынан патенттелген және лицензияланған озық технологиялар базасында құрылады. Зерттеу университеттері жаңадан құрылған компаниялардың капиталына қатысады, қызығушылықтан туындаған кикілжіңдерді реттейді, себебі университет мәртебесі бойынша, бұл қоғам қамы үшін қызмет ететін және білім өндіретін, пайда алатын корпорация болып табылады.

Қазіргі замандағы инновациялық білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдардар еңбектерінде студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер айтылуда. Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Г.Ж. Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б. Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлығы), Ш.Х. Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), С.И. Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) Б.Т. Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), және т.б. ғалымдар зерттеген. Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі әрі көп қырлы. Ол ғылыми педагогикада, әлеуметтануда, психологияда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылуда.

Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімін және тәжірибесін пайдалана отырып, міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті болып табылады [Аганина Қ.Ж., №5, 2020, 14 б.]. Ол жаттанды түрде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысы, белгілі бір мәселелерді ұсынуға, шешім жасауға, оның нәтижелерін талдауға, оған ұтымды түзетулер енгізіп отыруға, бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына деген белсенді іс-әрекет деп айтуға болады. Осыған орай қазір біздің елімізде кәсіби білім беру жүйесі бойынша, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деген міндеті бар. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндірудің екі бағыты бар: адам стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның еңбек нәтижелеріне жетуіне мүмкіндік беретін сапалары.

Білім берудегі инновациялық үдерістің нәтижесі теориялық және тәжірибелік жағынан жаңалықтарды қолдану болып табылады. Білім беру жүйесінде инновация білім беру мақсатына жаңалықтар енгізу, жаңа мазмұнды жаңа тәсілдер мен тәжірибелер және білім беру формаларын қайта жасауды, жаңа педагогикалық жүйені

енгізу және таратуды, мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасауды, дамытуды және мектеп жаңа білім беру бағытын ұстанғанда, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуын жобалайды.

Олардың дамуын екі факторға бөліп қарастырамыз:

1. Объективті факторлар – инновациялық әрекеттің қарқынды дамуына жағдай жасау және оның нәтижелерін қабылдауды қамтамасыз ету.

2. Субъективті факторлар – инновациялық үдеріс субъектісімен тығыз байланысты. Инновациялық үдеріс субъектілеріне ғалым-педагогтер, мұғалімдер және білім беру саласында инновацияға бағытталған әрекеттің басқа да қызметкерлері жатады.

Жоғары білім берудегі инновациялық үдерістердің қарқынды өрлеуі

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы қазқстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер кезеңі болып табылады. Бұл білім сапасына қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты сыртқы факторлардың әсерінен туындап қана қойған жоқ, сонымен қатар даму тенденциясын тудыратын ішкі қарамақайшылықтардан туындап отыр.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.

Инновация деген не? «Инновация» ағылшын тілінен аударғанда (Innovation) «новацияға кіріспе» дегенді білдіреді [Медведев В.П., 2011, 77 с.]. Бұл термин мәдени антропологияда пайда болды. Ол бір мәдениет жетістіктерін сауда, тауар алмасу үрдістеріне пайдалану, аудару дегенді білдіреді. «Инновация» термині антропологиядан экономикаға, сонан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру мекемелерінің практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеді. 50-жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды оқу және қорыту орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы бағылымдар шыға бастады (мысалы, «information at innovation en education Educational innovation in the United States» және басқалар).

Біздің елімізде дәл осындай үрдістер жүріп жатты. Алайда олар басқаша аталды. Әңгіме педагогикалық тәжірибенің таратылуы туралы, білім қызметкерлерінің оны пайдалануға дайын-



дығы туралы және ұсынылған жаңалықтардың жаңалығы, оларды бағалау тәсілдері туралы болды.

Әдетте, инновация дәстүрлі мәселелерді жаңаша шешу нәтижесінде, фактілерді ұғыну және жинақтау үрдісінің ұзақтығы нәтижесінде пайда болды. Қазіргі кездегі инновацияның көбі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты және оның өткен уақытта белгісі, ұқсасы бар. Бұл инновациялық үрдістің белгілі тұжырымдарға сәйкес келетін және белгілі бір жағдайларға өзекті және бейімделген, белгілі бір мақсатқа бағытталған және қазіргі заманғы идеяның құрылу, орнығу, қолдану және жойылу үрдісі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Ол жаңалықтар кіретін жүйенің сапалы жақсаруына бағытталған, оған қатысушыларды ынталандырады және олардың көзқарастарын жаңалықтар тұрғысынан өзгертеді.

*Инновациялық білім беру үдерісінің негізінде педагогиканың екі басты мәселесі жатыр:*

- педагогикалық тәжірибені зерттеу мәселесі;
- психология мен педагогика ғылымының жетістіктерін тәжірибеге жеткізу мәселесі.

Инновациялық іс-әрекетке қойылатын шектеулердің азаюы білім беру жүйесінде ауқымды инновациялық қозғалысты туындатып отыр. Университеттің даму болашағына жаңаны өңдеу мен тарату үдерісі үлкен әсерін тигізеді. Басқа университетте туындап жатқан білім беру жүйесіндегі жетістіктер мен өңдемелер, педагогикалық тәжірибе университеттің дамуына мықты түрткі болып табылады. Білім берудегі инновациялық технологиялар білім алушылардың өз бетінше жұмысын белсендіруге және оны мәселенің шешімін табуда қолдануға, зерттеуге, әріптестікке бағытталған. Оларды қолдану студент-оқытушы жүйесіндегі басқа сапалы өзара әрекетті талап етеді.

*Университетті жаңарту, білім беру тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру көптеген бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:*

- дамыта оқыту педагогикалық жүйесі ендірілуде;
- жеке пәндерді көптеген нұсқалардың ішінен таңдау арқылы тереңдетіп оқыту жүргізілуде;
- саралап және жекелеп оқыту негізінде көп деңгейлі оқыту жүзеге асырылуда;
- оқыту үдерісінде модульдік жүйе іске асырылуда және т.б.

Жаңа білім беру үлгілерінің өрістеуі жаңа типтегі университеттердің пайда болуына алып келді. Жаңа типтегі университеттердің пайда болуы университеттің педагогикалық жүйесінің ауқымы және күрделілігі жағынан түрлі өзгерістерді айқындайды. Жаңаны ендіру типінің кең тараған түрі білім беру бағдарламаларының мазмұны немесе технологияларының өзгерісі болып табылады. Олар негізгі мақсат пен міндеттеріне байланысты; сүйенетін тұжырымдамасына байланысты; қолданылатын оқытуды ұйымдастыру

формасына байланысты; оқыту әдістерінің басымдығына байланысты ерекшеленеді. Сонымен қатар көптеген диагностикалық технологиялар қолданылуда (мониторинг, тестілеу, сауалнама, рейтингтер және т.б.).

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда инновациялық технологиялардан кеңінен танымалдық танытқан ойын технологиялары, мәселелік оқыту, жеке оқыту технологиясы, өзін-өзі дамыту технологиясы, тұлғалық бағдарланған дамыта оқыту технологиясы, шығармашылық қабілеттерді дамыту технологиясы, топтық және ұжымдық технологиялар, компьютерлік технологиялар және т.б.

Республикамыздағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жұмыс сапасын үздіксіз жетілдіруге енгізілген «Кайдзен» жүйесі де зор ықпал жасап отыр. Оған университеттің барлық оқытушылары, қызметкерлері және студенттер толық тартылған. Университет ұжымының жаңару мен жаңғыру жолында еңбектері өзінің алғашқы жемістерін беруде. Quasquarelli symonds (Qs, Ұлыбритания) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес 2011 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үздік секіріс жасады. Дүниежүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша бір жыл ішінде әлемдік топ-университеттер рейтингінде бірден 200 орынға жоғарылап, 401-450 дәрежеге енді. Бұл ретте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік үздік университеттердің ортаңғы бөлігіне жақындаған Орталық Азиядағы тұңғыш университет болып табылады.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының өзінде-ақ Жапонияда жай сапа мен өнімділіктен де кең ұғымды қамтитын “кайдзен” тұжырымдамасы жасалған болатын. “Кайдзен” ұғымы өзіне тауарлық өндірістің басқа да, мысалы, сапаға жаппай бақылау сияқты элементтерін, жаңашылдық ұсыныстар жүйесін, сапа үйірмелерін, кемкетіксіздікті және т.б. қамтиды. Жапон менеджментінің ерекшелігі – жетістікке қол жеткізудегі айқындаушылардың бірі ретіндегі нәтижесіне қарамастан, үдеріске барлық қызметкерлердің қатысуы болып табылады. «Кайдзен» стратегиясы мәні тәртіптеме және үдерістер нәтижелілігін, ұсынылатын қызметтер сапасын арттыруға, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған ұжым мүшелерінің идеяларын іске асыруда жатыр.

«Кайдзен» стратегиясы әрбір жеке қызметкер деңгейінде идея ұсынуды және оны әзірлеуді ұйғарады, бұл оның нәтижелілігін, тиімділігін және нәтижелер сапасын жақсарту мақсатында қандай да бір үдерісті немесе тәртіптемені жаңғыртуға немесе оңтайландыруға бағытталады.

Бұл инновацияларды іске асыруда педагог-психолог мамандардың да маңызы бар. Қоғам талабына сай өзін-өзі жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгеріп, ортамен қарым-қатынаста тіл табыса алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибе-

сі көп т.б. қасиеттерді жинақтай алса ғана кәсіби құзыретті маман болады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, әрқашан қарым-қатынасқа

дайын, педагогикалық үдерісте әрдайым өз жұмысында жақсы нәтижелерге қол жеткізетін маманды атауға болады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия (социальные проблемы инноватики). – М.: Политиздат, 2002. – 271 с.
2. Нағымжанова Қ. Университеттік ортада креативті ойлаудың ерекшеліктері /Қазақстанның жоғары мектебі. – Алматы, 2009. – Б. 78-92.
3. Исследовательские университеты США: механизм интеграции науки и образования / под ред. проф. В.Б. Супяна. – М.: Магистр, 2009. – 399 с.
4. Аганина Қ.Ж. Қазақстанда білім беру процесін жетілдіру мәселесіне. //Білім әлемінде. №5, 2010. – Б. 13-17.
5. Медведев В.П. Инновации как средство обеспечения конкурентоспособности организации. – М.: Магистр, 2011. – 159 с.

ӘОЖ 371.8.

**БОРАНҚҰЛОВ ЕРКІНБЕК ҚАҒАЗБЕКҰЛЫ,**  
п.ф.к., қау. профессоры (доцент),  
Қазақ технология және бизнес университеті

**СУТЕЕВА МАЙРА АҚБОТАҚЫЗЫ,**  
п.ф.к., доцент,  
К.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

## БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Болашақ маманның көркем-эстетикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру қарастырылады. Шығармашылық – көркем-эстетикалық құзыреттіліктің негізі. Сондықтан, болашақ маман бойында қалыптасатын көркем-эстетикалық құзыреттілік тұлға мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастырады.

**Кілт сөздер:** көркем-эстетикалық құзыреттілік, құзыреттілік, ұлттық модель, үздіксіз білім, көпсатылы деңгей.

**Аннотация.** Рассматривается формирование художественно-эстетических компетенций будущего специалиста. Творчество-основа художественно-эстетической компетентности. Поэтому художественно-эстетическая компетентность, формирующаяся у будущего специалиста, формирует национальную модель непрерывного образования, удовлетворяющую потребности личности и общества.

**Ключевые слова:** художественно-эстетическая компетентность, компетентность, национальная модель, непрерывное образование, многоступенчатый уровень.

**Annotation.** The article considers the formation of artistic and aesthetic competencies of a future specialist. Creativity is the basis of artistic and aesthetic competence. Therefore, the artistic and aesthetic competence that is formed in the future specialist forms a national model of continuing education that meets the needs of the individual and society.

**Keyword:** artistic and aesthetic competence, competence, national model, continuing education, multi-stage level.

### КІРІСПЕ

Бүгінгі этномәдени дамудағы негізгі орын алатыны – ол ғылым мен мәдениеттің дамуына байланысты мәселе. Қоғамдағы жалпы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен қатар, білім беру саласында да жаңа бағыттарға бет бұрды. Соның айғағы – көркемөнер саласындағы заманауи нұсқадағы орындалған еңбектер мен шығармашыл. Сондықтан Қазақстанның білім беру жүйесіндегі көпсатылы деңгейі жеке тұлға мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастырады және оны дамытудағы стратегиялық басылымдылықтарды белгілейді, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырады. Сондай-ақ маман кадрларды даярлаудың халықаралық білім үлгісіне жақындатуға мүмкіншілік жасайды. Демек, алдағы міндет — көпсатылы білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологияларды жобалап, оқу процесіне енгізу.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі қоғам шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер мамандарға мұқтаж.

Шығармашылық өте күрделі процесс. Әр адам осы уақытқа дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды және шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінде шығармашылық, ізденгіштік қабілеттерін дамыту

өте ерте кезден бастап қолға алуды қажет етеді. осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Шығармашылық — құзыреттілік — қолөнер және тағы басқа да әрекеттің нәтижелі түрлері туралы білім негізіне алғашқы қызығушылықтың оянуы.

*Шығармашылық-эстетикалық құзыреттілік* — әлемге саналы және белсенді эстетикалық көзқарастың тууы, көркем-шығармашылық қабілеттің байқалуы, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдауға дайын болуы. Шығармашылыққа тәрбиелеу көркем-эстетикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді, соның ішінде:

- көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын көрсетуі;
- көркем бейнелерді өзара салыстыра білуі;
- бейнелеу өнерінде бұйымдарының қызметі мен оларды жасаушылар туралы білуі;
- кескіндеменің бейнелі мазмұнына эмоционалды көңіл бөлуі мен көркем бейнелердің көңіл- күйін түсінуі;
- халықтық-қолданбалы өнерінің кейбір түрлері туралы білуі;
- шығармашылықпен бейнелеу, сәндік іс-әрекеттің дағдылары мен білігінің болуы [Корнистова Н.Г., 2009. 87 с.].

*Шығармашылық білім беру саласындағы педагогикалық процеске қойылатын талаптар:*

- эстетикалық талғамы бар, оны балаларға үйретуге қабілетті;

• педагогикалық процесті Қазақстан Республикасы халықтарының этномәдени дәстүрлері негізінде құрады;

• өзінің шығармашылық қабілетін қандай да бір іс-әрекет аясында көрсетеді;

• әр баланың шығармашылық әлеуетін оның жеке өсуі үшін пайдаланады [Алпатов М.В. Социальное значение костюма. — Швейн. пром-ст. № 9, 1931.-С. 10-13.].

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оның жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейді. Осыған орай әр тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзыреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие-білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жеке технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру — өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыретті мұғалім мектептің тәрбие-білім беру процесінде шығармашылық оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктерінің іске асуына ықпал жасайды.


Мұндай құзыреттіліктің қатарына мыналар жатады:

• мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

• оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

• ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

• тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [Құдайбергенова К., 2008. 31 б.] (Сурет 1).



Сурет 1 – Құзыреттіліктің түрлері (К.Құдайбергенова бойынша)

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана, студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтың құзыреттілігіне байланысты болады.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

«Құзыреттілік» және «құзырет» терминдері орыс педагогикасына шамамен 1980 жылдың аяғында білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты енгізілді [Боранкулов Е.К., 2020, 65 б.]. XXI ғасырдың басында білім беру жүйесін дамыту процесінде «парадигма» терминін жалпы түсінуде тек екі парадигманы бөлуге болады: классикалық және инновациялық.

Көркемдік және эстетикалық құзыреттіліктерді анықтау үшін алдымен құзыреттіліктің екі бөлігін — «көркем» және «эстетикалық» бөлек қарастырамыз. Кейбір авторлар көркемдік және эстетикалық құзыреттілікті ажыратпайды. Мысалы, А.А. Бодалевтің өңдеген «қарым-қатынас психологиясы» энциклопедиялық сөздігінде көркемдік құзыреттілігі эстетикалық құзыреттілікпен салыстырылады және келесідей анықталады: «көркемдік, эстетикалық құзыреттілік — оқырманның, көрерменнің көркем матадан әр түрлі тереңдіктегі және мағыналық-семантикалық қабаттарды шығару қабілеті. Бұл сипаттама тұлғаның эстетикалық дамуының жалпы деңгейін, оның өнермен қарым-қатынас тәжірибесін, сондай-ақ өнерді қабылдауда көрінетін шығармашылық дәрежесін көрсетеді [Бодалев А.А., 2011, 371 с.].

Бірақ О.В. Шокот эстетикалық құзыреттілік аясында жеке тұлғаның өзара байланысты кәсіби қасиеттер жүйесін түсінеді, ол өзінің кәсіби қызметке дайындығын көрсетеді, кеңістіктік және түсті композиция канондары туралы білімдерін синтездейді, көркемдік талғам, шығармашылық қасиеттер және эмоционалды-құндылық көзқарастар түрінде тұлғаның тұрақты құндылықтары негізінде көркем композиция ережелеріне сәйкес сыртқы кеңістікті ұйымдастыра алады [Шокот О.В., 2008, с. 48–49]. Осылайша, көркемдік және эстетикалық құзыреттілік бойынша адам бейнелеу өнерін пассивті қабылдау нормаларына ие болуы керек және өнер туындыларын, шығармашылық жұмыстарды белсенді түрде шығарып, өзінің ішкі адамгершілік деңгейін жетілдіруі керек.

Осылайша, көркемдік және эстетикалық құзыреттілік бойынша адам бейнелеу өнерін пас-



сивті қабылдау нормаларына ие болуы керек және өнер туындыларын, шығармашылық жұмыстарды белсенді түрде шығарып, өзінің ішкі адамгершілік деңгейін жетілдіруі керек.

Эстетика (грек тіл. *aisthetikos*-сезімтал, сезімтал) - құбылыстардың өзара байланысты екі шеңберін зерттейтін философиялық ғылым: эстетикалық сфера адамның әлемге құндылық қатынасының нақты көрінісі және адамдардың көркемдік қызметі саласы. Эстетика адамның әлемнің эстетикалық және көркемдік дамуының заңдылықтарын зерттейді, эстетикалық бағалау критерийлері мен көркемдік іс-әрекет бағдарламаларын жасайды.

Адам қызметінің әр саласында эстетиканың өзіндік қыры бар. Музыкада-бұл дыбыстардың үйлесімі, пісіруде – әдемі безендірілген тағаммен үйлескен талғамның талғампаздығы, бизнесте – мәдениет пен қарым – қатынас деңгейі, әдебиетте-буынның сұлулығы. Эстетика әлемді түсінумен және жағымды қабылдаумен байланысты.

Қоршаған әлемнің эстетикалық дамуы келесі категорияларда көрінеді:

а) әдемі-ең әдемі, формасы мен мазмұнының бірлігінде көрінеді, бұл орынды, үйлесімді, толығымен;

б) жағымсыз – форма мен мазмұнның бірлігін бұзу, жағымсыз, хаотикалық, белгісіз нәрсе.

Әлемді сұлулық тұрғысынан қабылдау әрдайым эмоционалды түрде боялған, Сұлулық логикалық түрде түсіндірілмейді, бірақ түсініледі. Әдемі (таңертеңгі таң) кездескен адам, әдетте, Рахат сезінеді; жағымсыз (экологиялық апаттың іздері) – жағымсыз эмоциялар.

«Көркемдік» ұғымы өнерде көрінеді және мәдени білімді игеру, практикалық көркемдік және шығармашылық дағдыларды дамыту құралы ретінде әрекет етеді.

Өнер (грек тілінен. *onomastike* – шеберлік, шеберлік, қолөнер) - шындықты бейнелі ұғыну, оның шығармашылық даму процесі мен нәтижесі, әлемді танудың және музыка, поэзия, театр, кескіндеме және т.б. арқылы өзін әлемге танытудың бір тәсілі.

Рухани туындылар-бұл өнер, дін және ғылым саласындағы туындылар. Шығармашылық-сапалы жаңа жасау процесі. Жаңа – бұл әдебиет, өнер немесе ғылым үшін түбегейлі маңызы бар жаңалық емес. Шығармашылық өнімнің Әлеу-

меттік және жеке маңыздылығы, объективті немесе субъективті жаңалығы болуы мүмкін.

Көркем және эстетикалық құзіреттілік өнерді жеке тұлғаның өзін-өзі тану құралы ретінде қабылдауға бағытталған, өнердегі және айнала-сындағы әлемдегі әдемі мен жаманды түсінуді, эстетикалық сезімдер мен тәжірибелерді дамытуды, эстетикалық дағдылар мен сұлулықты құруға деген ұмтылысты қалыптастыруды, көркемдік қабілеттерін дамытуды, өнердің кез-келген саласында дарындылықты, шығармашылық шығармашылық қызметке қосылуды қамтиды.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Студенттердің заманауи кәсіби дайындығы жеке тұлғаның эстетикалық құзыреттілігі өзара байланысты үш компоненттің жиынтығы екенін көрсетті:

- болашақ қызмет маманының эмоционалды және құндылық көзқарастары (қабылдау, кеңістіктік композиция, көркемдік талғам, қабылдау, тәжірибе, бағалау, пайымдау механизмдері арқылы эстетикалық идеал);

- эстетикалық сана элементтерін қалыптастыру негізінде кеңістік пен түстерді ұйымдастыру заңдылықтары туралы ұтымды білім;

- эстетикалық және көркемдік құндылықтардың алуан түрлілігін бағдарлауға мүмкіндік беретін және адамның қалауы мен көзқарасын білдіретін эстетикалық іс-әрекеттегі көркемдік құбылыстың формасы мен мазмұнын интуитивті немесе саналы түрде талдау дағдыларын білдіретін эстетикалық қатынастар жүйесіне негізделген кәсіби іс-әрекеттің шығармашылық көрінісі дағдылары мен дағдыларының жиынтығы;

- эстетикалық әсерлерді көрсету, таңдау, бағалау және шығармашылық сыну, қоршаған адамдармен рухани-эстетикалық қарым-қатынаста және әлеуметтік шығармашылықтың әртүрлі формаларында жүзеге асырылады.

Эстетикалық мәдениеттің барлық компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, қызмет маманының кәсіби құзыреттілігі жүйесінде эстетикалық құзіреттіліктің қалыптасуы модельдеуге болатын тұтас педагогикалық процесс болып табылады. Барлық компоненттердің болуы, олардың іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы көрінісі адамның эстетикалық құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін сипаттайды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Коренистова Н.Г. Семья в системе ценностей современного человека /Н.Г. Коренистова // Культура и образование : сб. статей / под ред. В.Л. Бенина. – Уфа : Изд-во БГПУ, 2009. – Вып. 9. – С.92–98.
2. Алпатов М.В. Социальное значение костюма. — Швейн. пром-ст. № 9, 1931. – С. 10-13.
3. Құдайбергенова К. Құзырлық — тұлға дамуының сапалық критерийі //Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі. Халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — 2008. — 30–32 б.
4. Боранкулов Е.К. Көркемөнер саласындағы көшбасшылық сапалардың түрлері мен оны дамытудың мазмұны //Қазақстанның өмірі мен ғылымы. - № 7/3, 2020. – Б.65-69.
5. Бодалев А.А. Психология общения: энциклопедический словарь. – М.: «Когито - Центр». - 2011. - 600 с.
6. Шокот О.В. Формирование эстетической компетенции в профессиональной подготовке студентов колледжа сферы услуг: дисс. канд. пед. наук: 13.00.08. / Шокот Ольга Викторовна. – Москва. 2008. - 152 с.



**БОТАБАЕВА АСЕЛЬ МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ,**

1-ші курс магистранты,  
«7M01102 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті



**АМАНГЕЛДІ ТАЛШЫН САЯТҚЫЗЫ,**

2-ші курс магистранты,  
«7M01102 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

## БІЛІМ САПАСЫН ТАЛДАУДА PIRLS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада білім сапасын талдау мен сараптау арқылы PIRLS Халықаралық зерттеулердің ерекшеліктері сипатталған. PIRLS-2016 зерттеуіне қатысушы көшбасшылардың Ресей Федерациясы, Сингапур, Гонконг, Ирландия мен Финляндияның білім беру жүйелері салыстырылады. Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің мақсаты қатысушы елдердің озық білім беру тәжірибелері мен саясаттары туралы деректерді басқа елдердің білім беру жүйесіне енгізу және бейімдеу үшін ұсыну.

**Кілт сөздер:** Халықаралық зерттеу, көшбасшы елдер, салыстырмалы зерттеулер, озық білім беру, озық тәжірибе.

**Аннотация.** В статье описаны особенности международных исследований PIRLS путем анализа и анализа качества образования. Лидеры-участники исследования PIRLS-2016 сравнивают образовательные системы Российской Федерации, Сингапура, Гонконга, Ирландии и Финляндии. Целью международных сравнительных исследований является предоставление данных о передовом образовательном опыте и политике стран-участниц для внедрения и адаптации в систему образования других стран.

**Ключевые слова:** международные исследования, страны-лидеры, сравнительные исследования, передовое образование, передовой опыт.

**Annotation.** The article describes the features of international PIRLS research by analyzing and analyzing the quality of education. The leaders participating in the PIRLS-2016 study compare the educational systems of the Russian Federation, Singapore, Hong Kong, Ireland, and Finland. The purpose of international comparative studies is to provide data on the best educational practices and policies of participating countries for implementation and adaptation in the education system of other countries.

**Keywords:** international research, leading countries, comparative research, advanced education, best practices.

### КІРІСПЕ

Қазақстандық білім беру модернизациясы халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуының елдегі білім сапасын арттырудағы стратегиялық маңызы зор. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясындағы нысаналы индикаторлары Қазақстанның халықаралық зерттеулерді (TIMSS, PISA, PIRLS) қолдану әлемдік стандарттар критерийіне сәйкес рейтинг көрсеткішіне жетелейді [https://primeminister.kz]. Халықаралық зерттеулер оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді.

Зерттеулер оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. *Дамыған 30 елдің қатарына кіруді өзіне мақсат еткен Қазақстанның білім беру жүйелерін халықаралық зерттеулер нәтижелерімен салыстырып, ұқсас-*

*тығы мен айырмашылығын белгілей отырып, отандық білім беру реформамыздың бағытын бағалау өзекті мәселе болып саналады.*

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

PIRLS-2016 зерттеуіне Қазақстанның атынан Астана, Алматы қалалары мен барлық 14 облыстың төртінші сынып оқушылары қатысты. Оқушылардың ең көбі Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарынан болды. Басым бөлігін (60%) қазақ тілінде білім алатын оқушылар құрады. Қатысушы елдердің көпшілігіндегі сияқты Қазақстандағы таңдау да өңірлер, облыстар және қалалар деңгейінде репрезентативті болып табылмайтынын ерекше атап өткен жөн. Бұған ұқсас халықаралық зерттеулерде, әдетте, репрезентативтік қатысушы елдердің нәтижелерін бір-бірімен салыстыра алу үшін ел деңгейінде қамтамасыз етіледі [https://online.zakon.kz/].

*Қазақстанның Ресейден және басқа да көптеген елдерден тағы бір ерекшелігі – халықаралық тестілеуді екі тілде, қазақ және орыс тіл-*

дерінде өткізуі.

Қазақстан өңірлерінің PIRLS-2016 зерттеуіне қатысу нәтижелерін талдау Астана мен Алматы қалалары және барлық 14 облыстың оқушылары 500 балдан (PIRLS шкаласының орташа мәнінен) жоғары нәтиже көрсеткенін анықтады. Ең үздік нәтижені Солтүстік Қазақстан облысының оқушылары көрсетті. Облыс бойынша жалпы көрсеткіш 575 балды құрады, бұл Қазақстан бойынша орташа мәннен 39 балға жоғары. Басқа өңірлермен салыстырғанда, Солтүстік Қазақстан облысының атынан аз ғана оқушы (65 төртінші сынып оқушысы) қатысты. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанмен салыстырғанда Солтүстік Қазақстан облысының қатысушылары 16 есе аз. Бұл облыстың қорытынды нәтижесіне елеулі түрде ықпал етуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл облыста орыс тілінде білім алатын оқушылардың саны басым болды, олар, әдетте, қазақ тілінде білім алатын оқушылаға қарағанда, анағұрлым жоғары нәтижелерді көрсетеді. Дегенмен, бұл жоғары көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан облысы оқушыларының оқу дағдылары жақсы қалыптасқандығының нәтижесі екенін де атап өту керек [https://online.zakon.kz/].

PIRLS-2016 зерттеуіне қатысушы көшбасшылардың, атап айтқанда, Ресей Федерациясы, Сингапур, Гонконг, Ирландия мен Финляндияның білім беру жүйелері олардың жоғары нәтижелерге қол жеткізу тәжірибесін қарастыру үшін қызықтырады. Бұл елдер әртүрлі және олар бір-бірінен қатты ерекшеленеді: олар әртүрлі континенттерде орналасқан, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, менталитеті және білім беру жүйесі әртүрлі. Бірақ барлық осы ерекшеліктерге қарамастан, бұл елдер PIRLS-2016 зерттеуінде үздік көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл кез келген мемлекеттің географиялық тұрғыдан орналасқан жеріне және білім беру жүйесіне қарамастан, төменгі сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыруда және дамытуда жетістікке жете алатынын дәлелдейді.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің мақсаты елдерді саралау ғана емес, қатысушы елдердің озық білім беру тәжірибелері мен саясаттары туралы деректерді басқа елдердің білім беру жүйесіне енгізу және бейімдеу үшін ұсыну екенін де атап өткен жөн. Барлық елдерге лайықты мінсіз модельдің жоқ екенін де ескерткен дұрыс. Сондықтан PIRLS-2016 қатысушы-көшбасшыларының әртүрлі рөлдерде болуы әртүрлі елдердің тәжірибесін зерттеу үшін мінсіз болып табылады. Осы мақсатта «PIRLS-2016 энциклопедиясында» берілген ақпарат негізінде аталған мемлекеттердің (а) білім беру құрылымы, (б) оқу жөніндегі оқу бағдарламалары, (в) мұғалімдерді даярлау және кәсіби дамыту мәселелері зерттелді. Осы компоненттерді талқылау алдыңғы тарауларды жақсы толықтырады және төртінші сынып оқушыларының оқу дағдыларын дамытудағы озық тәжірибелерді бейімдеу үшін пайдалы сабақтар алуға мүмкіндік береді.

PIRLS-2016 көшбасшы елдерінің білім беру құрылымы (*Ресей*).

2012 жылы қабылданған «Ресей Федерациясындағы білім туралы» Федералдық заңға сәй-

кес үкімет мемлекеттік және муниципалдық оқу орындарында азаматтардың тегін жалпы және кәсіптік білім алуына кепілдік береді. Аталған Заңға сәйкес білім беру саясатын әзірлеу және іске асыру бойынша жауапкершілік федералдық, өңірлік және жергілікті билік органдарының арасында бөлінеді. Осылайша, федералдық билік бірыңғай білім беру саясатын әзірлеуге және іске асыруға, өңірлік билік өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға, ал жергілікті билік органдары оқу процесін федералдық білім беру стандарттарына сәйкес ұйымдастыруға жауапты болады.

Федералдық билік органы федералдық саясатты әзірлейді, оның іске асырылуын бақылайды және барлық жүйенің жұмыс істеуі үшін заңнамалық база жасайды. Сонымен қатар, осы билік федералдық және мемлекеттік білім беру стандарттарын бекітеді, солардың негізінде үлгілік оқу жоспарларын және оқу бағдарламаларын әзірлейді. Сондай-ақ федералдық билік оқулықтардың және қосымша әдебиеттің сараптамалық үрдісін де үйлестіреді.

Жалпы алғанда, РФ білім беру жүйесі жалпы және кәсіптік білімнен құралады. Жалпы білім беру мектепке дейінгі білімді, жалпы бастауыш білімді, жалпы негізгі білімді және жалпы орта білімді; кәсіптік білім беру орта кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді қамтиды. РФ Конституциясына сәйкес жалпы білім (11 сынып) міндетті болып табылады.

Меткепке дейінгі білім беру 3-тен 6 жасқа дейінгі балаларды қамтиды және міндетті емес. Соңғы жылдарда туу көрсеткіштерінің едәуір артуына және муниципалдық балабақшалардың жеткіліксіздігіне байланысты ұйымдардың жаңа типтері, соның ішінде отбасылық балабақшалар құрылды.

Жалпы бастауыш білім 1-4 сыныптарды қамтиды және бастауыш, негізгі мектеп, сондай-ақ жалпы білімнің барлық үш деңгейін қамтитын орта оқу орындарында беріледі.

Жалпы негізгі білім беру 5-9 сыныптарды, орта білім беру 10 және 11 сыныптарды қамтиды. Жалпы білімнің 11 жылы міндетті болып табылатындықтан, негізгі мектепті (9 сыныпты) аяқтаған және кәсіптік училищеге оқуға түсуге ниет білдірген PIRLS-2016: Қазақстан нәтижелері 98 білім алушылар жалпы білімнің пәндерін де (10 және 11 сыныптарға эквивалентті), кәсіптік деңгейдің пәндерін де оқиды.

Ресейдегі барлық бастауыш, негізгі және орта мектептердің шамамен 98%-ы мемлекеттік-муниципалдық болып табылады. Муниципалдық бюджет мектептердің негізгі қаржыландыру көзі, сондықтан шешімдердің көбі өңірлік деңгейде қабылданады.

Білім беру жүйесін дамыту – *Сингапурдың* ішкі саясатының негізгі бағыттарының бірі. Адамдарын дамыту арқылы болашақ ұлтты қалыптастыру – Білім министрлігінің миссиясы. Сондықтан, шамамен барлық сингапурлық балалар мемлекеттік мектептерге барады.

1960 жылдан 1980 жылға дейін сингапурлық білім беру жүйесі анағұрлым орталықтандырылған еді, оның мақсаты халықтың сауаттылық көр-



сеткіштерін жеделдетіп арттыру болды. Білім министрлігінің 1997 жылы жарияланған жаңа көрінісі – «Ойланушы мектеп, үйренуші ұлт» (Thinking Schools, Learning Nation) – жүйені икемділігімен, әртүрлілігімен және дербестігімен ерекшеленетін қазіргі қалпына қайта құруда маңызды бетбұрыс кезеңі болды.

2016 жылғы жағдай бойынша сингапурлық білім беру жүйесі небәрі 336 мектепті ғана қамтитынына байланысты Білім министрлігі мектептермен білім беруді басқарудың ешқандай делдалдық деңгейлерінсіз тікелей жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі білім беру міндетті болмаса да, 3 жасқа толмаған балаларға арналған білім беруді дамыту бағдарламалары, 3 жастағы және одан асқан балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары бар.

Жалпы алғанда, соңғы бес жылда үкімет мектепке дейінгі білім беретін оқытушыларға арналған ұлттық оқу бағдарламаларының өлшемдерін енгізіп, балабақшаларда білім сапасын қамтамасыз ету жөнінде жаңа сызбаларды қосып және жаңа балабақшалар ашып мектепке дейінгі білімнің сапасын арттыруда өте белсенді рөл атқарды.

Мектептерге келетін болсақ, олар едәуір дербестікке ие, кәсіби және басқару мәселелерін шешуге жауапты. Білім алушылардың оқу мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін мектептердің ұлттық саясатты және ұлттық оқу бағдарламаларын бейімдеуі жоғары бағаланады.

Сингапурда бастауыш білім міндетті. Барлық бастауыш сыныптар ұлттық оқу бағдарламасына сәйкес оқиды. Сауаттылықтың берік іргетасын қалау үшін алғашқы оқу жылдарында ағылшын тілін, математиканы және ана тілін оқытуға ерекше назар аударылады.

Орта білім міндетті емес, бірақ оны барлық дерлік білім алушылар аяқтайды. Осы деңгейде оқушылар экспресс (Express), қалыпты-техникалық (Normal-Technical) немесе қалыпты-академиялық (Normal-Academic) оқу курстарына қабылданады. Осы бағдарламалардың ұзақтығы, әдетте, 4-5 жыл. Бұндай сараланған оқу жоспары оқушылардың қабілеттеріне және қызығушылықтарына сәйкес келу үшін әзірленген.

Егер бастауыш білім беру өзінің кең ауқымды оқу бағдарламаларымен білім алушыларға оқудағы мықты тұстарын және қызығушылықтарын ашуға көмектесе, орта білім беру деңгейінде мамандық таңдау мүмкіндігі беріледі. Бір пәннен ерекше дарынды оқушылар осы қабілеттерді дамытуға арналған жеке оқу жоспарларын ұсынатын мамандандырылған тәуелсіз мектептерді таңдай алады. Кейбір мектептер Интеграцияланған бағдарламаларды (Integrated Program) ұсынады, олар орта және жоғары оқу орнына дейінгі білім беруді біріктіреді.

*Гонконгта* білім берудің барлық деңгейлерінде саясатты, бағдарламаларды және заңнаманы әзірлеу, дамыту мен талдауға Білім бюросы жауапты. Сондай-ақ, Бюро білім беру бағдарламаларының іске асырылуын, мектептерге өкілеттіліктердің табысталуын және мектеп бағдарламаларының әзірленуін ынталандыруды бақылайды. Бұндай жағдай әртүрлі қоғам өкілдерінің

белсенді қолдауын және қатысуын талап етеді.

Мектепке дейінгі білім беру екі деңгейлі: 2-ден 3 жасқа дейінгі балаларға күтім жасау және 3-тен 6 жасқа дейінгі балаларға арналған балабақшалар. 2017-2018 оқу жылынан бастап, Бюро «Балабақшада тегін білім беру» (Free Quality Kindergarten Education policy) саясатын іске асыра бастады. Бұл саясаттың аясында жергілікті коммерциялық емес балабақшалар толымсыз жұмыс күніне үш жылдық қызметтер көрсетуге арналған жәрдемақы алады. Сондай-ақ, жәрдемақы толық және ұзартылған күн шарттарымен қызмет көрсететін балабақшаларға да беріледі, ал ата-аналар қаржы шығындарының шамалы бөлігін ғана өтейді.

575 мектеп 6-дан 11 жасқа дейінгі балаларға тегін білім береді. Үкімет те тегін орта білім беруді қамтамасыз етеді. 2009 жылғы қыркүйекте енгізілген жаңа академиялық құрылымға сәйкес барлық оқушылардың орта білім берудің 6-деңгейіне дейін білім алу мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, жүйеде тікелей субсидияланатын мектептер (Direct Subsidy Scheme schools) бар, 2015 жылы олардың саны 73 болды. Сонымен қатар, жүйеде 51 халықаралық мектеп жұмыс істейді, олардың қатарында ағылшын қорының (English Schools Foundation in Hong Kong) 15 Гонконгтық мектебі бар. Бұл мекемелер әртүрлі жергілікті емес оқу бағдарламаларын ұсынады, атап айтқанда: америкалық, австралиялық, британдық, канадалық, француз, неміс-швейцариялық, жапондық, кәріс және сингапурлық. Осы мектептердің басым бөлігінде «A-level» емтихандарымен аяқталатын оқу жоспарлары бар. Кейбір мектептер халықаралық бакалавриат бағдарламаларын (International Baccalaureate programs) ұсынады.

*Ирландияның* білім беру жүйесі орталықтандырылған сипатқа ие. Білім және дағдылар министрлігі секторға жалпы жауапты. Барлық дерлік мектептер мемлекет есебінен қаржыландырылады. Демек, олар қызметін 1998 жылғы Білім беру актіне (Education Act) және Оқу жоспарының өлшеміне сәйкес іске асыруы тиіс. Мектепке дейінгі білім беру қызметтерін жеке меншік ұйымдар көрсететініне қарамастан, олардың басым бөлігі мемлекет тарапынан қаржыландырылады, сондықтан олар Оқу жоспарының бірыңғай өлшемін ұстануы тиіс. 2016 жылғы жағдай бойынша азаматтардың 3-тен 5,5 жасқа дейінгі балалары үшін немесе бала бастауыш мектепке барғанша тегін мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуға құқығы бар.

Мектептегі білім беру жүйесі бастауыш, орта, жоғары және қосымша білім беруден тұрады. Бастауыш мектепте сегіз жылдық бағдарлама әрекет етеді, ол екі алдыңғы жылдан және 1-6 сыныптан тұрады. Бастауыш білім секторына мемлекет қаржыландыратын бастауыш мектептер, мамандандырылған мектептер және бірнеше жекеменшік мектеп кіреді.

Мемлекет қаржыландыру көзі болғанымен, мектептер қамқоршылық органдарына тиесілі, олар мектептің сипаттамасын анықтайды және мектепті орталықтандырылған рәсімдерге сәйкес басқару үшін Байқау кеңесін тағайындайды.



Бүкіл бастауыштан кейінгі мектептерге арналған оқу бағдарламасы (кәсіптік, қауымдық, кешендік, жеке меншік) барлық дерлік жерде бірдей. Бастауыштан кейінгі білім бастауыш кезеңнің үш жылдық бағдарламасынан және жоғары кезеңнің екі жылдық бағдарламасынан тұрады. Оқушылардың шамамен үштен екі бөлігі екі жылдық жоғары кезеңді үш жылға дейін ұзартуға ниет білдіреді, ал бұл білім алушылардың жеке, кәсіби және академиялық жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді.

Финляндия білім беру саясатының негізгі мақсаты барша азаматтарға жасына, ұлтына, тұрғылықты орнына, қаржылық жағдайына немесе ана тіліне қарамастан, білім алудың тең мүмкіндіктерін ұсыну.

Финляндия үкіметі білім берудің негізгі міндеттерін және пәндер бойынша оқу жүктемесін анықтайды. Ұлттық білім беру агенттігі – Білім және мәдениет министрлігіне бағынышты құрылым, ол пәндердің міндеттерін және мазмұнын анықтайды, оларды ұлттық оқу бағдарламасына біріктіреді. Әрбір муниципалитет ұлттық оқу бағдарламасының негізінде бағдарламаның жеке нұсқасын дайындайды [Бражник М.О., 2009, 41 б.].

Оқушылардың басым бөлігі мемлекеттік мектептерге барады. Муниципалитеттер немесе муниципалитеттердің бірлестіктері орта білім беретін мекемелердің басым бөлігін жан-жақты қолдайды. Жеке меншік мектептер мемлекеттік мектептерге ұқсас қаржыландыруды алады. Мектептер мен мұғалімдер ұлттық және муниципалитеттік оқу бағдарламалары шеңберінде педагогикалық тәжірибелерді және білім алушыларды бағалау тәсілдерін анықтауда едәуір дербестікке ие.

Міндетті білім беру басталғанша бала бір жылдық мектеп алды білімді алуы тиіс, бұны муниципалитет ұсынуға міндетті. Бұдан кейін тоғыз жылды қамтитын негізгі білім беру бағдарламасы басталады. Негізгі білім тегін және оқулықтарға, күнделікті тамақтануға, мектептегі медициналық қызметке және басқа да әлеуметтік қамтамасыз ету қызметтеріне жұмсалатын шығындарды қамтиды.

Орта білімнің жоғары кезеңі жалпы және кәсіптік білімнен құралады. Негізінен, бұл кезең тегін, алайда, оқушылар оқу материалдарына жұмсалатын шығындарды өтеуі тиіс. Орта білімнің жоғары кезеңі жоғары білім алу құқығын анықтайтын емтиханмен аяқталады.

Оқуға үйрететін заманауи тәсілді әдебиеттік оқу сияқты сипаттауға болады. Бұл тәсіл математика, орыс тілі және тарих сияқты басты пәндер бойынша әртүрлі мәтіндердің пайдаланылуын арттырудың арқасында мүмкін болды. Әдебиеттік оқу 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін үздіксіз әдеби білім берудің бөлігі болып табылады және мәтіндерді саналы түрде оқу және түсіну дағдыларын, сондай-ақ, жазбаша және ауыз-екі сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталады.

Қазақстан дамыған елдердің қатарына кіру мақсатында, жалпы халықаралық зерттеулерде білім дағдыларын жалпы өмір сүруде қолайлы және озық өндіріс пен технологияларды игеруі

үшін білім жүйесінде көптеген жаңа өзгерістерді енгізуі керек.

Осы орайда Назарбаев Зияткерлік мектептері — ғылым, экономика және саясат саласында дарынды балаларға арналған таңдаулы мектептер желісі. Бұл мектепте «критериалды бағалау» деп аталатын бағалау жүйесі қолданылады. Зияткерлік мектепте білім берудің екі моделі жүзеге асырылады. Бірінші модель – Жаратылыстану-математикалық бағыттағы Эксперименталды Ықпалдасқан білім бағдарламасын жүзеге асырады. Бұл бағдарлама бойынша оқушылар физика, математика, химия және биология пәндерін тереңдетіп, үштілді ортада оқиды [<https://www.nis.edu.kz/>].

Алматы қаласы Зияткерлік мектебі оқушыларының ағылшын тіліндегі математика, физика, химия, биологиядан халықаралық SAT1 емтиханнан қорытынды баллы 1586 құрады, әлемде орташа балл – 1200 (ең көбі -1980), ал SAT2 орташа балл – 1720, әлемдегі орташа балл – 1250 (ең көбі – 2200). Ағылшын тілінен IELTS емтиханынан орташа балл – 6,2 (5,7 – өткен жылы). Тек бір оқу жылының ішінде халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық олимпиадаларда жеңістер екі есе көбейді. Екінші модель – Негізгі және жоғары мектепте оқушыларды Халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту. Бұл 35 жылдан астам тарихы бар, жоғары сапалы білім беретін бағдарлама ретінде әлемге танылған. Халықаралық бакалавриаттың дипломын 102 елдің 1300 астам университеттері мақұлдайды. Олардың ішінде Оксфорд, Гарвард, Кембридж, Иель, Сорбонна, Лондонның экономика мектебі сияқты аттары әлемге әйгілі жоғары оқу орындар бар.

Біздің Назарбаев зияткерлік мектебінде (НЗМ) Қысқа мерзімді оқу жоспарын құрудың тиімді әдістерін жасап, ұсынып, жүргізген едік. Қазақстанның әлемдік рейтингте Халықаралық зерттеулерде жақсы тиімді нәтижелерін көрсету үшін, алдымен оқу бағдарламасына әр күндік, әр сағаттық жүйелерді жаңартып, озық елдердің технологиясын енгізу керек.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, бұл зерттеу Қазақстандық негізгі мектепті аяқтаушылардың оқуды жалғастыруға қаншалықты дайын екендіктерін анықтайды; Мектептермен, білім беру жүйесін және мемлекетпен бірге тұтастай мәселелерді саралайды; Әр түрлі елдердегі білім алушылардың жетістіктерін және білім беру үдерісін салғастырады.

Қазақстан Республикасындағы орта білім мазмұнында қазір орын алып келе жатқан сапалы өзгерістер салдары ретінде бағалау жүйесіндегі өзгерістерге жетелейді. Білім алушылар жетістіктерін бағалауда оқудағы жағымсыз сәттерді жоюға мүмкіндік беріп, оқу үрдісін жекелендіруге, білім алушылардың оқу мотивациясын және оқу дербестігін көтеретін көзқарастар талапқа ие болып шығуда. Бағалаудың жаңа жүйесі білім беру үрдісіндегі оқушының өзінің де рөлі өзгеріп отырғанына ықпал етеді. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар оқу үрдісін субъектілер арасындағы әріптестік (бірлескен қызмет) негізінде жүзеге

асыруға мүмкіндік береді. Ұстаз бен білім алушылардың өзара әрекеттесуі үзілмей, оған қоса, көтермелеумен қолдау тауып отырады. Бағалау үздіксіз жүреді, сапалы нәтижеге қозғалыс үрдісінің өзі бағаланады. Білім алушылар өзінің бі-

ліміндегі ақаулықтарын өз бетінше және саналы анықтап, оқушымен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізеді, бұл бастауыш мектепте әсіресе маңызды болып табылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://primeminister.kz>

2. PIRLS-2016 қаз финал 17072018 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есеп (2016). <https://online.zakon.kz>.

3. Бражник М.О. Система оценивания в школьном образовании Финляндии. - Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена // Народное образование и педагогика в отдельных странах. - Выпуск № 102. 2009. – Б. 36-43.

4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2019 жылдың 31 тамыздағы №38 шешімімен бекітілді. <https://www.nis.edu.kz/>

**БРИМКУЛОВА АСЕМ ДУЛАТОВНА,**  
Докторант,  
Қазақ Спорт және Туризм академиясы

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары оқу орындарының педагогикалық процесінде болашақ дене шынықтыру мен спорт мамандарының инклюзивті білім беруге дарялықтары қарастырылады. Білім беру мен тәрбиелеудің инклюзивті формасының ерекшелігі – барлық балалардың жеке білім алу қажеттіліктерін оларды әдетте дамып келе жатқан және «ерекше» деп бөлмей-ақ ескеру. Мақалада осы мәселелердің бүгінгі күнгі өзекті болып отырғандығы және білім алушылардың бір-біріне мейірімділігін, шапағатын, сыйласымдылығын дамыту мақсатында «Мейірімділік сабақтарының» мәні, мазмұны ашылады.

**Кілт сөздер:** инклюзия, инклюзивті білім беру, инклюзивті орта, интеллектуалдық деңгей, мейірімділік.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются готовность будущих специалистов физической культуры и спорта к инклюзивному образованию в педагогическом процессе вуза. Отличительная черта инклюзивной формы образования и воспитания – учет индивидуальных образовательных потребностей всех детей, не подразделяя их на обычно развивающихся и «особых». В статье раскрываются актуальность этой проблемы на сегодняшний день и сущность, содержания «Урока доброты» для развития у обучающихся доброты, любви и уважения,

**Ключевые слова:** инклюзия, инклюзивное образование, инклюзивная среда, интеллектуальный уровень, доброта.

**Annotation.** This article examines the readiness of future specialists of physical culture and sports for inclusive education in the pedagogical process of the University. A distinctive feature of the inclusive form of education and upbringing is taking into account the individual educational needs of all children, without dividing them into usually developing and «special» ones. The article reveals the relevance of this problem today and the essence of the content of the «lesson of kindness» for the development of students' kindness, love and respect.

**Keywords:** inclusion, inclusive education, inclusive environment, intellectual level, kindness.

### КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда білім берудегі инклюзивті процесс мүгедек баланы жалпы білім беру мекемесінде қарапайым құрдастарының ортасына қосу мен қабылдауды, оның ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, бейімделген немесе жеке білім беру бағдарламалары бойынша оқитуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған білім беру процесі деп түсініледі. Мүмкіндігі шектеулі баланың инклюзивті білім беруіндегі ең бастысы – құрдастарымен бірге білім беру және әлеуметтік тәжірибе алу. Яғни, басқаша айтқанда, инклюзивті білім беру – жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру. Осы орайда, жоғары оқу орындарының педагогикалық процесінде болашақ дене шынықтыру мен спорт мамандарының инклюзивті білім беруге дарялықтары бүгінгі күні өзектілігін арттырып отыр. Оларды жоғары оқу орны қабырғасында даярлау маңызды.

Біздің қоғамымыздың дамуындағы заманауи кезеңі экономикалық дамудың тұрақсыздығымен, әлеуметтік қайшылықтардың, соның ішінде дене шынықтыру мен спорт саласындағы қайшылықтардың өсуімен сипатталады. Бұл жерде зерттеу іс-әрекеттерімен сәйкес дене шынықтыру саласындағы әдіснамалық мәселелердің құны ерекше, себебі, осы сала бойынша туындайтын проблемалар мен олардың алдын алудағы не-

гізгі бағыттарды айқындау өзектілігі белгіленген. Біздің жағдайымызда, болашақ дене шынықтыру және спорт маманының жоғары оқу орнының педагогикалық процесте инклюзивтік құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, бүгінгі күні инклюзивті білім беру тиімділігінің негізгі критерийлері, бойында кездесетін өзіндік ерекшеліктерін анықтаудан басталады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мұғалімнің дене шынықтыру саласындағы кәсіби құзыреттілігі көп факторлы құбылыс ретінде, кәсіпқойлықтың мәдени құрамдас бөлігі ретінде, мұғалімнің теориялық білім жүйесін және оларды нақты педагогикалық жағдайларда қолдану тәсілдерін, мұғалімнің құндылық бағдарларын, сондай-ақ оның мәдениетінің интегративті көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және өз қызметіне қатынасы және т.б.) қамтитын тұтас құзыреттілік білім ретінде қарастырылуы керек. Құзыреттілікті объективті түрде байқауға болады, белгілі бір дәлдікпен өлшенеді, мақсатты түрде қалыптасады [Хуторской А.В., 2003, 58 с.]. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі болып табылады және оның кәсібилігін сипаттайды. Бүгінгі күні дене мәдениеті мен спорт халық шаруашылығының өзінше саласы болып қалыптасқан

деп сеніммен айта аламыз.

2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дене шынықтыру және спортты дамыту Тұжырымдамасы бүкіл дене тәрбиесі түрлерін дамытуға бағытталған [http://adilet.zan.kz/]. Бағдарламада «Бұқаралық спорт» бағыты бойынша негізгі міндеттері болып табылады:

а) дене тәрбиесі және спорт сабақтарына Қазақстан Республикасы азаматтарының барлық категориялары қызығушылықтарын арттыру;

ә) әрі білім беру мекемлерінде, әрі туған жерлерінде бұқаралық спорт сабақтары үшін инфраструктураны дамыту.

Инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру деп әркім өзіне мектепте қуанышты, тілектестікпен қарайтынын сезетін мектеп қоғамдастығын құру деп түсіну керек. Оқушылар мен мұғалімдер бір-біріне құрметпен қарайды. Барлық оқушылар бірдей бағаланады. Мектептің барлық оқушыларынан жоғары жетістіктер күтіледі. Мектеп қызметкерлері, оқушылар мен ата-аналар инклюзия идеологиясымен бөліседі. Мұғалімдер оқу жолындағы кедергілерді жеңуге және барлық оқушылардың мектеп өмірінің барлық салаларына толық қатысуына тырысады. Осыған орай, мектеп оқушыларымен жұмыс істеудің қыр-сырын,

оқыту әдістері мен технологияларынан мәлімет беретін, маман даярлайтын жоғары оқу орны болып табылатындықтан біз де зерттеу жұмысымызды болашақ маман даярлаудың теориялық негіздерін айқындау, әдістемесін жасаумен байланыстырамыз.

Инклюзивті білім беру саласындағы педагогтың кәсіби құзіреттілігін Мельник Ю.В. [Мельник Ю.В., 2012, 25 б.], Мүгедектігі бар балаларға инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтардың кәсіби құзіреттілігін Г.Г. Саитғалиева [Саитғалиева Г.Г., 2015, 148 б.], оқу процесінде болашақ мұғалімдердің инклюзивті құзіреттілігін қалыптастыру И.Н. Хафизуллина [Хафизуллина И.Н., 2008, 123 б.], кәсіптік білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлерінің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру Т.Н. Карпович [Карпович Т.Н., 2013, 7 б.], инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру А.А. Богданова [Богданова А.А., 2016, 67 б.], т.б. тұстарын жан-жақты қарастырған.

Инклюзивті білім беру аясында өз қызметін жүзеге асыратын мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі компоненттеріне *мотивациялық-құндылық, танымдық-ұйымдастырушылық, рефлексивті* компоненттер жатады (Кесте 1).

#### Кесте 1 – Инклюзивті білім беру аясында өз қызметін жүзеге асыратын мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі компоненттері

Мотивациялық-құндылық,	Танымдық /когнитивті-ұйымдастырушылық,	Рефлексивті
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2008, - 134 б.
3. Ким А.М. Психология понимания /Учебное пособие. – Алматы: Казак университеті, 2004. - 215 с.
4. Мухина В.С. Детская психология. – М., 1989. - 95 с.
5. Абдукадирова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі (1952-1972 жж.): автореф. ... пед. ғыл. канд. автореф. – Тараз, 1998. - 28 б.
6. Знаков В.В. Психология понимания правды. – СПб., 1999. – 281 с.
7. Манкеш А.Е. Балабақшаның ересек тобындағы балаларды қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық тәрбие беру. Пед. ғыл. канд. дис. ... 13.00.01. – Алматы, 1999. -133 б.



**ЕСЕТҚЫЗЫ ЕРКЕЖАН,**  
2-ші курс магистранты,  
7M01101-Педагогика және психология мамандығы,  
ҚҰҚПУ,  
E-mail: erke\_9611@mail.ru



**ТЕМІРБАЕВА МАДИНА ТЕМІРБАЙҚЫЗЫ,**  
2-ші курс магистранты,  
7M01101-Педагогика және психология мамандығы,  
ҚҰҚПУ,  
E-mail: temirbayeva.kz@mail.ru

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың механизмдеріне және педагогикалық мамандыққа кәсіби бағдар берудің өзекті мәселелері қарастырылады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың Блум таксономиясымен байланысы қарастырылады. Ал, педагогикалық мамандыққа кәсіби бағдар беру мұғалімнің кәсіби өсу жүйесін құрудың кезеңі ретінде қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** функционалды сауаттылық, сындарлы оқыту, кәсіптік бағдар беру, педагогикалық мамандық, бағалау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются механизмы развития функциональной грамотности учащихся и актуальные вопросы профессиональной ориентации на педагогическую профессию. Рассматривается связь развития функциональной грамотности школьников с таксономией Блума. А профориентация на педагогическую профессию рассматривается как этап построения системы профессионального роста учителя.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, конструктивное обучение, профориентация, педагогическая специальность, оценка.

**Annotation.** This article discusses the mechanisms of development of functional literacy of students and current issues of professional orientation to the teaching profession. The connection between the development of functional literacy of schoolchildren and bloom's taxonomy is considered. Professional orientation to the teaching profession is considered as a stage of building a system of professional growth of a teacher.

**Keywords:** functional literacy, constructive learning, career guidance, pedagogical specialty, assessment.

### КІРІСПЕ

Еліміздің орта білім саласына енгізіліп жатқан жаңа реформалар білімнің берілу сауаттылығы ғана емес, мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі бәсекелестікте алатын орнына да қатысты. Бүгінгі білім саласындағы талап әлемдік озық үлгідегі білім беретін елдермен тәжірибе алмаса отырып оқыту. Негізгісі оқушыларды мектеп бітіргеннен кейін өмірге бейім етіп, алған білімін өмірде кез келген жағдайда, қажетті жерде оңтайлы қолдана алатын тұлға ретінде оқыту болып отыр.

Өскелең ұрпақтың білімі әлеуметтік – мәдениетке сәйкес болуы қажет. Президент Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына жолдауының «Білім беру сапасын жақсарту» деп аталатын бөлімінде: «Біз оқушылардың **қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру** саясатына көшуіміз қажет. Дарынды жастарды іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек. Үкіметке **Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын** әзірлеуді тапсырамын» - деп көрсеткен болатын [Тоқаев Қ.К., 02.09.2019, 36 б.]. Осыған орай, Бола-

шақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселердің бірі. Адамның мамандық таңдау жолы оның өмірлік құндылықтарының анықталуынан, адам кәсіби бағыттылығын айқындайды.

Бәсекеге қабілетті ел болу, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру мемлекеттік масштабтағы мәселе, алайда осындай үлкен мәселенің шешілуі мектептен бастау алады. Елімізге білімді, білікті, өз ісін сүйетін, еңбек сүйгіш мамандар қажет. Себебі, кадрлар сапасы көтерілмей еш сала жетістікке жетпейді. Мамандарымыздың құзыретті, білімді болуы тікелей оның сол мамандықты қалай игергендігі, қандай деңгейде меңгергендігі, мамандығына деген қатынасы, кәсіби мәдениеті, жеке бас тәрбиесі мен кәсібіне деген сүйіспеншілігіне байланысты.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерт-



теушілердің қолдануына енді.

Функционалдық сауаттылық – адамның сырты ортамен өзара әрекеттесу қабілеті мен осы ортаға тез бейімделу және қарым-қатынас жасау қабілеті деңгейінің көрсеткіші. Сонымен қатар бұл адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуы, яғни қазіргі жаһандану дәуірінде, жасына қарамастан, адам кәсібін үнемі жетілдіріп отыруы. Осылайша, функционалды сауаттылық белгілі бір мәдени ортада адамның өмір сүруі үшін қажет деп саналатын және оның әлеуметтік өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін білім, дағды, дағдылар жиынтығынан тұрады. Негізгі мақсаты – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани жағынан дамыған азаматын қалыптастыру, оны әлемге әлеуметтік бейімдеу, яғни оқушыларды мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету болып табылады. Мұндағы басшылыққа алына-тын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

С.И. Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – деп анықталса [Ожегов С., 1998, с. 46], Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі [Қазақ тілінің сөздігі, 1986, 17 б.]. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Сауаттылық адамның тұрақты қасиеті болғандықтан, функционалдық сауаттылық белгілі бір білімдерде осы адамның бойындағы дағдыларда көрінеді. Өйткені, функционалды сауаттылық адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізіледі. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін және нақты әрекеттердің нәтижесін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады. Осылайша, біздің еліміздің болашағы – жас ұрпақты оқытуда білім берудің түпкі нәтижесі болып табылатын құзыреттіліктің бі-

рыңғай бірлігі ретінде функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін анықтау, оны мектеп практикасына енгізу – уақыт сынына жауап береді.

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерімен қаруланған көптеген мұғалімдер өз мамандығына деген сүйіспеншілігін көрсетеді, жаңа нәтижелерге қол жеткізеді, өз оқушыларына жаңа шыңдарды игеруге жол ашады. Олардың бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім беру мазмұнын жаңғырту – сындарлы оқыту теориясына негізделген.

Мамандық таңдаудың маңыздылығына байланысты бірнеше себептер бар. Әр бір адам қоршаған ортаның оны қабылдағандығын, оны бағалай және мақұлдай білгендерін, тәуелсіздікті және махаббатты қалайды. Бұған қол жеткізудің бір тәсілі оған эмоциялық қанағаттандыру алып келетін, қоршаған адамдардың арасынан оны бөліп көрсететін мамандықты таңдай білуі болып табылады.

Мамандық таңдауда Ж. Аймауытовтың жастарға айтқан ақылы «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет. Бұл жай кенелту, тамақ асыраудың жолы емес, үлкен өнерді зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді берекелі болмақ әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке қажет. Әлеумет те, мемлекет те, әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді, неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрғысы да тез оңалмақ» - дейді [Бұлақбаева М.К., Жүнісова М., 2001, 22 б.].

Мамандық таңдауда кісінің жеке қасиеттерімен кейбір жұмыстан берілетін ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл жерде өзін-өзі басқарып, қандай қасиет-қабілет бар екенін білуі қажет.

Қазіргі кезде адамның белгілі бір кәсіп түрін таңдау және осы мамандықты игеруге деген ұмтылысы мен болашақ кәсіпке деген жағымды қатынастық мәселелері алғаш рет жеке бағыт ретінде Н.В. Кузьмина еңбектерінде қарастырылған [Кузьмина Н.В., 1999, 138 б.].

Ал кең мағынасында, бұл білім мен дағды әлеміне апаратын жол ғана емес, бұл ұлттың, елдің немесе адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалы сипат тұрғысынан функционалдық сауаттылық жеке тұлғаны дамыту тетігі ретінде қолданылады. Бүгінгі таңда жер бетінде саясаткерлер мен мұғалімдер үшін білім беру саласындағы ең маңызды мәселе – «XXI ғасырда нені оқыту керек және оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындау керек?». Қазіргі заманғы тәсілдің басты ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін меңгеріп қана қоймай, оларды өмірде орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан қазір жаңа технологияларды игеру үшін ең қажетті құрал – бұл білім.

Көшбасшы елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) PISA зерттеулерінің нәтижелері

көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

1) білім мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

2) оқытудың нысандары мен әдістері;

3) білім алушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және бағалау жүйесі;

4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;

5) мектепті басқару моделі (қоғамдық - мемлекеттік нысан, оқу жоспарын реттеудегі мектеп дербестігінің жоғары деңгейі);

6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық білім беру ортасының болуы;

7) балаларды оқыту және тәрбиелеу процесінде ата-аналардың белсенді рөлі

Олардың *біріншісі* - оқытудың әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Яғни, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан басталуы тиіс. Ол үшін мұғалім алған білімдерін практикалық жағдайда және әлеуметтік бейімделу процесінде тиімді қолдана алатындай етіп білім алушыға негізгі құзіреттіліктерді үйретуі керек:

*басқарушылық* (мәселелерді шешу қабілеті);

*ақпараттық* (өз білімін дербес ақпарат көздері арқылы үнемі арттырып отыру, сол арқылы танымдық қабілеттерін жаңдандыру);

*коммуникативтік* (үш тілде қарым-қатынас жасау: қазақ, орыс, ағылшын (шетелдік) ауызша, жазбаша);

*әлеуметтік* (қоғамда, өзі өмір сүретін ортада әрекет ете білу);

*тұлғалық* (өзін тұлға ретінде қалыптастыру, болашақ мамандығын өзін-өзі анықтау, оның қиындықтары мен қиындықтарына төзімділік үшін қажетті білім, білік, дағдыларды игеру);

*азаматтық* (қазақ халқының дәстүрін, тарихын, мәдениетін, менталитетін терең меңгеру, Қазақстанның өркендеуі жолындағы азаматтық борышты түсіну);

*технологиялық* (әрбір азаматтың мамандығына байланысты ақпараттық технологияларды, цифрлық технологияларды, білім беру технологияларын сауатты пайдалану). Білім алушы көрсетілген негізгі құзыреттермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Функционалдық сауаттылықты іске асырудың *екінші механизмі* - оқыту нысандары мен әдістері. Тәуелсіз қазақ елінің оқулықтарының мазмұны ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып жазылып, оны оқыту мен жүзеге асырудың жаңа әдістері, яғни аралық белсенді әдістер арқылы жүзеге асуы тиіс. Осы негізде білім алған мектеп оқушылары теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолданумен қатар ана тілінің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді.

Функционалдық сауаттылықтың *үшінші механизмі* - оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін өзгерту. Яғни функционалдық сауаттылықтағы бағалау жүйесі сыртқы бағалау және ішкі бағалау болып бөлінеді. Ішкі бағалау - оқу пәні бойынша

оқыту сапасының диагностикасы және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Ал сыртқы бағалау - әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес (ҰМТ, ОЖСБ және т.б.), сондай-ақ халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысу арқылы жүзеге асырылады. Егер сыртқы бағалау нақты мамандықтарға қатысты болса, онда ішкі бағалау негізінен білім алушыларға тікелей қатысты. Сондай-ақ өзін-өзі бағалау, ұйымдастыру, жетілдіру және білім алушылардың жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асады.

Функционалдық сауаттылықтың *төртінші механизмін* жүзеге асыруда біз Алаш арыстарының бірі Ж. Аймауытовты қағидасын басшылыққа аламыз: «балаға ең қымбат, ең жылы, ең жақын – туған жері, туған өлкенің құбылыстарын білу өте қызықты. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірдің, табиғаттың терең мазмұнын береді, оларды баланың санасында жандандырады, оларға деген сүйіспеншілікті арттырады, бала бұрынғыдай әлеуметтік өмірге, қоршаған әлемге терең еніп, шешетін күрделі мәселелерді оңай шешеді, мектептен шыққан кезде бала алған білімдерін ұмытпайды, бірақ оларды іс жүзінде қолданады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың *бесінші механизмі* - мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, оқу жоспарларын реттеудегі мектептердің дербестігінің жоғары деңгейі). Бүгінгі білім беру жүйесінде мынадай қазақстандық мектептер бар. Бұл жалпы білім беретін орта мектеп, гимназия, лицей, дарынды балаларға арналған мектептер, Назарбаев Зияткерлік мектебі (НЗМ) және т. б. Бұл мектептерді басқару жүйесі, оқу бағдарламалары, оларда оқытылатын пәндер бойынша оқулықтар, олардағы білім алушылардың білім сайыстары бір-бірінен ерекшеленіп, қазіргі қоғам талап ететін процестен шығуы керек.

*Алтыншы тетік* – барлық мүдделі тараптармен серіктестікке негізделген достық нысанда білім беру ортасының болуы. Бұл мәселедегі жұмыс мектептер мен жоғары оқу орындары, түрлі ғылыми – зерттеу орталықтары мақсатты түрде келісім-шарттар жасасып, оқушылар арасында мамандық таңдауда, ғылыми жұмыстар мен жобалар жасауда серіктестік қарым-қатынас құрудан тұрады. Жоғары оқу орындары білім сапасын арттыруда өзін даярлайтын маманның деңгейін, қабілетін, талантын алдын ала айқындайды, одан әрі жұмысты жоспарлайды, білім алушылармен кредиттік жүйенің ерекшелігі, мақсаттары туралы алдын ала түсіндіру жұмысын жүргізеді және оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс бағыт береді.

Функционалдық сауаттылықтың *жетінші механизмі* - балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Отбасы ерте жастан бастап баланы рухани құндылықтармен, тиімді және жемісті өмірмен таныстыруы керек. PISA-2009, 2012 жылдардағы зерттеулер оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейіне ата-аналардың оқыту мен тәр-

биелеу процесіне араласуы оң әсер ететіндігін көрсетті [Әдістемелік құрал, 2016, 66 б.].

Осы халықаралық зерттеулер барысында оқушылардың оқу жетістіктері тікелей отбасылық ресурстардың: ата-аналардың білім деңгейі, олардың кәсіби қызметі, үйдегі кітаптар саны, Интернетке қол жетімділік, баланың өз бөлмесінің болуы өсіп келе жатқанын көрсетті. Сонымен бірге, маңызды факторлардың бірі – ата-аналардың балаларының жетістіктеріне, олардың дамуына, өмірлік құндылықтарды игеруге, жағымсыз әрекеттерді жеңе білуге деген қызығушылығы. Сондықтан ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуын көздейтін іс-шараларды әзірлеу қажет: ата-аналар қауымдастығын, ата-аналар кеңесін құру. Бұл қоғамдық институттар отбасына әр оқушымен серіктестік орнатуға, бір-біріне қолдау көрсетуге, мектеп пен отбасының ортақ мүдделеріне ие болуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мектептің қызметі мен оқушылардың оқу жетістіктері туралы ақпарат толық және ашық болады.

Педагогикалық мамандықтың басқалардың қатарынан ерекшеленіп тұруы, ең алдымен, осы мамандық өкілдерінің ойлау образы, олардың өз міндеттері мен жауапкершілігін өте жоғары сезінуі. Оның ең басты айырмашылығы, ол өзгертуші де, басқарушы мамандықтардың қатарына бірдей жатады. Өз қызметінде тұлғаны қалыптастыру мен өзгерту мақсатын қоя отырып, педагог сол тұлғаның интеллектуалдық, эмоционалдық және физикалық даму процесін, оның рухани әлемінің қалыптасуын басқаруды мұрат етеді. Педагогикалық мамандықтың негізгі мағынасы — адамдармен қарым-қатынас. Педагогтың басты міндеті — қоғамдық мақсаттарды түсіну және өз оқушыларын соларға қол жеткізуге бағыттау.

Мұғалім мамандығын басқалармен салыстырғандағы ерекшелігі оның қызметінің нысаны ерекше серпінділігімен, күрделілігімен және көпқырлылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да бұл мамандық мұғалімнен арнайы білімді де, қандай да бір салалардағы білімдерді де талап етеді. Ал басшы ретінде ол оқушылардың қызметін жақсы түсінетін және білетін болуы керек, өйткені ол сол оқушыларды дамыту процесін басқарып отыр.

Осылайша, педагогикалық мамандық қос бірдей дайындықты талап етеді: адамтанушылық және арнайы.

Педагогтың функциялары (міндеттері, мақсат-мұраты) алуан қырлы, алайда солардың ішінен ең негізгі үшеуін атауға болады: оқытушылық, тәрбиелеушілік және қоғамдық-педагогикалық. Мұғалім ең алдымен оқытады, яғни, балалардың жалпы адами тәжірибесін, білімін және оларды алу жолдарын, оқу жұмысының әдіс-тәсілдерін меңгеруіне көмектеседі. Балалардың тұлғасын қалыптастыру оқыту барысында да, оқытудан тыс қызметте де жүріп жатады. Оқу процесінің ұйымдастырылуы, баланың мұғаліммен тіл табысуы, баланың тұлғасы, тәрбие жұмысы — осының барлығы да мектеп оқушысының белгілі бір қасиеттерінің қалыптасуына, оның дербестігінің дамуына септігін тигізеді, яғни тәрбиелік функция іске асады.

Мұғалімдер ешқашан өз қызметін жұмыстағы әрекеттерінің аясымен шектемейтінін ерекше атап айту керек. Мұғалім — ағартушы, қоғамгер. Көптеген мектептік, қоғамдық іс-шараларға қатысу, өзінің оқушыларымен бейресми түрде араласу, үйірмелер мен секцияларды басқару — бұның бәрі, негізінен өз еркімен атқарылатын қоғамдық қызмет, яғни қоғамдық-педагогикалық функцияларды атқару болып табылады.

Кәсіби дамуда педагогтың кәсіби өзіндік даму мен өзіндік білім алу психологиясы ерекше. Әр педагог өзін іштей үнемі оқуға, ізденуге итермелеп, дайындап отыру керек. К.Д.Ушинский айтқандай, «мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Өмірдің өзі педагогтың алдындағы күн тәртібіне педагогикалық білім берудің үздіксіздігі мәселесін қойып отыр.

Жалпы орта білім беру саласындағы халықаралық бақылау білім, білік және дағды ретінде білім нәтижесін игеру деңгейі мен негізгі құзыреттердің қалыптасу деңгейі жеке бағаланады. Бұл тәсіл Блум таксономиясына негізделген. Бұл тәсіл арқылы мақсатқа жетудің 6 деңгейін көрсетеді. Олар:

1. *Білім*. Бұл санат бүкіл теорияға нақты фактілер мен зерттелген материалдарды есте сақтаумен және қайталаумен шектеледі. Оқушы терминдерді, нақты фактілерді, негізгі ұғымдарды, ережелер мен ережелерді қайталай алады.

2. *Түсіну*. Түсінудің негізгі көрсеткіші ретінде материалдарды тұжырымның бір түрінен екіншісіне айналдыру, құбылыс пен оқиғалардың даму барысын болжау мүмкіндігі деп атауға болады. Оқушы фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсіндіре алады; сөздерде баяндалған материалды математикалық формулаларға айналдырады; берілген деректер бойынша Болашақтың оқиғаларын сипаттай алады.

3. *Қолдану*. Бұл санат оқылған материалды нақты жағдайларда немесе жаңа жағдайларда қолдана алады. Оқушы нақты практикалық жағдайларда заңдарды, теорияларды пайдаланады және жаңа жағдайларда ұғымдар мен ұстанымдарды қолданады.

4. *Талдау*. Аталған категория материалдарды құрылымдық бөлімшелер бойынша жіктеу қабілетін көрсетеді. Оқушы бүтін материалдарды жіктей алады; олардың арасындағы байланысты анықтай алады; бүтінді ұйымдастыру принциптерін біле алады; түсіндіру логикасындағы қателер мен кемшіліктерді көре алады; фактілер мен салдар арасындағы айырмашылықты біле алады; деректердің мәнін бағалай алады.

5. *Жинақтау*. Бұл санат өзінің жеке элементтерін жаңалықпен тұтас құруда қолдана алады. Оқушылар эссе, баяндама жазыды; эксперимент жоспарын жасайды; есеп сызбасын жасайды.

6. *Бағалау*. Бұл санат әртүрлі материалдардың маңыздылығын бағалау қабілетін көрсетеді. Оқушы жазбаша мәтіннің құрастырылған логикасын бағалайды; жасалған тұжырымның қолда бар деректерге сәйкестігін тексереді; әр түрлі қызмет өнімдерінің маңыздылығын бағалайды.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін

ішкі бағалауда келесі түрдегі «білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және қорыту» төрт деңгейлі критериялды бағалау жүйесі ұсынылады. Бұл жүйе әр түрлі: типтік, вариативті және жаңа (проблемалық) оқу жағдайларында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін қолданылады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, ХХІ ғасыр – бәсекелестік ғасыры. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр, дара тұлғаның тағдыры ұстаздар қауымына аманат етіп тапсырылып отырғаны анық. Бүгінгі мектептің басты міндеті – өзіндік ой-көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалім мен оқушының бір-біріне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл болуды көздейді. Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлауға бейім, интеллект қабілеті дамыған, өмірде өз орнын таба алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мектеп мұғалімдері үшін жауапты іс.

Қазіргі мектепке, соның ішінде зияткерлік мектепке оқыту мен білім берудің міндеттерін сәтті шеше алатын, оқушы тұлғасын дамытуда қажетті нәтижеге жете алатын мұғалім керек.

Әр кәсіби маман жоғары өзін – өзі жетілдіруге, өзінің тұлғалық және кәсіби даму болашағын саналы сезінуге, кәсіби оқу мен педагогикалық шығармашылыққа дайын, білім берудің гуманизациялау қағидасын жүзеге асыратын, толеранттылық танытатын, психологиялық сауатты және құзыретті болуы тиіс.

Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздегі Назарбаев зияткерлік мектептерінің жұмысында айтарлықтай оңды істер жүзеге асырылуда. Әрбір маманды танымал оқу орындарына біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, конференцияларға, жобалық жұмыстарға жіберіп, кәсіби жағынан шыңдалуға әсер етуде. Сыни тұрғыдан ойлап, жаңа технологияларда жұмыстана алатын, құзыретті, артына ере білген баланы да жан – жақты дамытуға бағытталған біздің педагогтар нәтижелі жұмыстануда. «Сенің қолыңнан келеді», «Біз саған сенеміз», «Саған үміт артамыз» деген түрткі сөздердің өзі – ақ психологиялық ахуал қалыптастырудың бастамасы. Өз мектебінде ұйымдастырылып отырған шетелдік әріптестер семинары, үштілділік саясаты, әлеуметтік жобаларға қатысуды бастама еткен келелі істер нәтижесін беруде. Ал енді біздің мамандар өзін «кәсіби тұрғыдан дайынмын ба?» деп психологиялық тұрғыдан сараға салуы әркімнің өз еншісінде болмақ.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». 02.09.2019.
2. Ожегов С. Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 17 б.
4. Бұлақбаева М.К., Жүнісова М. Коучинг – мамандық таңдауда көмекші құралдардың бірі//Хабаршы. Педагогикалық серия. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 5(41), 2016. – Б.21-16.
5. Кузьмина Н.В. Введение в педагогическую специальность. – М., 1999. – 183 с.
6. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.





**ЖАНДИЛДИНА РОЗА ЕСЕНТАЕВНА,**

педагогика ғылымдарының магистрі,  
АрқМПИ доценті,  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты



**ОМАРОВА ДИНАРА ҚАНАТОВНА,**

педагогика ғылымдарының магистрі,  
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

## ОТБАСЫНДА БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада отбасындағы балаларды тәрбиелеу, оларды мектепке даярлау мәселелері қарастырылады. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар. Дегенмен, біз бала тәрбиесін баршаның ісі ретінде отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі болашақ ұрпақ тәрбиесі екекндігіне баса назар аударамыз.

**Кілт сөздер:** Ұлт, бала тәрбие, дәстүр, тәжірибелер, отбасы.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются вопросы воспитания детей в семье, их подготовки к школе. У каждой нации есть свой старый индивидуальный путь к воспитанию детей. Тем не менее, мы акцентируем внимание на том, что воспитание детей дело каждого, и семьи, и детского сада, и школы это воспитание будущего поколения.

**Ключевые слова:** нация, воспитание детей, традиции, практики, семья.

**Annotation:** This article discusses the issues of raising children in the family, their preparation for school. Each nation has its own old individual way to raise children. Nevertheless, we focus on the fact that raising children as a matter for everyone-family, kindergarten, and school-is the education of the future generation.

**Keywords:** nation, parenting, traditions, practices, family.

### КІРІСПЕ

XXI ғасырда әлемдік дамудағы шапшаңдықты ұлғайтқан уақытта өзектілігі сезіледі, әрине педагогика ғылымының зерттеу нысаны тәрбие жұмыстарындағы озық-тәжірибе өскелең ұрпақ тәрбиесіне ықпалын ескеріп, қажеттілігін біліп жетілдіру, жүйелеу тиімділігін арттыру мақсатында зерделеу, ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін айқындап, оларды орынды пайдаланып, болашаққа меңзеген зерттеме жасауға талаптандырады.

Осыны ескере отырып, білім берудегі алғашқы орындардың біріне білім беру сапасын қамтамасыз ету міндеті шығады. Кез келген оқу орнының қызметінде білім беру процесінің тиімділігі мен нәтижелілігі туралы мәселе әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жағдайында аса маңызды болып табылады. Сонымен қатар, білім беру жүйесін қайта құру мен реформалаудың күрделі процестері оның құрылымы мен мазмұнын уақтылы түзету үшін білім беру сапасының көрсеткіші ретінде тәрбиенің табыстылығын зерттеу қажеттігіне негізделді, бұл білім беру процесіне қатысушылар үшін де, жалпы педагогикалық ғылым үшін де маңызды болуы мүмкін. Біз де мақаланың арқауы ретінде отбасында балаларды мектепке даярлау мәселесіне баса назар аударып отырмыз.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Баланы мектепке дайындау мәселесі ертеректе туындаған. ІҮ ғасырда б.з.д. Аристотель әкесінің басшылығымен бес жастан жеті жасқа дейінгі ба-

лаларды үйде оқытуға және тәрбиелеуге мүмкіндік беретін білімге ерекше мән берді. Аристотель «денеге қамқорлық жасаудан», содан кейін «рухқа қамқорлық жасаудан» бастауды ұсынды, сондықтан, оның пікірінше, жаттығу баланың денесін білімді игерудің қиын процесіне дайын болуға жетелейді, яғни сол күндері оқуға дайындық маңызды болды [Есіркепова Г.К., 2008, 108 б.].

Шетел педагогикасында балаларды мектепке дайындық, мектеп жасын жетілгендікті қалыптастыру мәселелерімен бірқатар шетелдік ғалымдар (Г. Гетцер, Я. Иирасек, А. Керн, С. Штребел, т.б.) шұғылданды. Американдық ғалым Д.Е. Эванс мектепке дайындықты жас мөлшеріне қатысты қарастыру қажет екенін ескерді. Яғни, бала белгілі бір жас мөлшеріне келген болса, онда сол жас көрсеткіштерінің өзімен-ақ, мектепке психологиялық, педагогикалық, физиологиялық жағынан да дайын болатынын атап өтті.

Қазіргі кезде әлемде балаларды мектепте оқуға даярлаудың көптеген жіктеулері бар. Бізге ең сапалысы Р.В. Овчарованың сипаттаған жіктеуі ұнады. Ол даярлықтың арнайы, психологиялық және дене дайындығын жіктеді. Психологиялық даярлық: мотивациялық, тұлғалық және әлеуметтік психологиялық, зияткерлік, эмоциялық-ерік дайындығын қамтиды.

Р.В. Овчарова балалардың мектепте оқуға даярлығын төмендегідей анықтайды:

– «Мектепке даяр балалар» – өз іс-әрекетін бақылай және жоспарлау алады, басқа адамды

тыңдай алады және заттар мен нысандардың айқын қасиеттеріне, қоршаған ортаның болмыстың заңдылықтарын, және ауызша немесе логикалық тапсырмаларды орындай алады (немесе ұмтылады);

- «Мектепке дайын емес балалар» – өз жұмыстарын жоспарлай және реттей алмайды, қызмет, оқу мотивациясы айқын төмен (олар бағытталған тек сезім мүшелеріне ғана), басқа адамды тыңдай алмайды және түсінік формасындағы талдау мен синтездің логикалық операциялары

- Мектепке балалар дайын емес - олар өз іс-әрекеттерін қалай жоспарлауды және реттеуді білмейді, оқуға деген ынтасы анық емес (олар бағытталған тек сезімге), басқа адамды тыңдауды және логикалық операцияларды орындау, талдау мен синтездеуді білмейді [Овчарова Р.В., 1996, 211 с.].

Балалардың мектепте оқуға даярлығының басты міндеттердің бірі мектепке дейінгі балалар кезеңіндегі психикалық даму қорытындылары сапалы алудың кепілі болып табылады. Балалардың мектепке дейінгі кезеңде мектепке қалай дайындалғаннан, олардың мектепке бейімделуінің жеткіліктілігі мен сапасы, мектеп өміріне ену, олардың оқу жетістіктері, баланың келесі кезеңіндегі психологиялық саулығына байланысты. Көп нәрсе отбасына байланысты, өйткені дәл осы балалардың жақын ортасы; бұл дамидың орта балалардың өзі туралы және қоршаған орта туралы түсініктері басталады, қазіргі заманғы қоғамдағы мәдениеттің барлық жақтарын игеруде әлеуметтілік және мәдени белсенділікті қалыптасуы болады.

Республикамызда әр жылдары мектеп даярлау мәселесін зерттеумен айналысқан ғалымдар еңбектерін қарау барысында зерттеушілердің мәселені психологиялық тұрғыдан емес, педагогикалық тұрғыдан шешуді басшылыққа алғандары айқындалды. Мәселен, Б. Баймұратованың «Балаларды мектепке даярлау жөнінде» еңбегінде мектепке даярлау - мектепке дейінгі кезеңнің басты мәселелерінің бірі деген бағытты ұстана отырып, балаларды мектептегі оқуға даярлаудағы негізгі міндетті мектепке дейінгі мекемелер қызметі деп тауып, ал, отбасында ата-аналардың дұрыс жолға қойылған ұлттық дәстүр негізіндегі тәрбиесіне қатысты [Баймұратова Б.Б., 1971, 97 б.].

Ұлттық дәстүр негізінде тәрбиелеу жөнінде М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде бала тәрбиесімен шұғылданушы адамдарға: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шағыру... Бұл – бір. Екінші, әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар» [Жумабаев М., 1997, 13 б.]. Дегенмен, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, ұлт тәрбиесін тұтасымен дұрыс деп алға ұстамай, оның ұнамсыз,

зиянды жақтарына сын көзбен қарап, жақсысын қолдана білу қажет екенін ескерте келіп, «тәрбие майданында шынығып, ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы тәрбие туралы дұрыс жолға түсу үшін тәрбие пәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек» - деп ескертеді [Жумабаев М., 1997, 13-14 б.].

Ал, А.Байтұрсынов тәрбиешіге: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісінің түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларық болуы керек» - деп түйіндейді [Байтұрсынов А., 1989, 214 б.]. Ғұламаларымыздың осындай педагогикалық, психологиялық пікірлері ешқашанда ескірмейтін, бүгін де, ертең де тәрбие ісінде басшылыққа ұстанатын тағылым.

Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі еңбек сүйгіш абзал азамат болып өсуін армандаған қазақ халқы бұғанасы қата бастағаннан-ақ қыз баланы үй сыпырту, төсек жинау, ыдыс-аяқ жуу, шай құю, ас пісіру, су әкелеу, сиыр сауу, өрмек тоқу, ою ойып, құрақ құрау, іс тігу т.б. шаруашылықтың алуан түрлеріне, ал ұл балаларды қозы-лақ қайыруға, ата кәсібіне үйреткен. Баланы әулет, ауыл-аймақ болып тәрбиелеу халықтық тәрбиеде ерекше орын алған. Әрбір әке баласына өз өнерін үйретіп, оларды өзіндей мерген, аңшы, құсбегі, қолөнер шебері немесе жыршы, әнші, күйші, биші тепі тәрбиелеген.

Қазіргі кезде көптеген мектептер жанынан баланы мектепке даярлайтын топтар ашылып, онда арнайы білімі бар мұғалімдер жұмыс істейді. Осы топтарда және балабақшасында тәрбиеленген балалар мектепке беліглі дәрежеде дайындықпен келеді. Ал отбасынан бірден мектепке келген балалардың білім дәрежесін басқалармен салыстырғанда әр түрлі айырмашылықтар болып жүр. Біреулер баласын: «Менің балам оқи, жаза, тіпті жүзге дейін санай біледі» деп әкелсе, екінші біреулер «Үйімде адам жоқ, балабақшада да болмады, сондықтан көңіл бөлсеңіздер екен» деп әкеледі, келесі бір топ бақшадан мектепке келеді. Оқу басталады. Мұғалім жоғарыда аталған білімі, қабілеттері әр түрлі деңгейдегі балалармен жұмыс істей бастайды. Белгілі қиыншылықтарға кездеседі. Оқи, жаза білуді бұрын үйренген баланың сабаққа қызығушылығы бәсеңдейді. Ал, оқи, жаза білмейтіндер бұл дағдыларға көп еңбектенуі керек.

Міне, осының салдарынан кейбір мұғалімдер ата-аналарға: «Балаларыңды мектепке дайындап әкеліңдер» деген талаптар да қоя бастайтыны байқалуда. Және мектепке даярлықты анықтаудың негізгі бағыттарын басшылыққа алады (Кесте 1).

**Кесте 1 – Мектепке даярлықты анықтау бағыттары**

Психологиялық категориялар	Педагогикалық ұғымдар
Биологиялық кемел	Дене тәрбиесі
Танымдық даярлығы	Ақыл-ой даярлығы
Жеке басының даярлығы	Адамгершілік даярлығы
Көңіл- күйі бағыты	Эстетикалық тәрбие
Мотивтік бағыты	Әлеуметтік тәрбие

Кейде мектепке дайындау топтарының бағдарламасында көрсетілген міндеттерді ата-аналардың орындауы қажет болып жүр. Сондықтан көптеген ата-аналар балаға «Әліппе» бойынша әріп танытып, өздігінше оқи, жаза білуге үйрете бастаған. Тіпті, баласы бақшада жүрген отбасылар тамыз айында балаларын мектептегі даярлау тобына беретіндігі байқалды.

Отбасы, балабақша тәрбиесі сөз болғанда, соларға арнайы еңбек жазған, мектепке дейінгі тәлім-тәрбиенің мақсат-мүддесін ата-аналар қауымына кеңінен насихаттаушы педагог, журналист Нәзипа Құлжанованың есімін ерекше атауымыз керек.

Н. Құлжанова алғашқы кезекте алдыңғы қатарлы орыстың педагог ғалымдарының бірсыпыра еңбектерін ана тіліне аударған, сонымен қатар «Әйел теңдігі» журналы арқылы – «Ана мен бала тәрбиесі» деген тақырыпта сан алуан мақалалар жариялай отырып, ата-аналар мен тәрбиешілер арасына мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу жұмысын кеңінен тартуға жәрдемдеседі. Алғаш ашылған балабақшалардың жұмыс істеуіне теориялық басшылық жасайды. Бұл жөнінде Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» және «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбегін атап айту қажет. Бұл еңбектер алғашқы яслилер мен балабақшадағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру ісіне теориялық жәрдем беру мақсатында жазылған [Құлжанова Н., 2014, 285 б.].

Аталмыш проблема жайында республика ғалымдары тарапынан (Б. Баймұратқызы, М. Сәтімбекова, А. Меңжанова, Қ. Қойбағаров, Қ. Сейсенбаев, Ә. Ашай, Ә. Әмірова, Қ. Меңдаяқова, М. Тұрыскелдина, т.б.) жүргізілген ғылыми-зерттеулер нәтижесінде жарық көрген ғылыми-әдістемелік оқу құралдары да мектепке дейінгі тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға лайықты үлес қосып келеді.

Жоғарыда аталған еңбектерді зерделей отырып, *баланың мектепке дайындығының критерийі ретінде келесі көрсеткіштерді* қабылдауға болады:

- *қалыпты физикалық даму және қозғалыстарды үйлестіру* - жеткілікті дамыған бұлшық еттер, қимылдардың дәлдігі, қолдың кішкентай, дәл және әр түрлі қимылдарды орындауға дайындығы, қол мен көздің қозғалысын үйлестіру, қалам, қарындаш, қылқалам қолдану мүмкіндігі;

- *оқуға деген құштарлық* - оқу мотивтерінің болуы, оған өте маңызды, маңызды мәселе ретінде қарау, білім алуға деген ұмтылыс, белгілі бір сыныптарға қызығушылық;

- *мінез-құлқың басқаруы* - мектептегі рәсімге төтеп беруге, сабақта өзіңді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сыртқы қозғалыс мінез-құлқының еркіндігі;

- *ақыл-ой әрекеті әдістерін меңгеру* - баланың танымдық процестерінің белгілі бір даму деңгейін қамтиды. Бұл қабылдауды саралау, бұл заттар мен құбылыстарды байқауға, олардағы белгілі бір қасиеттер мен жақтарды бөлуге, логикалық операцияларды меңгеруге, материалды мағыналы есте сақтау әдістеріне мүмкіндік береді;

- *тәуелсіздіктің көрінісі* - жаңа және таң-

қаларлық барлық нәрселер үшін шешімдер мен түсініктеме іздеуге ұмтылу, әртүрлі жолдарды қолдануға ынталандыру, әртүрлі шешімдер беру, тәжірибеден тыс көмексіз басқару;

- *жолдастар мен ересектерге деген қарым-қатынасы* - командада жұмыс істеу, жолдастардың мүдделері мен тілектерін ескеру, құрдастармен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдылары;

- *еңбекке деген көзқарасы* - балалардың өздері үшін және басқалар үшін жұмыс істеуге деген ықыласы мен әдетін қалыптастыруды, тапсырманың жауапкершілігі мен маңыздылығын сезінуді.

6-7 жастағы балаларда даму деңгейі өте жоғары. Қазіргі уақытта белгілі бір білім мен дағды қалыптасады, есте сақтаудың, ойлаудың, қиялдың еркін нысаны қарқынды дамып келеді, оның негізінде сіз баланы тыңдауға, қарастыруға, есте сақтауға және талдауға итермелей аласыз.

Алты жастағы балаларды үйдегі, балабақшадағы, мектеп жанындағы оқу ісіне тарту мәселесі жөнінде бұған дейін жүргізілген байқау қорытындысы бойынша оқу-әдістемелік құралдар кешені жасалып, жарқы көрген болатын.

Сондай-ақ, отбасы тәрбиесінің ауыр жүгін көтеріп, ғылыми-педагогикалық, психологиялық озық идеяларды ата-аналарға жеткізіп, бала тәрбиесіне айтарлықтай үлес қосып отырған «Отбасы және балабақша» журналы дер едік.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас шамасына қарай қабілет ерекшелігін арнайы зерттеген көрнекті психологтар мектепке дейінгі балалардың өмір айналадағы дүниені танып білуге, білімге құштарлығын потенциалдық мүмкіндіктері жеткілікті болатынын дәлелдейді.

Дегенмен, қазіргі балалардың психофизиологиялық жағынан даму деңгейі өздерінен бұрынғылардан әлдеқайда озықтығын, олардың білуге, білімге қызығушылығы да мол екендігін педагогикалық психология дәлелдеп отыр. Сол себепті балалардың теориялық ойлау дағдысын дамыту, олардың белгілі нәрсенің ішкі сырын ұғынып, оның себеп-салдарын, заңды байланыс таба біліп, қарапайым логикалық ой-қорытындыларын жасауға үйрету, баланың психофизиологиялық мүмкіндіктерін барлық жағынан дамыту, сезім, таным, ерік әрекеттерін жетілдіру, мектептегі оқу ісіне, ой еңбегіне дайындау, яғни өрелі тәрбиелеуге баса көңіл бөлінуде. Бұл әдістемелік құралды жазу барысында осы идеялар басшылыққа алынды.

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым ғылыми білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулыу, баланың өздігінен еңбектене білуге белсенділігін бағыттау қажеттігіне көз жеткізілді.

Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу - ол болашақ ұрпақ тәрбиесі.

Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің өмір талдырығын аттағандағы алағашқы еститіні шешесінің мейірбан сөзі, көретіні анасының аялы



алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген де осының айғағы. Яғни, ата-әженің, әке-шешенің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі де балаға үлгі-өнеге.

Олай болса, баланы дұрыс тәрбиелеуге бесік жырынан бастап көңіл бөлген жөн. Баланы үнемі таза ұстау, белгілі уақытта ұйықтату, тамақтандыру, серуенгешығару, денесін шынықтыру, құлағын түрлі дыбыстарға жаттықтырып, тан атап шақыру, сөйлесу осының бәрі де оның болашақ өміріне қажетті дағдылардың бастама сабағы болмақ.

Бес жасар балалар айналаны жақсы бағдарлай білуі тиіс. Айналаны бағдарлауда топсеруен, серуен, қимылды ойындар мен тұрмыстағы алуан түрлі жаттығулардың орасан зор маңызы бар. Мәселен, баламен бірге серуендеп жүргенде бала мен белгілі бір объектінің арасындағы қашықтықты анықтауға назар аударудың артықтығы жоқ; қай объект бізге жақын, қайсысы алыс орналасқан, қай жол түзу, үйдің маңында қандай гүлдер өскен, үйден алыста қандай гүлдер өседі және т.с.с.

Бұл жастағы балалар бағдарлауға жаттығып, ата-ананың ауызекі нұсқауларының негізінде қажетті бағдарды дұрыс таңдай білуі, сондай-ақ кеңістіктің қағаздағы графикалық бейнелеуін дұрыс түсініп, қоршаған ортаны өз бетінше суретке салып, сызба түрінде көрсете білуі тиіс. Өтілетін әрбір сабақ баланың мұндай талдау жұмысын өз бетінше және барынша мұқият талдай білу қабілетін ұштауы тиіс [Жұмабекова Ф.Н., 2008, 48 б.].

Бала алғашқыда үлгіге ұмтылып, оны ұстап, аударыстырып көруге тырысады, бара-бара қолдың әрекеті екінші қатардағы қызметке айналып, соңында аса қажет бола қоймайды. Ата-аналар баланың әр түрлі тапсырмаларды орындау үстінде заттардың арасындағы кеңістікті қатынастарды, бағыт пен қашықтықты білдіретін арнайы сөздерді орынды қолдана білуіне назар аударуы тиіс. Мысалы, алдыңғы, артқы, сол, оң, бүйір жағында, түзу, үстіңгі, астыңғы жағында, ағаштардың арасында т.б.

Осылайша оқытып, үйретудің әсерінен бес жасар балада негізгі кеңістіктер бағыттар туралы түсінік қалыптасуы тиіс. Бұл жағдайда осы сызықтардың алдыңғы және артқы, сол және оң жағына орналасқан нүктелер біртіндеп баладан қашықтай береді. Бөлінетін учаскелердің ұзынынан да, енінен де көлемі ұлғаюына қарай олар біртіндеп қатар түзіп, ол бөлік туралы бірыңғай үздіксіз кеңістік деген түсінік қалыптастырады. Енді бұл жердегі әрбір нүктенің орны дәл анықталады. Ал негізгі кеңістік бағыттарн жіктей білу баланың бағдарлай білу машығына байланысты. Мұның өзі санақ жүйесі болып табылады. Дидактикалық суреттерді, фотосуреттерді, сызбалаларды анықтау қарау сияқты оқыту тәсілдері де өте маңызды.

Қашанда балалардың уақыт туралы түсінігін тереңдете түсу тиімді болмақ. Баланың жас мүмкіндіктерді біртіндеп ойын, әңгіме, сабақ үстінде оның уақытты бағдарлай білуіне көмектесетін табиғи белгілеріне сүйенуге негіз болады. ол жиі-сирек, талтүс-түн ортасы, таңсәріде-іңірде секілді сөздерді түсініп, дұрыс қолдануы, жыл мезгілдерінің (көктем, жаз, күз, қыс) ретін білуі, оларды өзіне тән белгілері бойынша айыра алуы, күн апталарын ретімен атауы, олардың апта ішіндегі санын білуі тиіс. Балалар тезбаян әрекетінің жылдамдығын, оқиғанын болды, өтіп жатыр, бола бермек секілді өту ретін жалпы шамада білуіге тиіс.

Бала апта күндерін саналы меңгеруіне көп көңіл бөлінеді. Бала оларды дұрыс атауды, кеше қай күн болғанын, бүгін қай екенін, ертең қай күн болатынын, апта күндерінің санын, олардың ретін айтады. Бала апта күндерін дұрыс атап, айыра білгені жөн, аптаның барлық күндерінің атын ретімен атауға кірісу керек.

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін жанұя – оның өмірін қоғамдық ортамен байланыстыратын бірінші және негізгі буын және бұл өте маңызды. Заманауи отбасы әлеуметтік ортаның ықпалымен емес, тек қана өзінің ішкі өмірімен өмір сүруі мүмкін емес. Сонымен, баланың мектепке дайын болуының ең оңтайлы нұсқасы отбасы мен мектепке дейінгі мекеменің өзара тығыз әрекеті, баланы мектепке дайындаудың барлық аспектілері бойынша серіктестігі болып саналады. Тәрбиеші өз жұмысында отбасы көмегіне, ал ата-аналар – өз жұмысын жалпы нәтижеге – баланы мектепке дұрыс және толық дайындауға жету үшін балабақша жұмысымен келісіп жүргізуі тиіс, өйткені бұл тек ата-ана мен балабақша жұмысының бірлігі мен серіктестігі жағдайында ғана мүмкін болады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Баланы мектепке дайындауда ата-ананың рөлі зор: отбасының ересек мүшелері ата-ананың да, тәрбиешінің де және мұғалімнің де функцияларын атқарады. Бірақ ата-аналардың бәрі мектепке дейінгі мекемеден қол үзгендіктен баласын мектепте оқуға, мектеп бағдарламасын меңгеруге дайындауды толық, жан-жақты қамтамасыз ете алмайды.

Балабақшасында болмаған балалардың мектепке дайындық деңгейі балабақшаға барған балалардікінен төмен болады. «Үй» балаларының ата-аналарының мектепке дейінгі мекемеге барған, балабақшада мектепте сабақтарда арнайы дайындалған балалардың ата-аналарына қарағанда әрқашан мамандармен кеңесуге мүмкіндігі бола бермейді де, оқу-тәрбие процесін өзінше құрады. Дайындау кезінде олар басты назарды арнайы дайындықты қалыптастыру жағына (оқи білу, жаза білу және т.с.с.) аударады да, ал өзінділік, тиянақтылық, жауапкершілік, жинақылық сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге аса бір үлкен маңыз бермейді.

Дегенмен барлық ата-аналар балаларды мектепке дайындау проблемасына кездеседі, бірақ бәрі бірдей оны шеше алмайды. Қазіргі кездің



жанұясы жағдайында баланы мектепке дайындауды ұйымдастыру жөнінде ата-аналар үшін кешенді материалдар мен ұсыныстардың жеткіліксіздігі байқалады, соның салдарынан мектепке дейінгі мекемеге бармаған балаларды мектепке дайындау мәселесі туындайды. Қолда бар ата-аналарға арналған құралдардың кешенді сипаты жоқ, балаларды мектепке дайындаудың жекелеген тұстарын ғана қарастырады, ол ата-аналарға тұтас процесті көруге мүмкіндік бермейді. Баланы отбасы жағдайында мектепке дайындау аса қажет. Оның жемісті болуы бірқатар ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды орындауды қарастырады.

Қоғамның тарихи даму кезеңдерін бастан кешкен ата-баба мұрасы, мақалдап-мәтелдеп айтылатын өсиет өнегесі, астарлы ертегі, аңыз

әңгімелері, санамақ, жұмбақ тәрізді сөз маржандары, бесік жырлары арқылы тербеле тереңдеп, баланың нәрестелік шағынан құлағына құйылып, санасына орнығып, есейген сайын халықтың сазды әуені, үн-ырғағы оның зердесіне ұялап, ән-әуенге, әсерлі сөзге қызықтыра, еліктіре түсетіні белгілі.

Адамзат қоғамының сан қилы тарихи кезеңдерін басынан өткерген халқымыз өз ұрпағының болашақ борышын өтеуге тұралық азамат болып өсуін армандаған ата-бабалар, халықтың даналы ой-түйіндерін, тәрбиеге тірек ете жүріп, келешекте тозбас тон, азбас қазына етіп қалдырған. Болашақты алыстан болжайтын осындай аса бай қазына бүгінде тәрбиенің пәрменді құралы міндетін атқарып келеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есіркепова Г.К. Философия. – Шымкент, 2008. – 124 б.
2. Овчарова Р.В. Практическая психология в начальной школе. – М.: ТЦ «Сфера», 1996. – 240 с.
3. Баймұратова Б.Б. Баланы мектепке дайындау жөнінде. – Алма-Ата, 1971. – 211 б.
4. Жумабаев М. Педагогика. – Алматы, 1997. – 74 б.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы : Жазушы, 1989. - 318,[2] б.
6. Құлжанова Н. Шығармалары: мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар. – Алматы: Ана тілі, 2014. – 384 б.
7. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2008. – 132 б.



**ЖЕДЕЛОВ ҚҰРМАНҒАЗЫ,**

п.ғ.д., профессор,  
Қазақстан Педагогикалық Ғалымдар Академиясының Академигі,  
ҚРСО мүшесі,  
ҚазҰПУ,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы



**КАЛДЫБАЕВА ГУЛЬМАРИЯ АУЕЛХАНОВНА,**

магистр, аға оқытушы,  
ҚРСО мүшесі,  
ҚазҰҚПУ,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ «СКИФ-САҚ СТИЛІНІҢ» НЫШАНДАРЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақаладағы басты мәселе - Қазақстан көркем өнері бойынша халықтың көркем мәдени деңгейін көтеру, оларды өнерге тәрбиелеу. «Скиф-сақ стилі» мәдениетті ұлтты қорғайды, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайды деген қорынды жасалынады. Қазіргі Қазақстан бейнелеу өнеріндегі «Скиф-сақ стилінің» нышандарын қортындылап айтар болсақ, халықтың болмыстық бітімін айқындайтын мәдениетін заман талаптарына сай өзіндік санасы мен дүниетанымдық бағдарламаларын ғылыми талдайды.

**Кілт сөздер:** Скиф-сақ стилі, мифология, тәрбие, мәдени мұра, таңбалар.

**Аннотация.** Основной задачей в данной статье является повышение уровня художественной культуры населения по художественному искусству Казахстана, а также их воспитание в искусстве. «Скифо-сакский стиль» призван защитить культуру, нацию и государство, составляющие основу этого народа. Обобщая особенности «скифо-сакского стиля» в изобразительном искусстве современного Казахстана, это научный анализ культуры народа, определяющий образ жизни, самосознание и мировоззренческие программы в соответствии с современными требованиями.

**Ключевые слова:** Скифо-сакский стиль, мифология, воспитание, культурное наследие, символы.

**Summary.** The main objective of this article is to increase the level of artistic culture of the population in the art of Kazakhstan, as well as their education in art. The «Scythian-Saka style» is designed to protect the culture, the nation, and the state that forms the basis of this nation. Summarizing the features of «Scythian-Saka style» in the fine art of modern Kazakhstan, a scientific analysis of people's culture that defines the way of life, identity and spiritual programs in accordance with modern requirements.

**Keywords:** Scythian-Saka style, mythology, upbringing, cultural heritage, symbols.

### КІРІСПЕ

Шетелдік және қазақстандық өнертанушылар бұл феноменді негізінен ежелгі еуразиялық көшпелілер өнері тарихы кең мәтінінде қарастырып келеді. Елімізде қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын орындау барысындағы ізденістер осы тақырыпты таңдап алуға себепші болды [«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, 2006-2011]. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен де байланысты. Дәстүр жалғастығы кез келген өнер саласында күре тамырдай негізгі арқаулардың бірі. Қазақ ежелден ақ ұлттық қолөнерді өз нәшісіне келтіріп әсемдеумен қатар, олардың өзіндік ерекшеліктерімен қайталанбас ырқын жоғары сапада өңделуін өздеріне мақсат тұтып және аса мәнділікпен туындатып отырған.

Біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасынан бастап Қазақстан жеріндегі көшпелі тайпалар «сақ» атауымен белгілі. Сақ

тайпалары мал шаруашылығының үш түрімен айналысты: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығы. Кең мәдени ареалға таралған өнер үлгілері көшпелілер өнерінің стиль жағынан тұтастығын көрсетеді. Ежелгі көшпелілердің мәдениеті адамзат өмірінде өзінің ауқымы мен таралу жылдамдығы бойынша ерекше кездесетін құбылыс. Яғни көне көшпелілердің өнері негізінен қолданбалы болды, олар әр түрлі бұйымдарда, үңгірлерде, тұрмысқа қажетті барлық дерлік заттарында ақ стилінің көріністерін ерекше зейінмен және шеберлікпен сала білген.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ежелгі көшпелілердің ең сүйікті айналысатын дүниесі жануарлар әлемі болды, өйткені сол қоғамның адамы өзінің ойы мен идеясын шығармашылық шеберлігін айналыны қоршаған жануарлар әлемі арқылы толық мәнде білдірді. Сондықтан да көне көшпелілердің өнері ресей-

де «Скиф-сібір аң стилі» деп аталды. Бұлай ата-луының себебі, ежелгі көшпелілер өнерінің екі массиві скифтер қоныстанған солтүстік Қара теңіз бен шығыста Сібірде табылған. «Скиф-сақ стилі» - ежелгі өнер түрі, зерттеу ауқымы өте кең. Ол еуразия кеңістігін түгелге жуық қамтыған. Осыған орай скиф-сақ стилінің зерттелмеген қырлары, айтылмаған сырларын зерттеу осы уақыттың еншісінде.

Ерекше назар алтын бұйымдардан жасалған мысық тектес жануарлардың элементтерін терең зерттеуге, құстың немесе аңның кейбір дене мүшелерін үлкейтіп көрсетуге мысалы, үлкен мүйіз, үлкен тұмсық, азулы тырнақ пен тістерді ерекше суреттеуге бағытталды. Осының негізінде аңдар мен құстардың бүтін денесінің орнына олардың кейбір мүшелері ғана көрсетілді. Басқаша айтқанда дене мен оның мүшелері шеңбер, эллипсис тәрізді қисық сызықтармен көрсетілді. Соның өзінде автордың айтайын деп отырған ойы мен жануарын бірден біле қоясың. Біздің дәуірімізге дейінгі VII-III ғасырлардағы сақ, савромат және скиф одақтастығының саяси ымыралылығы «Скиф-сақ стилінің» гүлденуіне себепші болды. Ежелгі сақ суретшілері сүйенген хайуанат образдарының триадасы (құс - тұяқты жануар - жыртқыш) бейбітшілік қоғам құрылысының салтанатты идеясын паш етті. «Скиф-сақ стилі» табиғат пен адамның түбегейлі жарасымын дәріптейді. Әр құрамы, жұрнақ бөлшегі өзара сабақтаса, ұштаса келіп, тұтас бір тіршілік көрінісін бейнелейтін мөлдір айқындық, байсалды бап бірден көзге түседі. Табиғат барынша асқақ, әдемі, сақ қаһармандары жайлаған кәдімгі салтанат ордасы тәрізді. Мұрағиятты жер бедері суретші сенімі жоғарғы күштермен рухтанған. Сызықтар сұлбасы мұнда «көре білудің өзі ақыл-ой әрекеті» деп түсінетін «Скиф-сақ стилі» туындысының бүкіл құрылысын, құрамын бір ырғаққа келтіріп, өзара сабақтастырып, ұштастырып жатыр. Шын суреткер - бір қалыптан шыққандай өз тегі, өз заманының ортақ ұлы ғана емес, ол қайталанбас дарынды дара тұлғасымен, шеберлігімен, ерекше қатынас көзқарасымен, өзі жасаған сом суретке өз қолданбасын қалдыра алатын адам. Әрбір бірегей, сақтың өнер туындысын бағалағанда біз бұл ерекшелікті ескермей кете алмаймыз.

Қазіргі Қазақстан бейнелеу өнеріндегі «Скиф-сақ стилінің» нышандарына келсек, олар алуан түрлі бағыттар мен нақыштарға толы. Оның түбегейлі мақсаты - танылған қалыптап мен шектеушіліктен бас тарту, өз шығармашылығын мейлінше толық түрде әйгілеу, жаңа пішін мен таным категорияларын пайымдау. Қазіргі көркемдік кеңістікте оны бұрынғы кезеңдермен байланыстыратын және қазірдің өзінде болашақты болжайтын бағыттар да жеткілікті. Сонымен қатар көшпелілер мәдениетінің дүниетанымдық жүйесіне байланысты бағыттар дамуын бәсеңдетпей, жаңаша өрістеуде. «Скиф-сақ стилінің» өнері қазіргі замандағы мүсіндеу-бедерлеме өнерінің кез-келгенімен тайталаса алады, тіпті ықшамдап (стилизициялап) жасалу шеберлігімен, ойлылығымен, әсемдігі мен

олардан оқшау, алда тұра алады. Оның бір дәлелі, қазіргі суретші мүсіншілердің көбі ежелгі «Аң стиліне» еліктеп, соның тұңғыық тылсым сырына зерттей қарап, соған ұқсас туындылар әкелуде. Мысалы, суретші А. Сыдыхановтың «Бөтен» атты кескіндеме картинасын алайық.



**А. Сыдыханов «Бөтен» кескіндеме. м.б., 1990ж.**

Суретші көне таңбаларды қолдану арқылы қазақтардың тұрмысының әр түрлілігін, әрқилылығын көрсетеді. Ол әр түрлі рулар мен тайпалардың ел таңбасы сипаттас таңбаларына зер салады. Осы таңбалар арқылы дүниені анималистік (жануарды кескіндеу мәнері) стильде пластикалық бейнелеуге ұмтылды. А. Сыдыханов өзінің мифтік бейнелеу өнеріне қажетті ерекше код ретінде қазақтың рулық рәмізін, таңбалардың әр түрін ала отырып, оны қоршаған ортаны толықтыратын дүние құрылымдық ережелерге қарай түрлендіре алады деп өз зерттеулерінде көрсетеді [Қарғабекова Р., Жубаниязова Г., 2004, 13 б.].

Ә. Сыдыхановтың қазақтардың ру-тайпалық таңбаларының графикалық бейнелеріне негізделген таңбалық сыр шырайы көне жазулар мен таңбалардың болмыстық құндылығын арттырды, ұлттық көркемдік - пластикалық идеяны қуаттандырды. Ол осы таңбалар арқылы дүниені пластикалық түрде бейнелеуге ұмтылды және оларға деген көзқарасты байқады. Ол көшпелі өмірін тұрпайы түрде білдіру емес, олардың дүниетанымы мен түсініктерін философиялық, көркемдік тұрғыдан жинақтау болды деп жазады [Төлебаев Ә., 1990, 104-105 бб.].




**С. Тайнов «Молшылық иесі» (60/90 кенеп майлы бояу).**




Сол, өткен дәуірдің стихияларынан, тарихи тағдырынан өз тәртібін бейнелеп шығады. Осыған байланысты мәдениет тарихын түрлі кезеңдердегі зерттеушілер – Рашид-ад-дин мен М. Тынышбаев та, таңбалардың кестелік жүйелерін көшпелілердің салт-дәстүрін, рәміз-рәсімдерін, өзіндік санасын түсіндірудегі басты құралдың бірі деп есептегендігі жазылған [Атантаев К., 1989, 56 б.].

XX ғасырдың басында ою-өрнектің лингвистикалық мәнін зерттеген Н.Я. Марр, М. Ферворн, Г. Кюн, Д. Фрэзер секілді ғалымдар өрнек, ою, таңба, белгі секілді құпия сырға толы дүниелерді зерттей келіп, бұлардың бәрі қоғамның алғашқы сатысында тұрған халықтардың ой-санасының дамуынан хабар беретін белгі деп есептеді. Зооморфтық ою-өрнектер қазақтың тыныс-тіршілігінің басты рәміздерінде кең қолданыс тауып отырған. Мысалы, «қошқармүйіз» оюы ерліктің рәмізі ретінде батырлардың шапанының жауырынына, қалқанға, шалбардың тізе тұсына салынған [Шаханова Н., 1998 30 б.].

Музыкалық әуен, ақындық шығармашылық, сәулеттік және қол өнері шығармашылығы бәрі бір-бірімен өте тығыз байланыста болды. Ол, әсіресе, халықтық мерекелерде одан әрі ашыла түсті. Мысалы, музыка үні өрнекті затпен оның формасымен, пластикасымен және әсемдігімен тығыз байланыста шешілді. Бүгінгі таңда бейнелеу өнерінде музыка үнін өрнекпен қатар, көркемдік идеяны ортаның тақырыптық кеңістігіне енгізу мәселесі өріс алған секілді. Суретші Ақтоты Смағұлованың «Әуен» атты кенепке майлы бояумен орындалған картинасын жатқызуға болады.



2005  
х.м., 60x70  
Әуен  
Песня  
The song



2001  
х.м., 100x80  
Саз  
Мелодия  
The melody

**А. Смағұлованың «Әуен» (60/70 кенеп майлы бояу).**

Қазіргі қазақ суретшілері көне таңбаларды қолдану арқылы қазақ халқының тұрмысының әр түрлілігін, әрқилылығын көрсетеді. Ол әр түрлі рулар мен тайпалардың ел таңбасы сипатта таңбаларына зер салады. Осы таңбалар арқылы дүниені анималистік (жануарды кескіндеу мәнері) стильде пластикалық бейнелеуге ұмтылды. Солардың арасында, әрине, «Скиф-сақ стилі»

ерекше орын алады. Қазіргі суретшілер қазақтың рухани мәдениетін ежелгі ғарыштық-табиғи түрік мәдениетінің бастауларымен байланыстырып, қайтадан дүниеге әкелуде, әсіресе, әлем кіндігіне, әлемді вертикальды түрде үш бөлікке: жоғарғы, орталық және төменгіге бөліп, оның семантикалық жүйесінің ежелгі кодына, белгісі мен элементтеріне, органикалық дүние рәміздеріне тереңдейді. Этномәдени өзіндік идентификация тұрақты түрдегі сананың концептеріне түсіндірме беру, интерпретация арқылы жүзеге асуда. Дәстүрлі құндылықтар комплексі қазіргі кезеңдерге тән ерекшеліктерімен игерілуде, солардың бірі - ежелгі тамырлар, архаика, ұлттық өмірді түсінудің бастауы, ал екіншісі өнердегі дәстүрлік түсінікті өзгертуді және жүзеге асыртуды кеңейту болып табылады. Осыған байланысты суретші Ақанаев Бейсебектің «Қазақ туылды» атты аралас техникада орындалған картинасынан көруге болады.

Ғылымдағы жаңалықтар XX ғасырдағы фәлсафалық ағымдармен ұштаса отырып, олар бейнелеу өнері шығармалары мен дүниені бейнелейтін мүсіндік композицияларда қайта орын алды, көшпелі халықтың мәдениетінің генетикалық табиғатына тән, эмоциялық ырғағын тірілтті. Көзге тартымды, метафоралық тұрғыдан нақтыланған белгілер мен таңбалар жүйесінде дүние құрылымының барлық элементтері арасындағы нәзік үйлесімділік концепциясына сәйкес әдет-ғұрыптар, кеңістік құрылымындағы біртұтас уақыттық цикл, тірі және өлі материя арасындағы бірлік пен байланыс, шексіз кеңістіктің үстінде қалқып жүрген көшпелілердің елестік бейнелері арқылы сиптталатын ерікті және жігерлі рухани көтерілу туралы түсініктер пайда болды. Мифология, әсіресе, материалдың ауысуына, өмір мен өлімнің мәңгі алмасуына ден қояды. Кейін басты орынды табиғат пен адамдарды қорғаушы алды. Әлем байлығын сақтау қажеттілігі туралы аңыздар пайда болды. Табиғат адаммен, оған шынайы адамдық қатынас мұратымен үйлестірілді.

Адаммен игерілетін, табиғат шеңбері барған сайын кеңейе береді. Заттың мазмұны ешқашан арта беруін тоқтатпайды, сондықтан көркем бейнелеу объектісі шегіне жету мүмкін емес. «Су тамшысының қайталанбайтын даралығынан» (Д. Ренар) әлемдік құрылысқа дейін - өнердің тақырыптық өрісі ештеңемен шектелмеген. Олар өзінде дәуір ерекшеліктері қолтаңбасын, оған тән дүние қабылдауды, әлеуметтік өмірдің бағаларын алып жүретін, әлемді көркем игеруде туындайтын, тақырыптар мен бейнелер сондықтан түп-қиырсыз келеді деген [Шакенова Э., 1993, 62-93 бб.].

Рәмізді кескіндеме болғандықтан ол бір жағынан философиялық дүниетанымдық түсініктермен байланысты. Мұнда әрбір форма - белгі. Ал, ол белгі болғандықтан, оның қалыптасқан тұрақты мағынасы бар. Мифопоэтикалық дүниетанымда затты, табиғатты олардың заңдылығы, ішкі мазмұны, даму жолдары арқылы қабылдауға, білуге ұмтылмайды. Бұл көзқарас бойынша, кез келген зат, құбылыс, табиғат – рәміз. Оның



мазмұны заттың өзінен тыс жатыр [Вишняков А., Ли К.В., 2001, 46 б.]. XX ғасырдағы қазақ мәдениетінің басты тәжірибесі жаңалыққа сергектігі мен ашықтығы деу орынды. Мұның айқын бір көрінісі – республикада «Contemporary art»- яғни Қазіргі заман өнерінің тез арада әрі табиғи түрде пайда болуы. Алғашқы кезде бұл бағыттың жақтаушылары Қазақстан үшін ең маңызды және қажетті тек Contemporary art деуге басқан. Бірақ Қазақстанның бүгінгі өнері тек осы бағытпен шектелмейтінін, ол әр алуан және әр түрлі стильдік бағыттардан және әр түрлі шығармашылық ерекшеліктерден тұратынын өзі көрсетіп отыр.

Дәстүрлі халықтық шығармашылық өзінің түрін өзгерткенімен қазіргі кездегі жастардың көркемдік ізденістерінде ерекше сапаға еніп отыр. Дәстүрлі әдістер өзгерістерге ұшырады, жаңа сипаттағы бұйымдар пайда болды. Адамзат санасы дамуының өрлеуі тас дәуірінен басталады деген тұжырымға «жоғары тас дәуірінің өзінде-ақ қалыптасқан өнердің формаларынан оның рефлекторлы-инстинкті емес, терең интеллектуальды табиғаты болғанын байқаймыз, яғни ол адам ойлауының жоғары деңгейіне және шығармашылық қиялдың әлеуметтік-ғұрыптық тәжірибесінің нәтижесінде дамыған» деген пікірі дәлел бола алады [Мастера изобразительных искусств Казахстана, 1986, 69 б.].

Санамен тығыз байланысты сезіну, қабылдау, түсіну сияқты психологиялық компоненттер даму деңгейіндегі нәтижесін - көркем-эстетикалық іс-әрекеттердің қорытындысын – бейнелеу үлгілерінен көреміз. Жалаң интеллектуалды ақыл-ой өнерге тікелей қызмет ете алмайды. Ол бағытталмаған ой-санамен ерекшеленеді. Демек өнер табиғатында интеллектуальдық басымдық алатын болса, ондай ерекшелікті «интеллектуальдық интуициямен» (К. Юнг) байланыстыруға болады. Ол мазмұн нормаларын реттейтін иррационалды қызметпен байланысты, санадан тыс, ақыл-ой сапасымен танылмаған көзқарас [Шипанов. А.С., 1989, 33 б.].

Көркемдік қабылдау мәдениеті жөнінде сөз болғанда көрерменнің көркем бейнені жасаушы суретшінің көркемдік құндылықтарға деген қатынасымен, оның қоршаған ортаны, өмірдегі әсемдік пен келеңсіздікті түсіну ерекшеліктерімен, мәдени деңгейімен, т.б. байланысты екендігі сөзсіз. Көрермен көркем шығарманы қабылдаушы, түйсінүші. Көркем шығарманы өзінің құндылық деңгейіне сәйкес үйлесімді қабылдау күрделі мәселе. Яғни, көркем шығарма мен суретші жөнінде орнатылған ақпарат оны көркем бейнені қабылдау барысында атқаруы мүмкін. А. Медоев [Медоев А.Г., 1979, 16 б.] тастағы суреттердің бірін «Жарық пен Түнектің күресі» деп атаған еді.

Адамның ішкі дүниесі оның мәдени деңгейін білдіретіні сөзсіз. Сондықтан да көрермен көркем шығарма жөнінде өз пікірін білдірген уақытта өзінің біліміне, көркем тәжірибесіне, мәдени деңгейіне, көркемдік толғамына, адамдық қасиетіне, бүкіл ішкі рухани-мәдени болмысына сүйенеді. Осы қасиеттерге байланысты көрермен пі-

кірі өте маңызды болып табылады. Суретші мен көрермен арасындағы шығармашылық сәйкестік, ортақ түсініктер қалыптасуы да күрделі мәселе. Егер сәйкестік болса, онда суретші дарындылығы мен көрерменнің көркемдік талғамының үйлесімді болғандығы. Жоғарғы көркемдік талғам қандай кезеңде де, қандай елде болмасын азшылықты білдіріп келді. Сондықтан да шын өнер халықтың аз бөлігін құрайтын зиялылар өнеріне айналды. Өнерде үйлесімділік ретінде танылған кемелділік бейнесі жасалады.

Өнер арқылы адамның әмбебаптылығы ашылады. Өнер адамның шексіз болмыстық сұрақтарына жауап табуға талпыныс барысында гуманистік ұстындарды қалыптастырады. Осының нәтижесінде, өнер тек белгілі бір қоғамның даму нәтижелерін көрнекілеп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік-рухани өмірдің күйіне етер ететіндігін білдіреді. Әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні зор. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рахаты өзінде, ешнәрсеге тәуелсіз, «мақсатсыз» мақсат көздегіштік деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді беталды, тізгінсіз әрекет деп түсінуге болмайды. Бұл тұста таза өнер мен кәсіп-өнерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И. Кант таза өнер мен кәсіп-өнерді ажыратып қарастырды да, біріншісін - еркіндік өнері, екіншісін - табыс үшін жасалатын өнер дейді. Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан бейнелі шешімдермен байланысты өнерді айтып отыр [Кант И., 1966, 37-341 бб.].

Ал табыс үшін, сауда-саттық мақсатында жасалған өнер өзіне емес, өзгеге ұнау үшін, сатып алушы талғамына, сұранысына аңғайластырып жасалынады. М. Әуезов «Мәдениет хәм ұлт» деген мақаласында, «сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршілік шырағы өшеді» - дейді [Әуезов М., 1997, 332-334 бб.]. Бейнелеу өнеріне қазіргі кезеңдегі әлемдік мәдениет тудырған әмбебапты категорияларымен бірге ұлттық сипаттағы дәстүрлі мәдениет те өз әсерін тигізді. Мысалы, Ф.Ницшенің көркемдік құндылықтары жөніндегі философиялық тұжырымына келетін болсақ, ол өнердің аполлондық және дионисийлік сипаты жөнінде алғаш айтқан ойшыл болатын. Ф. Ницше пікірінше, адамның ең ежелгі көркемдік инстинктісінің бірі өмірдің ауыртпашылығына, қиыншылығына және келіссіз сәттеріне қарсылық ретінде қабылдап алынған «аполлондық» бейне еді. Аполлондық суретке келістілік, жарасымдылық, тепе-теңділік, тұрақтылық тән. Ол – сұлулықтың идеалды бейнесі.

Дионисийлік көркем бейне, Ф. Ницше бойынша, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Онда трагедиялық басым. Сонымен бірге ол даналыққа, тылсым сырға толы. Ол шындықтың бетін ашып аполлондық өнердегі жалғандықты әшкерлейді.

Соған байланысты дионисийлік өнер адам үшін әр уақытта жалғандықпен, жасандылықпен, декоративтілікпен күресуге, өміршең, шыншыл қуат алу үшін керек [Ницше Ф., 2007, 32-34 бб.]. Лессинг пікірінше, еліктегіш табиғаттың тура көшірмесі не оның әдемі баламасы болуға тиіс емес. Гете табиғатқа еліктегіш суретшілер жөнінде, егер суретші итті тура сол күйінде аудармай бейнелесе, онда тура сондай екінші иттің пайда болғанына қуануға болады. Бірақ бұл жерде жаңа өнер шығармасы жөнінде айту қиын, - деп мысқылдайды [Каган М., 1961, 13-15 бб.].

Егер шын өнер, нағыз өнер жоғары көрерменнің азшылық тобын білдірсе, әрине, көрерменнің көпшілік тобы «тобырлық мәдениет» аталып жүрген өнер түрімен қанағаттанатыны сөзсіз. Мұндағы басты мәселе – халықтың мәдени деңгейін көтеру, тәрбиелеу. Тарихтың ұлы қойнауы шежіренің мәңгілік мекені мұражайлар болса, өнер галереялары қазіргі мәдениетімізді, өнерімізді, өркениетімізді өзінің үздік жетістіктерін айшықтайтын, мәдени құндылықтарымызды санамызға сіңіретін орын деп айтуымызға болады. Одан бүтіндей бір ұлттың қалыптасу, даму дәуірі мен жасалған өнер туындыларын көресің, мұражайына қарап, сол елдің мәдениетінің деңгейін білесің, бағалайсың.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйтіп, Қазақстандық бейнелеу өнері суретшілердің өзіндік жарқын қолтаңбасы халықтық дәстүрлермен, өткеннің тарихы және мәдени тәжірибесі мен ұштастыру арқылы жол тауып, көркем процеске ұласты. Шығармашылық еңбектің табыстарын алқалы топтың алдына тартып, талғамшыл қалың көрерменнің сарпына салып отыру – уақыт талабы, мәдени өміріміздің қалыптасқан дәстүрлерінің бірі. Суретшінің ішкі әлемі қайтіп, қалай қалыптасатынына ой жіберсек, бұл әлем оның өмірімен, адамдармен, қоғаммен нақты және толып жатқан байланыстарынан туындайтынын білеміз. Сезім, түйсік, сезімге берілу, өзінен-өзі пайда болмайды. Олар өмірдің жағдаятынан туындап, қандай да бір қатынастың нәтижесі болып шығады. Олардың өзі көркем бейненің объективті негізін құрай отырып, көркем шығармаға етене араласып кетеді. Өнердің шынайылығы өмірдің сыртқы қалпын ғана қайта жаңғырту болып табылмайды. Олай десе, ол өнер де болмас еді. Көшірме, сөз жоқ, түпнұсқаны сол қалпында бере алмайды, бірақ суретші бұл ретте бейнелейтін дүниесін ой елегінен өткізіп, құбылыстың мәнін, өмірдің сипатын, қалпын, қозғалысын дәл тауып береді, шынды-

ғында сол шынайы өмір дүниесінің көшірмесін береді, сондай-ақ оны қайтадан жасайды. Мәнінше, әрбір адам - өзінше бір әлемде, шексіз өмір тізбегінің өзінше бір тұлғасы, онда да шексіз тізбекті бірден-бірге алға қарай жалғастырып жатқан мәңгілікпен ұштасқан тұлғасы болып табылады. Ал кез-келген суретшінің шығармашылығы да өзінше бір ерекше әлем, адамның рухани өмірінің ерекше бір қажетті тізбегі. Кез-келген бояу белгілі бір жүк арқалауы керек деп ойлаймын. Әйгілі суретшілерді даңққа бөлеп, әлемге әйгілеген нәрсе - салған суреттерінің көптігі емес. Алған тақырыбын ұлттық колоритпен ешкімге ұқсатпай, мәңгілік көрместей етіп, бояулар әлемінің адам бойындағы керемет қасиеттерді кестелеудегі ұлылығын таныта алуында. «Ұлы іңкәрлік, беріле сүю ғана өмірдің қозғаушы күші бола алады» деген суретші Ренато Гуттузо. Ендеше суреткер дарыны суретеліп отырған құбылыстың маңызын толығырақ бейімдеумен, жан-жақты көрсетумен анықталады. Өмірді білу, сол білгенін өнерге айналдыруға деген құштарлық кімде жетпесе, соның суреті солғын шығады, соның эстетикалық қуаты да кем болады. Мұндайда бояулар сөйлемейді, олар өзіне тән нақышы, сиқыр-күші, мазмұны болмаған соң сөйлемейді. Өнердегі әрбір шығарма өмірдің жаңа бір қырын ашып бергенде ғана нағыз өнерге жатады. Шығыс миниатюраларының әсері көрінетін жас суретші Ботагөз Ақанаевалардың жұмыстары өз стилистикасы бойынша танымал. Суретшілерді қоршаған ортаны бейнелеуде тек қана реалистік үрдістерде болуға міндеттеуге себептер жоқ. Өзіндік стилді таңдау көптеген субъективті және объективті факторлармен байланысты.

Қорыта айтқанда, суретші өзінің ойы мен сезімін толық таныту жолында, тек қана өзіне қажеттілерін екшеп алуда, яки толыққанды тұтас бейнелерді жасау жолында барлық тарихи бейнелеу әдіс-тәсілдерін жете меңгере отырып, «Скиф-сақ стилінде» кенепке немесе ақ қағазға салған әрбір бояудың түрін жігерлендіруші қуатты күшке айналдыра алады. Бүгінгі таңда Қазақстан өнері бірегей өркениетті ғарыш ретіндегі қазақ мәдениетінің сақталуы мен дамуындағы ұлы жасампаз қызметі атқарады және әлемдік мәдени кеңістікке енуіне жол ашады. «Скиф-сақ стилі» мәдениетті ұлтты қорғайды, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайды. Бұл - дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Мәдениетті күнделікті болып жататын көңіл көтерер дерек ретінде қабылдамай, ұлттың негізі, мемлекеттің тірегі деп қарайтын кез жетті.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМДЕРІ:

1. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 ж.
2. Қарғабекова Р., Жубаниязова Г. Бейнелеу өнерінің тарихы. – Алматы: Өнер, 2004. - 125 б.
3. Төлебаев Ә. Өнер өрісі. - Алматы: Өнер, 1990. – 148 б.
4. Атантаев Қ.С. Ұлттық дәстүр тынысы // Дидар. - 1989. -15 қаңтар.
5. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы: Казахстан, 1998. – 184 с.
6. Қазіргі Қазақстан өнерінің даму үрдістері // Ғылыми практикалық конференция материалдары.

– Алматы: ҚазӨМЗИ, 2002. - 307 б.

7. Шакинова Э. Художественное освоение мира // Кочевники: Эстетика. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 62-93

8. Вишняков А., Ли К.В. Қазақстандағы бейнелеу өнері. XX ғасыр. Изобразительное искусство Казахстана /қазақ тіліне аударған Базарбаев Д.Т. – Алматы: Атамұра, 2001. - 331.

9. Мастера изобразительных искусств Казахстана. – Алматы: Өнер, 1986.- 215 с.

10. Шипанов. А.С. Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілер. – Алматы: Мектеп, 1989. – 170 б.

11. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. - Алма-Ата: Жалын, 1979. – Ч. 1. – 175 с.

12. Кант И. Критика способности суждения //Кант И. Сочинения в 6 томах.— М.: Мысль, 1966.564 ст.

13. Әуезов М. Мәдениет һәм ұлт //Әуезов М. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энцик, 1997. – 512

14. Ницше Ф. Трагедияның музыка рухынан туындауы //Әлемдік философиялық мұра.. Классикалық емес философия. - Алматы: Жазушы, 2007. - Т. 13. - 485 б.

15. Каган М.С. О происхождении искусства. – Л.: Художник, 1961. – 160 с.

**ЖИЕНБАЕВА САЙРА НАГАШИБАЕВНА,**  
п.ғ.д., профессор,  
ҚазҰлтҚызПУ

**ИСАБАЕВА ЖАҢЫЛСЫН НАГАШИБАЕВНА,**  
аға оқытушы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОНИТОРИНГТЕУДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

**Түйін.** Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды құқықтық тәрбие беру барысын педагогикалық мониторингтеу мәселесі қарастырылады. Автор мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық мониторингтеудің мәнін ашады. Мектепке дейінгі балалардың құқықтық тәрбиелілігін педагогикалық мониторингтеудің функциясын жүйелейді. Оны жүзеге асырудың кезеңдері талқыланады.

**Түйінді сөздер:** құқықтық тәрбие, мониторинг, педагогикалық мониторинг, мектепке дейінгі бала.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема педагогического мониторинга процесса правового воспитания дошкольников. Автор раскрывает сущность педагогического мониторинга в дошкольных организациях. Систематизированы функции педагогического мониторинга правового воспитания дошкольников. Рекомендуются этапы его реализации.

**Ключевые слова:** правовое воспитание, мониторинг, педагогический мониторинг, дошкольный возраст.

**Summary.** The article deals with the problem of pedagogical monitoring of the process of legal education of preschoolers. The author reveals the essence of pedagogical monitoring in preschool organizations. The functions of pedagogical monitoring of legal education of preschoolers are systematized. The stages of its implementation are recommended below.

**Key words:** legal education, monitoring, pedagogical monitoring, preschool age.

### КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта педагогика бірінші кезекте тәрбиеленушілердің жеке мінездемелерін есепке алуға бағытталған, жаңа ұғымдар мен терминдерді зерделеуге әкеп соқтырған көптеген инновациялық педагогикалық технологиялардың пайда болуы міндетті тәрбиелеу мен оқытудағы даралануды қарастыра отырып, табиғаттылық принциптерінде құрылады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «2018 жылы халықаралық және қазақстандық тәжірибені ескере отырып, балалардың қауіпсіздігін, қолайлы жағдайлары мен әл-ауқатын жүйелі мониторингілеу, проблемаларды уақтылы анықтау және шешімдерді жедел қабылдау үшін көрсеткіштер жүйесі мен Балалардың әл-ауқатының индексі әзірленді. Бұл индекс барлық өмірлік маңызды салаларды қамтиды: материалдық әл-ауқат, денсаулық, білім беру, қауіпсіздік және тәуекелдер, әлеуметтендіру» делінген [adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988]. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық тәрбиесінің нәтижесін педагогикалық мониторинг жүргізудің маңызы зор.

«Мониторинг» термині өндірістік-экономикалық және медициналық саладан алынған, ол дегеніміз қандай да бір объектіні және бақылау, нормалардан ауытқуды жүйелі түрде бақылау дегенді білдіреді [Қазақстан Ұлттық энциклопедия 2006, 125 б.]. Мониторинг — бұл модельдеу, болжау және тиісті шешім қабылдау мақсатында объектілердің жай-күйі туралы қорытындылар-

ды бақылау, өлшеу және олардың негізінде тұжырымдау деген ойды қолдаймыз (О. Касьянова).

Қазіргі психологиялық және педагогикалық зерттеулерде педагогикалық мониторинг проблемасына (Абрамовских, А.С. Белкин, В.Г. Горб, В.А. Кальней, О. Касьянова, Л.П. Качалова, О. Коберник, Г.А. Карпова, В.Г. Попов, С.А. Равичев, С.Н. Силина, С.Е. Шишов) көп көңіл бөлінеді. Педагогикалық мониторинг ұғымдарда ғылыми еңбектерде жеткілікті. Бірақ талдай келе, А.С. Белкин, А.М. Кукуев берген анықтамаларын қолдаймыз. Педагогикалық мониторинг - ұйымдастыру, жинау, сақтау нысаны, педагогикалық жүйелерде ақпаратты өңдеу және тарату, олардың жағдайын үздіксіз бақылау. Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық жүйелерінің дамуын болжау мүмкіндігі (А.М. Кукуев, 2000, 13 б.). А.С. Белкин педагогикалық мониторингті процесс ретінде анықтады, үзіліссіз дәлелді, диагностикалық және болжамды бақылау, тапсырмаларды, құралдарды оңтайлы таңдау, шешу мақсатында педагогикалық үдерістің жағдайын, дамуын бақылаудың тұжырымдады [А.С. Белкин, 2010, 36 б.]. Келтірілген түсініктердің белгілі бір әртүрлілігі кезінде “мониторинг” түсінігімен анықталған елеулі әрекетке қатысты кейбір жалпылама жасауға болады. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі балалардың тәрбиелілігін және білім беру үдерісінің нәтижесін мониторингтеу мәселесі арнаулы зерттеуді қажет етеді. Себебі қазіргі балабақшаларда білім беру нәтижелерін мониторингтеу жүргізіліп келеді. 2018 жылы «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығының



басшылығымен «Мектеп жасына дейінгі балалардың білік және дағдыларының дамуын мониторингтеу» әдістемелік нұсқаулығы жарық көріп, бүгінге дейін мектепке дейінгі ұйым басшылыққа алып отыр [Мектепке дейінгі балалық шақ, 2018, 124 б.]. Сондықтан мектепке дейінгі балалардың тәрбиелік деңгейін педагогикалық мониторингтеу өзекті мәселе болып саналады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагогикалық мониторинг педагогика ғылымында тарихы кезеңдерде түрліше тұжырымдалған. В.Г. Горб зерттеуінде білім беру процесін бақылау үшін қолданылатын әдістерге тарихи-логикалық талдау жүргізіледі. Атап айтсақ, 20-30 жылдары педагогикада оқу мекемелерінде білім беру үрдісінің барысын қадағалау педология аясында әзірленген әдіснамалық негізде жүргізілгенін атап өтті. Оны өткізудің негізгі әдісі ретінде есепке алу болды, ол оқушылардың жеке басының дамуын үздіксіз бақылау процесін ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзін-өзі талдау және өзін-өзі түзету үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді [В.Г. Горб, 2000, 13 б.]. Одан әрі деологиялық факторлардың әсері нәтижесінде бұл әдіс бақылаумен ауыстырылды, оның өлшемдері мен өткізілуі белгілі бір әлеуметтік маңызды шешімдерге қол жеткізуді анықтауға бағытталған. Бұл педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін оқушылардың тұлғалық маңызды өмірлік бағдарынан шеттетуге әкелді.

1970-ші жылдары теориялық зерттеулер мен практикалық қызмет нәтижелерінің өзара іс-әрекет жасау қажеттілігі туралы мәселе тұрды. Осы кезеңде үздіксіз, ғылыми негізделген, диагностикалық-болжамдық бақылау ретінде педагогикалық мониторинг идеясы пайда болды деп санайды.

Оқытудың арнайы пәніне педагогикалық мониторингті бөлу педагогтың зерттеу қызметінің аспектісі ретінде оның маңыздылығымен ғана емес, сонымен қатар педагогикалық процесті басқарудағы рөлін анықтайды. В.П. Беспалько педагогикалық жүйені басқару үшін диагностикалық қойылған мақсаттар, сондай-ақ осы мақсаттарға жету сапасын объективті бақылау әдістемелері қажет екенін атап өтті. Осындай әдістеме ретінде білім беруді басқарудың сенімді құралдарының бірі болып табылады [В.П. Беспалько, 1996, 34 б.]. Осылайша, мониторинг зерттеулер мен зерттеулердің дәстүрлі әдістерін біртіндеп ығыстырады. Мониторинг жеке дербес бағытқа айналады. Мониторинг пайда болғаннан кейін зерттеу мен тексеруде жаңа ерекше қызмет ретінде мониторингтің әртүрлі түрлері пайда болады. Т.Д. Макарова педагогикалық қызметтің ішкі және сыртқы мониторингін анықтайды [Т.Д. Макарова, 1998, 60 б.].

Сыртқы мониторинг нәтижелерді зерделеуді, сондай-ақ тәуелсіз комиссиялардың құру процесінің жағдайларын талдау мен бағалауды көздейді. Оны жүргізу үшін жоғары сапа деңгейіне жауап беретін әдістемелер қажет. Ішкі мониторинг білім беру үдерісіне бағытталған. Ішкі

мониторингтің негізгі құралдары өзін-өзі талдау, сауалнама жүргізу, талқылау, педагогикалық кеңес болып табылады. А.А. Орлов өзінің зерттеуінде, ең алдымен адам қызметінің саласымен байланысты мониторингтің бірнеше басқа түрлерін атап көрсетеді: медициналық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, инновациялық [А.А. Орлов 1996, 10 б.].

Тәрбие мониторингі – тәрбие-білім беру үрдісінің түрлі қырларын қадағалау. Байланыс жүйесі, білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының сипаты ескеріледі. Әлеуметтік-психологиялық мониторинг-ұжымдық, топтық, жеке қарым-қатынас жүйесін, ұжымның, топтардың психологиялық атмосферасының сипатын бақылау.

Педагогикалық мониторингтің кез келген түрі жалпы құралға ие, оған:

- координаттар жүйесі,
- қажетті ақпаратты жинау, деректер банкі,
- арнайы бағдарламалар,
- объектіні дамытудың әртүрлі жобалары (модельдері);

- процесті оңтайлы түзету үшін қажетті өзге де шарттарды бақылау.

А.С. Белкиннің пікірінше, мониторингтің сипаттамасы оның көпфункционалдығы болып табылады деп санайды, осыған байланысты білім беру процесінің негізгі функциялары: бағдарлы, конструктивтік, ұйымдастырушылық-іс-әрекет, түзету, бағалау-болжамдық [А.С. Белкин, 2010, 17 б.]. Осылайша, жеке процестің сипаты мен жағдайын, осы процесті қамтамасыз ететін педагогикалық қатынастардың сапалық сипатын қадағалау қажет. Білім беру жүйесі жұмысының тиімділігі мақсатында педагогикалық мониторингті әзірлеу және қолдану мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау оның аса өзекті екенін көрсетеді. Алайда, мектеп жасына қатысты осы проблеманың әртүрлі аспектілері зерттелген, бірақ оны мектепке дейінгі ұйымда қолдануды зерттеліп келеді.

Н.В. Абрамовский «балалардың мектепке танымдық дайындығының педагогикалық мониторингі» мәселесі бойынша мектепке дейінгі ұйымның жұмысына педагогикалық мониторинг енгізуді ұсынады [Н.В. Абрамовский, 1996, 48 б.]. Ол мектепке балалардың танымдық дайындығын дамытуға бағытталған мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесін құруда педагогикалық мониторинг функциясын атап көрсетті: ақпараттық, мәдениеттанулық, қалыптастырушы, коррекциялық, жүйе құрушы, осы функциялар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың мектепке танымдық дайындығын тәрбиелеу сапасын арттыру, оқу және тәрбие қызметін басқаруға ғылыми көзқарасты қамтамасыз ету мақсаттарына бағынды. Педагогикалық мониторингті тәрбиелеу-білім беру мекемелерінің жұмысына енгізу келесі кезеңдерден тұрады: нормативтік-орнату, аналитикалық-диагностикалық, болжамдық, түзету-технологиялық, аралық-диагностикалық, іс-әрекет-технологиялық, қорытынды-диагностикалық.

Барлық аталған зерттеулер бізге мониторингтің әр түрлі түрлері, оның функционалдық мүм-

кіндіктері, адам білімінің әр түрлі салаларында қолдану технологиялары туралы түсінік береді. Біз құқықтық тәрбие процесін ұйымдастыруға қабілетті неғұрлым өзекті әдіс пен құрал білім беру процесінде оң және теріс тенденцияларды қадағалауға ықпал ететін құрал болып табылады деп есептейміз. Бұл оң әсерді күшейтуге және оған теріс әсерді жеңуге көмектеседі. Мұндай құрал педагогикалық мониторинг болып табылады. Ғылыми жұмыста жоғарыда аталған авторлардың зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, педагогикалық мониторинг технологиясын пайдалану көзделеді.

Педагогикалық мониторингті процесс ретінде қарастырып, біз өз алдына құқықтық тәрбие жүйесіндегі педагогикалық мониторингтің технологиялық моделіне құрылымдық-функционалдық талдау жүргізу міндетін қойып, оның негізгі технологиялық кезеңдерінің мазмұнын қарастырдық. Біздің пікірімізше педагогикалық мониторинг мектепке дейінгі жастағы балалардың құқықтық тәрбиесінің диагностикалық-болжамдық циклі мәселелерінде мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби біліктілігін орнықтырады. Педагогикалық мониторинг педагогтың зерттеу қызметінің негізі бола отырып, педагогикалық процесс компоненттерінің жағдайын тануға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымның құқықтық тәрбие үрдісін құрудағы педагогикалық мониторингтің негізгі функциялары, біздің ойымызша, мынадай болады:

Бірінші функцияны шартты түрде *дайындық* ретінде белгілейміз, оның мәні алынған ақпаратты зерттеу нәтижелері білім беру процесінің субъектілеріне тиімді құруға көмектесті, педагогикалық деңгейді арттыруға көмектесетін тәрбие процесі жаңа түзету технологияларын, балалармен жұмыс істеу формалары мен әдістерін меңгеру есебінен тәрбиешілердің мәдениеті.

Екінші функция *диагностикалық* ретінде анықталады. Мониторинг тәрбие жүйесін дамытуды жүйелі түрде жүргізу тәсілі болып табылады. Осы үдерістің жай күйі мен дамуы туралы салыстырмалы ақпарат талдау және болжау, тәрбие және білім беру жүйесін дамыту үшін қажет. Процестің жай-күйін анықтау құқықтық тәрбие және онда болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды құқықтық тәрбиелеудің әртүрлі компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Келесі функция – *түзету*. Мониторингтік бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, педагог әрбір бала үшін оның мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке тұлғаның әдістері мен тәсілдерін таңдай алады. Білім беру қызметі барысында жеке тұлғаның дамуының оң және теріс факторлары пайда болуы мүмкін, бұл педагогтарға оңтайлы жағын қолдануға, теріс әсерді жөндеуге көмектеседі. Педагогикалық мониторингті енгізу педагогикалық процестен жекелеген балалардың тәрбиесіндегі кемшіліктердің мен ақаулардың алдын алуға ықпал етеді. Педагогикалық мониторинг қиын жағдайларды жояды және балалардағы құқықтық тәрбие процесін реттеуге ықпал етеді.

Төртінші функция – *болжамдық*. Педагогикалық өзара іс-әрекет процесінде алынған ақпарат дамудың тиімділігін айқындауға, ал тиісті түзетулер енгізуге ықпал етеді, оны жетілдіруге және құқықтық тәрбие деңгейін арттыруға мүмкіндік жасайды. Бұл жаңа мақсаттар мен міндеттерді қою, ұзақ қызмет жоспарларын, оларды іске асыру тетіктерін айқындау базасы болып табылады. Осылайша, педагогикалық қызметтің бір бөлігі ретінде педагогикалық мониторингті орындайтын барлық функциялар мектепке дейінгі балалардың құқықтық тәрбиелеу процесінің сапасын арттыру, тәрбие қызметін басқаруға ғылыми көзқарасты қамтамасыз ету мақсатына бағынады. Педагогикалық мониторингті тәрбиелеу-білім беру мекемелерінің жұмыс кезеңдері бойынша жүргізіледі, олардың сипаттамасы көптеген ғалымдардың (Н.В. Абрамовских, А.С. Белкин, В.Г. Горб, Г.А. Карпова, С.А. Равичева, С.Н. Силина және т.б.) зерттеулерде берілген :

1. Бейімдеу-орнату
2. Бастапқы-диагностикалық
3. Жоспарлы-колледждің даму бағдарламасының таралуының ұйымдастыру
4. Мазмұнды-технологиялық
5. Аралық-диагностикалық
6. Түзету-қызмет көрсету
7. Қорытынды-диагностикалық.

Бұл кезеңдер өзара байланысты және педагогикалық мониторингтің бірыңғай циклы болып табылады.

Педагогтің іс-әрекет тақырыбынан осы компоненттердің кез келгенінің түсуі немесе педагогикалық мониторингті бағалаусыз және сапасыз етеді, немесе барлық жүйені бұзады. Біз ұсынған технология бойынша педагогикалық мониторинг негізінде педагогтік үдеріске қатысушы қызметінің нормативтік-іздеу моделі орналасқан.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, мектепке дейінгі балаларды құқықтық тәрбиелігін педагогикалық мониторингтеудің функциялары (*дайындық, диагностикалық, түзету, болжау*), кезеңдері (*бейімдеу және орнату, бастапқы диагностика, жоспарлау және диагностикалық, мазмұнды-технологиялық, аралық диагностика, түзетуші-белсенді, қорытынды диагностика*) деп тұдырымдаймыз. Бұлар өз кезегінде тәрбиешілердің балалардың дамуын мониторингтеуде негізгі басшылыққа алынады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды құқықтық тәрбиелеу процесінің педагогикалық мониторингін іске асыру технологиясы бірқатар дәйекті кезеңдерден тұрады: *бейімделу-орнату, бастапқы-диагностикалық, жоспарлы-болжамдық, мазмұнды-технологиялық, аралық-диагностикалық, түзету-іс-әрекет, қорытынды-диагностикалық және әрбір балада құқықтық тәрбиенің бөлінген компоненттерінің біртіндеп, жоспарлы дамуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық мониторинг көмегімен құқықтық тәрбиенің ерекшеліктерін қадағалау процесі осы үдерістің оң және теріс жақтарын көруге және тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.*

**ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Абрамовских Н.В. Педагогический мониторинг воспитания познавательной готовности старших дошкольников к обучению в школе: Дисс. ... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 1999. 183с.
2. Беспалько В.П. Мониторинг качества обучения - средство управления образованием //Мир образования. – М., 1996, № 2. – С. 31-38.
3. Белкин А.С, Жукова Н.К. Педагогический мониторинг образовательного процесса (учебно-методические материалы) - Екатеринбург, 1998. – 73 с.
4. Горб В.Г. Педагогический мониторинг образовательного процесса высших учебных заведений. Дисс.... канд. пед. наук. - Екатеринбург: 1997.
5. Кукуев А.И. Педагогический мониторинг как функциональный инструмент управления учебно-воспитательным процессом. – М.: Завуч, 2000. С. 13.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988)
7. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. – 704 б.
8. Методические рекомендации по мониторингу развития умений и навыков у детей дошкольного возраста. – Астана, 2018 - 115 стр.
9. Макарова Т.Д. Тестирование в системе мониторинга качества образования //Стандарты и мониторинг в образовании, 1998, № 1. С. 60-61.
10. Орлов А.А. Мониторинг инновационных процессов в образовании //Педагогика. — 1996. — № 3. — С. 9–14.

**ЖОЛМАГАНБЕТОВА МАРЖАН АМАНБАЕВНА,**  
3 курс докоранты  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**МУСИНА АЙТЖАМАЛ СЛЯМХАНОВНА,**  
тех.ғ.д., профессор  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**УСМАНОВ СУЛТАН УСМАНОВИЧ**  
тех.ғ.д., профессор  
Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты

## ТОПЫРАҚТАҒЫ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРГЕ МИНЕРАЛЬДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ФИТОПРЕПАРАТТАР АЛУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**Аңдатпа:** Мақалада топырақтағы микробиологиялық процестер және оған тыңайтқыштардың әсері туралы айтылады. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығын сапалы өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында микро-макроэлементтермен фитоқосылыс негізінде топыраққа жан-жақты пайдалы әсер ететін биопрепараттар алу қажеттілігі айтылады.

**Кілт сөздер:** өсімдік, тыңайтқыш, азот, фосфор, микроорганизмдер, фитоқосылыс, топырақ, фитопрепарат, өнім.

**Аннотация:** В статье описаны микробиологические процессы в почве и влияние на нее удобрений. Кроме того, чтобы обеспечить растениеводство качественной продукцией, необходимо получать благоприятно влияющие на почву биопрепараты на основе фитохимикатов с микромакронутриентами.

**Ключевые слова:** растение, удобрение, азот, фосфор, микроорганизмы, фитонутриенты, почва, фитопрепарат, продукт.

**Annotation:** The article describes the microbiological processes in the soil and the effect of fertilizers on it. In addition, in order to provide crop production with quality products, it is necessary to obtain biopreparations that have a beneficial effect on the soil on the basis of phytochemicals with micro-macronutrients.

**Keywords:** plant, fertilizer, nitrogen, phosphorus, microorganisms, phytonutrients, soil, phytopreparation, product.

Өсімдіктердің және микроорганизмдердің дамуына және топырақтағы өтіп жататын әртүрлі химиялық, биохимиялық процестердің жылдамдығы мен бағыттарына топырақ реакциясы үлкен әсер етеді.

Қоректік заттардың өсімдіктермен сіңірілуі, топырақ микроорганизмдерінің әрекеті, органикалық заттардың минералдануы, топырақ минералдарының ыдырауы және қиын еритін қосылыстардың еруі, коллоидтардың коагуляция мен пептизациясы және басқа физикалық-химиялық процестер топырақ реакциясына тікелей байланысты. Ол, сонымен қатар, топыраққа енгізілетін тыңайтқыштардың тиімділігіне әсер етеді. Тыңайтқыштар өз жағынан топырақ ерітіндісінің реакциясын өзгерте алады. Тыңайтқыш қолдана отырып адам заттардың биологиялық айналымына белсенді араласып, өз мақсатында бағыт беріп, реттейді. Органикалық минерал тыңайтқыштар қосумен қатар соңғы жылдары бактериялық тыңайтқыштарда қолданыс табууда. Бактериялар массасын топыраққа араластырып микробиологиялық процестерді күшейтуге және химиялық элементтердің сіңімділігін көтеруге қол жеткізіледі. Мысалы, фосфорбактерин орга-

никалық заттарды ыдыратып, фосфорды сіңімді фосфор түріне айналдырды, т.б.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын қалыпты өсіру үшін макроэлементтер мөлшері ғана емес, сирек кездесетін және бытырап орналасқан химиялық элементтер құрамы да маңызды [1]. Шаруашылық алқаптарындағы топырақтың гумусының сақталуына, өсімдіктердің азотты және фосфорлы қоректенуіне топырақ микроорганизмдерінің санына әсер етеді.

Өсімдіктердің резосферасының маңындағы топырақтың 1 граммында 16 млрд. микроорганизмдер, яғни саңырауқұлақтар, балдырлар және қарапайымдардың түрлері кездеседі. Олар топырақ ағзаларымен бірлесе 1 га. жерде 2,5-10 тоннаға дейін жалпы биомассаны құрайды.

Макро-және микроорганизмдер жасушаларында азот-12% дейін; фосфор пентаоксиді - 3%; калий диоксиді - 2,2% болады.

Микрофитобиогенератордың топырақ микроорганизмдеріндегі каталитикалық әсеріне байланысты төмендегілерге қол жеткізуге болады: топырақ типінің жағдайларына байланысты микроорганизмдер жыл бойы 1 га топыраққа



30-дан 300 кг-ға дейін азот жинай алады; 10 млн. га алаңда бұл 0,3-3 млн. тонна, аммиак селитрасына қайта есептегенде 0,882-8,820 млн. тоннаны құрайды [2].

Суперфосфат дозасын 120 кг/ га (14-20 кг/га  $P_2O_5$ ) дейін арттырған кезде микроорганизмдер саны мен тамырлы өсімдіктер бөлетін ферменттердің белсенділігі артады, сонымен қатар топырақ құнарлылығын көбейтуге қабілетті зоналық қара топыраққа ұқсас микробтық бірлестіктер түзіледі [3].

Суперфосфат дозасының жоғарылауы (6 ц/га-дан жоғары) микробтық ценоздардың олигонитрофильді микроорганизмдер мен педотрофтар позицияларының күшеюіне, фосфат мобилизациялайтын бактериялар санының азаюына, сондай-ақ топырақта қоректену элементтерінің тапшылығының күшеюіне әкелуі мүмкін.

Азот-фосфор тыңайтқыштарын химиялық мелиоранттармен бірге қолдану тиімділігі олардың микробиологиялық процестерге оң әсерін беріп, өсірілетін дақылдардың өнімділігін 2-2,5 есе арттырады.

J.P.Thompson азот бактериясының өсуі мен топырақтағы фосфор мөлшері арасында сызықтық байланыс орнатты, ал азот бактериясының максималды өсуінің жартысына жеткен фосфор

концентрациясы бидайдың фосфор тыңайтқыштарын қолдану, сондай-ақ топырақта суда еритін фосфордың құрамымен тығыз байланыстылығы бар екенін зерттеулерінде атап кетті [4].

Дамыған елдерде кез-келген өнімді экологиялық таза өнімдер санатына жатқызуға мүмкіндік беретін нақты критерийлер бар.

Экологиялық таза өнімдерде пестицидтер, гербицидтер және пестицидтер мен жасанды тыңайтқыштар қолданылмаған, жасанды консерванттар, бояғыштар мен хош иістер жоқ өнімдер болып табылады. Экологиялық таза өнімдерін алуда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің әлемдік практикасына сүйене отырып микробиопрепараттар қарқынды енгізу бүгінгі күннің талабы.

Жаһандық мәселелерді шешу үшін өсімдік шаруашылығы өндірісінде минералды тыңайтқыштар мен пестицидтермен қатар топырақ микроорганизмдеріне антагонист болып табылмайтын және қолайсыз ауа-райына төзімді өсімдік тектес биологиялық өнімдерді кеңінен пайдалану қажет деп санаймыз. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 1-кестеде егіншілік жүйесіне және өзіндік құны төмен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жоғары және сапалы өнім алуына әсер ететін факторлар келтірілген [5].

Кесте-1. Өнімділік факторлары, олардың құны және өтелімділігі

Факторы	Дақылдың шығыны, %	Топырақ құнар-лылығына фак-торлардың әсері, %	Өнімнің түсіміне факторлардың әсері, %		шығындардың өтелімділігі
			суармалы	богарной	
Замануи техника	70	20	20	30	4-6 жыл
Тұқымдық материалдың сапасы	15	15	10	10	2 жыл
Тыңайтқыш	6	15	15	5	40- 300 % бір жылда
Өсімдіктерді қорғайтын заттар	7	0	20	20	250- 400 % бір жылда
Микротыңайтқыштар, биопрепараттар	2	50	35	35	500- 2000 % бір жылда

Ауыл шаруашылығы алқаптарындағы топырақтың гумусының сақталуын, өсімдіктердің азотты және фосфорлы қоректенуімен тыңайтқыштардың азотты шығынын азайтуды қамтамасыз ететін топырақ микроорганизмдерінің санына әсер ету механизміне фитопрепараттар шығару негізделеді.

Фитопрепараттар арқылы топырақ микроорганизмдеріндегі каталитикалық әсеріне байланысты төмендегілерге қол жеткізуге болады:

-өсімдік қалдықтарының ыдырауын қамтамасыз ететін микроорганизмдер санын 1,5-3 есеге көбейтіп, жаңа гумустың қалыптасуын;

- азотты бактериялардың санын 1,2-4,0 есе; минералды азот бойынша өсетін микроорга-

низмдер мен бейорганикалық азотты органикалық түрге өтуін 1,25-4,1 есе арттыру.

Бұл (аммоний нитратының жалпы нормасы - 600 кг / га микрофитобиоидтерді қоспағанда) қосымша өсімдіктерді 30-50% азот пен фосфор пентоксидімен, топырақтың гумусын 1,5-2 тоннаға / га арттыруға мүмкіндік береді; - oligotrophic микроорганизмдер санының төмендеуі, минералды гумустың 1.05-3.1 есе, аммонитті агенттер, топырақтың нитрат азотын 1,12-2,6 есе азайтып, аммиак азотын нитраттарға 1,14-3,7 рет, denitrifiers, топырақтың nitrate азот ыдырау - 1,3-7 рет. Бұл стандарттармен салыстырғанда тыңайтқыштар азотының тиімділігін 20-30% -ға және топырақ азотының 15-30 кг / га жоғалуын азайтады [5].

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Усманов С., Идрисов Д.А., Исекешев А.О. Восстановление плодородия почв, защита и питание растений. Стратегическая политика ТОО Агропромышленный концерн «Сункар» в решении проблем. – Алматы, 2003. – 404 стр.
2. Кочетков В. В., Дубейковский А.Н., Боронин А. М. Ризосферные псевдомонады для защиты растений от фитопатогенов // Новые направления в биотехнологий. – Пущино. – 1990.-с. 36-37.
3. Каменщикова В. И. Влияние фосфорных удобрений на биологическую активность засоленных почв лесостепного Зауралья. Геогр. Аспекты прогр. СССР, Пермь. -1990. С. 143-150.
4. Thompson J.P. Bioassay of phosphorus deficiency in Queensland Wheat soils by the Azotbacter plaque method// Queensland J. Agr. and Anim Sci.- 1988. – Vol.45.-№1. – P.35-44
5. Усманов С. Биопрепараты и биоудобрения, плодородие почв, урожай. – Алматы, 2006. 222 с.

**ЖИЕНБАЕВА САЙРА НАГАШИБАЕВНА,**п.ғ.д., профессор,  
ҚазҰлтҚызПУ**НАБУОВА РОЗА АБДРАХМАНОВНА,**п.ғ.к., қауымдасқан профессор м.а.,  
ҚазҰлтҚызПУ

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Түйін.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық әрекетінің өзектілігі қарастырылады. Автор бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық әрекетін дидактикалық ойын арқылы қалыптастырудың тиімділігін тұжырымдайды. Кіші мектеп жасындағы балалардың оқу әрекетіндегі психологиялық ерешелігі талданады. Кіші мектеп жасындағы балаларға арналған дидактикалық ойынның түрін жүйелейді.

**Түйінді сөздер:** бастауыш сынып оқушысы, оқу-танымдық әрекет, дидактикалық ойын, тиімді

**Аннотация.** В статье рассматривается актуальность учебно-познавательной деятельности младших школьников. Авторы доказывают эффективность формирования учебно-познавательной активности младших школьников через дидактические игры. Проанализированы психологические особенности процесса обучения младших школьников. Систематизирует дидактические игры для младших школьников.

**Ключевые слова:** младший школьник, учебно-познавательная деятельность, дидактическая игра, результативность.

**Summary.** The article examines the relevance of educational and cognitive activities of younger students. The authors prove the effectiveness of the formation of educational and cognitive activity of younger students through didactic games. It analyzes the psychological characteristics of the learning process of primary schoolchildren and puts on systemic order didactic games for younger students.

**Key words:** junior schoolchild, educational and cognitive activity, didactic game, efficiency.

### КІРІСПЕ

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық әрекетін және белсенділігін дамыту мәселелері қазіргі кезде өзекті болып отыр. Педагогика мен психологиядағы көптеген зерттеулер осы тақырып төңірегінде арналған. Себебі оқыту - бұл мектеп оқушыларының жетекші іс-әрекеті, оның барысында мектептің жас ұрпақты өмірге, ғылыми-техникалық және қоғамдық процеске белсенді қатысуға дайындау міндеттері шешіледі.

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылға дейінгі білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасында белгіленген орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі: «...Жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енуде, ол өңірдің, мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді» осы арқылы балалардың оқу-танымдық әрекетін дамытудың тиімді әдістерін қарастыруды талап етеді. Бұл Отанымыздың келешекте дамуымен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдері сапына қосылуымен, қазіргі бастауыш мектеп оқушыларының білім дәрежесімен, сыни ойлауы, креативті ойлай алу және командада жұмыс істей алу қабілеттерімен сабақтаса орайласады. Осыған орай, бастауыш мектептен бастап оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ойын арқылы ұйымдастырудың маңызы зор.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқу-танымдық іс-әрекеттің әдіснамалық негізін зерттеуде бізге оқу-танымдық іс-әрекеттің түрлерін анықтау маңызды мәселе екендігі белгілі. Біздің қарастырып отырған жас кезеңіміз 6-11 жас. Бұл жас кезеңі тұлғаның интеллектуалдық даму кезеңіне сай келеді және ол оқу-танымдық іс-әрекет барысында қалыптасады. Бұдан осы іс-әрекетті меңгеруде кеткен олқылықтардан оқушының интеллектуалдық деңгейі төмендейді деп тұжырымдаймыз. Өйткені, тұлғаның интеллектуалдық сапалары оқу-танымдық іс-әрекетті меңгеру деңгейімен тікелей байланысты.

Кіші мектеп жасы өмірдің 6 жастан 11 жасқа дейінгі кезеңін (1-4 сыныптар) қамтиды және баланың өміріндегі маңызды жағдаймен – оның мектепке қабылдануымен анықталады. Бұл жасты балалық шақтың «шыңы» деп атайды. «Осы уақытта баланың денесінің қарқынды биологиялық дамуы жүреді» [Менчинская Н, 1998, 99 б.]. Мектепке бару - бұл баланың өміріндегі мұндай оқиға, онда оның мінез-құлқын анықтайтын екі мотив міндетті түрде қайшылыққа түседі: тілек мотиві («мен қалаймын») және міндеттілік мотиві («мен керек»). Егер тілек мотиві әрдайым баланың өзінен шығатын болса, онда міндеттілік мотивін көбіне ересектер бастамашылық етеді. Сондықтан біз мынаны қорытындылай аламыз: бастауыш мектеп жасындағы баланың басым қажеттіліктері - бұл әлеуметтік қатынастардың

субъектісі ретінде әлеуметтік белсенділік пен өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттіліктер. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, алғашқы төрт жылдық мектепте жеке тұлғаның көптеген қасиеттері қалыптасады және бала әлеуметтік қатынастардың толыққанды қатысушысы болады.

Г.Е. Алимухамбетованың зерттеуінде оқу-танымдық әрекетке оқушылардың дайындығын сапаға жеткізу жолы, тұлғаның динамикалық сипатын қамтамасыз етеді, тұтас сапа ретінде қарастырып, білім, білік, қатынас жиынтығы деп тұжырымдайды [Г.Е. Алимухамбетова, 1994, 38 б.].

Оқу-танымдық іс-әрекеттің ерекшелігі – оқушының ол үшін жаңа білім, білік және дағдысын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы. Меңгерілген білімнің сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Бұл, біздің пікірімізше, пәннің оқу-танымдық іс-әрекеттің әртүрлі түрінен айырмашылығын анықтайды. Бұл бақылау, оның үдеріске ешқандай араласпай-ақ танылатын сыртқы белгілері, таным нысанының қасиеті болуы мүмкін. Оқу-танымдық іс-әрекеттің пәні нысанның жетекші қасиеттері, үдеріске араласып барып, таным нысандарына ену негізінде меңгерілетін үдерістің заңдылықтары болуы мүмкін. Бұл эксперимент оқу құралдарында, оқу-танымал әдебиетте жарияланған ерекше ақпараттық жағдай да болуы мүмкін. Оқу-танымдық іс-әрекеттің тағы бір пәні ерекше байланыстар және білім жүйесінің қарым-қатынастары болып табылады. Бұл жүйелеу және т.с.с. Әрбір пәнді меңгеруде бірнеше аспектілер ерекшеленеді: ақпараттық – ақпаратты меңгеру; іс-әрекеттік - іс-әрекет тәсілдерін меңгеру; тұлғалық- танылатын заттың тұлғалық мәнін саналы түсіну. Оқу-танымдық іс-әрекет түрлерінің пәнінің басқа нұсқаларын да атауға болады (мысалы, тапсырманы, мәселені шешу). Бірақ жоғарыда аталған жағдайлар осы іс-әрекеттің жеке түрлерінің негізгі сипаты өте маңызды болып табылады, сондай-ақ: - біріншіден, оқыту үдерісінде олармен жұмыс жасауға, оларды меңгеруде көп уақыт беріледі; - екіншіден, олар нақтылықты тануға бірнеше мүмкіндіктер береді; - үшіншіден, олар арқылы меңгеру оқушылардың іс-әрекеттің басқа түрлерін меңгеруін жылдамдатуға мүмкіндік жасайды.

Осылайша, оқу пәндерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттің негізгі түрлері бақылау, эксперимент, кітаппен жұмыс, білімді жүйелеу және т.б. болып табылады. Бұл іс-әрекет түрлерінің пәні бір бірінен ажыратылмаған. Бұдан, оқу-танымдық іс-әрекеттің түрлері өзара байланысты. Бұл өзара байланыстың объективті негізі біздің барлық жағдайда нақтылық туралы объективті білім алуымыз болып табылады. Осылардың ішінде диактикалық ойынның оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруда орны ерекше.

Ойын - бұл балалар іс-әрекетінің түрлерінің бірі, мектеп жасына дейінгі балалар мен кіші мектеп оқушыларына білім беру, оларды заттармен, қарым-қатынас тәсілдері мен құралдарымен әр түрлі іс-әрекеттерді үйрету мақсатында қолданады. Ойында бала тұлға ретінде дамиды, ол психиканың сол жақтарын дамытады, оған

оның оқу және еңбек қызметінің, адамдармен қарым-қатынасының сәттілігі тәуелді болады.

С.Л. Рубинштейн «адам ойыны - бұл іс-әрекет, ол арқылы адам шындықты өзгертеді және әлемді өзгертеді. Адам ойынының мәні - шындықты көрсету және түрлендіру қабілетінде ... Ойында баланың әлемге әсер ету қажеттілігі алғаш рет қалыптасады және көрінеді - бұл ойынның басты, орталық және жалпы мағынасы » деп ойынның балалар үшін құндылығын психологиялық тұрғыда түсіндіреді [С.Л. Рубинштейн, 2005, 186 б.].

Мектеп кезеңінде ойын мейлінше дамыған формада өтеді. Баланың бұл әрекеті әр түрлі саладағы ғалымдар - философтар, әлеуметтанушылар, биологтар, өнертанушылар, этнографтар, әсіресе мұғалімдер мен психологтардың қызығушылығын тудырады.

Даму психологиясында ойын дәстүрлі түрде баланың психикалық дамуында шешуші рөл алады. Л.С. Выготский ойынды «бала дамуының тоғызыншы толқыны» деп атайды. «Дәл ойында баланың жеке басының барлық жақтары бірлікте және өзара әрекеттестікте қалыптасады, дәл осы жағдайда баланың психикасында дамудың жаңа, жоғары сатысына өтуге дайындық кезінде елеулі өзгерістер орын алады» [Л.С. Выготский, 1997, 28 б.].

Б.Г. Ананьев ойын – «адам өмірінің барлық дәуірлері» қамтылған, өзінің даму тарихы бар қызметтің ерекше түрі деп тұжырымдаған [Б.Г. Ананьев, 2002, 201 б.]. Бастауыш мектеп оқушыларының ойыны ерекше әлеуметтік-педагогикалық феномен жағынан жеткіліксіз зерттелген. Кейбір зерттеушілер ойынды ықыласпен оқуға және қоғамдық жұмыспен белсенді шұғылдандуға міндетті оқушы үшін болмашы қосымша қызмет деп қараған. Ал басқалары балалардың қоғамдық ұйымдары аймағында өзіндік инициативасынан және еркін қуаныштан айрылғандарға арналған қандай да бір формальды процедура ретінде түсінді. Сонда ойын іс-әрекетінде бала қарым-қатынас, еңбек және таным субъектісі бола алады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарын жинаушы этнограф Ә. Диваев өзінің “Қырғыз балаларының ойыны” еңбегінде қазақтардың бала тәрбиелеудегі өзіндік ерекшеліктерін айта келе, ойын түрлерін үш топқа бөліп қарастырған (сәбилер ойыны, бозбалалар ойыны, жігіттер ойыны)”- деп, баланың сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қиялының жүйріктігі мен қоршаған ортаны танып білуге деген талпынысын баса көрсеткен.

Сонымен, ойын балалар тәрбиесінде екі бағытта қолданылады: жан-жақты үйлесімді даму үшін және тар дидактикалық мақсаттарда. Ойын - баланың іс-әрекетінің қажетті формасы. Ойын - бұл баланың қабілеттерінің барлық түрлері дамиды ауыр психикалық іс-әрекет, онда қоршаған әлем туралы идеялар шеңбері кеңейіп, байиды, сөйлеу тілі дамиды. Дидактикалық ойын баланың әртүрлі қабілеттерін, оның қабылдауын, сөйлеуін, зейінін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мұғалімдер дайын мазмұн мен ережелермен көптеген ойындар жасап жатыр. Ережелері бар ойындар баланың жеке басының белгілі бір сапаларын қалыптастыруға және да-



мытуға арналған. Мектепке дейінгі педагогикада дайын мазмұны мен ережелері бар ойындарды дидактикалық, мобильді және музыкалық деп бөлу әдетке айналған. Дайын мазмұны мен ережелері бар барлық ойындар үшін келесі ерекшеліктер тән: ойын әрекеттері арқылы жүзеге асырылатын (шешілетін) ойын тұжырымдамасының немесе ойын проблемасының болуы. Ойын тұжырымдамасы (немесе тапсырма) және ойын әрекеттері ойынның мазмұнын құрайды; ойыншылардың әрекеттері мен қатынастары ережелермен реттеледі; ережелер мен дайын мазмұнның болуы балаларға ойынды өз бетінше ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойындар арасында сөздің дұрыс мағынасындағы ойындар және ойын-әрекеттер, ойын-жаттығулар бар. Дидактикалық ойын ойын тұжырымдамасының немесе ойын тапсырмасының болуымен сипатталады. Ережелер - дидактикалық ойынның маңызды элементі. Ережелерді сақтау ойын мазмұнының орындалуын қамтамасыз етеді. Ережелердің болуы ойын әрекеттерін жүзеге асыруға және ойын мәселесін шешуге көмектеседі. Осылайша, бала ойында жоқ жерден біледі.

Дидактикалық ойында ережеге бағыну қабілеті қалыптасады, өйткені ойынның сәттілігі ережелерді сақтау дәлдігіне байланысты. Нәтижесінде ойындар ерікті тәртіп пен ұйымшылдықтың қалыптасуына әсер етеді.

Сонымен қатар сөз ойындарының қатарына түрлі ұлттық ойын-жырлар мен жаңылтпаштар да жатады. Осындай ойын жырларының бірі - санамақ. Бұл ойын жыры негізінен оң-солын әлі толық танымаған бір-үш жастағы сәбилерге арналып айтылған. Түрлі ойындарда әкімнің атқарар қызметін, орнын, рөлін, кімнің ойынға кіріп, кімнің ойыннан шығатынын, кімнің басқаратынын белгілеу үшін балалар арасында арнайы қаламақ тақпақтар айтылады. Балалардың ойын жырлары мен ойындарынан аздап өзгеше-леу тұратын, бірақ іс жүзінде ойынның қызметін атқаратын тағы бірер ұлттық құндылықтарға жаңылтпаштарды жатқызуға болады. Жаңылтпаштар — бала тілін ширатудың қолайлы түрі, оның дүниетанымдық, тәрбиелік мәні зор, ол қазақ халқының тұрмыс қарекетінің түрлі салаларын, танымдық көзқарасын, наным-сенімін, әдет-ғұрпын сипаттайды. Олар күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоғалтқан емес, керісінше әрі қарай даму үстінде. Мысалы, “Ұстап қара қарындашын, ұстап қарындашын, ұсынды қарындашын қарындасым” деген бүгінгі мектеп құралдарының бірше арналған жаңылтпаш бұған дәлел бола алады.

М. Жұмабаев балалар фантазиясының табиғатына ерекше көңіл қойып, оны өркендетудегі ертегі, ойындар мен ойын материалдарының рөліне тоқтала келе, балалардың тілдесуі, сөйлесуі топтық ойындар арқылы көрінетіндігін айтып, тілдің адам өміріндегі маңызына дәйекті талдау жасайды. “Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көртіп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы біресе құйындай екпінді қайраты, біресе тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінездері көрініп тұр” деп тілдің ұлттық мәнін дәйекті мәнермен береді

[М. Жұмабаев, 1992, 115 б.]

Қазақтың ұлттық ойындарын жіктеген Т.Ж. Бекботчаева, Е. Сағындықов, М. Тұрыскелдина, А.К. Айтпаева, Г.М. Қасымованың атап өтуге болады [Тұрыскелдина М.Т., 1996, 24 б.]. Бірақ бұл ойындар ұлттық құндылықтарға негізделген. Сонымен, ойын балалар тәрбиесінде екі бағытта қолданылады: жан-жақты үйлесімді даму үшін және тар дидактикалық мақсаттарда. Ойын - баланың іс-әрекетінің қажетті формасы. Ойын - бұл баланың қабілеттерінің барлық түрлері дамиды, ауыр психикалық іс-әрекет, онда қоршаған әлем туралы идеялар шеңбері кеңейіп, байиды, сөйлеу тілі дамиды. Дидактикалық ойын баланың әртүрлі қабілеттерін, оның қабылдауын, сөйлеуін, зейінін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мұғалімдер дайын мазмұн мен ережелермен көптеген ойындар жасап жатыр. Ережелері бар ойындар баланың жеке басының белгілі бір сапаларын қалыптастыруға және дамытуға арналған. Мектепке дейінгі педагогикада дайын мазмұны мен ережелері бар ойындарды дидактикалық, мобильді және музыкалық деп бөлу әдетке айналған.

Дайын мазмұны мен ережелері бар барлық ойындар үшін келесі ерекшеліктер тән: ойын әрекеттері арқылы жүзеге асырылатын (шешілетін) ойын тұжырымдамасының немесе ойын проблемасының болуы. Ойын тұжырымдамасы (немесе тапсырма) және ойын әрекеттері ойынның мазмұнын құрайды; ойыншылардың әрекеттері мен қатынастары ережелермен реттеледі; ережелер мен дайын мазмұнның болуы балаларға ойынды өз бетінше ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойындар арасында сөздің дұрыс мағынасындағы ойындар және ойын-әрекеттер, ойын-жаттығулар бар. Дидактикалық ойын ойын тұжырымдамасының немесе ойын тапсырмасының болуымен сипатталады. Ережелер - дидактикалық ойынның маңызды элементі. Ережелерді сақтау ойын мазмұнының орындалуын қамтамасыз етеді. Ережелердің болуы ойын әрекеттерін жүзеге асыруға және ойын мәселесін шешуге көмектеседі. Осылайша, бала ойында жоқ жерден біледі.

Дидактикалық ойында ережеге бағыну қабілеті қалыптасады, өйткені ойынның сәттілігі ережелерді сақтау дәлдігіне байланысты. Нәтижесінде ойындар ерікті тәртіп пен ұйымшылдықтың қалыптасуына әсер етеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Дидактикалық ойындар бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетіне ын-тасын, қызығушылығын арттыру, білімді меңгеру, бекіту, материалды қайталау мақсатында қолданылады. Оқу материалын меңгеруге дайындауда қолданылатын дидактикалық ойындар жаңа материалды қабылдауды белсенді етеді. Бұл кезеңде білімді әлі берілмегендіктен, оны жаңғырта алмайды, сондықтан репродуктивті ойыннан басқасы пайдаланылады. Дидактикалық ойындар жаңа материалды бекіту мақсатында оқу үдерісіне енгізіледі, жаңаны түсінуін нақтылайды

және көсетеді, үй тапсырмасын дайындауға көңіл аударады. Мұндай жағдайда дидактикалық ойындардың міндеттері оқу материалын ішнара меңгеруге негізделеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда *қайталауға бағытталған дидактикалық ойындар* бұрын меңгерген білімдерін жаңа жағдайға қолдануға итермелеп, ақпарат көздерін талап етеді. Дидактикалық ойынға тұлғалық және іс-әрекеттік тұғырмен келетін болсақ, бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін белсенді етіп дамытушылық сипат алады.

Дидактикалық ойын мынандай компоненттерден тұрады: Оқу міндеттері; Дидактикалық

ойын ережелері; оқу-танымдық әрекетін белсенді ететін түрткісі; білімді меңгеруге бағытталған дидактикалық ойын міндеттерін шешетін үдерістер; қорытынды кезеңі. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық танымдық іс-әрекетін білімсізден білімге, білімнен ізденуге, ізденуден шығармашылыққа ұмтылысын қалыптастыруда дидактикалық ойындар жүйесінің маңызы зор. Дидактикалық ойынның жүйесін құруда өзіндік ішкі мәні болатынын көреміз. Бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінде дидактикалық ойынның жәй және күрделі түрлеріне қарай қолдануы тиіс.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988)
2. Менчинская Н.А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребёнка. /Н.А.Менчинская. – М.: Институт практической психологии, 1998. – 448 с.
3. Алимхамбетова Г.Е. Теория педагогического процесса как основа формирования готовности школьников к познавательной деятельности. Алматы: Ғылым, 1994. - 131 с.
4. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии /С.Л.Рубинштейн. – СПб.: Питер, 2005. – 738 с.
5. Выготский Л.С. Лекции по психологии /Л.С.Выготский. – СПб.1997. -225 с
6. Ананьев Б. Г. Человек как предмет познания. /Б.Г.Ананьев. – СПб.: Питер, 2002. – 288 с.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 215 б.
8. Тұрыскелдина М.Т. Дене шынықтыру оқыту әдістемесі – Алматы: Атамұра, 1999, 128 б.



**ЖУБАНДЫКОВА АКГУЛ МУРЗАЛИЕВНА,**  
п.ғ.к., профессор м.а.,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті



**ЕРБОЛАТ АЙДАНА ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**  
1-ші курс магистранты,  
7М01303– Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері қарастырылған. Сонымен қатар педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге және мектептегі бағалау процесінің даму генезисіне; бес балдық бағалау жүйесі; оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерді бағалау; оқушының жетістіктерін бағалауға критериалды көзқарас; диагностика оқу процесінің және оның құрылымдық компоненттерінің ажырамас бөлігі ретінде: қажеттілік, белсенділік мотивтері, қызмет мақсаты, диагностика объектілері, операциялар, іс-әрекеттер, қызмет құралдары, қызмет нәтижесі жөнінде мәселелер сөз болған.

**Кілтті сөздер:** критералды бағалау, оқу жетістікері, үлгерім, кері байланыс, бақылау

**Аннотация.** В статье рассматриваются психолого-педагогические основы критериального оценивания учебных достижений учащихся. А также генезис развития процесса контроля и оценки в психолого-педагогической литературе и в школьной практике; пятибалльная система оценивания; оценивание результатов по уровню обучаемости учащихся; критериальный подход к оцениванию достижений учащихся; диагностика как составной компонент учебно-воспитательного процесса и ее структурные составляющие, такие как: потребность, мотивы деятельности, цель деятельности, объекты диагностики, операции-действия, средства деятельности, продукт деятельности.

**Ключевые слова:** критериальное оценивание, учебные достижения, успеваемость, обратная связь, контроль.

**Summary.** The article examines the psychological and pedagogical foundations of criteria-based assessment of educational achievements of students. As well as the genesis of the development of the monitoring and evaluation process in the psychological and pedagogical literature and in school practice; five-point grading system; assessment of results by the level of student learning; criteria-based approach to assessing student achievement; diagnostics as an integral component of the educational process and its structural components, such as: need, motives of activity, purpose of activity, objects of diagnostics, operations, actions, means of activity, product of activity.

**Key words:** criteria-based assessment, academic achievement, academic performance, feedback, control.

### КІРІСПЕ

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының басымы бағыттары оқушының білім, білік және дағдыларын дамытуға, өз бетінше білім беру мақсаттарын қою, оларды іске асыру жолдарын жобалау, бақылау қабілеттерін дамытуды көздейді [<http://adilet.zan.kz>].

Оқыту үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау болып табылады. Бағалау жүйесі мұғалім мен оқушының, мұғаліммен ата-ана арасындағы кері байланысты жүзеге асыруды және оқыту мәселелерін диагностикалаудың басты құралы.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұны-

на сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс. [Набуова Р.А., Жубандыкова А.М., 2019, 18 б.]

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу табыстылығына қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Күнделікті тәжірибеде бірқатар сұрақтармен біз жиі бетпе-бет кездесеміз: қандай оқушыны табысты деп санауға болады, оқушының оқу әрекеті табыстылығын қалай бағалауға болады?

Оның үстіне, қазіргі таңда «үлгерім» және «табысты оқыту» ұғымдарының орындарын ауыстыру пікірлері қаралуда. Біз бұл ұғымдардың салалас еместігіне терең сенімдіміз. Психоло-

гиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдаулар үлгерім жоспарланған оқу қызметінің нақты нәтижелеріне сәйкес түсіну дәрежесі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Оқыту табыстылығы аса құнды түсінік, ол мұғалімдермен, ата-аналармен баланың оқу қызметі нәтижелерін сыртқы бағалаудан, педагогтар тиімді пайдаланатын оқу мақсаттарына қол жеткізу тәсілдерінен және өте маңыздысы, оқушылардың оқу үдерісіне және олардың оқу-жаттығу нәтижелеріне қанағаттануынан құралады. Осылайша, оқыту үдерісінде өзінің қорқынышын, қиындығын, абыржуын, берекесіздігін жеңе білген оқушы табысты болады. Мұндай оқушы өзіне және өзінің қызметіне қанағаттанушылықты сезінеді.

Ал, керісінше, бақытсыз, мазасыз, нормативтік талаптармен және айналадағылардың өзіне үміт артуынан шаршап, қиналып жүрген оқу үздігі, біздің ойымызша, табыстылардың қатарына жатқызылуы мүмкін емес, себебі оқу оған қуаныш, қанағаттандыру әкелмейді, бұл түсінік табыстылығы. Өкінішке орай, әзірге табыстылықты бағалайтын әдістемелер жоқ, бірақ бірқатар талпыныстар бар. Шартты түрде барлық критерийлерді педагогикалық, психологиялық деп бөлуге болады.

Педагогикалық критерийлерге егжей-тегжейлі тоқтала кетсек. Оқушының мектеп ұсынған білім беру бағдарламаларын игеруге қабілеті. Өз білімін, білігі мен дағдысын көрсету қабілеті. Шын мәнінде, оқыту табыстылығының жанама көрсеткіші қорытынды бағалармен көрінетін мектеп пәндері бойынша олардың оқу үлгерімі болып табылады. Оның үстіне сабақтағы балл, бағаға емес, мұғалімнің көмегінсіз немесе ұжымдық талқылаусыз орындалған өзіндік және бақылау жұмыстары үшін алған бағаларға ерекше көңіл қою керек.

Оқыту негізіне адами қарым-қатынасты, субъектілік позициясын оқытудың белсенді іс-әрекеттік тәсілі ересек-баламен жұмыс деп есептейді. Бұл ретте, баланы табысты оқытудың негізгі критерийлері психологиялық жайлылық, санитарлық-гигиеналық және эмоциялық әсер, қозғалыс белсенділігі болып табылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесіне қатысты жүргізілген түрлі тәсілдерді талдау (А. Анастаси, М.Н. Скаткин, М.А. Чошанцев, Г. Харман, В.А. Якунин және т.б.) танымдық белсенділігі, дербестігі және креативтілігі ретінде табыстылықтың сапалық көрсеткіштерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

Е. Торренс пікірі бойынша, оқу қызметі үдерісіндегі креативтілік жеке оқушының кемшіліктерін, біліміндегі кемшіліктерді, жетіспейтін элементтерін, үйлесімсіздігін және т.б. әсерлі қабылдаумен көрінеді. Әртүрлі өзіндік жұмыстарына шығармашылық элементтерін қосу дәрежесі бойынша ақыл-ой дербестігі көріністерінің бірнеше түрлерін бөлуге болады: жаңғыртушы (үлгі

бойынша), реконструктивті, эвристикалық және зерттеушілік. Шығармашылық ақыл-ой дербестігі – тұлға және қызметтің субъектісі ретінде дербестік қасиетінің бұл бір ғана нақты көріністері. Дербестік оқу қызметінің басқа жақтарында да көрінеді, атап айтқанда, оны ұйымдастыру, дәлірек айтқанда, өзін-өзі ұйымдастыру. Өзін-өзі ұйымдастыру ретінде өзіндік танымдық қызметімен оқушылардың өзі ұйымдастыру тәсілі түсіндіріледі.

Танымдық белсенділік ынталандыруды білдірудің мінез-құлықтық нысаны ретінде қарастырылады, оның сыртқы процессуалдық жағы оның өзі жасайтын әрекеттер сипаттамаларының көрінісін көрсетеді. Танымдық дербестік оқу қиындықтарын еңсеру үдерісінде дербес шешімдерді қабылдау үшін қажет.

Ол өз бетімен ойлап табуға ұмтылысымен және алғырлығымен, білгірлігімен көрінеді, өзіндік пікір айтуына қарамастан алға қойған міндеттерін шешуде өз тәсілі бар, оқу ақпаратын түсінгісі және оны меңгеру тәсілдерін үйренгісі келеді. Кәсіби бағыттылық, оқу белсенділігі, ақыл-ой дербестігі, оқу үлгерімі мен оқу жетістігі – осы барлығы әр түрлі критерийлер нысаны бойынша сол немесе басқа педагогикалық жүйенің ішкі өлшемдеріне жатқызуға болады. Барлық педагогикалық жүйе бір-бірімен байланысты, сондықтан бір оқу орындарындағы жұмыстың сапасы мен нәтижесі басқа істердің жағдайында көрсетіледі, әсіресе бұл оқу мектептерінде сабақтас қатынаста орналасқан болса, жүзеге асары сөзсіз.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған зерттеулердің авторлары оқу әрекетінің табысты болуының әртүрлі аспектілерін, оқу қызметі табыстылығы дамуының әдіснамасын зерттеу мәселелерін қарастыра отырып, олардағы оқу әрекетінің табыстылық категорияларын көтермейді. Дегенмен, зерттеліп отырған мәселеге арналған ғылыми әзірлемелерде мектеп практикасына оқу әрекетінің табыстылығын бағалауды зерттеу мәселесіне өткір қажеттілік сезіледі. Педагогиканың категориялық аппаратында «қызмет табыстылығы» деген ғылыми негізделген ұғымның болмау фактісі мұғалімнің кәсіби қызмет нысанының жағдайына – тұтас педагогикалық үдеріске елеулі әсер етеді.

«Оқу іс-әрекетіндегі табыстылық» ұғымының мағынасын түсіну үшін оны келесідей категорияларға бөліп қарастыруға болады. Олар: «табыстылық», «іс-әрекет табыстылығы», «оқу әрекетінің табыстылығы», «танымдық әрекет табыстылығы». «Табыстылық» ұғымын түсіну үшін «табыс» ұғымына тоқталған жөн. Қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде «табыс» ұғымын әртүрлі аспектілерде қарастырады: психологиялық аспектіде: «табыс» дегеніміз қуаныш жағдайын сезіну, жеке басының күткен үмітпен, үміттерге (талап деңгейіне) сәйкес келетін нәтиже немесе оның асып түскен нәтижесінен қанағаттану;





әлеуметтік-психологиялық аспектіде: «табыс» басқалардың үміттері, тұлға және іс-әрекет нәтижесі арасындағы оңтайлы ара-қатынасы ретінде қарастырылады (егер адамның үміттері басқа адамдар күтуіне сәйкес келетін болса, адам үшін ең маңыздысы, табысқа жету туралы айтуға болады); педагогикалық аспектіде: «табыс» білім беру мен оқыту процесінде табысқа қол жеткізген адамға тән қасиет деп қарастырылады. Бұл баланың мектептегі жетістігі және мұғалімнің оқушыларды тәрбиелеудегі жетістіктері және ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі табысы болуы мүмкін.

Осылайша, «табыс» ұғымы тар және кең мағынада қарастырылуы мүмкін. Тар мағынасы адам үшін маңызы бар іс-әрекеттің нақты нәтижесін бағалауы болса, ал кең мағынада, табысқа жету адам өміріндегі жетістікке жетіп, өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға ұмтылу арқылы жетістікке жетуі.

С.И. Ожегов сөздігінде «табыс» ұғымына келесідей анықтамалар берілген:

- 1) қандайда бір жетістікке жетуге сәттілік;
- 2) қоғамның мойындауы;
- 3) қоғамдық мәнділік, жұмыстағы, оқу-танымдық іс-әрекеттегі жақсы нәтижелер және т.б. [С.И. Ожегов, 2006, 89 б.].

В.И. Дальдің сөздігінде «табыс» - қандай да бір іс-әрекеттегі бәсекелестік, сәттілік, сәтті қатынас, қажеттілікке жету – деген анықтама береді [Толковый словарь Даля, 1983. <https://ru.wikisource.org/wiki>]. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті оқу үрдісіне негізделі отырып дамиды. Яғни бұл іс-әрекеттер қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Олардың ішінде ең маңыздысы – мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас. Яғни, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің дамуы мұғалімнің оқытуына да байланысты болып келеді екен. Дидакт ғалымдар бұны педагогикалық жағдай деп, оқу-тәрбие үрдісі жағынан қарастырған.

Отандық ғалым Н. Кулмышева өз зерттеулерінде: «Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің ақыл-ой белсенділігі және оның өздігімен ізденіп оқуға мүмкіндік беретін әрекеті», - деп қарастырған [Н. Кулмышева, А. Рысбаева, 2010, 55 б.].

Ресейде «Мұғалімнің кәсіби табыстылығын» ХХ ғасырдың соңында жаңашыл педагогтар (Ш.А. Амонашвили, Т.И. Гончарова, Е.Н. Ильин, В.А. Караковский және т.б.) қарастырған. Олар мұғалімнің кәсіби табыстылығы – оқушы мен мұғалім арасындағы жағымды бірлескен іс-әрекет нәтижесі деп көрсетеді.

А.Қ. Рысбаеваның зерттеулерінде педагогика ғылымында «іс-әрекеттің табыстылығы» ертеден қалыптасқан категория екендігі және оның білім беру, оқыту, тәрбие, әлеуметтендіру, т.б. негізгі категориялармен тығыз байланыстылығын ашып көрсетеді. Ғалым педагог «іс-әрекеттің табыстылығы табысты оқыту мен тәрбиенің маңызды ішкі өлшемі, табыстылық ХХІ ғасырдағы педаго-

гика ғылымының басты категориясы болып табылады» - деп тұжырымдайды [А.Қ. Рысбаева, 2010, 40 б.].

Ғалымдардың берген анықтамалары мен ой-пікірлерін талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: «оқу-танымдық іс-әрекетіндегі табыстылық – оқу және таным үрдісін жетілдіру арқылы жеткен жетістік».

Білім берудің бағыты өз кезегінде білім берудің жаңа моделін және соған сәйкес білімдік технологияларды айқындайды. Жедел дамып отырған технологиялар заманында білім берудің басты ұстанымы «өмір бойы білім алу, адамның сапалық кәсіби және ғылыми дайындығы, өз бетінше іздене білуі және өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігі болуы қажет». Осыған орай Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытуда стратегиялық басымдықтар белгіленген. Қазақстандағы жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайымен сәйкес педагогтерге қатысты жүзеге асып жатқан реформалар біліктілікті арттыру мазмұны мен оқу процесін қазіргі андрогиканың теориялық талаптарына сай жасақтау қажеттілігімен, мұғалімдердің қабілеттері мен икемділіктеріне сәйкес ересектерді оқытудың жаңа формаларын қалыптастырумен сипатталады. Яғни қоғамның мектепке деген тапсырысы педагогтердің білім жетілдіруге деген қажеттіліктеріне трансформацияланды.

Нәтижесінде бүгінгі білім арттыру субъектілері педагогтерге көрсететін білім жетілдіру қызметтерін алдын-алуға жұмыстануда. Өйткені білім беру саласындағы реформаның сәтті жүруіне әсер ететін факторлардың бірі – оны жүзеге асыратын мұғалімдердің әлеуетіне, олардың енгізілгелі отырған жаңалықтың мәні мен идеясын қаншалықты түсінгендігіне, қабылдай алғандығына, практикада жүзеге асыруына байланысты. Әрине, қазіргі педагогтердің жаңартылған мазмұнды жүзеге асыру әрекеттерінің бірден оңай болмайтыны анық. Оны сәтті жүзеге асыруға, біріншіден мұғалімдердің өз ізденістерімен талпыныстары, екіншіден, оқушылардың білімін бағалаудың жаңа жүйесінің барлық тектіктерін оңтайлы қолдану икемділіктерінің қалыптасуы үшіншіден, мектептердегі және қала, аудан деңгейіндегі әдістемелік қызметтің жүйелі қолдауы төртіншіден, біліктілікті арттыру курстары жүргізетін тренерлердің бағдарлама мазмұнын сапалы меңгеруді ұйымдастыруы үлкен ықпал етеді.

Сондықтанда орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында педагогтар өздерінің кәсіби біліктіліктерін, функционалдық және технологиялық сауаттылықтарын, құзыреттіліктері мен жалпы мәдениеттерін арттыруға ынталы. Өйткені, жаңартылған білім беруге көшу білім берудің мазмұнын, оның базалық әдіснамалық негіздерін өзгертті. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын өзгерту білім мазмұнын

оның барлық деңгейлерінде – білім беруге деген жалпы тұрғылардан бастап, оны бағалау жүйесіне дейін жаңа мазмұнда даярлаумен өзектенді.

Оқытудағы және тұтас әлемдегі заманауи қарқынды дамуы кезеңінде, Қазақстан оқытудың дәстүрлі әдістерінің балалар әлеуетінің толық дамуы үшін жеткіліксіз болып отырған факті алдында тұр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде өмір бойы білім алуға, оқудың барлық деңгейінде сапалы білім алуға жол ашатын білім беру жүйесінің ұлттық моделінің дамуына барынша жағдай жасалғаны аталады. Бастауыш мектепке арналған жаңа стандарт дәстүрлі технологиядан жеке бағытталған сипаттағы оқытуды дамытатын технологияларға ауысуды талап етеді.

Осылайша, дәл осы бастауыш мектепте балалардың дамуын жалғастыру үшін іргелі база салынады. Оқытудың осы кезеңінде балаларды оқуға және сүйсініп оқуға, сыни, шығармашыл,

инновациялық және объективті ойлау негіздерін дамытуға үйретуі тиіс. Сондықтан бұл бағыт тұтас Қазақстандағы білім беру жүйесі үшін басым бағыттардың бірі болып саналады.

Білім беру жүйесі жаһандық білім беру жүйесіне пара-пар интеграциясы үшін кең мүмкіндіктерге ие. Отандық педагогикалық ойды ұғынуға, ашық қоғам жағдайында білім беру саласының және білімдегі интеграциялық үрдістердің келесі дамуына шетелдік тәжірибені талдау мен жинақтау ықпал етеді. Әлемдегі білімнің даму бетбұрыстарын түсіну үшін білім сапасының жоғары деңгейі халықаралық зерттеулермен расталып отырған елдердегі білімнің даму тәжірибесін зерттеу анағұрлым маңызды болып табылады. Білімнің жаңартылған мазмұнын және оқушылар жетістітерін критерийлік бағалауды іске асыру мен іс жүзінде орындалуы мүмкін болатын ұтымды шарттарды жобалау үшін әзірлеушілерге отандық және халықаралық тәжірибеде орын алып отырған ұқсас тәжірибеге жүгіну қажеттілігі туындады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, 2018// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
2. Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. Бағалаудың өлшемдік технологиялары. Оқу құралы / Алматы, 2019 – 260 б.
3. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений//4--е изд., доп. — М.: А ТЕМП, 2006. — 944 с. — ISBN 978-5-9900358-6-7.
4. Толковый словарь Даля (1-е издание). Часть 1. – М., 1983. <https://ru.wikisource.org/wiki>
5. Кулмышева Н.А., Рысбаева А.Қ., Педагогикалық үдеріс субъектілерінің оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын қалыптастыру шарттары. Арнайы курсы.- Алматы: 2010.- 42 б.
6. А.Қ. Рысбаева, Н.А. Кулмышева, А.Т. Исмаилова, Н.Ә. Түнғатова Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті табыстылығын интерактивті оқыту арқылы қалыптастыру: оқу-әдістемелік нұсқау / А.- Алматы: Қазақ университеті, 2010.- 24 б.

FTAMP 14.07.01

**ИМАНОВА ЭЛЬМИРА МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,**

а/ш.ф.к.,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**СЫРМАН САЛТАНАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

2-ші курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

imanovaelmira74@gmail.com

## СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ОҚУ СТИЛЬДЕРІНІҢ БАҒАЛАУДАҒЫ РӨЛІ

**Аңдатпа:** Қазіргі әлемде білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын елуден астам педагогикалық технология қолданылуда. Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, сынып тұрғыдан ойлау дағдылары мен оқу стилдеріндегі бағалаудың рөлі қарастырылды. Сынып ойлау рөлін анықтау Googl form тест қорытындысымен есептелінді.

**Түйін сөздер:** Сынып ойлау, зерттеушілік, оқу стилі, мәселе, фактор.

**Аннотация:** В современном мире используется более пятидесяти педагогических технологий, охватывающих направления и тенденции развития образования. На практике рассматривалась роль оценивания в использовании этих технологий, навыков критического мышления и стилей обучения. Определение роли критического мышления рассчитывалось с использованием результатов теста формы Google.

**Ключевые слова:** критическое мышление, исследование, стиль чтения, проблема, фактор.

**Annotation:** In the modern world, more than fifty pedagogical technologies are used, covering the directions and trends in the development of education. In practice, the role of assessment in the use of these technologies, critical thinking skills and learning styles was examined. The definition of the role of critical thinking was calculated using the results of the Googl form test.

**Key words:** critical thinking, research, reading style, problem, factor.

Қазіргі әлемге әртүрлі ойлау, зерттеу, мәселелерді шешу, сын тұрғысынан ойлау қабілеттері мен шығармашылық қабілеттерін қолдану және іске асыру сияқты әртүрлі қабілеттері мен құзіреттілігі жоғары тұлғалар қажет. Ал бұл күн санап өзгеріп отырған жағдайда мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілеттілігін жоғары бағалауға әкеледі. Сыни тұрғыдан ойлаудан басқа, оқу мәнерлері проблемаларды шешу процесінде маңызды рөл атқаратын тағы бір негізгі фактор олардың ізденушілігі мен зерттеушілігі болып табылады. Оқушылардың оқу стилі мен сыни тұрғыдан ойлауы мен олардың оқу үлгерімі арасындағы байланысты анықтауға келетін болсақ, олда сынып тұрғысынан ойлауды ашып көрсететін критериалды бағалауға бағытталған. Мұндай мектептердің жұмысы бүгінгі таңда заман сұранысын болашақ талаптарымен ұштастыра отырып, қазіргі жаһандану жағдайында жеке адамды қалыптастыруға, дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы сәтте критериалды бағалау оқушылардың зерттеушілік қабілеті мен оқу стилін бағалауда таптырмас құрал болып отыр [1].

Әлем бойынша оқушылардың білімін бағалау үшін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау терминін алғаш роберт юджин глейзер (1963) қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, оқушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл оқушы әрекетін алдын ала анық-

талған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзер критериалды стандарттағы бағалаудың басқа оқушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ, әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті. Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделген (бойл және чарльз, 2010). Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері). «критериалды бағалау» терминіне тоқталатын болсақ, алғаш рет роберт юджин глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды [2].

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс деп білеміз.

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші бола алатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қаты-

сушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген құнды процесс болғандықтан өз зерттеулерімізді биология сабақтарында осы бағалау түрін зерттеуге негіздедік.

Критериалды бағалау- оқушының оқу жетістігін бағалау. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр. Енді осы бағалауды қалайша қолданып келеміз. Бастапқыда кезеңде нақты түсіне алмағанымыз рас. Әйтсе де, сабақ жоспарын жоспарланған сәтте оны оқыту мақсатына сай жүзеге асыруға жұмыстана бастадық. Күнделікті құрылған сабақтарда қолданылған стратегиялар нәтижесінде оқушының оқу жетістігі мен оқыту үшін бағалауды қолдану мүмкіндігіне жеттік. Бұл — сабақта күтілетін нәтижеге бағыттайтын баспалдақ болып табылады [3]. Бірақ әлдеде болса санаулы мектептерде ғана іске асырылып отырғаны мәлім. 2019 жылдан бастап біз зерттеу жүргізіп отырған мектеп толықтай *kyndelik.kz* жүйесі арқылы жұмыс жүргізіп критериалды бағалауға толықтай көшті десек болады. Осыған дейін отанымызда 5-7-8-9-11 сыныптар өтіп сынақтана даярланды. Критериалды бағалау жүйесі бастапқы кезеңдерде назарбаев зияткерлік мектептерінде енгізілді. Оның негізгі ерекшеліктеріне тоқталайық: — зияткерлік мектептердің тағы бір ерекшелігі — бағалау жүйесі жалпы білім беретін мектептердегі бағалаудан бөлек. Әлемде білім беру ісінің нәтижесін саралайтын өзіндік тәжірибе қалыптасқан. Бұл ретте оқушының қаншалықты білім алғанымен қатар, сол алған білімді пайдалана ала ма, жоқ па деген сұрақ маңызды рөл атқарады. Ал еліміздегі жалпы білім беретін мектептерде оқушының жетістіктері оның құрбы-құрдастарының нәтижелерімен салыстыруға байланысты бағаланады. Критериалды бағалау әрбір оқушының оқудағы жеке траекториясын анықтау үшін қажет. Назарбаев зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымы жаңа жүйені әзірлеп, қолданысқа енгізу үшін кембридж университетінің емтихан кеңесімен (*cie*, ұлыбритания), пенсильвания штатының университетімен (*crepp*, ақш), педагогикалық өлшемдер институтымен (*cito*, нидерланды) және тағы басқа жоғары оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынас жасады. 2011 жылдың 1 қыркүйегінде оқу жоспарының 12 пәні бойынша критериалды бағалауды енгізу жөнінде тәжірибе басталды. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі — алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы, анық, айқындылығы, бағаның әділдігі, баланың өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі. Бұл тәсіл баланың күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды. Негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді. Қателіктерден сабақ алуды үйретеді. Әр пәннің әр тапсырмасының бірнеше критерийі бар. Мысалы, математика пәнінен берілген тапсырма туралы айтайық. Бірінші критерий бойынша баланың формуланы білетіндігі тексеріледі. Екінші критерий — формуланы пайдалана алтындығын анықтайды. Үшінші критерий — осы формула арқылы графикті қалай сызатындығын білу үшін керек. Төртінші критерий нәтижесінде баланың осы формула арқылы талдау жасай алатындығы тексеріледі. Осы 4 кри-

терий бойынша балл қойылады. Балл шкаласы бағаға ауыстырылады. Еліміз компьютерді толық меңгеру, ғаламторда жұмыс істеу бойынша сингапурдан 20 жыл кейін қалған. Біз 10 жылда сингапурға қуып жетеміз деп жоспарлап отырмыз. Ал критериалды бағалау жүйесінен англиядан 40 жылға кейін қалғанбыз. Әлем елдері критериалды жүйеге әлдеқашан көшіп кетті.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты — мектепте білім беру сапасын көтеру, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру. Оқушылардың оқу жетістіктерін әділ және шынайы бағалау жүйесі, білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады. Осы уақытқа дейін білім мен білікті тексерудің түрлі әдістері қолданылып келді [4]. Алайда тарихи даму процесінде бағалаудың түрлері мен тәсілдері, бақылау-өлшем іс-шаралары, оның мазмұны, оқушыларға әсері, ынталандыру элементтері және басқа факторлар өзгеріп отырды. Қазіргі уақытта білім беру процесінің жүйелі болуы керек екеніне ешкім күмән келтірмейді, олай болмаған жағдайда оның нәтижелігі төмендейді. Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс бағыттай отырып қана оқушылардың бірін-бірі толықтырып отыратын қайшылықсыз педагогикалық әсерге қол жеткізуге болады. Онымен қоса, осы процесс аясындағы әр әрекет мақсатты бағытталған, яғни белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған және соған жетуге жетелейтін болуы керек. Білім беруге қойылған талаптардың қарапайымдылығына қарамастан, оларды толықтай жүзеге асыру қиындығы жоғары объективті және субъективті себептерге келіп тіреледі. Сол арада, бірыңғай оқыту-тәрбиелеу кеңістігіндегі нақты оқу орнының аясында, оқушы тұлғаның болған жағдайда қалыптастыру міндеті өте өзекті болып табылады.

Магистрлік жұмысты орындау оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда олардың зерттеушілік қабілетін сынай ойлау арқылы бағалануда критериалды тәсілін қолдану негізінде белгілі бір оқу пәнін дамытудың пәндік, мета-пәндік және жеке нәтижелерін бағалау ерекшеліктерін зерделеуді және белгілеуді талап етеді. Оқытудағы бұл тәсілдің әдіснамалық негізі - батыс монополия және ресей ойшылдарының еңбектерінде келтіріген. М. Монтаннен шыққан педагогиканың гуманистік идеяларына сәйкес белсенді және өзін-өзі ұйымдастыратын оқушы оқу үрдісінің ортасында активті оқыту стилін дамыту керек және мұғалімнің оқушының оқу іс-әрекетіндегі серіктестік пен ынтымақтастықты жүзеге асырушы [5]. Оқушылардың оқу үлгерімі мектеп жазбаларымен анықталды. Құралдардың жарамдылығы мазмұнның жарамдылығы тұрғысынан анықталды, ал сенімділік ішкі консистенция әдістері арқылы алынды. Білім алуға ұмтылатын шәкіртке жол көрсету, оқуға қызығушылығын ояту, сабақта оқушыны ізденіске бағыттау, оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру. Оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындау, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асуы, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен ерекшеле-




неді. Оқушының қызығушылығын арттырады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, терең білім алуға жағдай жасап қана қоймай, коммуникативтік қатынасын қалыптастырады, оқушыны ізденіске

жетелейді.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сыни ойлауды дамыту технологиясы құрылымы 3 кезеңнен тұрады:

### Қызығушылықты ояту; $\leq$ Мағына тану; $\leq$ Ой-толғаныс.



Сыни ойлау сауалнамасы үшін Google form қолданылып анықталды (сурет-1). Сурет-1. Сыни ойлау қабілеттіліктерін анықтау медианасы

жалпы сынай ойлау қабілеттіліктерін анықтауға 10 сұрақ даярланып 35 оқушы қатысты. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Меррит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген

мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Стильдер әртүрлі режимдерді сақтау және өңдеу кезінде адамның ми қабілеттілігінің үстемдігіне байланысты өзінің оқу және ойлау стиліндегі ақпаратты игеруін анықтайды. Бұл зерттеу оқу үлгерімі мен орта мектептегі оқу-ойлау стилі арасындағы айырмашылықтың маңызы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтауға тырысты. Зерттеу тек 10-сынып оқушыларымен шектелген. Орта мектеп оқушыларының оқу жетістіктері мен оқу-ойлау стилі арасында байланыс барма әлде жоқ па. Зерттеуді жүргізу үшін нормативтік зерттеу әдісі қолданылды. Зерттеуге арналған оқушылар әр түрлі бағыттағы орта сынып оқушыларын

қамтиды. Орташа және Пирсон өнімі моментінің корреляциясы ('r') нәтижені талдауға және түсіндіруге көмектескен статистикалық әдіс. Жиналған деректер гипотеза негізінде талданып, түсіндірілді [6]. Оқу-ойлау стилі орта мектеп оқушыларының оқу жетістіктері бір-бірімен жағымды және

айтарлықтай байланысты екендігі анықталды. Оқу үлгерімі жоғары болуы сабақ беру үшін мұғалім даярлығы жақсы нәтиже және оқу жетістігі деп айтуға болады. Орта мектеп оқушыларының оқу процесі-ойлау стиліне әсер ететін фактор.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Zohre Ghazivakili,<sup>1</sup> Roohangiz Norouzi Nia,<sup>2</sup> Faride Panahi,<sup>3</sup> Mehrdad karimi,<sup>4</sup> hayede gholsorkhi,<sup>5</sup> and zarrin ahmadi<sup>6</sup> the role of critical thinking skills and learning styles of university students in their academic performance. *J adv med educ prof.* 2014 jul; 2(3): 95–102.

2. Аушева И.У, Шаримова А.Г, Ғабдоллақызы Б, Байкенова Б.А. 3 басылым. Әлімов А. Қ. Интербелсенді оқыту әдістерін мектепте қолдану – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 ж.

3. Карманова К.М. «Қалыптастырушы бағалаудың оқуға ықпалы» Қазақстан Мектебі журналы, №9 2011., 24 б.

4. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, педагогикалық шеберлік орталығы. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz).

5. Косиков, Г. К. Последний гуманист, или Подвижная жизнь истины // Монтень М. Опыты. Избранные главы / Составление, вступительная статья Г. К. Косикова. – М.: Издательство «Правда», 1991. – С. 6-32.

6. Sharma p. A study of learning-thinking style of secondary school students in relation to their academic achievement. *International journal on new trends in education and their implications.* 2011;2(4):115–23.

**ИСАЕВА Л.Т.**

Арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының бағдарлама көшбасшысы,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы,  
isaevalaura007@gmail.com

**КАСЫМЖАНОВА Г.Н.**

3-ші курс PhD докторанты  
6D010200 –Дефектология мамандығы  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
аға оқытушысы  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қаласы,  
gulnar2701@mail.ru

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АТА-АНАНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

**Аңдатпа.** Мақалада, инклюзивті білім беру жүйесінің ерекшелігі мен қазіргі жағдайы, бұл жүйеде білім алатын ерекше қажеттілігі бар балалардың түрлері мен даму мәселелері және сол инклюзивті білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамға толыққанды еніп, қажеттілігін қанағаттандыру негізінде ата-ана немесе отбасының орны мен рөлін анықтадық.

**Кілт сөздер:** білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім беру, отбасы, ата-ана.

**Аннотация.** В статье мы определили специфику и современное состояние инклюзивного образования, типы и проблемы развития детей с особыми образовательными потребностями в этой системе, а также место и роль родителей или семей в удовлетворении потребностей детей с особыми потребностями в инклюзивном образовании.

**Ключевые слова:** дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, семья, родители.

**Abstract.** In the article, we identified the specifics and current state of inclusive education, the types and problems of development of children with special educational needs in this system, as well as the place and role of parents or families in meeting the needs of children with special needs in inclusive education.

**Key words:** children with special needs, inclusive education, family, parents.

Көрсетілген тақырыпқа тікелей ауыспас бұрын, мемлекеттік білім беру жүйесінде кейбір маңызды аспектілеріне тоқталсақ, білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар өздерінің әдеттегі құрдастарымен бірдей дәрежеде оқу процесіне қатысуы керек. Бұл үрдісті - инклюзивті білім беру деп атаймыз.

Инклюзивті білім беру - сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесінің бірі болып табылады. Бұл балалардың дене, психикалық, ақыл-ой, мәдени және этникалық, сондай ақ тілдік және басқа да көптеген ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосу, алдында кездесетін кедергілерді жою, сапалы білім алуы үшін олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне және қоршаған ортаға кірігуін міндеттейді.

Инклюзивті білім беру тек мектеп жасындағы балаларға ғана қатысты емес, сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігін ескере отырып, ең бірінші мүмкіндігін арттыруға бағытталған әрекет жасау және қосымша әлеуметтенуін кіші жастан бастап қолға ала отырып,

дамыту болып табылады.

Әрине, инклюзивті білім жүйесі бар жерде негізгі рөлдегі субъектінің құрылымын, түрін, тобын және байланыс жасау жолдарын ажырата отырып, оң нәтиже беруін қадағалау керек. Бірінші субъект ол – білім алуда ерекше қажеттілігі бар бала.

Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалардың топтастырылуын И.Г.Елисеева, А.К.Ерсарина елімізде үшке бөліп қарастырған және жалпы білім беру мектептерінде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету бойынша алғашқы әдістемелік нұсқаулықты екі тілде ұсынған [1, 11 бет]. Сол әдістемелік нұсқаулықтың және зерттеулердің, дәлелдердің негізінде:

*1-топ.* Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылымдары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылымдары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

*2-топ.* Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар. Зияты қалыпты балалардың ерекше қиындықтары жеке оқу дағдыларын меңгеруде

байқалады: оқу, жазу және санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.). Бұл қиындықтар уақытша сипатқа ие және оны балаларға мамандардың тиісті көмегімен жоюға болады. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар ерекше психологиялық факторлардан (отбасында тәрбиенің бұзылуы, ата-ана мен баланың және отбасы ішілік қатынастың бұзылуы), сонымен қатар дамуындағы ерекше проблемалардың болуынан (гипербелсенділік және толыққанды көңіл бөлмеуден, аутистикалық бұзылыстар спекторы және т.б.) құрдастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасаудағы әртүрлі қиындықтардан (енжарлық, тұйықтық немесе жанжалдық, тіл алмаушылық, агрессивтілік) пайда болуы мүмкін.

*3-топ.* Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған нашар отбасынан шыққан немесе бала тәрбиесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі [1, 12 бет].

Бұл топтағы балалармен жұмыс жасау, білім беру және әлеуметтік қоршаған ортаға бейімдеу үрдісі ата-ананың қатысуымен, қолдауымен тиімдірек болатындығын зерттеулер көрсеткен. Бірақ қазіргі таңда жалпы білім беретін мектепте жас мамандар отбасы мен ата-ананы кіріктіруді жиі қолданбайтындығын көрудеміз. Сондықтан да, мқаламыздың тақырыбын өзекті деп алып отырмыз.

Қазіргі қоғамдағы инклюзияның қарқынды дамуы ата-аналарды инклюзивті білім беру тәжірибесіне қосудың жаңа жолдарын іздеуді қажет етеді. Мқаланың мақсаты - ата-аналарды ерекше білімді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептің өміріне тарту, белсенді араластыру мәселелерін ғылыми негіздеу. Ата-аналар мен қоғамды араластыру жаңа тұжырымдама емес. Шын мәнінде, ұсынылған тәсілдердің көпшілігі мамандарға таныс және олардың кейбіреулері қолданыстағы бағдарламалар мен тәжірибелердің бөлігі ретінде танылуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының қолдауымен ұйымдастырылған «Мектеп, балаларға достастықпен қарайды» сияқты бағдарламалардың бар екендігін және ата-аналар мен қоғамды араластыруға, байланыстыруға арналған платформалар көптеген жылдар бойы тиімді болып келетіндігін білеміз. Мұндай инклюзивті білім беру жүйесіндегі тәжірибе қазірдің өзінде заңдастырылған көптеген өңірлер мен елдерде, облыста жаңа бастамалардың дамуына ықпал

ете алады [2, 30 бет].

Білім алуда қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде мұғалімдер мен ата-аналар әрқашан өзара әрекеттесуі керек. Сонымен қатар, бұл жерде ата-ананың рөлі өте маңызды. Сондықтан мектеп олармен сенімді байланыс жүйесін, ал кейбір жағдайларда ата-аналардың өздерін тәрбиелеуі керек. Өйткені, олар бүкіл инклюзивті үрдістің ең маңызды буыны болып табылады. Ата-ана - бұл бала әлеуметтен бастайды.

Білім алуда қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар қандай мәселелерге тап болады:

- ✓ Қарым-қатынастағы шектеу
- ✓ Гипер-күтім
- ✓ Ата-аналардың балалармен жақын байланыстан бас тартуы
- ✓ Ата-аналарға баланы тәрбиелеу үшін қажетті білім мен дағды жетіспейді
- ✓ Баламен өзара әрекеттесудің конструктивті емес формаларын қолдану
- ✓ Жауапкершіліктен қорқу
- ✓ Ғажайыпқа сену
- ✓ Ауру баланың тууын бір нәрсе үшін жаза ретінде қарастыру
- ✓ Туылғаннан кейін отбасылық қатынастардың бұзылуы ын жақын орта және тығыз өзара әрекеттесу пайдасына тағы бір дәлел [3, 34-35 бет].

Жұмыстың міндеттері:

- Білім алуда қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған мектептің отбасымен жауапты өзара тәуелді қатынастар орнату.
- Оқушылардың отбасыларына өзара түсіністік, мүдделер бірлестігі, эмоционалды қолдау атмосферасын құру.
- Білім алуда қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту саласындағы ата-аналардың педагогикалық шеберліктерін жандандыру және байыту.
- Оқушылардың отбасыларына білім беру және даму мәселелерінде білікті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Білім алуда қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен жұмыс істеу қағидалары мен тәсілдері

1. Балаларға, ата-аналарға жеке тұлғаға бағытталған көзқарас, мұнда баланың, отбасының жеке ерекшеліктері ескеріледі; жайлы, қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету.
  2. Адамгершілік және жеке - балаға, жанұяның әрбір мүшесіне деген жан-жақты құрмет пен сүйіспеншілік, оларға деген сенім.
  3. Күрделілік қағидасы - психологиялық көмек тек кешенді, педагог-психологтың мұғалім-дефектологпен, тәрбиешімен тығыз байланысты қарастырылуы, көшбасшы, ата-ана.
  4. Қол жетімділік принципі [4, 6 бет].
- Мұндай мәселелерді шешудің бір түрі мек-



тепте өзара әрекеттесу формаларын қолдану - ата-аналармен үнемі кездесулер. Олар жеке де, жалпы да болуы мүмкін. Бірақ ата-аналардың әрқайсысы келіп психологпен және ресурстық орталықтың мамандармен, сынып жетекшісі болмаса басқа пән мұғалімдерімен сөйлесе алатын уақытты ескерген жөн. Неліктен жеке әңгімелер қажет? Куәгерлердің алдында талқылауға болмайтын кейбір тақырыптар болады. Атап айтқанда, диагностика мәселелері, түзетуді қажет ететін баланың жағымсыз мінез-құлқы ерекшеліктері және т.с.с. Мұндай кездесулерде мұғалімдер сыныптағы жұмысы туралы, баланың инклюзивті үрдіске қатысуы туралы, бала немен және қаншалықты нәтижелі айналысатыны туралы, жеке және жалпы сабақтар, оның жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы әңгімелеседі. Ата-аналармен бірге инклюзивті білім берудің барлық қатысушылары үйде және мектепте қолданылатын мотивациялық ынталандырулар таңдалады.

Тәрбиешілер немесе қазіргі кезде мамандардың жаңа топтастырылуы бойынша «тьютор», «ассистент» мамандары ата-аналарға үйде балаларымен бірге тапсырмаларды орындауға басшылық бере алады және оқу процесінде қолдануға болады. Бұл балаларға шеберлікті жалпылауға және материалды бекітуге мүмкіндік береді. Мұнда ересектер баласымен мағыналы өзара әрекеттесіп қана қоймай, онымен қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдерін, тәсілдері мен формаларын меңгереді.

Сондай-ақ, көбінесе балаға көмек пен шақырулардың мөлшерін түзетіп, сол арқылы оған мерзімінен бұрын және негізсіз көмекке ұмтылудың алдын алу қажет.

Кейбір жағдайларда сабақтардың бейнежазбаларын қараған жөн, әсіресе даулы мәселелер туындаған кезде. Мысалы, мектепте бала бұл немесе басқа дағдыларды көрсетпейді, ал ата-аналар бұл шеберлік үйде сәтті көрсете алады дейді. Үйде және мектепте екі бейнені бірге көргенде оның себебін анықтауға болады. Мысалы, балаға шеберлікті жалпылау қиынға соғуы мүмкін, содан кейін мұғалімдердің міндеті осы жалпылауға жету. Бірақ ата-ананың өзі байқамай ұлына немесе қызына кеңестер береді, бірақ мұғалім мен тьютор-ассистент оны қабылдамайды. Содан кейін, әрине, үйде баланың қолынан келеді де, ал мектепте керісінше болады.

Ата-аналардың белсенді қатысуы мектептегі білім берудің алғашқы кезеңдерінде қажет, мамандар көп қырлы диагностика жүргізген кезде - олар оқушыны белгілі бір әдістеме бойынша тексереді, дамуындағы олқылықтарды, қалыптасқан немесе толық қалыптаспаған дағдылардың жоқтығын анықтайды. Ата-аналарға арналған көптеген сауалнамалар бар, содан кейін олар өз балалары туралы баяндайды, әртүрлі өмірлік жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерін ашады және т.с.с. Тестілеу негізінде мұғалімдер

жеке бағдарламалар жасайды. Олар нақты мақсаттар мен міндеттерді тағайындайды, олардың шешілуі шеберліктің орнын толтыра алады. Бұл мақсаттар мен міндеттер ата-аналармен келісілуі керек. Оларды түсіну арқылы ғана олар оларды жүзеге асыруға үлес қоса алады. Неліктен қазіргі кезде баланы басқаша емес, басқаны емес, осылай оқыту маңызды? Егер ол белгілі бір дағдыларды игерсе немесе қалаусыз мінез-құлықтан арылса, баланың өмірінде қандай өзгерістер болады? Осы сұрақтарға жауаптар мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың бірлескен күш-жігерінің бағыттарын ұсынады. Сонымен қатар, әрқашан проблемаларға емес, балалардың күтілетін жетістіктеріне назар аудару керек. Егер ата-ана құзыретті маманнан баланың еңбегі туралы ақпарат алса, онда ол екі жақтың да ынтымақтасуы қажет деген сенімге ие болады. Сондықтан әңгіме барысында, ең алдымен, баланың бойындағы жағымды қасиеттерге назар аударған жөн, және олардан арылу болашағын айқындай отырып, барлық «теріс ойларды» жанашырлықпен ескерілуі қажет.

Әрине, ата-ананың өзін тыңдау, баланың болашағын қалай көретінін, оқудан қандай үміт күттіретінін және инклюзивті қалай елестететінін білу маңызды - әлеуметтік және білім беру. Әрине, ата-аналармен қарым-қатынас кезінде мұғалімнің сөзі түсінікті болуы керек. Ол ата-ананың эмоционалды жағдайын ескере отырып, оны арнайы терминологиямен жүктемей, қарапайым, қол жетімді тілде сөйлеуі керек. Әңгімелесушіні жақсы түсінуге және онымен тиімді өзара әрекеттестік орнатуға мүмкіндік беретін белсенді тыңдау техникасын қолдану ұсынылады.

Жиналыстың тағы бір түрі - ата-аналар конференциясы. Оларда мұғалімдер мен ата-аналар негізінен жалпы ұйымдастырушылық мәселелерді - экскурсияға қалай баруға және қайда баруға, демалысты қалай ұйымдастыруға және өткізуге болатынын және сыныптың күнделікті өмірімен байланысты көптеген мәселелерді талқылайды. Өйткені, мұндай іс-шаралар балаларды әлеуметтендіруге көмектеседі.

Кездесудің тағы бір нұсқасы - бұл балалармен қарым-қатынас пен қарым-қатынастан кейін супервайзермен кездесу. Жетекші ата-аналарға олардың бақылауларын қорыта отырып, кері байланыс жасайтынына сенімді. Балаларға білім берудегі анағұрлым елеулі ілгерілеудің кепілі ретінде белгілі бір ұсыныстар, тілектер береді, сондай-ақ балалардың жетістіктерін талқылайды.

Өзара әрекеттесудің төртінші түрі қашықтан болады. Ата-аналарға білім беру және түзету бағдарламаларымен танысуға, белгілі бір дағдыларды қалыптастыру кестесін көруге, экскурсиямен фотографиялық материалдарды көруге немесе сыныптың күнделікті өмірін көруге мүмкіндік беретін арнайы порталға қол жетімді болуы керек. Жоғарыда аталған барлық өзара әрекеттесу ны-

сандарын ескере отырып, оқыту тиімді болатын табысты ынтымақтастық деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ең жағымды нәрсе - бұл бірлескен мерекелер мен мұғалімдермен, балалармен және ата-аналармен таңертеңгіліктер. Балалар мен мұғалімдер үшін бұл ұзақ дайындық, бірақ ата-аналар үшін бұл әрдайым тосын сый. Ата-аналардың демалыста пассивті замандас болмауы маңызды. Олар жалпы үрдіске - бірлескен дөңгелек билерге, ойындарға және жарыстарға енгізілген.

Ата-аналармен ынтымақтастықтың аталған түрлері үнемі болса да, бірақ жиі кездеспейді. Табысты жұмыс күнделікті қарым-қатынасты қажет етеді. Баланы мектепке әкеліп, алып жатқанда ата-аналар әдетте мұғалімдермен сөйлеседі. Таңертең олар әдетте баласының үйде бос уақытын қалай өткізгенін, қандай жетістіктер мен қандай қиындықтар болғанын айтады. Жағымсыз мінез-құллық пайда болды ма, жоқ болса, оған не себеп болды? Бала дәрі қабылдады ма және қандай түрі, оларға реакция болды ма және басқа көптеген тақырыптарды талқылау қажет деп санайды. Бірақ бірнеше себептерге байланысты ата-аналар әңгіме барысында балаға қатысты мәселелерді әрдайым талқылай алмайды. Сондықтан ресурстық сынып мұғалімдері арнайы форманы - кері байланыс парағын толтыруды ұсынады. Онда ата-аналар мен мұғалім қажетті ақпаратты жазады. Парақта күн көрсетілуі керек және

баланың үйдегі өміріне байланысты маңызды сәттер белгіленеді. Бұл, атап айтқанда, сыныптағы кейбір мәселелерден аулақ болуға мүмкіндік береді. Мысалы: үйдегі бала таңғы асты ішуден бас тартты, ал ата-ана бірінші сабақтан кейін оған жеңіл тағам ұсынуды сұрайды. Бұл жағдайда ата-ана оған қандай тағам дайындалғанын және оның портфолиода қай жерде тұрғанын көрсетуі керек. Немесе: бала жақсы ұйықтамады, соған байланысты оның бойында жағымсыз мінез-құллық пайда болуы мүмкін, немесе кез-келген дәрі-дәрмектерді қабылдау немесе массаж жасау қышу тудыруы мүмкін, бұл оның оқу үдерісіндегі мінез-құлқына кері әсер етеді. Мұғалім өз кезегінде оқу күнінің соңында ата-аналарға қажетті ақпарат пен ұсыныстар береді, өткен оқу күнін және басқа да маңызды мәселелерді талқылайды [5, 411 бет].

Сонымен, білім беру және түзету үрдістерінің нәтижелі болуы мектеп пен отбасының барлық қатысушыларына, атап айтсақ, мектеп әкімшілігіне, мұғалімдер мен тьютор-ассистентке, көбіне ата-аналарға тікелей байланысты.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған кез-келген білім беру немесе түзету бағдарламалары оң нәтижеге қол жеткізуге болады, егер оларды іске асыру басынан бастап ата-аналар мен мамандар арасындағы тікелей байланысқа негізделген болса ғана.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ:

1. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с.
2. Концептуализация инклюзивного образования и его контекстуализация в рамках Миссии ЮНИСЕФ, Вебинар 1 – Брошюра по техническим вопросам для партнеров (2014)
3. Екжанова, Е.А. От интеграции к инклюзии / Е.А. Екжанова; беседовала О. Решетникова // Школьный психолог. 2010. № 16.
4. Алехина С.В. Принципы инклюзии в контексте изменений образовательной практики // Психологическая наука и образование. 2014. № 1. С. 5-14.
5. Исследование отношения педагогов и родителей к инклюзии в дошкольной образовательной организации Еронец Ж.В. Глушак Е.В. Инклюзивное образование: результаты, опыт и перспективы: сборник материалов III Международной научно-практической конференции / под ред. С.В. Алехиной. – М.: МГППУ, 2015. – 528 с.

FTAХР 14.25.05

**ИСАЕВА Л.Т.,**

Арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының бағдарлама көшбасшысы  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы,  
isaevalaura007@gmail.com

**САЛГАРАЕВА Г.И.,**

3-ші курс PhD докторанты,  
6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы,  
salgaraeva78@mail.ru

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш мектеп жасындағы оқушыларда мінез-құлық қырлары жаңадан қалыптасып келе жатқанын және осы жас кезеңінде балалар бойына адамгершілік идеялардың сіңіру маңызды екенін айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқының әлеуметтік дағдылар жүйесін дамытуда білім беру кеңістігінің әлеуметтік ортасын құрып, оның оқыту субъектілерінің қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Балалардың құрдастарымен әлеуметтік қатынастар жүйесіне біртіндеп қосу арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылары мен мінез-құлық дағдылар жүйесі дамиды. Сонымен қатар автор әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға, дамыуға ықпал ететін бірқатар факторларды ұсынды.

**Кілт сөздер:** бастауыш сынып, әлеуметтік мінез-құлық, әлеуметтік дағды, іс-әрекет, даму.

**Аннотация.** В статье отмечается, что у младших школьников проявляются поведенческие аспекты, и в этом возрасте важно, чтобы дети усвоили нравственные идеи. В развитии системы социальных навыков поведения младших школьников необходимо создать социальную среду образовательного пространства и системно организовать деятельность его субъектов. Система социальных навыков и поведенческих навыков школьников младших классов развивается через постепенную интеграцию детей в систему социальных отношений со сверстниками. Также предложили ряд факторов, способствующих формированию и развитию норм социального поведения.

**Ключевые слова:** начальная школа, социальное поведение, социальные навыки, действие, развитие.

**Abstract.** The article notes that younger students show behavioral aspects, and at this age it is important that children learn moral ideas. In the development of the system of social skills of behavior of younger schoolchildren, it is necessary to create a social environment of the educational space and systematically organize the activities of its subjects. The system of social skills and behavioral skills of primary school students develops through the gradual integration of children into the system of social relations with their peers. They also suggested a number of factors that contribute to the formation and development of social behavior norms.

**Key words:** primary school, social behavior, social skills, action, development.

Әлемдік білім беру жүйесінің қазіргі таңда жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – бұл әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу. Өз жұмысын және өзін-өзі ұйымдастыра алатын, бастамашылық таныта алатын және қиындықтарды өз бетінше жеңе алатын белсенді ерікті тұлғалар жиі талап етіледі. Осыған байланысты сол қажет тұлғаны қалыптастыру үшін ең алдымен баланың әлеуметтік мінез-құлқын реттеуге назар аудару қажет.

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ерекше назар аударды [1]. Сондықтан оқушы тұлғасын әлеуметтендіру мәселесі тәрбие мен әлеуметтендіру үдерістерінің арақатынасы қажеттілігінен туындайды.

Бірқатар психологиялық-педагогикалық зерттеулер әлеуметтік дамудың қаралып отырған жас кезеңінің сензитивтілігін дәлелдеді. Әлеуметтік жетілудің қалыптасу мәселелерімен К. А. Абульханова-Славская, В. С. Мухина айналысты. А. Петровский, Д. И. Фельдштейн, Э. Эриксон және т.б. ғалымдар 6-8 жас «Мен бейнесі» мен «Мен - концепцияларын» қалыптастыру сипаттамаларының пайда

болуы мен қалыптасуы үшін сензитиві болатын кезең деп айтып өтті (Р. Бернс, И. С. Кон және т. б.); әлем картиналары (Т. Шибутани); рефлексивті ойлаудың пайда болуы (В. В. Давыдов, Г. А. Цу-керман).

Әлеуметтік мінез-құлық адамдардың қоғамдағы іс-әрекеттері мен дағдыларын, қылықтарын анықтайды. Қоғамда өмір сүріп отырған әрбір адам әрдайым өзін қоршаған басқа адамдар ортасында болады. Сондықтан оның жеке мінез-құлығы да қоршаған ортамен жиі қарым-қатынаста, байланыста болады. Әлеуметтік мінез-құлық бұл адамның қоғамға, басқа адамдарға, қоршаған табиғат пен заттарға қатысты іс-әрекеті. Адамдар бір-бірімен тікелей қарым-қатынасқа түсіп қана қоймай, бір заттар арқылы не болмаса табиғат арқылы қарым-қатынасқа түседі.

Жаңадан қалыптасып келе жатқан бастауыш мектеп жасындағы оқушылар мінез-құлығының еркін болуымен ерекшеленеді және дәл осы кезеңде бала бойына адамгершілік идеалдарын құру өте маңызды, себебі жеке тұлға дамыған сайын олардың ауқымы кеңейе түседі де, мінез-құлықтың сапалы саналы таңдаулы үлгісі орын ала бастайды.

Негізгі әдіснамалық ережелердің бірі – аффективтік және интеллектуалдық компоненттерді тұлғаның бірыңғай құрылымына біріктіретін осы бала дамуының әлеуметтік жағдайы екенін Л.С.Выготский өз тұжырымдамасында айтып өткен.

Дамудың әлеуметтік жағдайы баланың әлеуметтік және тұлғааралық қарым-қатынас (объективті ұстаным) жүйесіндегі орны мен әлеуметтік орта талаптары мен күту жүйесінің арақатынасымен анықталады. Әрбір адам қоғамда белгілі бір құқықтар мен міндеттерге байланысты бірнеше әлеуметтік рөлдер мен позицияға ие, сондай-ақ қоғам әр адамнан белгілі бір әлеуметтік рөліне байланысты тиісті мінез-құлықты күтеді.

Сонымен қатар, кез келген әлеуметтік рөл мінез-құлықтың қатаң бекітілген схемасы болып табылмайды. Кез келген адам қандай да бір рөл аясында әрекет ете отырып, өз іс-әрекетінде өзінің тұлғалық ерекшелігін көрсетеді. Осылайша, өзара іс-әрекет мағыналық байланыс орнату ретінде және бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру ретінде қарастырылады. Адамдардың (және балалардың) бір-бірімен өзара іс-әрекет ету үдерісінде өзінің жеке қызығушылығын білдіретін іс-әрекеті анағұрлым ауқымы кең қоғамдық ортаның қызығушылығына бетпе-бет келеді, мұндай жағдайда адам өз қызығушылықтары мен осы ортаның қызығушылықтары арасында таңдау жасауға құқылы.

Әлеумет мүдделеріне қарай адамның бағдарлану қабілеті және өз іс-әрекетінде қоғамдық талаптарды ескеруі, бұл мінез-құлықты қоғамдық реттеу түрінің ерекше көрінісі болып табылады.

Бұл туа біткен санатқа жатпайды. Л.С. Выготский мінез-құлықтың нормативтік реттелуі балаға өзінің мінез-құлқын жағдайға байланысты бейімдеуге бағыттайтын және көмектесетін әлеуметтік факторлардан пайда болатынын атап өтті [2].

Бүгінгі таңда нақты әлеуметтік дағдылар мен балалардың алдамшы мінез-құлықтары арасындағы өзара байланыстың бар екендігі туралы Канадалық Alison M. O'Connor, Angela D. Evans өз зерттеулерінде айқындады [3]

Баланы «дұрыс» мінез-құлыққа «үйрету», яғни оны басқа адамдардың және оның өзінің жағдайына әсер ететін өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін болжауға үйрету. Әлеуметтік мінез-құлық стилін қалыптастыру шарттарының бірі оқушының оқиғалы ортасы болып саналады, оқиғалы орта деп баланың қабылдау алаңына түсетін, қойылым тақырыбы, ойлануға деген себебін және өмірлік тұжырымдар үшін негіз болатын оқиғалар жиынтығын айтамыз.

Сондықтан да оқушының ақпараттық ортасы маңызды. Ақпараттық орта тұлғаның даму факторының функциясын орындау үшін оған интеллектуалды және рухани күш деңгейі жоғары болуы қажет. Сондай-ақ, оқушыларда мінез-құлқының қандай да бір тәсілдерінің қолайлылығына немесе жарамдылығына сенімдерін қалыптастыру барысында, олардың эмоциялық фонына назар аудару маңызды.

Осылайша, ақпараттық орта құра отырып, белгілі бір бірізділікті сақтау қажет: алдымен білім алушыларда пән немесе құбылыс туралы түсінік қалыптасады, содан кейін оған тиісті қарым-қатынасы және жағдайда байланысты мінез-құлықтың адекватты тәсілдері қалыптасады. Сенімділікті қалыптастыру көзі болып анық байқалатын эмоциялық күйзеліс болғандықтан, ақпараттарды беру барысында баланың эмоционалды аясына неғұрлым тиімді әсер ете алатын әдістемелік құралдарды пайдалануымыз керек.

Біздің ойымызша, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға, дамытуға ықпал ететін бірқатар факторлар бар, олар мынадай маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1) әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру - бала тұлғасының әлеуметтік дамуының күрделі үдерістерінің маңызды бөлігі;

2) әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастырудың маңызды шарты коммуникативтік орта;

3) оқушының әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру үдерісінің ерекшелігі оларды түрлі әлеуметтік ортаға (білім беру мен бос уақыт ұйымдастыру ортасына) қосу болып табылады.

Бізге әлеуметтік мақұлданған ұтымды мінез-құлық нысандарын қалыптастыру мен бекіту және оларды жаңа қатынастар жүйесінде пайдалану қабілетін жүзеге асыру мүмкін екенін көре-



міз. Жиі қайталанатын мінез-құлықтық тапсырмаларды шешу тәсілдерінің әдетке айналуы Л.И. Божовичпен расталады, қандай да бір тұлғалық қасиеттердің негізі ол бала бойында әбден бекітілген және үйреншікті болған формаларларда жатыр деп есептейді. Әлеуметтік дағдылардың дамуы туралы айта келе, өзіне немесе басқа маңызды адамға пассивті еліктеуге емес, керісінше тиімді өзара іс-әрекет нормалары мен құралдары туралы білімдері бар, шығармашылығын түрлендіріп отыратын белсенді және саналы мінез-құлық иесіне назар аудару қажет. Осындай мінез-құлықтық тип әлеуметтенудің ең жоғары деңгейіне сай келеді, себебі онда жеке тұлғаның өзіндік іс-әрекеті, қоршаған ортасы мен өзіндік бағалауы ұштасқан саналы элементі көрініс береді [4].

Әлеуметтік жайлылық жағдайындағы кіші оқушы қоршаған ортамен қарым-қатынастың жоғары деңгейіне жетуі мүмкін. Ол өзін-өзі дамыту мүмкіндігін белсенді іске асыра алады, не болмаса өзінің жағымды тасымалдаушысы ретінде (немесе өзін керісінше қоғамдық өмірдің жағымсыз үдерістерін тасымалдаушы ретінде көру) позитивті қоғамдық мазмұнды өздігінен және ішінара жаңғырта алады. Тек мұғалім ғана оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, белгілі бір жағдайлар жасай отырып оқушылардың дамуына кірісе алады. Қазіргі заманда бастауыш білім беруді дамытудың жетекші үдерісі оқушыларда қарапайым білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгерту мен маңызды зияткерлік біліктерді дамыту ғана емес, сонымен қатар баланың жеке тұлғасының жалпы дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасау, табысты әлеуметтендіру үшін оның әлеуметтік дағдыларын дамыту болып табылады. Әлеуметтік дағдылар деп біз әлеуметтік мінез-құлықтың тұрақты түрлерін айтамыз. Дағды – бұл іс-әрекеттің игерілген элементі, тұрақты әлеуметтік әрекеттер.

Әлеуметтік мінез-құлық дағдылары (әлеуметтік дағдылар) туралы айтатын болсақ, біз тек білім ғана емес, сонымен қатар оларды қолдану, рөлдік мінез-құлық нормалары мен ережелерін, әлеуметтік функцияларды, дәстүрлерді қолдануды айтамыз. Қоршаған ортамен өзара іс-әрекет жүйесінде практика барысында оң нәтиже беріп, мақұлданған ең құнды жеке тәжірибені бекіту маңызды. Белгілі бір дағдыға ие болу үшін жақсы жаттыққан, жақсы дайындалған деген нәтижеге жету оңай емес екенін түсінеміз, сондықтан ең алдымен мінез-құлықтың қандай да бір моделін қабылдауға және түсінуге негізделген іс-әрекеттерді жасауымыз қажет. Әлеуметтік дағды ұғымын біздің жағдайда адамның белсенді пайдаланатын кейбір іске асырылған біліктер деп түсінеміз. Әлеуметтік іскерліктер – бұл бірнеше әлеуметтік дағдылардың элементтерін қамтитын мінез-құлықтың жоғары деңгейі. Олардың ішінде мінез-құлық тәсілдері мен өзінің ішкі әле-

мімен қарым-қатынас тәсілдері бар, яғни әлеуметтік біліктерді жеке тұлғалық іс-әрекет ретінде қарастыруға болады, олардың пәндік мазмұны жеке тұлға аралық және жеке тұлғашылық өзара іс-әрекет тәсілдері болып табылады.

Әлеуметтік дағдылардың даму үдерісінің маңызды буыны іс-әрекет пен мінез-құлықтың құрамына кіретін күрделі психикалық әрекеттерде тұлғаның өзін-өзі реттеуі болып табылады. Әлеуметтік мінез-құлықтың өзін-өзі реттеуі өзіне өзін-өзі тану және эмоционалдық-құндылықты қарым-қатынас нәтижелерінің мінез-құлқына қосылу сәтін ұсынады. Бұл қосылу мінез-құлық актісін жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде, яғни оның уәждеуші компоненттерінен өзіндік іс-әрекетіне дейін өзектендірілген. Жеке тұлғаның дамуы қоғамның басқа мүшелерімен ынтымақтастықта жүзеге асырылатын алдағы іс-әрекеттің ішкі өрісі ретінде түсініледі. Демек, сыртқы әрекеттің қалыптасуы мен дамуының байланысы және оның ішкі әрекетке айналу үлгісі тұлғаның қалыптасу үдерісі ретінде түсіндіріледі.

П.Я. Гальпериннің (1959, 1966, 1969) зерттеулеріне сәйкес, кіші оқушылардың саналы іс-әрекетке көшуі белгілі бір (оның тұжырымдамасында үшінші) бағдар үлгісімен және соған сай оқытудың тиісті түрімен тығыз байланысты, бала объектілерді талдау әдісін үйренсе, бұл одан кейін меңгеруі керек деген кез келген саланың тапсырмасын (сөздің кең мағынасында) дұрыс орындау үшін қажетті бағдарлар жүйесін өз бетінше құруына мүмкіндік береді. П. Я. Гальпериннің ақыл-ой іс-әрекеттері мен ұғымдарын кезең бойынша қалыптастыру теориясы біздің зерттеу үшін үлкен мәнге ие, өйткені, атап айтар болсақ, сыртқы әрекеттің ақыл-ой, жеке, ішкі іс-әрекетке толық жоспарлы түрде түрлену үдерісін береді. Психологиялық кеңістіктің дамуы дамудың нәтижесінде жүре ме? Сыртқы және ішкі іс-әрекет құрылымының өзгеруі, күрделенуі, өзгеруі. Іс-әрекетті дамыту барысында сыртқы әрекеттің ішкі жоспарға өтуі жүзеге асырылады, содан кейін бұл жоспар ішкі әрекет сенсорлық, перцептивтік, зияткерлік жоспарында және саналы көрініс жоспарында өрістетіледі. Автордың пікірінше, «кезеңмен қалыптастыру шкаласы оның бағдарлы негізінен бастап материалдық немесе материалданған пішін арқылы, одан кейін ешқандай заттың көмегісіз дауыстап сөйлеудің, өзі туралы сыртқы сөйлеу мен өзіндік ішкі сөйлеудің дәйекті деңгейлерін белгілейді» [5].

Осының бәрін негізге ала отырып, әлеуметтік дағдыларды дамыту барысында жұмыс когнитивті деңгейде де, эмоцияналдық деңгейде де және мінез-құлықта да болуы тиіс деп ойлаймыз. П.Я. Гальпериннің «кезең-кезеңмен қалыптастыру жаңа нақты психикалық үдерістер мен құбылыстардың қалыптасуын бақылау үшін ашық және толық әдіс болып табылатындығы» туралы ойын назарға ала отырып, кіші мектеп оқушы-

ларының әлеуметтік дағдыларын дамыту үдерәсінің моделін кезең-кезеңмен құру орынды деп санаймыз.

Кіші мектеп оқушыларының әлеуметтік дағдылары дамуының құрылымдық компоненттерін олардың психикалық жаңа өзгерістерін ескере отырып қарастыру қажет, олар «жеке тұлғаның жаңа құрылымы мен оның іс-әрекет түрін, осы жас сатысында алғаш рет пайда болатын және ең басты және негізінен баланың санасын, оның ортаға қатынасын, оның ішкі және сыртқы өмірін, осы кезеңдегі даму барысын анықтайтын психикалық және әлеуметтік өзгерістер» деп түсіндіріледі [6,114].

Кіші оқушыда мынадай жаңа өзгерістерге бөлінеді :

- өзін әлеуметтік индивид ретінде сезіну, мектепте оқуға деген күшті мотивация қалыптасуы және бұл жаңа пайда болған жеке тұлғалық ерекшелік «оқушының ішкі позициясы» ретінде анықталады;

- еркіндікті дамыту, бұл іс-әрекет барысында саналы түрде мақсат қоя алу іскерлігін көрсете алу, қиындықтар мен кедергілерді еңсере отырып, оны іске асырудың құралдарын іздеу және таба алу, сондай-ақ ішкі жоспарда іс-әрекеттерді жоспарлау және оны орындау қабілетін қалыптастыру;

- рефлексияны қалыптастыру, бұл өз ойлары мен іс-әрекеттерін олардың ойларына сәйкестігі тұрғысынан саналы және объективті талдауға және бағалауға мүмкіндік береді (4; 134; 149; 235).

Бұл өзгерістер көбінесе кіші мектеп оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытуды жүзеге асырудың болжаулы құрылымдық компоненттерін айқындайды. Әлеуметтік дағдылардың құрылымын көрсете отырып, біз коммуникация құрылымының когнитивті, аффективті және мінез-құлықтық (Я. Л. Коломинский бойынша); ақпараттық, аффективті және реттеуші (Б. О. Ломов бойынша); гностикалық, аффективті және мінез-құлық жақтарын (А. А. Бодалев бойынша) бөліп көрсеткен ғалымдардың жұмысына сүйендік.

Әлеуметтік дағдылардың құрылымдық құрамдас бөлігі ретінде біз когнитивті-мотивациялық, іс-әрекет, рефлексивті-бағалау және мінез-құлықты бөліп, оларды бастауыш сынып оқушыларының білім беру үдерісінде әлеуметтік дағдылардың даму кезеңдері ретінде қарастырамыз. Ұсынылатын кезеңдердің әрқайсысы алдыңғы кезеңде алынған жаңа түзілімдерді ескереді және арттырады.

*Когнитивті-уәждемелік компонент* балалардың жеке тұлға құқықтары мен міндеттерін білу қажеттілігін, маңыздылығын, оларға өзінің көзқарасын түсінуін, мінез-құлық нормаларын білуін және өзара іс-әрекеттің белгілі бір тәсілдерін меңгерудің маңыздылығын түсінуін білдіреді.

*Іс-әрекеттік компоненті* мақсатты болжауға,

іс-әрекетті жоспарлауға, конструктивті өзара іс-әрекеттің нормалары мен тәсілдерін меңгере алу қабілеттілікті қамтиды.

Рефлексиялық-бағалау компонентінде өзінің жасаған әрекеттерін, іс-әрекеттерін, өзінің ішкі күйін, сезімдерін, уайымын, өзінің ой-өрісінің шекарасын түсінуді және өзінің алға жылжуын көре алу, түсіну және бағалай алу қабілетін атап өтуге болады.

*Мінез-құлық компоненті* өзара іс-әрекет тәсілдерін білуді және түрлі жағдайларда және формалар өзінде бар тәжірибені пайдалана білуді білдіреді.

Әлеуметтік мінез-құлық төмендігідер арқылы құрылуы мүмкін:

- өзіндік тілек пен ниеттегі «Мен»-ді ұғыну;
- адамдар арасында ғы өзіндік «Мен»-ді ұғыну;

- қоғам мәдениеті, құндылықтары мен мораль нормалары арасындағы өзіндік «Мен»-ді ұғыну.

Адамгершілік-құқықтық даму балалардың өзін және айналасындағыларды тануына, өзінің қадір-қасиетін, төзімділігін, оқушылардың басқа адамдардың құндылығын түсінуіне, адамның міндеттері мен құқықтарының бірлігін тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбие міндеттерін моральдық ұғымдарды есте сақтау арқылы ғана шешуге болмайды. Оқушыларды түрлі жұмыс түрлеріне қосу қажет, себебі олар сол жұмыс түрлерін жасау арқылы нақты моральдық іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар тәжірибесін игереді. Адамгершілік сана мен мінез-құлықтың бірлігі және сөз бен істің бірлігі стихиялы болмайды. В.А. Сухомлинский былай деді: «Мораль тек іс-әрекетте ғана белсенді, өзара қарым-қатынаста көрінеді... Қайырымды істерде мораль болмаса, көп зардап шегушілер болады. Баланың адамгершілікті санасы оның сана қалыптасуындағы жасаған әрекеттерінде ғана қалыптасады. [7,с. 49].

Адамгершілікті-құқықтық мінез-құлық тек қана қылықпен ғана емес, сонымен қатар адамгершілік әдеттер жүйесімен де сипатталады. Бұл әдеттерді қалыптастырып бекіту үшін оқушыларға әртүрлі адамгершілік қатынастар жүйесіне кіру маңызды және сол жан-жағындағы адамдармен өзараәрекеттестік жасауда өзіндік мінез-құлықтық тәжірибе қалыптасады. Оқыту жүйесінде оқу пәндерінің көптігін байқауға болады, олар өзара мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан нашар үйлеседі және көбінесе автономды білім беру жүйесі ретінде жұмыс істейді. Оқу пәндерінің автономды болуы, олардың өзара байланысының әлсіздігі оқушылардың әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруда күрделі қиындықтарды туындатады.

Біз бала үшін өзінің құндылықтары мен даралығын, сондай-ақ басқаның даралығының құндылықтары мен даралығын ұғынудың, өзінің ішкі әлемін құрметтеудің және басқа адамның да ішкі



әлемін құрметтеудің маңыздылығын атап өтеміз. Белсенді әлеуметтік ұстанымға деген қажеттілікті іске асыру үшін адамға (атап айтқанда балаға) қоғам мүшесі ретінде мән беретіндей іс-әрекет және оны басқа адамдардың мойындай алатындай іс-әрекет қажет. Демек, қоғамға пайдалы іс-әрекет оқушылар үшін өз дербестігін, даралығын іске асыра алатын, басқалар тарапынан мойындау қажеттілігін қанағаттандыра алатын сала болып табылады.

Адамның әлеуметтік мүдделерге бағдарлану қабілеті, өз іс-әрекетінде қоғамның талаптарын ескеруі мінез-құлықтың қоғамға қарай реттелуінің ерекше көрінісі екенін білдіреді. Бұндай санат туа бітпейді. Л.С.Выготский бала мінез-құлығының нормативті реттелуі баланың өз мінез-құлқын бағыттауға және көмектесуге бейімдейтін әлеуметтік фактордан туындайтынын айтып өтті [8].

Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы қателіктер, мысалы, балаларға эпизодтық, жүйесіз сипаттағы адамгершілік категорияларды көрсету барысында және олардың көбіне сөздік сипатта ғана әр түрлі адамдардың балаға қоятын талаптарының бірізді болмауы немесе айырмашылығының болмауы, «адамгершіліктегі ақау», «мінез-құлықтың бұзылуы» (С.Л. Рубинштейн), баланың моральдық санасы мен оның нақты мінез-құлқы арасының ажырауына (А. М. Прихохан) әкеп соқ-

тыруы мүмкін.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мінез-құлқының әлеуметтік дағдылар жүйесін дамытудың тиімді жолы балалардың білім беру кеңістігінің әлеуметтік ортасын құрып, оның оқыту субъектілерінің қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру болып табылады. Балаларды құрдастарымен маңызды әлеуметтік қатынастар жүйесіне біртіндеп қосу арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылары мен мінез-құлық дағдылар жүйесін дамытамыз [9].

Осылайша, әлеуметтік мінез-құлық нормалары дамуының маңызды белгілерінің бірі айнала-сындағыларға, әсіресе олардың іс-әрекет етуінде адамгершілік және іскерлік сферасында құндылықты-бағдарлы қарым-қатынастың жоғары көрсеткіші болуы мүмкін.

Бастауыш мектепте оқыту үдерісінде құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігі артады. Қарым-қатынас барысында балада маңызды коммуникативтік дағдылар қалыптасып, мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын меңгереді.

Осының барлығы тағы да әлеуметтік мінез-құлық нормаларын дамыту мен байыту тұлғаның құндылық-бағдарлы іс-әрекетінің мазмұнымен анықталатынын көрсетеді, ал оның сыртқы көрінісі адамның қоршаған ортаға бағытталығымен анықталатынын растайды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы.
2. Выготский Л.С. Проблемы развития психики / Под ред. А.М. Матюшкина. М.; Педагогика, 1983, - 367с.
3. Бүгінгі таңда нақты әлеуметтік дағдылар мен балалардың алдамшы мінез-құлықтары арасындағы өзара байланыстың бар екендігі туралы Канадалық Alison M. O'Connor, Angela D. Evans өз зерттеулерінде айқындады [3]
4. Божович Л.И. Психолого-педагогические проблемы развития школьника как субъекта учения. М.: Воронеж, 2000. – 143 с.
5. Гальперин П.Я. К учению об интериоризации // Вопросы психологии. – 1966. №6. – С.21-30
6. Гальперин П.Я. Формирование знаний и умений на основе теории поэтапного формирования умственных действий. М., 1968.
7. Сухомлинский В.А. Избранные педагогические сочинения: В 3-х тт. Т.2 / Сост. О.С.Богданова, В.З.Смаль. – М.: Педагогика, 1980, - 384 с.
8. Сейталиев Қ. Жалпы психология: Оқу құралы. – А.: Білім, 2007.-360 б.
- Г. И. Салгараева. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту ерекшеліктері. Хабаршы-Вестник-Bulletin №4 (80), 2019

**КАДИРБАЕВА РОЗА ИЗТЛЕУОВНА,**

д.п.н., доцент, заведующая кафедрой математики,  
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
roza-1961@mail.ru

**ДЖАМАНКАРАЕВА МАДИНА АЛДАНОВНА**

к.ф.-м.н., старший преподаватель,  
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
d\_madina08@mail.ru

## ТЕХНОЛОГИЯ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ\*

**Резюме.** В статье, посредством сопоставления компетентностного подхода и технологии смешанного обучения делается вывод о том, что смешанное обучение целосообразно определить как способ внедрения компетентностного подхода в учебный процесс, т.е. в систему общего образования. Так как реализация смешанного обучения - одного из трендов современного образования – зависит от учителя как субъекта общественной, образовательной, целенаправленной деятельности, от особого образа проявления его сущностных сил, приводятся особенности технологии смешанного обучения при подготовке будущих учителей математики.

**Ключевые слова:** образование, технология смешанного обучения, будущие учителя математики.

### БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДАҒЫ АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Түйін.** Мақалада құзыреттілік тәсіл мен аралас оқыту технологиясын салыстыру арқылы аралас оқытуды оқу процесіне, яғни жалпы білім беру жүйесіне құзыреттілік тәсілді енгізу әдісі ретінде анықтауға болады деген қорытынды жасалады. Қазіргі білім беру трендтерінің бірі – аралас оқытуды жүзеге асыру - қоғамдық, білім беру, мақсатты іс-әрекеттер субъектісі ретінде қарастырылатын мұғалімге және оның маңызды күштерінің ерекше көрінісіне байланысты болғандықтан, болашақ математика мұғалімдерін даярлауда аралас оқыту технологиясының ерекшеліктері келтірілген.

**Тірек сөздер:** білім беру, аралас оқыту технологиясы, болашақ математика мұғалімдері.

### FEATURES OF BLENDED LEARNING TECHNOLOGY IN THE TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS

**Summary.** In the article, by comparing the competence approach and the technology of blended learning, it is concluded that blended learning can be defined as a method of implementing the competence approach in the educational process, i.e. in the general education system. Since the implementation of blended learning - one of the trends of modern education - depends on the teacher as a subject of social, educational, purposeful activity, on the special way of manifestation of his essential forces, the features of blended learning technology in the training of future teachers of mathematics are given.

**Keywords:** education, blended learning technology, future teacher of mathematics.

Начавшиеся в конце XX и начале XXI вв. глобальные изменения мира и производственных отношений, все более и более ориентируют систему образования (его направленности, цели, содержание) на «свободное развитие человека», на творческую инициативу, самостоятельность, конкурентоспособность, мобильность будущего специалиста и тем самым, на обеспечение вхождения человека в социальный мир, его продуктивную адаптацию в этом мире, и вызывает необходимость постановки вопроса обеспечения образования более полным, субъектно- и

социально- интегрированным результатом.

Это обстоятельство привело к появлению компетентностного подхода, который зародился в начале 1960-х и 1970-х годов в литературе западных стран, в Содружестве независимых государств – в 1980-х годах, а также смешанного обучения, основные принципы которого применялись в шестидесятих годах XX века в корпоративном и высшем образовании, но сам термин был использован позже. Анализируя проведенный глобальный онлайн-опрос специалистов по стратегическим вопросам электронного обуче-



ния сделан вывод, что наиболее важные из них связаны с технологией подготовки педагогов и внедрением инновационных методов, ориентированных на использование ИКТ в образовательном процессе.

Основная идея компетентного подхода заключается в приведении «массовой школы» в соответствие с адекватным обеспечением построения образовательной деятельности, удовлетворяющей одновременно государственному заказу и потребности личности; в обновлении содержания образования в ответ на изменяющуюся социально-экономическую реальность; в создании условий формирования способности обучающихся ориентироваться в новых ситуациях профессиональной, общественной, личной жизни, достигая поставленных целей; и, тем самым, в реализации принципа практико-ориентированного образования при сохранении достоинств отечественного образования: академичности и фундаментальности [Амирбекулы А., Кадирбаева Р. И., 2020].

Термин смешанного обучения и терминология, характеризующая его, впервые были упомянуты в пресс-релизе Interactive Learning Centers в конце 90-х годов, когда развитие интернета стало все более интенсивным. В нем говорится, что наряду с онлайн-курсами компания проводит курсы с применением смешанного подхода обучения. С тех пор в литературе стали использоваться термины «смешанное обучение» (blended learning), «гибридное обучение» (hybrid learning), близкие друг другу по значению [Андреева Н.В., Марголис А.А., 2017].

В отличие от многих других педагогических подходов, смешанное обучение, как принято на сегодняшний день, не имеет конкретного авторства и складывалось во многом спонтанно, в результате многочисленных попыток изменить существующие методы и принципы обучения. В данное время, с учетом расширения разнообразия компьютерных технологий, появления понятий «электронное обучение» (как понятия более широкого, чем онлайн-обучение) и «мобильное обучение», а также использования цифровых ресурсов в режиме оффлайн, понятие смешанного обучения объясняется как один из видов или продолжение дистанционного обучения, но они имеют особое отличие – это обязательное «живое» общение обучающихся в смешанном обучении друг с другом и с преподавателем.

Многие исследователи [Берсин, 2004; Фомина, 2011, 2014; Калмыкова, 2013; Mijares, 2014; Samuel, 2015; Bhawna Sinha, 2017; Bonk C. J., Graham, C. R., 2006; Кондакова М.Л., Латыпова Е.В., 2013; Андреева Н.В., 2017; Rossett A., Vaughan F., 2003 и др.] рассматривают рациональное сочетание традиционных образовательных технологий с современными информационно-коммуникационными технологиями как один из

возможных путей решения проблемы модернизации образования на основе информатизации, которое является основой технологии смешанного обучения.

Бонк [Bonk C.J., Graham, C. R., 2006] утверждает, что смешанное обучение в определенной пропорции смешивает технологию очного и дистанционного обучения, что позволяет одновременно использовать два режима обучения, устраняя практически все их недостатки.

Следовательно, в смешанном обучении элементы технологии дневного и дистанционного обучения участвуют в определенной пропорции, что, безусловно, позволяет одновременно использовать их достижения, устраняя недостатки обеих технологий обучения. Можно привести ряд определений смешанного обучения: Смешанное обучение – это сочетание учебных методов [Bersin&Associates, 2003]; Смешанное обучение определяется, как диапазон возможностей, представленных путем объединения интернета и электронных средств массовой информации, с формами, требующими физического присутствия в классе преподавателя и учащихся [Friesen, 2012]; Смешанное обучение – это образовательная технология, в которой сочетаются и взаимопроникают очное и электронное обучение с возможностью самостоятельного выбора учеником времени, места, темпа и траектории обучения [Долгова Т.В., 2017].

Мы придерживаемся того, что при правильном и полноценном применении смешанное обучение работает на формирование ценных качеств личности, которые также известны как навыки XXI века. Это: способность к комплексному решению проблем; критическое мышление, способность выбора достоверных источников данных и отбора информации; креативность, способность творчески переосмыслить имеющуюся информацию; командная работа, умение продуктивно взаимодействовать с другими людьми; умение и стремление учиться на протяжении всей жизни; умение принимать решения и нести за них ответственность.

Таким образом, технологию смешанного обучения можно рассматривать как технологию синергетическую, которая позволяет более эффективно использовать преимущества как очного, так и электронного обучения, и взаимно компенсировать недостатки каждого из них. При этом следует придерживаться компетентного подхода, который набирает силу в современном профессиональном образовании и является отражением потребности общества в подготовке людей не только знающих, но и умеющих применить свои знания, владеющих определенной деятельностью на основе имеющихся знаний.

Если в компетентном подходе результатом образования выступают *не знания, умения и навыки, а способность и готовность человека*



к осуществлению эффективной и продуктивной деятельности в различных социально-значимых ситуациях, то в смешанном обучении – ценные *качества субъекта – навыки XXI века*. Смешанное обучение представляет собой образовательную технологию, имеющую широкие перспективы для использования и дальнейшего развития *навыков*, составляющих по совокупности основу *способности и готовности человека* к осуществлению деятельности в современном быстро меняющемся мире.

Поэтому смешанное обучение целесообразно определить как способ внедрения компетентностного подхода в учебный процесс, в систему общего образования.

Это означает, что смешанное обучение связано с изменением приоритетов образовательного процесса – переходом от знаниевой компоненты и репродуктивного метода обучения, характерных для традиционной образовательной модели, к личностно-ориентированной, развивающей, познавательно-деятельностной направленности, основанной на принципах гуманизации и демократизации.

Рассмотрим особенности применения технологии смешанного обучения в школе, которые учитываются при подготовке будущих учителей математики.

В смешанном обучении, наряду с классно-урочной системой, основной упор делается на формирование навыков групповой работы, взаимопомощи и коммуникативности посредством сочетания и чередования очного и электронного обучения и взаимодействия (группа «Ротация», модели «Перевёрнутый класс», «Смена рабочих зон», «Автономная группа»), и организационных моделей, реализующих персонализированный подход (группа «Личный выбор», модели «Новый профиль», «Индивидуальный учебный план», «Межшкольная группа»).

На основе анализа приведенных моделей смешанного обучения можно выделить некоторые особенности использования данной технологии [Долгова Т.В., 2017].

**Организационные особенности.** Главной организационной особенностью смешанного обучения является постепенный уход от фронтальных форм работы, хорошо освоенных и используемых учителями. В традиционном классе все организационные формы зависят от местоположения учительского стола, доски и расстановки парт. Они приспособлены для лекций и других занятий, проводимых в жанре монолога. Временные рамки урока также ограничивают объём учебной задачи, которую можно поставить перед учениками. Как правило, 45 минут едва хватает на воспроизведение знаний и отработку навыков. В этих условиях для продуктивной деятельности учеников времени не остаётся, не говоря уже об организации анализа и рефлексии.

Поэтому второй важной организационной особенностью является реструктурирование учебного пространства: выделение рабочих зон, а в некоторых случаях даже полный отказ от жёсткой классно-урочной организации учебного времени и пространства. В итоге переход к смешанному обучению может привести к кардинальной трансформации общей организационной модели школы.

Следовательно, организация образовательного процесса при смешанном обучении предполагает следующие действия: определение особенностей контингента учащихся в целом и отдельных классов; выбор подходящей модели для имеющегося контингента; планирование образовательного процесса; обеспечение реализации компонентов очного и ИКТ обучения; оценивание и контроль результатов обучения.

**Технические особенности.** С технической точки обязательным условием реализации смешанного обучения является использование компьютеров. Это могут быть компьютерные или мобильные классы, компьютеры в школьной библиотеке, личные мобильные устройства учащихся. Следует обратить внимание, что смешанное обучение не требует обязательного наличия устройства у каждого ученика в один и тот же момент времени, хотя в смешанном обучении широко применяются модель «1:1» (один ученик – одно устройство), а также модель BYOD («принеси своё устройство»).

Использование современных веб-сервисов позволяет организовать распределённую работу в совместном документе или коллективной карте даже для удалённых участников.

**Информационные особенности.** Информационные ресурсы (в том числе цифровые), используемые при реализации смешанного обучения должны иметь высокий уровень избыточности, которая позволит подобрать учебный контент в соответствии с особенностями каждого ученика. Кроме того, используемые задания должны обеспечивать разнообразные деятельностные формы работы с учебным содержанием (анализ предлагаемых данных, мини-исследования, проекты, игры, дебаты и дискуссии).

ема полученных знаний, а от его индивидуальных особенностей и интеллектуальных способностей, которые определяют степень усвоения знаний, а потому эффективность подготовки к профессии практически в равной степени зависит от интеллекта. Л.В. Дяченко определяет интеллектуальное развитие в высшей школе как совершенствование логического, абстрактного, творческого мышления индивида и способности его практического использования в процессе личностного и профессионального становления. Интеллектуальные способности будущего педагога проявляют себя в умениях и навыках:

- понимать задачи в различных формулировках и контекстах;
- самостоятельно пополнять знания и ориентироваться в стремительном потоке информации;
- находить необходимую информацию в различных источниках;
- перерабатывать полученную информацию, систематизируя ее по определенным признакам;
- аргументировать собственные высказывания; устанавливать ассоциативные и практически целесообразные связи между информационными сообщениями;
- выделять главное в информационном сообщении [Дяченко Л.В., 2009].

Таким образом, в условиях информатизации развитие интеллектуального потенциала студентов будет эффективным при использовании ИТ-технологий. Понятие ИТ-технологий технологий включает в себя как компьютерные, так и телекоммуникационные технологии в образовании. Ученым М.И. Жалдаком ИТ-технологии рассматриваются как целенаправленная организованная совокупность информационных процессов с использованием средств вычислительной техники, обеспечивающих высокую скорость обработки данных, быстрый поиск информации, рассредоточение данных, доступ к источникам информации независимо от места их расположения [Жалдак М.И., 1997, 291 с.].

ИТ-технологии – это комплекс учебных и учебно-методических материалов, технических и инструментальных средств вычислительной техники учебного назначения, методы и организационные формы обучения, а также система научных знаний о роли и месте средств вычислительной техники в учебном процессе, о формах и способах их применения для повышения эффективности деятельности преподавателя и студента.

В состав ИТ-технологий входит:

1. Техническая среда, которая представляет собой вид используемой техники для решения основных задач обучения.
2. Программная среда, которая создает набор программных средств.
3. Предметная среда, которое определяет со-



держание конкретной науки на уровне учебной дисциплины.

4. Методическая среда, предусматривает наличие инструкций, порядка применения, оценки эффективности.

### ЗАКЛЮЧЕНИЕ

IT-технологии в обучении, прежде всего, связаны с использованием специально разработанных технических или программных продуктов, применение которых направлено на обеспечение эффективности учебного процесса.

Целенаправленное, обоснованное, систематическое применение IT-технологий обеспечивает решение информационных, учебных, контрольных и организационных функций. Использование IT-технологий в учебном процессе университета решает ряд проблем:

1. Знакомит студентов с возможностями компьютерной техники, прививает умение и навыки целесообразного ее использования; формирует умение пользоваться учебными программами.

2. Помогает студенту быстро и качественно усваивать учебный материал; индивидуализирует обучение.

3. Обеспечивает возможность одновременного компьютерного тестирования всех студентов; проводит компьютерный контроль качества работы.

В использовании IT-технологий в сфере образования выделяются несколько направлений:

1. Применение информационных технологий в качестве средства обучения, которое совершенствует процесс преподавания и повышает его качество и эффективность;

2. Использование информационных технологий в качестве инструментов обучения, познания себя и действительности;

3. Применение информационных технологий в качестве средства творческого развития обучающегося;

4. Использование информационных технологий в качестве основного средства автоматизации процессов контроля, коррекции, тестирования и психодиагностики;

5. Организация коммуникаций на основе использования средств информационных технологий с целью передачи и приобретения педагогического опыта, методической и учебной литературы;

6. Интенсификация и совершенствование управления учебным заведением и учебным процессом на основе использования системы современных информационных технологий.

В заключение стоит отметить, что применение IT-технологий в образовательном процессе вуза способствует развитию интеллектуального потенциала студентов. IT-технологии облегчают процесс обучения студента, усиливают развитие интеллектуальных возможностей обучающихся и, несомненно, повышают качество обучения на всех ступенях образовательной системы. IT-технологии в образовательном пространстве вуза способствуют тому, что имеют место наглядная демонстрация информации, значительная экономия средств и времени, повышенная заинтересованность студентов и оформление результатов исследований, позволяющих анализировать влияние различных факторов на исследуемый процесс.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Савченко Т.В. К вопросу о развитии интеллектуального потенциала студентов высшей школы // Омский научный вестник. 2011. № 5 (101). С. 170–173.
2. Ушаков Д.В., Карнышев А.Д. Компетенции, креативность и предприимчивость как основа инновационных потенциалов личности и группы // Экономическая психология: актуальные исследования и инновационные тенденции : мате-риалы X Юбилей. междунар. науч.-практ. конф. / ред. А.Д. Карнышев. Иркутск, 2009. С. 378–392.
3. Данкова Ж.Ю. Управление интеллектуальным потенциалом студентов в высшей школе: Автореф. дис. на соиск. учен. степ. к. социол. н. Белгород, 2004, 18с.
4. Лейтес Н.С. Одаренные дети. – М.: АСАДЕМА, 2007. – 332 с.
5. Смульсон М.Л. Интеллект. //Энциклопедия образования / Акад. пед. наук Украины; главный ред. В. Кремень. – М.: Интер, 2008. - 1040 с. - С. 356 - 357.
6. Дяченко Л.В. Интеллектуальное развитие студентов в процессе профессионального обучения / Л. Дяченко [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http://www.rusnauka.com/27\\_NNM\\_2009/Pedagogica/53125.doc.htm](http://www.rusnauka.com/27_NNM_2009/Pedagogica/53125.doc.htm)
7. Жалдак М.И. Компьютер на уроках математики. – Киев: Техника. – 1997. – 304 с.



**КОНЫРТАЕВА ГУЛНУР БЕКСАУЫТОВНА,**

2-ші курс магистранты,  
«7М01101 – Педагогика және психология» мамандығы,  
ҚҰҚПУ,  
E-mail: gulnur.erdauletova@mail.ru



**МҰСАБАЙ НҰРАЙЫМ НУРЖАНҚЫЗЫ,**

2-ші курс магистранты,  
«7М01101 – Педагогика және психология» мамандығы,  
ҚҰҚПУ

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ИДЕАЛЫ МЕН КӘСІПКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім алушылардың кәсіби идеалын қалыптастыру, идеал мен кәсіби идеал арасындағы айырмашылықтар, кәсіби бағыттылықтың маңызы және кәсіби өзін-өзі жетілдіру, кәсіптік білім беру, таңдау пәндерінің маңызы туралы түсініктер қарастырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру, экономикалық қарама-қайшылықтарды түсіне білетін азаматтарды қалыптастыру мақсатында жоғары сынып оқушыларын кәсіпкерлікке дайындау мәселесі көтеріліп отыр. Таңдау пәндері арқылы болашақ педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылған. мектеп бағдарламасына «Кәсіпкерлік негізері» пәнін енгізудің тиімді тұстары мен шет елдердің нәтижелі практикасы берілген.

**Тірек сөздер:** кәсіби идеал, идеал, кәсіби бағыттылық, кәсіпкерлік дағдылар, құзыреттілік, кәсіби өзін-өзі анықтау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются понятия о формировании у обучающихся профессионального идеала, о различиях между идеальным и профессиональным идеалом, о значении профессиональной направленности и профессионального самосовершенствования, о профессиональном образовании, о значении предметов по выбору. Кроме того, в целях формирования предпринимательских навыков обучающихся, формирования граждан, осознающих экономические противоречия, поднимается вопрос подготовки старшеклассников к предпринимательству. Рассмотрены возможности формирования профессионального идеала будущих педагогов через предметы по выбору, в школьной программе представлены эффективные аспекты внедрения предмета «Основы предпринимательства» и результативная практика зарубежных стран.

**Ключевые слова:** профессиональный идеал, идеал, профессиональная направленность, предпринимательские навыки, компетентность, профессиональное самоопределение.

**Annotation.** This article discusses the concepts of the formation of students' professional ideal, the differences between the ideal and professional ideal, the importance of professional orientation and professional self-improvement, professional education, and the value of elective subjects. In addition, in order to develop students' entrepreneurial skills, to form citizens who are aware of economic contradictions, the issue of preparing high school students for entrepreneurship is raised. The possibilities of forming the professional ideal of future teachers through elective subjects are considered. the school curriculum presents effective aspects of the introduction of the subject «Fundamentals of entrepreneurship» and the effective practice of foreign countries.

**Keywords:** professional ideal, ideal, professional orientation, entrepreneurial skills, competence, professional self-determination.

### КІРІСПЕ

Күрделі экономикалық және әлеуметтік - мәдени қайта құруды, жалпыәлемдік кеңістікке ендінің белсенді үдерістерін сипаттайтын қазақстандық қоғамның заманауи кезеңі кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларындағы мамандарды даярлаудың сапасына талаптарды өзгерту мен және арттырумен болды. Соңғы жылдары болашақ психологтардың әлеуметтік-құндылықтық бағ-

дарларынан еңбекке қатынасы, таным мен білім беруге жалпыадамзаттық рухани құндылықтар ретінде және мамандыққа тұлғаның өзін-өзі жетілдіруінің негізгі құралы ретінде қатынастарындағы күрделі өзгерістерді байқауға болады. Бұл болашақ мамандардың кәсіби дүниетанымының өзгеріп, гуманистік кәсіби идеалдарының әлсіреуіне, өзіндік жетілу идеалдарымен алмасуына алып келеді.



Кәсіби идеал қалыптастыру идеясы мәдени және жобалық білім берудің талабына сүйенетін заманауи жоғары кәсіби білім беру парадигмасымен үйлесімді байланысады. Бұл тұрғыда гуманистік, экзистенциалдық, студентке бағдарланған парадигмалар студент тұлғасын өз өмір әрекетінің субъектісі, идеалды таңдауда ерікті тұлға ретінде қарастырады. Гуманистік және экзистенциалдық педагогика дегеніміз-көмек, қолдау, ықпал ету, қамтамасыз ету, қорғау, өзара әрекеттесу, субъект-субъектілік қарым-қатынас ретінде қабылданатын кәсіби идеалды қалыптастыру.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XXI ғасыр әлемде жаңа өнеркәсіптер мен тарихта болмаған салалардың пайда болуымен ерекшеленіп келді. Түрлі кәсіптер пайда болып, қарыштап даму үстінде. «Кәсіпкерлік қызмет» немесе «кәсіпкерлік» ұғымы жалпы мағынада негізінен инновациялық сипатқа ие экономикалық қызметтің ерекше түрімен байланысты. Нарық үшін жаңа тауарлар мен қызметтерді өндіру, қызметтің басқа түріне көшу, басқарудың инновациялық жүйесін енгізу, жаңа технологияны, нарықтық инфрақұрылымның жаңа элементтерін құру және енгізу - мұның бәрі әртүрлі кәсіпкерлік қызметтің мысалдары. Шын мәнінде, мұндай қызмет инновациялық сипатқа ие, бұл оның атауында көрінеді. Сонымен, В. Даль сөздігінде «қабылдау» сөзіне «бастау, жаңа бизнесті бастау, маңызды нәрсені жасауға кірісу» анықтама берілген [upload.wikimedia.org]. Кәсіпкерлік – бұл экономикалық белсенділікті жүргізу өнері, Сондықтан оның субъективті аспектісі бар [Бордовская Н.В., Реан А.А., 2006, 217 с.].

Мектеп те, мемлекет те балалар мен жастар кәсіпкерлігін дамытуға мүдделі. Ресейдің болашағы үшін өз ісімен айналысатын адамдардың үлесі артуы өте маңызды. Бүгінгі таңда Ресейдегі шағын кәсіпкерліктің үлесі тек 12% құрайды. Мысалы, АҚШ – та-70%, Жапонияда-78%. Осы нәтижелерді ескере отырып, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Кәсіпкерлердің жаңа буынын қалыптастыруға басымдық беріледі [Егемен Қазақстан. – 2017 жыл, 12 сәуір]. Сол себепті «Кәсіпкерлік негіздері» пәні мектептен бастап жоғары оқу орнына дейінгі барлық білім беру сатысында оқытылуы керек» - деген болатын. Осы жолдау аясында әлем елдерінің практикасын бақылау арқылы төмендегідей ұтымды тұстарды көре аламыз.

Тәуелсіз мектептен тыс мекемелердегі іс-шаралар:

- кәсіпкерлік бойынша мектеп клубтары;
- мектеп бизнес-инкубаторлары.

Мұндай формалар жоғарыда аталған елдерде соңғы үш-төрт кезеңде пайда бола бастады. Жылдар бойы оқу көптеген жаңа оқу мүмкін-

діктерін әкелді және оқушылардың кәсіпкерлік іске қызығушылығын арттыру. Бұл құралдарды жоғары оқу орындарымен, мектептермен және қосымша білім беру орталықтарымен бірлесіп ұйымдастыруға болады. Әрине, мұндай құрылымдардың ұйымдастыру формалары бар екенін атап өткен жөн. Олар әр түрлі болуы мүмкін: егер олар белгілі бір Университеттің негізінде жұмыс істесе немесе белгілі бір мектеп болса, біз бұрын қарастырылған барлық құралдарда айтылған ресурстар мен мүмкіндіктермен шектелміз.

Соңғы жылдары отандық ғылым мен практикада болашақ мамандардың құндылықтық-мәндік аймағын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтардың артқанын байқаймыз. Отандық зерттеушілер психолог мамандарының кәсіби қалыптасуы мәселесі төңірегінде Г.К. Ахметова [Ахметова Г.К., 2002, 171 с.] зерттеулерінде «білім беру идеалы» мұғалім кадрларын даярлаудың даму тарихының қалыптасуын педагогикалық тұрғыдан негіздесе, ал Е.З. Батталханов оқушы жастардың гуманистік дүниетанымының қалыптасу мүмкіндіктері мен жағдайларын психологиялық мәселе ретінде қарастырған [Батталханов Е.З., 2002, 239 с.].

Ал, Г.Ж. Меңлібекова болашақ ұстаздарды әлеуметтік педагогикалық жұмысқа дайындаудың жүйесін құруда теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастырған болса [Меңлібекова Г.Ж., 2002, 202 с.], М.Т. Баймұханованың зерттеу нысаны болашақ педагог-психологтардың студент жастар мен отбасын құру мәселелерін қарастырған [Баймуканова М.Т., 2001, 157 с.].

Д. Ертарғынқызы «Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру жүйесін» әсер ететін педагогикалық шаралар мен әдістері арқылы құрастырған [Ахметова Г.К., Ертарғынқызы Д., 2015, 101 б.].

Жоғарыда аталған отандық ғалымдардың еңбектерін жүйелей келе, «кәсіби идеал», «идеал» ұғымдарын нақтылауға талпындық.

«Идеал» ұғымы адамның әлеуметтік өмірінде маңызды орын алатындықтан, философиялық, әлеуметтік-саяси, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылады.

«Идеал» ұғымы педагогиканың маңызды категорияларының бірі болды. Бұл аспектіде ол мақсат, құрал және тәрбие әдісі, тұлғаның тәрбиелік деңгейі, өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі қозғаушы күші, адам мінез-құлқы мен іс-әрекетінің реттеушісі ретінде қарастырылды. Аталған қызметтердің жиынтығы кәсіби идеалдың экзистенциалды мәнін анықтайды, сәйкесінше, адамның өмірінде маңызды рөл атқарады.

Кәсіпкерлік қызметтің мазмұны – бұл өндіріс факторларының жаңа жиынтығы немесе жаңа өнімді немесе қызметті өндіру, өндіріс процесіне немесе өнімді тұтынушыға жеткізу процесіне инновациялық элементті енгізу, атап айтқанда:

- өндірісті басқару жүйесін өзгерту;

- қолданыстағы серіктестік жүйесін өзгерту немесе жетілдіру;
- жаңа техника мен технологияны қолдану;
- жаңа материалдарды пайдалану;
- тауарларды орау;
- жарнаманы ұйымдастырудың жаңа схемасы;
- маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне жауап беру;
- капитал айналымының мерзімін қысқарту;
- пайданы пайдаланудың тиімді түрлерін іздеу;
- қызметкерлерді ауыстыру немесе біліктілігін арттыру;
- ұжымда ерекше мәдениетті қалыптастыру;
- жұмыс уақытын тиімді пайдалану бойынша шаралар қабылдау.

Мұның бәрін тек теориялық білім алу арқылы түсінуді үйрену мүмкін емес. Оқытудың ең үлкен әсері адам кітапта оқығанын немесе мұғалімнің айтқанын іс жүзінде жасаған кезде қол жеткізіледі яғни, теориямен практика сабақтастырыла отырып берілген білім құнды.

Егер идеал – мақсатқа жету ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесінің міндеттерін бірден және кешенді түрде шешумен байланысты болса, онда педагогикалық үдерістің жеке алынған бөліктерінің мақсат-міндеттері, әрине аумағы жағынан кіші және мазмұнды жағынан нақтылы болады.

Білім беру қызметінің кез келген түрінде және кәсіпкерлікте тиімді болуы үшін, оның ішінде білім беру пирамидасының барлық 4 аспектісі де қамтылуы қажет:

- *психикалық аспект* – ұғымдарды, терминдерді, заңдарды және басқа теориялық негіздерді білу;
- *физикалық аспект* – теориялық білімді практикада қолдана білу.
- *эмоционалды аспект* – қиындықтар мен кедергілерді оң қабылдау, қателіктер жасаудан қорықпау;
- *рухани аспект* – қиындықтарды жеңуге, тәуекелдерге дайын болу, өзіңе сену және істеп жатқан ісіңнің жетістігіне сену.

Кәсіби идеал тұлғаның кәсіби бағыттылығын көрсететін кәсіби тұрақтылығын анықтайды, кәсіби іс-әрекет аясында кәсіби этикалар мен нормаларды қабылдап, өзін нағыз кәсіби маман ретінде арман-мақсаттарын, қалаулары мен тілектерін қанағаттандыруды көздейді. Сәйкесінше, кәсіби идеал, кәсіби жоспарларды, қатынастарды, кәсіби көзқарастарды, кәсіби бағыттылық пен тұрақтылықты анықтайтын кәсіби маманның интегралды сипаттамасы болып табылады. Адам кәсіби идеалға сәйкес өзінің кәсіби белсенділігінің шамасын, кәсіби міндеттерінің күрделілігін, интеллектуалдық және физикалық күштерінің деңгейін анықтайды, өз мүмкіндіктерін бағалайды.

Кәсіби идеал кәсіби іс-әрекетте жетістікке жетуді қамтамасыз ететін маманның кәсіп жо-

лында қойған мақсаты, мәні, құндылықтары, кәсіби маңызды сапалары, қоғамдық көзқарасын анықтайтын, жоғары әлеуметтік статусқа жетуге ықпал ететін әлеуметтік маңызды сапалары; ұжымда өзара түсіністік пен өзара қарым-қатынасқа түсу негізінде эмоционалдық-тұлғалық байланыстарды жүзеге асыратын адамгершілік сапалары (Сурет 1).



**Сурет 1 – «Кәсіби идеал» ұғымының құрылымы**

Кәсіби идеал мен мамандық таңдау арасындағы айырмашылық, идеал – мақсат, ал мамандық таңдау – осы мақсатқа жетудің құралын таңдау, белгілі бір іс-әрекетте өз-өзін дәлелдеу. Идеалды іздеу, таңдау және бекіту студент санасында кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың негізгі кезеңін құрайды. Кәсіби идеалдың болуы – саналы, дұрыс, дәл уақытында мамандық таңдаудың алғышарты болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау – тұлғаның өз бетінше өз іс-әрекетінің мәнін анықтау және сезіну. Болашақ педагогтардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісі тұлғаның кәсіби қалыптасу жолындағы және оның даму барысындағы ішкі ресурстардың, күштер мен ұстанымдардың көрініс табуымен байланысты. Адамның кәсіби және оның кәсіби жолындағы кәсіби өзін-өзі анықтауы кәсіби идеалдың қалыптасуының тұлғалық аспектісі болып табылады. Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы мамандықты таңдау контекстінде ғана емес, тұлғаның кәсіби даму мәселелерімен байланысты қарастыру қажет.

Кәсіби идеал қалыптастыру үшін келесідей экзистенциалдық идеялар маңызды болып табылады:

- 1) Адам өзіндік мәнін табу үшін үздіксіз ізденісте жүреді;
- 2) Адам өзінің өмірлік және кәсіби жолын таңдауға ерікті және таңдаған жолына өзі жауапты;
- 3) Адам болашаққа ұмтылады, ол өз-өзінің жобасы болып табылады және соған сай жүзеге асырады [Dana L. P., 2001. 328 p.].

Тиімді қызметке қол жеткізу үшін кәсіпкер бірқатар кәсіби қасиеттерге ие болуы керек:

- тиімді келіссөздер жүргізе білуімен және серіктестер мен клиенттерді сендіре білуімен;

- жаңашылдық-ғылыми идеяларды, өнертабыстарды, саладағы жаңалықтарды тиімді іске асырудың жаңа шешімдерін, жаңа идеялары мен нұсқаларын табу мүмкіндігі. Кәсіпкерлік жаңашылдық- бұл заманауи жаңалықтарды терең талдау негізінде жаңа идеяларды құру мүмкіндігі, олардың практикалық іске асырылуы пайдалы қызметке қол жеткізуге әкеледі;

- кәсіпкерлік ұстамдылықпен, яғни бастамаларды, жаңа идеяларды, технологияларды немесе басқа да іс-әрекеттерді, бизнес-жобаларды ұстап қалуға бағытталған іс-қимылдардың ерекше нысанымен;

- кәсіпкерлік менталитет яғни, ерекше ақыл-ой, әртүрлі психологиялық қасиеттер мен өзге де қасиеттер. Кәсіпкерлік менталитет оның ойлаудың ерекше түрінде көрінеді, бұл барлық жаңа нәрселерді байқауға, жаңа идеяларды қолданудың нақты формаларын іздеуге, талдауға және жоспарлауға, бұрын жасалғандарды жетілдіруге мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік менталитет максималды пайда алу үшін ресурстардың оңтайлы байланысын бизнес-кәсіпкерлік жобалау жүйесінде жүзеге асырылатын арнайы кәсіпкерлік ойлау жүйесіне өзгертіледі;

- ұтқырлықпен, яғни кәсіпкердің негізгі тенденцияларды ұстап, олардың өзгеруін болжай алу қабілеті. Ұтқырлық кәсіпкерге қысқа уақыт аралығында қолда бар әлеуетті мүмкіндіктерді қолданыстағы материалдық және адами капитал жағдайына келтіруге мүмкіндік береді;

- коммуникабельділік - адамның қарым-қатынас жасау, іскерлік байланыстар мен өзге де байланыстар орнату қабілеті.

Қазіргі тез өзгеретін әлемде адамның кәсіпкерлік, бастамашылық және Тәуелсіздік сияқты қасиеттері өзекті болып табылады. Бұл қасиеттер болмаса, қаржылық емес, табысты адам болу өте қиын.

Ата - аналардың көпшілігі балаларының дені сау және бақытты ғана емес, сонымен бірге қаржылық тәуелсіз екендігіне шын жүректен қызығушылық танытады.

Қазір қаржылық тәуелсіздік-бұл мамандықты игерудің белгілі бір дағдылары емес, ақпарат ағынында жүру, мүмкіндіктерді көру және олардан тек өздері үшін ғана емес, сонымен бірге

қоғам үшін де пайда мен артықшылықтар алу мүмкіндігі. Сондықтан қалау жас адамдар дені сау құндылықтар.

Өмірге деген мұндай көзқарас балада тәрбиеленеді, егер ол мектеп жылдарында кәсіпкерлік қызметпен таныса бастаса, экономикалық білім мен дағдыларды игерсе, ойын және нақты бизнес-жобаларға қатысса онда білім алған жас жігіттің табысты болуға, өз ісін ашуға мүмкіндігі көп. Осындай жастардың көмегімен кадрлық аштық мәселесін шешу оңайырақ болады. Дәл осындай жастар шын мәнінде дамыған елдің негізі болып табылатын нағыз орта тапқа айналады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Кәсіби идеал қалыптастыру идеясы мәдени және жобалық білім берудің талабына сүйенетін заманауи жоғары кәсіби білім беру парадигмасы бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Сонымен қатар, кәсіби идеал мақсат қою, мінез-құлықты реттеу, танымдық, тәрбиелік, қайта құру, ынталандыру, бағыттылық, бағдарламалық, жобалық, бағалаушылық қызметтерді атқарады.

Ал, кәсіпкер – жалдамалы қызметкерден немесе мемлекеттік құрылымның шенеунігінен ерекшеленеді, өйткені ол күніне 24 сағат бизнес туралы ойлануы керек, соның әсерінен ол демалыс туралы ұмытып кетеді, өйткені ол көшбасшысыз өз бизнесін қалдыра алмайды. Шынайы өмірдегі қателіктер кейде өте ауыр зардаптарға әкеледі. Ал бизнесте бұл өте қатты сезіледі.

Табысты бизнес – бұл инновациялық бизнес. Кәсіпкер бәрін өзі жасай алмауы мүмкін, бірақ ол қалай ұйымдастыруды, команда құруды, қажетті мамандарды табуы біледі.

Команда құру, командамен бірге мақсатқа тек көшбасшы болғанда ғана қол жеткізе алады. Бизнес – бұл көшбасшы ең үлкен жауапкершілікті өзіне алатын командалық ойын. Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу кәсіпкер жетістігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Сондықтан, егер мектеп оқушыларын кәсіпкерлік қызметке дайындау тұрғысынан қандай білім қажет екендігі туралы айтатын болсақ, онда бізге ең алдымен теория емес, сабақтың практикалық бағыты қажет. Қателерді көре білуі, енгізу, қателесу және түзету мүмкіндігі. Сондай-ақ, оқу процесінде студент не істейтінін, команданы қайда апаратынын түсініп, жауапкершілікті сезінуі керек.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Толковый словарь русского языка И.В.Далю. - <https://upload.wikimedia.org/wikipedia/commons>
2. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика: учебник для вузов. — СПб.: Питер, 2000. — 304 с. — (Серия «Учебник нового века»).
3. Егемен Қазақстан. – 2017 жыл, 12 сәуір. №70 (29051).
4. Ахметова Г.К. Трансформация образовательного идеала в подготовке учительских кадров в Республике Казахстан: (Историко-педагог.аспект). Г.К.Ахметова/ КазНУ имени аль-Фараби – Алматы:

Қазақ Университеті, 2002. – 203 с.

5. Батталханов Е.З. Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социального – педагогическая проблема: дис. ... д-ра пед.наук. – Алматы, 2002. – 303 с.

6. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе: дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 2002. – 291с.

7. Баймуканова М.Т. Научные основы подготовки будущих социальных педагогов к работе со студентами по формированию семьи: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2001. – 162с.

8. Ахметова Г.К., Ертарғынқызы Д. Студенттердің әлеуметтік салаға бағыттылығы кәсіби идеалға ұмтылыс факторы ретінде //ҚПФА Хабаршысы, 2015, №1. – Б. 112-119.

9. Dana L. P. The education and training of entrepreneurs in Asia // Education + Training. — MCB University Press. — 2001. — Vol. 43. — No. 8/9. — P. 405.



**КІШІБАЕВА ДАРИХА ДЖУНИСБЕКҚЫЗЫ**п.ф.к., доцент,  
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан**САЙЛАУ МӨЛДІР НҰРЛАНҚЫЗЫ,**

магистр оқытушы

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аннотация.** Инклюзивті оқыту қазақстандық білім беру жүйесінде соңғы жылдары енгізіле бастаған жаңашыл идея болып табылады. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған құрдастарымен мектепте қосып оқытудың маңыздылығы, қажеттігін және тиімділігін педагогикалық жұртшылық мойындай бастады. Дегенмен, инклюзивті оқыту отандық мектеп тәжірибесі үшін жаңалық болғандықтан оны іске асырумен байланысты көптеген психология–педагогикалық, ұйымдастырушылық проблемалар туындайды. Сол себепті осы саладағы дамыған елдер тәжірибесін зерделеу және одан қазақстандық жалпы білім беру жүйесінде шығармашылықпен пайдаланудың жолдарын анықтау үлкен ғылыми теориялық және практикалық маңызға ие.

**Кілтті сөздер:** бастауыш сынып, инклюзивті білім беру, ұйымжастырушылық, педагогика.

**Аннотация.** Инклюзивное обучение является новаторской идеей, которая начала внедряться в казахстанской системе образования в последние годы. В настоящее время важность, необходимость и эффективность школьного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья с нормально развитыми сверстниками стала признаваться педагогической общественностью. Однако, поскольку инклюзивное обучение является новшеством для отечественной школьной практики, возникает множество психолого–педагогических, организационных проблем, связанных с его реализацией. Поэтому большое научное теоретическое и практическое значение имеет изучение опыта развитых стран в этой области и определение из него путей творческого использования в казахстанской системе общего образования.

**Ключевые слова:** начальные классы, инклюзивное образование, организация, педагогика.

**Annotation.** Inclusive education is an innovative idea that has been introduced in Kazakhstan's education system in recent years. Currently, the teaching community is beginning to recognize the importance, necessity and effectiveness of co-teaching children with disabilities with their normally developed peers in school. However, since inclusive education is a novelty for the Russian school experience, there are many psychological, pedagogical and organizational problems associated with its implementation. Therefore, the study of the experience of developed countries in this area and the identification of ways to use it creatively in Kazakhstan's general education system is of great scientific, theoretical and practical importance.

**Key words:** primary school, inclusive education, organization, pedagogy.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі» мәселесі қойылады. Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттігін атап өткен, «оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс» деген [1]. Сондықтан бүгінгі таңда денсаулығы шектеулі балалар да басқа барлық оқушылар сияқты сапалы, әлеуметтік бейімделуге, қоғамда өз орын табуға толық жағдай жасайтын білім алуға тиісті екендігін ерекше айту қажет. Арнайы білім беру мекемелеріндегі жағдайлар мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан, әлеуметтік ортадан бөлектеніп қалуына әкеліп отыр. Олардың қоғамның басқа бөлігі мен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері өте аз. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдар-

ға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті оқыту білім жүйесін дамытудың ең бір өзекті бағыттары қатарынан орын алып отыр. Бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балалардың санының ұлғайғандығы, 2002 жылы олардың саны 120 мың құраса, 2009 жылы 149 246 мыңды құрағаны, олардың 38%-ы ғана арнайы білім беру бағдарламаларымен қамтылғаны жазылған. Алға қойған мақсаттарға жету үшін міндеттерді орындау қажеттілігі қатарында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жетілдіру көрсетілген. Сондай-ақ барлық өңірлерде ерте жастағы балаларға түзету - педагогикалық қолдау көрсету үшін және инклюзивті білім беру кабинеттері құрылатыны, мектептер үлесі жалпы санына 10%-дан 70%-ға дейін артатыны көрсетілген [2]. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде қалыпты дамыған оқушы-

лармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды. Инклюзия – бұл балалардың жынысына, этникалық және діни құрамына, бұрынғы оқудағы жетістіктеріне, денсаулығының жағдайына, жетілу деңгейіне, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық дәрежесіне және т.б. өзгешеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру барысында балаларды интегралды түрде оқыту процесі. Инклюзивті білім беру барлық балалардың түрлі қажеттіліктері үшін тиісті оқу кеңістіктерін құру негізінде сапалы білім алуға қол жеткізуге және бірігіп оқытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру – бұл бала және оның әртүрлі білім алу барысындағы қажеттіліктерін қамтамасыз етудің шешімі. Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы білім беретін мектептің іс-тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту педагогикалық жаңашылдық деп бағалануы мүмкін. Себебі мәселенің жаңалығы қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс-тәжірибесінде инклюзивті оқыту жан-жақты зерттеуді талап етеді. Инклюзивті оқыту мәселелері педагогикалық ойлармен, мектептің дамуы тарихында жаңа мәселе емес. Өз кезінде белгілі педагогтар мен психологтар И.Г. Песталоцци [3], Л.С. Выготский [4] т.б. еңбектері мен педагогикалық іс-тәжірибесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған балалармен бірге оқытудың білімдік және тәрбиелік рөліне көп мән берілген. Соңғы он жылдықтарда шетелдік педагогикамен білім тәжірибесінде инклюзивті оқыту мәселелері педагогикалық жұртшылықтың назарынан кең орын алып отыр. ЮНЕСКО инклюзияны оқушылардың сан алуандығына және балалардың жеке басындағы ерекшеліктер проблема емес, керісінше білімін байытуға мүмкіндік ретінде қарауға жағымды әрекет етеді деп санайды. Мүмкінділігі шектеулі тұлғалар қоғамның басқа да мүшелері сияқты білім алуға, өмір сүруге, жергілікті жерде жұмыс жасауға, өз үйінде тұруға, достарын таңдауға және олармен дос болуға, қоғамға сай қажетті адам болуына толық құқығы бар. Сондықтан да оларға мемлекет тарапынан үлкен көмек көрсетілуі қажет. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында күрделі әлеуметтік-саяси өзгерістерге тәуелді мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету, бүкіл әлемдегі беталысқа сәйкес келтіру шаралары басталуда. Отандық білім беру жүйесіндегі демократиялық реформалар, білім берудің гумандық парадигмаларының басымды орын алуы арқасында жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектелген балаларды инклюзивті оқыту мәселесі өзекті проблемалардың біріне айналды. Мектепте инклюзивті оқытудың заңнамалық-нормативтік негіздерін қалайтын кейбір құжаттар қабылданды. Қазақстандық ғалымдар Р.А.

Сулейменова [5], А.К. Жалмухамедова [6] мен, А.Т. Баймуратова [7], зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқытудың кейбір мәселелері қарастырылған. Инклюзивті оқыту қазақстандық білім беру жүйесінде соңғы жылдары енгізіле бастаған жаңашыл идея болып табылады. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған құрдастарымен мектепте қосып оқытудың маңыздылығы, қажеттігін және тиімділігін педагогикалық жұртшылық мойындай бастады. Дегенмен, инклюзивті оқыту отандық мектеп тәжірибесі үшін жаңалық болғандықтан оны іске асырумен байланысты көптеген психология-педагогикалық, ұйымдастырушылық проблемалар туындайды. Сол себепті осы саладағы дамыған елдер тәжірибесін зерделеу және одан қазақстандық жалпы білім беру жүйесінде шығармашылықпен пайдаланудың жолдарын анықтау үлкен ғылыми теориялық және практикалық маңызға ие. Сондықтан, арнайы білімнің өзекті мәселелерінің бірі - арнайы мекемелердің санын көбейту емес, сол мекемелердегі білім беру қызметінің сапасын көтеру, жетілдіру. Бұл деген, әлемдегі білім беру саясатымен ұштасады, яғни, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне біріктіруге жол ашады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту мәселесін зерттеу ең алдымен оның негізгі ұғымдарының түпкі мағынасын ашып беруді қажеттейді. Отандық жалпы білім беру мектептерінің іс-тәжірибесінде инклюзивті оқыту жаңа құбылыс. Сондықтан біздің зерттеуіміз үшін «инклюзивті оқыту» ұғымын нақтылау, оған синоним ретінде пайдаланылатын ұғымдардың мәнін қарастырудың рөлі мен маңызы ерекше. Атап айтқанда халықаралық білімдік тәжірибеде «инклюзивті білім беру» мен қатар «интегративті оқыту», «интеграциялық оқыту» сияқты ұғымдар да кең қолданыс тапқан. Инклюзивтік білім беру – дамуында ауытқуы бар балалардың дұрыс, сапалы білім алуына жан-жақты жағдай жасап, білім беру ұйымына (балабақшалар және жалпы білім беретін мектептер) қосу жүйесі. Интеграциялық оқытудың мақсаты – білім беру аясында жұмыс жасайтын әлеуметтік және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын сақтау қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады. Интеграция терминімен бірге кеңестік арнайы педагогикаға ғылымында қалыпты балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытуда «инклюзивтік оқыту» термині жиі қолданылады. Интеграция немесе инклюзивті білім беру термині – жалпы білім беретін көпшілік мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесін сипаттау үшін қолданылады. Интеграция (біріктіру) – арнайы білім беруді ұйымдастырудың жаңа формасы, яғни мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім беру мен тәрбиелеуді және қалыпты бала-



лармен біріктіре отырып оқыту, тәрбиелеу болып саналады. Өкінішке орай Қазақстанда «инклюзия» және «инклюзивті білім беру» түсінігі қоғамдық кең ортаға таныс емес. Бірақта дамыған елдерде бұл терминдер тек таныс қана емес, сонымен қатар заңнамалық түрде бекітілген, ал білім беру, оқытуды көптеген халықаралық ұйымдар қолдайды (мысалы ЮНЕСКО және ЮНИСЕФ) [8]. Инклюзивті оқыту барлық балаларға керекті көмектер көрсетсе, оларда білім алатынын дәлелдеп, көтермелейді. Инклюзивті мектепте балалар сондай демеулерді ала алады. Көмек көрсету акценті баланың мүгедектігіне байланысты, бала өзінің мүгедектігін біліп өзі-өзі кемсітпей, ұялмай білім алу ортасына қалай сіңіп кету жолын көрсетеді. Білім беруге демеу шоғыры, көмектесу жағдайында мектептік спекторлардың кең көлемде дамуына көмектеседі. Білім берудің дамуына демеулік мектеп қауымдастығының мүшелеріне білім берудің қиындығы тек балаларда ғана еместігін және балалар «түзетуді» талап етпейтіндігін және қиындықта білім беруге дұрыс, орынды тәсілдермен келе білу керек екендігін көрсетеді. Инклюзивті оқыту білім алу сферасында теңдікті, әлеуметтік әділдікті, бірлікті және жайлы қатынасты сезіне алу мүмкіндігін жасайды. Инклюзивті білім беру педагогтардың кәсіби білімдерін кеңейтеді. Бұндай білім беру сабақ өткізудің жаңа және икемді тәсілдерін қолдануға, оқушыларға білім беруде сапалы сабақ жоспарларын жасауға мүмкіндік туғызады. Инклюзивті мектеп барлық жергілікті, өнірлік және жалпы мемлекеттік қауымдастыққа пайда әкеледі. Инклюзивті оқыту сапалы, сәтті болуы үшін қоғаммен тығыз қатынаста болуды қалайды. Бұл өзара байланыс екі жақты. Мектеп және қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан, осы қатарда белгілі ауыл шекараларына, қала, штат және елдер өздеріне инклюзивті оқытудың пайдасын қосады: инклюзивті мектеп ерекше қажеттілікті керек ететін жандарға бағдар жасайды, олардың түрлілігі мен адами ар-намысын қадағалайды. Әр инклюзивті мектепте қызымет ететін адамдар, олардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін едәуір білетін болады. Оларға адамгершілікпен қарап, сыйлап, түсінетін болады. Инклюзивті мектеп мемлекеттік деңгейде әлеуметтік теңдікті қалайды, өмірде барлық балалар білім алуға, қоғамда қалыпты адамдар секілді барлық мүмкіндіктерді алуын демонстрациялап, дәлелдейді. Интернет, электронды почта сияқты технологиялардың арқасында үнемі өсіп келе жатқан адамдардың саны әр түрлі елдерде бұрынғыдан әлде қайда өсіп келеді. Барлық дүниені қол астына ұстаған, саяхат жасауды ұнатпайтын адамдар аз ғана уақыт ішінде кез-келген жерде бола алады. Бұл байланыстардың бәрі қамау мүмкіндіктерін шектейді. Білім – жеке тұлғалар мен мемлекет келешегін құрудың негізі. Біздің әр қайсысымыз әлеуметтік теңдікке жету үшін басқалардың білім

алуын қолдауымыз керек. Инклюзивті білім берудің қажеттілігі:

- адамдардың және балалардың құқықтары бойынша жауапкершіліктер әртүрлі деңгейде қарастырылуы тиіс;

- әрбір баланың ақиқат қызығушылықтарын анықтап, оған не қажет екенін айқындап сараптама жасай білу. Дәйектемелерге сүйенсек, институттарда (мысалы, интернат, мектеп-интернаттарында) сол адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды;

- сараптама бойынша, әлеуметтік қызметтер икемді болған кезде ғана жақсарады;

- ресурстар шектеулі болған кезде, қатысушылар инклюзияның әдістемелерін қолдағанда қосымша ресурстарды қажет етпейді.

Инклюзивті білім беруді басқа мәдениетке және қоғамға өз идеяларын жалпы принциптердің негізінде жүзеге асыру барысында инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін мамандар ұсынады:

- балалар жергілікті (үйінің қасындағы) бала бақшаға және мектепке барады;

- жастық шақтан араласу бағдарламасы инклюзияның принциптері негізінде іске асырылады және интегралды бала бақшаға дайындайды;

- әдістеме әртүрлі қабілеттілігі бар балаларды оқытуды қолдау үшін жасалған (сол себептен, тек ерекше қажеттіліктері бар балалардың ғана емес, дені сау балалардың көрсеткіштері өседі);

- инклюзивті болып табылатын мектеп және сыныптарда өтетін іс-шараларда барлық балалар қатысады;

- жеке-дара жас балаларды оқыту мұғалімдер, ата-аналар және көмек көрсете алатын әрбір адамдармен бірге жұмыс жүргізеді;

- егер инклюзивті білім беру дұрыс принциптер негізінде құрылған болса, балалардың қарым-қатынасындағы дискриминацияны жояды және ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамның теңдей мүшесі болу құқығы бар;

- инклюзивті білім берудің барлық күші құқықтық идеология негізінде құрылған – егер біз мұны аяныш және қайырымдылық ретінде жасайтын болсақ, онда ол ешқандай нәтиже бермейді;

- барлық балалар оқи алады – біз оларға қажетті жағдайларды жасауымыз керек;

- арнайы қажеттіліктері бар балалармен жақсы жұмыс жасайтын ұйымдар бар;

Егер инклюзивті білім беру әдісі осы ұйымның жүйесіне сай құрылған болса, онда әрбір бала өзінің оқу орнын табады, және ол орын барлық жағдайда да тиімді болады. Инклюзивті мектептер барлығына да ашық - әрбір жас балаларға және жасөспірімдерге. Инклюзивті мектептер барлық балаларға, олардың ақыл-ой, психологиялық, әлеуметтік, тіл және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан бірдей білім береді. Онда қалада тұратын және жұмыс істейтін ерекше қасиеті бар

мүгедек балалар, көшпенді халықтың балалары және жекеленген жағдайда тұратын халықтың балалары, қиыр шығыста немесе тауларда тұратын балалар оқи алады. Осыған сәйкес заманауи білім беру жүйесінсіз, әрі болашақты барлап кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз жаңа әлеуметтік-экономикалық ахуал құра алмайтынымыз белгілі. Білім берудегі алдыға қойылған басты міндет, қандай сала болмасын кәсіби тұлға қалыптастыру. Осы міндетті жүзеге асыру - педагогикалық білім беру жүйесінде рухани-адамгершілігі мол, рефлексияға қабілетті, ақпараттық коммуникативтік, әлеуметтік-тұлғалық кәсіби маңызды сапалары қалыптасқан, әдіснамалық мәдениеті, әдістемелік деңгейі жо-

ғары мұғалімдерді даярлау қажеттілігін туында- тады. Бұл қажеттілік болашақ мұғалімдерден пе- дагогика, психология, пән әдістемесі ғылымдары бойынша арнайы кәсіби даярлықты талап етеді. Әлемдік білім беру жүйесінде озық тәжірибеге қол жеткізу үшін түрлі кәсіптік білім беру бағдар- ламаларының жоғары деңгейін қалыптастыру жүзеге асырылуда. Ерекшелік ретінде еліміздің білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» құндылық- тарын оқыту талап етіледі. Бұл мәселе педагогика және психология пәні мұғалімдерінен және оларды даярлау үдерісіне тікелей қатысы бар. Сол себепті де, бұл мәселені болашақ мұғалім- дерді даярлауда жобалап, дұрыс жүзеге асыру қажет


### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012 ж., 28 қаңтар. Әлеует- тік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары.
2. 2011–2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мем- лекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым.
3. Песталоцци И.Г. Педагогические сочинения М.: Педагогика, 1998.- С-320.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология М.:Педагогика, 1996.-С- 301.
5. Сулейменова Р.А. Организационно-технологические основы ранней коррекционной педаго- гической помощи детям с ограниченными возможностями (на материале РК): автореф. дис.д.пед. наук.:13.00.01.,13.00.03.- Москва, 2001.-50 с.
6. Жалмухамедова А.К. Организационно-методические основы раннего включения детей с огра- ниченными возможностями в образовательный процесс: дис.канд. пед.наук.:13.00.03.- Алматы, 2006.
7. Баймуратова А.Т., Байтурсынова А.А. Состояние специальных классов общеобразовательных школ в контексте интеграции детей с ограниченными возможностями.// Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Специальная педагогика».- 2008.- №1 (12).-С. 38-46.
8. Закон РК «О социальной защите инвалидов».- Астана.-2005.



**ҚАЛКЕН АЙҒАНЫМ ЖҰМАҚАДЫРҚЫЗЫ,**

2-ші курс магистранты,  
«7M01101-Педагогика және психология» мамандығы,  
ҚҰҚПУ

**РАХИМ БАЛЖАН МИРАСҚЫЗЫ,**

2-ші курс магистранты,  
«7M01101-Педагогика және психология» мамандығы,  
ҚҰҚПУ

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ОЙЛАУЫ МЕН ӨМІРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім алушылардың зерттеушілік ойлау мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Бүгінгі білім беруді модернизациялау кезінде өмірлік дағды, құндылық бағдарлар жүйесінің қарқынды қалыптасуы жүзеге асады. Зерттеушілік құзыреттілік ойлау процесі мен зерттеушілік белсенділіктің даму деңгейін көрсетеді: проблеманы табу және оны бөлшектерге бөлу, оларды шешу жолдары туралы болжамдар құру, проблеманы шешуге міндеттер қойып, гипотезалар ұсыну, оларды шешуді негіздеу.

**Кілт сөздер:** зерттеушілік ойлау, өмірлік дағды, болжам құру, құндылық бағдар, ойлау процесі, зерттеушілік белсенділік.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы формирования у обучающихся исследовательского мышления и жизненных навыков. При модернизации современного образования происходит интенсивное формирование системы жизненных навыков, ценностных ориентаций. Исследовательская компетентность отражает уровень развития мыслительного процесса и исследовательской деятельности: нахождение проблемы и ее разбиение на части, построение предположений о путях их решения, постановка задач на решение проблемы, выдвижение гипотез, обоснование их решения.

**Ключевые слова:** исследовательское мышление, жизненные навыки, прогнозирование, ценностные ориентации, мыслительный процесс, исследовательская активность.

**Abstract.** This article discusses the problems of forming students' research thinking and life skills. In the modern modernization of Education, an intensive formation of a system of life skills and value orientations is carried out. Research competence reflects the level of development of the thinking process and research activity: finding a problem and dividing it into parts, making assumptions about ways to solve them, setting tasks for solving the problem and presenting hypotheses, justifying their solution.

**Keywords:** research thinking, life skills, forecasting, value orientation, thought process, research activity.

### КІРІСПЕ

Жалпы өмірлік дағдыны қалыптастыру мәңгілік проблема, ол қоғамдағы еңбек бөлінісі қаншалықты созылса, соншалықты жалғасады. Өмірлік дағдыны қалыптастыру – білім алушының өз болашақ өмір жолын таңдау болып табылады. Бүгінгі білім беруді модернизациялау кезінде білім алушылардың оқу қызметі көбіне зерттеушілік қызметке айналуға. Сондықтан да қазіргі таңда оқу үрдісіне, білім алушының ғылыми (оқу) – зерттеушілік және эксперименталды-конструкторлық қызметін ендіру ерекше мәнге ие болып отыр. Тәжірибені талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, бәсекеге қабілетті маман зерттеушілік қызмет пен дағдыны меңгеруі тиіс.

Қазіргі таңда болашақ кәсіби мамандар даярлауда, студенттерді ғылыми-зерттеу қызметінің негіздеріне үйретудің жаңа жүйесін жасау қажеттілігі туындап отыр. Студенттерді осындай қызмет түріне дайындау мемлекеттік білім беру стандарттарында көрініс тапқан және жоғары білімді маман моделінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет, – деп атап көрсетті [<https://baribar.kz>]. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн тәртібінде қойылып отырғанын көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Қазіргі заманғы жоғары білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары айтылған, онда білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген» [<http://adilet.zan.kz/kaz/docs>]. Білім алушыларда арнайы білімді қалыптастыруға, сондай-ақ жалпы зерттеулік ізденіске қажет білік пен дағдыны дамытуға қажетті бағдарламаны өңдеу принциптерін атап өткен жөн. Мұндай маңызды құралдардың болуы – баланың танымдық іс-әрекетінің табысты болуының кепілдігі десек қателеспейміз.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өмірлік дағдылар – күнделікті өмірдегі оқиғалар мен қиындықтарды тиімді шешуге көмектесетін қабілеттер мен мінез-құлықтар. Олар өзіңіздің эмоцияларыңызды анықтауға және өңдеуге басқалармен әрекеттесуден барлық нәрселерді реттеуге мүмкіндік беретін дағдылар.

Өмірлік дағдыны тәрбие әдісі арқылы қалыптастыру – жеке тұлғаның тұлға ретінде қалыптасуымен және дамуымен тікелей байланысты күрделі және ұзақ процесс. Себебі, білім алушылардың тәрбие арқылы өмірлік дағдысын қалыптастыруда белгілі бір мамандықтағы қажеттіліктерді қалыптастыратын жеке тұлғаның кәсіптік сапа жүйесі де қалыптасады. Мандықтың өзін кездейсоқ таңдамас үшін өзін-өзі анықтау дағдыларын қалыптастыру процесінде жеке тұлғаның өмірлік дағдысын қалыптастыру қажет [Станиславова О., 2002, 96 с.].

Оқушылардың өмірлік дағдысының қалыптасуына әсер ететін факторлар: *мектеп, отбасы* және *педагог-психологтың* жүргізетін тәрбие жұмыстары.

Серпінді ортада өмірлік дағдыларға ие болу күнделікті өмірдегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Соңғы бес жылдағы жаһандық экономикадағы қызықты өзгерістер технологияның өзгеруімен сәйкес келді және олардың барлығы білім беру, жұмыс орны және үй өміріне әсер етеді. Қазіргі өмірдің өсіп келе жатқан қарқынымен және үнемі өзгеріп отыратын динамикасына төтеп беру үшін жоғарғы сынып оқушыларына өмірдің жаңа дағдылары қажет, мысалы стрессті жеңе білу, уақытты басқару, қаржылық сауаттылық, ашуланшақтық және тағы басқалар. Бұл өмірлік дағдылар өз кезегінде студенттерді өмір салты мен болашақтағы жағдайларға дайындайды. Өмірлік дағдыларды білу арқылы жоғарғы

сынып оқушылары өзіне деген сенімділікті дамытады және өмірдегі маңызды өзгерістерге, қорқыту, кемсіту, күйзеліс, мәдени алауыздық сияқты мәселелерге сәтті қарсы тұра алады.

Зерттеушілік ұстанымы білім алушыларды ғылым саласында қолданылатын зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыруды, зерттеу әдістемесінің тиімді элементтерін меңгеруді және құбылыстар мен үдерістерді зерттеу арқылы өзбетінше жаңа білімдерді игеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілік ұстанымды қолдану студенттердің танымдық қабілеттерін дамытады, білім алушылардың белсенділігін және өзбеттілігін арттыруға, танымдық қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруге қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Көптеген дереккөздерде ғылымның, ғылыми қызметтің белгілі бір құбылысты оған тән түрлерде сондай-ақ осы негізде оның қолданылуының болашақта тиімділігін алдын-ала көруге болады. Л.Клемент атап көрсеткендей, нәрселерді әдеттегідей түсініп, құбылыстардың ғылыми талдауына көшу зерттеушіге қиын болды. Сондықтан ғылым мақсаттарын қабылдау және меңгеру жеке зерттеуді тиімді ұйымдастырудың негізі болуы тиіс [Клемент Л., 2012, 222 с.].

Зерттеу қабілетінің қалыптасуында биологиялық факторлар маңызды роль атқарады, әсіресе зерттеу әрекетіне деген қажеттілік басым. Осы қажеттілік дамудағы және өзін-өзі дамытудағы серіппе, қозғаушы күш болып табылады. Сонда ғана биологиялық организм өзін дамытып қана қоймай, сонымен бірге бүкіл тіршілік атаулыны дамытуға белсенді үлес қосады. Биологтардың зерттеулеріне қарағанда, зерттеу мінез-құлқына деген қажеттілік жоғары дамыған сайын, организмнің дамуы қарқынды болады. Физиологтар мынадай қызықты заңдылықты анықтаған. Жүйке жүйесі жоғары дамыған сайын, ол өзін-өзі қарқынды түрде жетілдіре түседі [Ротенберг В.С., Бондаренко С.М., 1989, 120 с.]. Әр индивидтің іздену әрекетіне деген бейімділігі мен қабілеттілігі әр деңгейде болуы кез-келген басқа да қабілеттіліктің даму дифференциасына, яғни жекеленуіне, даралануына байланысты түсіндіріледі.

Қазақстанда болашақ мамандардың кәсіби-педагогикалық және әдістемелік даярлығын қалыптастыру бойынша, қоғамдағы реформаларға сай білім беру саласының дамуы туралы, сондай-ақ студенттердің зерттеушілік әрекетін қалыптастыру, дамыту және оқу белсенділігі мәселелерін бірқатар ғалымдардың (Таубаева Ш.Т., Әбілқасымова А.Е., Бұлақбаева М.К., Тұрғынбаева Б.А. және т.б.) еңбектерінен көруге болады.

Зерттеушілік мәдениет пен өмірлік дағдыларды қалыптастыруды зерттеу барысында «ойлау» ұғымына түсінік беруге талпындық. Кең мағынадағы адамның барлық таным қызметі, тар мағынада – ойлау. Зерттеушілік ойлаудың критерийлеріне зерттей алу біліктілігі, яғни ғылыми ізденіс жүргізу, зерттеудің мазмұнын, логикасын,

бағдарламасын жасау, ғылыми әдісті таңдап алу және қолдану, эксперимент қою және оның нәтижесін өңдеу, ғылыми тұрғыдан талдау, қорытынды жасау және жұмысты ұсыну, таныстыру жатады (Сурет 1).



Сурет 1 – Ойлау түрлері

Білім алушылардың зерттеушілік ойлауы әрекеті өмірлік дағдысы мен білім алуға деген қатынасын қалыптастырады. Отбасында оқушының өмірлік дағдысының қалыптасуы ұзақ болатын процесс. Бұл әсерлер қатты немесе әлсіз, жағымды немесе жағымсыз әсер етуі, саналы бағыттталып іске асуы, қолайлы немесе келіспеушілік жағдайда болуы мүмкін. Басқалай айтқанда, көптеген зерттеулер көрсеткендей, әр отбасында білім алушылардың өмірлік дағдысының қалыптасуына әсері әр түрлі. Осы сұрақ бойынша жүргізілген сараптама әртүрлі отбасының балаларының өмірлік дағдысының қалыптасуы әр түрлі деңгейде екенін байқауға болады (әсер ету деңгейіне бойынша үш топқа бөлініп алынды) (Кесте-1).

Кесте 1 – Оқушылардың өмірлік дағдысын қалыптастыруға жүргізілген сараптама

Бірінші топ	Екінші топ	Үшінші топ
Баланың өмірлік дағдысына әсер етуші отбасы. Бұл топтағы ата-аналар баланың жеке ерекшеліктерін, мінез-құлқын, танымдық қызуғышылығын, денсаулық жағдайын ескеріп отырып, өмірлік дағдыны қалыптастыруға тәрбиелік кеңестер береді екен. Бұндай отбасында оқушының өмірлік дағдысының қалыптасуына қолайлы жағдай жасалған.	Бұл топты индифферентті деп белгілесек болады. Бұл топтағы ата-аналар балалардың өмірлік дағдысының қалыптасуына бейжайлықпен қарайды. Жалпы алғанда араласпау керек деген бағытты ұстанады. Бұл категориядағы ата-аналарды А.С. Макаренко: “олар балаларына мән бермейді, тек өз тыныштығын ойлайды” деген екен.	Бұл отбасын авторитарлы деп белгілесек болады. Бұндай топтағы ата-аналар балаларының жоспарына шамадан тыс араласады және өздеріне ұнамайтын дағдыларды таңдауларын қалайды. Баланың жеке қабілеттері, икемділіктері, қалаулары ескеілмейді. Күштеу әдісі арқылы оқушыға мақсаты мен қалауын байлап, өмірлік дағдысының қалыптаспауына алып келеді.
60 %	25 %	18%

Кестеден көріп отырғанымыздай, ата-ана мен оқушы арасындағы қарым-қатынас оқушының өмірлік дағдысы мен зерттеушілік ойлауыларының қалыптасуында негізгі фактор екенін көруге болады.

Мектеп – жеке тұлғаның қалыптасатын ортасы. Ол тек жеткіншектің тек қана одан арғы оқуына негіз болатын базалық білім мен машықтарды беріп қана қоймайды, сонымен бірге өмірлік дағдының қалыптасуының ең алғашқы тәжірибесін береді. Жеке ерекшеліктеріне сәйкес өмірлік дағдысының дұрыс қалыптасуына, өз ұстанымын дәлелді қорғай алатын тұлғаның қалыптасуына ең басты мектеп әсер етеді. Жоғары сынып оқушысы болашақ өмірінің барлық қырларын саналы түрде толық бағдарлай алуға дайын болмағандықтан, өмірлік таңдауды өзі-өзінен дасау мүмкіндігіне ие бола алмайды. Ол үлкендер тарапынан қолдауды, педагогика психологиялық, мектептің, отбасының ұйымдасқан түрдегі іскерлігін қажет етеді.

Өмірлік дағдыларына айналатын зерттеушілік ойлауды ақыл-ой ерекшеліктерімен де байланыстырады. «Интеллект» (лат. Intellectus) – ақыл, пайым, адамның ойлау қабілеті. қазақ тіліне аударғанда зият, зияткер [Ожегов С., 1998, 46 б.]. Адамдағы ақылдылық пен ойлау қабілетінің бастауы. Интеллектінің міндеттері: оқып үйренуге қабілеттілік, нысандармен негіздеу, белсенді түрде білімді меңгеру қабілеті.

Неміс ғалымы Шопенгауэр «Зият дегеніміз ол мотивтер ортасы», өйткені ол қабылдаудың ең жоғарғы потенциясы сондай-ақ, адамның интеллектісі екі жүзді болып келеді, яғни ол пісіп жетілетін және абстрактылы танымдардан тұрады» деп анықтама береді. Зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін тиісті мотивтер құрастыру қажет. Ол белгілі бір мінез-құлыққа итер-

мелейтін және иқажеттіліктерді қанағаттандыратын объектілерді сомдайтын бейне; жеке тұлғаны өмірдің белгілі бір жақтарына бағыттау; қажеттілік пен ниеттен тұратын қиын психологиялық білім беру.

Интеллект таным арқылы дамиды. Таным дегеніміз не? Гносеология — айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым, Таным теориясы немесе гносеология (грек. gnosis — білім, таным) — философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, әрбір білім алушылар өзінің болашақ мамандығын қалыптастыратын пәндерді оқып-үйрену барысында алған теориялық білімдерін одан әрі тереңдетіп, жетілдіре беруі үшін күнделікті болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестерді басқарудың тәжірибесін мемлекеттік, салалық және аймақтық тұрғыдан жеткілікті талдап, соның арқасында басқару тәжірибесінің салыстырмалы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай отырып,

соңғыларын одан әрі болдырмаудың жолдары мен әдістерін ғылыми-әдіснамалық және ұйымдастырушылық-құқықтық жағынан негіздей білуге тиіс.

Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін қазіргі ғылымның көкейтесті міндеттерін шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Үздіксіз білім беру арқылы білім алушылардың зерттеушілік ойлауын қалаптастыруда кәсіби тұрғыдан жан – жақты жетілдіру мәселесі бүгінгі күн тәртібіне қойылып отырғанын көріп отырмын.

Зерттеушілік қабілет, зерттеушілік сапа, зерттеушілік мәдениетті ары қарай дамыту жетістікке жетудің қыр сырын біліп жолдарын тиянақты ойластыру қажет. Ал, білім алушыларда өмірлік дағдыларын тәрбие әдісі арқылы қалыптастыру – кезекті күттірмей шешуді қажет ететін маңызды мәселе. Сондықтан жалпы білім беретін мекемелердің бүгінгі таңдағы басты міндеті – білім алушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастырып, келешек өмірлік және кәсіби өзіндік орнын анықтауға дайындау.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Болашаққа бағдарланған даму бағыттары /<https://baribar.kz/student/640/qazaqstan-2050-strategiyasy-qalyptasq>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
3. Станиславова О. Формирование жизненных планов старшеклассников в условиях среднего образования. – Дисс.канд.наук. 2002.
4. Марка Дэвид А., Мак Гоуэн Клемент Л. Методология структурного анализа и проектирования SADT [Пер. с англ.]. – М.: МетаТехнология, 2012. -240 с.
5. Ротенберг В. С, Бондаренко С. М. Беспомощное обучение и обученная беспомощность // Мозг. Обучение. Здоровье: Книга для учителя. М.: Просвещение, 1989. – С.117 – 126.)
6. Ожегов С. Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.



**ҚАРСЫБАЕВА РАИСА КАНАБЕКОВНА,**

п.ф.к., қауымдастырылған профессор, м.а.,  
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

**ТЕКЕСБАЕВА АНАР МОЛДАКЫНОВНА,**

п.ф.к., доцент,  
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

## ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**Түйін:** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру туралы сөз етіледі. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің маңызы мен мазмұны ашылады.

**Түйін сөздер:** шығармашылық іс-әрекеті, жаңа тәсілдер, оқыту, оқу, бастауыш сынып оқушылары.

**Резюме:** В статье речь пойдет о формировании творческой деятельности младших школьников. Раскрывается значение и содержание новых подходов в обучении и обучении.

**Ключевые слова:** творческая деятельность, новые подходы, обучение, обучение, учащиеся начальных классов.

**Summary:** The article will focus on the formation of creative activity of younger students. The article reveals: creative activity, new approaches, teaching, learning, primary school students.

**Key words:** the meaning and content of new approaches in teaching and learning.

**КІРІСПЕ**

Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер білім беру саласында да жаңалықтар енгізіп, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жүріп жатқан жаңашыл, игі бастамалар мектепті осы уақытқа дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты, батыл кадамдарға жол ашты.

Жаңадан жазылған төл оқулықтар мен жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарламалар қолданысқа сатылай еніп, мектептердегі білім мазмұнын әлемдік, мемлекеттік стандартқа сай жүргізу мәселелеріне ерекше көңіл бөліне бастады.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім берудің замануи парадигмасы жеке тұлғаның дамуына әсер ете отырып, оларда кең спектрлі дағдылар ретінде білімді функционалды және шығармашылық негізінде меңгеру мақсаты айқын көрсетілген [Қ.Р.Б.Ф.М., Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018, 4-тарау, 1-параграф].

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолданудың көп нұсқалығын пайдалану бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың тиімді алғышарты болып отыр. Оқушылардың білім алуына «оқыту үшін бағалау» және «оқуды бағалау» арқылы қолдау көрсету оқушының ізденушілік, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттеріне ерекше күш береді.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Бүгінде еліміздегі бастауыш мектептердің іс-тәжірибесінде жеті модульге қарастырылған идеялар кең таралуда. Олар: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану; талантты және дарынды балаларды оқыту; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту; оқудағы басқару және көшбасшылық.

Бүгінгі білім беру мазмұны екі бағытты қамтыса оқыту үдерісінде табысты білім алудың кепілі ретінде конструктивтік (құрастырмалы) білімді айтуға болады. Конструктивтік білім мазмұны - оқушының жеке танымдық ерекшеліктерін дамытудағы басты құрал ретінде, оқушының өзіндік білім алу жолдарын меңгеру бағыттарына қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылуда.

Конструктивтік білім - шәкіртті рефлексия арқылы өзін-өзі «түрлендіруге», өзінің тұлғасын өзгертуге ынталандырады. Яғни тұлға ұсынылған білімді өзіндік тұрғыдан өзгертсе, оның үйренген білімі шәкірт тұлғасын өзгертпей, дамытады, шығармашылық әрекетін қалыптастырады – деп анықтама береді ғалымдар [Әлімов А., 2014, б. 38].

Оқушының танымдық белсенділігі дамудың жоғары сатысына қол жеткізуі, оның өзіндік - шығармашылық іс-әрекетіне тікелей байланысты.

Шығармашылық іс-әрекеттер оқушының логикалық ойлау қабілетін, өз бетімен білім алуға икемділігін, дағдыларын дамыта отырып, білім алуға қызығушылығын туғызады. Бұның негізінде оқушының өзіндік талпынысы, ерік-жігері дамиды да, сол арқылы оқу үдерісінде жоғары нәтижеге жетуге болады. Осыған байланысты, бүгінгі таңда білім беру үдерісінде оқушылардың шығармашыл ойлауы мен шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері де бар. Кез-келген шығармашылық іс-әрекет нақты бір ұғымдар мен білім желісі бойынша, соларды негізге ала отырып, қалыптасып дамиды. Нақты білім мен қажетті ұғымдарды меңгермеген бала өз бетінше шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерді жасай алмайды. Оқушылардың оқыту үдерісінде шығармашылық іс-әрекетін дамыту мәселелерінің маңыздылығы барған сайын айқындала түсуде. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруда оқушылардың алған білімі мен тәжірибесін іске асыра білу мүмкіндігін дамыту қажет, сонда ғана шығармашылық іс-әрекеттің табысты нәтижесіне қол жеткізуге болады. Бастауыш сыныпта білім алу үдерісін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдемелері білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық үдерісіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

Оқыту әдістерін қолдану, оқушының өзін-өзі тәрбиелей отырып, өзіндік еңбек ету қажеттілігіне бағытталуы тиіс. Бастауыш білім беру мазмұнын жүйелік жаңарту тәсілдемесі: бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дұрыс қалыптастыру, олардың танымдық қабілеттері мен ой өрісін кеңейту, өз шамасына сай қазіргі қоғамдық құбылыстарды түсіне білетін, ары қарай орта және жоғары буынға барғанда алған алған тәжірибесіне сүйене отырып білімін тереңдете алатын, икем, дағдысы қалыптасқан өз бетінше әрекет ете алатын тұлға дайындау.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып табылады. Өмірде дұрыс жол табу үшін

адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Шығармашылық іс-әрекет – оқушының өзі жеке шығармашылық қажеттігіне және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет деп санаймыз.

Әл-Фарабидің философиялық мұрасынан шоқтығы биік негізгі үш мәселені ерекше бөліп көрсетуге болады. Олар: дүниенің мәңгілігін тану; детерменизм – зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу, ғылым-білімнің қайнар көзі; адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім. Ғұлама ғалым философияны екі түрге бөледі. Оның бірі теориялық, екіншісі практикалық немесе азаматтық деп аталады. Теориялық философияда дүниеде бар заттарды, адам әрекеті арқылы танып, ол туралы ғылыми негізде түсінік аламыз. Екінші түрі адам әрекеті арқылы заттардың қасиетін танып, сол арқылы білім аламыз [Әл-Фарабидің әлеуметтік трактаттар, 1975, б. 316-318]

Абай “Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреу білсем екен демелік... Мұның бәрі жан құмарлығы – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.... [А. Құнанбаев шығармаларының толық жинағы 1995, б. 335] Философияның басты мәселесінің бірі осы дүниетаным. Абай оны өлеңдерінде дүние көркі деп те атайды. Дүниенің көркін сезіну, білу, тану адамның өзіне нұр, көрік беретін қуат. Абай айтқан адамның асыл қасиеттерінің бірі – нұрлы ақыл да осыдан шықпақ. Ақылдың нұрлы болуы мақсатында атқарылатын іс – дүниені танымақтық, - дейді [Есім F., 2004, б. 62-64].

Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға жасалған ғылыми талдау барысында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың әдіснамалық негізін тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, әлеуметтік, жүйелілік, тұғырларын саралай отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың төмендегідей әдіснамалық тұғырлары негізделді (1-кесте).

**Кесте 1 – Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесінің әдіснамалық тұғырлары**

Әдіснамалық тұғырлар	Тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың жүйесі
Тұлғалық-бағдарлы Ж. Аймауытов, Қ. Жарықбаев Л.С. Выготский	Тұлғаны субъект ретінде қабылдау. Тұлғаның өзіндік ерекшелігі. Тұлғаның жеке қасиетін аша білуге, әлеуетін дамытуға, жетілдіруге бағыттау. Тұлғаның ақпараттарды сын көзбен бағалауы, шығармашылық күштерін еркін білдіруі, ұтымды шешім қабылдауы, белсенді түрде жаңаны іздеуі, өз пікірі мен қорытындысын дәлелдей білуге жеткізу.

Іс-әрекеттік Т. Тәжібаев, А.В. Брушлинский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев	Тұлғаның өздігінен мақсат қоя білуі, іс-әрекетті жоспарлауы, орындауы, нәтижеге жете білуі. Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуына ықпал етіп, өзін өзі жүзеге асыруына жағдай туғызу.
Әлеуметтік Ә. Нысанбаев	Тұлғаның әлеуметтік қатынастар жүйесіне түсуі. Әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның шығармашылық, іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау.
Жүйелілік А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Н.Д. Хмель	Тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін шығармашылық ойлау, шығармашылық қиял, шығармашылық қабілеттеріне мақсатты-жүйелі түрде ықпал ету арқылы дамыту.

Ә. Нысанбаев адамның шығармашылық мүмкіндігін оятудың маңызының зор екенін көрсете келіп, негізгі үш түріне тоқталған. Біріншіден, еңбек шығармашылығы өндірістегі жекелеген қызмет түрлерін ғана емес, өндірістің барлық салаларын түгел қамтиды. Міндет әрбір жұмыс орнындағы адам шығармашылықпен еңбек етуге мүдделі болып, оған жауапкершілікпен қарауы керек. Екіншіден, жұмысқа барлық уақытта да еңбекке қанағаттану сезіміне байланысты қарау. Өзінің мамандығына көңілі толған адамның еңбегі де сапалы болады. Үшіншіден, шығармашылықпен еңбек етудің басты көрсеткіштері өнертапқыштық болып саналады. [Нысанбаев Ә., Әбжанов, 2004, б. 138-140].

Бұдан шығатын қорытынды адамның субъект ретінде қалыптасуына кедергі болатын қайшылықтардан арылудың құралы, оның толық және сенімді ақпарат алып тұруы болып табылады. Сонда ғана бұл ақпараттар адамның өзінің шығармашылық қуатын оятуға, сөйтіп, тұлға ретінде қалыптасуына, сонымен бірге өзінің жаңаша жұмыс істеуіне мүдделілігін арттыруға бағыттайды. Өйткені, осы аталғандар адамның өзін-өзі танытуға ұмтылысымен сипатталады.

Біз ғалымның пікіріне қосыла отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекет түрлерін үйлестіре жүргізгенде ғана мүмкін болады деп санаймыз. Өйткені, біріншіден, бастауыш сынып оқушылары үшін еңбек шығармашылығы ойында, еңбекте, оқудағы іс-әрекет үстінде көрінеді. Осы әрекеттердің қайсысын болса да оқушылар аса жауапкершілікпен орындайды.

Екіншіден, оқушының өз еңбегіне қанағаттану сезімі оның сабақтағы материалды меңгеруіне байланысты болады. Демек, өткен немесе жаңа сабақ бойынша берілген тапсырманы орындауы сапалы болады.

Үшіншіден, шығармашылықпен еңбек етуге талаптанады. Оған балалардың өз шығармашылығымен еркін тақырыпқа құрастырған ертегілерінен, мәтін мазмұнына сәйкес қиялы бойынша салған суреттерінен, өткен тақырыпқа ұқсас өлең, тақпақ шығару, логикалық тапсырмаларды орындауынан, анаграмма, ребус құрастырулары-

нан көруге болады.

Адам қоғамдық мәдениет байлығын игереді, нәтижесінде қоғамның әрбір мүшесінің еңбегі жинақы іске, игілікті әрекетке, ал адам іскер және шығармашыл жеке тұлғаға айналады. Іс-әрекет барысында адам табиғатты шығармашылық тұрғыда өзгертуі мүмкін, сөйтіп өзін іскер субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғат құбылыстарын іс-әрекет объектісі етеді. Адам іс-әрекет үстінде ол заттың табиғаты мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп оны игереді, оны өз іскерлігінің өлшемінің мәні етеді. Сонымен адам табиғатпен өзара әрекетте болып қана қоймайды, оны бірте-бірте өзінің материалдық және рухани мәдениетінің құрамына енгізеді. Сыртқы дүниені өзгерту адамның өзін өзгерту үшін қажетті жағдай және алғышарты болып табылады.

Қорыта келгенде, жоғарыда көрсетілген философиялық тұрғыда анықталған әдіснамалық тұғырлардың өзара ықпалдасуы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Білім беру мен оқытудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мәнімен өзара байланыста қаралады. Білім беру үдерісінде тұлға шығармашылығын қалыптастырудағы маңызы білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылысы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен педагогикалық әдіс-тәсілдерді ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Бұл міндеттерді іске асыруда кәсіби жауапкершіліктің, болашақ алдындағы ұстаз парызының маңызы зор екендігі түсінікті. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектісін байыту, бала тұлғасының рухани және жеке мүмкіндіктерін ашу екендігі баса айтылады. Қоғам алдындағы қойылған міндетке сәйкес, білім беру жүйесі әр оқушының жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға бағытталған [№ 319-III от 27.07.2007 ж.].

Әсіресе, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасында рухани-адамгершілік ұлттық құндылықтарының, интеллектісінің, іс-әрекетінің негізін қалауға бағдарланған бастауыш мектеп-

тегі оқу-тәрбие үдерісінде білім беру технологияларын ендіруге ерекше мән беріледі. Білім беру жүйесіндегі оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға әсерін тигізетін, оқу пәні мазмұнын терең ұғынуға зор ықпал ететін құралдар мен әдістердің жиынтығы.

Инновациялық тәсілдемелер – оқыту үдерісін барынша оңай басқаруға жол ашады. Бұл оның классикалық оқыту әдістемесінен мүлде басқа негізгі ерекшеліктерімен сипатталады. Білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды еңгізу оқыту үдерісінің пәрменділігін арттыруға, сабақ қарқынын жеделдетуге, оқу барысының барлық кезеңдерінде үйренушінің оқу – танымдық әрекетіне үздіксіз бақылау жасауға жағдай туғызады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда оқыту мен оқудың мүмкіндіктерін пайдалану, оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың танымдық әрекеттерін белсенді етудің кепілі.

Ұстаздардың көзқарасы бойынша инновациялық тәсілдемелер, терең педагогикалық ғылыми ізденістердің нәтижесі болуымен қатар, ең алдымен мұғалімдердің кәсіби тұрғыда шыңдалуын көздейді, ол оқушының оқу танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнынан көрінеді. Осы тұрғыда оның әдістемеден басты ерекшелігі төмендегідей педагогикалық қағидаларға негізделген:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

– баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

– баланың өздігінен әрекеттену әдістерін өзгерту;

– баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;

– әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту,

– барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

– оқу үдерісін оқушының сезіне білуі жатады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Инновациялық тәсілдемелер – ғылыми білімдерді дидактикалық тұрғыда қолдануға бағытталған жүйелілік категория болып табылады. Қоғам өміріндегі күрделі өзгерістер, жаһандану процесі, инновациялық тәсілдемелерді оқыту үдерісіне енгізілуімен, демократиялық оң өзгерістер білім жүйесін жетілдіруде, оның дамуына жаңа серпін беруде, соның ішінде оның әдістемелік негіздері мен педагогика ғылымының парадигмасын аталған бағытта зерделеуді қажет етеді. Педагогикалық инновациялық тәсілдемелер арқылы оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, жаңа оқу тақырыбы бойынша желілерді жүйелеп баяндай білулерін, оқуға қызығушылығын арттыра отырып, ынталарын дамытуға болады. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін табысты дамыту тек оқу-тәрбие үдерісінде ғана, баланың жүйелі түрде белсенді интеллектуалды ізденіске тартылуы ақылы іске асады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы № 319-III от 27.07.2007 ж.
2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2018 жыл. 1 қараша № 17669.
3. Әлімов А./ Интербелсенді әдістемені ЖОО – да қолдану мәселелері. Оқу құралы. - Алматы, 2013.б. 263
4. әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар/ – Алматы, 1975. – б.316-318.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995. – Т. 2. – 335 б.
6. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат/.Алматы: Қазақ университеті, 2004. – б.62-64.
7. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 2004. – б. 138-140.
8. «Білім беруді жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбындағы оқыту семинарының материалдары. Астана 27.01.2016.б.12-14
9. «Мұғалімге арналған нұсқаулық», баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектебі»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған, 2012 ж.



УДК 378.1  
МРНТРИ 14.35.07



**ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ САХИҚЫЗЫ,**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан,  
E-mail: pedsheberlik@gmail.com

## ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ СТАНДАРТЫ НЕГІЗІНДЕ ЖОО-ДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН САРАПТАУ

**Түйін.** Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім берудің сапасын саралау мақсатында «Педагогтің кәсіби стандартында» көрсетілген «Орта мектеп мұғалімі» еңбек қызметінің бағыттары басшылыққа алынған. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің білім бағыты мамандықтары бойынша оқылатын міндетті педагогикалық пәндер мен педагогикалық практикалардың сағат саны (ECTS) есептеліп, салыстырылған. Оқылатын пәндер мамандықтардың университет сайтындағы білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарынан алынып, кестеге түсірілген. Сонымен қатар, педагогикалық пәндер бойынша оқыту нәтижесінің кәсіби стандартпен сәйкестілігіне салыстырмалы сипаттама жасалып, сараптамалық пайымдаулар берілген.

**Түйін сөздер:** педагогтің кәсіби стандарты, педагогикалық білім, педагогикалық пәндер, педагогтің еңбек қызметі, білім сапасын сараптау.

**Резюме.** В целях дифференциации качества педагогического образования в высших учебных заведениях руководствуются направлениями трудовой деятельности «Учитель средней школы», указанными в «профессиональном стандарте педагога». Подсчитано, сверено количество часов (ECTS) обязательных педагогических дисциплин и педагогических практик, изучаемых по специальностям направления образования Казахского национального женского педагогического университета. Изучаемые дисциплины выбраны из рабочего учебного плана по образовательным программам специальностей на сайте университета и занесены в график. Кроме того, составлена сравнительная характеристика соответствия результатов обучения по педагогическим дисциплинам профессиональному стандарту и даны экспертные суждения.

**Ключевые слова:** профессиональный стандарт педагога, педагогическое образование, педагогические дисциплины, трудовая деятельность педагога, экспертиза качества образования.

**Summary.** In order to differentiate the quality of teacher education in higher educational institutions, the "secondary school Teacher" areas of work specified in the "professional standard of a teacher" are guided. The number of hours (ESTS) of compulsory pedagogical disciplines and pedagogical practices studied in the specialties of the direction of education of the Kazakh national women's pedagogical University was calculated and verified. The subjects studied are selected from the working curriculum for educational programs of specialties on the University's website and are listed in the schedule. In addition, a comparative description of the compliance of training results in pedagogical disciplines with the professional standard is compiled and expert judgments are given.

**Keywords:** professional standard of a teacher, pedagogical education, pedagogical disciplines, professional activity of a teacher, examination of the quality of education.

### КІРІСПЕ

Еліміздегі «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының 2017 ж. 6 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша «Педагогтің кәсіби стандарты» ұсынылған болатын. «Педагогтің кәсіби стандарты» [atameken.kz > content > files > ПС Педагог\_каз] білім беру бағдарламаларын қалыптастырып, оның ішінде білім ұйымдары қызметкерлерін оқытуға және білім ұйымдарының бітірушілерін, қызметкерлерін сертификаттауға арналған.

Педагогикалық қызмет – адамның бір-біріне ықпалы емес, бұл олардың өзара әрекеттесуі. Сондықтан, педагогикалық қызметтің нысаны

– педагогикалық үдеріс, ал білім алушы ықпал жасау нысанынан қызмет субъектісіне ауысады. «Педагогтің кәсіби стандартында» Педагогикалық мамандықтың құндылығы ерекше көрсетілген. Сондай-ақ, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторында» [http://adilet.zan.kz/ rus/docs/V1800017565/info] да, «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» [https://online.zakon.kz/Document/?doc\_id=35617396#pos=0;99.1999969482421] да педагог еңбегінің күрделілігі оның «адам – адам» үлгісіндегі мамандық немесе кәсіп түріне жатқызуына байланысты екендігі айтылады. Педагогтік

іс-әрекет – бұл бір адамның басқа адамға тікелей әрекет жасауы емес, олардың өзара әрекеттесуі.

Сондықтан, педагогтің әрекет нысаны педагогикалық үдеріс болып саналады, ал оқушы немесе студент әрекет жасау объектісінен әрекет субъектісіне ауысады. Осының негізінде педагогикалық кәсіби құндылықтары айқындалды: білім алушы тұлғасын, олардың құқығы мен бостандығын құрметтеу; түрлі сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық таныту; көпмәдениеттілікке ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатиялығы; тұлға құндылықтарын және тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетінше білім алу, талдамалы және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтілік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдысы, конфликтілерді шешу қабілеті.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кәсіби стандарттағы «Мамандық карточкасы» бойынша зерделеп шолу жасай отырып, ЖОО педагогикалық білім беру бойынша орта мектептің мұғалімі болып шығатын білім мамандықтарының алып шығатын білім мен білік дағдыларының кәсіби еңбек қызметінде жүйеленгенін білдік. Педагогтің еңбек қызметінің аясы кең, білім беру ұйымдарының барлық саласы ескеріліп, балабақша тәрбиешісінен бастап, ЖОО оқытушысына, Білім менеджеріне дейінгі педагог-мамандардың білімі мен іскерлік дағдылары, тұлғалық және кәсіби құзыреттілік деңгейлері еңбек қызметімен реттелген. Бұл арнайы кестеге түзілді.

### 1-кесте. Педагогтің кәсіби стандартындағы «Орта мектеп мұғалімінің» еңбек қызметінің бағыттары

ПЕДАГОГ. ОРТА МЕКТЕП МҰҒАЛІМІ				
Кәсіби білім деңгейі – бакалавр, маман				
ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ				
1) оқыту	2) тәрбиелеу	3) әдістемелік	4) зерттеу	5) әлеуметтік-коммуникативтік
оқу ақпаратын таратады, өз бетімен оқуды үйретеді	білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады	білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады	білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделейді, білім ортасын зерттейді	кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады
Іскерлік пен дағдылар				
Білім				
Тұлғалық және кәсіби құзыреттілік				

Педагогтің кәсіби стандарты негізінде ЖОО-да педагогикалық білім берудің сапасын сараптау тәжірибесін қарастыруды зерттеу міндетіне алған соң, ұзақ жылдар еңбек еткен оқу орны – Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің білім бағыты мамандықтары бойынша оқылатын міндетті педагогикалық пәндер мен педагогикалық практикалардың сағат санын (ECTS)

реттеп кестеге түзуді жөн көрдік. Оқылатын пәндер мамандықтардың университет сайтындағы білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарынан алынып, кестеге түсірілді. Салыстырмалы мақсатта әр мамандықтың қаншалықты педагогикалық пәндерді оқып, педагогикалық практикадан өтетіндігі және оның қай семестрде оқытылатыны ескерілді.

### 2-кесте. Білім бағыты мамандықтары бойынша оқылатын педагогикалық пәндер мен педагогикалық практикалары

№	Мамандығы	2-сем	3-сем	4-сем	5-сем	6-сем	7-сем
1	5B010600 – Музыкалық білім 227 ECTS		Педагогика (5ECTS)			Пед практика (5ECTS)	Пед практика (3ECTS)
2	5B010800 – Дене шынықтыру және спорт 240 ECTS		Педагогика (5ECTS)	Дене шынықтыру педагогикасы (3 ECTS)		Пед практика (5ECTS)	Пед практика (3ECTS)
3	5B01090 – Математика 248 ECTS		Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Педагогика (5ECTS)	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3 ECTS)		Пед практика (5ECTS)	Пед практика (3ECTS)

4	5B011000 – Физика 259 ECTS		Педагогика (5ECTS) Білім берудегі менеджмент (3ECTS)	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS)		Пед практика (5ECTS)	Пед практика (3ECTS)
5	5B011100 Информатика 253 ECTS		Педагогика (5ECTS) Білім берудегі менеджмент (3ECTS)	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS)		Пед практика (5ECTS)	Пед практика (3ECTS)
6	5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі 240 ECTS	Педагогика (5 ECTS)	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS)		Пед практика (3 ECTS)	Пед практика (3ECTS)	
7	5B012100-Қазақ тілінде оқыпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті 240 ECTS			Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS) Педагогика (5ECTS) Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Бағалаудің өлшемдік технологиялары (3ECTS)	Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)	
8	5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті 222 ECTS			Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS) Педагогика (5ECTS) Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Бағалаудің өлшемдік технологиялары (3ECTS)	Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)	
9	5B011800- Орыс тілі мен әдебиеті 259 ECTS			Педагогика (5ECTS) Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS) Бағалаудің өлшемдік технологиялары (3ECTS)	Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)	
10	5B012200- Орыс тілінде оқыпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті 240 ECTS			Педагогика (5ECTS) Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS) Бағалаудің өлшемдік технологиялары (3ECTS)	Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)	
11	5B011300-Биология 244 ECTS			Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Бағалаудің өлшемдік технологиялары (3ECTS) Педагогика (5ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS)		Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)
12	5B011200- Химия 252 ECTS			Білім берудегі менеджмент (3ECTS) Бағалаудің өлшемдік технологиялары (3ECTS) Педагогика (5ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3ECTS)		Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)

13	5B011600-География 240 ECTS			Білім берудегі менеджмент (3 ECTS) Бағалаудың өлшемдік технологиялары (3 ECTS) Педагогика (5 ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3 ECTS)		Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)
14	5B011400-Тарих 221 ECTS			Білім берудегі менеджмент (3 ECTS) Бағалаудың өлшемдік технологиялары (3 ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3 ECTS) Педагогика (5 ECTS)		Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)
15	5B012000-Кәсіптік оқыту 225 ECTS		Кәсіби оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент (5 ECTS)	Педагогика (3 ECTS) Кәсіби педагогика (5 ECTS)		Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)
16	5B010700-Бейнелеу өнері және сызу 221 ECTS			Бағалаудың өлшемдік технологиялары (3 ECTS) Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (3 ECTS) Білім берудегі менеджмент (3 ECTS) Педагогика (5 ECTS)		Пед практика (5 ECTS)	Пед практика (3 ECTS)

Бакалаврдағы оқытылатын 4 жыл, 8 семестрде педагогикалық практикаға бөлінген сағат саны – 8 ECTS. Бұл барлық педагогикалық мамандықтарға тән екен.

Енді осы пәндердің оқыту нәтижесі мен пәнді оқыту барысында студенттің білуі, дағдысы, меңгеруіне контент талдау жасалып, кәсіби стандарттағы білімі мен іскерлік дағдысы кестеге түзілді.

Педагогикалық пәндерді оқытудың нәтижесі мен кәсіби стандарттағы педагогтің еңбек қызметі салыстырмалы сипаттамасын қарастыруға мүмкіндік берді.

### 3-кесте. Педагогикалық пәндер оқыту нәтижесінің кәсіби стандартпен сәйкестілігіне салыстырмалы сипаттама

«Педагогика» пәні	
Пәннің сипаттамасы: Педагогика - адам тәрбиесі жайындағы ғылым. Педагогика пәні курсыңда болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі, жаңа формациядағы педагог тұлғасын қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптары мен ерекшеліктері қамтылады. Әлеуметтік мәдени жағдайлардағы білім берудің ролі, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері, педагогикалық мамандықтың іс-әрекеті қарастырылады. Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымы, қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негізі, тәрбиенің мәні мен мазмұны, отбасы тәрбиесінің негіздері, оқыту формалары, әдістері мен құралдары, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі жаңашыл технологиялардың мазмұны жан-жақты қамтылады.	
Оқыту нәтижесі	Еңбек қызметі
<p>Пәнді оқыту барысында студенттің:</p> <p>Білуі:</p> <p>пәннің мақсат-міндеттерін түсіну;</p> <p>негізгі теориялық-педагогикалық проблемаларды білуі;</p> <p>пәнді ғылым және оқу пәні ретінде оның нысанын, кәсіби қызметіне қатысты әдістерін білуі;</p> <p>педагогикалық мақсат қояуда білімдерді жобалау және жүзеге асыру;</p> <p>қазіргі қоғамда педагогикалық кәсіби білім, шеберлік пен дағды, қасиеттер мен қабілеттіліктер ретінде ғылымның, мәдениеттің және өнердің дамуын білуі.</p> <p>Дағдысы:</p> <p>білім берудегі заманауи мәселелерге талдау жүргізуі</p> <p>сыныптың негізгі сипаттамасына және дамуын болжау бойынша оқу тәрбие үдерісін диагностикалауды іске асыру;</p> <p>өз бетінше креативті іс-әрекетке дайындығы; алынған нәтижені объективті бағалай алу қабілеті; дара өмірлік стратегияларын құру біліктілігі; көшбасшылық; нақты практикалық жағдаятта құқық нормалар мен теорияларды қолдану; ой-елегінен өткізу логикасында жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді көре білу қабілеті;</p> <p>білімді жүйелеу, тілдік және сөздік даму, этикалық құндылықтар жолын ұстану;</p> <p>Меңгеруі:</p> <p>шығармашылық қызметтің теориялық негіздерін, шығармашылық психология саласындағы білімдерді меңгеруі,</p> <p>авторлық жаңашыл идеяларды іске асыру, біліктері мен дағдыларын меңгеруі;</p> <p>идеялар мен түсініктерді қолдана білу қабілеті, ауызша және жазбаша қатынас құра білуі</p>	<p>Білім:</p> <p>мектеп дидактикасының дәстүрлі ережелері кіріккен арнайы саладағы теориялық тұжырымдамасы; оқу үдерісінің стратегиялары мен жаңа модельдерін жобалау үшін педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау әдістері;</p> <p>академиялық және кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқытушылар үшін).</p> <p>Іскерлік пен дағдылар:</p> <p>өз бетімен педагогикалық міндеттерді құрастырады;</p> <p>өз бетімен білім алушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыратын оқытудың әдістері мен тәсілдемелерін қолданады;</p> <p>өз бетімен сабақтарға негізгі және қосымша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлейді;</p> <p>өз бетімен өзіндік сандық білім ресурстарын дайындайды;</p> <p>өз бетімен білім алушылармен бірлесе жетістіктерді бағалау үшін жетістік критерийлерін әзірлейді;</p> <p>өз бетімен оқытуда тіл мен пәнді кіріктіру үшін қажетті материалдарды, білім ресурстарды, оның ішінде сандық және тұлпұсқалық мәтіндерді жинақтайды және әзірлейді (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқытушылар үшін).</p>



Білім берудегі менеджмент	
Пәннің сипаттамасы: «Білім берудегі менеджмент» пәні оқу-тәрбие, оқу-таным үдерісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға, басқарудың принциптерін, әдістерін, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерін, қазіргі заман талабына сай менеджменттің педагогикалық негіздерін түсіндіруге және оларды қазіргі жалпы білім беретін мектепті басқару тәжірибесіне ендірудің жолдарын анықтауға бағытталған.	
Оқыту нәтижесі	Еңбек қызметі
<p>Пәнді оқыту барысында студенттің білуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру менеджментінің теориялық-әдіснамалық негіздерін, педагогикалық менеджменттің қызметін, заңдылықтарын, ұстанымдарын, әдістерін, педагогикалық менеджменттің жүйе қалыптастырушы факторларын, білім берудегі менеджмент тұжырымдамасының даму тарихын;</li> <li>- жүйелілік, гумандылық, құзіреттілік, технологиялық ыңғайлар негізінде мектепті басқарудың ерекшеліктерін;</li> <li>- мектептегі тұтас педагогикалық үдерісті басқару негіздерін;</li> <li>- мектептің педагогикалық ұжымын тиімді басқарудың талаптарын біледі.</li> </ul> <p>дағдысы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- игерілген теориялық білімді білім беру мекемесінде іс жүзінде қолдану;</li> <li>- білім беру мекемесінің біртұтас жүйесі аясында диагностикалық, талдамалық және жобалау қызметтерін жүзеге асыру;</li> <li>- түрлі басқару қызметтерін жобалауды және жүзеге асыру;</li> <li>- білім беру мекемесін басқаруда жүйелілік, гумандылық, адамгершілік, құзіреттілік және технологиялық ыңғай дағдыларын пайдалану;</li> <li>- ашық педагогикалық жүйе ретіндегі тұтас педагогикалық үдеріс тұрғысынан басқару қызметінің сапасын бағалау;</li> <li>- білім сапасын бағалауды, білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудың заманауи әдістемелерін пайдалана отырып, білім беру мекемесінің әдістемелік жұмыстарына араласу, білім беру үдерісінің тиімділігін талдау мен бағалау, педагогикалық менеджменттің шектеулерін еңсеру бойынша әдістерді қолдану.</li> </ul> <p>меңгеруі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазіргі талаптарға сәйкес білім беру саласындағы педагогикалық менеджменттің теориялық білімін;</li> <li>- жобалау мен мектептегі тұтас педагогикалық үдерісті басқаруды талдау дағдыларын;</li> <li>- ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын;</li> <li>- педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын;</li> <li>- педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларының субъект-субъектілік әсерлестігін ұйымдастыру дағдыларын;</li> <li>- алынған білімді кәсіптік тәжірибе барысында, сондай-ақ кәсіптік міндеттерді шешуде пайдалану дағдыларын; тұтас педагогикалық үдерісті басқару қызметіне байланысты түрлі жағдайларға икемді әрі жан-жақты болуды меңгереді.</li> </ul>	<p>Білім:</p> <p>кәсіптік коммуникация мен коммуникацияның психологиялық негіздері;</p> <p>кәсіптік қоғамдастықтағы, оның ішінде желілік қоғамдастықтағы ынтымақтастықтың әдістері, түрлері;</p> <p>әртүрлі әлеуметтік топтармен әрекеттесу әдістері мен түрлері (сыртқы білім стейкхолдерлері);</p> <p>кәсіптік көшбасшысының негіздері.</p> <p>Іскерлік пен дағдылар:</p> <p>өз бетімен білім алушыларды қосымша білім жүйесіне тартады;</p> <p>білім үдерісі субъектілерімен өзара әрекеттесуді ұйымдастырады;</p> <p>оқу-тәрбие үдерісіне кәсіби қоғамдастықтардың, құқық органдарының, медициналық әлеуметтік қызметтерінің, балалар, жасөспірімдер қозғалыстарының, жастар ұйымдарының, қоғам және саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдарының және т.б. өкілдерін тартады</p> <p>педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды;</p> <p>білім алушылар тұлғасына сыйластықпен қарайды;</p> <p>білім алушылармен қарым-қатынаста демократиялық стильді ұстанады;</p> <p>жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларға берілгендігін білдіреді;</p> <p>жалпы адами және ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне баулиды;</p> <p>дискриминация, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді;</p> <p>ерекше білім қажеттілігі бар тұлғаға (оралман балалар, Қазақстанның резиденті емес, аз ұлт балалары, дарынды балалар, денсаулығы шектеулі балалар) педагогикалық қолдау көрсетеді;</p> <p>оқыту мен тәрбиеде көптілділік тәсілдемені жүзеге асырады;</p> <p>өзге өмір салтына, өзге мәдениетке толеранттылықты қалыптастырады; тілдік құзыреттілікті, мәдениет туралы білімді дамытады;</p> <p>білім алушылардың мәдениеттік, тілдік қажеттілігі бойынша қолайлы білім ортасының дамуына ықпал жасайды.</p> <p>Өз тәжірибесін талдай алады.</p> <p>Тиімді мектеп тәжірибесіне жету мақсатында жоспарлау үдерісінің жауапкершілігін алады.</p>
Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	
Пәннің сипаттамасы: Тәрбие үдерісінің теориялық-әдіснамалық негіздерін, тәрбиенің мәнін және оның білім беру үдерісіндегі орнын, мектептегі тәрбие жұмысын басқару мәселелерін, тәрбие мақсатын қою әдістемесін, өмір нормаларына даярлауда құндылық қатынастарды қалыптастыру, тәрбие әдісін, нысандары мен құралдарын практикалық қолдану, білім алушының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде білім беру және тәрбиелеу аумағындағы мемлекеттік саясатты қолдауда ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мәселелерін зерттеуге бағытталған.	
Оқыту нәтижесі	Еңбек қызметі

<p><b>Білімі:</b> пәннің мақсат-міндеттерін түсінуі; теориялық-педагогикалық мәселелерді іздестіруі және шеше алатындай білім, білігінің болуы.</p> <p><b>Шеберлігі:</b> бірлесе ұйымдастырылатын іс-әрекетке ынтымақтастық тұрғысынан қызығушылық; педагогикалық қатынас пен педагогикалық техниканы меңгеруі; педагогикалық үдерістің барлық қатысушылармен субъект-субъектілі өзара әрекеттестікті ұйымдастыра алуы; білім беру кеңістігінде тәрбиелік технологияларды қолдануы; міндеттерді шешуде педагогикалық білімін өз бетінше тәжірибеде қолдану шеберлігі.</p> <p><b>Дағдысы:</b> - өз бетінше креативті іс-әрекетке дайындығы; - сабақтың әртүрлі кезеңінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру іскерлігі; - оқушылармен және ата-аналармен жеке әңгіме жүргізе білу және оған талдау беру дағдысы.</p>	<p><b>Білім:</b> мектептің педагогикасы; педагогикалық психология; мектеп жастағы балаларды тәрбиелеудің инновациялық технологиясы; оқу пәндерінің(пәндік сала) тәрбиелік әлеуеті; Тәуелсіз Қазақстанның жалпы ұлттық құндылықтары мен білім мазмұнының біріктіру қағидаттары; білім алушыларда оң өзін-өзі бағалау, тілдерді оқу мүддесін, азаматтық бірдейлік пен лингвистикалық толеранттылықты қалыптастыру әдістемесі.</p> <p><b>Іскерлік пен дағдылар:</b> педагогикалық такты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды; білім алушылар тұлғасына сыйластықпен қарайды; білім алушылармен қарым-қатынаста демократиялық стильді ұстанады; жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларға берілгендігін білдіреді; жалпы адами және ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне баулиды; дискриминация, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді; ерекше білім қажеттілігі бар тұлғаға (оралман балалар, Қазақстанның резиденті емес, аз ұлт балалары, дарынды балалар, денсаулығы шектеулі балалар) педагогикалық қолдау көрсетеді; оқыту мен тәрбиеде көптілділік тәсілдемені жүзеге асырады; өзге өмір салтына, өзге мәдениетке толеранттылықты қалыптастырады; тілдік құзыреттілікті, мәдениет туралы білімді дамытады; білім алушылардың мәдениеттік, тілдік қажеттілігі бойынша қолайлы білім ортасының дамуына ықпал жасайды.</p>
<p><b>Кәсіби педагогика</b></p>	
<p>Пәннің сипаттамасы: Пәннің ұғымдық-категорияларымен таныстыру, кәсіби педагогиканың ғылыми-теориялық негіздеріне сипаттама беру, педагог-психологтің инновациялық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру қарастырылады.</p>	
<p><b>Оқыту нәтижесі</b></p>	<p><b>Еңбек қызметі</b></p>
<p>Пәнді оқыту барысында студенттің: Білуі: кәсіби білім берудің тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың теориясын; кәсіптік білім беру жүйесін басқарудың құрылымы мен принциптерін білуі; Біліктілігі: педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын, қызметі мен механизмдерін интеграциялауы; педагогикалық үдерістер мен жүйесіндегі түрлі факторлардың өзара қатынасын өз тәжірибесіне бейімдей алуы.</p> <p><b>Меңгеруі:</b> - ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті нақтылай алу; -білім беру кеңістігінде педагогикалық технологияларды талдау және синтездеу; - инновацияны бағалау мен өлшеу құралдарын меңгеруі.</p>	<p><b>Білім:</b> кәсіптік қатынас пен қатынастық психологияның негіздері; кәсіптік қоғамдастықтағы, соның ішінде желілік қоғамдастықтағы ынтымақтастықтың әдістері, түрлері; әр түрлі әлеуметтік топтармен әрекеттесу әдістері мен түрлері (сыртқы білім стейкхолдерлері); кәсіптік көшбасшысының негіздері.</p> <p><b>Іскерлік пен дағдылар:</b> Білім алушының тұлғасына құрмет білдіреді және білім алушының білім жетістігіне өзінің оң үлесін қосады; Оқыту үдерісінде әріптестерімен тілектестік қарым-қатынастың маңыздылығын түсінеді; Мектептің педагогикалық жағдайында жұмыс істей алады; Өз тәжірибесі бойынша кері байланыс жасай алады және өзгерістер енгізе алады; - Сындарлы сынға және ұсынымдарға сай әрекет етеді. Өзінің кәсіптік даму аспектілері туралы түсінік бар және үнемі жетілуге ұмтылысы бар. Мектеп тәжірибесін зерттейді және бағалайды, өз және әріптестерінің тәжірибесін жетілдіру үшін зерттеу нәтижелерін және басқа да дәлелдік дереккөздерді қолданады. Кәсіптік даму мақсатында әріптестерімен бірге қызмет жасайды. Командада жұмыс жасауға қабілетті, тұлғалық және мәдениет айырмашылықтарын шыдамдылықпен қабылдайды. Мемлекеттік және де басқа да тілдерде табысты және оң қатынас жасауға қабілетті. Білім алушылар тұлғасына құрметпен қарайды.</p>

### ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогтің кәсіби стандарты негізінде ЖОО-да педагогикалық білім берудің сапасын сараптау тәжірибесін зерттеп-зерделеу барысында Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Жалпы кафедрасынан оқытылатын міндетті пәндер жүйеленіп, пәндердің сипаттамасы

мен оқыту нәтижесі негізінде игеретін білімі мен дағдысы және меңгеруін жинақталып кестеге түзілген болатын. Салыстырмалы сараптау мақсатында кәсіби стандарттағы осы мамандықтар бойынша орта мектеп мұғалімі болып баратын педагогтардың кәсіби стандартта көрсетілген іскерлік дағдысы мен білімінің критерийлері са-

лыстырмалы қарастырылды.

Кестедегі жинақталған оқыту нәтижелері мен еңбек қызметінің көрсеткіштері салыстырмалы қарастырған кәсіби стандарттағы критерийлер жүйесі орта мектеп мұғаліміне қойылатын талаптың көбірек және нақты екендігін көрсетеді. Салыстырмалы сараптай келе, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде оқытатын пәндердің сипаттамасы мен оқыту нәтижелері жекелеген оқытушылардың силлабустарынан

алынды. Сондықтан да болар, өте аз әрі нақтырақ жазуға тырысқандықтан ба, кәсіби стандарт көрсеткіштерінен мүлде аз, кемшін түсіп жатты.

Сараптау нәтижесінің пайымдай отырып, университетте оқытылатын пәндердің оқыту нәтижелері осы кәсіби стандартта көрсетілген педагогикалық кәсіби құндылықтарына, еңбек қызметінің талаптары мен іскерлік дағдысы мен білімінің критерийлеріне негізделгені дұрыс екен деген тұжырым жасаймыз.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Педагогтің кәсіби стандарты. – Атамекен. atameken.kz › content › files › ПС Педагог\_каз

Об утверждении Классификатора направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017565/info>

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020.05.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35617396#pos=0;99.19999694824219](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35617396#pos=0;99.19999694824219)

**МЕДЕУОВА ҒАЛИЯ ДЖУМАКАНОВНА,**

а/ш.ғ.к., қауым.профессор мін.атқ.,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**ЖӘНІБЕКОВА МАХАББАТ РУСЛАНҚЫЗЫ,**

2-шікурс магистранты  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**КАЛИЕВА АНАР НУРГАЙЫПОВНА**

PhD., қауым.проф.мін.атқ.  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
medeuova.galiya96@gmail.com


## АҚТ ҚҰРАЛДАРЫН БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДА ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

На обратном пути явился Кадыр к хану и посоветовал открыться в том, что на самом деле хан – женщина, избрать достойного мужа и вместе править страной. Мнимый хан, оказавшийся девушкой, предложил Кадыру стать мужем и ханом страны. Но отказался Кадыр.

Старикам он открыл тайну, что зарыто у них на поле золото. Нужно вырыть его, и тогда земля станет снова плодородной, а старики – богатыми. На радости они предложили Кадыру половину клада и выдать красавицу дочь в жены. Понравились ему эти люди, но отказался он от всего в надежде на свое счастье. И вот уже конец пути, а счастья все нет, как вдруг появился лев. Посоветовал ему Кадыр, по подсказке счастья съесть самого глупого на свете человека, и тогда он перестанет мучиться. Попросил лев Кадыра рассказать, какие же люди встречались ему на пути и где искать самого глупого. Рассказал он леву про свои приключения, и тогда тот решил, что именно Кадыр – самый глупый человек на свете, так как упустил счастье, которое ни один раз шло к нему в руки. А потому именно его и надо съесть. Лев прыгнул на Кадыра, но не рассчитал прыжка, ударился грудью о камень и околел. Вот тогда Кадыр понял, что жизнь является настоящим счастьем. И когда вернулся в свой аул, никто не узнал его, так он изменился. Всегда веселый, приветливый, он ни на что не жаловался, никому не завидовал. Окружающие хвалили его за трудолюбие и добрый нрав. И жил он со своей семьей в радости и почете.

Таким образом, герой сказки может стать идеалом для школьников, поступком которых восхищались бы родители, родственники, друзья и близкие.

Таким образом, используя терапевтические возможности казахских народных сказок, мы посредством изложения содержания сказок, методики рассказывания и анализа поступков сказочных персонажей, отобразили гармоничную связь работы педагога-психолога с произведениями устного народного творчества. Содержание системы подготовки профессиональной деятельности педагога-психолога требует изучения и вовлечения в образовательный процесс школьников, имеющих проблемы взаимодействия в коллективе, выстраивания атмосферы психологического благополучия учащегося, дающее полное обоснование усвоению им как учебного материала, так и активного привлечения его в воспитательный процесс. Рассмотренные нами выше примеры сказочных сюжетных линий, можно успешно претворить в профессиональной работе педагога-психолога, требующих терапевтических знаний в гармоничном сочетании педагогического консультирования и эффективного применения методов арт-терапии.

Композиция содержания изложенных казахских народных сказок оказывают огромное положительное терапевтическое воздействие на восприятие, налаживание эмоционального состояния в общении, на повышение интереса к учебе,

появления высокой работоспособности, преодоления трудностей поведенческого отношения в группе, устранения конфликтных ситуаций в коллективе.

#### СПОСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 260 с.
2. Мелетинский Е.М. Герой волшебной сказки. – М., 1958. – 135 с.
3. Ауезов М. Мысли разных лет (по литературным стопам). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – 544 с.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат. 1996. – 367 б.
5. Қасен Г.А. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы /Г.А.Қасен, Ұ.Б. Төлешова, А.Б.Мукашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 88 б.
6. Бақтыбаев Ж.Ш. Білім берудегі арт-технологиялар: оқу құралы /Ж.Ш.Бақтыбаев, Ұ.Б.Төлешова, Ж.Әбдіқадырқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 98 б.
7. Муратбаева Г.А. Возможности казахских народных сказок в нравственном воспитании школьников. – Алматы: 2014. – 49 с.



**МҰСА ТОҒЖАН ЕЛУБАЙҚЫЗЫ,**

2-ші курс магистранты,  
«7M01102 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**АУБӘКІР АЙСҰЛУ СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ,**

1-ші курс докторанты,  
8D11401 - «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ «ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ» ТҮСІНІГІ

**Аңдатпа.** Мақалада «әлеуметтік интеллект» тұжырымдамасын анықтауға арналған кейбір алғышарттар қарастырылып, оны түсінуге қатысты негізгі көзқарастар келтіріліп, оны диагностикалау тәсілдері және практикалық психологияда оны қолдану аясы көрсетілген. Әлеуметтік интеллект психология саласында ерекше қызығушылық туғызып жүрген терминдердің бірі. Сондықтан, адамның қоғамға бейімделу жетістігінің жетекші компоненті ретінде қарастырылады.

**Кілт сөздер.** психодиагностика, когнитивті психология, әлеуметтік интеллект, интеллект тестілері, әлеуметтік интеллект диагностикасы.

**Аннотация.** В статье рассмотрены некоторые предпосылки для определения понятия «социальный интеллект», приведены основные подходы к его пониманию, указаны подходы к его диагностике и сфера его применения в практической психологии. Социальный интеллект является одним из терминов, представляющих особый интерес в области психологии. Поэтому рассматривается как ведущая составляющая успеха адаптации человека к социуму.

**Ключевые слова:** психодиагностика, когнитивная психология, социальный интеллект, тесты интеллекта, диагностика социального интеллекта.

**Annotation.** the article considers some prerequisites for defining the concept of «social intelligence», provides the main approaches to its understanding, indicates approaches to its diagnosis and the scope of its application in practical psychology. Social intelligence is one of the terms of particular interest in the field of psychology. Therefore, it is considered as a leading component of the success of human adaptation to society.

**Keywords:** psychodiagnostics, cognitive psychology, social intelligence, intelligence tests, diagnostics of social intelligence.

### КІРІСПЕ

Қазіргі психологияда әлеуметтік интеллектті зерттеу мәселесі үлкен қызығушылық тудырады. Тез өзгертін әлем жеке адамдарға жаңа әлеуметтік білім мен дағдыларды белсенді дамытуға жоғары талаптар қояды. Алынған дағдылар болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді түсінуге және түсіндіруге, басқа адамдардың мінез-құлқы мен әрекеттерін білуге ықпал етуі керек.

Бүгінгі таңда адамдар тез дамып, өркениетті болуы керек. Адам қоғамда сұранысқа ие болу үшін өз мүмкіндіктерін іске асыруы қажет. Әлеуметтік интеллект - адамның қоғамға бейімделу жетістігінің жетекші компоненті. Әлеуметтік интеллекттің көптеген теориялық және эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелеріне қарамастан, шешімі жоқ сұрақтар әлі де бар екендігінде.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Әлеуметтік интеллект» терминін ғылымға 1920 жылы Э. Торндайк енгізді [Торндайк Э., 1940.]. Автор интеллекттің үш түрін анықтады (Сурет 1).



Сурет – Интеллекттің түрлері

*Абстрактілі интеллект немесе дерексіз ғылыми дегеніміз ойларды, идеяларды түсіну және оларды басқару.*

*Механикалық интеллект немесе визуалды-кеңістіктік механик өзінің нақты объектілерге*

қолданылуын табады. Әлеуметтік интеллект немесе практикалық интеллект адамдармен өзара келісімді әрекеттесуді білдіреді.

Э. Торндайктың көзқарасы бойынша әлеуметтік интеллекттің объектісі әлеуметтік қатынастар жүйесі болып табылады. Әлеуметтік интеллект - бұл ерлер мен әйелдерді, ұлдар мен қыздарды түсіну және бақылау қабілеті, адамдар арасындағы қарым-қатынаста дұрыс әрекет ету қабілеті [Андрей Карелин, Джон Уотсон, Э. Торндайк. <https://www.livelib.ru/top-e-torndajk>].

Әлеуметтік интеллект - бұл адамның «жалпы» интеллектісінің әлеуметтік жағдайды талдауға бағытталған қабілеттері мен мүмкіндіктерінің кешені. Э. Торндайк әлеуметтік интеллект деп - адамдарды түсіну және бақылау қабілеті ретінде анықтама берді.

Әлеуметтік интеллектті зерттеу мәселесінің одан әрі дамуы шетелдік психологтар (Г. Эйсенк, Х. Гарднер, Дж. Гилфорд, Дж. Килстром, Н. Кантор, Г. Аллпорт, Р. Селман, Р. Штернберг) арасында таралды. Ресейде бұл тақырыпты зерттеуді бірқатар психологтар (Н.А. Аминов, М.И. Бобнева, Ю.Н. Емельянов, Е.И. Ишутина, М.Л. Кубышкина, Н.А. Кудрявцева, В.Н. Куницына, Е.С. Михайлов, А.Л. Южаниновалар) жүргізді.

Психологтар интеллектті адамның индивидуалды, жеке меншігі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, олар бұл құбылыстың функцияларының мазмұны әлеуметтік интеллекттің екі жақты кондициясын көрсететіндігін атап өтеді. Яғни, әлеуметтік интеллект жеке адамның ішкі және сыртқы әлемімен анықталады.

Психологиядағы әлеуметтік интеллект тұжырымдамасының алға жылжуы ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Ғалымдар өздерінің зерттеулерінде осы құбылыстың ерекшеліктерін түсінуге және түсіндіруге тырысады. Сонымен бірге олар әлеуметтік интеллектіні зерттеудің әр түрлі тәсілдерін ұсынады, оның әртүрлі формаларын бөліп көрсетеді.

Әлеуметтік интеллектті зерттеудің бірнеше кезеңдерін бөліп алу дәстүрге айналған:

*1-ші кезеңде* - 1920-1924 жж. алғаш рет «әлеуметтік интеллект» термині ғылыми психологиялық қолданысқа енгізілді. 1920 жылы американдық «Психология және білім» журналы «интеллект» ұғымын түсіндіру үшін дөңгелек үстел ұйымдастырды.

*2-ші кезеңде* - 1925-1938 жж. әлеуметтік интеллектті психометриялық тұрғыдан зерттеу басталады. Әлеуметтік интеллект анықтамалары индивидуалды айырмашылықтардың стандартты өлшемдеріне аударылған психометриялық тәсілге сәйкес жасалды.

*3-кезеңде* - 30-шы жылдардың аяғы мен 1965 ж. әлеуметтік интеллект психологияның пәндік саласынан жоғалады. Осы бағыттағы одан әрі жұмыс нәтижесіз деп танылып, зерттеулер тоқтатылды.

*4 кезең* - 1965-1969 жж. интеллект моделінің негізгі құрылымында әлеуметтік интеллект қарастырылады [Блауберг И.В., Юдин Э.Г., 1973, 139 с.].

Қазіргі кезде заманауи психологияда интеллект феноменін зерттеудің кейбір жалпы ғылыми тәсілдері бар:

1. Дж. Пиаже идеяларына негізделген және интеллектті субъектіні қоршаған ортамен теңдестірудің ең жоғары әмбебап тәсілі ретінде қарастыратын құрылымдық-генетикалық тәсіл.

2. Когнитивті тәсіл интеллектті когнитивті құрылым ретінде түсінуге негізделген. Интеллектуалды құрылымдардың ерекшелігі жеке тұлғаның тәжірибесімен анықталады. Бұл тәсілдің негізін қалаушылар Дж. Брунер, О.К. Тихомиров.

3. Факторлы-аналитикалық тәсіл қазіргі психологияда кең таралған. Оның негізін қалаушы - Чарльз Спирмен. Ол интеллектті жалпы «ақыл-ой энергиясы» деп санайды. Автордың пікірінше, оның деңгейі кез-келген сынақтың сәттілігімен анықталады.

Р. Каттелл интеллекттің иерархиялық модельдерін қарастыратын кең таралған ұғымдардың біріне ие [Бапаева М.К., 2013. 171 б.]. Сонымен бірге интеллектуалдық қасиеттер жалпылау деңгейіне сәйкес иерархияда орналасады.

Әлеуметтік интеллект анықтамасының әртүрлілігі бұл құбылыс құрылымының түсініксіздігін анықтайды.

Психологтар бұл қабілет адамға тиімді тұлғааралық өзара әрекеттесу және табысты әлеуметтену үшін қажет деп санайды. Әлеуметтік интеллект жеке тұлғаның танымдық процестерін жүзеге асырады. Олар адамның қарым-қатынаста және қызметте серіктес ретінде көрінуіне тікелей байланысты.

Психологтар, сонымен қатар интеллект тәсілдік есептерді шешу барысында да және айналасындағы адамдардың өзін-өзі, сондай-ақ жеке өзін-өзі ұстауын қалай түсінетіндігі мен бағалайтындығынан да көрінуі мүмкін деп болжайды.

Г. Эйзенк «биологиялық интеллект», «әлеуметтік интеллект», «психометриялық интеллект» ұғымдарын ажыратқан. Д. Векслер әлеуметтік интеллектті адамның белгілі бір қоғамдағы өмірге бейімделу дәрежесі ретінде анықтайды. Д. Векслердің интеллект таразыларында «Түсінушілік» және «Тізбектелген суреттер» субтесттерінің индекстері «әлеуметтік интеллекттің» дамуымен байланысты деп анықталады. Іс-әрекеттердің, әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің себептерін түсіну, оқиғалардың логикасы мен дәйектілігін түсіру қабілеті атап өтіледі.

Д. Гоулман әлеуметтік интеллект құрылымындағы екі негізгі категорияны бөліп көрсетеді: әлеуметтік сана және әлеуметтік объектілер. Ол қоғамдық сананы біздің басқаларды сезетініміз ретінде анықтады. Әлеуметтік объект біздің санамызбен жасайтын іс-әрекеттен пайда болады.

Тұлғааралық қатынастар тұрғысынан К. Альбрехт басқа адамдарға деген мінез-құлықты «Токсинді» және «Қоректік» әсер ету принциптері бойынша жіктейді. Токсинді мінез-құлық адамның ашулануына, күйзелісіне, кінәсіне және депрессиясына әкелуі мүмкін. Қоректік мінез-құлық адамдардың өмірге деген құрметін, қалауын және қанағат сезімін тудырады. Токсинді мінез-құлықтың ұзаққа созылатын әсері әлеуметтік интеллекттің төмен деңгейін көрсетеді. Адамда адамдармен қарым-қатынас жасау және олардың мінез-құлқына тиімді әсер ету мүмкіндігі жоқ. Қоректік мінез-құлықтың ұзақ мерзімді әсері адамды басқалармен қарым-қатынас жасауда әлдеқайда тиімді етеді. Мұндай коммуникативтік дағдылар әлеуметтік интеллекттің жоғары көрсеткіштерін анықтайды.

Әлеуметтік интеллектті өлшеу қабілеттеріне тұлғаның өзара әрекеттесу дағдыларын анықтау кіреді. Бұл сонымен қатар оларды мінез-құлық тұрғысынан бағалау қабілетін анықтайды. Тұлғаның барлық өзара әрекеті қандай-да бір контекстпен жүреді. Тиімділігі басқа контекстпен өзара әрекеттесуге арналған контексттерді игеруді қамтиды. Осы логикаға сүйене отырып, әлеуметтік интеллект контексттік мәнді түсінуді білдіреді. Әр түрлі контексттерде және олардың арасында қалай қозғалу керектігін және әр түрлі жағдайда өзін қалай ұстау керектігін біле отырып, адам өзінің тиімді өзара әрекеттесу мақсаттарына қол жеткізе алады.

*Әлеуметтік интеллект* - бұл оқылған мінез-құлық арқылы көрінетін дағдылардың жиынтығы [Қазақстан: Ұлттық энциклопедия, 1998, 281 б.]. Жеке адам өзінің мінез-құлқының басқаларға әсерін бағалайды. Өзгелермен қарым-қатынаста сәттіліктің деңгейі жаңа мінез-құлықпен тәжірибе жасауға және жаңа өзара әрекеттесу стратегияларын тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен, әлеуметтік интеллект «адамдармен тіл табыса білу» қабілеті ретінде анықталады. Бұл өсу және қарым-қатынас жасау кезінде, адам басқа адамдармен қарым-қатынас жасау тәжірибесін жинақтағанда болады.

Ересек жастағы көптеген адамдар қартайған сайын оқуды және дамуды жалғастыра бермейді. Олар әлеуметтік, іскери немесе кәсіби жағдайларда табысқа жету үшін қажетті түсінікпен дағдыларды алуға ұмтылмайды. Айтуынша, басқалармен қарым-қатынас жасауда түсінігі мен құзыреті жетіспейтін ересектер негізгі ұғымдарды түсіну және өзін тұлғааралық тиімділіктің жан-жақты моделінен бағалау нәтижесінде әлеуметтік интеллект жағдайында айтарлықтай жақсаруы мүмкін.

Сонда интеллектуалды жетілудің критерийі субъектінің кез-келген оқиғаны өзінің объективті шындықта болған күйінде қабылдауға дайындығы, сондай-ақ оның іс-әрекеттің объективті талаптарын ескере отырып, бастапқы мотивтер-

ді өзгертуге, мақсаттарды құралдарға айналдыруға дайындығы болады. Интеллектуалды жетілудің төмен деңгейі зорлық-зомбылық фондында қорғаныс мінез-құлқының белгілі бір нұсқаларын бастайды.

А.И. Савенков тұжырымдамасында көрсетілген әлеуметтік интеллект моделін қарастырып, оны құрайтын компоненттердің үш тобын бөліп көрсетеді:

а) когнитивті компонент - бұл әлеуметтік білім. Адамдар туралы білім, арнайы ережелерді білу, басқа адамдарды түсіну, әлеуметтік жады, есімдерге, тұлғаларға арналған есте сақтау, әлеуметтік интуиция, сезімдерді бағалау, көңіл-күйді анықтау, іс-әрекеттердің мотивтерін түсіну, т.б. жатады;

ә) эмоционалды компонент - мұнда әлеуметтік экспрессивтілік ұсынылған, бұл эмоционалды экспрессивтілік және эмоционалды сезімталдық, эмпатия - басқа адамдардың жағдайына ену, өзін басқалардың орнына қою, адамның өзін-өзі реттей алу қабілеті сияқты өзіңіздің эмоцияларыңызды және өзіңіздің көңіл-күйіңізді реттеу мүмкіндігі;

в) мінез-құлық компоненті - сұхбаттасушының тыңдау, әлеуметтік өзара әрекеттесу және әлеуметтік бейімделу қабілеті ретінде әлеуметтік қабылдау [Савенков А.И., 2005, 94 б.].

В.Н. Куницына әлеуметтік интеллекті күрделі және көп өлшемді психологиялық құрылым ретінде қарастырады. Бұл тұжырымдаманың авторы келесі компоненттерді анықтайды:

1. Коммуникативті және жеке әлеует. Бұл балалардың қарым-қатынас жасауын жеңілдететін немесе қиындататын психикалық қасиеттер кешені. Осының негізінде психологиялық байланыс пен коммуникативті үйлесімділік сияқты интегралды коммуникативті қасиеттер қалыптасады. Бұл автордың пікірінше әлеуметтік интеллекттің басты бағыты.

2. Балалардың өзін-өзі тануының негізгі сипаттамалары - бұл өзін-өзі бағалау, жеке кешендерден босату сезімі.

3. Әлеуметтік қабылдау - бұл балалардың әлеуметтік құбылыстарды түсіну және модельдеу қабілеті ретінде анықталады. Мұнда ең бастысы - адамдар мен олардың мотивтерін түсіну. Тұлғааралық жағдайлардың дамуын болжау мүмкіндігі де олардың тиімділігінің негізі болып табылады [Куницына В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М., 2001, 401 с.].

Бұл компоненттерді таңдау В.Н.Куницына, оның пікірінше, бұл балалардың мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік дамуының негізгі бағыттары болып табылатындығымен түсіндіріледі.

Д.В. Ушаков бойынша, әлеуметтік интеллектті анықтау, түсіндіру және диагностикалау тәсілдерінің барлық алуан түрлілігі үш негізгі параметрге келіп тіреледі:

1. Әлеуметтік интеллект - бұл басқалардан ерекшеленетін ерекше қабілет.

2. Әлеуметтік интеллект - бұл әлеуметтік құзыреттілік, өмір бойы жинақталған білім, білік және дағдылар жүйесі.

3. Әлеуметтік интеллект - бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу жетістігін анықтайтын жеке қасиет [Ушаков Д.Б., 2004, 12 б.].

Әлеуметтік интеллект құбылысы кәсіби қызметтегі сәттілікке тікелей байланысты. Авторлар, ең алдымен, адамдармен қарым-қатынастың маңызы аз болатын іс-әрекеттерде әлеуметтік интеллект идеяны алға қоя білу ретінде шығармашылықтың бір компонентімен анықталатынын атап өтеді.

Д.В. Ушаков әлеуметтік интеллектке тән бірқатар құрылымдық белгілерді анықтайды:

1. Үздіксіз сипат.
2. Вербалды емес ұсынуды қолдану.
3. Мен вербалдау кезінде әлеуметтік бағалаудың дәлдігін жоғалтамын.
4. Жасырын оқыту процесінде қалыптастыру.
5. «Ішкі тәжірибені» қолдану [Ушаков Д.Б., 2004, 19 б.].

Әлеуметтік интеллект - бұл әлеуметтік құбылыстарды тану қабілеті. Бұл құбылыс әлеуметтік дағдылар мен құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Адамның қоғамдағы табысты жұмысына, оның осы немесе басқа қызметтегі тиімділігіне көмектесе алатын маңызды қабілет. Құрылымдық-динамикалық теория шеңберінде әлеуметтік интеллект интеллекттің басқа түрлері сияқты «формациялық потенциалды» пайдаланады.

Д.В. Ушаков эмпирикалық зерттеулер шеңберінде тексерілуі мүмкін бірнеше гипотезалар ұсынды. Егер формациялық потенциал бірдей болса, автордың пікірінше, онда әлеуметтік интеллект пен интеллекттің басқа түрлерінің арасындағы байланыс болуы немесе болмауы да мүмкін. Бұл тақырыптар іріктемесіндегі әлеуметтің таралуының біркелкілік дәрежесіне байланысты болады. Бұл бөлудің біркелкі дәрежесі, мысалы, субъектілер қызығушылық танытатын қызмет саласына байланысты: тақырыпқа немесе коммуникативті салаға.

Әлеуметтік интеллект құбылысын жалпы интеллект мәселесімен байланыстырып қарау керек. Бұл жағдайда біз әлеуметтік интеллектпен бірге осы конструктордың жеке тұлғаның әлеуметтік танымының ерекшеліктерін түсіндіре алу қабілеті туралы айтамыз. Басынан бастап, психологтардың назарын әлеуметтік өзара әрекеттесу мәселесі және ондағы интеллекттің рөлі өзіне аударған кезде, әлеуметтік интеллекттің дамуы

негізінен интеллекттің жалпы теориялары шеңберінде жүреді. Сондықтан, бұл мәселе психологиялық зерттеулер шеңберінде осы категорияны түсіндіру мен қолданудағы жаңа көзқарасты анықтау үшін, ең болмағанда, осы құбылысқа деген көзқарастардың динамикасын тарихи тұрғыдан қарастыру және осы тәсілдерді аналитикалық тұрғыдан түсіну үшін қызықты ғана емес, сонымен қатар нәтижелі болып көрінеді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Әлеуметтік интеллект құбылысы, зерттеудің айтарлықтай ұзақ тарихына қарамастан, бүгінде жаңа тұжырымдама ретінде ұсынылды. Бұл ең алдымен интеллект психологиясының әдіснамалық қиындықтарына байланысты. Жалпы және әлеуметтік психологиядағы әлеуметтік интеллектің және басқа мәселелерді қарастырудағы әртүрлі тәсілдер. Әлеуметтік интеллекттің әлеуметтік психология категориясы ретінде негізделуі осы тұжырымдаманың әлі күнге дейін жеткілікті айқын критерийлерінің болмауына байланысты. Қазіргі жеке тұлғаның психологиясының мәселелерін, зерттелетін құбылыстардың ең маңызды қасиеттері мен байланыстарын қамтитын жалпы және іргелі анықтамалар ретінде қандай түсініктерді тануға болатындығын көрсету қажет болады.

Бірқатар отандық ғалымдар да өзінің әдіснамалық негіздерін қарастыру мен бағалаудың күрделі кезеңінен өтіп жатқан қазіргі заманғы психология үшін категориялық талдаудың рөлі үлкен екенін атап өткен. Категориялық аппарат заманауи психологиялық теорияда даму үшін ең перспективалы болып табылатын ұғымдар жүйесін бөліп көрсетуге арналған. Қазіргі зерттеушілер нақты анықтамаларды тұжырымдамайтын жағдайлар жиі кездеседі. Әлеуметтік интеллект сипаттамаларын нақты ғылыми бағыттар шеңберінде немесе олардың өзіндік тұжырымдары тізімімен шектелу тенденциясы бар.

Әлеуметтік интеллект адамның күнделікті өмірдегі әлеуметтік жағдайларға жауап беру қабілеті ретінде анықталады. Әлеуметтік интеллект біздегі басқа адамдар тудыратын сезімдер мен эмоцияларды қамтымайды. Олар жеке тұлғаның басқаларды түсіну және тиімді коммуникацияға қол жеткізу үшін жауап беру қабілетін қамтиды.

Бұл жұмыс Э. Торндайктың анықтамаларына негізделген. Әлеуметтік интеллект - бұл адамның әртүрлі өмірлік жағдайлардағы басқа адамдардың мінез-құлқын түсіну және болжау қабілеті, сезімдерді, ниеттер мен эмоцияларды вербалды және вербальды емес ерекшеліктеріне қарай тани білу.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Торндайк Э. Природа человека в социальных отношениях /«Human nature and the social order». - Вильямсбург, 1940.



2. Андрей Карелин, Джон Уотсон, Э. Торндайк Общая психология <https://www.livelib.ru/author/692117/top-e-torndajk>.
3. Блауберг И.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. Наука. М., 1973. - 270 с.
4. Бапаева М.К. Тұлғалық психология. – Алматы: ҚМҚПУ, 2013. – 218 б.
5. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ISBN 5-89800-123-9, IX том.
6. Савенков А.И. Әлеуметтік интеллект дарындылық пен шығармашылық психологиясының проблемасы ретінде //Психология. Жоғары экономика мектебінің журналы. - 2005. - Т.2. - № 4. - Б. 94-101.
7. Куницина В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. – СПб Москва. Питер, - 2001. - 544 с.
8. Ушаков Д.Б. Әлеуметтік интеллект типі ретінде //Әлеуметтік интеллект: теория, өлшем, зерттеу. - М.: РҒА Психология институты, 2004. - Б. 11-29.

**НАКЫШОВ НУРАДИН НАСРЕДИНОВИЧ**

З.ф.к.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

**АЖИКАБЫЛОВА ГУЛНАР ДУЙСЕБАЕВНА**

оқытушы

Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің  
nuradin60@mail.ru

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА: «ШӨГЕН» ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**Аннотация.** Қазақтың ұлттық «Поло (Шеген)» ойыны ежелгі тарихқа ие. Полоны бұрын біздің хандар, сұлтандар, қыпшақ Бейбарыс т.б. ойнаған. Поло жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде ең маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл ойынды мектептерде, колледждерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тарату және енгізу қажет, бұл үшін Шымкенттің оңтүстік мегаполисінде ат спорты кешенін салу қажет.

**Түйінді сөздер.** Ұлттық ойын, поло, ойын, ежелгі тарих.

**Аннотация.** Казахская национальная игра «Поло (Шеген)» имеет древнюю историю. Поло ранее играли наши ханы, султаны, и Кыпчак Бейбарыс и т.д. «Поло» занимает самую важную роль в патриотическом воспитании молодежи. Поэтому, эту игру нужно распространять и внедрить в школах, колледжах, а также в ВУЗах РК, для этого требуется строить конно-спортивный комплекс в Южном мегаполисе Шымкенте.

**Ключевые слова.** Национальная игра, поло, играть, древняя история.

**Annotation.** The Kazakh national game "Polo (Shögen)" has an ancient history. Polo was previously played by our khans, sultans, and Kypchak Beybarys, etc. Polo plays the most important role in the patriotic education of young people. Therefore, this game needs to be disseminated and implemented in schools, colleges, as well as in universities of the Republic of Kazakhstan, for this it is required to build an equestrian sports complex in the southern metropolis of Shymkent.

**Keywords.** National game, polo, play, ancient history.

Шөген ойыны және оның жарғысы мен еұбөютары, міндеттері. Шөгеннің отаны – Кіндік Азия, иесі – көшпенді халық. Ұлы даланы мекендеген қазақ халқы салт пен дәстүрге берік, ұлттық спорт ойындарына аса бай. Әсіресе, ат құлағында ойнаған ата-бабаларымыз көкпар, теңге ілу мен жамбы ату, қыз қуу, аламан бәйге дегенде барын салады. Ұлтымызбен тығыз байланысты ат спорты ойындарының қатарына тарихы ұзақ, тамыры терең шөген ойынын да жатқызуымыз керек. Ертеректе шөген – ірі малдың тобық сүйегінен жасалыпты. Ат құлағында ойнайтын жігіттер қолдарына шоқпар алып, әлгі тобықты ұрып ойнайтын болған. Шөгеннен бұрын «қуық» доп, «жел» доп деген ойын түрлері де болған екен. Доп дегеніңіз сол кездердің өзінде-ақ малдың қуығы мен қарынынан жасалса керек. Ол да шоқпар ұстап, сойыл сүйреткен азаматтардың ат үстіндегі ойыны саналған деген деректер бар. Шөген төрт түлік мал баққан халқымыздың ұлттық спорты ғана емес, әскери жаттығу формасы ретінде қалыптасқан ойыны саналады. Бүгінде төрткүл дүние поло деп таныған ойынның түп-негізі Орта Азияда қаланып, басы осы шөген ойынынан басталғандығы туралы Халықаралық поло федерациясының ресми сайтында жазылған. Ата-бабаларымыздың шө-

ген ойынын ойнағанына дәлел ретінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік), Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (Түркі тілінің сөздігі) еңбектерінде жазылған шөген жайлы шежірелерін мысалға алса болады. Осыған қатысты деректерді қазақ ғалымы, этнограф Асқар Егеубаев өз еңбектерінде кеңінен атап көрсетті.

Тағы да басқа тарихи деректерде 2000 жыл бұрын көне парсылардың шөгенді ойнағандығы жазылған. Көршілес қытай халқы да полоны мың жыл бұрын өздерінің дәстүрлі ойындарының қатарына енгізген көрінеді. Бірақ осынау көне дәуірден келе жатқан ойынның негізін қалаған Орта Азияның көшпенді халықтары екен.

Әлем поло деп таныған ойынның ертеректе бірнеше атауы болған. Әзірбайжандар мен парсылар бұл ойынды шоған деп атайды. Атап өтетін жайт, әзірбайжан елі 2010 жылы шоған ойынын ЮНЕСКО тарапынан өздерінің мәдени мұрасы екенін мойындатты. Ғалымдардың айтуынша, шоқпар, шөген, шоған сөздерінің түп-төркіні бір мағынаны білдіреді. Тағы бір деректерде ойынның поло деп аталуына ХІХ ғасырда Тибетте «пулу» деп аталуының себеп болуы мүмкін деген болжам айтылады. Бұл ойын әуелде Еуропаға барған уақытта «атты хоккей» деп те аталған.





**«Шөген»**  
 федерациясының  
 атқарушы директоры,  
 Ресей Жаратылыстану  
 Академиясының  
 Кеңесшісі (ғылыми  
 атағы), Қазақстан  
 Педагогикалық  
 Академиясының  
 профессоры, «Нобель»  
 медалінің лауреаты  
 Бүркіт Әуесхан  
 Қантөреұлы мен Омаров  
 Ержігіт Төлегенұлы,  
 Шымкент-Ақтас,  
 01.03.2020 жылы.

Бұл ұлттық ойынның түп-төркіні, тарихқа жалғанған тамыры болатыны анық. Шөгеннің де бір ұшы бұрынғы билеушілер мен тарихи тұлғаларға тіреліп жатыр. Ақсақ Темір Орталық Азияны билеп тұрған кезінде, Самарқанның түбіне шөген ойынына арналған алаң жасатқан. Сол алаң әлі күнге дейін бар. Өзбек ағайын оған тарихи ескерткіш ретінде қарайтыны жасырын емес. Бұл жағына терең бойлап, зерттесе, шөгеннің бір тамыры өзбек жерінен де табылатындығы айқын. Алайда өзбек халқы оны шөген емес, шовған деп атайды. Отандасымыз, кинорежиссер Айбек Шорабаев «Чавгон – ұмытылған ойын» дейтін сценарий жазғаны да есімізде. Осы дәлел-дәйектерді қорытындыласақ, шөген, шоған немесе човгон – бәрі көшпенді халықтардың ат спорты ойыны екенін аңғару қиын емес. Орта Азияда шыққан ойынды Үндістанның бір бөлігін жаулап алған жетісулық моғолдар сол жаққа апарған. Кейіннен Үндістанды отарлаған ұлыбританиялық шай өндірушілер 1800 жылдардың басында Манипурде шөген ойынына куә болады. Бұл уақытта үнді жұрты полоны спорттық ойын ретінде ойнайтын болған еді. Алайда 1850 жылға дейін шөгеннің британиялықтар дайындаған ережесі қалыптаспады. 1862 жылы поло ойыны Еуропаға бірінші рет ағылшындар арқылы таралды. Сол жылы Калькуттаның батыс бөлігінде көне поло клубының негізі қаланады. Бұған қатысты деректер жеткілікті. 1868 жылы ағылшын әскерлері мен теңіз офицерлері Үндістаннан қайтар жолда Мальтада аялдаған кезінде поло ойынын ойнаса керек. Олар Үндістаннан көрген ойын туралы ақылдаса келе, өздері клуб құру туралы ұйғарымға тоқтайды. Осылайша, шөген Еуропаға жетіп қана қоймай, алғашқы поло клубының да негізі қаланды. 1869 жылы Англияда 10 сарбаздан тұратын ойыншы қатысқан бірінші команда-

лық кездесу ұйымдастырылады. Бұл уақыттары Англияда поло «атты хоккей» деген атаумен тым танымал бола бастаған кез еді.

Таңбалы тастағы жазуларды, қазақтың қару-жарағын зерттеп жүрген ғалым, Тарих және археология институтының ғылыми қызметкері Станислав Потапов шөгеннің қазақ тарихына қатысты екенін нақты дәлелмен айтады. Станислав Потапов «Қазақта барымта бар. Барымтаға шоқпар қолданған. Ал шоқпар бата тимей қата тисе, адам мерт болады. Онда құн дауы төленеді. Барымта кезінде тізеден, иықтан, тобықтан қағып түсіру–нағыз шоқпаршылардың шеберлігі болды. Шөгенді бұрынғылар жауынгерлік жаттығу ретінде ат үстінде ойнаған. Егер шоқпарды дұрыс сілтей алмасаң, қарсыласыңның тізесіне емес, өз атыңның аяғына немесе құлақ-шекесіне тиеді. Қылышты дұрыс сілтемеген жағдайда өзің арандайсың немесе астыңдағы атыңды жаралайсың. Шөгенмен жаттыққан көшпенді ұланы барымтада шоқпарды, соғыста қылышты еркін сілтеген», – дейді.

Шөген туралы тарихшылар былай дейді: Поло өзінің бастауын көне заманнан алады. Тарихи деректерде бұл ойын парсы жұртына «Шоған» деген атпен танымал болғандығы, 2500 жылдай бұрын ойнағандығы айтылады. Дегенмен, бұл ат спорты түрі тыныс-тіршілігі ат пен ерге байланысты болған Орталық Азияның көшпенділерінен шыққан. Поло – ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан көне замандарда «Шөген» деген атпен танымал болған ат ойыны. Бабаларымыздың шөген ойынын ойнағандығы туралы деректер Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты түркі жазбаларында кездеседі.





«Шөген» федерациясының «Тайбурыл» - ұлттық ат спорты командасы. Алматы, 2016 жылы.

Орталық Азиядан шыққан Әмір Темірдің ұрпағы Үндістанға, одан ағылшындардың арқасында 1862 жылы поло ойыны Еуропаға жеткен. Америка құрылығындағы алғашқы поло ойыны 1875 жылы Аргентинада өткен.


Поло ойыны алғаш рет әлемдік Олимпиада ойындарының бағдарламасына 1900 жылы кірді. 1924 жылы Францияның Париж қаласында және 1936 жылы Берлинде өткен Олимпиадалық ойындардан кейін Халықаралық Олимпиада комитеті полону Олимпиада бағдарламасынан шығарғанымен, 1980 жылы Аргентина поло қауымдастығының президенті Маркос Уранга Олимпиада ойындарының бағдарламасына қайта енгізу үшін бастама көтергені белгілі. 1982 жылы «FIP» деген атпен танымал Халықаралық поло федерациясы құрылды.

Қазіргі таңда полону әлемнің 80-нен астам елдерінде ойнайды. Поло Ұлыбритания, Испания, Италия, Франция, Германия, Пәкістан, Үндістан, Біріккен Араб Әмірлігі (БАӘ), Аргентина, Мексика, Бразилия, Америка Құрама Штаты (АҚШ), Австралия және т.б. ірі мемлекеттерде зор танымалдыққа ие. Бұл үрдістен Қазақстан мемлекеті де шет қалып отырған жоқ.

2012 жылы Өмірзақ Шөкеев мырзаның бастамасымен Қазақстан Шөген федерациясының негізі қаланды. 2014 жылы Аргентина астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен Бас Ассамблеяда Қазақстан шөген федерациясы Халықаралық поло федерациясының толыққанды мүшесі мәртебесіне ие болды. Қазіргі уақытта Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай облыстарында өңірлік федерациялар ашылып, шөген клубтары жұмыс істеуде.

Осыған орай, бұл әлемдік үрдістен шет қалмай жасөспірімдерді ат спортына баулу мақсатында, Шымкент қаласында алғаш рет «Оңтүстік Қазақстан облысының шөген федерациясы» қоғамдық бірлестігі заңды түрде тіркеліп (Мемлекеттік тіркеу туралы анықтама №32120-1958-ҚБ, БСН 161140006839. Тіркеуші орган ОҚО Әділет министрлігі, **07.11.2016 ж. және Жарғысы да бекітілді**), оның іргетасы Шымкентасы қаласы, Абай ауданы, Ақтас шағын ауданында қаланды.

«Оңтүстік Қазақстан облысының шөген федерациясы» қоғамдық бірлестігінің Президенті Тастеміров Нұрлан Қуанышбайұлы, Вице-Президенті және атқарушы директоры Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы.



1-сурет. «Оңтүстік Қазақстан облысының шөген федерациясы» қоғамдық бірлестігінің логотипі (эмблемасы).





**«Шөген» федерациясының атқарушы директоры, Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі (ғылыми атағы), Қазақстан Педагогикалық Академиясының профессоры, «Нобель» медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы**

Махмұт Қашқари “Түркі сөздігі” кітабында шөгенді ат үстінен арнайы имек таяқпен доп қуалап ойнайтын спорт түрі деп түсіндереді. Ежелгі Талас, Шу өңірінде өмір сүрген ұлы ойшыл ақын Жүсіп Баласағұндың айтуынша, жақсы елшілер мен қолбасылар, бектер шөген ойыны жүйрік болған және басқа да шеберлік, ептілік, ақылдылық, сергектік, зеректік қажет әртүрлі ойындарды, өнерді меңгерген.

Шөген немесе поло ойынының ережесі туралы, Шөген-Поло ойынының 4 соққысы бар. Алға, артқа және аттың екінші қапталымен алға, артқа соққы жасайды. Осы төрт түрлі соққының техникасын, сілтеу траекториясын қарап отырсаңыз, біздің қылыш сермеу, шоқпар сілтеу сияқты ат үстіндегі жауынгерлік әрекетке ұқсайды. Станислав Потаповтың айтқаны да – осы. Демек, шөген жауынгерлік өнерге жас ұланды бейімдеуге, тәрбиелеуге, икемділігін арттыруға таптырмайтын ойын болған.

Поло ойыны Еуропаға таралысымен клубтар құрылып, одан әрі қанатын кеңге жая бастағаны белгілі. XIX ғасырдың өзінде шөген Еуропа асып, Оңтүстік Америкаға, одан әрі АҚШ, Австралия секілді елдерге жетті. Ойынға қызығушылықтың жоғары болғаны соншалықты оны кәсіби деңгейде ойнайтын болды. Тіпті 1900-1936 жылдары Олимпиада ойындарының бағдарламасына кірді. Бүгінде полоны әлемнің 84 мемлекеті ойнайды.

Поло әлемнің барлық елінде элиталық спорт түріне жатқанымен, Аргентинаның ұлттық спорт

түрі саналады. Елде бір команданың сапын бір отбасы мүшелері немесе бірнеше туысқан адамдар толықтыратын клубтар да жеткілікті. Аргентинада көптеген компаниялар мен жеке кәсіпкерлер үшін поло тұрақты қаржылық табыс көзіне айналған. Олар осы ойын үшін жылқыларды арнайы баптайды. Жаз мезгілінде Аргентинаға көптеген туристер ағылады. Оның ішінде поло ойыншылары мен әуесқойлар да бар. Сонымен қатар кәсіби ойыншылар, жаттықтырушылар және жылқышылар табыс табу үшін өзге елдерге жұмысқа барады. Бүгінде бұл елде әлемдік жылқы шаруашылығы, жекелей алғанда поло ойын-сауықтың бірнеше түрін ұсынатын үлкен индустрияға айналды. Аргентина тарапы ойынға ерекше мән беріп қана қоймай, 1982 жылы басқа да елдермен біріге отырып, халықаралық поло федерациясының негізін қалады.

Қазақстанда шөген ойынын қайта өрлету жөніндегі ұсыныстарды ғалымдар, журналистер және спорт функционерлері тоқсаныншы жылдардың аяғында айта бастады. Қазақстанда шөген федерациясын құру туралы ұсынысты алғаш рет Өмірзақ Шөкеев мырза айтқан болатын. Сөйтіп, 2012 жылы Қазақстанда поло федерациясының негізі қаланды. 2014 жылы поло федерациясына президент болып Асылжан Мамытбеков мырза сайланған соң федерацияға қатысты алда атқарылатын жұмыстарды жоспарлау қолға алынды. Ол кісі басшылыққа келгелі федерацияның атқаратын жұмысының бірнеше бағыты айқындалып, елімізде полоны дамытудың негізгі алғышарттары жасалды. Федерацияның атауы – Қазақстан шөген федерациясы деп өзгертілді. Айтулы табысымыздың бірі – 2014 жылдың желтоқсан айында Қазақстан шөген федерациясының Аргентина астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен Халықаралық поло федерациясының Бас Ассамблеясында мүшелікке қабылдануы болды. Сондай-ақ осы уақыт аралығында Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласында өңірлік федерациялар ашылып, клубтар құрылды. Облыстық федерацияларды құралабынмен қамтамасыз ету мәселесін де толықтай орындап шықтық. Биылдан бастап шөген ойынынан ұйымдастырылатын іс-шаралар республикалық бұқаралық спорт күнтізбесіне енді. Соның аясында Мәскеу қаласында, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында оқу-жаттығу жиындары ұйымдастырылды. Биылғы жылдың қыркүйек айының 21-28 күндері аралығында Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласындағы Халықаралық поло федерациясының орталығында еліміздің негізгі құрамасы жаттығу жиынын өткізіп қайтты.

Тағы бір жетістігіміз – жылқыларды шөген ойынына үйрету саласында болды. Шетелде поло ойыны үшін арнайы бапталған аттардың бағасы 15 мың доллардан кем түспейді. Бірақ біз шетелден жылқы сатып алмай, жергілікті жылқы поло ойнауға жарамайды деген қасаң пікірді жоққа шығарып, қазақы қолтұқымды қамбар ата түлігін бап-

тап, ойынға үйрете бастадық. Қазір федерацияның меншігінде қырықтан астам жылқы бар. Оның ішіндегі отыздан астам ат Қостанай жылқы зауытының түліктері. Сол қырық жылқының жиырма-сынан астамы шөген ойнауға үйретілді. Алдағы уақытта шеберлеріміз шөген ойыны үшін арнайы ер-тұрманды да өздері жасайтын жағдай жасамашымыз.

Еуропаның кейбір елдерінде полоны қыс кезінде қар үстінде ойнау әдетке айналған. Қысы ұзаққа созылып, аса суық болатын елдерде поло жабық кешендерде ойналады. Поло ойынын ойнау үшін оған арнайы алаң керек. Сондықтан оның инфраструктурасын дамытуға тиіспіз. Алматыда Ақбұлақ тау шаңғысы кешенінің түбінде «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның демеушілік жасауымен полоның халықаралық стандартқа сай алаңы салынып бітті. Сондай-ақ қыста ойнайтын жабық манеж де дайын тұр. Ол жерде емін-еркін халықаралық турнирлерді, республикалық чемпионатты өткізуге толықтай мүмкіндігіміз бар. Шөген – Қазақ хандығы құрылған мекенде көрсетіледі

Қазақ хандығының 550 жылдығында Қазақстан шөген федерациясының қолдауымен Тараз қаласындағы атшабар ретке келтіріп, қайтадан жөндеуден өткізілді. Поло ойынына арналған алаң салынды. Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы кезінде біз – Қазақстан шөген федерациясының тұсаукесерін жасамашымыз. Сонымен бірге алғашқы ойынды көпшілікке көрсетеміз. Одан кейін қараша айының соңында Талғардағы алаңда республикалық турнир өтеді деп жоспарлануда. Жалпы командадағы ойыншылардың бәрі – қазақтың көкпаршы жігіттері. Шөген – бұл тақымы мықты, білегі қарулы жігіттердің ойыны. Осылайша шөген өзінің тарихи мекені қазақ топырағына қайта оралды. Алғашқы ойынның Қазақ хандығының іргетасы қаланған жерде көрсетулі де тегіннен-тегін емес. Бұйырса, қазақ елінің аты шөген ойынымен де жаһанға танылатын кез алыс емес.

Шөген ережесі: Жалпы ережесі бойынша ойын 4-8 кезең аралығынан құралады. Оның әрқайсысы 7 минутқа созылады. Арасындағы үзіліс уақыты үш минутты құрайды. Ойын барысында төрт түрлі ұру әдісі бар. Ұзындығы 120-150 сантиметрді құрайтын таяқша (клюшка) ойынның негізгі құралы. Ашық даладағы алаңның көлемі 275x180 метрді құрайды. Бұл командалық спорт ойындарындағы ең үлкен алаң болып саналады. Қақпаның ұзындығы жеті метрге жетеді. Екі жақтағы қақпаның арасы

230 метрден кем болмауы тиіс. Әр ойыншыға тиесілі 3-4 аттан болуы керек. Өйткені, ойын кезінде оларды екі реттен кем емес ауыстыруға тура келеді. Шетелде мұндай аттардың бағасы қымбатқа түседі. Бағасы 5 мыңнан 50 мың АҚШ долларына дейін барады. Көз жеткізген тәжірибелік дерек бойынша, поло ойнауға қазақы тұқымды жылқылар жарап тұр.

Шөген тарихы Біздің көшпенді бабаларымыздың тіршілігі жылқымен тығыз байланысты болғаны тарихтан белгілі. Олардың өмірінде жылқы аса маңызды рөл атқарып, жауынгершілік заманда сенімді серігіне баланды. Ерте замандарда Орта Азияны мекендеген көшпенділердің атпен ойнайтын сан түрлі спорттық ойындары көп болған. Ол жайында бізге көнеден жеткен тарихи деректер айғақ болып отыр. Бүгінде Еуропада танымалдылыққа ие шөгеннің түп тарихының негізі Орта Азиядан шыққаны туралы деректер көп.

Шөген — түркі тектес тайпа-ұлыстарда, соның ішінде қазақтарда ежелгі замандарда кең тараған спорттық ойыны. Аса шеберлікті қажет ететін бұл сайыс түрі қазақ халқында ұлттық ойын ретінде қолданылған. Шөген ойыны - қазір түркі дүниесі елдерінде де, қазақ халқының да кейінгі ұрпақтарында ұмыт болғанымен, қазіргі кезде қайта жаңғыруда.

Шөген ойынын еске түсіретін спорт түрі бұл күндері Еуропадан кездеседі. Ағылшын ақсүйектерінің сүйікті әрі машықты спорт ойынынның бірі - Поло. Полоны қазіргі замандастарымыз жақсы біледі, ол ат үстінен доп таяқпен доп қуып бәсекелесу немесе оны «атты хоккей» десе де болады. Бірақ Еуропаның Полосын тамашалап отырып, осы ойын өзіміздің ежелгі ұлттық ойынымыз екендігін біле бермейді. Оны біз көне түркі мұраларын зерттеген ғалымдар мен мамандардың еңбектерінен білдік. X-XI ғасырлардағы түркі халықтарының ежелгі мұраларында «Шөген» ойыны туралы нақты деректер бар. Жүсіп Баласағұни өзінің атақты дастаны «Құтты бүлік» кітабының «Елшілер қандай болу керектігі туралы баяндалатын» тарауында осы шөгенді айтып өтеді. Елші тілге шебер, шешен, әдепті, зерделі алғыр болуы керек, әрі шахматты, шөгенді жақсы ойнауы тиіс дейді.

Демек, Шөген - қазақ ұлтының бай мәдениетін, өркениет үлгісін танытатын ойын, сондықтан «Шөгенді» қайта жаңғырту, халқымыздың «Көкпар», «Қыз қуу», «Теңге алу» секілді ойындарының қатарында деп айтуға негіз бар.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Б.Төтенаев. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994.
2. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Алматы «Рауан», 1994.
3. Шоңов Е.Ш. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы мен дамуы, Тараз, 2015.
4. Интернеттің рұқсат етілген сайттағы материалдары, 2020.
5. Н.Н.Накышов, Ә.Қ.Бүркіт. Шөген федерациясының жарғысы. Шымкент, 2019.

УДК 376.1



**НУРСЕЙТОВА ЖАНАР ЖОРАХАНОВНА**

3-ші курс докторанты  
6D010500 – Дефектология мамандығы  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
jan85nur@mail.ru



**АБАЕВА ҒАЛИЯ ӘСКЕРБЕКОВНА**

Педагогика ғылымының кандидаты, доцент  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Педагогика және психология институтының директоры  
jan85nur@mail.ru

## ДИСЛЕКСИЯ ЖӘНЕ ДҰРЫС ОҚУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада арнайы педагогикасының негізгі теориялық сұрақтарының бірі дислексия тақырыбы ашылған. Дислексияның түрлері айтылған. Дұрыс оқуды қалыптастыру қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Дислексия, оқудың бұзылысы, оптикалық дислексия, фонематикалық дислексия, дұрыс оқу.

## ДИСЛЕКСИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВИЛЬНОГО ЧТЕНИЯ

**Аннотация.** Статья посвящена одной из основных теоретических аспектов специальной педагогики – теме дислексии. Описаны виды дислексии. Рассматриваются проблемы обучения чтению.

**Ключевые слова:** дислексия, нарушения чтения, оптическая дислексия, фонематическая дислексия, правильное чтение.

## DYSLEXIA AND TEACHING CORRECT READING

**Annotation.** The article is devoted to the topic of dyslexia - one of the main theoretical aspects of special pedagogy. Types of dyslexia are described. The problems of teaching reading are considered.

**Key words:** dyslexia, reading disorders, optical dyslexia, phonemic dyslexia, correct reading

### КІРІСПЕ

Дислексия – тұрақты сипаттағы қайталанатын қателермен белгіленетін және жоғарғы психикалық функциялардың қалыптаспағандығымен (бұзылысымен) шартталған, оқу үрдісінің жартылай спецификалық бұзылысы.

Дислексияны жіктеу негізіне авторлар әр түрлі критерийлерді алады: оқудың бұзылу деңгейі, байқалуы (Р.Беккер); оқу актісіне қатысты анализаторлардың бұзылуы (О.А.Токарева); кейбір психикалық функциялардың бұзылуы (М.Е.Хватцев, Р.Е.Левина), оқу үрдісінің операцияларын ескеру (Р.И. Лалаева). [Қ.Қ.Өмірбекова., 2011, 332 б.]

Р.И.Лалаева оқу үрдісі бұзылған операцияларын ескере отырып дислексияның келесі түрлерін бөледі: фонематикалық, семантикалық, мнестикалық, оптикалық, тактильді. [Лалаева Р.И. 2002. 28 с.]

М.Е.Хватцев бұзылған механизмдер бойынша фонематикалық, оптикалық, оптикалық-кеңіс-

тіктік, семантикалық және мнестикалық дислексияның түрлерін бөлген.

О.А.Токарева оқудың бұзылысын анализаторларының (есту, көру және қимыл-қозғалыстары) бірінші бұзылысына тәуелді топтастырады. Осыған байланысты дислексияның акустикалық, оптикалық және моторлы түрін бөліп көрсеткен. [Под ред. Л.С.Волковой, 2003, 27]

Қазіргі кездегі оқу бұзылысы мәселесін талдау бірінші кезекте қалыптағы оқу үрдісінің күрделі психофизиологиялық құрылымын және осы дағдыны балалардың менгеру ерекшеліктерін түсінуге негізделеді.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Барлық тілде оқуға үйретудің әмбебап бір әдістемесі болуы мүмкін емес. Дегенмен, үйретуді әріптер мен дыбыстарды түсінуден, фонетикадан бастау қағидасы барлық тілге ортақ. Тіпті жазуда иероглифтер қолданатын Қытайда да соңғы 50 жылда балалар алдымен сөздерді



латын әліпбиінің көмегімен оқуға үйретіп, содан кейін ғана дәстүрлі жазуға көшеді. Қазақ тіліндегі сөздердің басым көпшілігі қалай жазылса, солай оқылады.

Оқу күрделі психофизиологиялық үрдіс, оған түрлі анализаторлар қатысады: көру, сөйлеу қимыл-қозғалысты, сөйлеу-есту. Оның негізінде «анализаторлар әсерінің күрделі механизмдері және басқа екі сигналды жүйелердің уақытша байланысы» жатыр. Оқу өзінің психофизикалық механизмдері бойынша ауызша сөйлеу тіліне қарағанда күрделі үрдіс болып табылады, онымен бірге ол жазбаша және ауызша сөйлеу тілінен бөлек қарала алмайды. Оқу үрдісі көріп қабылдаудан, әріпті ажырату және танудан басталады. Одан кейін әріпті сәйкес дыбыстармен сәйкестендіру жүреді және сөздің дыбыс айту бейнесінің айтылуы, оның оқылуы іске асырылады. Ақыры сөздің дыбыстық түрін оның мағынасымен сәйкестендіру салдарынан оқығанды түсіну іске асырылады. Сонымен, бұл үрдісте шартты түрде екі жақты бөлуге болады: *техникалық* (жазылған сөздің көру бейнесін оның айтылуымен сәйкестендіру) және *мағыналық* - оқудың негізгі мақсаты болып табылады. Олардың арасында тығыз байланыс бар. Оқығанды түсіну қабылдау сипатымен анықталады. Басқа жағынан, көру қабылдауы алдында оқылған мағыналы мазмұнның әсер етуін сезінеді. [Корнев А.Н., 1997, 436.]

Оқу кезінде үлкен адам оқығанның мағынасын ғана саналандырады, ал оған қатысатын психофизиологиялық операциялар саналысыз, машықтанған түрде іске асырылады. Бірақ бұл машықтандырылған оқуды менгеру операциялары жан-жақты және күрделі болып табылады.

Кез келген дағды сияқты оқу өзінің қалыптасу үрдісінде сапалы өзінше түрліше қадамдар, кезеңдер қатарынан өтеді. Олардың әр қайсысы алдыңғысымен және келесісімен байланысты, ақырындап бір сападан келесіге көшеді. Оқу дағдысының қалыптасуы ұзақ және мақсатты бағытталған үрдісінде іске асырылады.

Бірнеше ондаған жылдар бұрын әдістеме мынадай болған: балалар ең алдымен әріптердің атауын, сосын дыбыстарды үйреніп, содан кейін әріптерді буынға біріктіріп оқитын. Қиындығы сол, 1-сынып оқушылары ұзақ уақыт бойы әріптің аталуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты меңгере алмайтын. Буындар ұзын болғандықтан, балаға ойында бірнеше әріптерді сақтап тұру өте қиын болатын. Соңғы жылдары фонемаларды тіркестіру қағидасы табысты қолданылуда. Бірақ бұл бала зеріктіретін ережелерді жаттауы тиіс және сапалық редукция мен сандық редукцияны ажырата білуі тиіс дегенді білдірмейді. Ең бастысы, баланың оқуға деген қызығушылығын сақтау керек. Баланың мүмкіндіктері мен қойылған міндеттері сәйкес келгенде ғана оған қызықты болады. Баланың қолынан келетіндей, оған жетімді болатындай, оның

жетістіктері айқын көрінетіндей жағдай жасап отыру қажет. Мысалы, бірнеше ондаған сөздер игеру үшін сол сөздерді білдіретін үйдегі заттарды алу. Егер осы заттарға оның атауы жазылған қағаздар іліп қойса, бала көп ұзамай, таныс жазуларды біле бастайды. Содан кейін сол сөздермен «Тауып көр», «Лото» ойындарын ойнатуға болады. Сонда бала өз күшіне деген сенімділігін сезеді. Тек жағымды сезімдерді сезінсе ғана одан кейінгі оқыту тиімді болады. Оқуға үйрету әдістерін тоқталайық.

– Фонетикалық әдіс. Фонетикалық тәсілдеме әліпбилік қағидаға негізделген. Оның негізінде – әріптер мен дыбыстардың (фонетика) айтылуын үйрету, сосын бала жеткілікті білім жинақтаған соң ол буындарға, содан кейін тұтас сөздерге көшеді. Фонетикалық тәсілдеменің екі бағыты бар: – Жүйелік фонетика әдісі. Тұтас сөздерді оқымай тұра, балаларға жүйелі түрде біртіндеп дыбыстарды, соған сәйкес әріптерді үйретеді, осы дыбыстарды қосуға жаттықтырады. Кейде бағдарлама фонетикалық талдауды да (фонемаларды қолдана білу) қамтиды.

– Ішкі фонетика әдісі көзбен шолуға және мағыналық оқуға баса назар аударады. Яғни, балаларға сөздерді әріптің көмегімен емес, суреттер немесе мәнмәтін арқылы тануды және сәйкестендіруді үйретеді. Содан кейін ғана таныс сөздерді талдай отырып, әріптермен белгіленетін дыбыстар оқылады. Жалпы алғанда, жүйелік фонетика әдісіне қарағанда бұл әдістің тиімділігі төмен. Бұл біздің ойлауымыздың кейбір ерекшеліктерімен байланысты. Ғалымдардың айтуынша, оқу қабілеттілігі әріптер мен дыбыстарды білумен, ауызша сөйлеуде фонемаларды ажырата білу қабілеттілігімен тікелей байланысты. Оқуға үйретудің бастапқы кезінде бұл дағдылар жалпы ақыл-ой деңгейінен де маңыздырақ болады.

– Лингвистикалық әдіс. Лингвистика – бұл тілдің табиғаты және құрылымы туралы ғылым. Балалар мектепке үлкен сөздік қорымен келеді, бұл әдіс оқуды жиі қолданылатын, сондай-ақ оқылуы да, жазылуы да бір сөздермен бастауды ұсынады. Осы сөздерді үйрене отырып, бала әріптермен дыбыстар арасындағы сәйкестікті меңгереді.

– Тұтас сөз әдісі. Мұнда балаларға сөздерді құрайтын бөліктерге бөлмей, тұтас бірлік ретінде тануды үйретеді. Бұл әдісте әріптердің атауларын да, дыбыстарды да үйретпейді. Балаға сөз көрсетіледі және оны айтады. 50-100 сөз жаттаннан кейін балаға осы сөздер жиі кездесетін мәтін береді.

– Тұтас мәтін әдісі. Тұтас сөз әдісіне ұқсас, бірақ тілдік тәжірибесіне көбірек жүгінеді. Мысалы, қызықты сюжеті бар кітап беріледі. Бала оқиды, мағынасын мәнмәтіннің немесе иллюстрацияның көмегімен аңғаруы тиіс бейтаныс сөздерді кездестіреді. Бұл ретте оқу ғана емес, сондай-ақ, өз әңгімелерін жазу да қолдау табады.



Бұл тәсілдің мақсаты – оқу процесін жағымды ету. Ерекшеліктерінің бірі – фонетикалық ережелер мүлдем түсіндірілмейді. Әріптермен дыбыстар арасындағы байланыс оқу барысында айқын емес жолмен анықталады. Егер бала сөзді қате оқыса, оны түзетпейді. Басшылық етуші дәлел: оқу сөйлеу тілін меңгеру сияқты табиғи үдеріс және бұл үдерістің барлық қыр-сырын балалар өз бетінше меңгеруге қабілетті.

тынас жасаудағы маңызын ашты. Демек, зияты бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жағының дамуы қарым-қатынас жасауда маңызды рөл атқарады. Жұмыстың негізгі мазмұны-сөйлеудің әртүрлі аспектілерінде көрінетін зияты бұзылған балалардағы сөйлеу тілі дамуының ауытқуларының жалпыланған сипаттамасы. Зияты бұзылысы бар балалардағы сөйлеу бұзылыстарының ерекшелігі және оларды түзету жоғары жүйке белсенділігі мен олардың психикалық дамуының ерекшеліктерімен анықталады.

Арнайы әдебиеттерде көптеген авторлар зияты бұзылысы бар оқушылардың сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктерін қарастырған. Зияты бұзылысы бар оқушылардағы сөйлеудің бұзылуын М.Е. Хватцев, Р.Е. Левина, Г.А. Бош, Д.И. Орлова, М.А. Савченко, Е.Ф. Соботович, Е.М. Гопиченко, Р.И. Лалаева зерттеді [Волосовец Т.В., 2000, 200 б.].

Отандық ғалымдардың Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Б. Ибатова, Г.Н. Төлебиева, Г.С. Оразаеваның еңбектеріне сүйенетін болсақ, онда зияты зақымдалған оқушылардың сөйлеу тілін, соның ішінде грамматикалық құрылымын дамыту - түзету жұмысының бірден-бір бөлігі екенін көре аламыз. Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін анықтау арқылы зияты зақымдалған оқушының байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға, сонымен қатар ойлауында жетілдіруге болады.

Зияты бұзылысы бар балалардағы сөйлеу

бұзылыстары жүйелі болып табылады. Олар сөйлеу әрекетінің барлық операцияларын қалыптастырмайды, атап айтатын болсақ, мотивацияның әлсіздігі, сөйлеу қарым-қатынасына қажеттіліктің төмендеуі, сөйлеу әрекеттерінің ішкі бағдарламаларын құру, сөйлеу бағдарламасын жүзеге асыру және сөйлеуді бақылау, нәтижені алдын-ала жоспармен салыстыру, оның сөйлеу әрекетінің мотиві мен мақсатына сәйкестігі. Зияты бұзылысы бар балаларда сөйлеудің қалыптасуы баяу және ерекше. Өзіндік ерекшелігі сөйлеу әрекетінің барлық аспектілерін қалыптастыруда көрінеді [Балобанова В.П., 2001, 240 б.].

Сөйлеу тілінің лексикалық жағының жетілмеу себептері интеллектуалды дамудың төмен деңгейімен, қоршаған өмір туралы түсініктері туралы білімдерінің шектелгендігімен, қызығушылықтарының аздығымен, сөз арқылы және әлеуметтік қатынастарға түсу қажеттілігінің төмендігі, вербальді есте сақтауының әлсіздігімен байланысты болып келеді. Зияты бұзылысы бар балаларда сөздік қоры нашар және кедей болып келеді. Олар белсенді сөздікке қарғанда енжар сөздіктің күрт басымдылығын сақтайды. Сонымен бірге, өз жадында көптеген сөздерді сақтайды және олардың мағынасын түсінеді, бірақ оларды өз орнымен қолдана алмайды. Бұл сөздер тек олардың енжар сөздігінде қалады. Сөздердің белсенді сөздікке ауысуы өте баяу. Балалар оларды қоршап тұрған көптеген заттардың аттарын білмейді. Заттардың айырмашылықтарын балалар игермейді және белгілері бойынша ажырата алмайды. Балалар заттардың көбінің атауларын білмейді, заттардың жеке бөліктерін атауда қиналады. Сөздік қорында нақты мәнді зат есімдер көп. Балалар жалпыма, абстрактылы мағынадағы сөздерді қолданады. Синонимдік, яғни мағынасы жақын мәнді сөздерді қолдана алмайды. Балалардың сөйлеу тілінде семантикалық ұқсастық бойынша сөздерді алмастыру жиі кездеседі. Ұқсас сөздерді, түрлі сөздерді шатастыру белгілері кездеседі. Балалар заттардың айырмашылықтарын меңгере алмайды және атауларын ажырата алмайды. Екіншілік орында қолдану жиілігі бойынша етістіктер тұрады. Белсенді сөз қорында қимыл-қозғалыстардың тәсілдерін белгілейтін етістіктер жоқ [Коваленко О.М., Тимофеева И.В., 2004, 41-57 бб.].

Зияты бұзылысы бар балалардың белсенді сөздігінде қозғалу тәсілдерін білдіретін көптеген етістіктер болмайды. Көбінесе "секіру", "жүгіру" сөздерінің орнына олар "жүру" дейді. "Кім дауыс береді" тапсырмасын орындау кезінде етістіктер ең қиын болып шығады: күңкілдеу, ызылдау, күлу. Ал бастауыш сынып оқушылары ономотопеяны жиі қолданады. Сонымен қатар, олар ауызша емес қарым-қатынас құралдарын қолданады, қолдарымен қимыл жасайды. Префикстері бар етістіктер балалар тұрақты емес етістіктермен ауыстырылады немесе префикстерді қате қолда-

нады: кетті → келді, көшті → өтті.

Зияты бұзылған балаларда кездесетін ең үлкен қиындық - сын есімдерді қолдану. Сын есімдерді қолдану барысында бірқатар қиындықтар кездеседі. Заттардың түсін, мөлшерін, дәмін белгілейтін сөздердің бірең-сараңын ғана қолданады. Адамның ішкі тұлғалық қасиеттерін белгілейтін бағалау сипатындағы сын есімдерді сирек қолданады. Енжар сөз қоры белсендіге қарағанда көбірек, бірақ оның өзектіленуі үлкен қиындыққа ұшырайды; бір сөзді қайталау үшін балалар көмекші сұрақтарды қажет етеді. Көп сөздердің мағынасы туралы түсініктердің болмауы да мүмкін. Суреттерге белгілерді таңдау тапсырмасын орындау кезінде заттардың түсін, мөлшерін, дәмін білдіретін сөздер қолданылады. Алма-жасыл, қызыл, жетекші сұрақтардың көмегімен "қышқыл, тәтті, дөңгелек" деп атауға болады. Келесі ерекшелігі: түлкі - "қызыл". Әңгіме барысында ертегілердің мысалында балалар "қызыл, айлакер" сөздерімен таныс екендігі белгілі болды, бірақ олар бұл сөздерді өз сөздік қорларында қолданбайды. Қыз "жақсы" деп сипатталады, адамның ішкі қасиеттерін көрсететін белгілерді одан әрі таңдау қиын. Балалар белсенді сөздікте негізінен "әмбебап алмастырғыштарды" пайдаланады: жаман, жақсы, үлкен, кішкентай. Антонимдерді таңдағанда олар әдеттегі қателіктер жібереді: ұзын → тар, тар → үлкен, жаңа → жаңа емес. Салыстырмалы және сапалы сын есімдерді құра отырып, зияты бұзылысы бар балалар күтпеген жауаптар береді: қара өрік компоты - "қара өрік"; көкөніс сорпасы - "көкөніс"; қырыққабат сорпасы - "дәмді"; жүзім шырыны - "жүзім"; желді күн - "жел"; аязды күннің орнына - "суық". Әсіресе, сын есімдердің қалыптасуындағы бұзылуларды көп байқауға болады [Филичева Т.Б., Чиркина Г.В., 2004, 224 б.].

Зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы кешігіп, ерекше өзінің жетілмеуімен ерекшеленеді де, грамматизмдер, грамматикалық жалпылауды қажет ететін тапсырмаларды орындағандағы қиындықтарымен сипатталады.

Сөзжасам және сөзөзгертудің морфологиялық формаларымен қатар сөйлемдердің синтаксистік құрылымдары жеткіліксіз қалыптасқан. Сөйлемдердің негізгі құрылымы болып табылатыны - жай сөйлемдер. Күрделі сөйлемдер көмекші мектеп оқушыларының сөйлеу тілінде сирек кездеседі, сөйлемдердің күрделі құрылымдары шамамен 5-ші сыныпта ғана пайда болады. Ең алдымен оқушылар салалас-құрмалас сөйлемдерді меңгереді, ал бағыныңқы-құрмалас сөйлемдерді талдауды кеш және қиналып меңгереді. Балалар уақыттық байланыстар, себепті-салды байланыстарды белгілей алмайды. Сөйлем құраған кезде конструктивті сипаттағы және стилистикалық қателер көп кездеседі. Сөйлемдерде сөздерді тастап кету, сөйлемнің тұрлаулы

және тұрлаусыз мүшесін тастап кету көп кездеседі. Өзіндік сөйлеуінде фрагментарлы сөйлемдерде бастауыш пен баяндауышты, кейде екеуінде тастап кету байқалады. Тұрақты және көп таралған қателер: сөйлемдегі сөздердің байланысы жоқ, септік формаларды шатастырады. Күрделі сөйлемдер құрастырғанда жай және күрделі сөйлем арасындағы аралық нұсқа байқалады. Күрделі сөйлемдерді бөлшектеу жиі кездеседі. Үстеулерді қолдану біліктері жетілмеген [Өмірбекова Қ.Қ., 2011, 495 б.].

Зияты бұзылысы бар балаларда морфологиялық жалпыламалар кедей және анықсыз; сөздің морфологиялық құрамы туралы, сөйлемдегі сөздің синтаксистік байланысы туралы морфологиялық жалпылауы анықсыз, грамматикалық мәндер жүйесі жеткіліксіз қалыптасқан. Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымының жетілмеуі байланыстырып сөйлеу тіліндеде белгісін қалдырады. Байланыстырып сөйлеуі өте баяу дамиды. Ұзақ уақытқа дейін ситуативті және сұрақ-жауап кезеңінде ғана болады. Өз бетімен баяндауға көшу қиын әрі көп жағдайларда жоғары сыныптарға дейін созылуы мүмкін. Балалар үнемі айтқандарын қошеметтеп отырғанды, сұраққа жауап айту сияқты көмектерді қажет етеді. Ерекше қиындықтары — сөйлеу тілінің контекстті түрі. Зияты бұзылған балаларға ең жеңілі – ситуативті сөйлеу тілі, яғни көрнекілікке, нақты жағдайға (ситуацияға) сүйеніп сөйлеуі.

Балалардың байланыстырып сөйлеуі фрагментарлы, ондағы логикалық кезектілік, жеке бөлшектер арасындағы байланыс бұзылған. Балалар сюжеттің негізгі мәнін білдіретін қажетті бөлшектерін жиі тастап кетеді, олар көбінесе мәтінде жоқ және кез келген ассоциациялар негізінде бөлшектерді, жағдайларды қосып сипаттайды. Байланыстырылған мәтіні бір тұтас емес және қысқа, тар, баяндағанда анық емес. Байланыстырып сөйлеуіндегі баяндау жеңілдетілген, себепті-салды, уақытты, кеңістіктегі қатынастарды түсінбейді. Байланыстырып сөйлеу тілінің жетілмеу себептері сөйлеу белсенділігінің, вербальді есте сақтауының, тез шаршағыштықтың, мотивацияның төмен деңгейі және сөздік қорының аздығымен сипатталады [Жүсіпова Д.З., 2002, 78 б.].

Тілдің сөзжасамдық жүйесі оның басқа жақтарымен – лексика мен грамматикамен байланысты. Лексикамен байланыс-бұл жаңа сөздер тілдің сөздік құрамын толықтырады. Грамматикамен, атап айтқанда морфологиямен байланысты, жаңа сөздер орыс тілінің грамматикалық құрылымының заңдарына сәйкес жасалады. Демек, сөйлеудің лексикалық жағын байытудағы және сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамытудағы сөзжасамның маңызы орасан зор.

Қалыпты дамып келе жатқан балада сөзжасамның дамуы баланың өмірінің үшінші жылында басталады. Ана тілінің сөзжасамасын меңге-

ру-баланың сөйлеу және танымдық дамуындағы маңызды кезең. Объектілер арасындағы қатынастар сөйлеу байланысының мазмұны мен формасындағы өзгерістерді, атап айтқанда, бірліктердің мәнін өзгертуді талап етеді. Мұндай түрлендірудің нәтижесі туынды сөз болып табылады. Туынды сөздер баланың сөйлеу дамуындағы жаңа кезеңді сипаттайды.

Сөйлеудің жүйелі дамымауы бар бала сөзжасам нормаларын дамытуда құрдастарынан артта қалады. Бұл мәселе 60-шы жылдардан бастап анықтала бастады. Р.Е. Левина интеллектуалды жеткіліксіздігі бар балалардағы сөздерді түрлендірудің қол жетімсіздігін атап өтті. Кейіннен сөзжасамның бұзылуымен бірқатар ғалымдар (Р.И. Лалаева, Н.В. Серебрякова, Л.В. Лопатина, Л.С. Соломаха айналысты. О.М. Коваленко, И.В. Тимофеева, Т.В. Туманова, т.б.) балалардағы сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтап, жиі кездесетін қателіктерді анықтады. Сондай-ақ, олар бастауыш сынып оқушыларының сөзжасамдығын зерттеуде эксперименттік зерттеулер жүргізді. Интеллектуалды жетіспеушілігі бар мектеп жасына дейінгі балалардағы сөзжасамдық дағдылардың ерекшеліктері ана тілін оқытуда одан әрі қиындықтар туғызады.

Зияты бұзылысы бар балаларда жалпылаудың анық еместігі, сөздің морфологиялық құрамы және сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланыстары туралы идеялар, грамматикалық мағыналар жүйесі жеткіліксіз қалыптасқан. Сөйлеудің лексикалық және грамматикалық құрылымының дамымауы әсіресе үйлесімді сөйлеуде айқын көрінеді. Олардың ауызша сөйлеуінің едәуір бөлігі тақырып пен предикаттың кемшіліктері бар толық емес сөйлемдерден тұрады. Олар әлемнің объектілері мен құбылыстары арасындағы қатынастар мен қатынастарды түсінудің, сөйлеудің семантикалық жағының дамымауын көрсетеді.

Осылайша, 7-8 жасқа дейін зияты бұзылысы бар балалар өздігінен еліктеу механизмі негізінде ана тілінің қарапайым грамматикалық стереотипін игереді. Грамматикалық байланыстар негізінен бірнеше рет механикалық қайталау арқылы қалыптасады. Олар тілдік құралдарды қолдану ережелерін есте сақтай алады, бірақ тілді оқытуда, жалпылаудың жоғары дәрежесіндегі лексикалық және грамматикалық тілдік мағыналардың мағынасын түсінуде қиындықтарға тап болады. Өзге тәсілмен – жалпылау жолымен қалыптасатын мағыналық байланыстарды (оның ішінде грамматикалық) қалыптастыру, яғни, ойлаудың қатысуымен қиындықтар туғызады. Бұл дегеніміз, зияты бұзылысы бар балалар сөздердің грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрылысын еркін құра алмайды. Балаларда грамматикалық стереотип қалыптасқан сайын сөйлеудің даму қарқыны, жалпы қолданылатын сөздер қоры мен сөйлеу белсенділігі артады.

Т.В. Туманованың айтуынша, эксперименттік



жұмыстардың нәтижелері зияты бұзылысы бар балалардағы сөзжасамдық процестердің ерекшеліктерін анықтады. Олар:

- бір түбірлі сөздерді семантикалық салыстыру және салыстыру мүмкіндігінің болмауы;
- туынды сөздерді дұрыс қолданбауда көрінісін түбір сөздердің жалпы және әртүрлі дыбыстарын барабар бөлектеу қиындықтары;
- қате атауға әкелетін сөздің түбірлік мағынасына басымдық беру ("кілт", "кілт" сөздеріне кілт кескіні бар бірдей сурет таңдалады);
- берілген сөз моделіне сәйкес келетін сөзжасамдық аффикстің ұзақ мерзімді жадын таңдау операцияларының бұзылуы. Бұл көбінесе морфемалардың ықтимал нұсқаларын таңдауда көрінеді;
- сөздерді көп мағыналы аффикстермен араластыру;
- жаңа сөзді қалыптастыру кезінде ресми шарттарды сақтамау, мысалы: оның дыбыстық және буындық құрылымы, екпінділігі және т.б. (мысалы, "сурет салудың" орнына бала "сал" дейді);
- сөзжасамдық жағдайды аграматикалық сөйлеммен алмастыру (мысалы, "құмырсқаның" орнына - "құмырсқалар үшін үйінді");
- зат есімдердің кішірейтетін формаларын тақырыптық суреттермен жеткіліксіз байланыстыру ("шұлық" сөздерінің жұптары үшін бірдей мөлшердегі суреттер таңдалады);

- сын есімнің дұрыс емес нұсқасын қате тану;
- сөздердің туынды формасы кеңейтілген ситуациялық тұжырымға ауыстырылуы;
- сөзжасамдық аффикстің бұзылуы;
- жаңа сөздерді қалыптастыру кезінде екпіннің дұрыс қойылмауы, сөздің дыбыстық, буындық құрылымын ұйымдастырудың ресми шарттарын сақтамау [Т.В.Туманова, 2001, 68-75 б.].

Сөзжасамдық қателіктердің ұсынылған типологиясы оқушылардың сөйлеуді қабылдау кезеңінде және ішкі бағдарламалау кезеңдерінде және сөйлеу бағдарламасын моторикамен жүзеге асыруда кездесетін қиындықтарды көрсетеді. Бұл оқушылардың сөзжасамдық морфемаларды тілдік белгілер ретінде игерудегі және олармен операцияларды игерудегі мүмкіндіктерінің айтарлықтай төмендеуі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұндай артта қалу тілдің лексикалық жүйесінің ғана емес, сонымен бірге тілдік қабілеттің бүкіл сөзжасамдық деңгейінің және нәтижесінде жалпы сөйлеудің дамуына кедергі келтіреді.

Сонымен, мақаламызды қорытындылай кететін болсақ, зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілі баяу және ерекше дамып, үлкен өзгешелігімен сипатталады, ол жоғарғы жүйке жүйесінің әрекет ерекшеліктерімен, психологиялық ерекшеліктерімен күрделенеді. Балалармен дұрыс ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмысының көмегімен біз оң нәтиже аларымыз сөзсіз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Волосовец Т.В. Основы логопедии / Т.В.Волосовец. – М.: Издательский центр «Академия», 2000 – 200 с.
2. Диагностика нарушений речи у детей и организация логопедической работы в условиях дошкольного образовательного учреждения / В.П.Балобанова [и др.]. – СПб.: ДЕТСТВО– ПРЕСС, 2001 – 240 с.
3. Коваленко О.М. Особенности словообразовательных умений и содержание коррекционной работы по их формированию у детей 5 – 6 лет ОНР 4 - уровня / О.М.Коваленко, И.В.Тимофеичева // Логопедия. – 2004 - № 2 – С. 41 - 57
4. Филичева Т.Б. Устранение общего недоразвития речи у детей дошкольного возраста /Т.Б.Филичева, Г.В.Чиркина. – М.: Айрис – пресс, 2004 – 224 с.
5. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ.Қ. Өмірбекованың редакциясымен). – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 495 б.
6. Жүсіпова Д.З., Исхакова Ф.Қ., Омарғалиева Т.Ж. Тіл дамытудың ғажайып әлемі: әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2002. – 78 б.
7. Туманова Т.В. Формирование готовности к словообразованию у дошкольников с ОНР/ Т.В.Туманова // Дефектология. – 2001 - № 4 – С. 68 – 75 с.

**САДЫҚОВА МАХАББАТ КӘРІМҚЫЗЫ,**

п.ф.к., қауымд.профессор м.а.,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан

**ИКРАМОВА АНАР ШАНШАРХАНҚЫЗЫ,**

п.ф.к., қауымд.профессор м.а.,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі білім беру үдерісін педагогикалық технологиялар арқылы жүзеге асыру туралы баяндалады. Авторлар педагогикалық технологияны жан-жақты талдай келе, қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйрену қажеттігін ашып көрсетеді. Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуда проблемалық оқытудың мүмкіндіктері ұсынылған.

**Түйінді сөздер:** білім беру үдерісі, педагогикалық технология, проблемалық оқыту.

**Аннотация.** В статье рассказывается о реализации современного образовательного процесса через педагогические технологии. Авторы, всесторонне анализируя педагогические технологии, раскрывают необходимость эффективного применения современных передовых технологий в школьной практике, прежде всего, их глубокого, всестороннего изучения. Представлены возможности проблемного обучения в развитии творческого мышления учащихся.

**Ключевые слова:** образовательный процесс, педагогическая технология, проблемное обучение.

**Summary.** The article describes the implementation of the modern educational process through pedagogical technologies. The authors, comprehensively analyzing pedagogical technologies, reveal the need for effective application of modern advanced technologies in school practice, first of all, their deep, comprehensive study. The possibilities of problem-based learning in the development of students' creative thinking are presented.

**Keywords:** educational process, pedagogical technology, problem-based learning.

### КІРІСПЕ

Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы – білім жүйесі. Орта мектеп - білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» - деп айтылған [Жолдау, 14.02.2014, 18 б.]. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында -деп атап көрсеткен болатын.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагогикалық технологиялар білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Білім берудің мақсатына жетуі, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылар мен педагогтардың қызметін белсендіретін факторлардың толықтығы, осы технологияның сапасына байланысты. Технология (грек тілінде *techné* – шеберлік, өнер, және *logos* – ілім) – адамдардың бірыңғай орындалатын және жоспарланған нәтижеге жететін күрделі үдерісті бірізді, өзара байланысты шараларға, іс-әрекеттер мен тәсілдерге бөлу арқылы жүзеге асырылатын әдіс.

Белгілі ғалым В.П. Беспальконың анықтамасы бойынша «Педагогикалық технология дегеніміз - тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана. Педагогикалық жүйе

ретінде ол оқушының жан-жақты қалыптасуына ықпал ететіндей оқытудың әдіс, құрал, үрдістерінің мақсатты жиынтығын қарастырады» [Беспалько В.П., 1989, 125-127 бб.].

Педагогикалық әдебиеттерде инновациялық технологияларды қарастыра отырып, технологияның шамамен он екі анықтамасы келтірілген. Мәселен:

- өнер, шеберлік, біліктілік, өңдеу әдістерінің жиынтығы, жағдайды өзгерту;
- оқу үдерісіне ұйымдастырылған, мақсатқа бағдарланған, алдын ала белгіленген педагогикалық әсер немесе әрекет;
- оқыту мақсатына кепілді жету құралы;
- оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету үдерісінің сипаты ретінде;
- тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы;
- педагогика ғылымы мен мектеп практикасының дамуындағы сабақтастықты сақтау жағдайында педагогика және әдістеменің құрал-саймандық және әдіснамалық құралдарын түбегейлі жаңарту және басқалар.

А.Я. Наиннің пікірінше, педагогикалық технология – білім беру мақсатына сәйкес жағдайда басқарушы бағдарлама немесе оқушылардың белгіленген норма бойынша оң педагогикалық нәтиже алу әдісі [Наин А.Я., 1994, 61 б.].

Шетелдік ғалымдар педагогикалық технология түсінігін оқыту құралдарын пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін арттыратын педагогикалық жүйе ретінде тар мағынада қарастыруға бейім. Т. Сакамото пікірінше, оқыту технологиясы – ғылыми білімнің саласы, мақсаты – оқытуда дұрыс есептеу жолында және оның барысына әсер ететін барлық мүмкін болатын факторларды іріктеуде барынша көп тиімділікке жетуді практикалық зерттеу [Sakamoto T., 1974, p.71].

Педагогикалық технология негіздеу, қызметтік және басқару технологиясы болып бөлінеді. Негіздеу (дәлелдеу) педагогикалық технология оқушыларды кәсіби оқу-танымдық қызметке қосуға мүмкіндік береді. Ол жеке тұлғаның ішкі уәжін дамытуға бағдарланған. Қызметтік технология оқушылардың тікелей қызметін ұйымдастыруға байланысты.

Басқарудың педагогикалық технологиялары оқыту үдерісінің нәтижелілігіне жету әдісі мен құралдарының жүйесі болып табылады. Кез келген басқару алға қойған міндетті шешуді едәуір тиімді жолмен, іс-әрекетті түзету және үдеріс барысын үнемі бақылау арқылы қамтамасыз етуден тұрады, ал басқарудың педагогикалық технологиясы мақсат қою міндетін шешуден, оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеуден, білім мен білікті бақылаудан, меңгеруді бағалаудан тұрады.

Оқу материалының іріктелген мазмұнына сәйкес оқытушы меңгерудің қандай да бір деңгейін қалыптастырудың және дамытудың бағыттарын айқындап алуы керек. Ол өз кезегінде баға

критерийін сақтап, оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын бақылау жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларында практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. М.В. Клариннің пікірінше, білім беру саласындағы технологияны дамыту қажеттігі бірқатар себептерден туындайды [Кларин М.В., 1994, 221 б.].

*Біріншіден*, педагогикалық технологияның дамуы адамның жалпы қызметтік әрекетінің дамуы тұрғысында маңызды (адамзат қызметінің технологиясы, әлеуметтік және кәсіби технология).

*Екіншіден*, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде сан алуан педагогикалық проблемаларды шешу барысында жүйелі тәсілді қолдану тенденциясы байқалады. Яғни, технологияның дамуы – білім беру, тәрбиелеу және оқыту үдерісінде жүйелілік қағидасын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

*Үшіншіден*, қызметтің кез келген саласының тиімділігін, оңтайлылығын, даму өлшеміне технологиялылық критерийі жатады. Ол ең алдымен алға қойған мақсатқа жетуді, бұл мақсатқа үдерістік механизмдер мен инструменттік құралдар жүйесінің барабарлығының жоғары деңгейін болжайды.

Технология басқа факторларға қарағанда жеке адамның жүйелі, мақсатқа бағдарланған дамуын қамтамасыз ететін бірден-бір басым педагогикалық механизмі болып табылады. Мұндай механизмді педагогикалық технология формасында қалыптастыру мен жүзеге асыру білім беру сапасын арттыруға, технологиялылықты қамтамасыз етуге, педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде бірнеше түрлі өзара балама мектептер баршылық, әрбіреуінің ұтымдылығы әр түрлі. Мысалы, дәстүрлі мектеп түлектерінің білімділік деңгейі жүйелілік, теориялық, ғылымилық тұрғыдан қарастырғанда жоғары, бірақ, сол білімдерін қолдануға іскерлік қасиет-қабілеттерінің шеңбері тар болып келеді. Ал қызығу мен қажеттілікке негізделген еркін тәрбие мектептерінде білім беру үдерісі оқушылардың еріктері мен танымдылық дамуын шектейді, мұнда психиканың механикалық есте сақтау қызметі жөнді дамымайды деген астарлы пікір бар. Сондықтан, болашағы мол болып көрінетін дәстүрлі

оқыту мен балама оқыту әдістемелерінің үйлестірілген түрі керек. Мұнда тасада қалдырмайтын мәселе – қайсысынан қандай элементтер, қандай негізде таңдалынып, қандай қатынаста құрастырылатындығы.

Дәстүрлі дидактиканың негізгі мақсаты - мұғалімнің жаңа түсініктерді, заңдылықтар мен принциптерді өзінің түсіндіруі, мысал ретінде көрсетуі болды. Білім мен дағдыны оқушылар негізінен мұғалімге еліктеп, соның айтқанын қайталау арқылы алды [Бейсенова Ж.Ы., 1992, 5 б.].

Дәстүрлі (түсіндірмелі-көрсетпелі) оқытуда білім репродуктивті сіңіру нәтижесінде алынады, яғни жаттау, қайталау, көрсетілген нәрсе шеңберінде ғана ойлап, ойға сіңіреді. Бұл оның жадын дамытып, білімі мен дағдысын репродуктивті ойлау арқылы қалыптастырады.

С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Л.С. Выготскийлердің еңбектеріне сүйене отырып, орыс ғалымдары И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкиндер өткен ғасырдың 60-70-жылдарында проблемалық оқыту тұжырымдамасын жасады. М.И. Махмутов проблемалық оқытуды ғылыми дайын тұжырымдарды меңгеру барысында, өз бетінше жүйелі іздену әрекетімен байланыста болатын, дамыта оқытудың ерекше түрі деп есептейді. Мұндай жағдайда проблемалық оқыту дамытушылық, тәртіптілік, ізденушілік сияқты оқу процесі қызметтерінің негізі бөлшегі болады.

Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі оның жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігіне. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [Матюшкин А.М., 1989, 91 б.].

Проблемалық оқыту «проблема», «проблемалық сұрақ», «проблемалық тапсырма», «проблемалық жағдай» («ситуация») деген ұғымдарды қамтиды.

Проблема дегеніміз – субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен (білім, икемдік, іздену тәжірибесі және т.б.) шешуге болатын жағдай. Кез келген сұрақ, тапсырма проблемалы бола бермейді. Олардық проблемалық болуының негізгі шарты – оларға жауап іздеуге оқушыға даяр жауап не үлгі болмайды және ол өзінің білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықты басқаша айтқанда, берілген проблеманы шешуге керекті білімнің немесе тәсілдің онда жетіспей тұрғанын сезінеді.

Проблемалық жағдай деп пайда болған құбылыстар, фактілерді адамның түсіндіре алмай қиналушылық жағдайға ұшырауын айтады, Сон-

дықтан сол қиыншылықтан шығудың жолын қарастырып, іздену іс-әрекетіне көшеді.

Проблемалық жауап кезеңінде оқушының іс-әрекеті ойлаумен, пайымдаумен өз бетінше ізденумен сипатталады.

Проблемалық оқыту тек проблемалы жағдай тудырып қана қоюды емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгерту де қажет етеді. Ол үшін оқытушы оқушының тақырыпта кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс. Мұның басты жолы – дұрыс ойлай білуге баулу.

Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып, жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да проблемалық оқыту көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқыту мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзінде, үдерісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервегтің еңбегі зор. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д. Дьюн болды.

М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені, ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді» [Махмутов М.И., 1985, 106 б.] - деп көрсетеді.

Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлануға, зертеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеруде ситуациялар қоюға мән берген. Проблемалық оқытудың басқа әдестерден айырмашылығы – білім оқушыларға дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді оқушылардың өзі тауып, білімді игеруге жол ашады.

Проблемалық әдіспен оқытудың мақсаты - оқушының сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше пікір айта білуге үйретеді.

Проблемалық оқиға оқушының бұрыннан



меңгерген білімге сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі керек. Проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты.

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасы күшейе түседі.

Проблемалық оқыту технологиясы тұжырымының ерекшеліктері:

- білімді меңгеру ішкі себептер негізінде пайда болған басқарылмайтын үдеріс;
- бала дүниені тануда адамзат жүріп өткен жолмен жүреді;
- бала материалды сезім арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді;
- оқытуда табысқа жетудің шарттары;
- оқу материалында проблема туғызу;
- баланың белсенділігі;
- оқытудың бала өмірімен, ойынымен, еңбегімен байланысы.

Проблемалық оқиға оқушының бұрыннан меңгерген білімге сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып кетуі керек. Проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты. Сол сияқты есептер шығару барысында да балаларға сурет салу арқылы, кесте түрінде сызуға, кестелер арқылы шығартуға бейімдеу, өздігінен кері есеп құрастыра білуге жаттықтыру керек.

Проблемалық сабақты аралас сабаққа ұқсатып, бірнеше бөлімге нақты бөлуге болмайды. Сонымен қатар, қойылған мақсат пен сабақтың мазмұнына байланысты мұғалім мен бастауыш сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір реттігін жасауға да болмайды. Сол себепті проблемалық сабақты ұйымдастырудың сан-алуан жолы болуы мүмкін.

Проблемалы сабақты жүргізу негізінде аралас сабақта қолданылып жүрген материалды бекіту бөлімінің қажеттілігі болмайды, өйткені, жаңа білімді игерудің өзі оқушылардың өнімді қызметі арқылы атқарылады, ол өз кезегінде, оқушылардан бұрынғы меңгерілген білімді қолдана отырып, жаңаны қабылдауды қажет етеді.

Проблемалы сабақ барысында жіберілген қателіктерді анықтап, талдау жасауға ерекше көңіл

бөлінуге тиіс және бұндай жұмысты оқушылармен бірлесіп жұмыс жасаудың барлық кезеңінде жүргізіп отырған жөн.

Проблемалы сабақ барысында бастауыш сынып оқушыларының жіберген қателіктерін талдаудың мынадай бағыты белгіленеді:

- оқушылар жіберген қателіктерді анықтап алу;
- қателіктер кеткендігіне оқушылардың көздерін жеткізу;
- қателіктердің жіберілу себептерін оқушылар күшімен анықтау;
- оқушылардың қателік жіберу себептерін өз күшімен анықтай алмаған жағдайда, оларға көмек көрсету;
- оқушылармен бірлесіп отырып қателіктерді түзету.

Проблемалық сабақ ұйымдастыру төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- проблемалы оқыту сабақтапы дәстүрлі аралас сабақтармен салыстырғанда, біріншіден, көп дайындықты қажет етеді, екіншіден, сабақтың жүрісі көп уақытқа созылады;
- белгілі бір пәнді бөлінген сағатына сай игеру үшін пән бағдарламасында көрсетілген тақырыптарды негізгі және қосалқы материалдарды бөліп алу қажет;

– қосалқы материалдарға бөлінген сағаттарды азайту арқылы негізгі материалдарға арналған сағаттарды көбейтуді ойластыру қажет;

– негізгі материалдарды оқытуды проблемалы сабақтарды ұйымдастыру арқылы өткізуге тырысып, қалғандарын дәстүрлі аралас сабақтарын өткізу пән тақырыптарын үйлесімді игерудің ең тиімді жолы екендігі анықталады.

Көптеген педагогтар және психологтардың сараптамасы бойынша әр түрдегі жаттығулардың тиімділігі, олардың нұсқалық сипатта болуында. Нұсқалық жаттығулар оқушылардың ой-өрісін дамытып ғана қоймайды, сонымен қатар олардың тұрақты білім-білік, дағдыларын қалыптастырады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға, ғылыми іздену жолына бағыттайды. Проблемалы тапсырмалар сезімге молырақ әсер етеді де, оқушының қызығушылығын құмартушылығын дамытады. Құмартушылық, қызығушылық оқушыны өздігінен ізденуге жетелейді. Проблемалық тапсырма нәтижесі оқушының өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілетінің, іскерлігінің жетілген, ең жоғары дамыған сатысы деуге болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2014 ж.14 қаңтар
2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. – М., Педагогика, 1989. – 201 б.
3. Наин А.Я. Инновации в педагогике профессионального образования. – Челябинск: Филиал ИПО МО РФ, 1994. – 61 с.
4. Sakamoto T. The Roles of Educational Nechnology in Curriculum Development //Curriculum big means of Educational Technology. – P.121, 1974. Centre for Educational Research and Junovation, OECD.
5. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – М.: ИОСО РАО Арена, 1994. – 228 с.
6. Бейсенова Ж.Ы. Теория и практика проблемного обучения. – Алматы:Санат, 1992.
7. Матюшкин А. М. Проблемы учения умственного развития школьника. М., Педагогика, 1989.
8. Махмутов М.И. Проблемное обучение. – М., 1985. – 221 с.



**САРИЕВА КУЛЬПАШ НТЫМАКПАЕВНА,**  
педагогика ғылымдарының докторы,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті



**КЫЛЫШПАЙ БАЯН САГЫНДЫКОВНА**  
п.ғ.м., аға оқытушы,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ НООСФЕРАЛЫҚ МОДЕЛІ

**Аңдатпа:** Мақалада білім беру мазмұнын құрастырудың баламалы тәсілі қарастырылады. Автор білім беру мазмұнын іріктеу тарихына жүгінеді және соңғы уақытта әзірленген және қабылданған мемлекеттік стандарттарды мұқият зерделеп, ноосфералық, яғни оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың тұтас моделін ұсынады. Қоғамдық дамудың негізгі бағыттары ретінде айқындалған: тарихи процесс, мәдени кеңістік, ғылыми прогресс, экономикалық қайта құру.

**Түйінді сөздер:** ноосфералық білім беру, білім берудің өзекті мазмұны, үздіксіз процесс, әлеуметтендіру, білім берудің мақсаты мен құрылымы, құзыретті тұлға.

**Аннотация:** В статье рассматривается альтернативный подход к конструированию содержания образования. Автор обращается к истории отбора содержания образования и, тщательно изучив разработанные и принятые в последнее время Государственные стандарты, предлагает ноосферную, т.е. целостную модель организации учебно-воспитательного процесса. Определены как основные направления общественного развития: исторический процесс, культурное пространство, научный прогресс, экономическое преобразование.

**Ключевые слова:** ноосферное образование, актуальное содержание образования, непрерывный процесс, социализация, цель и структура образования, компетентная личность

**Abstract:** the article considers an alternative approach to the construction of the content of education. The author refers to the history of the selection of educational content and, having carefully studied the recently developed and adopted State standards, offers a noospheric, i.e. an integral model of the organization of the educational process. Defined as the main directions of social development: historical process, cultural space, scientific progress, economic transformation.

**Keywords:** noosphere education, actual content of education, continuous process, socialization, purpose and structure of education, competent personality

### КІРІСПЕ

Орта білім беру мазмұнының жүйесін жетілдіру үзілмейтін үрдіс және оның өткені, бүгіні және болашағы бар.

Қазақстандағы білім беру саласының дамуы Кеңес одағы тарихымен тығыз байланысты. Сол заманға көз жүгіртетін болсақ, білім мазмұнын анықтаудың ғылыми негіздемесін 1920 жылы С.И. Гессен жасаған [Джадрина М., 1999, 32-34 бб.]. Ол білім мазмұнының алты түрін белгілеген: тәрбиелік, ғылыми, көркемдік, құқылық, діни, шаруашылық. 1970-1980-ші жылдары Ресей ғалымдары И.Я.Лернер мен И.С.Леднев осы бағыттағы жұмыстарын жалғастырды. С.И. Гессен мен В.С. Леднев те білім мазмұнын алты түрін атайды: ғылыми (ақыл-ой), рухани-тәрбиелік, көркемдік (эстетикалық); құқылық, діни және шаруашылық (С.И. Гессен); коммуникативтік, еңбек және дене шынықтыру (В.С. Леднев). Осы зерттеулерді Ресей

педагогикалық ғылым академиясының ғалымдары, В.В. Фирсовтың бастаумен, «Оқытудың мазмұны және әдістемесі ғылыми-зерттеу» институтында 1988 жылы жалғастырған. Тәуелсіздік алғанға дейін Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары институты Ресей ғалымдарымен тығыз байланыста болып, бірге жұмыс жасаған.

Осы зерттеулер негізінде 1990 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Білім беру проблемалары институтында білім мазмұнының **алты түрі** анықталған:

1. Әлемді және адамды тану (химия, география, биология, астрономия, физика).
2. Қоғамды және адамды тану (адам, қоғам, тарих).
3. Ана тілін және басқа тілдерді білу және үйрену.
4. Математиканы тану (математика, информатика).

5. Өнертану (көркем сурет, музыка, әдебиет).  
6. Тіршілік жасау және өзін-өзі тану (еңбек, дене шынықтыру).

2012, 2015 жылдардағы «Бастауыш, негізгі және жалпы білім беру» Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында **жеті білім салалары** белгіленген, бірақ осылар білім беру салалары ма, жоқ пәндер ме?

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру». Біздің ойымызша, «Жаратылыстану» (химия, физика, география, биология) және «Өнер» (сурет, музыка) сала, ал басқалары пәндер.

1993-1995 жылдары Ресей жаратылыстану ғылымдар академиясында Маслова Н.В. және басқа ғалымдар «Ноосфералық білім беру» тұжырымдамасын ұсынды. Оның басты идеясы - біртұтас динамикалық ойлау жүйесін ұсыну. Ол дегеніміз оқу барысында оқушылар мидың сол (рационалдық) және оң (шығармашылық) жақтарын бірдей пайдаланудың арқасында әр пән бойынша кіріктірілген білім алып, соның арқасында табиғи көзқарас қалыптастыру. Осы әдіс арқылы ұйымдастырылған оқу үрдісі пән мазмұнын толық игеруді 5-6 ретке қысқартады.

Бұл мақалада осы «Ноосфералық білім беру» идеясын Қазақстан білім кеңістігінде іске асырудың жолдары зерделенеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Енді 2012, 2015 жылдардағы «Бастауыш, негізгі және жалпы білім беру» Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардағы түйін сөздерге тоқталайық.

1. *Тұлғаны әлеуметтендіру* - жеке адамның қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде өмір сүруіне қажет белгілі ілімдер, ережелер мен байлықтарды меңгеру. Олар әр пән мазмұнында берілген.

Әлеуметтендіру жеті жасқа дейін отбасы немесе бақшада өтсе, 7-18-ге дейін мектепте, жоғарғы оқу орны, жұмыс орны, қоғамдық орындар арқылы жалғасады. Ал ең басты талап - отбасын құру, ұрпақ жалғастыру, қоғамның ең кіші бөлшегі-жанұя арқылы ең үлкен құрылымы-мемлекетке еңбек ету.

### 2. Құзыреттілік.

**Құзыр** - араб сөзі - қатысу, қатынасу, көру, көріну.

Компетенция -1. міндет, қызмет бабы 2.біліктілік,

Компетентный - білікті, жетік, терен білетін, құзырлы.

Компетентность – құзыреттілік, біліктілік.

Құзыреттілік сөзінің мән-мағынасын А.Байтұрсынов кезінде былай деп түсіндірген еді: «*Білім –біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік –сол білімді іске асыра білу дағдысы*»

[Байтұрсынов А., 1987, 101 б.]. Сондықтан араб сөзінен бастау алатын құзыреттілікті – *біліктілік* деп қабылдауды ұсынамыз.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (2010.01.09) мазмұны тұлғаны әлеуметтендіру, орта білім беруде білім, білік, дағдыдан құзыреттілікке, нәтижелілікке, оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірге пайдалануға үйретуге бағытталған.

Бұл құжатта *базалық* (мейірімді адам, бауыр-мал отбасы, шығармашыл тұлға, жауапкершілікті азамат, салауатты тұлға), бұған қосымша:

- **тектілік**, отбасына қамқорлық, эстетикалық талғампаздық, өз құқығын қорғау, экологиялық қасиеттер оқушыны әлеуметтендірудің басыма бағыттары ретінде қарастырылып;

- **пәндік** – *инварианттық, міндетті білім деңгейі* (пән бойынша білім, білік, дағды);

- **метапәндік** *пәнаралық-вариативтік, мүмкіндік, кіріктірілген байланыс, жүйелілік, көзқарас қалыптастыру; түйінді* (ақпараттық, коммуникативтік, проблемаларды шешу) құзыреттеріне сипаттама беріледі.

Біліктілік үлгісін ұлы педагог Ы. Алтынсарин «Асан мен Үсен» әңгімесінде көрсете білді. Заманауи оқушы Үсен сияқты алдында кездескен тығырықтан (проблема шешу қабілеті) шыға білу және кез-келген мәселені шеше білетін тұлға болу керек. Өзгермелі өмірде өз орнын таба алу, әлеуметтену. Амонашвили сөзімен айтатын болсақ: “в ось питание”, қазақша “орам ал”, себебі айнала үн, белгі, ұғымдар мен үлгілер.

Білім - көне қазақ түсінігінде ҚОРҚҰТ (Қор және Құт). Өлмейтін, өшпейтін нәрсе. Ж. Баласағунидің «Құтты білік» шығармасындағы кейпкерлер: айтқандай Огдюльмиш - Өзөлмес-Ақыл, Одгурмыш-Өзгермес-Адам. Тек сол Қорды көре білу және насихаттау керек. Оқушы сол Қордан рухани нәр алу керек, сонда ғана ол Қор оған Құт болып дариыды.

Оқушы білімді ала білу керек, мектеп бере білу керек. Алған білім, білік, дағдыны оқушы өмірде пайдалана білсе, оны білікті деп айтуға болады.

Оқушы үшін білім алу мақсаты – өмірге керекті білім, білік, дағдыларды игеру. Адамның қоршаған ортасы табиғат -метафизика( болмыс-сущность-физика; химия -заттың қасиеті) -18 мың ғалам: 6 мың -флора; 6 мың-фауна; 6 мың-жұлдыз-оларды зерттейтін **ғылым; руханиет** –мәдениет — эстетика – этика - тәрбие - адами құндылықтар); **өркениет** – цивилизация - материалдық құндылықтар; **саясат** - тарихи құбылыстар мен өзгерістер - тарихи уақыт, тарихи кеңістік, тарихи тұлғалар; **экономика** - есеп-қисап-тіршілік ету, өмір сүру - әлеуметтік қағидалары.

2006 жылы 11 қаңтарда Елбасы Н.А. Назарбаев былай деді: «Келесі онжылдықта біз бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына қосыламыз. Ол үшін



экономикасы, саясаты, әлеуметі, мәдениеті дамыған мемлекет болуымыз қажет» [Назарбаев Н.А., Казахстанская правда, от 12 января 2006 г.].

Осы ойды іске асыру үшін мектептің де берері мол емес пе? Сондықтан біздің ұсынып отырған модель-үлгімізде пәндер төрт сала бойынша топтастырылған. Орта мектепте стандартта білім берудің екі бағыты: *жаратылыстану-математика және қоғамтану-гуманитарлық* бағыттар ұсынылған.

Біздің оймызша, **төрт бағыт** болуы тиіс: *ғылыми-жаратылыстану, көркемдік-гуманитарлық, саяси-қоғамдық, әлеуметтік- экономикалық*.

**Білім беру мақсаты:** Экономикалық, саяси, ғылыми және мәдени бағыттар арқылы оқушыны әлеуметтендіру.

**Міндеттері:**

*Математика, технология* арқылы экономикалық білім қалыптастырып, нарық жағдайында шаруашылыққа икемді болу көзделеді (*қамқоршы отбасы және бәсекеге қабілеттілік-жеке кәсіп ашу, үй салу*)

*Тарихтан* білім алып, өз отбасы шежіресін

қалыптастырып, Отан, әлем құбылыстары мәліметі арқылы өз құқығын білетін, Отанын сүйетін тұлға болу (*жауапты және өз құқығын қорғай алатын азамат; ұл, қыз өсіру, ұл-ұлт негізі, ұлт жандылыққа тәрбилеу*).

*Тіл, әдебиет, өнерді* танып білген, өз елінің және әлем халықтарының ұлттық құндылықтарын игерген, әдемілікке құштар, эстетикалық талғамы биік мәдениетті тұлға қалыптастыру (*шығармашыл және рухани бай тұлға - мәдени Қорды игеру, үйінде кітапханасыбар, төріне домбыра ілу*).

*Биология, химия, физика, дене шынықтыру* арқылы ғылым жетістіктерін игеріп, өз елінің және әлем ғалымдарының өркениетке қосқан үлесін бағалай білетін, табиғатты аялайтын азамат қалыптастыру (*денсаулығы мықты және экологиялық адам – үйінің айналысына бақ өсіру*).


*Ең бастысы-мейірімді, текті тұлға.*

Бұл тұжырымдарды үлгі-модель арқылы да көрсетуге болады (Кесте 1):

**Кесте 1 – Тұжырымыдық үлгі**

Білім салалары	Мақсаты	Пәндер	Кәсіби бағдарлау	Негізгі құзыреттіліктер
1. Саясат	Тарихи таным және құқылық мәдениет	Қоғамдық бағыт Шежіре, Өз елі, Әлем тарихы.	Тарихшы, философ, заңгер	Жауапты және өз құқығын қорғай алатын азамат
2. Мәдениет	Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру	Гуманитарлық бағыт Тіл, әдебиет, өнер, этика, эстетика, этномәдениет.	Мәдениеттанушы, психолог, журналист, дизайнер, филолог, өнертанушы	Шығармашыл және эстет тұлға
3. Ғылым	Ғылыми көзқарас және экологиялық мәдениетті дамыту	Жаратылыстану бағыты Биология, география, физика, химия физкультура,.	Ғалым, мұғалім, дәрігер, т.б.	Денсаулығы мықты және эколог тұлға
4. Экономика	Шаруашылықты жоспарлап, жүргізе білу	Есеп-қисап бағыты Математика, алгебра, геометрия, технология, сызу.	Бизнесмен, кәсіпкер, инженер, шопан, фермер, құрылысшы.	Қамқоршы отбасы және бәсекеге қабылетті адам

Бұл үлгі - модельдің «Айналайын» түрі (Сурет 1):



**Сурет 1 – Білім берудің үлгісі**

Бұл «Білім беру картасы» әр мектеп директорының кабинетінде ілілу тұру керек, заманауи тілмен айтқанда, «Білім берудің Жол картасы», себебі оқушының пәндер оқу барысында 4 сала бойынша алған білімін өз өмірін дамытуға және көздеген мақсатына жету үшін бағыт көрсетіп бақытты болуына ықпал ететін ноосфералық жүйе.

Бұл үлгіні қазақтың киіз үйінің құрылымының үлгісімен түсіндіріп көрейік:

ШАҢЫРАҚ – тұжырымдама (шаңыраққа қара)

УҰҚ - ұғым және үлгілер (түсініктер)


КЕРЕГЕ - қисге еретін бағытты ес (пән мазмұны)


ҚАНАТ - қау ара ниет ара түй үн (пәнаралық байланыс)

САҒАНАҚ - саға нақ (мәлімет)



### Білім құрылымы үлгісі





Сары уыз - инвариантты, міндетті пәндік білім деңгейі.

Ақ уыз - вариативтік, мүмкіндік білім деңгейі.

Қабы - өмір сүру, тіршілікке икемділігі.

«Білім берудің Жол картасы» **«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының» 7 негізгі біліктіліктерін іске асырады:**

1. Басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті).
2. Ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білу).
3. Коммуникативтік(қазақ, орыс, ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау қабілеті).
4. Әлеуметтік (өзара іс-қимыл жасау қабілеті).
5. Тұлғалық (өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті).
6. Азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде отаны үшін жауапкершілікті сезу қабілеті).
7. Технологиялық (ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

### ҚОРЫТЫНДЫ

Өздеріңіз білетіндей, болмыс сананы анықтайды, сондықтан мектеп алдағы өмірде адамның лайықты «болуын» қамтамасыз ететін «сананы» қалыптастыруы керек. Мектеп-ше-


берхана, бірақ мұғалім емес, оқушы екенін түсінетін кез келді, сондықтан оқу процесі кезінде МЖМБС-да түйінді құзыреттіліктер деп аталатын интерактивті ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (АКТ) көмегімен оқушының өзін-өзі дамытуы, қызметін өзін-өзі реттеуі тиіс. Осыған байланысты келесі екі нәрсені қою керек: интерактивтілік – бұл белсенділік, ақпарат – бұл құрал, байланыс – бұл әдіс. Осы режимде жұмыс істейтін студент.

Бұл тұрғыда шығармашылық мұғалім туралы емес, шығармашылық студент туралы айту орынды, яғни.оқушы жасайды, ал мұғалім шығармашылыққа жағдай жасайды. Оқушының өз білімінің түпкі мақсатын түсінуі – оны қызықтыратын білімді еркін игеру арқылы болашақ мамандықты таңдауға дайындық-бұл оқушының мектепте болуының нәтижесі.

Мұғалімнің авторитарлық көзқарасы оқушының ісіктеріне кедергі келтіреді; оның дамуын баяулатады; оқушы мен мұғалімнің жанжалдары білім ағашын «бұзады». Нәтижесінде: мектеп-бұл жағымсыз эмоциялар көп орын, өйткені мұғалім студенттен білімді талап етеді және оқушының өзін-өзі дамытуға жетіспейтін көңіл бөлінеді. Оқушы мектептегі орталық фигура емес (ағаш кесегін салыстырыңыз), бірақ пирамида негізі. Енді оның қандай қысымға ұшырағанын елестетіп көріңіз. Барлық осы факторлар білім сапасына әсер етеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Джадрина М. Научные основы определения состава содержания образования и набора учебных предметов. Сборник«Теоретические основы развития школьного образования в Казахстане»- Алматы.-РИК.-1999г.-С.33-34
2. Байтұрсынов А. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1987. – 127 б.
3. Выступление Президента РК Н.А.Назарбаева 11 января 2006 года //Казахстанская правда от 12 января 2006 г.



**САРКЫТБАЙ КУРАЛАЙ ДАУЛЕТБЕКОВНА,**  
магистрант 2-го курса,  
специальность «7М01101-Педагогика и Психология»,  
КазНацЖенПУ



**ГРИГОРОВА МАРИЯ НИКОЛАЕВНА,**  
магистрант 2-го курса,  
специальность «7М01101-Педагогика и Психология»,  
КазНацЖенПУ

## ФОРМИРОВАНИЕ У СТУДЕНТОВ НАВЫКОВ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ И ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**Аннотация.** Мақалада «оқу-зерттеу қызметі», «студенттердің ФЗЖ барысындағы жобалық қызметі» ұғымдарының мазмұны қарастырылып, оның негізгі құрылымдық компоненттерінің сипаттамасы ашылады. Осыған байланысты алынған білімді жинақтау мен практикада қолдануға ықпал ететін дербес зерттеу арқылы оқу-зерттеу қызметінде Дағдылар мен қабілеттердің қалыптасуы өзектендіріледі. Ғылыми жобаларды орындау сатылары қарастырылады, университеттегі оқу-зерттеу жұмысы барысында студенттерге ықпал ететін әдістерді талдайды.

**Түйінді сөздер:** оқу-зерттеу қызметі, жобалау қызметі, ғылыми-зерттеу жұмысы, өзіндік жұмыс, студент.

**Аннотация.** В статье рассмотрено содержание понятия «учебно-исследовательская деятельность», «проектная деятельность студентов в ходе НИР», раскрывается характеристика ее основных структурных компонентов. В связи с этим актуализируется формирование навыков и умений при учебно-исследовательской деятельности посредством самостоятельного изучения, способствующие накоплению и применению на практике полученных знаний. Рассматриваются стадии выполнения научных проектов, проанализирует методы способствующие студентам в ходе учебно-исследовательской работе в университете.

Обучение будущих логопедов навыкам осуществления междисциплинарной работы является на сегодняшний день одним из важных аспектов в подготовке специалистов. Ребенок с тяжелыми нарушениями речи имеет широкий спектр нарушений, в связи с чем, логопедическая практика предусматривает не только работу над речью, но и над личностью в целом. Именно междисциплинарная работа логопеда позволяет формировать и развивать компоненты речи и неречевые функции: совершенствовать звукопроизношение, лексический, грамматический строй, связную речь, коммуникативную, сигнификативную функцию речи, моторику, стереоноз, слуховое внимание, фонематический слух, речевое дыхание и голос, пространственные представления, зрительную память, психические процессы.

Таким образом, возможности реализации междисциплинарной работы, дают полное основание для активного внедрения в образовательную программу при подготовке логопедов дисциплины «Междисциплинарная работа логопеда».

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI «О статусе педагога» (с изменениями от 07.07.2020 г.)
2. Профессиональный стандарт «Педагог». Приложение к приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года
3. Логопедия. Теория и практика/под ред. д.п.н. профессора Филичевой Т.Б.-Москва: Эксмо, 2017.-608 с.
4. file:///C:/Users/User/Desktop/notv\_2017\_84.pdf
5. Movkebayeva Z.A., Kabdyrova A., Duzelbayeva A., Denissova I., Tynybayeva L. Students attitude towards co education with disabled people in higher education institutions Journal of Entrepreneurship Education. – 2017. - Vol.20. – Iss.3. – P.11

# ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА PHILOLOGICAL SCIENCE

ӘӨЖ 81.42

**КАМЗАЕВА КУЛШАТ САЛИКҚЫЗЫ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**ЕСҚАРАЕВА АЙГУЛ ДҮЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ**

филология ғылымдарының кандидаты  
Қызылорда Болашақ университеті

## МАЙЛЫҚОЖА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАТИКАСЫ

**Түйін.** Бұл мақалада Майлықожа өлеңдеріндегі сөздердің лексика-семантикалық топтарын анықтап, рухани және мәдени лексика элементтеріне талдау жасалып, экономикалық жағдай мен саудасаттыққа қатысты атауларды зерделеп, оның шығармаларындағы ат әбзелдері мен оның бөлшектері атауларының молынан кездесуін мысалдар арқылы қарастырылады. Белгілі бір этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр, ұлттық рухпен сусындап, оның айғағы айқын бейнесі ретінде көрініс табады.

**Түйінді сөздер:** Майлықожа. Рухани болмыс. Ұлттық сипат. Қоғам. Тұрмыс.

**Резюме.** В статье выявляются лексико-семантические группы слов в стихотворениях Майлықожа, анализируются элементы духовной и культурной лексики, изучаются названия экономических условий и торговли, исследуется обилие имен существительных и их частей в его произведениях. Поведение, этнические знания и взгляды, верования, обычаи и традиции, характерные для той или иной этнической группы, находят отражение в национальном духе.

**Ключевые слова:** Майлықожа. Духовность. Национальный характер. Общество. Бытие.

**Summary.** This article identifies the lexical and semantic groups of words in the poems of Mailykozha, analyzes the elements of spiritual and cultural vocabulary, studies the names of economic conditions and trade, and examines the abundance of horse equipments and their parts in his works.

Behavior, ethnic knowledge and attitudes, beliefs, customs and traditions, characteristic of a particular ethnic group being in close connection with the national spirit, and its evidence is clearly reflected.

**Keywords:** Mailykozha. Spirituality. National character. Society. Life.

### КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде тіл мен мәдениет мәселесіне қатысты тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық танымды, ұлттық рухты тануға, дамытуға негізделген. Тілдің ұлттық рухты арқалап, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп отыратын құдіретті күш екені, рухының өзін-өзі тануы, әлемді тануы және ойлауы, қазіргі лингвистикада анықталғаны ақиқат. Себебі тіл немесе ұлттық рух негізінде адамзат қауымы қалыптасып, белгілі бір этникалық топ құрайды. Сол этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр, ұлттық рухпен сусындап, оның айғағы айқын бейнесі ретінде көрініс табады. Осы көріністі айқындау мақсатында Майлықожаның тілдік

көркемдік қолданыстарын анықтау көзделді. Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін, ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі болатыны белгілі. Этномәдени лексикаға, біріншіден, белгілі бір этнос тіршілік кешетін аймаққа тән табиғат құбылыстардың атаулары, екіншіден, материалдық лексика, үшіншіден, рухани лексика элементтері кіреді. Майлықожа шығармаларындағы сөздерді шартты түрде төмендегідей мағыналық топтарға бөлуге болады: 1. Рухани-мәдени лексика элементтері; 2. Материалдық лексика элементтері; 3. Майлықожа өлеңдеріндегі рухани немесе мәдени лексика элементтері [М.Байділдаев, М.Ма-

ғауин. 1989, 5 б.].

**Негізгі бөлім.** Рухани-мәдени лексикаға адамдардың жасы мен жыныс ерекшеліктеріне байланысты терминдер, туыстық атаулар, қоғамдық қатынастар терминдері, адамдардың рухани өміріне, адамдардың тәрбиесі мен біліміне байланысты, қоғамдық құндылықтарды атайтын сөздер, мифология мен фольклорға, дәстүр мен салтқа байланысты сөздер жатады. Сол этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт - дәстүр, ұлттық рухпен суарылып, оның айғағы айқын бейнесі ретінде көрініс табады. Басқаша айтқанда, біздің дүниетанымымыз рухани көріністерді дәлірек айтқанда рухани мәдениетті құрайды. Ал «Рухани мәдениет негізінде, - дейді этнолингвист ғалым С.Е.Жанпейісова: «Халқымыздың этнопедagogикалық дағдыларына, өзіндік дүниетанымдары мен құқықтық, қоғамдық нормаларына, өмір тәжірибелеріне қатысты талай құнды ғылыми дерек бар». Ол – жалпы этносты танудың, әсіресе оның интеллектуальды ерекшеліктерін танудың құралы. Демек, рухани мәдениет – халық болмысы мен оның өмір сүріп отырған қоғамының үндестік символы [Қазақ поэзиясының антологиясы. 1992, 86].

Ақын өмір сүрген ғасырдағы қазақ қоғамының экономикалық өмірдегі жаңалықтарының бірі халықты қанаудың одан әрі күшейіп жаңа түрлерінің шығуы болды. Феодалдық рентолардың кейбір түрлері бұрыннан бар болғанымен, өткен ғасырда олардың мазмұны мен сипаты өзгеріп, бұрынғы сөздер жаңа мағынаға ие болды. Сондай-ақ, ресми алым-салық системасы пайда болды: зекет, түтін салығы, қара шығын, үй басы.

Сауда – қазақ халқы тұрмысына көп жаңалық әкелген құбылыс. Сондықтан жаңалықтардың атаулары да сөздік құрамынан толықтырылғаны аян. Талдап отырған дәуірде сауда-саттықтың әр алуан іс-әрекеттеріне қатысты бір топ жаңа сөздер ақын өлеңдерінде де кездеседі: қадақ, пұт, пұл, арбашы, аттерші, шығын, қарыз, алыпсатар.

Өлеңінен мысал келтірер болсақ:

*Қонақ, арпа адырайып дүрілдейді  
Үш қадақ Табылса егер тәуір деді  
(Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр,  
Көлбай деген ер шығып ысты жұрттан,  
Атадан жетім қалып істі тұтқан.  
Сол қара қазақтың қарызын өтеп,  
Азық алдық аптаға екі пұттан...*

(«Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр»).

Ақын өлеңдерін оқи отырып, сол кезде Қазақстан экономикасындағы елеулі өзгеріс егін шаруашылығының дамығаны, ел-жұрттың осы шаруашылықпен айналысқаны көрінеді. Егінші, диханшы, дихан сөздері жарыспалы қатарда көп кездеседі:

*Ылғи етек тау жердің жасалы екен,  
Егіндік ел мәртебесаласыекен,  
(Қоянжылыжаумадыкөктенжаңбыр,*

*Дихантоймасжердесе,  
Ер тілеуінбереді.  
Ертетұрыпеңіресе  
(«Өлшеніпбергенөмір бар»).*

Тұрмыстық лексиканың сөздік қордың негізгі бөлігін құрайтын сөздерден тұруы – кез келген тілге тән құбылыс. Өйткені олар әрхалықтың, әрбір ұлттың өмірі үшін, тіршілік етуіне керекті, аса қажетті, маңызды ұғымдардың жиынтығынан тұрады. Тұрмыстық лексиканың семантикалық атаулары адамның күнделікті өміріне байланысты, адамның тұрмыс- тіршілігінің түрлі қырларын білдіретін сөздерді жинақтайды. Тұрмыстық лексика элементтері кәсіби сөздіктердің негізгі құрамдас бөлігі, өйткені әр аймақтың шаруашылық жүргізуіне байланысты, игерген кәсібіне сай, жердің ерекшелігіне, аймақтағы климатқа байланысты қалыптасқан тұрмысқа қажетті сөздер болады.

Жылқы және жылқымен байланысты атаулар және атаулық тіркестер Майлықожада көп кездеседі. Атты жүрісіменен көлік ретінде пайдалануына қарай арғымақ, жүйрік, бозжорға, ат, жүйрікат, жүрісат, шала жүйрік ат, қазанат, таты, шабан, тасжүйрік, қаз таты, шала жүйрікат, шынжүйрік, құрат, шоқтығы биік атдеп бөледі. Мысалы,

*Тай құнандай тебіскен  
(«Ажал бір келмес болсайшы»).*  
*Көк дөненим сенде бар  
(«Апыр-ай, сорым»).*  
*Жылқыдан күдер үзгендер,  
Биесін сатып атқылар  
(«Түрлі дәуір беріпті»).*  
*Шала жүйрік ат бітсе  
(«Көштің көркі түйе еді»).*  
*Шоқтығы биік ат мінсең  
(«Жақсы болсын жұбайың»).*  
*Басы түгіл байталдың  
Бермеймін енді бір түгін  
(«Апырай, сорым, шының ба-ай»).*

XIX ғасыр әдебиетінде есімі ерекше аталатын «терең ойлы шындықты ту еткен» шайырдың – Майлықожа Сұлтанқожаұлы жайлы Тәкен Әлімқұловтың: «Абайға дейінгі ақындардың күллі қазаққа танымал алты тарланы – Асан қайғы Сәбитұлы, Бұқар жырау Қалқаманұлы, Тілеуке Құлекеұлы (Шал ақын), Дулат Бабатайұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы», - деп көрсетуі сөзіміздің дәлелі болмақ.

XIX ғасыр әдебиеті жанрлық және көркемдік жағынан қайта түлеп, тақырып аясын барынша кеңейтті. Дегенмен Майлықожа ақынның жыраулар поэзиясының дәстүрін мықтап ұстанғанын бәріміз білеміз. Осыған орай «Бес ғасыр жырлайды» жинағында: «Майлықожа ақынның түр жағынан енгізген тың жаңалықтары жоқ. Солай бола тұрса да, ол Шығыс әдебиетінің үлгілерімен жақсы таныс болғандықтан, өз шығармаларының өрісін кеңейтуге, оларға жаңа өрнек, бояу

беруге мүмкіншілігі мол екенін аңғарамыз», - делінген. Бұл пікір ақын шығармаларының өзіндік ерекшелігін тағы бір аңғартқандай.

Біз, Майлықожа ақын шығармаларын тақырыбы былайша топтастыруды жан-жақты: адамның бойындағы адамгершілік, ізгілік сынды жақсы, жаман қасиеттерді жырлау; дүниенің өткіншілігі, адамдардың бір-біріне қонақ екендігі туралы; адалдықты уағыздау, озбырлықты әшкерелеу; еңбек туралы т.б. Мысалы, «Дүниеге мейман, көңілім» атты толғауында ақын:

*Өлшеніп берген өмір бар,*

*Уақытыңмен жүрерсің.*

*...Сағынар сауық-күлкіні-ай,*

*Қызықтырған түлкідей,*

*Дүние өтер бір күні-ай,-* деп [М.Байділдаев, М.Мағауин. 1989, 36], фәни жалғанның өткінші екендігін айта келіп, қамшының сабындай қысқа ғұмырда ойна да күл деп жырлайды. Майлықожаның «Ажал бір келмес болсайшы», «Не жүйрік өтті дүниеден», «Дүние», «Уа, замана» сынды шығармалары - осы сарындас толғаулар. Ал, «Тұрлыбекке», «Ескі мырза, манаптар бегі, салы», «Алдаберген байға» т.б. арнау өлеңдерінде ақын адалдықты уағыздап, озбырлықты әшкерелейді. Мәселен:

*Әкімі жүр ұрыны тыямын деп,*

*Тіл алмаса, желкесін қиямын деп.*

*Би мен болыс басының пайдасында,*

*Парасын ап дүниені жиямын деп.*

*Бейбақтардың басына бақ қылып жүр,*

*Арам жеңіп, адалды жақ қылып жүр.*

*Ақша беріп, билерді антқа салсаң,*

*Мөрін басып, қара істі ақ қылып жүр,-* дейді.

«Ескі мырза, манаптар бегі, салы» арнау өлеңінде.

Майлықожа ақын шығармаларында ең көп жырланған тақырыптардың бірі - адамгершілік мәселесі. Мысалы,

*Өңкей жақсы қосылса,*

*Бітіреді кеңесті.*

*Өңкей жаман қосылса,*

*Шығарады егесті*

Немесе

*Жаман сөйлер халықтан,*

*Бастағы мінін жасырып.*

*Жақсы сөйлер халыққа,*

*Қызметін асырып,-* деп, адам бойындағы

жақсы, жаман қасиеттерді саралап, салыстырып көрсетеді. Ал, «Жақсы болсын жұбайың» толғауында жақсы жар мен жаман қатынның арасы жер мен көктей дей келіп, ақын шығармасын:

*Жаман қатын жігіттің,*

*Тайдырады табанын,*

*Тар қылады заманын.*

*Жақсы қатын жігіттің,*

*Адам қылар жаманын,*

*Ұшқыр қылар шабанын,-* деп, жігіттің жақсы-жаман болуы жақсы жарға байланысты екендігін және сол үшін отбасында қыз балаға жақсы, өнегелі тәрбие берілуі керек екендігіне айрықша на-

зар аударады. Ақынның «Ілімге толсын көкірек», «Жөн білсең, жолдасыңа жоба көрсет», «Дүниеге мейман көңілім» т.б. толғаулары да осы тақырыпқа арналған.

«Ұрлықтың түбі қорлық-ты» атты толғауында Майлықожа ақын «есің болса, ұрлық жасама» дей келіп, барымтамен күн көріп келгендерді:

*Ұрлығыңды тыймасаң,*

*Тобаңнан көңілің жаңылып,*

*Саныңа кісен тағылып,*

*Тескентаудан асарсың.*

*Артыңа байлап шалаңды,*

*Жат елдің шаңын басарсың,-* деп, сақтандырады. Енді бірде:

*Ерінбей бейнет еткеннің,*

*Еңбегі дейді жанады.*

*Жақсы болып өседі,*

*Осылай қазақ деседі,-* деп жастарды еңбекке баулиды.

Ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы «Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр», «Жылдың төрт мезгілі», «Есі кеткен ел байғұс» толғауларында табиғат құбылыстарын қазақ ауылдарының тұрмысымен байланыстыра жырлайды, сол арқылы замана шындығын, дәуір көрінісін суреттейді. Мысалы:

*Төрт ай қыстан жаз шықты өлмегенге,*

*Ондай қыс туған емес ел дегенге.*

*Қысы жұт, көктем балық қиыншылық,*

*Ұшырады ел екі тосат көлденеңге.*

Ал, енді ақын шығармаларының көркемдігіне келетін болсақ, Майлықожа қазақ әдебиетінде жиі кездесетін теңеу, эпитет, метафора мен метонимияларды шебер қолданады. Мысалы:

*Дүбірге қызған жүйріктей*

*Қызып тұр әзір табаным.*

*Пендені дәулет мас қылар,*

*Қырауды кешкен жылқыдай.*

*Боза ішіп бір міріге судай тастың,*

*Суға кеп сүңгіткенде көзіңді аштың.*

*Байғұс-ау жылан емес кесіртке емес*

*Құйрығын айдаһардың қайдан бастың.*

Ақын шығармаларында, сол сияқты, ассонанс пен аллитерация да көптеп кездеседі:

*Жаман болса қатының,*

*Жолықтырар кесетке.*

*Жамбасың үйір боп кетер,*

*Жастығы қатты төсекке.*

*Қаншама жақсы сөз айтсаң,*

*Алмайды оны есепке,*

*Арманда өтер өмірің,*

*Артылғандай есекке.*

### ҚОРЫТЫНДЫ.

Жалпы қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінде жылқының алатын орны ерекше болды. Оның айқын дәлелі ретінде Елбасымыздың



«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айқын көрінеді. Онда: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз» делінген еді [Сүйіншәлиев Х., XIX ғасыр әдебиеті, 1992, 456].

Майлықожа заманында да ат әбзелінің жиынтық атауын ер-тұрман деген сөзбен айту дағдысы қалыптасқан. Ал оны ойшылымыз өз шығармаларында ат әбзелдері мен оның бөлшектерінен тоқым, ноқта, үзеңгі, тартпа, желдік, ертоқым, алтын ер атауларын қолданған [XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. 1985, 946].

*Жоғалмаса құрысын тартпа, желдік*

*Бұрын қайбір ер-тоқымым сай кісі едім? («Қай кісі едім»).*

*Ноқтаның үйір болар зорыменен («Жылдың төрт мезгілі»).*

*Үзеңгіге аяқ шіреуің («Ажал бір келмес болсайшы»).*

*Атыңды ерттер жүгендеп («Жақсы болсын жұбайың»).*

Майлықожа шығармаларындағы жоғарыда қарастырылған лексика – семантикалық аспектілері сөздердің мағыналық аясын кеңейтіп, көркемдік мақсатта өзіндік стильдік ерекшелікке ие.

Сондай-ақ, Шығыс дәстүрін ұстанған Майлықожа ақынның шығармаларында араб-парсы сөздері жиі кездеседі: нақлиқат (нақыл), ыбырат (үлгі, өнеге), қасам (ант), беһәнә (себеп), алымларға (қалымдарға), төһмәт (жала, өтірік, өсек) т.б.

Сонымен, ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетінің дәстүрлерін шебер ұштастыра отырып, түр жағынан да, мазмұны мен көркемдігі жағынан да өз заманына лайық жаңа әдебиет жасай білді. Дегенмен, ақын шығармашылығының зерттелмеген тұстары әлі көп. Сондықтан Майлықожа ақынның шығармашылығын арнайы зерттеу, әдеби мұраларын жан-жақты талдау - бүгінгі күннің еншісінде болмақ.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Құрастырғандар М.Байділдаев, М.Мағауин. - Алматы: Жазушы, 1989.-240б.
2. Қазақ поэзиясының антологиясы. -А., 1992.
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. -А., 1992.
4. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. -А., 1985.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. I. –384 б.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
7. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1988. –544 б.
8. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. –Алматы: Сөздік – Словарь, 1998. –320 б.
9. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1963. - 206 б.

**СҰЛТАНОВА БИБІГҮЛ МЫҢБАЙҚЫЗЫ**

ф.ғ.к., қауым. профессор

**ЕРМАҒАМБЕТОВА ЛӘЗЗАТ**

п.ғ.к., қауымд. профессор

Абылай хан атындағы қазақ халықаралық  
қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы, Қазақстан

## **М. ТИЕСОВТИҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ МЕН МЕДИТАТИВТИ КӨСЕМСӨЗДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ДЕРЕК ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ**

**Аңдатпа:** Мақалада жазушы, журналист М.Тиесовтің көсемсөз жанрындағы туындыларының тағымдық, тақырыптық арналары жайында зерделенеді. Мұнда қаламгердің баспасөз саласындағы еңбегі қамтылып, публицистикалық туындыларының жанрлық-көркемдік ерекшелігі, сипаттары сараланып, зерделенеді.

Кейіпкерлер болмысы, олардың қайраткерлігі шешім қабылдаудағы ерекшелігі мәселелері қозғалған. Жазушының образдар жасаудағы өзіндік ерекшеліктері мен тәжірибелері қамтылған.

**Түйін сөздер:** көсемсөз, очерк, жанр, диалог, монолог.

**Аннотация.** В статье исследуются познавательные, тематические аспекты творчества писателя, журналиста М. Тиесова в жанре прозы. Он освещает творчество писателя в области журналистики, анализирует и исследует жанровые и художественные особенности и особенности публицистических произведений.

Обсуждается характер персонажей, специфика их работы при принятии решений. Содержит особенности и опыт писателя в создании образов.

**Ключевые слова:** публицистика, эссе, жанр, диалог, монолог.

**Annotation.** The article examines the cognitive, thematic aspects of the work of the writer, journalist M. Tiesov in the genre of prose. It covers the work of the writer in the field of journalism, analyzes and explores genre and artistic features and features of publicistic works.

The character of the characters, the specifics of their work in making decisions are discussed. Contains the features and experience of the writer in creating images.

**Key words:** journalism, essay, genre, dialogue, monologue.

Қаламгер – қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі бірнеше жанрларын өркендетуге белсене араласқан көркемсөз шебері. Мәселен, оның қаламынан шыққан көркем әңгіменің қай-қайсысы да идеялық мазмұны терең, жазылу шеберлігі үлгі боларлықтай шығарма ретінде есте сақталып отырады.

Сонау өткен ғасырдың 1936 жылдары жазылған «Атқан таңның сәулесі», «Орыс орманында», «Бақытты адам» сияқты алғашқы әңгімелерінің өзі-ақ сөз өнеріндегі қалам шеберлігінің сымбаты көріністерінің айқын дәлелі екені анық.

Ал «Әділбек Майкөтов» очеркі – қазақ халқының сонау 1917-20 жылдардағы қайғылы өмірінің айшықты суреттерін тапжылтпай көз алдыға алып келетін іргелі шығарма. Сол жылдардағы ақ гвардияшыл бандылардың адам айтқысыз зардабын шегіп, кінәсіз қырылған қазақ халқының аянышты халін автор ұлтымыздың ардагер ұлы Әділбек Майкөтов ғұмырымен сабақтастыра отырып, үлкен суреткерлікпен кескіндейді. Сол халық өмірінің ауыр трагедиясын дұрыс бейне-

леген аталмыш очеркте жазушының әрі азаматтық ерлігін, әрі суреткерлік батылдығын жұртшылыққа қатар танытқаны ешқашан ұмытылмақ емес.

Очерктің соңғы жағындағы мына бір көрініске тоқталмай кетуге болмайды: Атбасардан Кошетков атаманға «жігіт жинап қайту туралы» тығыз бұйрық та келіп қалады. Амал қанша, қырық солдаттың ауылдан ауылға қоқыраңдап шабуы, үй тінтуі, айбалта, найза, құсмылтық табылған киіз үйлерді ерекше қатаң жазалауы басталып кетті. Сорлы елдің қайғысында шек жоқ. Қалталары күміс шолпы, білезік, хош иісті сабын, жұпар майға толған сайын, қырық солдаттың қазақ ауылдарына істеген зорлық-зомбылықтарында да шек жоқ. Ақ патшаның қара малайы болғысы келмеген баласына ара түскен шеше, ағасына ара түскен қыз, өз жарынан ажырағысы келмеген келіншек табанда турап тасталды. Бұл туралы документті ешқандай тарихшы, ешқандай архивтен таппайды [Тиесов М., 1967, 26 б.]».

Иә, бұл да ақ пен қызыл қатар қырған бейша-

ра қазақ ауылдарының аянышты бір көрінісі еді. Осы оқиға Ф. Мүсіреповтің «Ананың арашасы» әңгімесіндегі атаман Антоновтың жазықсыз елге жасаған қанды ойранымен сарындас.

Сонымен қатар М.Тиесов осы очеркінде тап тартысының да сырын аша кетеді: «Халық патшалардың алтын тауға таласқан соғысына қарсы, кетуі кеткен кемпір дүниенің өз қайшылығын, өз әлсіздігін өзіне сына етіп қағу. Осы жағы, әкешеше, ағайын-туыстар Әділбектің түсінгеніне түсінбейді. Оның сенгеніне сену дәрежесіне көтерілген жоқ. Бұл – бұл ма? Сары орыстың бәрі – сары орыс» қанға сіңіп кеткен. Бұл – бұл ма, «Бұратаналар – әуел баста кем, икемсіз жаралған жандар». Осы бір улы жемісті отаршылдар жер жүзіне егіп тастағалы қашан!» [Тиесов М., 1967, 23 б.].

Дәл осы жерде патша отаршылдығының түп негізі, Ресей озбырлығына қарсы күрестің шындығы да ашыла түседі. М.Тиесов Әділбек Майкөтовтей ұлт қайраткерінің образын жасауда тың деректері мен айшықты пікірлері бір-бірін толықтырып, оқырманға ой тастап, ой қосады, екеуін жарыстыра береді. Бұл – жазушы шығармашылығын түсінудің, ұғудың кілті. Қорытындыны оқырманның өзіне қалдырады. М.Тиесовтің кейіпкер, характер жасау тәсілі, материалды игеруі, хронологиямен жұмыс жасау стилі, тарихи деректерді пайдалануы, шешендік сөздері, көркемдік шешімі қызықтырмай қоймайды. Жазушының өмірлік шындықты көркемдік шындыққа айналдырудағы қаламгерлік концепциясы көпшілігімізге үлгі боларлық.

«...Даланың азулы нояндарын өзара арыстандай алыстырып, жолбарыстай жұлыстырып ұстау саясаты самодержавияға өте ұтымды саясат екенінде болыс, билердің жұмысы жоқ. Сайлау болады десе, екі дай екі партия. Болыстық мөрден дәмелі «Игі жақсылар бір жыл бұрын Атбасар жәрмеңкесіне жүз-жүзден жылқы, мың-мыңнан қой айдайды. Бұл – құпия емес, жария. Сайлау жақындаған сайын өзіңе жақтастар жинау, шығындану, тығындану, жағымпаздану, жарамсақтану. Сайлау өткізгелі келген уезден жинағанын, иманын – еш нәрсесін аямау. Бақытты болыстың ғана қатыны, қызы оязға ұнайды. Бұл семья үшін ұлы мәртебелі тақсырға ұнаудан басқа жоғары бақыт жоқ. Сайлаудан аяған мал мал емес, жан жан емес, ар ар емес. Ас та, той да бас бәйге үшін көтерілетін ру ұраны ұран ба? Сайлау кезіндегі қаншылдық талас-тартыс, жұлқыласу бұдан да күштірек. «Ағайын, аяма, барыңды сал! Істің қайнауы осыған жеткен шақта кім несін аяйды?» [Тиесов М., 1967, 18 б.].»

М.Тиесовтің шығармалары мың өліп, мың тірілген қазақ халқының өткен жолынан дерек береді. Қазіргі егемендік жағдайымызда, еліміз өз тәуелсіздігін алып, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған уақытта біз болашақ қадамдарымызды нық, сенімдірек басу үшін, алдымен, өткен жолы-

мызды таразылап алуымыз керек. Отарлаудың ащы тарихы – шығарманың басты тарихы. Бұрын Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды деп келді. Ал, шын мәнінде, тіпті де олай емес екен... Ресей өзі үстемдік құрған уақытында ол шындықтың бәрін тұмшалап, жасырып, айтқызбай келді. Бұл тақырыпты көтерудің зәрулігі – осында. Ал жоғарыда келтірілген сайлауға түсер алдындағы болыс-билердің ала шапқын күйге түсуі, ар, иман, обал, сауаптан жұрдай болып, азғындануын М.Тиесов өлтіре әшкерлейді.

Кешегі игі жақсыларымыздың бойындағы осынау оспадарсыздықты ұлы Абай өзінің «Жиырма екінші сөзінде» былайша кескіндейді: «Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Есті кісіні құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Енді қалғаны қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес. Иә, сонда кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік?...» [2, 117 б.].

М.Тиесов «мал бергіш мырза» болған болыс, билерді осылай шенеп-мінейді. Қалай дегенмен де, жазушы ел қамқоры Әділбек Майкөтовке арналған очеркінде тарихи тұлға бейнесін жан-жақты тапқырлықпен, көркемдікпен сарабал талдау жасап, ол өмір сүрген заман ортасын бағамдай келіп, тыңғылықты ойларын шебер түйіндей біледі.

«Елдің елдігі, ердің ерлігі тарихтың тар жол, тайғақ кешулі белінен өтерде сыналады. Ел басына екіталай күн туғанда, өзінің адамдық, адалдық қасиетін, ақылдылық парасатын, батырлық тұлғасын алтын тудай жоғары ұстаған абзал жандар ұрпақтардың да жан дүниесінің алқызыл туы болып тұра бермек. Біздің осындай аяулыларымыздың бірі – Әділбек Майкөтов.

Тарихшылар Әділбектің өмірбаянын архивтен іздеп таппай келеді. Әлі де табылған жоқ. Меніңше, мұның екі себебі бар. Бірінші, 1905 жылы патша жандармдарына революционерлерді қалай қудалауды үйретті, революционерлер өз ісін қалай конспирациялауды үйренді. Омбыда студент кезінде саяси қудалаудың дәмін татқан Әділбек Майкөтов өз әрекетін қымтап-шымқап, жинақ ұстау өнеріне ерте жетілді. Полиция, жандарм қолына документ бермеуге тырысты. Екінші, 1919 жылдың апрелінен, июль-август айларына дейін Атбасардың қаласы мен даласы үшін «Варфоломей түні» қанды оқиғаның қанды архивін қандықол атаман Шайтанов өзінің өңін, киімін өзгертіп, жасырынбастан бұрын өте ұқыптылықпен жойды. Ендеше, Әділбек Майкөтов туралы архив документтердің тарихы да трагедиялы.

Істің жайы осылай болған соң, Әділбек туып-өскен жер мен елге жүгіну қажет. Со жақтың топырағынан жаралу сезімі, алғашқы жиырма

екі жастың сонда өтуі әсіресе соңғы жеті жылда Әділбектің балалық шақ бесігінен төрт рет бару осыны жазуыма көмектесті [Тиесов М., 1966]».

Жалпы, біздің ойымызша, белгілі бір халықтың белгілі бір тарихи кезеңінің тіпті шағын бір алқабын жазу үшін де бүкіл адамзат тарихынан хабардар болу шарт. Яғни сол шағын тарихи алқапты бүкіл адамзат тарихының фонында қарастыра білген жөн. Және сол бүкіл адамзат тарихының мәдениетін, эстетикасын, философиясын, олардың даму, құлдырау, шарықтау кезеңдерін терең түсіне білетін интеллектуалдық қуатқа ие болу қажет. Сонда ғана ол шығарма бүгін мен ертеңге рухани қызмет көрсету құқығына ие бола алмақ. Омбы қаласындағы фельдшерлер дайындайтын төрт жылдық мектепте оқып жүрген Әділбек Майкөтовтің «Еуропада ойдың даму тарихы», «Мемлекет байлығы», «Францияның революциясы», «Дарвиннің эволюциясы», «Не істеу керек?» деген шығармаларды оқып, Дарвин, Адам Смит, Чернышевский, Белинский сияқты көрнекті тұлғалардың кітаптарымен танысуын, белгілі революционердің ой-өрісінің өсуін, күрес тәсілінің кемелденуін автор қазақ даласындағы, Ресейдегі тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып бейнелейді. Сондықтан да бұл шығарманың тынысы кең, қарымы өте ауқымды.

Ең бастысы, М.Тиесов – естіген-көргенінің шырайын шығарып айта алатын, жаза білетін, өзіндік айдары бар, аңғарымпаз жазушы. Тіпті қазақы әңгімешінің нақ өзі десе де болады. Оның шығармасының өзіндік қолтаңба ерекшелігі де, міне, осы ұлттық характердегі әңгімешілдігінде. Оның жазғандарын оқығанда, кітап оқып отырғандай емес, әдемі бір әңгіме айтып отырған кісіні тыңдағандай күйде боласыз. Әңгімені баппен бастап, баяулай тартып, шым-шым соза түсіп, ұйытып әкете береді.

М.Тиесовтің әңгімені бастауының өзі ә дегенде-ақ елең еткізіп, ілтипат тілейді. «Бұл шебер Құдай – шебер ғой. Ол әуел баста осы жер жаһанында, ең алдымен, Жиделібайсынды жаратыпты», «халық арасында нелер талант болмады? Амал не, көбі арманда кетті» «Бозарал! Аспаны әнге, жері ұяға толы Бозарал! Дүниедегі әнші, әдемі құстардың көктемде бас қосатын жері Бозарал!» «...Сонымен Досжан деген бала он екі жасында бала би атаныпты» дегендей сөз бастаулары еріксіз құлақ түргізіп, құпиялы, қызықты әңгіме тыңдауға шақырғандай. Бастауларын дәлелге алған сөз сүйектен өтеді, «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «Сөйлесем десең, аттан түс» әңгімелері ғана емес, М.Тиесовтің қай әңгіме, қай повесі болсын, осындай бір қаратпа стильде басталып отырады. Ал бұл – нағыз әңгімешінің көргені мен естігені көп, қиялы ұшқыр, тілі шешен, көкірегі зерделі, ел ішінің зейінді қарттарының сөз саптасы, жазба әдебиетке Бейімбет Майлин әкелген қастерлі дәстүр. Бірақ бүгінгі-кейінгі тол-

қын жазушылардың, М.Тиесовтің замандастарының қолданысында бірлі-жарым ғана болмаса, жұрт көп бара бермейтін ұмытыңқы стиль. Ал М.Тиесов болса, өз шығармашылығында бүтіндей дерлік осы халықтық үлгіні ұстанған.

Ол бірақ жалаң жадағай қалпында емес, жазба әдебиетінің бүгінгі мен биігіндегі талабына сәйкес игерілген. Ел ішінің әңгімеші қарты мен жазушы М. Тиесовтің суреттеу, бейнелеу, ой айту, түйін түюдегі ерекшеліктері мен нақыштары басқа-басқа. Шығармаға арқау болып отырған қарт әңгімесінің желісін сол қалпында сақтай отырып, жазушы өз бояуын да шебер пайдалана біледі. Егер ел ішінің әңгімешісі оқиғаны ғана баяндаса, жазушы оны белгілі бір идеяға байлай отырып, көркем туынды арқылы өзіндік пікір айтады, образдар мүсіндеп, характерлер жасайды.

М.Тиесовтің осы әңгімешілдігі «Дала перзенті» хикаятында ерекше байқалады. Адам жүрегінің сыршылдығына, уақытына, кейіпкерлеріне тән сөз қолданыс жарасымын тауып-ақ тұр. Бұл – жазушының ел әңгімесін көп тыңдап, ауыз әдебиетінен мол сусындағанын байқатса керек. Әсіресе «Дала перзенті» хикаятының тағы бір өзіндік ерекшелігі – тек қана табиғат сырларына құрылғандығында. Дегенмен қабырғалы, кесек туындылар да бұл жайлар жанама оқиғалар есебінде, екінші планда ғана көрінеді. Ал М.Тиесов шығармаларында бұл бірінші орынға қойылған, тек қана табиғат сырларын жыр етуді мақсат тұтқандық байқалады. Және де ол – өткен тарих ескіден келе жатқан елесті жайт емес, дәл бүгінгі күн оқиғасы, автордың өз көзімен көріп, қолымен ұстап, куә болған, араласқан жайлары. Шығармалар кейіпкерлері – табиғат ортасында отырған мал шаруашылығы еңбеккерлері, сөз арқауы – бүгінгі ауыл өмірі. Бүлкіл қаққан бұлақ сылдыры, төбеңнен төнген шың – тасты таулар, қарағайлы, қайыңды беткейлер, көкорай шалғынды жайлау, гүлді дала, желмен жарысқан киік қана жортар шөлейт медиен – осының бәрі көркем көрініс құрап, шежірелі сырларымен баурап алады. Мұнда адамдардың осынау табиғатпен бетпе-бет кездесудегі сырласуы, сыр ашуы жатыр.

М.Тиесовтің жазушылық жолы – бірте-бірте сатылап өсу жолы. Проза саласында жазушы, ең алдымен, шағын жанрларда қалам тербеп, машықтанғаны белгілі. Әңгіме, новелла, очерк, публицистика жанрларын еркін меңгеріп барып, ол кейінірек кең тынысты повестерге ауысты.

М.Тиесовтің – қазақ әдебиетіндегі очерк, публицистика жанрларының дамуына үлкен еңбек сіңіре отырып, өткен ғасырдағы қырқыншы жылдардың басы мен алпысыншы жылдардың аяғына дейін прозаның бұл саласына белсене араласып, өнімді түрде қалам тербей бастады. Алғашқы жазған очерк, публицистикалық мақалаларының өзінде-ақ жазушының оперативті бұл жанрды еркін меңгеріп, оның тәуір-тәуір үлгілерімен оқырман қауымын қуанта бастағаны





анық. Солардың бірі – «Балалық шақтың бесігі» публицистикалық мақаласы. Ол былай басталады: «Еңбекшіқазақ ауданының орталығы – Есік, Алматыдан 45 километр. Мен қазақ орта мектебінде директор едім. Бір күні таңертең кинотеатр төбесіндегі радио: «Бүгін таңғы сағат төртте фашистік Германия біздің елімізге опасыздықпен шабуыл жасады!», – деді. Он есе, мүмкін елу есе күшейтілген дауыс аспан астын теңселткендей болды. Тас жол кинотеатрдың дәл іргесінен өтетін. Машиналарын тоқтатып, шоферлер де келе бастады. Селолардан қалаға бара жатқан машиналарда сан жоқ. Тығыздала түскен тізбек бір алып пружинаға ұқсайды. Халық тобы да ұлғайып, тығыздала түсті. Құлақтарына сенбегендей, барлық көз – мемлекеттік маңызды хабар айтып тұрған радиода.

Өз үйінде жылағандарды бала кезімде көп көргем. Ал жұрт жиналған жерде жаулық шетімен көзін сүрте бастауды, сақал селкілдеп, кемсең қағуды кім көрген?!

Қан төгісте табиғаттың жұмысы қанша? Аспан көгілдір, көңілді қалпын сақтады. Балғын жапырақты ағаштар ойлы, сабырлы, бейбіт сыбырлап, өз көлеңкесіне шақырады. Асқақ Алатау ақ шайыдай жарқырайды. Ол паң, тәкаппар, аспан астын төбесімен тіреп тұр. Тек адамдардың өңі ғана сұрланды, сұстана қалды» [Тиесов М.. 1966].

М.Тиесовтің шығармаларында дала табиғаты ерекше бір ілтипатпен суреттеледі. Туған өңіріне ыстық ықыласы әсіресе пейзаждан сезіліп тұрады. Табиғат саздарына келгенде, дағдылы машығына еніп, жасарып-жаңғырып сала береді, еркін көсіледі. Адамсыз табиғаттың сәнсіздігін, табиғатсыз пендеге өмір жоқтығын терең түсінеді.

Жүрек толқытар шаттық та, еңсе түсірер қайғы да, қилы-қилы құбылыс та табиғат аясында өтеді. Тамырынан толғай тартып қарағанда, табиғат пен адам – егіз.

Қ. Ысқақ әңгіме, повестерінде табиғатты оқиғаларға белгілі бір компонент ретінде алады. Табиғат пен адамның бітім-болмысын, көрініс-көркін астарластыра беріп, белгілі бір мақсатта шебер шендестіреді. Енді жазушы шығармаларындағы пейзаждардан үзінді келтірейік.

«...Жаздың қысқа түні лезде таңға ұласты. Бір тамаша таң сарғайып қана атып келеді. Орман сұлуға жаздың қаз қанаты сияқты қоңыр ала бұлты жұқалап қана жұпар бүркіп өтті. Гүлден-гүлге қонып ән салған бұлбұл орманды да, селоны да тербете бастады. Кремль мұнарасының үлкен сағаты бүкіл Отанымыздағы ұлы еңбектің үнді қоңырауын да қағып өтті.

Дәл осы таңда, осы сағатта бұл сұмдықты болады деп кім ойлаған? Аспан опырылып, жерге түсе бастады. Жер теңселе жөнелді. Көк күңіреніп тұр, бірдеме гүрс-гүрс жарылып жатыр, үлкен-үлкен қара құстар зулап ұшып, өзінің отты жұмыртқаларын тастап жүр. Жапырақтардың жұмаланып, бұтақтардың туралып түсіп жат-

қанын, торғайлардың топшасы үзіліп, қарлығаштың аузынан қан ағып жатқанын қапелімде ешкім де байқамады. Қара түтін ауыр салмақпен орман үстіне көлбей ұшты. Бұлбұл қайда кетті, кім білсін? Көк жібек киген көңілді орман енді қара жамылып, қаралы сұлудай теңселеді. Жылқылардың кісінеуі, сиырлардың мөңіреуі, қойлардың маңырауы, құстардың қым-қуат шулауы – бәрі қосылып, орман кеудесінің қайғылы үніне айналды. Жанын қоярға жер таппаған тарғыл мысық ағаштан-ағашқа атылып жүр. Сыңар қолдауын оқ үзіп кеткен күрең қасқа құлын енесінен адасып қалыпты. Ол үш аяғымен ерсілі-қарсылы орғып, шырқырап жүр. Бір мүйізі сынып, бір көзі шыққан ала сиырдың көзі-басы – қан-қан. Ол өз денесін тура алып жүре алмай, шыр көбелек айналды...» [Тиесов М., 1947, 64-65 бб.].

Бажайлап қарасақ, осы бір бомба түсіп, алапат өртке ұласқан табиғаттың сұрапыл келбеті адамдардың аласапыран жан дүниесімен біте қайнасып кеткендей. Көктегі қорғасын бұлттардың өзі жердегі жойқын өртпен, қара түнек мезеттің арбасқан қат-қабат сырын бір-біріне бүктеп барып, тілім-тілім қалпында оқырман көңіліне сіңіріп жібереді жазушы [Тиесов М.. 1947, 18 б.].

Жыл маусымдары мен айларындағы табиғат көріністерін, тіпті оны соғыс кезіндегі адамдар, хайуандар, тіпті құстар көңіл күйлерімен астастыра суреттеу, оны жеке, арнайы тақырыпқа шығару қазақ қаламгерлерінде сирек ұшырасады. Сөз жоқ, бұл М.Тиесовтің өзіне тән ізденімпаздық тәсілі, өзіндік баяндау шеберлігі, жазушылық стиль-машықтарының бір қыры десе де болады. Негізгі оқиғаға алып келердегі түрлі құбылыс, характерлердің бірте-бірте қоюлана түсуін дәл байқаған белгілі ғалым З. Бисенғалиев осы көріністі былайша талдайды: «Қазақ роман, повестерінің көркемдік-идеялық ізденістеріндегі тағы бір арна – характер, кейіпкерлер қимылдарының қисынын ұштау үшін кейіпкерлерді әрекетке әкелетін сезімдер, мінездер мотиві, психологияға талдау жасай бейнелеу. Бұл бағыттағы ізденіс, талпыныс кейбір роман, повестерде белгілі деңгейде кездеседі» [Бисенғалиев З., 1989, 263 б.].

М.Тиесовтің – сонымен қатар журналистикада айтулы шебер. Тақырып таңдауы, материал жинауы, кең тыныс, көркем де кестелі тіл, дөңгеленген композициялық бітім – оның очерктерін, публицистикасын мейлінше тартымды, сүйкімді ете түседі. Мысалы, жоғарыдағы публицистикалық мақалада табиғат пен адамның қамырыққан көңіл-күйін астарлап беруі әдемі емес пе?

«1941 жыл. Жау Москваға қарай ентелей түсуде. Батыстағы бауырлар келген үстіне келіп жатыр. Олар қалаға да, колхозға да орналасып жатыр. Екі бөлмесі барлар бірін, бір бөлмесі барлар жартысын босатып, келген бауырларға беріп жатыр. Ол – бүтін бауырсақты бөліп жеу, жарты бауырсақты жарып жеу салтқа айналған кез. Жылқышы қосын да, қойшы киіз үйін де

қызғанбады. Ешкім еш нәрсесін аяған жоқ. Ол – малды ауылдың қымызы мен айраны да, сүті мен қаймағы да, ботасы мен тайлағы да, құлыны мен тайлары да, ешкісі мен қойлары да жауды жеңуге жұмсалған кез. Алпыс екі жастағы қарт ана өзінің жеті жасар немересі Светланасымен Сақабай қойшының үйіне орналасты. Светлананың шашы алтын түстес сап-сары еді. Оны қойлы ауылдың адамдары «Алтыншаш» деп атап кетті» [Тиесов М., 1947, 7 б.].

Жалпы, М.Тиесов кеңес жауынгерлерінің, Отан мен халқын жанындай сүйген қарапайым жандардың образын сомдауда біршама еңбек етті. Әсіресе толғандырған мәселеге идеялық, тәрбиелік мән беріп, жинақтап, қорытындылап, типтендіру – көркем шығарма жолындағы ерекше міндет.

М.Тиесовтің осы міндетті, яғни 1941-1945 жылдардағы неміс-фашист басқыншыларына қарсы азаттық соғысы үстінде патриоттық, ерлік қасиеттері толық көрінген кеңес адамының типтік образын жасау міндетін үлкен суреткерлік шеберлікпен орындап шықты. Осы орайда, белгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі Өмірхан Әбдиманұлының: «Әдебиет – ұлттық сананы ояту арқылы ұлт бірлігіне, жер иелігіне, ел тәуелсіздігіне үндеудің жаршысына айналды. Оны көркемдік әдіс-тәсілдер арқылы оқырман санасына да, ашық та сіңіруге тырысты. Мұны түрлі бағыт өкілдері өз шығармашылықтарының өн бойына өзек етіп, әрқилы көркемдік шешімдер жасай білді» [Әбдиманұлы Ө., 2002, 426-427 бб.], – деуінде ерекше мән бар.

Әсіресе публицистикада Тиесов ақын болып егіліп, кәнігі прозашы болып төгіліп кетеді. «Өмір аңызы» деген публицистикалық мақаласын тыңдап көріңізші. «Қарағанды біздің ауылдың шығысында атты адамға айшылық жер деп айтылатын. Атбасар – қаласы батыста. Ол – түйелі керуенге табандатқан жарты жол. Мұны өзім бұған дейін екі рет өлшеп көргем. Түйемен тұз тартқанбыз. Майланбаған ағаш арбалар шиқ-шиқ. Біз жаяумыз.

Ағылшындар Нілден қып-қызыл алтынды түйе-түйе етіп әкетіп жатыр дейді, олар Қарағандыдан жанатын тас қазып алып жатыр дейді. Сол тастың бір кесегін пешке салып қойса, үйдің іші қатты борандардың өзінде қыз-қыз қайнап тұрады дейді деген қауесет біздің ауылға ертегі сияқты болып естілетін еді. Балалық шақтағы қиял қандай тәтті. «Түйеге артып жүретін болмай-ақ, бір түйір алтын болса, біздің үй бай болып кетер еді-ау. Осы ой кәдімгідей мазалаушы еді. Ол кезде қыстың қысымы да өте қатты болатын. Іңірде тамақ істеу үшін жағылған от сөнсімен, үй іші тез суитын. Сонда, ең алдымен, кәрі әжем тоңа бастаушы еді. Көңілдің көк дөнені қандай жүйрік. «Барып, Қарағандыдан жанатын тас әкелсем... жағып қойсаң, әжем жылынып отырса».

Екі бірдей әдемі арманымның бірі де орын-

далмады. Ешқандай алтыным да, жанар тасым да болмады. Оларды тек ағылшындар ғана алып жатты.

«Біреу сорлы, біреу бақытты бола береді. Алласыз еш нәрсе болмайды. Ағылшындарды әуел баста Алланың өзі артық жаратқан шығар шырағым», – деуші еді әжем» [Тиесов М., 1958].

Міне, бала қиялы осылайша шексіз тізбек жасап, қиырға самғап кете барады. Тіршілік атаулы бір-бірімен белгісіз заңдылықтар арқылы жалғасып, өрең жетпес ұлы тұтастық құрайтынын бала шіркін қайдан білсін! Автор бұл жерде «Өмір деген құдіретіңіз осы ғой!» деп түйіндейтіндей. Әлгі «Өмір аңызын» әрі қарай оқып көрейікші: «... Мұғалімнің «жер шары батыстан шығысқа қарай айналып тұрады» дегені менің есімнен кетпей қойды. «Қанат байланып, аспанға көтерілсем... Бір орында қалықтап тұрсам... Атбасар қаласы дәл астыма келгенде, үстіне қона қалсам... Міне, қалай, қиял енді осылай қанаттанады. «Оқысам-ау, білсем-ау, Атбасардан да ассам-ау, Орынборға барсам-ау. Тіпті Қызылордаға жетсем-ау...» Арманнан арман туып, ұлғая береді, ұлғая береді.

Халқыңа жарық күн туса, ойға алғаныңның бәрі де болады екен. Қызылордадағы институтты бітіріп, Москваңызға да бардым. Оның ең бірінші университетіне түсу де қиын болмады.

Он екі жылдан кейін туған жерге қайта оралдым. Қарағанды даласына зәулім қала орнап қалыпты. Көмір дегеніңіз – тау-тау. Бұл таулар – бір кезде біздің ауылға бір кесегі арман болған «жанар тастар». Поезд керуендері садақ оғындай зымырайды. «Қаргестің биік мұржалары көкке бойлап кеткен.

Қоңырат, Жезқазған, Қаратөбе, Болаттау тауларының әрбір кесек тасы – тас емес, мыс, мырыш, көмір, құрыш екен ғой. Балқаш көлі жағасына мыс қаласы орнапты. Мыс қаласынан мыс өзені ағып жатыр. Осыны көргенде, бала кездегім еске түсті. Мен ең болмаса асықтай алтын тауып алсам деп қиялға батыппын. Міне, сол алтын – енді өзен...» Орыстың белгілі жазушысы К. Паустовский әдебиеттегі арман, қиял мәселесін қозғай келіп, мынадай ой түйеді: «Егер біз адамды ойлау қабілетінен айырсاق, онда мәдениетті, өнерді, ғылымды тудыратын ең құдіретті жасампаз күш өзінен-өзі құриды, жарқын болашақ жолындағы күреске құштарлық сезімі де жойылады. Бірақ қиял ақиқат шындықтан қол үзбеуі керек. Ол сол болашақты күн ілгері сәуегейлікпен аңғартып, біз тап сол болашақта тірлік кешіп жүргендей, өзіміз де өзгеріп, жасарып бара жатқандай бір аяулы сезім тудыруға тиіс» [Паустовский К., 1957, 45 б.].

Қалай дегенмен де, М.Тиесов бүгінгі күн тақырыбынан өрілген мүсінді де келісті бірқатар, негізінен, жеке адамдардың жан дүниесіне бойлап, жан-жақты үңіле отырып, қоғамдық мән мен әлеуметтік сипатқа ие мәселелерді қозғауды мұрат етті. Сонымен қатар публицист-жазушы өз

шығармаларында, ең алдымен, адам бойындағы игі жақсылық пен келеңсіз құбылыстардың тегін қарастырып, оны тудыратын қозғаушы күштердің түп-тамырын айқындауға күш салды. Адамның қоғам, ел алдындағы, өзінің ары мен ояданы алдындағы жауапкершілігін барынша терең сезіну керектігін дәйекті көркем сүзгіден өткізді.

#### ПАЙДАЛАНЫҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тиесов М. Әділбек Майкөтов: очерк. – Алматы, 1967. – 30 б.
2. Құнанбайұлы А. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 2-т. – 1176.
3. Тиесов М. Балалық шақтың бесігі // Лениншіл жас. – 1966. – 19 февраль
4. Тиесов М. Орыс орманында//әдебиет және искусство. – 1947. – №3. – 60-89 бб.
5. Тиесов М. Орыс жері //әдебиет және искусство. – 1947. – №4. – 40-69 бб.
6. Бисенғалиев З. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 136 б.
7. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
8. Тиесов М. Өмір аңызы // Еңбек туы. – 1958. – 13 шілде.
9. Паустовский К. Проблемы теории литературной критики. – Москва: Наука, 1957.– 245 с.

# ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА PSYCHOLOGICAL SCIENCE

УДК 159.9.316

**БАЙМУХАНОВА БАЛЖАН КАДЫРГАЛИЕВНА,**  
кандидат психологических наук,  
Кафедра «Педагогики и психологии»,  
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,  
г. Уральск, Казахстан  
E-mail: Baimukhanova\_b1@mail.ru

## ОТНОШЕНИЯ РАЗЛИЧНЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ К ПОНЯТИЮ «УСПЕХ» И ЕГО ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

**Аңдатпа.** Мақалада жетістіктің психологиялық аспектілері қамтитын ұғымдар: психологиялық денсаулық, сапа және рухани қанағаттану сезімдері сипатталады. «Жетістікке жету» ұғымы және оның психологиялық ерекшеліктері, психикалық денсаулықты сипаттайтын жетістіктің көрсеткіштерін анықтауда әр түрлі авторлардың зерттеулері талданады. Адамның жетістікке қатынасын, оны қабылдау және сезіну қабілетін анықтайтын имплицитті (ішкі) және әлеуметтік (мәдени-негізделген) ұғымдардың санатына жататын күрделі когнитивті құрылым ретінде жетістік туралы түсінік беріледі.

**Тірек сөздер:** жетістік, психологиялық денсаулық, жетістіктің психологиялық аспектілері, субъективті әл-ауқат, өмірге қанағаттанушылық.

**Аннотация.** В статье рассматриваются психологические аспекты успешности, которые включают в себя понятия: психологическое здоровье, положительные качества и духовное удовлетворение. Анализируются исследования различных авторов понятие «успешность» и его психологических особенностей, определения показателей успешности, которые характеризуют психическое здоровье. Отмечается, представление об успешности, как сложная когнитивная конструкция, которая относится к категории имплицитных (внутренних) и социальных (культурно-обусловленных) представлений, определяющих отношение человека к успешности, способность к его восприятию, осознанию и переживанию.

**Ключевые слова:** успешность, психологическое здоровье, психологические аспекты успешности, субъективное благополучие, удовлетворенность жизнью, академическая успешность.

**Abstract.** The article deals with the psychological aspects of success, which include the concepts of psychological health, positive qualities and spiritual satisfaction. The article analyzes the research of various authors on the concept of "success" and its psychological characteristics, as well as the definition of success indicators that characterize mental health. It is noted that the idea of success as a complex cognitive structure, which belongs to the category of implicit (internal) and social (culturally-conditioned) ideas that determine the attitude of a person to success, the ability to perceive it, awareness and experience.

**Key words:** success, psychological health, psychological aspects of success, subjective well-being, life satisfaction.

Во все времена и во всех обществах были люди, отличающиеся необычайной удачливостью, - те, у кого любое дело спорится, а любые условия складываются наиболее благоприятным образом. Будто весь мир подчинен единой задаче: оказывать помощь счастливым во всем, за что бы они ни брались. В современ-

ном мире успехи таких людей ярки и заметны, в бизнесе они являются теми самыми «золотниками», приносящими удачу любому предприятию. Они же являются теми героями, на которых стремятся быть похожими миллионы простых людей.

Поэтому не случайно во всех средствах мас-



совой информации раздаются слова «успех», «успешность», составляются рейтинги успешных людей, навязывается некий образ успешного человека. Создано несчетное количество тренингов, которые обещают помочь людям стать успешными. Но никто не говорит, что же это такое – успешность личности, каковы её признаки и критерии.

Безусловно, есть некие внешние признаки успешного человека. Это, как правило, официальное признание, звания, премии, награды, материальные блага.

Но представляется, что есть ещё один пласт понимания успешности, который в современном обществе приобретает всё более важное значение. Не учитывать его, а тем более не замечать – уже нельзя, поскольку это может быть чревато негативными социальными последствиями.

Идеалы, навязываемые сегодня рекламой и СМИ, формируют так называемое «общество потребления». Они направлены на стимулирование ненужных покупок и трат, а в конечном итоге – погони за престижем и «актуальным» имиджем. Бездумное следование этим «идеалам» ведет к глубочайшему внутреннему кризису, так как рано или поздно человек осознаёт, что всю свою жизнь он потратил не на раскрытие своего потенциала и реализацию своих собственных потребностей, а на достижение некоего призрачного идеала «успешной» жизни. Это не лучшим образом сказывается на его работе. Ведь в работу человек вносит все свои особенности, способности, программы и внутренние конфликты. И если этих конфликтов нет, то человек имеет возможность реализовать свои способности быстрее и эффективнее. Как известно, именно реализация талантов граждан двигает общество по пути прогресса и в науках, и в бизнесе, и в искусстве, и в педагогике, и в других сферах. А человек, реализовавший таланты и удовлетворивший свои потребности, есть успешный человек [Горчакова Е.Б., 2002, с. 210].

В этой связи проблема исследования современного понятия успешности и её критериев особенно актуальна. Важно осмыслить и понять, во-первых, что такое успешность в новом веке – дар божий, удел избранных, или качество (а может быть, состояние), доступное многим, во-вторых, выявить основные критерии успешности.

Воспитание успешной личности в Древней Греции. Критерии успешности гражданина.

О развитии характера и воспитании гражданина ученые задумываются издревле, со времени возникновения первых государств. Цель воспитания заключается в подготовке подрастающего поколения к выполнению определенных общественных функций. Несмотря на различие особенностей жизни и традиций полисов Древней Греции, принципы воспитания в них

были похожи.

Платон говорит так: «если в человеке его счастливые природные свойства надлежащим образом развить воспитанием, он действительно становится кротчайшим и божественным существом» («Законы», VI, 776a). В основу воспитания Платон положил афинский идеал воспитания – калокагатию, который заключается в гармоничном развитии в человеке духовного и физического начал. Поэтому наиважнейшими в системе воспитания выделяются мусическое и гимнастическое воспитания. С помощью первого, мыслитель предлагает нравственные качества, а с помощью второго – физические. В идеале гражданин должен представлять добродетельного, физически развитого, в военном отношении подготовленного человека. Платон считает, что помимо различных упражнений, для ребенка важен пример старших, которые своими поступками и образом жизни должны быть самой лучшей школой нравственности для них. И ребенок должен чтить и уважать старших.

Спартанская система воспитания представляет собой (наряду с афинской) одну из двух основных педагогических систем, сформировавшихся в эпоху классической Греции, и оказавших влияние на становление и развитие всей древнегреческой педагогики. Как пишет Плутарх, «чтению и письму они учились, но по необходимости, остальное же их воспитание преследовало одну цель: беспрекословное послушание, выносливость, науку побеждать». Когда ребенку исполнялось семь лет, он вместе с остальными детьми попадал в специальный отряд – «агелу», где дети жили и ели вместе, и приучались играть и проводить время друг с другом. Начальником «агелы» становился тот, кто оказывался понятливее других и более смелым в гимнастических упражнениях, что указывает на доминирующее влияние физического воспитания перед интеллектуально-эстетическим.

Қазіргі таңда Жапонияның халықаралық әрекеті көбінесе АҚШ-пен одақтастықты нығайту, «қырғи қабақ соғыстан кейінгі» гегемониялық күшпен одақтасу деп сипатталады [Tsuchiyama, 2003]. Демек, Жапонияда әдетте шектеулі болып саналатын өзінің қатты күшті қолдану мүмкіндіктерін дербес жүзеге асырудың ерік-жігері жетіспеді. Осыған қарамастан, Жапония үкіметі қорғаныс шығындарын ұлғайту жолымен қатты күшті нығайтуға тырысты, сондай-ақ өзін-өзі қорғау күштерінің (ӨҚК) шетелдегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа қатысуын жетілдіре түсті. Осы шаралардың ішінде 1) 2001 жылдың қазан айынан 2010 жылдың қаңтар айы аралығында Талибанға қарсы АҚШ бастаған одақтас күштерге қолдау көрсету үшін Үнді мұхитында материалдық-техникалық қолдау көрсету; 2) 2004 және 2006 жылдар аралығында Иракта соғыстан кейінгі қайта құру бағдарламасына қатысу және

2008 жылдың аяғына дейін АҚШ бастаған коалиция күштеріне де логистикалық қолдау көрсету; 3) 2009 жылдан бастап Сомали жағалауында және Аден шығанағы маңында қарақшылыққа қарсы ынтымақтастыққа қолдау көрсету; 4) 2011 жылдың маусым айында Джибутиде Жапонияның ӨҚК-нің алғашқы шетелдік базасын құру сияқтыларды атауға болады. Аталмыш іс-шаралар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларымен мақұлданса да, Жапония әлі де тікелей ұрыс қимылдарына қатысудан бас тартып отыр.

Сондықтан, Жапония іс жүзінде өзінің бейбітшіл мемлекет беделіне сәйкес қатты күшті қолдану болжамын жүзеге асырып, әскери күштің орнына ұлы держава ретінде АҚШ-қа экономикалық қолдау көрсету құралдарын қолданып, Таяу Шығыстағы халықаралық шараларға атсалысты және аймақтағы тұрақтылыққа өз үлесін қосты. Алайда, мемлекеттің бюджеттік шектеулері Жапонияның осы құралды қолдануға нұсқан келтіріп отыр. Егер Жапонияда Таяу Шығыстағы жанжалдарда реттеу кезінде оң нәтижеге жетуге арналған ресурстар жеткіліксіз болса және мүддесінен гөрі, шығыны артық болса, Жапония аталмыш қақтығыстарға материалдық және құрылымдық шектеулер салдарынан қатысудан бас тартуы мүмкін. Бұл жағдай Жапонияны АҚШ-тың қатты күшті қолдану мүмкіндігіне, оның ішінде, мемлекеттің Таяу Шығыстағы жанжалдарға қатысты амал-тәсілдерін қолдану тәуелділігін аңғартты. Атап айтқанда, бұл Жапонияның Таяу Шығыстағы саясатын АҚШ-тың аймақтағы жүргізетін саясатымен анықталатын талаптарға сай өздігінен шектеді.

Жапон саяси топтары әскери күшті қолдануға қатысты конституциялық шектеулерге байланысты елдің қатты күшті қолдану шектеулерін терең түсінуімен байланыстыратын Жапонияның халықаралық ықпал ету құралы ретінде жұмсақ күшті нығайтуға талпынуда. Жұмсақ күш – бұл мәжбүрлеу мен материалдық стимулдарды қолданбайды және мемлекеттің басқа елдерге қатысты тартымдылығына негізделген. Басқа елдің адамдары осы мемлекетке еліктеуге, сол елдің адамдарымен тілдесуге немесе оларға қосылғысы келеді. Себебі, оның идеялары, тәлім-тәрбиесі және т.б. басқаларға тартымды болып көрінеді. Соңғы жылдары жапон үкіметі өз мәдениетін, тілін, дәстүрлі спорт түрлерін, жапон іскерлік мәдениеті мен басқару жүйелерін тарату арқылы жұмсақ күшін нығайта түсті.

Алайда «жұмсақ күш» тұжырымына жапон саясатының беделі мен қатал саясаттың амал-тәсілдері ықпал етеді. Жұмсақ күш мәдениетпен, тілмен, спортпен шектелмейді. Ол Жапонияның дүниежүзілік жанжалдардағы тәуелсіз саяси тарихы, оның Таяу Шығысқа қатысты бейбітшіл тәсілдері, оның Таяу Шығыстағы жалпыға бірдей бейбітшілікті қолдауы және оның ядросыз халықаралық жүйеге ұмтылысы сияқты саяси ұстанымдары мен қағидаларын қамтиды. Бұл Жапонияның қалай қабылданатындығына, басқа мемлекеттердің Жапонияның позициясын ұстануға әзір екендігіне және Жапониямен түрлі салаларда терең қарым-қатынастар орнататындығына әсер етеді. Аталмыш көзқарас Таяу

Шығыс елдеріне тура сәйкес келеді деп айтуға болады. Себебі, бұл аймақтағы адамдар Батыс елдерімен теріс тарихи тәжірибені жақсы түсінеді. Шынында, Таяу Шығыстағы Жапонияның мәдени жұмсақ күші Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілісінен кейінгі табысты экономикалық дамуын аймақтағы адамдардың мойындауына және Жапонияның Таяу Шығыс елдерімен теріс қарым-қатынастардың орын алмағандығын түсінуіне негізделген. Сондықтан, АҚШ пен Батыс елдерінің Таяу Шығыстағы саясатымен аса сәйкестендіру Жапонияның беделі мен оның жұмсақ күш саясатына нұсқан келтіруі мүмкін.

*Жапония саясатының бұрынғы модельдері: реактивті тәсілдерден белсенді тәсілдерге көшуі.* Жапонияның сыртқы саясаты зерттеулерінде саяси іс-қимылдар «белсенді» дегеннен гөрі, «пассивті» және «реактивті» деп жиі белгіленетін [Drifte 1990]. Мұндай ұстаным Жапонияның жоғары саяси топтар, сондай-ақ, күнделікті мәселелерде бюрократия анықтайтын саясат деп қарастыруға болатын саяси-бюрократиялық және іскерлік элитаның «темір үшбұрыш» арасындағы консенсустық саясатының нәтижесі болып саналатын [Inoguchi 1991].

«Белсенді» деп сипатталған сыртқы саясат Ауғанстандағы 2001 жылдағы лаңкестермен соғыс пен 2003 жылғы Ирактағы соғысқа жауап ретінде қабылданды. Алайда, жақын келешекте Жапонияның сыртқы саясатында қандай модель басым болатындығын әлі анықтап білген жөн. Себебі, соңғы жылдары Жапонияның сыртқы саясаты тұрақсыз болып келген еді. Жапонияның Демократиялық партиясы бюрократияның ықпалын сәтсіз азайтуға талпынған кезде, 2012 жылдың желтоқсан айында Абениң екінші кабинеті келгенде күшті саяси басшылықтың келуі мен Ұлттық қауіпсіздік кеңесін құру жоғары саяси басшылықтың қауіпсіздік пен сыртқы саясаттың маңызды мәселелері бойынша жылдам әрі батыл шешімдер қабылдау мүмкіндігін жақсарта түспек.

### **Жапонияның Таяу Шығыстағы саясатына қатысты ұсыныстар.**

Жапония үшін Таяу Шығыстың аймақ ретіндегі маңызы қандай екенін түсініп, Жапонияның аймақтағы негізгі мүддесіне тағы бір үңілген жөн. Басқа аймақтармен салыстыру барысында біз Таяу Шығыстың энергетикалық мәселелер, нарықтағы оның әлеуеті, Жапонияның қауіпсіздігі үшін салдары, оның маңызды мәселелері бойынша ұстанымы (мысалы, палестиндіктер мәселесі), сондай-ақ, оның халықаралық қауымдастықтағы рөлі мен қатынасы тұрғысынан маңызын қайтадан қарауымыз қажет. Содан кейін Жапонияның нені маңызды екендігіне сүйене отырып, біз Таяу Шығысты бірыңғай тұтас аймақ ретінде қарастыра аламыз ба, біздің Таяу Шығыс аймағы туралы түсінігіміз келешекте өзгере ме деген қосымша сұрақтарды қарастыра аламыз.

Үшінші мәселе – Жапония Таяу Шығыста не істей алады деген түсінікті қалыптастыру. Жапония қандай саяси шаралар мен саяси ресурстарды жұмылдыра алады? Бүгінгі шектеулер, талап-

тар мен мүмкіндіктер шегінен шығып, Жапония келешекте тағы не істей алады? Мұны түсіну үшін біз жоғарыда айтылған объективті түсініктер арасындағы байланыстарды мұқият қарастыруымыз керек. Сонда ғана біз Жапонияның ерекше дипломатиялық саясатын ұғына аламыз.

Соңғы қарастырылатын мәселе – Жапонияның бейнесін Таяу Шығыс пен әлемде көрсету қажеттілігінің үнемі өсіп отыруы. Бұл жерде Жапония мен Таяу Шығыс арасында интерактивті құрылымды құру өте маңызды мәселе болып саналады. Осыған байланысты Жапонияның Таяу Шығыстағы саясатында мынадай ұсыныстар жасауды жөн көріп отырмыз.

**Бірінші ұсыныс. Таяу Шығыстағы аймақтық тұрақтылық үшін Жапония осы өңірдегі жанжалдасушыс тараптар немесе мемлекеттер арасында бітімгершілікке шақыру және жанжалдарды шешуге көмектесу үшін өзін үшінші тарап ретінде қолдануы керек.**

2014 жылдың маусым айында Иракта ислам мемлекеті идеясы жойылғаннан кейін Ирак үкіметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қазіргі ұлттық шекараларды сақтап қалу және бірнеше реформаларды жүзеге асыру (провинция деңгейінде қауіпсіздік мәселелері бойынша билік өкілеттігін беру, бұрынғы баас үкіметінің саясатын жоюға қатысты түзетулер енгізу, бұрынғы әскери қызметкерлерді босату және сунниттердің наразылығын азайту шаралары) сияқты өзекті мәселелері бар. Қазіргі таңда Жапония Иракта діни топтар мен этностар арасындағы алауыздықты жою үшін көптеген нақты шаралар ұйымдастыруды жалғастыруда.

Бір-біріне қарсы түрлі саяси күштер соғысып жатқан таяушығыс жанжалдары үшін жиындар ұсынуға Жапония үшінші тарап бола алатындай жағдайда. Мысалы, Сирия жанжалын реттеу үшін барлық тараптардың оқ аруды келісіп тоқтатып, халықаралық бақылаумен еркін сайлауды өткізіп, жаңа әкімшілікті таңдауы керек. Бұл жанжалды реттеу барысында келіссөздер жүргізу барысында көтерілісші қозғалыс қолдайтындар (батыс мемлекеттері, Түркия) және Асад режимін қолдаушылар (Ресей, Иран және Хезболла), күрт ұлтшыл күштер бір мәмілеге келгені абзал. Халықаралық қауымдастық мүдделі мемлекет ретінде келіссөздер барысында Иранның орнын анықтап алуы қажет. Бұл үшін Израиль, Сауд Арабиясы және Түркияның үрейін басу қажет. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Жапония делдалдық қызметті атқарып, бейбіт келіссөздерді жүргізуге өте ыңғайлы елдердің бірі болып саналады.

Палестина мәселесін реттеу кезінде де Жапония екі мемлекетті бітімгершілікке шақырып, халықаралық қауымдастықты ХАМАС-ты бейбіт процеске қосуға көндіргені абзал.

**Екінші ұсыныс. Жергілікті қажеттіліктерге сәйкес келетін тәжірибе мен жапон технологияларын беру арқылы экономикалық дипломатияны қолдау.**

Соңғы жылдары мемлекеттік қазынаға ауыртпалық алып келетін субсидиялар мен келешектегі энергетикалық блокқа қатысты саясат Таяу

Шығыс елдері тап болған маңызды экономикалық мәселе болып саналады.

Энергияға ішкі сұраныстың артуы, энергияға меншіктік шығынның азаюы және энергияны тұтыну құрылымы алаңдататын мәселелердің бірі. Сонымен бірге, тақтатасты газ бен мұнайдың пайда болуы, мұнайдың әлемдік бағасының тұрақсыздығы мұнайға тәуелді экономикасы бар елдер үшін өте маңызды.

Таяу Шығыс елдерінде мұнай, табиғи газ және электр қуаты халықаралық стандарттармен салыстырғанда айтарлықтай төмен бағада ұсынылады және су ресурстарының тапшылығына қарамастан, кейбір мұнай өндіретін мемлекеттерде су шығыны толығымен мемлекет тарапынан төленеді.

Аймақтағы коммуналды қызмет шығындарының арзан болуы энергияны үнемдеуге кедергі келтіруде. Өңірдегі азаматтар қуат көздерін үнемдеу мен экологиялық білімнің маңызын түсіну үшін энергияны үнемдеу саласында білім беру сияқты жапон технологиялары мен тәжірибесімен бөлісу мүмкіндіктері өте көп.

Қазіргі кезде Таяу Шығыс елдерінде ядролық энергияны енгізу мәселесі қарастырылуда. Алайда, уранды байыту, қолданылған ядролық отынды қолдану сияқты ядролық отын мен ядролық қондырғыларды басқару мен қауіпсіздікке қатысты көптеген мәселелер кездеседі.

Бүгінгі күні аймақтағы басшылар өз азаматтарына субсидиялармен байланысты мәселелерді дұрыс түсіндіріп, олардың тиісті түсінік қалыптастыруына күш салғаны абзал.

**Үшінші ұсыныс. Әлеуметтік толқуларға себепкер болатын жастар арасында жұмыссыздық мәселесін шешу үшін білім беру мен жұмыспен қамту мәселесімен айналысатын Таяу Шығыс елдеріне жапон білім беру жүйесі мен технологияларынан тың идеялар мен жетістіктерді ұсыну.**

Жастар арасындағы жұмыссыздық – бұл экономикалық мәселе ғана емес. Оның ішінде әлеуметтік және саяси тұрақсыздықты туғызатын қауіп-қатер де кездеседі. Мұны түсіну үшін Тунис пен Египетте басталған араб революцияларының орын алуының бір себебі – жұмыссыздық екенін білген маңызды.

**Төртінші ұсыныс. Халықаралық терроризм қаупімен күрес жүргізу инфрақұрылымын әзірлеу барысында Таяу Шығысқа, ислам әлеміне және лаңкестік ұйымдарға қатысты тұрақты ақпарат жинап ұсыну үшін зерттеу институтын құру.**

Шетелдегі жапондықтар мен жапон компаниялары жаңа лаңкестік уақиғаларға тартылады. Себебі олар халықаралық белсенділікті арттыруда. Осындай дағдарысқа қарсы басқаруды жетілдіру үшін ақпарат жинастыру маңызды болмақ.

**Бесінші ұсыныс. Жанжалдан кейінгі мемлекеттік құрылыс пен қайта құру үшін адам қауіпсіздігі мен персоналды даярлауға бағытталған тұрақты гуманитарлық көмек көрсету мақсатында босқындарға арналған**



### жаңа шәкіртақы жүйесін құру.

Босқындар мәселесіне жауап беру маңызды халықаралық саясатқа айналуға айналуда. 2011 жылдан бастап сириялық босқындарға қатысты білім беру көмегі жеткіліксіз болды. Осы мәселені ескермеу Таяу Шығыстағы адам ресурстарын ұзақ мерзімді дамытуды шектеп, ауқымды экономикалық шығындарға және әлеуметтік толқулар әрі саяси дағдарысқа түрткі болмақ. Осы тұрғыдан, алыстағы елдердің босқындар мәселесі жаһандық ауқымдағы қауіпсіздік мәселелерімен тікелей байланысты. Сондықтан, Жапония үкіметі «кез келген елдің ішкі саясатына араласпау» қағидасын ұстанып, ұзақ мерзімді гуманитарлық қолдау көрсетуді жалғастыра түсуі керек. Мұндай қолдау терроризмді жоюға және демократиялық реформаларды жүргізуге көмектеседі.

**Алтыншы ұсыныс. Қазіргі кезден бастап 2030 жылға дейін Таяу Шығыста кейбір елдерде билікте елеулі өзгерістер болатындығын ескеретін болсақ, Жапония жергілікті қоғамдық ой-пікірмен санасып, аймақтағы рөлін күшейткісі келсе, мемлекеттік емес субъектілермен өзара әрекеттесу амалдарына қатысты өзіндік қағидаларын қалыптастыруы қажет.**

2030 жылға дейін АҚШ пен Қытайдың Таяу Шығыстағы ықпалы азая түседі деген болжам аясында Жапония аймақтағы позициясын анықтай түскені жөн. 2003 жылы АҚШ-тың Иракқа басып кіріп, «Үлкен Таяу Шығыс» бастамасы сәтсіз аяқталды. Америкалықтардың үміті ақталмай, Таяу Шығыстағы халықтар арасында америкалықтарға қарсы көңіл-күй күшейді, Ирак, Сирия және Ливия сияқты тұрақсыз мемлекеттер пайда болды [Miyagi Yukiko. 2011]. Мұндай әрекеттер Жапонияның ұлттық мүддесіне адами және эко-

номикалық зардап шектірді.

Сондықтан, Жапонияның Таяу Шығыстағы позициясы тәуелсіз дипломатия негізінде өрбігені абзал.

**Жетінші ұсыныс. Жапония мен Таяу Шығыс арасында имидж бен жарнаманың екі жақты стратегиясын дамытып, жұмсақ күшті пайдалану.**

Жұмсақ күш бизнес пен мәдени алмасу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Мысалы, оңтүстік корейлік компаниялар өз елінің теледрамаларын мемлекет өнімдерінің имиджін жақсарту мен сатылымды күшейту үшін қолданады. Сол сияқты жапон тіліне, жапон мәдениетіне қызығатын таяу шығыстық адамдар арқылы жұмсақ күшті пайдаланған дұрыс. Алайда, Жапония жұмсақ күшті экспорттау кезінде жергілікті мәдениетпен қақтығыстардың туындамау амалдарын қарастыруы керек.

### ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасырдың басында Жапонияның Таяу Шығыстағы саясатын «жаңа таяушығыстық саясат» деп атауы мемлекет ішіндегі саяси өзгерістер мен аймақтағы энергетикалық ресурстарды жеткізу тәуелділігінің артуымен байланысты. Осы саясат Таяу Шығыс елдері мен Жапония арасындағы қарым-қатынастардың белсенділігінің артуын, Жапонияның аймақтағы саяси-экономикалық қатыстылығының кеңеюін қарастырады. Экономикалық ынтымақтастықты қолдау, инфрақұрылымды жаңарту, аймақтағы сенімді арттыру, жұмсақ күш түсінігін қолдану, аймақтағы жанжалдарды реттеуде үшінші тарап қызметін атқару Жапонияның таяушығыс саясатындығы негізгі құралына айналуы тиіс.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Joseph S. Nye, Jr., "The Soft Power of Japan," Gaiko Forum, 4, 2 (Summer 2004), pp. 3-7.
2. Ж. Ашинова. Общее и особенное в процессах демократизации партийно-политической системы Республики Казахстан и Японии. XVI международная конференция посвященная проблемам общественных и гуманитарных наук: 3 Часть: (культурология, религиоведение, искусствоведение, социологические науки, политологические науки) Международная научно-практическая конференция, г.Москва, 01.02.2014г. - М.: Центр гуманитарных исследований «Социум» - стр. 7-11 .
3. Aoki Tamotsu, "Toward Multilayered Strength in the 'Cool' Culture," Gaiko Forum, 4, 2 (Summer 2004), pp. 8-16.
4. Tsuchiyama, Jitsuo. 2003. "From Balancing to Networking: Models of Regional Security in Asia." NY: Palgrave Macmillan.
5. Drifte, Reinhard 1990. Japan's Foreign Policy. London.
6. Inoguchi, Takashi. 1991. Japan's International Relations, Oxford.
7. Miyagi Yukiko. 2011. Japan's Middle East Security Policy: Theory and Cases, London



ӘОЖ: 36.3  
МРНТИ 21.41.45

**МАЖИЕВ ГИЛИМБЕК ЖАДИГЕРОВИЧ,**

PhD докторанты,  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,  
E-mail: kmdb-apparat@mail.ru

**ЗАТОВ КАЙРАТ АЙТБЕКҰЛЫ,**

философия ғылымдарының докторы,  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,  
E-mail: kairat\_1966@list.ru

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН АРАҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

**Аңдатпа.** Діни қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың мазмұнын айқындайтын негізгі мәселе қоғамның рухани адамгершілік кескінін көрсететін дінаралық келісім мен төзімділікті тереңдету. Мәдени және ұлттық бірегейлікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі - дін. Сондықтан тарихи қалыптасқан мәдени-діни бірегейлікті сақтаудағы дін мен мемлекеттің өзара әрекеттесуін ғылыми-теориялық талдау ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздік үшін аса өзекті мәселе болып табылады. Мемлекет пен дін қарым-қатынасының ерекшелігі мемлекет және құқық теориясы мен мемлекет тарихының ажырамас бір бөлшегі болып табылады. Сондықтан мемлекет пен дін қарым-қатынасының концептуалдық және ұғымдық аппаратымен танысу қазіргі заман адамының құқық мәдениетін көтеретіні сөзсіз. Сондай-ақ азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру тәжірибесіне де аталған құқықтық жүйе өз үлесін толықтай қоса алады. Олай дейтініміз мемлекет пен дін арақатынасының негізгі құқығы жасампаздық потенциалы мен ғылыми танымдық тұрғыдан да, өмірлік-тәжірибелік тұрғыдан да маңызы өте зор.

**Түйін сөздер:** Мемлекет, дін, зайырлылық, шіркеу, теократия, құқық, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар, зайырлы мемлекет.

**МАЖИЕВ ГИЛИМБЕК ЖАДИГЕРОВИЧ,**

PhD докторант,  
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,  
Казахстан, г. Алматы,  
E-mail: kmdb-apparat@mail.ru

**ЗАТОВ КАЙРАТ АЙТБЕКҰЛЫ,**

д.ф.н.,  
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,  
Казахстан, г. Алматы,  
E-mail: kairat\_1966@list.ru

## СОВРЕМЕННЫЕ ПРИНЦИПА СЕКУЛЯРИЗМА МЕЖДУ ГОСУДАРСТВОМ И РЕЛИГИЕЙ

**Аннотация.** Основным вопросом, определяющим содержание государственной политики в сфере религиозных отношений, является углубление межрелигиозной гармонии и толерантности, которые отражают духовную нравственность общества. Одним из значимых факторов обеспечения культурной и национальной идентичности является религия. Поэтому научно-теоретический анализ взаимодействия религии и государства в сохранении исторически сложившейся культурной и религиозной самобытности является актуальным вопросом национальной и государственной безопасности. Особенность отношений государства и религии является неотъемлемой частью теории государства и права, а также истории государства. По этой причине изучение концептуальной структуры отношений между государством и религией, несомненно, поднимает правовую культуру современного человека. Более того, правовая система может в полной мере способствовать практике построения гражданского общества и верховенства закона. Другими словами, фундаментальное право государства и религии – это нечто большее, чем творческий потенциал и научно-познавательный аспект.

**Ключевые слова:** Государство, религия, церковь, теократия, клерикальность, право, государственно-конфессиональные отношения, светское государство.

**MAZHIEV GILIMBEK,**

PhD student,

Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture,  
Kazakhstan, Almaty,

E-mail: kmdb-apparat@mail.ru

**ZATOV KAIRAT,**

PhD doctor, Associate Professor,

Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture,  
Kazakhstan, Almaty,

e-mail: kairat\_1966@list.ru

## MODERN PRINCIPLES OF SECULARISM BETWEEN STATE AND RELIGION

**Annotation.** The main issue determining the content of state policy in the field of religious relations is the deepening of inter-religious harmony and tolerance, which reflect the spiritual morality of society. One of the significant factors in ensuring cultural and national identity is religion. Therefore, the scientific and theoretical analysis of the interaction of religion and the state in preserving the historically established cultural and religious identity is an urgent issue of national and state security. The peculiarity of relations between the state and religion is an integral part of the theory of the state and law, as well as the history of the state. For this reason, the study of the conceptual structure of relations between the state and religion undoubtedly raises the legal culture of modern man. Moreover, the legal system can fully contribute to the practice of building a civil society and the rule of law. In other words, the fundamental law of the state and religion is more than creativity and the scientific and cognitive aspect.

**Keywords:** State, religion, church, theocracy, clericalism, law, state-confessional relations, secular state.

### КІРІСПЕ

Мемлекет пен дін қарым-қатынасының қалыптасу кезеңдерін талдай отырып, оның өзіндік ерекшеліктерін және олардың маңыздылығындағы құндылықты дүниетанымдық негіздерін ашу арқылы Қазақстан Республикасындағы дін мен мемлекет арақатынасына дінтанулық талдау жүргізу зерттеудің басты мақсаты ретінде таңдап алынды. Осы мақсатқа жетуде дін, қоғам, құқық және мемлекет арақатынасының қалыптасу жүйелерін талдауды, қоғамдық санадағы діннің рөлін, негізгі ерекшеліктері мен олардың маңыздылығын қарастыруды, мемлекет пен дін арақатынасындағы заңнамалық негіздерінің қалыптасу кезеңдерін зерттеуді, мемлекетте дін арақатынасының зайырлылық пен діндарлық принциптерінің негіздерін және олардың жүйелерін талдауды және Қазақстандағы дін мен мемлекет қатынастарының ерекшеліктерін айқындауға дінтанулық сараптама жүргізуді, сондай-ақ, мемлекет пен дін қарым-қатынасы өркениеттілік құбылыс ретінде тарихи дамуда болатын үдеріс (процесс) ретінде дінтанулық тұрғыдан саралауды мақсат еттік.

### ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Зерттеу жүргізу барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер, соның ішінде логикалық және тарихи, герменевтикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Осы әдістер мемлекет пен дін арақатынасындағы зайырлылық принциптерін саралап зерттеуге мүмкіндік береді.

### ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

Мемлекет пен дін арасындағы құқықтық жү-

йелердің нормасы мен тетіктері, мемлекет және дін арақатынасының заңнамалық негіздері, оны реттестіретін нормалар мен жарғылар, діннің мемлекетті басқаруы, діннің мемлекетке деген көзқарасы, мемлекеттің дінге деген көзқарасы, зайырлылық және діни құндылықтар мен қағидаттар, мемлекеттің аумағындағы азаматтардың ар-ождан бостандығы қазіргі таңда шетел және Қазақстандағы құқықтанушы, саясаттанушы, әлеуметтанушы, тарихшы, философтар мен дінтанушыларды өте қатты қызықтырып, соңғы кезде осы тақырыптар зерттелу үстінде.

Дін мен мемлекет арақатынасындағы өзекті мәселелерді талдауда отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары мен еңбектері басшылыққа алынды. Айталық В.В. Лазарев пен С.В. Липеньнің «Теория государства и права» кітабы (2000, 511 б.), М.Ю. Зеленковтің «Государственно-религиозные отношения» кітабы (2004, Мәскеу), Jr. James E. Wood «Church and State in the Modern World: A Critical Assessment and Annotated Bibliography» (2005, 660), Веремчук В.И. Социология религии. (Москва 2004. с. 68). қатарлы еңбектерден сырт, А. Айталы, Б. Бейсенов, А. Құрманалиева сынды отандық ғалымдардың еңбектеріне назар аударылды.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мемлекет және дін қатынастары деп мемлекет институттары мен діндердің институционалды құрылымдарының (діни бірлестіктер, конфессиялық ұйымдардың) тарихи қалыптасуын және өзгеріп отыратын өзара байланыстары мен өзара қарым-қатынастарының жиынтығын айтады. Бұл қатынастардың негізін дін мен оның институттарының қоғамдағы орны мен қызметі,

осы қатынас субъектілерінің құзыреттілігі мен біліктіліктері туралы заңнамалық тұрғыдан бекітілген түсініктер құрайды.

Мемлекет – белгілі бір территорияда жоғарғы билікке ие, қоғамды ұйымдастыру мен басқаруды, қоғамдық қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын қоғамның саяси жүйесінің негізгі әлеуметтік институты (Лазарев&Липень, 2000, с. 135).

Мемлекет – қоғаммен тұтасып кетпеген жариялы билік. Мемлекеттік биліктің жариялығы оның заңды сипатына (легитимділігіне) негізделеді. Мемлекет қоғамдық өмірдің барлық салаларына ықпал етеді, қоғамның толыққанды, тұтас ағза ретінде өмір сүруі үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық және рухани құндылықтарды жасауда нақтылы шаралар қабылдайды. Мемлекеттің өзіне тән бірнеше белгілері бар: 1) Мемлекеттің билігі белгілі бір территорияға таралады. 2) Мемлекет егемендікке ие. Егемендік мемлекеттік биліктің маңызды сипаттамасы. Мемлекеттің егеменділігі ішкі және сыртқы саясат саласында өз бетінше шешім қабылдауында, мемлекеттік биліктің елдің тұтас территориясына таралуында, мемлекеттік органдардың шешімдерінің баршаға міндеттілігінде көрініс табады. Сонымен қатар мемлекеттің егемендігі барлық азаматтарға, ұйымдар мен мекемелерге міндетті болып табылатын заңдар мен басқа да нормативтік актілерді шығару, заңды күш қолдану құқығында көрініс табады. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттің мәні билік ұғымымен тығыз байланысты. Билікті адамдардың қызметі мен жүріс тұрысына ықпал ету қабілеттілігі мен мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Билік әртүрлі тәсілдер – ерік жігер, бедел, құқық, күш қолдану арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік билік – мемлекеттік-құқықтық институттарда көрініс табатын және қоғамды басқаруды ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік биліктің бір түрі. Мемлекеттік билік мемлекеттік органдар арқылы құқықтық формада жүзеге асады (Jr. James E. Wood, 2005, с. 12).

Мемлекет өз міндеттерін жүзеге асыру мақсатында бірнеше қызметтерді жүзеге асырады. Қазіргі уақытта мемлекеттің қызметтерін ішкі және сыртқы деп жіктеу кең таралған. Мемлекеттің ішкі қызметіне қоғамның ішкі дамуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметтерін жатқызады. Олардың қатарына экономикалық, экологиялық, мәдени-әлеуметтік, азаматтардың құқықтарын қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кіреді.

Мемлекеттің сыртқы қызметі – басқа мемлекеттермен қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталады. Мемлекеттің сыртқы қызметінің екі негізгі бағыты бар. Біріншісі – әскери қызметі – соғыс қимылдарын жүргізу, соғыс және бейбітшілік жағдайында елдің қорғанысын қамтамасыз ету, мемлекеттік шекараны қорғау. Қазіргі уақытта әрбір мемлекет өзінің әскери доктринасын қабылдап жүзеге асыруда. Басқа мемлекет тарапынан әскери қауіп мүмкіндігі сейілген қазіргі заманда көптеген елдер “Жеткілікті қорғаныс” доктринасын қолдайды. Бұл доктрина қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, әскери бюджетті қысқартуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің сыртқы қызметінің екінші бағыты – басқа мемлекеттермен ынтымақтастық орнату. Бұл қызмет бағыты – қазіргі мемлекеттер үшін объективті қажеттілік. Себебі, қазіргі заманғы жаһандық мәселелер барлық елдердің ұйымдасып, ұжымдық әрекет етуін талап етеді. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына – экономикалық, бейбітшілікті сақтау, қоршаған ортаны қорғау, халықаралық қылмыспен күрес, ғылым, білім мен мәдениет саласындағы ынтымақтастық кіреді. Бұл бағытта мемлекет басқа мемлекеттермен қатар халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен де, соның ішінде діни ұйымдармен де қарым-қатынас орнатады. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Қазіргі уақытта көптеген діни ұйымдар бейбітшілік пен қоршаған ортаны қорғау сияқты халықаралық ұйымдардың жұмысына белсене қатысады. Қазіргі жаһандық мәселелерді шешуге діннің позитивті мүмкіндіктерін жұмылдыру мақсатында елімізде “Әлемдік және дәстүрлі діндердің съезі” тұрақты өткізіліп келеді. Бұл қазіргі адамзаттың әлеуметтік-рухани өмірінде дін мен діни ұйымдардың елеулі рөл атқарып отырғанын көрсетеді.

Мемлекет пен дін қарым-қатынасының субъектілерінің қатарына әртүрлі конфессиялар, діни бірлестіктер мен топтар кіреді. Қазіргі батыс дінтануында діни ұйымдарды шіркеу, деноминация және секта деп ажырату қарастырылған. Біздің пайымдауымызша бұл классификация толықтыруды қажет етеді. Мемлекет пен діннің қарым-қатынасы институционалданған діни бірлестіктер немесе институционалданбаған діни қауымдастықтар арқылы жүзеге асуы мүмкін. Институционалданған діни бірлестіктердің өз жарғылары, тіркеу құжаттары, діни бірлестіктің құрылымын айқындайтын және басшысын тағайындайтын процедурасы, өз ішіндегі немесе қоғаммен қарым-қатынастарын реттейтін ережелері болады. Институционалданбаған діни қауымдастықтар діндарлардың бейресми қарым-қатынасына негізделеді. Мұндай қауымдастықтар діни бірлестік ретінде ұйымдаспаған, оларға діни дүниетанымдық көзқарастары мен діни құндылықтарындағы ортақ ұстанымдар тән. Мемлекет дін қатынасын зерттеген бірқатар ғалымдар мұндай қауымдастықтардың құқықтық қатынастардан тыс қалатынына назар аударады. Діни бірлестіктер мен ұйымдар өздерінің ұжымдық мүдделерін қорғауға мән береді және жамағат немесе қауым мүшелерінен ортақ діни наным-сенімді ұстануды талап етеді. Алайда, көптеген елдердің конституцияларында діни наным-сенім мен ар-ождан бостандығы әрбір азаматқа берілген құқық болып табылады. Осы негізде кейбір зерттеушілер мемлекет-дін қарым қатынасының субъектілері тек діни институттар (бірлестіктер мен ұйымдар) ғана емес, жеке азаматтар да болуы керек деген ой айтады (Зеленков, 2004-11).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, діни ұйымдарды мәнді белгілеріне қарай конфессия, деноминация, секта, діни бірлестік, діни қауым деп жіктеген дұрыс.

Конфессия латын тілінен аударғанда белгілі бір дінді ұстану деген мағына береді. Конфессия ортақ діни наным-сенімі мен ілімі, құлшылық ерекшеліктері және ұйымдасу құрылымына қарай діндарлардың өзара ұжымдасуы немесе бірігуі формасы. Конфессиялар діннің тарихи эволюциясы барысында қалыптасады (христиандық ішіндегі православиелік, католиктік және протестанттық бағыттар, исламдағы сунниттік және шиа бағыты, буддизмдегі хиньяна және махаяна).

Деноминация ұғымын алғаш қолданған Х.Р. Нибур. Деноминация (лат. *denominatio* – атауын өзгерту, қайта атау) реформация дәуірінде, протестантизмнің тармақталуының барысында пайда болған. Деноминация шіркеу мен секта арасындағы қалыптасу үстіндегі діни ұйым. Деноминация шіркеуден иерархиялық құрылым мен орталықтандырылған басқару жүйесін қабылдайды, мемлекеттен оқшаулану саясатынан бас тартады, қоғаммен жақындасуға ниет танытады, әрбір адамның рухани кемелдену мүмкіндігін мойындайды. Бірақ діни ілімінде дәстүрлі шіркеудің кейбір догматтары мен ғибадаттарын мойындамайды, өзінің ерекшелігін, таңдаулылығын дәріптеуге мән береді (протестанттықтағы бағыттардың басым бөлігі деноминациялар болып табылады).

Секта сөзі латынның ойлау мәнері, өмір салты, ілім, мектеп, бағыт деген мағынаны білдіреді. Кең таралған дәстүрлі дінге қарсылық танытатын діни ілім аясында біріккен діни қауым. Сектаға (әсіресе, бастапқы кезеңінде) өзін басқа діндер мен қоршаған әлеуметтік ортаға қарсы қою, өз сенімін бірден бір ақиқат ретінде, адамзатты құтқаратын бірегей ілім деп қабылдау тән. Батыс Еуропалық және америкалық әлеуметтік ғылымда сектаны қауіпті құбылыс деп бағаламайды, керісінше әр адамның діни наным-сенім бостандығын жүзеге асыруының бір тәсілі ретінде қарастырады. Қоғам мен адам өміріне зиян тигізетін, құндылықтар мен қалыптасқан дәстүрге, адамгершілік ұстанымдарына нұқсан келтіретін қауіпті діни ұйымдарға қатысты деструктивті діни ағым немесе топ ұғымы қолданылады.

Пол Вебер діни ұйымдарды мемлекеттен бөлудің төрт жолын ұсынады: 1) құрылымдық сепарация; 2) абсолютті сепарация; 3) транс-құндылықтық сепарация; 4) аккомодацияқл ысепарация және тең сепарация немесе бейтараптылық (Weber, 1988:600)

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес «діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі».

Қазіргі мемлекет пен құқық теориясында әртүрлі діндер мен олардың ұйымдарының саяси маңызын сипаттауға, мемлекет пен қарым-қатынасын зерттеп, баяндауға көп мән берілмей келеді. Алайда, қазіргі постсекуляризм жағдайында бұл бірқатар маңызды мәселелердің теориялық-практикалық аспектілерін дұрыс түсінбеуге алып келуі мүмкін, өйткені ұзақ ғасырлар бойы діни ұйымдар қоғамның саяси құрылымының негізгі субъектілерінің бірі болып келді. Діни-құқықтық ұйғарым-

дарды бұзған адам қоғамдық және мемлекеттік деңгейде сот шешімімен өлім жазасына, тән жазасына және мүшелер тағайындаған жазаға, сондай-ақ мүліктік жауапкершілікке тартылатын (Бейсенов&Рысбекова, 2012, с. 202).

Мемлекет пен дін өзара байланыста болатын әлеуметтік феномендер. Мемлекет пен дін институттарының байланысы әр тарихи дәуірде түрлі сипат алып отырды. Мемлекет те, дін де қоғамдық өмірге ықпал етіп, өз билігін нығайтуға талпынды. Тарихи ұзақ уақыт бойы мемлекет діннің беделіне сүйеніп, қоғамды басқаруда діни нормаларды басшылыққа алып келді. Ал дін институттары мемлекеттің қуатына сүйеніп өз ілімін тарату мен нығайтуда үлкен жетістіктерге жетті.

Діни ұйымдармен қарым-қатынасына қарай мемлекеттің үш типін ажыратады. Олар: теократиялық, клерикалдық және зайырлы мемлекет.

Теократия гректің *theos* – құдай, *kratos* – билік деген сөздерінен құралады. Теократия деп саяси билік шіркеу басшысының, дінбасының қолында шоғырланатын басқару түрін айтады. Теократиялық мемлекетте дін қоғам өмірінің барлық салаларын қамтып, белгілі бір дін мемлекеттік мәртебесіне ие болады, ал осы діннің қасиетті кітабы мемлекеттік заңнама мен құқықтың қайнар көзі ретінде қабылданады. Жоғарғы мемлекеттік билік те, діни билік те монарх-абыздың қолында шоғырланады. Тарихтағы мұндай теократиялық биліктің классикалық үлгісі – Эхнатон дәуіріндегі Мысыр мемлекеті, қазіргі уақытта – Ватикан. Ортағасырлық шіркеу әкейлері – Аугустин Блаженный мен Фома Аквинский теократиялық мемлекеттің философиялық-құқықтық негіздерін қалыптастыруға, шіркеудің қоғам мен мемлекет өміріндегі орталық орнын дәйектеуге зор үлес қосты. Олардың пайымдауынша мемлекет әрқашан шіркеуге қызмет етуі керек және тек сонда ғана мемлекет өзінің шынайы мәні мен мақсатына сай келеді (Сергеев, 2014:163-165)

Клерикалдық мемлекетте дін мен оның ұйымдары мемлекетпен тұтасып кетпесе де, олар заңмен белгіленіп, орныққан институттар арқылы мемлекеттік саясатқа ықпал етіп отырады. Қазіргі кезде Еуропадағы конституциялық монархиялық елдердің бірқатары (Ұлыбритания, Дания, Швеция) және сондай-ақ Израиль мен араб мемлекеттерінің басым бөлігі осындай мемлекеттердің қатарына жатады. Клерикалдық мемлекеттерде лауазымды мемлекеттік қызметтерді ресми дін өкілдері атқарады, мемлекет басшысы қызметіне тағайындалғанда діни ант қабылдайды. Мемлекеттік органдарда діни ұйымдардың өкілдері қызмет етеді. Діни ұйымдар (шіркеулер, синагогалар, сангхалар) азаматтық хал актілерін тіркеуді, некені заңдастыруды жүзеге асырады, білім беру мен тәрбие жұмыстарына белсенді араласады, басылымдар мен ақпарат құралдарын діни цензурадан өткізеді. Сонымен қатар клерикалдық мемлекеттерде діни ұйымдар мемлекеттен әртүрлі субсидиялар алып отырады және түрлі салықтық жеңілдіктерге ие болады. Бірқатар елдерде діни ұйымдар ірі меншік иелері болып табылады, ғибадатханалар мен культтік ғимараттар, жер телімдері мен өндіріс орындары, ауруханалар мен қарттар үйі сияқты орындар олардың жеке немесе ұжымдық меншіктері саналады.



Зайырлы мемлекет пен дін арақатынасына, зайырлы мемлекет сипаттарына келесі тарауларда кеңірек тоқталатын болғандықтан, әзірше оның маңызды белгілерін атап өтейік. Зайырлы мемлекетте дін мемлекеттен ажыратылады және діни ұйымдар (бірлестіктер) саяси функцияларды атқармайды, яғни қоғамның саяси жүйесіне кірмейді (Дегенмен, кейбір зайырлы мемлекеттерде дін саясаттан шеттетілмеген. Мысалы ГФР-да діни сипаттағы саяси партиялар қызмет етеді, шіркеу мемлекеттік іс-шараларға қатысады. Сонымен қатар діни ұйымдар саяси шешімдер қабылдауға тікелей болмаса да, әртүрлі діни сарындағы көсіподақтар, жастар, әйелдер және т.б. қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер арқылы да ықпал етіп отырады). Зайырлы мемлекет діни ұйымдардың ішкі мәселелеріне араласпайды және қаржылай көмек көрсетпейді. Бірақ зайырлы мемлекет діни ұйымдардың заңды қызмет етуін қамтамасыз етіп, діни қатынастарды реттеудің құқықтық негіздерін қалыптастырады. Зайырлы мемлекеттердің басым көпшілігі ар-ождан және діни наным-сенім бостандығы қағидаларын басшылыққа алады. Ар-ождан және діни наным-сенім бостандығы қазіргі заманғы адам құқықтарының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады (Айталы, 2010, с. 7-8).

Дінге қатысты мемлекет түрлерін жіктеу мен мемлекет пен дін қарым-қатынасын талдау мемлекеттегі діннің екі түрлі статусын айқындауға мүмкіндік береді:

- Мемлекеттік дін статусы, бұл басқа наным-сенімдермен салыстырғандағы осы діннің артықшылықтары мен басымдылықтарын белгілейді;
- Діннің мемлекетпен және мектептің (мемлекеттік және муниципалдық білім беру жүйесінің) діннен ажыратылуы.

Дін мемлекеттік статусына ие елдерде басқа діндерді ұстану мүмкіндіктері де қарастырылады, бірақ олардың құқықтық жағдайы шектелген. Мұндай діндер немесе діни наным-сенімдер “төзімділік танытылатын діндер” санатында қарастырылады. Айталық Британия отарларында миссионерлік ұстанымдағы католиктік шіркеу ұйымдары осындай статусқа ие болды. Ресей империясында ислам “төзімді” дін ретінде қарастырылды. Алайда, бұл діндер мен діни ұйымдар мемлекет тарапынан қолдауға ие болмады, Ресей империясында мешіттер мен медреселер жамағаттар мен меценаттардың қолдауымен қызмет ете алды. Ресей империясы мен православиелік шіркеудің бірлігі “православие”, “самодержавие”, “соборлылық” идеясында көрініс тапты. Мемлекет шіркеудің қамқоршысы, қорғаны ретінде қабылданды. XIX ғасырдың соңына қарай Ресей қоғамында “Мәскеу – үшінші Рим” идеологиясы кеңінен таралды. 1903 жылғы қылмыстық тәртіп бойынша православиенің адамды басқа дінге тартқаны үшін қылмыстық жаза қарастырылды. 1917 жылы орын алған ақпан төңкерісі нәтижесінде билікке келген Ресейдегі Уақытша үкімет діннің мемлекеттен және мектептің діннен ажыратылуы қағидасын жариялады, сөйтіп православиелік шіркеуді артықшылықтарынан айырып, барлық діндердің тең құқылығын заңдас-тырды. Алайда, осы жылғы қазан төңкерісі діннің мемлекеттен және мектептің діннен ажыратылуы туралы декрет қабылдағанымен, іс жүзінде дінді

әлеуметтік құбылыс ретінде жоюға бағытталған атеистік идеологияны қоғамдық санаға сіңіруге бет алды.

Қазіргі уақыттағы мемлекеттердің басым көпшілігінде діннің мемлекеттен ажыратылуы орын алған. Бұл үдеріске төмендегідей сипаттар тән:

- Мемлекет пен оның органдары азаматтардың дінге қатыстылығын бақылауға алмайды және азаматтарды дінге қатыстылығына қатысты тіркемейді;

- Мемлекет (заң бұзушылық орын алмаған жағдайда) діни ұйымдардың ішкі істеріне араласпайды, атап айтқанда діни ілімдердің мазмұнына, діни рәсімдер мен ғибадаттардың атқарылуына, діни бірлестіктер мен ұйымдарды ұйымдастырылуы мен басқарылу тәртібіне қатысты шешімдер қабылдамайды, діни ұйымдар өздеріне тиесілі қаражатты пайдалануда еркіндікке ие (бірақ, кейбір елдерде діни бірлестіктердің өз мүшелері алдында қаржылық есеп беруі құрылтай құжаттарында қарастырылған);

- мемлекет діни бірлестіктер мен ұйымдарға материалдық қолдау, соның ішінде қаржылық демеушілік жасамайды;

- діни бірлестіктер мен ұйымдар ешқандай мемлекеттік қызметтерді атқармайды;

- діни бірлестіктер мен ұйымдар мемлекеттік істерге араласпайды, тек азаматтардың діни қажеттіліктерін өтеуді қамтамасыз етеді, мемлекет өз кезегінде діни бірлестіктердің заңды қызмет етуіне құқықтық жағдай жасайды.

Көріп отырғанымыздай, діннің мемлекеттен ажыратылуы атеистік идеологияны қолдау немесе таратуды білдірмейді. Бұл қағида азаматтардың ар-ождан және діни наным-сенім бостандығы құқын жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Дін мен мемлекеттің, сонымен бірге қоғаммен діннің әрқашан да бірге өмір сүріп келе жатқандығы тарихтан белгілі. Сондықтан біз мемлекеттен және қоғамнан дінді бөлек алып қарай алмаймыз, себебі дін көптеген жағдайларда мемлекет шеше алмайтын процестерді өз күшімен шешіп отыратындығы айдан анық. Қазіргі кезде зайырлы және діндарлы принциптер ескеріледі (Құрманалиева, 2012:111-115).

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен дін қатынасының мазмұнын:

a) азаматтардың ар ождан және діни наным сенім бостандығына деген конституциялық құқын жүзеге асыру;

b) діни бірлестіктердің заңмен кепілдендірілген құқын жүзеге асыру, олардың заңды және заңнамалық міндеттерін орындауын қадағалау;

c) мемлекеттің діннен ажыратылу конституциялық қағидасын жүзеге асыру;

d) әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды жүзеге асыруда мемлекеттік органдар мен діни ұйымдардың қызметін үйлестіру;

e) конфессияаралық қатынастарды реттеу және діни шиеленістердің алдын алу құрайды.

Мемлекет және дін қатынастарының субъектілері:

- мемлекет тарапынан заң шығарушы, атқарушы, сот билігі органдары, салалық ведомстволар мен мекемелер, мемлекеттік БАҚ құралдары.

- діни бірлестіктер тарапынан – діни ғибадаттар

мен ғұрыптардың атқарылуын, діни қажеттіліктердің қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін, түрлі әлеуметтік гуманитарлық, діни ағартушылық пен білім беру, ақпараттық және т.б. заңмен белгіленген қызметтерді атқаратын ұйымдар мен олардың басқарушы және үйлестіруші органдары.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет және дін қатынастары Республикалық, аймақтық және жергілікті билік деңгейде реттеліп отырады.

Мемлекет пен діни бірлестіктер қатынасының маңызды салаларына құқықтық, экономикалық, әлеуметтік қорғау, мәдениет пен білім, экология, қоғамдық қауіпсіздік салалары жатады.

Мемлекет өзінің діни наным-сенім саясатын жүргізу мүмкіндігіне ие. Мемлекеттің діни наным-сенім саясаты деп саяси ықпал объектісі қоғамның діни саласы болып табылатын мемлекет институттарының қызметін айтады.

Мемлекеттің діни наным-сенім саясаты бірнеше факторлармен анықталады. Атап айтатын болсақ, халықтың конфессионалдық құрылымы, мемлекет аумағында әрекет ететін діни бірлестіктер типі, мемлекет пен діни ұйымдар қатынасының тарихи қалыптасқан дәстүрі, секулярлану үдерісінің деңгейі және т.б.

Қазақстан Республикасы діни-наным сенім саясатының негізгі мақсаты – азаматтардың ар ождан және дінинаным сенім бостандығын жүзеге асыруын және қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше кешенді міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1) азаматтардың ар-ождан және діни-наным сенім бостандығы конституциялық құқын қамтамасыз ету;

2) конфессиялар арасындағы, дінді ұстанатын және ұстанбайтын азаматтар арасында өзара түсіністі пен сыйластықты қамтамасыз ету, олардың мүдделерін ескеру және үйлестіру;

3) діндердің позитивті потенциалын қолдана отырып қоғамның моралдық адамгершілік ұстанымдарын нығайту, Қазақстан халықтарының ұлттық-мәдени дәстүрлерін сақтау;

4) Қазақстан қоғамына жат, оның руханилығына қайшы келетін зорлық зомбылықты, арсыздықты насихаттауға қарсы іс шараларларды жүргізу, ұлттық-мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету (Затов&Мажиев, 2019:28)

Қазақстан Республикасы діни наным-сенім саясаты төмендегідей қағидаларға негізделеді:

о Мемлекет пен оның институттарының зайырлы, конфессиялық бейтарап сипаты;

о азаматтардың дінге қатынасына, діни немесе зайырлы бірлестіктерге тиесілігіне қарамастан бостандықтары мен құқықтарының теңдігі;

о діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі;

о халықтың діни дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;

о ар-ождан және діни-наным сенім бостандығын, конституциялық құрылысты, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, заңды мүдделері мен құқықтарын, мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қорғау мақсатында ғана шектеу;

о осы саладағы мемлекеттік саясаттың басымдылықтарын ғылыми негіздеу. Бұл қағидаға сай

мемлекеттің діни наным-сенім саясаты кешенді әлеуметтанулық, дінтанулық, саясаттанулық, құқықтанулық экономикалық зерттеулер негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттің діни наным сенім саясатын жүзеге асыру тәсілдері:

о Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамаларын орындауы;

о Ар ождан және діни наным-сенім саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық базаны жетілдіру;

о Қазақстан Республикасының ар ождан және діни наным сенім туралы заңнамаларын жүзеге асыру мен орындалуын қадағалаудың тиімді механизмдерін қалыптастыру;

о Мемлекеттің діни наным-сенім саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дайындығы мен біліктілігін арттыру;

о Мемлекеттің діни наным-сенім саясатының теориялық негізін қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету;

о Мемлекеттік органдардың діни бірлестіктердің мүдделеріне қатысты мәселелерді қарастыруында оларға осы мәселелерді талқылауға қатысуына мүмкіндік беру, діни бірлестіктермен тығыз байланыс және ынтымақтастық орнату;

о діни бірлестіктердің әлеуметтік маңызы бар қызметтерді жүзеге асыруына мемлекеттік қолдау көрсету, олардың мемлекеттік органдармен ынтымақтастығының қоғамдық тиімді формалары мен салаларын таңдауына мүмкіндік беру;

о мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам институттарының және діни бірлестіктердің түрлі діни наным сенімді ұстанатын азаматтар арасындағы өзара түсіністік пен толеранттылықты дамытуға бағытталған қызметтерін үйлестіру.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен дін қатынастарына ықпал ететін факторлар:

о Елдегі жалпы жағдай: экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдай, ұлтаралық, әлеуметтік қатынастар;

о Тарихи фактор: мемлекет пен дін арқатынасы туралы тарихи қалыптасқан көзқарастар мен түсініктер, қоғамдағы дәстүрлі діндердің орны мен маңызы туралы көзқарастар мен түсініктер;

о Адам құқығы мен бостандығын қорғайтын халықаралық нормаларды ескеру, ҚР қол қойған халықаралық келісімдеріндегі міндеттерін орындауы;

о Елде қалыптасқан құқықтық мәдениет деңгейі;

о ҚР халқының көпұлттық және поликонфессиялық құрылымы;

о Этникалық және конфессионалдық қатынастардың өзара байланысы.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен дін қатынастарының негізгі тенденциялары мен перспективалары:

о Қоғамдық өмірдегі діни ұйымдардың рөлінің артуы;

о Діндар адамдар мен діни бірлестіктер санының артуы;

о Діни қатынастарды реттейтін заңнамалық базаның жетілдірілуі, құқық қолдану тәжірибесінің

дамуы;

о Діни бірлестіктердің қызмет аясының кеңеюі: әлеуметтік жұмыс, қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, білім беру.

о әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуде мемлекеттік билік органдары мен діни ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың артуы.

Қазіргі уақытта еліміздегі діни ахуалға ықпал ететін төмендегідей мәселелерді атап өтуге болады:

о діни шиеленістің кейбір көріністерінің сақталуы, экстремизм мен терроризм қаупі;

о Қоғамдағы секуляризация үдерістерінің жалғасуы және жекеленген әлеуметтік немесе этникалық топтардың өзіндік бірегейленуімен байланысты діндарлық деңгейінің артуы;

о Жаһандандудың ықпалы, жаңа технологиялардың өмірге енуі және олардың діни сана мен сенімге ықпалы (Подопригора, 2008:91).

Қазіргі өркениетте мемлекеттің діннен ажыратылуы кең таралғанымен мемлекет пен дін өзара байланыста болатын әлеуметтік институттар, ал қоғамдағы діни қатынастар – әлеуметтік қатынас-

тардың бір түрі. Мемлекет заңдар арқылы осы қатынастарды реттеп отырады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада діни саясат саласындағы әлемдік тәжірибелерге жан-жақты талдау жасай отыра Қазақстан қоғамының саяси және әлеуметтік-мәдени даму ерекшеліктерін ескере отырып, жауап беруге ұмтылды.

Мемлекет пен дін арақатынасындағы негізгі қызығушылық тек қана қол қойылған декларациялар мен теориялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ іс-тәжірибелік әрекеттермен алға қимылдаудың ұзақ мерзімді талқылауын қажет етеді. Ауытқымалы кезеңдерде демократиялық институттардың қалыптасу барысымен мемлекет барлық толыққанды мүмкіншіліктермен қоғамда дәстүрлі діндердің рөлі мен олардың атқаратын діни қызметтерін қорғау қажет. Батыс Еуропа елдерінің адамның ар-ожданын және оның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және оларды қамтамасыз ету тәжірибесін пайдалану ұсынылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Jr. James E. Wood. (2005). Church and State in Historical Perspective. Greenwood Publishing Group, INC. Westport. – p. 660.
2. Weber, Paul J. (1988). Separation of church and state: a potent, dynamic idea in political theory, in Robert Wuthnow, ed. The Encyclopedia of Politics and Religion, 2 vols. - London: Routledge, p. 684.
3. Айталы А.Н. (2010). Мемлекет пен діннің қарым-қатынасы// «Жалын». - №2. Алматы., - 2010. – 7-8 бб.
4. Бейсенов Б.Б. Рысбекова Ш.С. (2012). Қазіргі замандағы саясат және дін. – А.: «Альманах оқулары» – 202 б.
5. Затов Қ.А., Мажиев Г. (2019). Қазақстан Республикасындағы Мемлекет-конфессионалдық қатынастары. – Алматы, – 220 б.
6. Зеленков М.Ю. (2004). Государственно-религиозные отношения. Правовой аспект: Учебное пособие. М - 11 б.
7. Құрманалиева А.Д. (2012). Қазақстандағы дінаралық келісім мәдениетінің қалыптасуы. – А.: Қазақ университеті. –115 б.
8. Лазарев В.В., Липень С.В. (2000). Теория государства и права. Учебник для Вузов. – 2-е изд., испр и доп.- М.: Спарк. – 511 б.
9. Сергеев. Н.А. (2014). «Понятие теократии в современной отечественной научной литературе и феномен клерикального государства» Грамота, - № 6 (44): в 2-х ч. Ч. II. С. 163-165
10. Подопригора Р. (2008). Право на свободу вероисповедания: становление и проблемы в условиях государственной независимости. Вестник КазГУ. Серия юридическая. №3 (20). с 91

### REFERENCES:

1. Jr. James E. Wood. (2005). Church and State in Historical Perspective. Greenwood Publishing Group, INC. Westport. – p. 660.
2. Weber, Paul J. (1988). "Separation of church and state: a potent, dynamic idea in political theory, in Robert Wuthnow, ed. The Encyclopedia of Politics and Religion, 2 vols. - London: Routledge, p. 684
3. Aytali A.N. (2010). Memleket pen dinninh karim-katinasi // «Jalin». - №2. Almaty. - 2010. - 7-8 b.
4. Beisenov B.B. Risbekova Sh.S. (2012). Kazirgi zamandaghi sayasat jane din. - A.: «Almanax okhwları» - 202 b.
5. Zatov K., Majiyev G. (2019). Khazakhstan Respwbylkasindaghi memleket-konfessyonaldikh khatinastari. – Almaty. - 220 b.
6. Zelenkov M.Y. (2004). Gosudarstvenno-relygyoznie otnoshenya. pravovoy aspekt: wqebnoe posobyе. M - 11 b.
7. Khurmanaliyeva A.D. (2012). Khazakhstandaghi dı'naralikh kelisim madenyetininh khaliptasui. - A.: khazakh univrsyteti. -115 b.
8. Lazaryev V.V., Lypen S.V. (2000). Teorya goswdarstva y prava. wqebnyk dlya vuzov. - 2-e yzd., yspr y dop.- M.: Spark. - 511b.
9. Sergeev. S.A. (2014). «Ponyatyе teokratyy v sovremennoy oteqestvennoy nawqnoy liyterature y fenomen klerykalnogo gosudarstva» gramota, - № 6 (44): v 2-x q. q. ii. sh. 163-165
